



«ҒЫЛЫМИ ҚАЗЫНА»


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ




ҰЛЫ ДАЛА ТҰЛҒАЛАРЫ



Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ

ЖАМБЫЛ



Алматы 2013

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Каз)
Қ 26

**«Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қалижанов У.Қ. (төраға), Әлібекұлы А. (төрағаның орынбасары),
Қалиева А.Қ. (жауапты хатшы), Ананьева С.В., Әзібаева Б.У., Әлбеков Т.,
Елеуқенов Ш.Р., Ергалиева Р.Ә., Күзембай С.Ә., Қирабаев С.С., Қонаев Д.А.,
Қосанов С.Қ., Қорабай С.С., Мұқан А.О., Ісімақова А.С.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

**Жалпы редакциясын басқарған –
Серік Қирабаев, ҰҒА академигі.**

Пікір жазғандар:

Гүлжахан ОРДА, филология ғылымдарының докторы,
Нұрдәулет АҚЫШ, филология ғылымдарының докторы,
Сәрсенбі ДӘУІТҰЛЫ, филология ғылымдарының докторы.

Қ 26 **ҚАЛИЖАНОВ У.**

ЖАМБЫЛ. – Алматы: «Әдебиет Әлемі», 2013. – 392 бет.

ISBN 978-601-7414-21-4

Филология ғылымдарының докторы, ҰҒА мүше-корреспонденті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Уәлихан Қалижанов жиырмадан астам көркем, ғылыми-танымдық кітаптардың авторы. Ол Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты. Мемлекет және қоғам қайраткері.

Жамбыл Жабаев ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмірге келіп, бір ғасыр өмір сүрген дала Гомері – жырау, жыршы, айтыскер, қайраткер. Ол қазақ ауыз әдебиетінің ірі өкілі. Жамбыл – айтыстың саяси-әлеуметтік мәнін көтерген дара ақын.

Бұл кітапқа «Ғылыми қазына» бағдарламасының «Ұлы дала тұлғалары» сериясы аясында ұлы Жамбылдың ғұмырнамалық және шығармаларының әдеби-көркемдік әлемі туралы зерттеу енгізіліп отыр.

Кітап жасөспірімдерден бастап қалың оқырман қауымға арналған. Оқиғалары қызық, тілі тартымды, ғылыми-көпшілікке арналған зерделі дүние.

**УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Каз)**

ISBN 978-601-7414-21-4

© М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2013.
© «Әдебиет Әлемі» баспасы, көркемдеу, 2013.



...Жамбылдың үлгісі мен мектебі алыстан, халықтан, халықтық рухани қазынадан, халық даналығынан басталады. Сондықтан да, Жамбылдың атақ-даңқы күллі әлемге әйгілі болды.

Мұхтар Әуезов,
академик-жазушы





ЖАМБЫЛ

МЕНИҢ ӨМІРІМ

Қақаған қар аралас соғып боран,
Ел үрей, – көк найзалы жау торыған.
Байғара, Жамбыл Ханда мен туыппын,
Жамбыл деп қойылыпты атым сонан.
Солайша Жамбыл тауда Жамбыл туған,
Қырық күндей маймен сылап, тұзбен жуған.
Сүйінбай, одан әрі Бұқар жырау,
Атақты ақындардың жолын қуған.
Ел үркіп жүрген кезде күні-түні,
Сары аяз көш-жөнекей боран күні,
Қар қауып, мұзға түскен Жамбыл екем,
Жұтынып суық ауа шыққан үні.
Мен емес, суық демді ел де алыпты
Тарылтқан қысаң заман кең жарықты.
Қара күн хан билеген қанды жорық, –
Дегендей ел аузында сөз қалыпты.
Көз аштым, сорғалаған қанды көрдім,
Қамыққан қанды жасты жанды көрдім.
Ел көрдім, еңіреп босқан аңды көрдім,
Қойнында Алатаудың зарды көрдім.
Бой бермес ел өмірі асау шері,
Тұрса да құрсауланып тоқсан жері,
Бірде от, бірде суды көктей кешіп,
Талпынып тілегіне басты ілгері.
Өмірмен араласқан өсті Жамбыл,
Ел басқан отты, суды кешті Жамбыл,
Құлыннан құнан да өрлеп, дөнен де өрлеп,
Шыққандай бола қалды бесті Жамбыл.
Он жаста ойнап жүрдім бала болып,
Өлеңге бөлдім көңіл алаң болып,



Райыттап тана мініп, қозы бақтым,
Еңбекті иемдегенде шама келіп.
Қойшымен кеңес құрдым қыр басында,
Өлеңмен ермек болдым жолдасыма.
Сондықтан құйрық үзіп кеттім алыс,
Байлардың жақындамай мырзасына.
Өлеңді өркендеттім, өршіп, өстім,
Көргенде жақсы жырды құстай ұштым.
Жас ақын, жап-жақсы ақын, Жамбыл ақын, —
Дегенде дара болып көзге түстім.
Он бесте-ақ домбыраны алдым қолға,
Тең басқан төрт аяғын болдым жорға.
Он алты желі ұзартты, өрістетті,
Түскендей бұлтартпайтын даңғыл жолға.
Топ десе он жетімде тартынбадым,
Семсердей майдандағы жарқылдадым.
Ақынды ауылға ермек басып озып,
Жұлдыздай жарқылдадым!

Еріксіз он сегіз жас мінгізді атқа,
Бір Жамбыл бөлінгендей екі жаққа:
Бір жағы қайнап өскен қалың елім,
Бір жағы атқа мінген бай мен датқа.
Атымды «жақсы» тартты арымалап,
Қоршалап көп отырды қайырмалап.
Өлеңнің майлы басы көпте қалып,
Отырған улы басын байға қадап.
Жаманды ел қорғаған жамандадым,
Манапқа жақсы сөзді таба алмадым.
Аз сөзім бай, манапқа арналғанда,
Жалтақтап ел не дер деп алаңдадым.
Шалшыққа шатылмадым, көлде қалдым,
Аздарға сатылмадым, елде қалдым...

Ол кезде заманның бейнесі осы сияқты: «Көкек» деп жасырынбақ
ойнаған баладай:

Алпыс қасқыр аналы,
Жетпіс қасқыр балалы,

Ниеттері бәрінің

Жиылып келіп қой қырмақ, –

деген сөзді ел «жұмбақ» деп айтып жүруші еді. Алпыс аналы қасқыр да, жетпіс балалы қасқыр да адам еді – хан, бек, датқа, билер болатын. Ел бейнебір көл бетінде толқыннан тұрған көбік тәрізді сырғып, жөңкіліп қашып жүретін. Қотыр үстіне шық патшасы улы тырнағын салды. Одан бұрынғы қалмақ, қан шиқандай аш бүйірден қадалған орыс патшасы, Қокан ханы Құдиярдың елге тиген ылаңы аз болмаған.

Оның ел басқаруға қойған датқасы жалпақ елді жаялыққа айналдырып, аузына қақпақ, басына тоқпақ болатын. Ел шабыншылықтан қорқып, сынаптай сырғып көше беретін, көше беретін. Жынның ойнағы көше алмаған жоқ-жұқанның үстінде болатын. Осыны көрген Жамбыл жүрегі ол заманға тас болып қатқан. Басып көшкен елдің өрісінің бір шеті – Қарғалы, Ұзынағаш, бір шеті – Жамбыл тауы, Байғара, тіпті Арыс, Сырдария болып жүрді. Әкем Жабайдың ат пен танаға жүгін артып көшкен елдің артынан еріп отыратын күйі болып еді. Жолда егіл-тегіл жылаған зардың үні әлі құлағымда ызыңдап тұрғандай елестейді.

Жыландай улы зәрін шашқан заман,
Даланы сасық тұман басқан заман,
Игілік, үлгілі істің ісі шықпай,
Қан құмар қанасынан асқан заман.
Бірінің-бірі иығын басқан заман,
Шаянын ұсақ-түйек жұтып қойып,
Аранын айдаһардай ашқан заман.
Даланың бір жағы от, бір жағы мұз,
Қарыған алдын жалын, арқасын сыз.
Бауырдай бөліп-бөліп отқа салған,
Қазақтың жай емес ед болуы – үш жүз.
Бүйірден қатын патша тиді келіп,
Бүйідей бүре тістеп киді келіп,
Қуырған құм күйдіріп жүгерідей,
Жалындап қалың халық күйді келіп,
Ел жылады, қандарын сорды келіп,
Байларға боз інгендей иді келіп,
Аузына алты қарыс азу салып,
Ұстады елді шайнар биді берік.



Мен жиырмаға жеткенде, патша қазақты түгел қаратып алды. Елді руымен, малды қора, келе үйірімен есеп қылды. Құдайдың көкте дейтін «Лаухл махфузы» жерге түсті. Барлық мал-жан дәптерге жазылып есеп алынды. Оны ел «қара қат» деп атады.

Оны «қара қат» деп қалай атамасын!.. Бұл қаттау елдің көпшілігі үшін, кедей, кемтары үшін басын санап көгендегендей болды. Бұрынғы зары тамшы болса: дарияға айналды. Бұрынғы зары екім болса: дауылға айналды. Елдің, әкімдердің аты өзгерді. Адамы – баяғы шонжар, шынжыр-балақ, шұбартөс тектердің тұқымы болды. Датқа, хан, бек деген ат құрып «төрт қазы» деген құрылды. Ол Жетісудың алабында жатқан рудың атасынан сайланып алынды.

Шапырашты Екейден – аты шулы Сарыбай, Қықымбай, қу сирақ Шомбай; Албаннан – Қапа; Жалайырдан – Төкей дегендер қазы болды. Бұлардың бұрынғы биден айырмасы – үйездің ақылыңыз аузын ашпайтын болды. Көшпенділік қалып, отырықшылыққа айналды. Ел кедейленіп, басы байдың босағасына байланды. Кедейдің көргені қоқай, кигені шоқай болды. Өзі байдың малын бақты, қатыны отын жақты. Оған рақым етпеді, басынан жаманшылық кетпеді, шекпені тізесіне жетпеді.

Ұйғыр, қазақтың кедейлері арқа еті арша, борбай еті борша болып азып-тозды. «Құдайдың жері» деген жер қалмады, байдың жері болып, жерсіз кедейлер солардың басы байлаулы пендесі болды.

«Он екі айдың біреуі арай болды,
Елдің бірі бай, мыңы малай болды.
Көлдей аққан көз жасты көремісің,
Бай, манап озбырлығың қалай болды!» –

деген жыр айтылды.

Байлардың айтқан жауабы:

Құдай кедей қылған соң обалың жоқ,
Саған айтам жоқ болсаң малай бол деп.
Жер мен суың тапсын да барып қонсын,
Шақырдым ба соларға жанай қон деп.
А, Жамбыл, неге маған шағып тұрсың
Шымбайыңа батқандай налып тұрсың.
Қақсам қазық, сындырсам шиім болған,
Итаршы боп кедейге нағып тұрсың, –

деді.

Патша байларға осындай мансап берді. Көлшігіне су құйып шарықтатты, сабан шайнатып, аузын көпіртті.

Ұлық неге көрмейді көздің жасын,
Көрмес болса қаттаған неге басын?
Үйге келіп өксіді қатынына,
Бүйткен тірлік болғанша құрып қалсын!
Күн өткізді кедей де жылай түсіп,
Бай ақырса кедейдің зәресі ұшып.
Малай қатын қарайды жыпылықтап,
Байын көріп иығы кеткен түсіп.
Биге шағып барады кедей бақыр,
«Маған қорлық берді деп байлар кәпір»,
Біз де сіздің бұқара, еліңіз ғой,
Тендік әпер байларды тергеп, шақыр.
Биден қайтар кедейге «жылы» сөзі:
«Мыңқылдаған, қиқанды қойшы» батыр.
Жуындысын ішсең де күн көресің,
Асыраған байлар ғой сендерді ақыр! –

дейтін.

Жасым жиырмадан асты. Шарықтап көтерілген ақындығым, халықты қатықтай ұйытқан жалынды жырым мені жұбата алмады.

Менің тілегімнің қойны бос жатқандай еді: жастыққа жеңдіріп тасқындап жыр айтам десем де, айта алмадым. Жырдың зар жағы басым бола берді. Өлеңге берілген төрт-бес жылым мені талай жерге сүйреді. Ұлы жүздің жерін де, елін де көрдім. Ондағы ел мен басқарған жердің сыңайын көргелі Шәбден төреге бардым.

Қазақтың дарынды ақыны Сүйінбайы
«Кезеп» деп Тезек ханға айтқан сөзін.
Ақынға дайын дейтін ат, шапаның,
Шапан үшін мен сені мақтамадым.
Еліңнің бұлдығынан құлдығы басым жатыр,
Қай жақта елдің тұзын ақтағаның.
Түнерген ел қабағы жабық жатыр,
Бірі тоқ, мыңның өзегі талып жатыр,
Ел басқару қарынның қамы ма еді,
Ит те, құс та тамағын тауып жатыр.
Асқақтаған адамда тоба болмас,



Ел қорлаған адамда мола болмас,
Елден туып, ер болсаң, елге қара,
Шірік қурай ауылға қора болмас, –

дедім.

Отырған манаптың бірі:

– Жамбыл ханды мақтағалы келдің бе, балағаттағалы келдің бе? – деді.

Мен:

– Екеуі де емес, елдің мүддесін жоқтағалы келдім, – дедім. Ханның бетінен ашу ажары көрінді, артынан езу тартып күлді.

Мен жиырма беске шықтым, патша нығайды, оның үйез-приставы елді қанаған құзғынға айналды.

Кедейленген ел басы байдың көгеніне байланды. Ел билеген болыс, би үш жылда бір сайланды. Ел қамын жеген батырлар Сібірге жер айдалды.

Жас отызға келгенде,
Даланың түрі өзгерді,
Өзгергенін көз көрді,
Күл-талқан боп төрт қазы,
Болыстарға сөз берді.
Аранын ашты бай, манап,
Үдете түсті езгенді.
Ел налыды қонысқа,
Бас билігі болыста.
Болыс сайлау, қан төгіс,
Ақша төгу үйезге,
Приставка жалпақтау,
Құдайындай сыйыну,
Әкім болған нойысқа.
Сайлау үшін шабысты,
Елді быт-шыт бөліп ап,
Ырсылдасып алысты.
Ылай судың ішінде.
Көр наһандай қағысты.
Бозға түскен өрттейін,
Елді үйітіп тауысты.
Жер ошақтың басында

Итпен ит жолығып,
Аузына май жағысты.
Әкім емес, көне ме,
Жылан ба, әлде, немене,
Зәрлі тілді, улы азу,
Аш бүйірден жабысты.

Ел жүдеген үстіне жүдей берді, ел менен жыр сұрағанда, кепкен ботаның тұлыбына еміренген маядай, батырларды жырла дейтін болды. Мен де жұрттың тілегіне сәйкес Өтеген батыр, Саурық батыр, Сұраншы батыр, Көрұғлы батыр, Алатай Жапарқұлдың жырларын айтатын болдым. Ел естігенде ыңыранып жылайтын, ауру көргендей болатын.

Осындай елді жарыққа шығаратын батырлар да туар-ау, сондай батырдың сабында тұрып, туын көтеріп, соңына ересіз-ау әлі десетін.

Жамбыл отыз беске келді, Албандағы Құлмамбет ақын да жырдың бетін елдің тілегіне қарай бейімдеп, көбі атқа мінерлерге шаншу болып келген ақын еді, сондықтан манаптар ақынды айтыстырып, бетін замананы сынап, мінеуден гөрі егеске, ру араздығына аударғысы келді. Екі ақын қосылған жерде айтыс ұйымдастыратын, жеңгеніне бәйге беретін үрдіс болды. Сол ретпен:

Құлмамбетпен салыстым,
Күшті ақынмен алыстым,
Итермелеп манаптар,
Жыртуын жырттым намыстың.
Менің жоғарыда:
Аз сөзім бай-манапқа арналғанда,
Жалтақтап ел не дер деп алаңдадым, –
Дегенім осындай реттерде еді.

Қырықтың қырын бір басып,
Елудің шықтым беліне.
Өлең менен жырымның,
Сүнгідім шалқар көліне.
Ортадан орным жоғары.
Үйдің шықтым төріне.



Жүрегімді алған сасықтай,
Заманнан қалдым жеріне,
Ел сүймеген адамның,
Жоламай кеттім шеніне.
Алпыстан жас асқанда,
Өрлей түсті өнерім,
Орыс, өзбек, ұйғырдың,
Санадым бәрін – өз елім.
Ынтыға тыңдап жырымды,
Қоштады Жамбыл келгенін.
Орыс, қазақ кедейі –
Дос болғанын тіледім.
Ел болып көрген азапта,
Айырма бар демедім.
Алпыстың келдім бесіне,
Елдің күйі көп түсті,
Қартайған сайын есіме.
Терең-терең ойландым,
Мұнды шаға жырладым,
Жақсылыққа жетпесем,
Тудым дедім несіне?
Шиеленген ел күйі,
Қалмаған соң шешіле,
Ызалы сөз әкімге,
Қарсы айтылды көсіле.
Ел құлағын тұндырды,
Сол кездегі бір соғыс:
Кіммен жатыр соғысып,
Кесілген бас, аққан қан,
Ел жүрегін шошытып.
Қора-қора адамды,
Күнде айдады тоғытып.
Көлге айдаған қойдай ғып,
Қызыл қанға обытып.
Алым-салық аты көп,
Ел құйқасын үйітті,
Соғысқа болыс болысып.
Малы бардан мал алды,

Малы жоқтан жан алды.
Аралдағы қояндай,
Ел топанға қамалды.
Әнші, жыршы ақыннан,
Елдің досы жақыннан,
Шашылды да зәрлі жыр,
Көпшілікке таралды.
Жасым жетпіске шыққанда:
Арық ел алабұта тұрған ықтап,
Жайлаған мына қырсық неден мықтап?
Қажығанның үстіне қанды соғыс,
Жығылғанның үстіне жұдырықтап, –

деген өлең жырымның бастамасы болды.

Ақындардың жыры әркімдерге де ескерусіз қалмады. Алматыға барлық ақын-жыршыларды жинап алып, түрі түрмеге қамағандай бір жиналыс ашты.

Ақыны, әнші-күйші қыруар жан,
Аймағын Жетісудың жинап алған.
Сабаннан төсек, ерден жастық етіп,
Жатарға жай салғызды ат қорадан.
Сорпасы капустаның ыстығына,
Сөткесіне кісіге бір қара нан.
Қырық тиын күндігіне ақша беріп,
Нан пұлын алып тұрды ұстап сонан.
«Үгіт айт, патшаны мақта» деді,
Болып жатқан соғысты жақта деді,
Онан басқа жырыңды айтпа деді.
Ол айтты, тіл кескендей үндемедім,
Ол жиыннан табылмай бір керегім.
Ақын, жыршы топырлап жетіп жаттық,
Түсінгенім болмады мүлде менің.
Ұстаған қанды тырнақ елді қысты,
Кісі болмақ ызаланса елден күшті.
Жамбыл қарт жетпіс екі жасағанда,
Николай ұрған доптай тақтан ұшты.
Жарқырап бостандықтан сәуле түсті –
Жабырқаған халықтың көңілі өсті!





**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Елбасы, Қазақстан
Республикасының Президенті**

ЖЫРДЫҢ ҚЫЗЫЛ ЖОЛБАРЫСЫ

...Жәкең сынды алыпты терең ұғыну үшін өткен жылы ғана 150 жылдығы тойланып өткен халқымыздың кемеңгер ойшылы Абай дәуіріне тағы да көз салып, тіпті одан арғы замандарды да зерделеу қажет. Өйткені, Абай жаңа қалып пен соны пішін, жаңа мазмұн мен ізденімпаз, өршіл рухы арқылы қазақ жазба әдебиетінің негізін қаласа, Жамбыл Жабайұлы сан ғасырлық ақпа-төкпе суырыпсалма ақындық өнердің, жыраулық дәстүрдің көшін ілгері апарып, осы заманға жеткізген және небір тарихи ұлы өзгерістерді сол үрдістен алшақ кетпей-ақ жырлай білген заңғар құбылыс екені мәлім. Олай болса, Жамбыл туралы айтылар сөздің мәдени-рухани өміріміздің, саяси-әлеуметтік тарихымыздың ең бір көкейкесті арналарымен ұласып жатуы заңды.

Жамбыл ғұмыр кешкен аттай бір ғасырлық уақыт қазақ халқының тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі еді. Мыңдаған жылдарға созылған көшпелі өмір салтының ішкі құрылымы дәл осы кезеңде ыдырай бастады. Ұлы жыраудың көз алдында ғасырлар бойы үстемдік еткен жүйелер алмасты, екі бірдей дүниежүзілік сұрапыл соғыстар өтті, ел өмірінде саяси-әлеуметтік түбірлі өзгерістер болды.

Ал түбірлі өзгерістерге алып келетін, тұтас жүйелер алмасу кезеңінде ғұмыр кешкен ұрпақтың өмірі қашанда күрделі. Әсіресе, Жамбыл секілді ұлы тұлғалардың тағдыры айрықша шиеленіске толы болған. Соған қарамастан, Жамбыл өзінің болмыс-тағдырымен, дарын-тегеурінімен, біртуар табиғатымен өз заманының айнымас айнасы бола білді. Ол өзінің өлмес өнерімен тұтас дәуірдің шыншыл шежіресін жасай білді, өміршен

ойларымен сол дәуірді саралап берді. Сондықтан да, біз оны қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірегейі ретінде ұлағат тұтамыз.

Тарихқа ден қойсақ, ел-халық тағдырындағы саяси-әлеуметтік ахуал мен мәдени-рухани өмірдің арасында ұдайы сәйкестік бола бермегенін аңғаруға болады. Құлдық қоғамда байырғы гректердің классикалық мәдениеті қалыптасса, Еуропада әлденеше ғасырлық діни мистика шеңгелінен ренессанс жаңғыру заманы гүлдеп өсті. Напалеон өктемдігін бастан кешкен кезде Германияның классикалық философиясы мен өнері шарықтаса, крепостниктік Ресейде XIX ғасыр әдебиет пен өнердің «алтын ғасырына» айналды. Мұны кезінде Гегель «тарихтың тәлкегі» деп атаған.

Осынау «тарихтың тәлкегі» XIX ғасырда да Қазақ елін айналып өткен жоқ. Бірақ бояуын жоғалтпастан өзінің мәдени-рухани келбетін сақтай білді. Қазақ даласы Шоқан, Ыбырай, Абай, Махамбет, Мұрат, Дулат, Шортанбай, Сүйінбай, Жамбыл, Біржан, Ақан, Мұхит, Құрманғазы, Тәттімбет, Қазанғап, Ықылас сияқты біртуар перзенттерін тудырды. Бұлар қазақ халқының тарихи тағдырында, шын мәнінде, ренессанстық рөл атқарды.

Осы тұрғыдан келгенде, Еуропа ренессансының бастау бұлағында Дантениң тұрғаны сияқты, XIX ғасырда қазақ қоғамының мәдени-рухани дәуірлеу кезеңінің жуан ортасынан Жамбылдың қайталанбас тұлғасы асқақтай көрінеді. Меніңше, бұл жай ғана әсіре теңеу емес, жан жүрегімізбен сезіне алатын тарихи ақиқат. Біз мұндай тарихи ақиқатты неғұрлым терең таныған сайын соғұрлым тарихи тұлғаларымыздың болмыс-бітімі жан-жақты ашыла түседі. Ең бастысы, ұлт мәдениетінің тарихи жетілу, шыңдалу жолдарының диалектикасы айқындала түседі. Демек, рухына тағзым етіп отырған Жамбыл кездейсоқ құбылыс емес, халық тағдырымен тамырлас, тарихтың толғағы дүниеге келтірілген лайықты перзенттердің бірі деп нық сеніммен айта аламыз.

Өзекті жан болып жаратылған соң кімнің де болсын басына бұлт үйірілмей, найзағай ойнамай тұрмайды. Ондай жай Жамбылдың да басында болған. Әйтсе де, қабырғалы жұртының ары мен намысы үшін Жамбыл мықтымсынған небір бай, шонжарлардың үш ұйықтаса түсіне кірмеген аламан тасыр дауға да, алыстан келер, іргеден шығар «жасағы жойқын жауға



да» үнемі ту көтеріп, жырымен қылыш сермеп өткен. Оған елі куә, тарих куә. Небір жан беріп, жан алысқан айтыстар үстінде ол халқының сөзін сөйлеген өр мінезділігінен айнымаған. Тайсақтауды, жағыну дегенді білмеген. Бұл оның жалпы ақындық болмысының тым биік, жалын мен оттан жаралғандай аса қызулығын, айрықша айбындылығын айғақтай түседі. Бұл тек, даңғайыр таланттардың ғана жаратылысына тән қасиеттер және оның бойындағы халық деген алыптың асқаралы мінезінің сәулесі. Әлсізге болысу, әлдіні әділеттілікке шақыру Жамбыл поэзиясының өмірлік қызығы, айнымас бағдаршамы болды. Елді титықтатқан, бірлігін ыдыратқан, берекесі жоқ іске күйзелген ақын жыр семсерін сермеуден жалыққан жоқ.

Жамбыл өзінің әр өлеңінде халқын бірлікке, ынтымаққа шақырып отырған. Ұлы ақынның мына бір шумағына тағы да зер салайықшы:

Ұрпағым, іздеп келген бақытты жас
Кімде-кім бірлік бұзса халыққа қас.
Бірліктің берік туы тек ынтымақ,
Өсиетім: тек сол үшін құшағыңды аш!

Өсиетім: шындықты, адалды сүй!
Ардақтаған халықты, адамды сүй!
Елдің тіккен іргесін игілікке,
Тап бүгінгі бақытты заманды сүй,
Соған айт әдемі жыр, сүйкімді күй.

Жамбылдың ақындық өнерінің биік шыңы, айтыс өнеріндегі іргелі табысы – Құлмамбетпен айтысы. Әрине, Жамбылдың сайысқа шыққан ақыны бір ғана Құлмамбет емес екені әмбеге аян. Бірақ Құлмамбет өлең өлкесінде сол кездері бүкіл Жетісу, оңтүстік аймағында Сүйінбайдан өзгені мойындамайтын жыр дүлдүлдерінің бірегейі болатын. Жеңгендері көп, жеңіліп, опық жеген жері жоқ айтқыштардың санатында жүрген еді. Оның аса жүйрік өнер иесі екенін кезінде Жәкеңнің өзі де мойындаған.

Реті келген соң айта кету керек: атақты тарихи тұлғаларды Жамбыл тек айтыс үстінде, қарсыласының мысын басу үшін ғана дәріптеп, насихаттаумен шектелмеген. Жай ғана бас қосқан алқалы жиындарда ежелгі тарихтан, өзінің өмір сүрген дәуіріне дейінгі тұстың елеулі-елеулі жайларынан сыр қозғап, сол жайларды

айтылар жырдың негізгі өзегіне айналдырып отырған. Мәселен, Өтеген мен Сұраншы батырлардың ерлігін жеке-жеке дастан етіп жырлаған.

«Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт, ел бірлігін сақтаған татулықты айт», – деген Жамбыл сөзі айтыста жеңіске жетудің тетігі ғана болған жоқ, бұл ақын дүниетанымының тұтас кредосы еді. Бұл сөз – уақыт өтіп, заман өзгерсе де мәнін жоймай, қайта асқақтап, биіктей беретін жыр абызының сәулелі сөзі. Бізге жеткен өсиет. Бұл өсиет сөз бүгін де маңызын жоғалтқан жоқ. Егемен еліміздің биік мұраттарының бірі болып отыр.

Уақыт сынынан өте білген қазақ халқының бай да күрделі тарихы бар. Қазір ол Қазақстанда тұратын барлық халықтарға біздің бірлігіміздің түп тамырын жақсырақ түсінуіне көмектесіп, кез келген тарихи кінә атауларына жол бермеуге тиіс. Өйткені өткенге көз сала отырып, болашақты көре білген жөн дер едім. Біздің ұрпағымызға жауапты міндеттер жүктеліп отыр, бабаларымыздың игілігін сақтау, қайта қалпына келген мемлекеттігімізді нығайту және өркениетті дүниежүзілік қоғамдастықтың талаптарына сай келетін сапалық жағынан жаңа деңгейге көшу міндеті тұр. Осы тұрғыдан келіп айтарым, біздің әрқайсымыз және баршамыз туған еліміздің болашағына деген жауапкершілігімізді сезіне білуіміз қажет. Ұлы Жамбыл атамыздың да арманы осы болатын.

Жамбыл қазақтың ақындық өнерінің қазанында қайнап, ежелгі ауыз әдебиетінің кәусарымен сусындап, ақындық, жыраулық дәстүрдің ХХ ғасырдағы туын биікке көтерген дана қарт, ұлы жырау. Ол өз халқының сөз өнерінің ұстаханасында шыңдалған, туған топырағының төл перзенті:

Менің пірім Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай, –

деп Жәкеңнің өзі жырлағандай, оның Сүйінбай сынды үлгі алған ұстазының ар жағында: Сүйекеңмен тұстас Майкөт, Қабан, Бақтыбай, Құлмамбет, өзімен тұрғылас Сарбас, Қуандық, Әмірлер, сонау Сыпыра, Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар, Базар, Ақтамберді, Үмбетейден басталып, Шал, Махамбет, Дулат,



Мұрат, Шортанбай, Нысанбайларға келіп ұласқан ақын, жыраулар мен жыршылар мектебінің игі дәстүрі жатыр.

Жамбыл – ғасырлық ғұмырымызда арыны басылмаған алып жыршы, шұрайлы жырдан өшпес мұра қалдырған дүлдүл ақын. Ол өзінен кейінгі әр ұрпақтың ат басын арнайы бұрып, шөліркегенде тұнық жырларынан сусындар тұма бұлағы. Сондықтан да бүгінгі ұрпақтың Жамбылдың рухани мұраларына терең таным-түсінікпен қарап, оның шығармаларының қазақ халқының ұлттық сана-сезімін қалыптастырудағы орнына зерек көңілмен бағалағанымыздың бір көрінісі.

...Жамбылдың туған елі мен жеріне деген ыстық ықыласын төгіле жырлаған арнау-толғауларынан, хикаялары мен дастандарынан іздесек, онда ақынның шығармалары халық рухының қырмызы гүліндей екеніне көзіміз жетеді. Жамбыл жүрегі қашан да халқым деп соқты. Ол ең алдымен халықтар достығын, терезесі тең елдердің бірлігін, ынтымағын жырлап, шындық шуағын шарболатта шыңдады.

Ұлы жыршы Жамбыл, қазақтың дәстүрлі әдебиетінің аса дарыны асқақ жаратылған алып өкілі болатын. Оның алыптығы сонша, өз басы халыққа берер игіліктеріне имандай сенген Қазан төңкерісінің, Кеңес үкіметінің жетістіктерін сол ежелгі ақындық, жыраулық дәстүрдегі ауыз әдебиетінің мүмкіншілігі аясында-ақ жырлап, өзін, өзі арқылы күллі қазақ әдебиетін дүние жүзіне танытты. Соның арқасында ол өзінен кейінгі Кенен Әзірбаев, Нартай Бекежанов, Доскей Әлімбаев, Саяділ Керімбеков, Орынбай Тайманов, Үмбетәлі Кәрібаев секілді шашасына шаң жұқпайтын халық ақындарына игі ықпалын тигізген, өнегесін бойларына сіңірген ұстаз да бола білді.

Қазір Кеңес дәуірі артта қалған шақта, Жамбыл атамыздың Кеңес өкіметін, оның ішінде сол кездегі ел басшыларын жырлады, «сонда бұл қалай?» деген сұрақтар соңғы кездері жиі көлденеңдейтін болды. Мәселенің осы жағына арнайы тоқтала кеткен жөн сияқты.

Ұлы жырау жетпіске жеткен шағында патшалық Ресейдің 1916 жылы бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақ жігіттерін қара жұмысқа алатын тұсындағы елдегі дүрбелеңді өз көзімен көрді, қолдарына қару алып, патшалық зорлық-зомбылықтың құрбаны болуға қарсылық көрсеткен ереуілші топтың істеріне тілектес болды.

...Ұлт-азаттық қозғалыстың бел ортасында болмаса да, соның көшбасындағы ерлердің ерліктеріне тәнті болды, жырларымен тілектестігін білдірді, бір сөзбен айтқанда, рухани жағынан демеуші бола білді; өйткені, ол өзінің туған халқының теңсіздікте кешкен өміріне іштей назалы еді. Көп ұзамай дүниені дүрілдетіп, «Халықтарға теңдік, бостандық әпереміз, құлдық езгіден құтқарамыз, өмірді жаңғыртамыз, бұрынғы билік иелерін орнынан алып, әділдік орнатамыз, жарылқаймыз» деген ұранмен өмірге келген Кеңес өкіметінің сарбаздары мен сардарларын да көрді. Бұлар, әрине, бұрынғы «шынжыр балақ, шұбар төстерді» жайпай келді. Тәуелді дәрежеде болса да Қазақ елі республика атанды.

Қазақтың зиялы қауымы бар, қарапайым еңбеккері бар, бұл өкіметті қолын теңдікке, басын бостандыққа жеткізеді деп білді. Жамбыл да солай түсінді. Патша үкіметінің бұратана халықты басып-жаншуы келмесе кетіп, оның орнына ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздік келді деп ұқты. Олай болса, сол тәуелсіздікті қолға ұстатқан жаңа қоғамдық құрылысқа, оның әділетті аталып жүрген басшыларына қол соқпағанда, кімге қол соғады? Мұндай біржақты көзқарастан, бүкіл елі секілді Жамбыл да алыс кеткен жоқ. Сол қоғамның жетістігіне желпініп, жыр толғады.

Біздің әрқайсымыз өз уақытымыздың, өз дәуіріміздің перзенттеріміз. Біздің Жәкеңнің тар заманда, отаршылдық дәуірде немесе кенестік дәуірде дүниеге келген шығармалары арасындағы алшақтықтан айып іздеу, жазғыру орынсыз деп ойлаймын. Заман әлі талай өзгерер, бірақ ұлы ақын мұрасы өзінің құндылығын ешқашан жоймақ емес. Жамбыл өз заманын, оның ағы мен қарасын, бір сөзбен айтқанда, өз дәуірін асқан шабытпен жырлаған ұлы сөз зергері. Ал зергерге шашасына шаң жұқпас асыл дүниені қай дәуірде, кімдерге арнады деп емес, қалай жасады деп баға берген орынды болар, сірә. Өйткені Жәкеңнің әрбір дүниесі өз бойынан, жүрегінің тереңінен шымырлап шыққан. Бүкіл әлемді мойындатқан шығармалар. Жәкең шығармашылығы халқымыздың дүниетанымдық, рухани көзқарасының қалыптасып, ұшталуына ықпал жасағанын да ешкім жоққа шығара алмас деп ойлаймын.

Бүгінде біздің бетке ұстар ақын, жазушыларымыз, ғалым-



дарымыз өз шығармаларының көпшілігін кеңестік дәуірде, кешегі қайта құрудан бұрын дүниеге келтірді емес пе? Ол шығармалардың бәрінде де сол заманның сарыны мен талабы жоқ емес. Солай болды деп барша аға зиялыларға мін тақпауымыз керек.

Жамбылдың тұсында, тіпті одан кейінгі жылдарда сол кездің саясатын қолдап, шығарма жазбаған кімді білеміз? Француздың ұлы жазушысы Ромен Роллан Жамбылға жолдаған құттықтау жеделхатында «Жаңа адамзаттың ұлы жыршысы» деп баға берді. Демек, бұл Жәкең және белгілі ақын-жазушылар ғана емес, көрнекті деген зиялылар сенген идеология болды. Ал Кеңес Одағының саясаты Жамбыл үшін саясат емес, жай ғана тақырып болды. Жәкең кез-келген тақырыпты жырлауда алдына жан салмаған жырдың «Қызыл жолбарысы».

...Қазақ ақындарының ішінде Жамбыл бірінші бүкіл Кеңес Одағы оқырмандарына Қорқыт, Асан қайғы, Абылай рухын тірілтіп беріп, рухани айналымға түсіргенін ұмытпалық.

Жамбыл Жабайұлына да осы тұрғыдан баға берген жөн. Жамбылдың тұғыры биік заңғар халық жыршысы екендігінде ешкімнің де күмәні болмауға тиіс. Ол XVIII ғасырдың тарихи қаһарманы Өтеген батырды, XIX ғасырда елін Қоқан хандығының езгісіне қарсы көтеріп, қол бастаған Саурық, Сұраншы батырлардың есімін жырлаушы ғана емес, Кеңес кезеңінің ұлы оқиғалардың да жалынды жыршысы, алдына жан салмаған ақиық ақыны. Ол кімді жырламасын, папаниншілерді ме, әлде Хасан, Халхингол соғысында ерлік көрсеткен ел сарбаздарын ба, қоршауда қалған ленинградтықтарды ма, қай-қайсысын да селқос қабылдаған жан болған жоқ. Оның жалынды жырларын елі күтіп отырды. Сондықтан да ақын өлеңдері әлеуметтік мәні, қоғамдық салмағы, бойындағы құдіреті арқылы уақыт талабымен, дәуір тынысымен телқозыдай табысып, миллиондардың арман-тілегімен табиғи табысып жатқанын атап өту парыз. Орыстың белгілі ақыны Александр Прокопьев былай деп жазады: «Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» жыры жарияланған кез – Ленинград халінің аса бір ауыр шағы еді. Бұл тұста немістің қоршауында қалған Ленинградта азық өте аз болды. Күніне жұмыс істейтін адам 250 грамм, жәй кісі 150 грамм нан алды. Ет, май дегенді халық өте аз және сирек көрді. Басқа азықты көрген жоқ. Үйлерге кіретін су тоқтатылды,

канализация істемеді, отын атымен болмады. Жау атқан снаряд пен бомбалардың салдарынан шынысы қирап, терезе біткен аңырайып ашық тұрды... Жаудың оғы үздіксіз жауып тұрды.

Осындай кезде Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күшті көрінген бұл жырды Ленинград радиосы күніне әлденеше рет оқып отырды. Жыр үлкен әріптермен басылып, көшелерде плакат болып ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамды көрдім. Немістердің самолеттері құлдилап ұшып бомба тастап жүргенде, бомбадан жасырынатын жерге тығылудың орнына Жамбылдың жыры басылған газетті сатып алу үшін кезекте тұрған адамдарды талай көрдім».

Бұл сол кездің нағыз шындығы болатын.

Ия, поэзия құдіреті деген осы болар. Бірнеше шумаққа тұтас бір кезеңнің жүгін арта білу тек Жамбыл секілді алыптардың ғана қолынан келетін құдірет. Ақын өзіне мәңгілік ескерткіштің негізін осылай қалады.

Қазақ әдебиетінің алыбы Жәкенді көзінің тірісінде қай елге барса халық зор ыстық ықыласымен қарсы алып, қабылдап отырды. Ақынның 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігіне, 1937 жылдың аяғында Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастанының 750 жылдығына байланысты Грузияға барған сапары, 1938 жылы май айында өзінің шығармашылық өмірбаянының 75 жылдығына орай Қазақстанда өткізілген мерекелер тұсындағы күллі Кеңестер елі атынан көрсетілген риясыз құрмет, қуанышты қарсы алулар тарих парағына жазылды. Ақынды қай жерде де кездестірген халық «Жамбыл, Жамбыл! Жәке!» деген ерекше шаттанған дауыспен ұрандата қошеметтеген. Ақынның сол шығармашылық мерекесіне Алексей Толстой, Микола Бажан, Павло Тычина, Тоғалақ Молда, Ғафур Ғұлам, Қалық Ақиев, тағы басқа сол кездегі көрнекті сөз өкілдерінің келуі, өзіміздің Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов, Ғали Орманов, Дина Нүрпейісова, Күләш Бәйсейітова, Кенен Әзірбаев, Мәриям Хакімжанова, Қалибек Қуанышбаев секілді әдебиет, өнер саңлақтарының сол тойды ұйымдастыруы, дүние жүзінің барша елінен, сол елдердің қалам қайраткерлерінен құттықтау



жеделхаттардың қарша борауы да Жамбыл есімінің төрткүл әлемге мәшһүр болғандығының айғағы.

Жамбыл шығармашылығы, оның өмір жолы бір адамның емес, бүкіл қазақтың ауыз әдебиетінің, соның ақпа-төкпе ақындық өнерінің жаңа белесі, ХХ ғасырдағы ең ірі серпілісі ретінде қабылдануы ләзім. Ұлы Мұхтар Әуезовше айтқанда: «Миллион жол өлеңді жатқа білетін» абыз жыраудың халықтық қасиетін жанымен терең ұғынған замандас ақын інілері – Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Павел Кузнецов, Қалмақан Әбдіқадыров, Қасым Тоғызақовтар оның әдеби хатшылары болып қызмет етті. Бұл үлкенге тағзым етіп, егде тартқан адамға қызмет ететін ұлтымыздың тамаша дәстүрінің көрінісі ғана болған жоқ, өткен ғасырлардың толқынын ХХ ғасырға әкеліп толқытқан қарт абыз жыршыға, ғажайып қайталанбас өнерге құрмет пен кейінгі ұрпақ парызы еді. Жамбыл жырларын орыс тіліне аудару арқылы ақын есімін дүние жүзіне кеңінен таратуға үлес қосқан Павел Кузнецов, Марк Тарловский, Константин Алтайский, Илья Сельвинский, Дмитрий Снегин, Алексей Брагин сынды орыс ақындарының есімдерін де бүгінгі күні ерекше ілтипатпен еске алуға тиістіміз.

Қазақта «Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ» деген сөз бар. Бұл ретте де қазақтың Жамбылын адамзаттың Жамбылы деп мақтаншыпен айта аламыз. Шын мәнінде Жамбыл дүниеге әкелген ғажайып қазына, сол рухани қазынаның өн бойындағы адамды шыңдауға арналған биік парасат пен қоғамды шыңдауға арналған шабытты, серпінді, жалпы адамзаттық рухани игілік демеске бола ма?! Мұны өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Жамбылдың қанатты жырлары әлемнің елуге тарта тіліне аударылып, миллиондардың жүрегіне ізгілік нұрын септі. Біз мұны ең алдымен Жамбыл атамыздың өлмес өнері арқылы әлем жұртшылығына қазақ халқының рухани болмысының танылуы деп білуіміз керек. Сондықтан, Жамбылдың мерейтойы қазақстандықтар үшін зор мәртебе ғана емес, өзінің де бүгінгі парасат көлеміне сын. Дәлірек айтсақ, бір мақсат жолындағы көп ұлтты дербес мемлекет ретінде әлем алдында ой мен рухтың өресін танытатын, кісілік пен парасаттың өнегесін көрсететін сәт туды. Қазақстан Республикасы осы уақытқа дейін әлем жұртшылығына өзін саяси-әлеуметтік ұмтылыстарымен,

демократияшыл мұраттарымен танытып келсе, енді қайталанбас рухани болмысын танытуға мүмкіндік алып отыр. Бұл ретте қазақстандықтар ұлы Жамбылдың өлмес өнері, мәңгілік тозбас құндылықтарды көкसेген биік парасаты жалпы адамзатқа ортақ екенін терең сезінеді деп білемін. Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттығы арман-аңсармен ұласып жатқандығында. Сондықтан да, қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз. Сөз жоқ, ондай арман-аңсарға ден қою арқылы біздің қай-қайсымыз да пендешіл күйкіліктен арылып, парасат-пайымымызды шындай түсеміз. Өміршең мен өткіншінің ара жігін айырып, асыл адамгершілік жолында табысамыз.

Әрбір ұлттық мәдениетте бүкіл әлемге тиесілі есімдер, жалпы адамзаттық рухани құндылықтың өлшем-белгісі болған есімдер бар. Соған орай, олардың осындай жасампаздық істері біздің күллі адамзатпен біртұтас әрі өзіміздің өткенімізбен, қазіргі кезімізбен және болашағымызбен ажырағысыз байланысты екенімізді еске салып, ерекше мән-мазмұнмен толықтыратыны жасырын емес.

...Тағдыр оған ұзақ, жемісті әрі даңқты өмір сыйлады: ол өзінің 100 жылдығына небәрі екі ай қалғанда дүниеден өтті. Оның шығармашылығы екі ұлы дәуірді – XIX ғасырдың 45 жылын қамтиды. Осының өзі де бірегей құбылыс, өйткені ол Қазақстан мен Ресейдің тарихындағы бетбұрысты кезеңнің жылнамашысы.

Жамбыл жастайынан, өзінің халық жыршысы, жырау ретіндегі шығармашылық жолын бастаған кезінен-ақ суырыпсалма ақынның даңқына бөленді. Оның бұл жолы тар жол тайғақ кешуді сындарға толы болғаны рас. «Жамбыл көп уақытқа дейін патшалықтың барлық қолжаулықтарын ашу-ызамен тікелей әшкерелеп келді, – деп жазды ол туралы Мұхтар Әуезов. – Өзінің бүкіл ашу-ызаға толы, ащы тілді және әділетті айыптауларға құрылған суырыпсалма жырларын ауыр алым-салыққа, әділетсіз сотқа, жүгенсіздікке қарсы бағыштаған ол осымен қатар халықпен бірге, бақытты ел туралы керемет арман мен үмітке толы әндер шығарып, аты аңызға айналған халық арашашысы болған айбынды батырлар туралы да жырлады...»



Сөйтіп, ол әлемнің бар байлығын жинағанымен одан ізгілік таппайсың, тек қана сенің дүниеге әкелген жақсылығың ғана өзінді мәңгілік әрі қасиетті даңққа бөлейді деген тұжырым жасайды.

Жылдар өткен сайын Жамбылдың ақындық дарыны жетіле түсіп, жан дүниесі байып, өмірге деген тарихи көзқарасы қалыптасты. Адам мен оны қоршаған табиғаттың бірлігі, тән мен жан сұлулығы, әсемдік, күллі жанды тіршілік пен өмірді жасаушы адамға жаратылыстың өзегі ретінде сүйіспеншілікпен қарау – оның ең сүйіп жырлайтын тақырыптары болып қала берді.

Жамбыл ғұмыр бойы ең басты тақырыпты – адамдардың достығын, бірлікті, өзара көмек пен махаббатты арқау еткен. Бізге де осындай рух беретін әрі аталы сөздер кейде жетіспей жататынын да айтқан жөн болар.

Жамбылға дейін де ақындар болған. Ия, талай тарлан ақындардың болғаны рас, қазір де бар және одан кейін де халқының үдесінен шыға білетін тұлпарлар болатыны хақ. Сірә, одан кейін де бола береді. Алайда, XX ғасырда – дауылдатқан ғылыми-техникалық және әлеуметтік революциялар ғасырында Жамбыл өзіне біткен, дүние жаралғаннан бері келе жатқан көне өнерді осы заманның қызметіне өзге ақындардың бәрінен де жақсы қоя білді, сол арқылы халықтық поэзияны бұрын-соңды болып көрмеген биікке көтеріп, ғаламдық деңгейге шығара алды.

Ауыз әдебиетінің сазгерлік-ақындық жарыс жанры ретінде айтыс әлімсақтан халық үшін өз үнін білдірудің әмбебап құралы қызметін атқарып келді, оның ақылы мен жүрегіне нәр берді. Ақындардың дуалы аузынан шыққан әрбір сөз сол заматта қағып алынып, ұлы даланың күллі шаһарлары мен ауыл қыстақтарына тарап жатты. Бұл жырлар өзінің лайықты иелеріне өшпес даңқ пен шексіз бедел болып оралып отырғанын ұмытпаған да ләзім. Жамбылдың кеңестік кезеңдегі шығармаларындағы көз жүгірте отырып, біз оларда дәуірдің бүкіл күрделілігі мен қарама-қайшылығы, бар игілігі мен кемшілігі, даңқы мен абыройсыз істері өз бейнесін тапқанын айқын көреміз.

Жамбыл өз замандастарымен ғана айтысып қойған жоқ. Ол дәуірдің өзімен айтысуға, даңқ пен абыройсыздыққа толы уақытпен ымырасыз айтысқа түсуге қажыр-қайрат таба білді. Сөйтіп, бұл айтысты жеңіп шықты!

Тез арада тауып айту, қиыннан қиыстыру, көп салалы өмірдің жайттарына сол сәтте үн қосуға қабілеттілік – жыраудың мейлінше шығармашылық ерекшеліктерін құрайтын қасиеттер. Жамбыл қолымен жазған жоқ, тілімен жырлады. Жасы ұлғайған кездің өзінде Жамбылдың жарқын ойлау қасиеті мен шығармашылық дүниетанымының толықтығын сақтай білгені, сөйтіп, Қазақстан үшін және біртұтас көп ұлтты халық үшін мақтаныш сезіміне толы шығармалар, жалпы мемлекеттік және жалпы азаматтық әуендегі өмірге әкелгені таңданарлық құбылыс. XX ғасырдың қыркыншы жылдарының өзінде-ақ ол патриоттық поэзияның асыл маржандарын туғызып, «Халық поэзиясының алыбы», «XX ғасырдың Гомері» деген әлемдік атаққа ие болды. Ол Ұлы Отан соғысының сұрапыл күндерінде көркемдік деңгейі жоғары саяси поэзияның жаратушысы болды.

Ақындық-жыршылық сипаттағы өлең туындыларын Жамбыл Пушкинге және тынық Донның ұлдарына, Солтүстік полюсті бағындырушыларға және испаниялық туысқандарға, біздің Отанымыздың батырларына және қарапайым еңбек адамдарына бағыштады. Оның мәңгі жасайтын «Ленинградтық өрендерім» атты толғауы ақындық шеберлік пен әкелік жүректен шыққан даналық сөздің асқар шыңына айналды.

Соғыс жылдарында өмірге келген бұл туынды ұлы ақынның даңқын асқақтата түсті, оның есімін дүние жүзіне әйгілі етті. Ленинградтың қорғанысына қатысқан Всеволод Вишневский былай деп еске алды: «Біз бұл жолдауды көзімізге жас алмай және қуанышты толқу сезімінсіз оқи алмадық. Біз бұл хатты қуатты қолдаушы күштің келгеніндей бағалап, қабылдадық. Қазақстан халқы бізге өзінің туысқандық сәлемін, сүйіспеншілігі мен достығын жолдады, сөйтіп біз еселенген күш-жігермен шайқасқа аттандық». Белгілі жазушының бұл сөздері бұған дейін де әлденеше рет қайталанды және Жамбыл талантын құрмет тұтушылардың барлығы оның бір жарым ғасырлық мерейтойы жылында тағы да келтірілетін болады.

«Ата-бабаң баяғы,
Аян еді Жамбылға.
Тұсаулы қол-аяғы,
Аударылған ауылға», –

деп жырлады Ленинград пен оның тұрғындарына сөз арнаған даланың ұлы жырауы:



«Жетсін деймін сендерге,
Жыл құсындай өлеңім,
Қаласындағы Лениннің
Сайып қыран өренім».

Біртұтас шаңырақ сезімі, тарихи тағдырлардың тұтастығы сезімі – поэзияның ұлы ақсақалы бізге осындай мұра қалдырды. Интеграция идеялары, бірыңғай әлеуметтік-мәдени кеңістік құру туралы ойлар күш алып келе жатқан қазіргі таңда өзара түсіністік пен ынтымақтастық, өзара рухани баю және ұлттық мәдениеттің жалпы адамзаттық маңыздылығы сияқты мәңгілік құндылықтар осы заманға мазмұнмен толығуда.

«Жыр білмеген өмір сүре де білмейді» деген данышпан қағида қалдырды Жамбыл. Біз жас мемлекетімізді орнату және нығайту мақсатымен әлеуметтік, экономикалық, құқықтық реформалар жүргізіп жатқан жылдарда белсенді мәдени құрылыссыз, Жамбылдың шығармаларынсыз біздің қоғамымыз өзінің ұлттық келбеті мен қасиетін қауымдасып іздестіруде біріге алады деу қисынсыз болмақ. Ендеше оның туындыларын еске алып, бағалайтын, біздің бабаларымыз бен әкелеріміздің Отанды көркейту жолында даңқты өмір сүргенін бағалайтын болайық. Әрқайсымыз өз орнымызда белсенді жасампаз жанға айналып тарихты, мәдениет пен өркениетті дамытатын болайық.

Бүгінгі жыр дүлдүлінің ұлан асыр тойы – егемен елімізді мекендейтін халықтар достығы ынтымағының тойы, халықтың өзінің ұлы перзентіне деген зор құрметі мен ыстық ықыласының шынайы көрінісі.

...Ұлы өзгерістер заманында өмір сүріп, жұмыс істеу біздің үлесімізге тиіп отыр. Біз атқарып жатқан істердің өміршең маңызымен қатар тарихи да мәні бар екенін естен шығармайық. Біздің бүгінгі ісімізге қарап ұрпақтарымыз бізге баға беретін болады. Қазақстанның ХХІ ғасырға қалай кіретіні, ұрпақтарымыздың тағдыры қалай қалыптасатыны осы отырған бізге байланысты. Бүгінгідей шалқыған қуанышты күнде біздің асылымызды дөп басып, ұлы жырауға жоғары баға беріп, Жамбыл күндерін атап өткен туысқан Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия және басқа да елдердің, туған еліміздің әдебиет сүйер зиялы қауымына зор ризашылық сезімімізді білдіреміз.

Жәкең туған халқының күнгеі мен көлеңкесін тарихи талғам таразына салып, шабыттың шырқау биігіне көтерген ақын. Халық тағдырының күллі арналары мен тамырларын сәтті ұштастыра білгендіктен «халықтан шыққан дана ақын» деген атаққа ие болған. Бұл – шындап келгенде, халықтың дара туған перзентіне берер ең жоғары бағасы.

Қазақ халқы барда, оның тілі мен діні аман тұрғанда, адалдық пен адамдықтың, әділеттілік пен ізгіліктің жыршысы – Жамбыл да мәңгі жасай бермек.

Жамбыл мәңгі жасай береді. Біздің алдымызда жаңа биіктер, жаңа мақсаттар тұр. ...Бұл жаңа ғасыр Қазақ елінің тарихындағы ерекше бақытты, өсу, кемелдену ғасыры болады деп кәміл сенемін. Қазіргі саяси, тарихи жағдай бұған толық кепілдік береді. Соған орай, он тоғызыншы ғасырда дүниеге келген, жиырмасыншы ғасырда да ұлы ақын ретінде әлемге танылған Жамбыл осы жаңа жиырма бірінші ғасырда да өз халқымен бірге жасай берері анық...

*Н.Ә. Назарбаевтың Жамбылдың
150 жылдық мерейтойында сөйлеген сөздері
(сәл ықшамдалып беріліп отыр)*






I ТАРАУ

АҚЫН ДЕГЕН БІР БҰЛАҚ

Эсселер*

*Жамбыл жырау толғанса
Домбырасын қолға алса
Пар келтірмес ешкімді.
Сүйінбай ақын ұстазым
Сөз қанжарын суырып,
Дұшпанға осылай күш қылды.
Жамбыл, Жамбыл болғалы,
Жамбыл атқа қонғалы,
Жеңіліп намыс берген жоқ.
Еңбегім сіңіп еліме,
Ел ішінде еріме,
Сол үшін бағым сөнген жоқ.*



Жамбыл



ЖАПА – АЛТЫН САҚА

XVIII ғасырдың соңына қарай қазақ жері өзінің егемендігінен толықтай айырылды деуге де болатын еді. Бір жағынан Ресей, екінші жағынан Орта Азиялық хандар қазақ даласын екі жақтан қыса бастады. Шығыстан Қытай келді. Осы кезде қазақ хандары мен билері Ресейдің қол астына өтуді жөн көрді. Бірақ қазақ жеріндегі күрес тоқтаған жоқ.

Жапа осындай жаугершілік заманда дүниеге келеді. Бұл 1812 жылдың шамасы еді. Оның жастық шағы қысылтаяң кезеңге дөп келді. Ол төрт ағайынды болатын. Жапа, Жадыра, Мәйке және Қазыбай. Әкелері Ыстыбай деген Шапыраштының Екейінің бетке ұстар адамдарының бірі болған. Осындай үркіншілік кезінде Жапа барымташы да, сарбаз да болады.

Ол кезде бірде қырғыз, бірде қазақ барымта жасап, бір-біріне күш көрсетіп жатады. Ар жақтан Манаптың, бер жақта байлардың нөкерлері бір-біріне доқ көрсетіп, сойылдасу әдетке айналған. Жапа осылай сойылдасудың шебері болып, алды қонданып, бакуатты жандардың қатарына қосылған.

Көктоқал деген жүйрік аты қырғыз-қазақтың қызыға қарайтын сәйгүлігіне айналады. Ол сойылдасуға әбден дағдыланғаны сонша, қарсыластың атын кеудесімен соғады екен. Сондықтан да, Жапаға ешкім көп тегеурін көрсете алмаса керек.

Сондай барымталасудың бірінде Көктоқалдың тұяғы суырдың ініне кіріп, сүрінеді, Жапа қолға түседі. Қырғыздың көктен сұрағаны болды. Алдыртпайтын да, шалдыртпайтын да барымташы топ етіп қолға түсті. Енді мұның құны жоқ. Ашық шайқаста қолға түсті. Таутеке терісінен жасалған тұлыпқа Жапаны салып, өңменімен байлап, керегеге іліп қояды.

Бұл қорлықтың нағыз өзі. Қасындағы жолдастарының тастай қашқанына күйінді. Енді не шара? Жапа месқаптың ішінде тұрса да осал жау емес. Бір бейқамдықты, бір сәтін салар сәтті күтеді. Манапқа момақан боп, бір қателік кеткенін айтып, өзін залалсыз адам ретінде көрсетуге тырысады.



Ерте ме, кеш пе, бұл тұлыпты не турап шығады, не қырғыз өзі босатады. Сонда көрсін Жапаның кім екенін? Манаптың екі жүйрігі мамада байлаулы тұр. Сірә, барымташылардан хабар келіп қалар дей ме, алдына шөп салып, ер-тоқымын ыңғайлап қойған. Сыртқа бір шықса, бір сәйгүлікті тақымға, бір жүйрікті жетекке алып зымырап кетер еді. Ұстап көр тау ішінен.

Түннің бір уағы болған-ау, шамасы. Бәрі қорылға басты. Жапа тұлыптың бауын тісімен тартып, әйтеуір шешті-ау. Кермедегі қанжарды алып, дәл Манаптың тұсындағы үзікті тіліп, шығып кетті. Кермедегі аттың біріне секіріп мініп, екіншісін жетекке алып, шаба жөнелді.

– Қашты атаң қазақ, ұстағын, – деген Манаптың ащы дауысы шықты. Өздері іштен байлаған есікбау шимайланып қалған екен, әрең ашты. Құғыншы кетті.

Жапа «Аллалап» құйғытып келеді. Артына қарай-қарай шабады. Бірақ қырғыздар да қояр емес. Алатаудың бір бұлталаңына кірген соң Жапа сабырға келе бастады. Аттарды тынықтырды. Таң алагеуімде кең жазыққа шыққанда, бір қуыстан аттылы топ қиқулап қуа жөнелді. Сол шапқаннан Жапа шаба берді, шаба берді. Ылғи сәйгүлік мінген топ ентелеп, арақашықтық жақындай түскен. Алда – Іле. Ағыны мықты. Өткел іздейтін шама жоқ. «О, тәңірім қолдай гөр!» Жапа ат-матымен ұзын жарғабақтан Ілеге қойып кетті. Абырой болғанда, әккі аттар судан алып шықты. Қырғыздар Ілеге түсуге дауаламады. Кіжініп-кіжініп кері қайтты. Жай қайтқан жоқ, жолай бір кедей ауылды шауып кетті.

Кейін қазақ-қырғыз мәмілесіп, өткенді кешісіп, сірне жеп тарқамақшы болады. Жапа осының алдында тағы бір қырғызды қапыда қалдырып, астындағы жүйрігін мініп кеткен. Манап сол жігітті көрмекші болып, «жүйрігімнің көзін бер» деп қиылып тұрып алды. Бұл кезде Жапа қайын жұрты жаныстарды паналап, Өшекей байдың аулына қоңсы қонған болатын.

Өшекей ұлы Бекболаттан Қазмойын атын беріп жібереді. Жапа қазақ-қырғыз тобына желе жортып келеді де:

– Ассалаумағалейкум, Манап аға, жеңілген жігітіңе сауап, аға, – деп сәлем беріпті. Сонда Манап:

– Мынауы Құлжаның асығындай шымыр екен. Қолға тұрмайтын сақа сияқты, жылт-жылт етеді. Ұстаса қолға тұрмас, байласа жіпке тұрмас. Алғаның адал екен, – деп аттан түсіп, қонақ болыпты.

ТҮЙЕ ҚОМЫНДА ТУҒАН ҰЛ...

1846 жылдың ақпан айында ақ түтек боран соғып, Жапа Хан мен Жамбы тауларына ығыстап келе жатады. Жапаның әйелі Ұлданның айы-күні жақындаған кез. Ұлдан көп жаныстың айтулы қызы. Нағашысы – жалайыр. Жалайыр болғанда да Қанадан деген тәуіп, қобызшының қызы.

Ұлдан ары қарай атқа міне алмады. Толғақ қысты. Енді не істеу керек? Артта түре қуып қырғыз барымташылары келеді. Бірақ амал жоқ. Жапа жігіттерді топтап, мықтыларын іріктеп алып, шолғынға қойды. Өзі түйелерді айналдыра шөктіріп, жүктерді үйіп, киіздерді жауып жаппа жасады. Кексе қатындар от қойып, қар еріте бастады. Иә, жасаған, аман қыла гөр! Шыр етіп дүниеге ұл келді. Кіндігі кездікпен кесіліп, шаранасы қар суына жуылды. Таң ата көш қайта жолға шықты. «Жау келе жатыр» деген шолғыншылардан шабарман келген.

Атын кім қою керек? Азан шақыратын уақыт тар. Жапа бораны басылып, шұғылалы күн астынан Хан тауының басынан жамбыдай жалт-жұлт еткен Жамбы тауды көрді.

– Жамбыл! Бұл Ұлымның атын Жамбыл қойдым. Жарқырап аты шықсын, қол бастаған батыр болсын! Е-е-ей, естисіңдер ме, таулар! Бұл – Жамбыл!

Жапа дауысы қарлыққанша айғайлады. Сол ит жылының 28 жұлдызында айдалада, ақ қар, көк мұздың ішінде өмірге Жамбыл келді.

Ал Ұлдан Жапаға қарап:

– Түс көргем. Нағашы атамның қара қобызы жаңа туған нәрестемнің қолында тұр екен. Қанадан атамның өнері Жамбылға қонар ма екен? – деп еміреніп еді.

Бәрі Алланың қолында. Бірақ Жапа үшін баласының жынойнақ диуана болғаны емес, кеткен кегін, алынбаған жылқысын қайтаратын барымташы керек. Сонда көйлегі көк, тамағы тоқ болады.

«Баланың жақсы болмағы нағашыдан» деп жатады. Қазақ айтса, тауып айтады. Жамбыл бала батыр болып ойнамайды. Көзін ашып, тәй-тәй басқаннан домбыраға жүгірді.

Жамбыл жасынан қисық-қыңыр мінез танытады. Ол болмашы нәрсеге өкпелеп, тырсия қалады. Жеті-сегізге келгенде тай мініп, жылқышыларға ілесіп, ойын-тойдың ішінде жүреді. Бұл Жапаға



жақсын ба? Жапаға шыныққан, шымыр, белдесер белі бар ұл керек. «Адам болмассың» деп әкесі құйрығынан тартып жіберсе керек. Көп балалардың ішінде таяқ жеген тіпті қиын.

Ауыл сыртындағы биік төбенің үстіне шығып алып, аспанға қарап, қиялына қиял қосып жатады. Бір топ салт атты тоқтай қалыпты.

– Жолдан атсоқты болып келеміз. Түсетін үйге апаршы.

– Жүріңіздер, мынау біздің үй. Әкем кеше бір биені барымталап әкеліп сойған. Қазы да, қарта да жетеді. Жүріңіздер.

– О, өркенің өссін! Кімнің баласысың, атың кім?

– Жапаны естіп пе едіңіздер. Мен сол кісінің Жамбылымын.

Ет асылды, Жамбыл қонақтармен бірге етке сылқия тойды.

Бірде Жапаның үйіне жаныстың Қазыбек деген тәуірі түседі. Жамбыл атын отқа қойып, ерін түсіріп, төрге шығарады.

– Балаң батыл екен. Айтпай істеген баланың ісіне мақтану керек.

– Қайдан білейін, – деді Жапа. – Тентек пе, қисық-қыңыр ма?

– Тентек терте теппес. Көзінің оты бар. Атыңды түбі осы бала шығарады.

– Мына қыдырымпаз ба? Таңертең кетеді, кешке келеді. Немен айналысып жүргенін бір құдайым білсін.

– Өнер қонған балаңа. Екі көзі менің домбырамда, – деп Қазыбек домбырасын Жамбылға ұсынды.

Жамбылдың көзі жарқ ете түсті. Домбыраны кеудесіне басып, шықты да кетті.

– Ішерге тамағы, киерге киімі жоқ осында бір әумесер ақын бар. Дәуде болса соған кетті.

Қонақ риза болып аттанды. Жапа Жамбылдың соңынан іздеп кетті. Жас Жамбылдың дауысы ерте шықты. Домбыраны тартып әуендетіп жүрді. Үйге қыры жоқ, есіл-дерті ойын-сауық Жамбылға Жабай ұрса-ұрса шаршады. Сонан соң қолын бір-ақ сілтеді.

Жамбыл Дулат пен Шапыраштының ақсақалдарымен қатарласа отыратынды шығарды. Жырларды айтып, дауысы кемериектеніп келе жатты. Бұл балалықтың бітіп, бозбала шақтың хабар бергені еді.

Жардан секіріп, құс болып ұшу балалардың ермек ойыны. Бір топ салт атты бұларға қарай жақындап келді.

– Батыр деген кім? Ақын деген кім? Шешен деген кім? Жетім деген кім?

– Елін жылатпаған сол батыр, көгенін емес көргенін айтса сол ақын, сөзіне біреу тоқтаса сол шешен, сіздің сұрағыңызға кім жауап бере алмаса сол жетім.

– Дәл сенің үйіңе түсемін. Мінгес. Сені туған шешенді, тәрбиелеген әкенді көрейін.

– Көретін нәрсе көп. Әкем аттан түспейді – ұры, шешемнің қазаны оттан түспейді – нұрлы.

Бұл Балқаш, Іле бойына аты шыққан Бөлтірік шешен еді. Ет желініп, сорпа ішіліп болған соң Бөлтірік шешен:

– Атың Жамбыл болса, көкірегің даңғыл болар, – деп батасын беріп, Жамбылға: – «текті бала тік келеді», – деп бетін сипапты.

...Сол Жамбыл таңға жуық шошып ояныпты. Анасы Ұлдан ұшып тұрып, «бисмилла» деп Жамбылды ұшықтап, неден шошынғанын сұрайды. Сонда Жамбыл:

– Түсімде Қызыр ата, өлең аласың ба, көген аласың ба, – деп сұрады. – Екеуін де алам деп оянып кеттім.

– Қанадан бабаң шығар. Саған ақындық ауып қонбай, тауып қонған екен.

– Әй, әй, ол болмайды, өлең асырамайды. Одан да орнымды бас, барымташы бол. Болмаса оқып молда ...

Әке сөзі Жамбылға ауыр тиді. Енді ақындық қонғаны анық еді. Өлең түйдек-түйдек жүректен құйылып жатты. Өнерін түсіне алмаған әкесіне жыр арнады. Әкесіндей барымташы болып, біреудің малын ұрлай алмайтынын жеткізіп, мақсатын да айғақтады.

...Қоныстан елді бостырып,
Неміз бар енді шабатын!
Өлең мен сөзді дос қылып,
Құрамын ақын санатын.

Молда болу да Жамбылға қол емес. Шәкірт болған күндеріндегі тәтті етті ащы шыбық ойғанын айтып, зарланады.

... Айтқаны ішке қонбаған,
Оқығанша мен одан
Домбыраны қолға алам.
Өлең кірген түсіне,
Жөргегінде мен болам...

Өлең Жамбылға ажырамас бақ болып, балағынан кіріп, басына қонды...



СҮЙІНБАЙДАН ЖАМБЫЛ ҚАЛАЙ БАТА АЛДЫ?

Жетісу жерінде Сүйінбай аты аңызға айналған адам. Өлең жүрегіне қонған бала Жамбыл Сүйінбайдың Тезек төре мен қырғыздың Қатаған ақынымен болған айтысты жатқа білетін. Жамбыл да Жетісудың азулы ақындарының қатарына қосылмай ма? Өткір сөз қылыштан жаман. Қылыш басыңды алады, сөз ұрпағыңа таңба салады. Бұдан кейін жер басып жүрудің өзі азап.

Жамбыл дүниеге шыр етіп түскенде Сүйінбайдың аты Алатаудан асып, асқақтап тұрған. Елудің үшеуіне келген екпінінен жел ескен Сүйекең басына қонған баққа шомылып жүрген. Ақын адалдықтың ақ алмасы. Мынау ағайыным, анау жұрағатым, мынау төрем, анау бай туыс демей шындықты шырақ етсе, оның тұсында халық жүреді.

Сүйінбайды бір көру Жамбылдың арманына айналды. Білгені Сүйінбай ағайынның алысы емес, жақыны. Шапырашты ішінде Екей баласы. Соның Жарымбетінен. Жарықтықтың төрт әйелі болған екен. Бергіс деген әйелінен Жарымбет көп бала сүйеді. Жамбыл осы Бергістен тараған ұрпақ. Ал Сүйекең Әлти деген тоқалынан туады. Жатыры бөлек демесең, тіні бір. Ақын болғысы келген адам ең алдымен өз тұқымын түгендейді, кем-кетігін, жақсылығын тереді. Құда-жекжатқа дейін іріктеліп, ми сандыққа жиналады.

Ағайынның азары болса да, безері болмайды. Жаныс Әшеке болыстың ауылында қонсы, болмаса қайынсақ болып жүрген Жапаны елге әкелмесе ағайындыққа сын. Сол Жапаны елге, ата қонысқа алып кету үшін атақты Сүйінбай барады. Көшті күтіп Сарыбай болыс Суықтөбенің баурайында қалады. Жері құт, пейілі кең Жаныс қасқарау Бұғымүйіз-Бесмойнақта шапырашты бауырларын төрге отырғызып, малын жайлауға шығарған. Осы жерде малы қонданып, өздері әлденіп, Қарғалы бойындағы Майбұлаққа көші түзеліп қайтады. Қасқараудың Малтақбайұлы Сыдық бастап, Үмбетәлі қолтаған тобы Майбұлаққа дейін әкеліп салып, үйлерін тігіседі. Сол Үмбетәлі менің бабам, Қалижанның әкесі.

...Дулат пен Шапыраштының еншісі бөлінбегенін тарихи жәдігерлер айтады. Ол Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-түқияннан өзіме шейін» атты кітабында да бар. Сол деректің

жарқын көрінісі Шапырашты-Дулаттың қоныс тебуі. Ағайынды екі туыс қатар отырады. Бір ауыл – Дулат, бір ауыл – Шапырашты. Сонау Сүйінбай ақын баба кезінде бұл ерекше орын алады. Мысалы, Жамбыл Сүйінбай ақынды Қасқарау Жаныстың мекені Бұғымүйіз, Бесмойнақ сағасында көреді. Бұл пейіш мекен, ғажайып жер. Екі таудан екі өзен құлай ағып, Бесмойнақ етегінде қосылып, Арнаға айналады. Сол екі таудың ортасында теп-тегіс жазық бар. Ол жерде жеті қат жердің астынан қыста да қатпайтын зәмзәм сулы бұлақ бар.

Сүйінбайдың аты дүркіреп шыққан кезі. Тезек төрені тепсіндірмей тұқыртып, айтқан сөзі аңызға айналған кез. Жамбылдың кеуде сарайына бекінген Сүйінбайдың бір өлеңі бар.

Ат құйрығын бұлаған,
Қол жеткен жерін сұраған.
Егескен жауы жылаған.
Қызыл тілін безеген,
Найзасын тасқа тежеген,
Тұлпар мініп, ту алған,
Мен Қарасай ұлымын.

Жамбыл Сүйінбайдың бар өлеңін жатқа біліп те алған. Тезек төремен айтысын айтқанда ауыл жастары ерекше қуанышқа бөленетін. Өйткені Жамбыл өте тапқыш. Екі домбыраны екі жағына қояды. Екі шекпен қасында, екі бас киім. Бірі жаңалау, екіншісі көнелеу. Сонан соң, бірде Сүйінбай, бірде Тезек төре болып, дауысын ұқсатыңқырап, әндете жөнеледі. Оған қоса бағанда ілініп тұрған аттың қу басын әкеліп жастықтың астына тығып қояды. Сонан соң Жамбыл-Тезек:

Мен едім Абылайдың хан Тезегі,
Жылқының ұстатпайды сұр көжегі.
Ордаға құл мен құтан басып кірген,
Құдайдың бұ да болса бір кезегі.

Атамды шалған қыдыр Абылайдан,
Жақсының көңілі жұмсақ сары майдан.
Шөл бүркіті Бүйенген сары жігіт,
Сұраймын руыңды, келдің қайдан?

Тезек төре торғайдың шөжесіндей бір орнында отыра алмай,



селдір сақалы дір-дір етіп, ешкінің текесіндей жылдам екенін Жамбыл жақсы білетін. Енді сол сипатты салып Жамбыл отыр. Оған бәрі мәз.

Жамбыл-Сүйінбай:

Ұраным менің – Қарасай,
Мен – Сүйінбай!
Өлеңді Қарасайлап айтамын-ай!
Сәлемге келген кісінің атын алып,
Неден пейілің тарылды тақсырым-ай?

Ассалаумағалейкум, Тезек төре,
Елден жылқы қоймаған кезеп төре!
Телі менен тентекті тыят десе,
Өзің ұрлық қыласың, әттегене!

Осы кезде Жамбыл қара сөзге көшеді. Тезек төре әрі сараң болса керек. Сүйекеңе сілесі қатқан, сары атты береді. Соған Сүйінбай Тезек төреге қарап былай депті:

Тақсыр-ау, бұл бергенің сары ат па еді?
Аузында бір тісі жоқ кәрі ат па еді?
Кірпігіне қарасам, қурап қапты,
Тұсында Абылайдың бар ат па еді?!

– Тезек төре жерге кіргендей қара сұр болып отырып қалыпты. Сонан соң Сүйекең сары ат болып сөйлепті:

Сары ат:

Тұсында Абылайдың мен бір сары ат,
Жас күнімде болып ем ерге канат!
Талай құда келгенде, талай досы,
Бермеп еді, хан Тезек мені қамап.
Мойнымнан жел, бойымнан әлім кетті,
Әл кеткен соң өзіме кәрілік жетті.
Ала жаздай бойыма шыр бітпейді,
Қыс болса, өкпе тұстан суық өтті.

Жамбыл аттың басын алып, екі қолымен арлы-берлі қозғап қояды. Бұдан артық қандай қызық болсын! Ана қойдың басы неге керек? Жамбыл одан әрі қызықтыра аңгімелейді.

– Тезек төре сөзге жеңіліп, басы түйе тоғыз мал беріп, тай

сойып, қонақ етеді. Қоштасарда қараса, тоғыздың ішіне жетекке жарамайтын, жауыр болған қаракер ат бар екен. Ақынның қырағы көзі соны байқап қалады. Сонан соң тоғыз қараға жақын келіп, қаракер атқа былай депті:

Бейшара, болдырыпсың, қаракер-ай,
Кешке жаяу жүрсем де алмаймын-ай.
Өзі жауыр, өзі кәрі ақсақ екен,
Мұныңды алып елге бармаймын-ай.

Орта жолда болдырып, өліп қалар,
Мұның мен обалына қалмаймын-ай.
Қаракер, жөніңді айтшы, өзің маған,
Айтсаңшы, қайдан келген сорлы едің-ай?!

Жамбыл осы жерде сөзді келте тоқтатады. Бәрінің көзі Жамбылдың аузында. Тағатсыздық. Бәрі ентелеп отыр. Осы кезде Жамбыл аттың басын иығына дейін апарып, Қаракер болып сөйлейді:

Мен жөнімді айтайын, ай, Сүйінбай!
Түргендегі мұжықтың аты едім-ай.
Төрең барып сол жерден алып келген,
Қысы-жазы өзімде бір тыным жоқ,
Үстіме шыр бітпеген қу едім-ай!

Жамбыл енді арқасын кеңге салады. Асықпай, сақалы бар адамдай иегін сипалайды. Көзін жұмады, екі тізесіне салмақ салып, теңселіп қояды. Бұл Сүйінбай кейпі. Сүйінбай енді сөйледі, сөйлегенде бүй деді:

Ұйтқыған әрбір сөзім жел құйындай,
Хан-қараға сөйлеген мен Сүйінбай.
Арыз айтып алдымда жылап тұрған,
Көрдің бе, жандарды қаракер тай.

Ұрлығына мінгізіп күндіз-түні,
Малдықтан кетіріпсің оны былай.
Ал жерден арқаға пышақ салған,
Төре, Құдай болсаң да, тартсаңшы айбат!

Енді Жамбыл Тезек төре бола қалды. Бағанағы маңғаз, керен-ау отырыс жоқ. Шындық бетін шарпыған. Оттай ыстық шындық. Мойындамасқа шара жоқ.



Тезек төре:

Тұсында Абылайдың Бұқар жырау,
Хан Әділдің кезінде Түбек тұр-ау...
«Әр заманның бар дейді сұрқылтайы»,
Сұрқылтайым менің де екен мынау!

Тезек төре сүрінді. Сүйінбай сөзі тарады да кетті. Ащы сөз не жақындастырады, не көрместей болып алшақтатады. Тезек төре ғана емес, ақын да еді. Ақыннан ақын жеңілсе – жеңіл, төре жеңілсе – ауыр. Осы екі ұдай көңілмен Тезек Сүйінбайды сүйеу тұтып қалып еді. Сол сенім алдамапты. Сүйінбай қырғыздың Қатағанымен айтыста Тезек төренің атын шығарды.

... Бұғымүйіз-Бесмойнақтың сары жазы көңілді. Самал жел, саф ауа, көкорай майса, сылдырлап аққан бұлақ. Бұрқ-бұрқ қайнаған ет. Қып-қызыл болып пісіп жатқан бауырсақ. Желіде – құлын, көгенде – қозы, мeste пісілген сары қымыз. Он екі қанат үйде Сүйінбай отыр. Өндетіп отыр, әңгімелеп отыр.

Осы кезде жарапазаншының дауысы естілді. Сүйінбайдай ұстаздан бата алып, ақындық жолына түспекші.

... Ақ сәлдесі басында,
Боз інгендей боздаған.
Қайтып сабақ береді,
Айтқаны ішке қонбаған,
Оқығанша мен одан,
Домбыраны қолға алам,
Өлең кірген түсінде,
Жергөгімде мен болам...

Баланың сөзі ерек, өлеңі бөлек. Сүйінбай ұнатты. Екейдің Тағаш пен Дүйсен байлары қасқару жанысқа қоңсы қонып, мәресәре болып жатқан. Әрі жұртты елендеткен екі есім бар. Бірі – Сүйінбай да, екіншісі – Саурық. Тосын дауыс Сүйінбайды селт еткізді. Өлеңнің киесі қонған бала ғана мұндай сөз айта алады.

Жамбыл имене кіргенмен, аңтарылып қалған жоқ. Көзі өткір. Сопакша жүзі нұрланып тұр. Кішкентай домбырасы иығына асылыпты. Жаңағы сөзіне тәнті болды ма, киіз үйдің іргесінен шапан алып, бала Жамбылға жапты. Жамбыл шапанды Сүйінбайға ұсынып, бата сұрады. Ақындықпен тапқан шапанына құтты болсын айтып, Сүйінбай кейін бір батама лайық сый жасарсың деп, қолын жайды:

О, Жамбыл, бата дедің – бердім саған,
Бақытты, өмірлі бол, жүргін аман.
Батасын ат орнына берді ғой деп,
Қоймағын былай шығып кінә маған.


Соңынан Сүйінбайдың орнын басып,
Тіліңнен балың тамсын сорғалаған.
Жапаға риза болсын айта барғын,
Осымен өкпелемей жүрсін маған.
Әумин!

Бұл бата қабыл болды. Осыдан бірнеше жыл бұрын Қарғалы бойында Әшекей үйінде Жамбыл Сүйінбайды көрген. Бірақ әлі балаң еді. Сондықтан да бата сұрай алмаған. Енді он беске келген шағында оң-солын таныды. Ақындықтың қонғанын сезінді. Бұл кездесу Жамбылдың тағдырын мүлдем өзгертіп жіберді. Сүйінбайдан бата алып қана қоймай, қасына ілесу құрметіне ие болды. Сүйінбай батасына өлең мен шапан жапты.

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы, сұлу сөздері,
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай...

ЖҮЛДЫЗДАР ҚАЛАЙ ЖАНАДЫ

Талас бойына жас Жамбыл жиі баратын-ды. Бұл – ата-қоныс, қасиетті өлке. Өзені толқындап ағатын, өрік-алмасы ерте көктемде бүршік жаратын, жүйрігі бапталған, күнде ойын, күнде той, дәуренді, кенен ел еді. Өлеңді серік еткен Жамбыл ұрынарға қара таба алмай, қайда той, қайда айтыс сол жерді қиядан естіп, домбырасын қынына салып, желе жортып жететін-ді. Ат үстінде көп жүргендіктен домбырасына көң терімен қапталған шанағы әрлі-берлі сырғымайтын домбырақап жасатып алғанды. Мұны аттай қалап, бір ту қой беріп ағашұстаға жасатқан. Кейін бұл домбыра Жамбыл домбыра деп аталып, бүкіл қазақ



даласына жайылып кететінін ақын Жамбыл қайдан білсін?! Ал бір домбыра Абай домбыра деп аталды. Сарыарқаның Шыңғыстауы мен Жетісудың Суықтөбесінің арасын жайлаған екі ұлының аты бірі қазақ жазба әдебиетінің бастауына айналса, екіншісі ауыз әдебиетінің алыбына айналды. Беу-беу дүние!

... Бәдік сөз өнердің бір түрі еді. Мұндай сәтте әлдебір ақын сөзі таусылып, атарға оғы жоқ, жандауа көңілмен бәдік сөзге көшетін. Бұған ақындардың бәрі шыдай бермейді. Көріксіз сөз ауыз бұзар. Дәл осындай бір пәленің боларын Жамбыл ерте сезді. Сондықтан да өз аты ұмытылып, Сайқал қыз атанып кеткен ақынмен айтысудың ұрымтал сәтін Жамбыл іздеп-ақ баққан. Қыздың бетқаратпас мысы да, бәдік сөзбен бедіре айтатын сұсы да белгілі болып қалған.

Кез келген ақын қарсыласы туралы түп-тұқиянына дейін қазбалап, мәлімет жинап алатын. Сондықтан да Жамбыл да Сайқал қыздың сайтанын басатын деректі тапқанда, бір сойқанның болатынын сезген. Бірақ ақындық серті осы. Не сенің, не оның қиятасы қиылады. Сайқал да Талас бойына Жамбылдың келгенін естіген. Өзін іздейтініне сенімді еді. Сондықтан да, сөз сойылдасу оңай болмайтынын білген. Әсте, айтыс ақындар ешқашан бейқам жүрмейтін. Өз өңірінің аты шығар-шықпас ақынынан, көрші өлкенің менмін деген ақындарының түр-түсі, үрім-бұтағы, мінез-күлқы жөнінде мәліметтерді жинап, микапқа салып қоятын. Керек кезінде ал да пайдалан.

Сайқал десе Сайқал! Оған Алла құдай көрік те, сөз де берген. Ал айтыстың басталуына себеп керек. Сайқал аяғын әдемі кебісінен шығарып, балтырын жарқыратып, бармақтарын жауып отырады.

Жамбыл «ассала-ау» деп үйге кіріп келгенде, Сайқалды айтпай-ақ таниды. Қалың жұрт арасында әйел де, қыз да тәнін жалаңаштамайды. «Батыр, кел, батыр» дегендей қыз сирағы жиылар емес. Сәлемдескен Жамбыл енді кешеуілдеуге болмайтынын бірден сезді. Бүркіт түскенде қасқырды бірден бүріп түсірмесе өзі жем болады. Ал қызыл түлкі әккі. Бұрандап та, бұлтарып та көреді. Қалың шеңгелге кіріп, өлі кейіпте жата да қалады. Мұны жас Жамбыл қансонарда шыққан саятшылардан талай көрген. Құдай ауызға сөз салды:

«Арқаның жардай болар сары нары,
Кетпейді Алатаудың жазда қары.

Істікке шанышқан сирақтай құп-ку қылмай,
Қуартпай табаныңды тартсаңшы әрі...»

Болды да қалды. Кебіс көтерілді, балтыр балықтай жарқ етіп, жоқ болды. Көк көйлек етегі түсірілді.

Сайқал не айтар екен? Жұрт сілтідей тына қалды. Желінбей ет қалды, ішілмей шай қалды. Бірінің бөркі түсіп, бірінің өңі кіріп, бірінің жоны шодырайып, қисық ауыз төренің ернінен сілекейі ағып, тылсым тыныштық орнады.

Сайқалдың жұтқыншағына шом орнағандай буынып барып, өлеңдетті:

Жіп айыл, құр құйысқан, киіз терлік,
Япыр-ау, бір соны елді жаңа көрдік.
Жиылған ақсақал мен бозбалалар,
Қалайша бұл Жамбылға жауап бердік, –

деп сағы сынғандай сыздана сөйледі.

Қаптың аузы ашылды. Өлең сөз нөсерлетті. Терлетті, тепсіндірді, өкіндірді. Бұл Жамбыл ұшқыр сұңқар екен, шашасы терлемес тұлпар екен! Енді не істеу керек? Ескі айлы-шарғыдан басқа жол жоқ. Жеңілдім десе Жамбылдың қанжығасында кетеді, бүркіттің тоятына түседі. Жазылмаған дала заңы осы. Жеңгеннің жетегінде жүру ата заң. Мүмкін іштей оған өзі де қарсы емес-ау. Көзі өткір, қанаты кең, тұлға темір Ақиықтың өзі ме дерсің. Бірақ ойық-тілік оған көне қоя ма? Арты жанжал, ағайын арасы ашылып, абырой айрандай төгілгенге не дауа? Не болса да бәдік сөзбен түйреу керек. Иманжүзді екен, қыз сөзіне тұншығып, үндемес... Үндегенде не табар дейсің?

Сайқал қыз домбырасын қатты қақты. Бірі естір, бірі естімес. Нартәуекел!

Ей, Жамбыл, көйлегім көк, дамбалым көк,
Кел дағы, жақсы көрсең к...ді өп.
Өп дегенге бұл Жамбыл өліп кетті,
Анық өпсін, қарап тұр, жиылған көп.

«Жарайсың», «Жамбылың бітті» деп кеуکیلдеген жұрт дастарқанды түре өре түрегелген. Сайқалдың да екі езуі екі құлағында. Көк көйлектің етегін көлбендетіп, көтеріп-көтеріп қоятынын қайтерсің? Осымен айтыс тамам. Жамбылға қараған жұрт жоқ. Енді кешеуілдесең өлгенің, ақындығыңды Талас жеріне көмгенің...



«Ау, жарандар, неге өрекіп тұрсыздар,
Айтар арыным бар, ұрар сойылым бар».

Шу тез басылды. Бұған Жамбыл не дерсің? Жамбыл шекпенін жерге атып ұрды. Сонан соң, домбырасын қағып-қағып жіберді.

Ей, Сайқал, көйлегің көк, дамбалың көк,
Ұяты жоқ қыз сөзі келеді тік.
Бұрын өпсе к...ді ағаң өпсін,
Бір жырыққа бір жырық келеді дөп.

Сайқалдың өлген жері осы еді. Жамбыл қапыда қалмапты. Ағасының жырық ауыз екенін қалай ойламаған.

Ақын қыздың аты өшіп, Жамбыл ақынның жұлдызы жанып бара жатты...

ЖАНАЙ БЕРМЕ КӨШІМДІ...

Жамбыл ақынның тағдырына әсер еткен тағы бір сұлу бар. Ол да өлең сөздің шебері, айтыспен аты шыққан Бөлек қызы. Бұл үлкен айтыс дәрежесіне жетпеген, қыз бен жігіттің сөз қақтығысы. Бұл 1870 жылдардың маусым айының аяғына қарай Іле өзенінің Алтын-Емел жағындағы Жалайыр ағайындардың арасында болған кезде өтеді.

Алтын Емелдегі той-думан бітіп, Жамбыл Суықтөбеге қайтпақшы болып, жолға шығады. Біраз бозбала әр көштің ар жағынан бір, бер жағынан бір шығып әрине, сұлу қыз іздейді. Реті келсе сөз қағыстыру, сөз жарыстыру. Жас жігітке бәрі жарасымды. Әсіресе, Жамбылға. Не құдіреті бар? Әйтеуір қыз-қырқын көрсе Жамбылдың айналасынан шықпайды. Жамбыл да кет әрі емес. Өзіл-қалжыңмен бәрін шыр көбелек айналдырып кетеді.

Шеңгелдіден Қарашоқыға қарай бұрылғанда, тау бөктеріне қарай сәнді көш кетіп барады. Бұл кедей-кепшіктің көші емес. Сұрастыра келе Бөлек деп аталып кеткен Балғалы деген бақуатты адамның көші екенін білді. Аттылы топ желе жортып көшке жақындады. Тоғыз түйе жетелеген қыз отыр құла аттың үстінде. Үстіндегі парша қамзол, дүрия көйлек, күміспен қаптап, алтынмен апталған ер-тұрманы күнге шағылысады.

Жамбыл ентелеп торы шолағын қызға жанай жортып, ерге қисайып отыр. Сұлу көрінді. Қара торының қияқтысы. Жамбыл

үнсiз. Не iстер екен? Ұялып көлiктi көштiң шоғырланғанын тоса ма? Әлде үнсiз кете ме? Қыз тағатын тору әккi жiгiттiң әдiсi. Үнсiздiктi қыз бұзды.

Көк шолақпен тепектеп,
Тор шолақты жетектеп.
Жанай берме көшiмдi,
Түйелерiм шошиды.

Издегенге сұраған. Қыздың тiлi шықты. Күмiс көмей екен. Үнi бұлақ суындай сылдырап шықты. Еркеототайдың өзi ме? Қыз Жiбектiң өзi ме? Баян Сұлу көзi ме? Жамбыл қарап қалсын ба?

Әсем басқан құла атың,
Өзiңдi де ұнаттым.
Жақындағым келедi,
Жақсы көрген жұратым.

Жамбыл жөн сұрасқаннан Бөлектiң Жалайыр тума екенiн бiлген. Шапырашты Жалайырға сонша алыс емес. Алыстан қосылатын ағайын жұрағат деп жақын тарта сөйледi. «Жылы-жылы сөйлесе, жылан iнiнен шығады» деген. Тоят тапса тiптi игi. Қыз жауап катып үлгердi.

Қыз:

Қашан құда болып ең Балғалымен,
Күн өткiзген түрiң бар сандалумен.
Балғалының батасы бұйырмайды,
Қол қусырып келсең де мал-жаныңмен.

Жамбыл:

Жолаушылап келемiн, өзiм жүдеп,
Киiм тозған, сәнiм жоқ, жолға түнеп.
Жылы көрiп жүзiңдi жақындап ем,
Қамытсынып сөйледiң үдеп-үдеп.

Қыз бен жiгiт айтысы басталды десе, жұрт үйме-жүйме болады да қалады. Жамбыл бұның сырын жақсы бiледi. Сөз жақындатады, сөз иландырады, сөз сенiм ұялатады. Қимас көңiлге ұласып, жастар сай табанда сырласып та қалады.

Қыз:

Құла қасқа – бәсiрем кешке мiнген,
Құлақ жұмса атыңды сескендiрген.
Қапелiмде қаларсың күлкi болып,
Кетсең деймiн жарқыным көш шетiнен.



Осы кезде тарпау-тарпау басып, бесті бие мінген күндігі желкілдеген әйел ентелеп келіп еді. Қыздың шешесі екенін Жамбыл жазбай таныды. Қыз шешесінен сойып қаптағандай аумайды екен. Жамбыл өлеңін айтып үлгерді.

Не қылсаң да кетпеймін мен қасыңнан,
Сүйкімді боп барасың алғашқыдан.
Ат тістесе атымды, қуанамын,
Тәңірімнің ісі деп жармастырған.

– Әй, Жамбыл, тоқтат сөзіңді. Көшімнің берекесін алма. Ақынның күні сөзінде, ананың көзі өзінде, еркектің белі кө... де. Қызойнақ жер бұл емес. Ана тоғызынды ал да, жүре бер, айтыспадым деп өкінбе...

Қиналған Жамбыл жері осы. Көш алға, ақын кері кетті.

БҰРАҢДАҒАН БҰРЫМ-АЙ...

... Жайлаудың жұпар шашқан келісті кезі... Бұлақтар сылдырап ағып, қозылар жамырап, құлындар ойнақышып, қыз-бозбала алтыбақан теуіп, сырнайлатып, кернейлетіп жататын саумал кешті. Жамбылдың аты ауызға ілініп, қыздардың көзмайына айналған бозбала шағы болатын.

Той да, думан да, көкпар да осында. Желіде құлын, көшеде қозы... Той десе қу бас домалайды демей ме, қазақ. Суықтөбенің сауыры кең, баурайы ашық. Қыр асып, дөң асып адамдар ағылып келіп жатыр, кетіп жатыр. Мұндайда жігіттің жолы болып жатады. Қыздар келер мың бұралып, шолпылары сылдырлап, тілерсектерін соғып, төстері қамзол ішінде тырсылдап, жігіттің дегбірін қаштыратын сәт осы. Сөйлесіп қалу да, сөз салып қалу да осында.

Жамбыл жарапазан айтып, тай мінген. Көңілі көкте қалқып, көзі оттай жанып, масаттанып тұрған.

Көрмесе көздің несі көз! Бұлқынбаса жүрек неге жүрек! Перінің қызы жалт етті де жоқ болды. Ол Жамбылдың жүрегін қарыды. Тынысы тарылды.

Ол кім? Мойылдай қара көзі шарасына сыймай барады. Жүріп бара жатқан жоқ, жүзіп барады. Қолаң шашы – қос білек. Үкісі кетті желбіреп. Жамбылдың жүрегін дір-дір еткізді бір тілек.

Қыз дегені қалыңдық болып шықты. Бірақ Жамбыл іздегенін тапқандай еді. Есімі Бұрым екен. Бұрым десе Бұрым. Он алтыда ол қырықтың табалдырығын аттаған қаба сақал Төлегеннің

қалыңдығы екен. Алда обал-ай! Әрі Бұрым қара жаяу емес, айтыскер болғаны қандай ғажап! Құдайдың бергені осы. «Не бел кетеді, не белбеу кетеді».

Сен лашын болғанда, мен ақсұңқар,
Бір көріп дидарыңды болдым іңкәр.
Көркің бар көрген адам таң қалғандай,
Шыққандай жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар.

Жасымнан жақсыларды жағаладым,
Алатау, Қаратауды араладым
Қай тұсқа аттың басын тіресем де,
Өзіңнен басқа сұлу таба алмадым.

Жас жүректер ұғысты, қос сезімдер тоғысты. Бұрым Қыдырма қызы теңін тапты. Асау көңіл аласұрды. Ақыры күздеуге түсер кезде Жамбыл нартәуекелге бел байлады. Күнде көзінен, түнде түсінен кетпеген Бұрымды алып қашуға бекінді. Сертке серт, білекке білек, тілекке тілек. Бұрым Жамбылдың етегінен ұстады.

Жамбылдың Бұрымды түсіретін үйі болмады. Жер дауы, жесір дауына қоса қалыңмалы төленген қыздың құны соған тепе-тең, даудың нағыз қарақұйыны болатын. Сондықтан да, Жамбыл Бұрымды Сарыбай болыстың інісі Саржанның үйіне түсірді.

Шапыраштының арасына жік түсті. Заман сұрқы осы. Ғашық болып, алып қашты деген ұғым ол кез ешкімнің ойына кіріп шықпайды. Есік көрді деп те жатпайды. Не қалыңмалын екі-үш есе төлеп, айыбын өтеуі қажет. Бұрымның төркіні Айқым руы, ал айттырған жағы – Шыбыл еді. Екей, Жамбыл сүйекке таңба салды деп екі жақ бірдей атқа қонды. Жапаның аулы сойылды топтың астында қалды. Үй-үйді тінтті. Жамбыл да, Бұрым да ізім-қайым жоқ. Сөз тастың ішінде де жатпайды. Жамбыл Бұрымды Саржанның үйіне түсіргенін ел жеткізді, жел жеткізді.

Сарыбай болыстың аулын шауып алу, ауқатты бай Қыдырманның қолынан қайдан келсін! Көретінді Жапа көрді, еститінді Жапа естіді, жер басып жүрудің өзі қиын болды.

Жапа баласы Тәйтіннің қасына бір топ адам қосып, Сарыбай болысқа жібереді.

– Жамбыл біреудің атастырған қызын алғанша өзіңнің атастырған Момынын алсын, ол Сарыбайдың сөзіне ғана тоқтайды, – деп сәлем айтады.



Сарыбай болыс қамшысын етігіне ұрып, біраз отырды. Қақырынды, жөткірінді. Жамбылда үн жоқ.

– Қайтар біреудің қалындығын, Қыдырманың қызының асты алтын, үсті күміс пе еді? Ағайынның өкпесі енді тарап, бір болыс болып басымыз жаңа құрала бастағанда, буынсыз жерге пышақ салғаның не?

– Бұрымсыз әнім жоқ, үйде сәнім жоқ. Қайтармаймын...

– Қарабасқыр, не оттап отырсың? Бұрымыңның әкесі баукеспе ұры емес пе еді, ымыраға көнбей отыр. Не қан, не жан? Алмаймысың айттырған қалындығыңды.

– Керегеден аттады, біздің жұрттың суын ұрттады. Қайтаратын мал емес қой. Жігіт деп етегімнен ұстамап па еді, Бұрым қыз?!

– Әй, Жамбыл, қыз да, қатын да табылады. Ұнағанын ата. Алып берейін. Бірақ аталаспен жауласуға болмайды. Қалай жер басып жүреміз. Есің бар ер емес пе едің, мына езіліп отырысың не?

Аталы сөзді әсте аттамайды. Ел бақытсыз болғанша ер бақытсыз болсын. Қош, қайран Бұрым, әнім Бұрым, жырым Бұрым...

Жазған құлда жазық бар ма? Жапа үш тоғыз айып төлеп, Бұрымды қайтарды. Аһ ұрып Жамбыл қалды. Өкініші өлгенше өзегін өртеді.

Айырылдым ай жарықта Бұрымымнан,
Азаптың кім құтылған құрығынан.
Жастықтың желігімен жүргенімде,
Келмейтін Сырдың суы жұлығымнан...

Дала дауының катал өз заңы бар. Мұндайда махаббат уәжге жүрмейді. Бұл Жамбыл жүрегінде қалған сұлу сезімнің өкініші еді. Жеңгесі Гүлжанға да махаббаттың кеселінен айыға алмағанын айтады.

Есімнен еш кетпейді қайран Бұрым,
Мүшесі байланбаған ол бір құлын.
Қайтесің өткен істі еске салып,
Гүлжан-ау, белгілі ғой менің сырым.

Алғашқы махаббат деген осы! Кейін Топарда Балуан шолақпен сырласып отырғанда, «Шіркін-ай, судан көтеріп өткенімде Бұрымның ақ балтыры ақ балықтай жарқ ете түсіп еді» деп Ғалиясын әнге қосқан Балуаншолаққа Жамбыл да мұңын шақпап па еді.

Бірінші махаббаттың шоғы сөнбейтіні рас шығар...

АЙКҮМІС, АСЫҚПАУҒА ШАМАМ БАР МА?

Жан жарасын уақыт жазады. Бірақ сызаты қалады. Дегенмен, жастықтың желігі, сезімнің махаббат серігі болады. Жан жарасы жазылар-жазылмас шақ-ты. Сондай кездесу Жамбылдың Айкүміспен арақатынасы еді. Ақтасты Шапыраштының Есқожасынан тараған Мырзабек елінің жаз жайлауы еді. Осында дүркіреп той өтіп жатқан. Жамбыл кіріп келгенде, домбыралы қыз ернін тістеп алыпты. Жиырма жетіге жаңа толған Жамбыл тепсе темір үзетін шақта еді. Аты шыққан, бабы келген, өлеңі өрге сүйреген шақ. Сұлулыққа іңкәр жігітті көргенде, Айкүміс неге мазаланды. Әлде Жамбылды көргенде көзіне шоқ түсті ме?

Айкүмісті көргенде, Жамбылдың жүрегі шым ете түсті. Ай-шайға қарамай домбырасына жармасты. Көп естігеннен, бір көрген артық екен. Айкүмісті атын әкесі қалай тауып қойған. Бұраң белдің өзі. Аппақ. Күмістей жылтырайды. Сәл тәмпіштеу мұрыны демесең тал бойында бір кінәрат жоқ. Маржан тістері аппақ. Салалы саусақтарында күміс жүзік жарасып-ақ тұр.

Жамбыл тіс қаққан ақын. Алыстан арбаламай тіке шабуылға көшті:

Әдейі ат терлетіп келдім тойға,
Айкүміс әуелден-ақ болдың ойда.
Әуірі басылмаған албырт едім,
Асығыс айтқаным кінә қойма.

Бұл ұрыну. Қыз бен жігіттің айтысы. Ашық та қанық сөз. Бұл анайылыққа жатпайды. Айтыстың өз қалпы бар. Мұндайда қыз да қарап қалмайды. Ағайын-туыс та мұндайға түсіністікпен қарайды. Айтыскер қыздың еңсесі биік. Оны ешкім бетінен қақпайды, етегінен тартпайды. Сонда Айкүміс не дейді, сөйлегенде бүй дейді:

Аптығып, ә дегеннен амандаспай,
Әдепті үйренбепсің, Жамбыл, жастай.
Асылға арсыдағы қол жетпей ме,
Ақылмен қимылдасаң аспай-саспай.

Қыз ұқты Жамбылды. Асыққан шайтанның ісі. Бірақ бейнелі сөздің тұспалы қандай? Жамбылдың асығы алшысынан түсті. Айкүміс сөз қадірін біледі. Сырласуға, тұспалдап тілдесуге дайын.

Айкүміс асықпауға шамам бар ма,
Жастық кез ұрындырды талай жарға.



Сен үшін жатсам-тұрсам, арманым көп,
Жем болып кете ме деп жамандарға.

Жамбылдың Айкүмістің барар жерін білгені ғой. «Жаманға қор боп» көк шыбынды үймелетер, «көргенің... ылғи сор боп» деп қыз тағдырына алаңдаушылық білдіреді. Бірақ Айкүміс осал емес екен. Ол да Жамбылдың тағдырына қанық болып шықты.

Жамбыл-ау, күйінесің неге сонша,
Құтқарып қыз біткенді қалған жанша.
Қолдағы қаршығаңнан неге айырылдың,
Тұтқасы дүниенің сенде болса.

Бұрымның зары тағы алдынан шықты. Сөнбеген күйік қайта өртеді. Жеке тағдыр қатыгез заман күйігі екені алға шықты.

Жалғанның сорлысы екен қыз бен жігіт,
Жүрмеген бірге ойнап, бірге күліп.

Бастаған сөзді тастау қиын. Жамбыл енді қиыннан қиыстырып тұспалды қойып, жігіттік назға көшеді.

Ауылым жайлап отыр Ақсеңгірді,
Көз сүзіп сіздің жаққа еңсем құрды.
Қолыма бір ұстасаң түсінерсің,
Томпайған төсіндегі өргендірді.

Міне, эстетикасы жоғары көркемдік. Ашық-шашық жатқан анайы сөз жоқ. Сөз мәдениеті, адам руханияты бар. Өрелі сөздің жауап өрнегі қандай десеңші.

Жамбыл-ау, ұстатпаймын, кінә қойма,
Кетейін қайтып ардан мына тойда.
Жақсы сөз – жан семіртер деген бар ғой,
Әдепті мінездерің жүрсін ойда.

Жамбыл да биік тұғырында қалады. «Атыңды, ақ жүзіңді ұмытпаспын, кеудемнен қашан менің от сөнгенше...»

Айкүміс те Жамбыл тағдырындағы махаббат мұңына ұласқан айсәуле болып қала берді.

БАЛДАЙ ТӘТТИ БАЛУ-АЙ

Ақын жүрек, ғашық жүрек. Жұрт мақтаған жігітті қыз жақтаған. Оның ішінде ағайыны Ораздың Балү атты сұлу келіншегі бар-ды. Сол Балү Жамбылдың көңіліне қаяу түсірді. Ғашық болды. Есілдерті ауды. Көңілі алмай тынғысы келмейді.

Ораз марқұм қайтыс болғалы Балү екіұдай оттың астында қалды. Алам деген Жамбыл бар, әмеңгерімнен айырылмаймын деген Ожан қайнысы бар.

Балү тілегі Жамбылда. Дала заңы Ожанда. Ағайынның игі-жақсылары Ожан жағында. Не істеу керек?

Жамбыл ақында Жамбыл ақыл бар емес пе? Ағайынның арасына іріткі салма! Жауластырма! Жол Ожандікі. Өз жесірі. Бір-біріне тимесін кесірі. Ожан алады, басқа ағайынға ауады.

Мұндай шешім – кесімді шешім! Ер – елдікі, әйел – жеңдікі.

Сынық көңіл Жамбыл қалды, жылай-жылай Балү кетті. Өмір-ай!..

ҮКІЛІ КӘМШАТ...

Отызында жігіт орда бұзуы керек екен. Осыны ойлағанда Жамбылдың ұйқысы шайдай ашылады. Мал да біткен. Баста бақ та бар. Бірақ ақын үйде отыра алмайды. Қазыққа байланған ат бір жерде жүре берсе айналма болады.

Шу бойы ну. Жамбыл дүр дүние үстінен шықты. Күнде ойын, күнде той. Қалың күз түссе де, Шу бойы қыстауға асықпайды. Әбден қар тобықтан келгенде ғана жылжиды. Семірген малды кумай, жай жүріп жазыққа түседі.

Жамбыл жүрегі жарылып кете жаздады. Кәмшат сұлу не сөзге, не топ шеңгелге келмейді. Керім байдың Кәмшаты үкілі кербездің өзі екен. Менсінбеді ме? Күнтудың қыздары қырын қарады. Бұл Жамбылдың жанын ауыртты. Ғашық болып қалу деген осы. Қалың беріп айттыруға шама жоқ. Бұл отыз күн ойын, қырық күн тойын жасайтын Керімнің қызы.

Күйінген, сүйінген Жамбыл ата-баба жоралғысын жасады. Кәмшаттай қыздың атын жырға қосты.

Кермиық Кәмшат қыздың көрдім көркін,

Қондырған шекесіне құндыз бөркін.

Секілді Алтай түлкі сылаң қағып,

Шеніне келтірмейді-ау, емін-еркін.

Қырандай қияннан ілер едім,

Қырқада қызыл жүрсін бұрса бетін.

Шаң жұқпас шашасына саңлақ едім,

Сан жерде шаршы төске самғап едім.



Жұртшыдай жұрт торымай, алысқа ұшып,
Алатын тотымды таңдап едім.
Айдынның ақ шортанын жібермейтін,
Жасымнан жаза баспас қармақ едім...

Жамбыл ақын Күнту елінен осылай өкіне кетеді. «Болғанмен сыртым қораш, ішім сұлу», «Солмай ма көктемдегі әдемі гүл» деп қимай-қимай елге жиналады. Осы жерде Кәмшаттың атастырған күйеуі бар екенін, оның ұрын келіп жатқанын естиді. Қарымбай деген жұртқа жақпаған сараң біреу екен. Соны естіген Жамбыл Кәмшатқа өлең арнайды. Іштегі өкінішін басады.

Сыртың бір сұлу жан екен,
Сыпайы көзге көрінген.
Сыр мінезің бар екен,
Сөйлеуге ерінген.
Қамқа қамзол киініп,
Қас-қабағың керілген.
Қарапайым адамнан,
Қамытсынып жерінген.
Жұбайыңды есіттім,
Таңдап тапқан еліңнен
Өзі сараң, тарыншақ,
Қас Қарымбай делінген...

Жамбыл ақынның жүрегінде тағы бір асыл бейне өлеңге қосылып, бұл дағы көрген түстей ғайып болды. Жамбыл ұнатқан бір қыздың аты тарихта қалды...

АППАҚ СҮТТЕЙ, АДАМНЫҢ АҚҰЫНДАЙ...

...Бұрымнан айырылып, жаны қайғырып жүрсе де ақын сұлу қызды көргенде, бүркіттей бүріп қалады екен. Сезім мен өлең астасып, шабытына шабыт қосылып, өмір-дәуреннің өз дегені болып жатады.

Әр ақынның өз жыры болғанымен, тағдырлас болса, бір-бірін тіпті айтпай түсінеді. Сүйекеннен хабар келгенде, Жамбыл бір жерде пайыз тауып отыра алмады. Өйткені пір тұтқан ақыны айтысқа емес, сонау Жолбарыстыға бармақшы. Қыс ішінде қара суыққа қарамай Жолбарысты жонына бару оңай деймісің? Бірақ қансонарда шыққан аңшыдай, Жамбыл бұл хабар жетісімен жолға

қамданды. Ішігін орап, қанжығаға байлады. Атқа отыруға жеңіл болсын деп қапсырма шекпен киді. Етігін жылқы қазысымен майлап, пеш түбіне қойды. Сонан соң ысқылап майды теріге әбден сіңірді. Бөрікті қойып, мойнын жауып тұратын түлкі тұмақты ыңғайлады. Осылай ақпанның ысқырық желіне қарамай желе жүріп Сүйекеңе жетті. Онда Сүйінбай ақын Қастек таудың баурайында отыр еді. Адуынды Қастек өзенінің қалың мұзы шытынай бастаған екен. Мөп-мөлдір сулар моншақ секілді су астында жылт-жылт етеді. Бұрымның мойнындағы аппақ моншақтар сияқты... Отыздың ортасын ойған Жамбыл ақын көңілі осылай бұзылып еді. Бірақ не шара? Өмір – ағыс. Өмір – өзен. Өмір – сезім.

Жамбыл, «ассал-ау» деп табалдырығын аттағанда-ақ, Сүйекеңнің өзі емес, өлеңі сөйледі:

...Топырақ қанға піскендей,
Жан алқымнан қысқандай.
Ат бауырынан қан ағып,
Тұяғына тиген тас.
Аспанға шоқ боп ұшқандай,
Ноғайдан шыққан Жабайды
Бес мың кісі қамайды.
Жабай алды найзаны,
Істеді талай айланы.
Суырды алмас қылышты,
Бес мың топты жауменен,
Жабай жалғыз ұрысты...

Сонан соң ар жағын сен айтып жіберші, – деді.

Жамбыл мұндайға дайын. Сүйекең толғауын толғап жатқанда, өзі де іштен қайталап тұрған. Талай сынды көрген Жамбыл емес пе? Сүйекеңнің бүкіл жырын жатқа айтады. Сөз өлмейді. Сөз осылай ұрпаққа жетеді.

... «Жалғыздың жары құдай» деп,
Батыр Жабай заулады.
Қолында бар көк серек,
Дұшпанда бар зеңбірек.
Бұрынғы қырғын сияқты,
Басқа жанға не керек?!
Таудың басы тұман-ды,
Жусанды жер шыманды.



Не боларын білмеді,
Ердің көңілі күмәнді.
Соққандай етті борасын,
Қызыл қанға толтырды,
Екі көше арасын...

– Болды, болды, арысым, Жабайдан туған барысым, – деп Сүйінбай Жамбылды қапсыра құшақтады.

Бөрілі байрақ астында,
Бөгеліп қалған жан емен!
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен!

Сүйекең өлеңінің осы бір тұсына келгенде, Жамбылдың жан дүниесі толқып еді. Нағыз рух шақыратын тарихты түгендейтін, тарихты қаузайттын алмас сөз.

Ұстаз бен шәкірт көптен бері бір жүрмеген. Кездеспегендері көрініп тұр. Қыстың көзі қырауда кім жолаушылай береді. Бұл шақырыстың не сыры бар?

Жамбыл көсіле жырлады. Көроғлыны біраз жерге апарып тастады. Қаумалаған жұрт қара қою қараңғы болса да тарқар емес. Әйтеуір сығырайған білте шамның жарығы ұзақ тұрды. Тек төсек салынып, жатар алдында ғана Сүйекең:

– Момын келін қалай? Кішкентайларың өсіп жатыр ма? – деді.

– Өсіп жатыр. Келініңіз қарап қалған жоқ. Қайынағаға деп бір қарын сарымай беріп жіберген. Құрт-ірімшігі де болса керек. Бәйбішенің қолына ұстатқам.

– Бопты, Жамбыл. Өскен жердің қызы ғой. Шаңырағың керілер, қарабөрілер көбейер. Момынның ақысын құдай жемейді...

Сүйекеңнің сөзін Жамбыл асықпай бағып отыр. «Неге шақырдыңыз?» деп сұрау да әбестік. Ұстазы, ағасы болған соң шақырады да... Жолаушыға серік керек.

– Күн сына жолға шығамыз. Сен менің Кескен кекіл деген қызбен айтысып қалғанымды білуші ме едің?

– Білгенде қандай? Кескен кекіліңіз – Кескенжал емес пе еді? Төлеміс тұқымы.

– Дәл өзі. Ол бір арман, ол бір дәурен еді...

– Бұрыннан сертіңіз бар секілді. Кескенжал жадыңыздан неге шықпайды?..

– Бұрымның күйігін сен ұмыта алдың ба, Жамбылжан?

– Қайдан, Сүйеке! Күйіктің орны жүрегімде түйетабан мөр болып басылып тұр.

– Солай... Сұлуды көп құшқанмен шөлің қанбайды, шөліңді қандыратын қасиетті әйел ғой...

– Кетік кесе ернінді, серттен кеткен қыз жүрегінді жаралайды...

– Дұрыс айтасың, Жамбылжан. Кескенжал десе, Кескенжал еді. Қалың қара шашы тізе соғатын. Шолпысы сылдырлап өткенде есің ауады. Жүрісі қандай еді! Жүрмейді – жүзеді. Бірақ менің де қолымды жоқшылық тұсады. Соған қарамастан кінәні өзіне аударғым келгенін қайтерсің.

Кескенжал кекіліңді кестің неге?

Кескеннен пайда көрмес сендей неме.

Айтысқан қол, алысқан сөз бар еді,

Бекер-ақ алданыппын, әттегене!

– Ала алмайтыныңызды білген соң, кеткен ғой ұзатылып. Бірақ ақындығы да осал емес екен. Тұспал сөзіңізге тұсау сөз айтыпты ғой:

Сүйінбай, жақсы айтасың, қызыл ине –

Ойнаған қыз күнімде қызыл дүние.

Ештеңе алып, ештеңе бермегенмен,

Келіп кетіп жүрерсің біздің үйге.

Киіз үйдің екі шетінде екі ақын ары аударылып, бері аударылып, ұзақ дөңбекшіп жатты.

... Жолбарыстыға жай қонақ емес, Сүйекең сәлем салғалы барған екен. Кескен кекілдің шешесі әу баста қызының Сүйінбайға барғанын қалап, ақ батасын берген. Бірақ ерінен аса алмай, жылай-жылай қызын ақ босағаға енгізген. Бұл Сүйінбай ақынға ерекше әсер етеді. Қыз шешесін анасындай көріп, жылына бір рет сәлем беріп тұрады. Осы жолда қасына Жамбылды ерітпек. Сондықтан, екі ақын күн көтерілісімен ауылдан шығып, қас қарая Жолбарыстыға жеткен.

Кескен кекілдің шешесі Сүйінбайға келгенде «балам келді» деп, мәре-сәре болып, ағайын-туысты, әнші қыз-бозбаланы жинап, тойдастарқан жібереді. Бұл жолы да солай болды. Соғымның семіз сүбелері мен қазы-қартасы салынып, қазанды от жалай бастады. Іші пысқан қыз-бозбала үшін бұл ерте келген көктемдей болды. Небір күлкі, небір сәнді қыз-қырқын.



Шайды кербез келіншек құйды. Бүрмелі көйлегі мен аппақ саусақтары көрініп, сұлу күлкісімен бірден Жамбылды баурап алды. Әйтеуір шайды сораптап отыр.

– Аманжолдың қызының қатығы тиген бе, Жамбыл?

Бұл Кескен кекілдің шешесінің майда үні еді.

– Өзі де сұлу, көзі де сұлу, саусағынан бал тамып отыр. Алыс емес, өзіміздің айқымның қызы екен...

– Айқымның қызы еркектің сыны. Төмен етекте болып, итқұса боп жүр. Ері-тері соған күйінеді.

Осы бір кездесу соңы көңілге көп ой салды. Қыздың тамырын басты. Жамбыл жанына шипа тапқандай болды.

Шыбыл деген елім еді,

Суықтөбе жерім еді.

Тұла бойым керігеді.

Келіншек бота көздерін сүзіп, ер Жамбылдан сөз күтеді.

Жамбыл ертесіне Сүйекеңмен кері қайтты. Қопа бойында көзінің қарашығындай бір асыл зат қалып бара жатты.

...Көктем ерте келді. Қыр қызғалдаққа толды. Көктеу гүл-бәйшешекке оранды. Жамбыл Қопада қалған сұлу келіншекке берген уәдесін әлсін-әлсін еске алып қояды. Издегенге сұраған дегендей Қопа бойындағы қалың Шыбыл Қопа құмын тастап Төңірек, Құршын атты жаз жайлауларына келді.

Жамбыл әлдебір ән әуенін ыңылдап жүр. Момын өз күйбеңімен күйеуінің осы бір мінезіне көндігіп те алған. Киімі жуулы, тамағы істеулі, балалары балпанақтай күтімді. Енді Жамбылға не жетпейді? Осыны түсіне алмай алай-дүлей көңілде отыр.

«Екейдің еркегі дәрі, жүрегі әрі-сәрі». Осыны айтпақшы болып ерні жыбырлай бастап еді, ол сөзді Жамбыл айтқызбай-ақ өзі жалғастырып жібермесі бар ма?

– Бәйбіше, – деді Жамбыл, – бір өзің күйбің-күйбің етесің де жүресің, шаршап, шалдығасың. Бізге бір тоқал керек-ау, шамасы.

Жамбылдың сөзі біртүрлі шықты. Ойнап тұрғаны ма, әлде шыны сол ма... Бірақ еркектің көңілі ауса бір пәленің болғаны. Қыстай қыр аспаған Жамбылға қайдан шыға келген тоқал. Сынап көргісі келген болар. Жамбыл қатынының үстіне кімнің қатын болғысы келеді? Байы өліп, бейбақ болған біреу болмаса?

– Алсаң ал, екеулеп құрт қайнатып, май шайқаймыз. Бірақ екі күн берем. Әкелсең әкелдің, әкелмесең әдірем кетесің...

Жамбылдың аты Жамбыл. Әйелдің аузынан сөз шықты. Сол түн кетті де, ертесіне Аманжолдың сұлу қызын байының қойнынан суырып алып, қашты да кетті. Шу шығармай досы Алпысбай диірменшінің үйіне түсірді. Не де болса шу басылсын. Бір секем алатындары әрине, Жамбыл. Бірақ ол түк болмағандай үйінде жүр.

Күндіз үйінде, түнде жас келіншектің қойнында Жамбыл алаңсыз бірнеше күн өткізді. Бірақ Жамбылдан басқа кім Аманжолдың қызын алып қашуы мүмкін? Айқым, Шыбыл атқа қонды. Аңдыған алмай қоймайды. Күртібай мен Айдапкел Айқым-Шыбылдың атқамінерлері еді. «Алтын көрсе періште жолдан таяды». Жоңышқа суарам деп Жамбылдың түнде үйде қонбайтынын біліп алған соң, істің мәнісі белгілі болды. Жамбыл қолға түсті. Бірақ Жамбыл ақын келіншекті кері қайтаруға бермеді. Ал келіншектің күйеуі талақ тастауға көнбеді. Айқым, Шыбыл, Екей арасы дауға айналып, үш жақ та айыл-тұрманын тартып тұрған. Ақыры сөз пірі ақын Сүйінбай келді.

– Былтыр біліп ем, көзіндегі қызыл жолбарыстың отын. Байы бар қатынды алып қашу әдетке жат. Ағайынды үшеуіміз көз көрмес, құлақ естімеске кетпесек, мына Суықтөбеде қалай жер басып жүреміз? Тояттаған бүркіт құсады, сонан соң қайта ұшады. Қайтар...

Сүйінбай сөзіне кім қарсы тұрмақ? Әрі Аманжолдың қызы есті сөз айтты.

– Байым ер болғанмен сері емес-ті. Құзғын құстай құсығынды жей берер. Сен сөзінде тұрдың ақын Жамбыл, еркек екенсің, – деп күйеуіне барды да, жетектеп жөніне кетті.

«Аппақ сүттей, адамның аққуындай» болған Аманжолдың қызы көзден ғайып болғанша, Жамбыл ноқаттан көзін алмай ұзақ қарап тұрды.

Аспанда ай туып, жұлдыздар жанды...

ӨЗ ҚҰНЫН ӨЗІ АЛЫП КЕТКЕН

Ақын өмірдің өзінен оқиды. Халықтың тарихын жүрекке тоқиды. Халықтың жоғын жоқтап, мұңын мұндайды. Ақын сол кездегі өмір шындығының шырақшысы деңгейіне жетсе ғана, ел құрметіне бөленеді. Ел ішіне келген игі-жақсыларды қарсы алып, халық жағдайымен таныстырады. Жамбылдың сондай азаматтық,



адамдық биігі атақты Кенесары ханның баласы Сыздық сұлтанмен кездесуі еді.

Бұл кезде Жамбыл ат жалын тартып, дуалы сөзіне жұрт тоқтаған кемел шақта еді. Орда бұзатын отыздың дер шағы.

Дүние бұрандаған бір қисық жол. Қазақтың басын қосып, орысқа бодан болмау үшін Кенесары жан алысып, жан берісті. Сол жолда мерт болды. Қырғызды шауып, топқа қосқысы келіп еді. Бірақ тәңірдің жазуы болады. Кекіліксайда қапыда қолға түсіп, мерт болды.

Сыздық сұлтан да әке жолын қуып, біраз жыл қаһарлы Ресеймен шайқасты. Амал не? Шиті мылтық пен қылыш, найза, зеңбірекке, арнайы әскери жасаққа қалай төтеп берсін. Ақыры жансауғалап, орыспен мәмілеге келіп, соғысты қойды. Тоз-тоз болып кеткен ағайындарының біразы Сыр бойын сағалап кеткен. Ақмешітте біраз жыл тұрып, жан жарасы жазылғандай болған. Бірақ жүрекке шемен боп қатқан өкініш бар. Соның өтемі қажет. Әке өлген жерге барып дұға жасап, құран бағыштау. Ас беру. Осы ойлармен 1876 жылдың жазында Сыздық сұлтан Жетісу жеріне ілініп еді.

Адамнан сөз жүйрік. Сыздық сұлтан келе жатыр деген ұзынқұлақтан сөз Шудан асып, Суықтөбе баурайында отырған елге жеткен. Не істеу керек? Хан Кененің баласы Сыздық сұлтан аты Жетісу қазақтарына әбден таныс. Алдынан шығып ағайындық көрсетпесе несі қазақ? Атадан қалған жол бар. Шапырашты, Дулаттың игі жақсылары жиналып, жол бойы үй тіктіріп, қымыз байлатып, әнші-жыршыларды жинап құрмет көрсетеді. Сол топтың ішінде Жамбыл да бар еді.

Сыздық сұлтан ұлы жүз қазақтарының мынау кең қолтық құрметіне әбден разы. Әсіресе, Қордайдан Ноғайбай, Басбатырдан Сарыбай би тосып алып, құрмет көрсеткеніндегі ілтипат қандай?! Ноғайбай да, Сарыбай да орыс патшасынан оқалы шапан киіп, әскери шен алып, алмас қылыш асынған ел ағалары еді.

Күнде ойын, күнде той болып, Сыздық думанды күндерді өткізіп жатқан. Бір топ шабарман қырғыз манабы Жантайұлы Шабданға келіп, хабар жеткізді.

Ел іші тыншып, қырғыз-қазақ қайтадан құдандалы болып, сірне жеп, көкпар тартып жүрген. Мұның арты не болар екен? Сыздық сұлтан күн сұрай келді ме, әлде жаналысуға келді ме?

Осылай қырғыз жағы шала бүлінді де қалды.

Сыздық сұлтанға әсіресе жанары жанған, сөзі кесек Жамбыл ақынның амандасуы ерекше ұнады.

Сәлем бердім, алдияр,
Орын бердің қасыңнан.
Сен бір қалған көз едің,
Кенесары асылдан.

Жұрт жамырап, «Жарайсың, Жамбыл» деп жатты. Жамбыл да арыны басылмаған тұлпардай тоқтар емес.

Сыздық атың жайылды,
Бұл өңірге жасыңнан.
Айбатынды көргенде,
Дұшпандарың бас ұрған.

Даңқынды естіп жүруші ем,
Шар-тарапқа шашылған.
Ақ жүзінді көрген ел,
Енді мауқы басылған.

- Әй, мына Жамбыл тауып айтты.
- Жан тұқымы асылдан, сөз асырмас басынан.
- Қара халық үшін сұлтан ақ жүзді болса жарасып-ақ тұр...

Сыздық төренің күн соқты болып, қарақошқылданып отырған кезі еді. Бірақ орынды теңеуге не дерсің. Жүзі жылып, өңі кіріп отыр. Жақсы сөз жанына жағып отыр.

Ауылға жүр, қонақ бол,
Атан алып, ат мініп.
Ағайынға беріп қол,
Аттанарсың, Сыдыке,
Ата жолы деген сол!

Сыздық сұлтан Жамбыл ақынның сөзіне де, өзіне де, көзіне де риза. Отты көзі болмаса, отты сөзі бола ма? «Атаңыздың аруағын, сыйлайды екен бір тайпа ел» деп жүрек ауыртпай, Кенесары мен Наурызбайдың хақ өлімін қалай жеткізді.

– Мен кеткенше қасымда жүр. Қырғызға да бірге барамыз, – деп Сыздық сұлтан күміс шақшасын Жамбылдың қолына ұстатты.

Хан Кененің өзі өлгенмен рухы өлмеген екен. Бұл күндерде әңгіме айналып келіп, Кенесары мен Наурызбай батырдың ерлігі, елі ішіндегі алауыздық, ағайындардың арасындағы жауыздық туралы да әңгіме айтылып жатты.



Қырғыз асатын күн де жетті. Ылғи жарак ат мінген би-шешендер, ақын, сал-серілер тобы Қастек асуынан өтіп, қырғыз жаққа түс ауа жеткен.

Қырғыз-қазаққа аты мәлім Шабдан манап Сыздық төрені «ой, бауырымдап» қарсы алды. Көңіл айтты. Алмағайып заманның айдаһар жұтқан күндеріне нәлет айтты.

Ақбозат сойды, Ақбоз үй тікті. Иығына жанат шапан жапты.

– Сыздық сұлтан, біз ұлтан. Көшкін дүниенің көріксіз күні құрысын, қырғыз-қазақтың құны сұраусыз кеткен ғұрпы құрысын. Ат-тон айыбын төлеуге қырғыз ағайының дайын. Кенесарының басын шапқан қылыш, сол сарбаздың өзінің де мойнын үзген. Не айтасың?

– Ол бір өткен ірі адамның жорығы, – деді Сыздық сұлтан. – Өзі бастады, өзі істеді, өзі аяқтады. Қырғыз өлтірмелік дегенде, әкем тізе бүккен тірлікті керек қылған жоқ. Ерлікпен өлген әкемнің аруағын жасытып, кек қуып, құн алам ба, оны не қылам?! Менің әкеме қандай құн төлеуге болады. Ол өз құнын өзі алып кеткен...

Әкемнің сүйегін бер, аталарына қосайын, алтын жүзігін бер, қолыма салайын, сарқасқа ерін бер – астыма мінейін, бұйымтайым осы-ақ, – деп Сыздық сұлтан бедерлі сөз айтады.

Сарыбағыш уәлі сөзді ушықтырудың қажеті жоқ екенін түйсініп отыр. Енді қырғыз-қазақ бүлінсе, дәу бүліктің басталатыны анық еді. Сондықтан да бейіті ұмытылғанын айтып, ері мен жүзігін бергізді.

Әкенің көзге ыстық ері Сыздық сұлтанның көзіне оттай басылды. Ұзақ сипап тұрды. Әке қолының жылуын сезіне ме?

Кенет Сыздық сұлтан қынаптан қанжарын суырып алды. Суық қару күнге жарқ ете түсті. Қырғыз-қазақ найзасы мен қылышын көтерді. Бірақ Сыздық сұлтан ердің басын ырғап-ырғап ортасынан қақ бөлді. Сонан соң тілік-тілік алтынды алып қоржынына салды.

Қырғыз да, қазақ та мұның не деп айта алмайтын. Өйткені Сыздық сұлтан өз әкесінің мұрасын иемденіп отыр. «Бұйырған нәрсе ғой» деп Сыздық сұлтан бір аманатты орындаған.

Бұл Жамбылға ерекше әсер етті.

«Он бір жыра» деген жер,

Оны да айтты ағайын.

Іштен шыққан қайғы-шер.

Атаның не арманы,

Іздеп келіп артынан,
Бата қылса Сіздей ер, –
деп өлеңмен Сыздық сұлтанның мәртебесін өсіріп, мадақ жыр айтты.

Жамбыл Сыздық төрені өлеңге қоса отырып, Кенесары-Наурызбайды ұлт айбыны ретінде жырлады.

Сен бір қалған көз едің,
Кенесары асылдан.
Айбатынды көргенде,
Дұшпандарың бас ұрған.
Ақ жүзіңді көрген соң,
Енді мауқым басылған.

Міне, бұл жыр ғана емес, тарихи дерек те. Сондықтан да, Жамбыл өлеңдері ол өзі өмір сүрген дәуірдің, заманның тарихи деректері ретінде де қымбат.

Ілікке бүлік іздемей Сыздық төре елді табыстырып жіберді. Ақсарбас сойылып, құран оқылып Сыздық төре бабалары алдына бас иіп кетті.

– Қазақ батырларға кенде емес. Өз елінің де аты шыққан алмас қылыш ұлдары бар емес пе? Соларды жырла, сол атыңды шығарады, өлтірмейтін өлеңің қалады. Өткір сөзің, ұтқыр ойың болса, сол байлық, – деп еді Сыздық төре Жамбылға риза көңілмен.


Сыздық төре аузынан шыққан бұл сөз Жамбылдың жанына жақты. Енді Жамбыл өлтірмейтін сөз, қазақтың ұлтарактай жері үшін жан берген батырларды жырлайды.

Сыздық төре Жамбылға, Жамбыл Сыздық төреге ұзақ қарап тұрды... Екі ай екі-ақ күндей көрінді. Жамбылдың жүрегін Сұраншы, Саурық, Өтеген батырлардың ерліктері туралы дастан жырлары толқытып тұрды.

Бұл Жамбылдың көзден де, көңілден де кетпейтін күндері еді...

ЖАМБЫЛ ҚАЛАЙ ЖЕТІСУДЫҢ БІРІНШІ АҚЫНЫ АТАНДЫ?

1881 жылы Жамбыл ауыздығымен алысқан тұлпардай кемел шаққа жеткен. Орда бұзған отызды артқа тастап Жамбыл есімі етектегі Қопадан төбедегі Суықтөбеге, Іледен асып Шуға кеткен. Ол тықыршыған тұлпардай бір жерде отыра алмай, іздейтіні сауық болды. Ал сауық болған жерде айтыс болады. Айтыс болған жерде табыс пен атақ бар.



Жамбыл Талғар, Түрген бойындағы ағайындарға жиі келетін. Бұл бақуатты ел, өскен өлке. Шөбі шүйгін, суы мол, даласы кең. Қалың ағайын Албан-Дулат пен Шапырашты.

Осында ағайыншылап келіп ауыл жағалап жүргенде, албан ағайындар үлкен той жасайтын болыпты. Шәрипа деген қыз. Әкесі мыңғырған малы бар байлардың бірі.

Бұл сөз Жамбылдың құлағына тиісімен мазасы кетті. Аздаған қой-ешкіні алдына салып, екі қона ауылға жетті.

Екі-үш күн домбырасын тартып, албан, дулат, суан тарихына қатысты деректерді ойға жинақтады. Бас көтерер болыс-билері, ақындары мен шешендері, батырларын ойға жүгіртті. Әшейінде бір жүретін Бәйдібек баба балалары айтыста бөлініп шыға келеді. Бұл айтыс заңы. Бірақ оны кек сақтамайды. Жеңді. Алды. Кетті. Онан кейін бір-бірін «ой, бауырымдап» іздеп жүреді. Сондықтан да, айтыскер ақындардың беделі де, салмағы да әнші ақындардан көш жоғары. Бұл айналып келгенде, бүгінгі парламенттің депутаттық сауалдарына ұқсас қоғамдық ойдың жаршысы. М.Әуезов айтқандай «дене қартаяды, ақындық қартаймайды». Айтыс жас та талғамайды. Мұндай кезде бәрі жас жағынан теңеседі. Бірақ, әдетте, әдептен аспайды.

Асы жайлауы Ой жайлау емес, ай жайлау. Жұлдыз да, ай да төбеңе құлап тұрады. Бұл жайлау күллі ұлы жүз ағайын үшін ортақ. Той да, қызық та, көкпар да осында. Тау асып қырғыздар да келе қалады.

Албан тойы есте қалу үшін не істеу керек? Міне, осыған бола Шәрипаның әкесі жан-жаққа хабар салған. «Отыз күн ойын, қырық күн той» деген осы. Алды он күн, арты үш күн болатын той. Оның әдет-ғұрыптары қаншама?!

Бұл тойға әрине Құланаян Құлмамбет келеді. Әзірше Жетісудың бас ақынын иеленіп жүрген сол. Оның қарым-қауқарын Шәбден манапқа барғанда көрген. Адуынды. Бір жағы үзеңгі жолдастығы бар, екінші жағынан ұстаздығы бар. Түбекпен, Жанақпен, Бақтыбаймен, Майкөтпен, Тезек төремен айтысқан. Сүйінбаймен де сөз қағысқаны бар.

Құласаң нардан құла. Осы жолы Жамбыл алла бұйыртса Құланаянның шабын құлатып тынады. Не өзінің сағы сынады. Нартәуекел!

Асы жайлауы пейіштің төрі. Алты, он екі, он алты қанат үйлер

тігіліпті. Құлмамбет алты қанат ақ боз үйде қалың текеметтің үстіндегі құрақ көрпенің үстінде отыр. Анау-мынау адамға қарамайды. Бұл ақындық сес. Жамбылға да жақтырмай қарады. Мысын басқысы келеді. Мысқылдап күлгені жанға батады.

Талай ақын жолда қалды. Мәреде бір-бірінен сескенген, бір-біріне қасқырша атылғалы екі түз тағысы отыр. Бір-бірін аямасы белгілі.

«Аға бордан, іні жолдан» бола ма? Әлде той иесінің толағайын айтып Құлмамбет шыға ма? Бәрі сілтідей тына қалған. Қымызға бөртіп Құлмамбет, домбыраға сыйынып Жамбыл отыр. Бірі – төрде, бірі – етекте. Құланаян Құлмамбет жолбарыс жүрек Жамбылды көрмеген болады.

Құланаян Құлмамбет айтысты бастап жіберді:

... Құланаян Құлмамбет менің атым,
Сайрайдағы кеудемдегі жазған хатым.
Албан, Дулат жиылып бата берді,
Құлақ салып ұға бер жамағатым.
...Қара күңнің баласы Ысты батыр,
Кім өлсе соған түсер заман ақыр.
Жамбыл деген бар дейді бір немесі,
Ақын болса, ол неме, қайда жатыр?

Құлмамбет үшін айтысқа кіру алдындағы ет қыздыру.

Құдайберген Жамбылға барып, қолтығынан демеді. Қарқарадан келген ағаға амандасу керек емес пе? Тоғыз ақын тақиясына тар келіп отырса, Құлмамбет не дерсің? Жамбыл төрге келіп отырды. Дәл сол жағынан:

Ізденіп келіп тұрмын Қарқарадан,
Аузыңда сәлемің мен аманың жоқ.
Үлгісіз көргенім жоқ сендей надан.
...Шапырашты, сөйлесең жаманың жоқ
Туу десең бәрің жүйрік шабаның жоқ.
Майтөбе, Құлансазда өлеңдетіп,
Баяғыдай гулеген заманың жоқ.
Үндемей кіріп келдің тайпаң қара
Өзің қандай, мен қандай байқап қара.
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ,
Не басыңа күн туды тозақ қара...

Жамбыл Құлмамбеттің талма жерін іздеп отыр. Сөз ауанына



қарағанда Албан-Дулаттың көптігі мен байлығын айтып мадақтауға көшетін тәрізді. Сүйінбайдың Қатағанды жеңген жолы, бұл жолға гәп емес. Онда ел мен ел беттескен. Ал мынау Арқадан ауып келген Құланаян сол көптіктің артында тұзақ тұрғанын аңдамайды. Аңдамайтын да себебі бар. Айтыс Құдайбергеннің қызығы емес, ежелгі аға баласы мен тоқал баласы арасындағы ежелгі әңгіме. Бірін-бірі мұқату мен кекету. Сәрсембайды, Майлыбайды, Бектембайды, Нұрақанды атайды, Шойбек қара, Қарабай, Сатыбалды, Қанай, Тілеуқабыл, Үсенбай, молла Сәтім, Сегізбек, Ормақай, Ысмайыл қажы, Мәңке болыстың байлықтарын айтып, күш көрсетпек. Оған қоса Ноғайбай би, Малдыбай, албан Әжібайды айтып таразы басын өзіне аудармақ. Құланаян Құлмамбеттің айтқаны шын еді. Олардың барлығы да қалың Дулаттың белгілі би-бектері, байлары болатын. «Әйтеуір, біреуімізден төгілді айран» деп Жамбылдың абыройы сөгілетінін меңзеп отыр.

Жамбыл енді Құлмамбеттің желкесін қиятын жолды біледі. Мақтаған байларының мал-мүлкі, дүниесі қайдан келді. Ақынның делебесі қозып отыр. Құлмамбет Жамбыл сөзін тосып отыр.

...Шу десе жүйрік озар мына жолдан,
«Демей көр, ескі әруақ» алып қолдан.
Қарасай дем бере гөр, менің бабам,
Сілтейін будақтатып оң мен солдан.
...Қарасайлап қосылсам бір бүйірден,
Ақырында кетерсің басы аманға.

Жамбыл ерлігі ерлігіне, байлығы байлығына дөп келетінін айтып, сөз басын қайырады.

Құлмамбет ерлігіне ерлігім, байлығыңа байлығым дөп деген сөзді ұстап алды да, Дулаттың байлығын айтып, шапыраштыны кейдейсінеді.

Тұра тұр, тағы айтайын көптігімді,
Көптікті айтсам, үземін шеттігімді.
Шапырашты күйіңмен байлық айтып,
Айыл-жіппен тартып кел көптігіңді.

Сөзді сөз, ойды ой қозғайды. Асыл мен Шыбылдың да атақ-даңқы жетіп жатыр. Дулаттан алып Қаба ұрпағын да өзіне теліп алған не сасқаны? Сол сөз бе? Сөз деп мынаны айт:

Адамдықты айт, ерлікті айт,
Ел бірлігін сақтаған батырлықты айт.

Қарымбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап, әуре болмай, жөніңе қайт!

Құлмамбет тағы да қорадағы қойды, желідегі құлынды, жамбы артқан он түйені айтып, Албан-Дулаттың мал-мүлкін санамалап жатыр.

Қалың Албан-Дулат дүр-дүр көтеріліп, Құланаянды қолдап жатыр.

Ол кезде айтыстың өзіндік тағы бір сыры бар-ды. Бір рудың ақыны басқа бір рудың атынан айтысқа түсе береді. Әу баста, Құлмамбеттің албан, дулаттың жақсыларынан бата алдым деуі содан. Содан ол Өтеген батырды, баяғы санамалаған ақындарын қайта жырға қосады.

Енді Жамбыл сөзді қиядан салды. Сыпатайдың дәулетін, Медеубайдың сәулетін айтып, шапырашты мекенін түгендеп өтеді. Сонан соң:

Алатауды бөктерлеп,
Бұдан да сырғып өтейік.
Қалай айтсаң, олай айт,
Құлмамбет саған төтейін.
Бұдан шығып аяндап,
Қастекке барып жетейік.
Ол Қастекті жерлеген,
Көңілі көкке өрлеген,
Сұраншы, Саурық батырым.

Онан соң Жамбыл түкті құрттан тараған Байтелі, Қаумен, Дәулет, Жәпек сынды байлардың әулетін түгендейді. Қожбамбет Қилыбайұлын түгендеп, Өтеген, Қазыбекті дәріптейді. Нұрғожа, Алғожа, Байғожа, Райыс, Допас атты Ыбырайым ұлыларының батырлығын жырлайды. Сонан соң сөзін түйіндеді:

Баймын деп сендей тасыман,
Кедеймін деп жасыман!
Берекелді елді айтам,
Ел қорғаған ерді айтам,
Басымнан сөз асырман!

Құлмамбет таптаурын жолдан шыға алмай, аяғы тайғанақтай бастады. Бекетбай, Торпаң, Токсейіт, Телдіртай, Шортанбай, Шоманақ, Шәкей сынды тағы да байларым бар. Ал сенің кімің бар,



аз шапырашты деп, «қақ жүректің тұсы деп, өлер жерің осы» деп Құлмамбет аруаққа ұрынды.

...Айтасың, Шапырашты, ерлігінді,
Шыр айнала соқтырдым белдігімді.
Селтендеген серкенің ажалы деп,
Сұраншы сарттан өлген сайрамдағы.

Құлмамбет қазақы әдептен аттады. Әдетте аруақты миятқа шақыру бар да, аруаққа тіл тигізу жоқ. «Иман жаназасы шығарылмай көмілген» деп айыптайды.

Жұрт тіксініп қалды. Бірақ делебесі қозған топ өздерін де, айтыскерлерді де тоқтата алмайтын күй кешті.

Жамбылдың сөзге жауабы болуы керек. Құлмамбет қызды-қыздымен Дулаттың ұрпақтарын, байын түгендеп жүріп, Әжібай албанды мақтаған-ды. Жамбыл қарап қалсын ба:

Екейден шыққан озып Байсалбайды,
Жылқысы өңкей жорға тайпалмайды.
Аңырып әңгіме андап қалатұғын,
Өлеңді бүйтіп жыршы айта алмайтын!
Апиыншы албанды сонша мақтап,
Құлмамбет неменеге сайтандады.

Сонан соң Жамбыл Құлмамбет шабына айыр сұғып алды.

Оның рас, таз Құлмамбет –
Сұраншы, Саурық пенен жаудан өлген.
Халық үшін шәйіт болып жанын берген.
Елді қорғап өлгеннің арманы не,
Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.

Жамбыл тақымға басты. Енді өзі бастады. Енді жөн сұрасу емес, құн сұрасу қажет. Мақсұт деген бай албаны кісі қолынан өлген. Соны бетіне басты. Енді Жамбыл жебені Құлмамбеттің өзіне оқтады:

Құлмамбет, мен білемін түбің Уақ,
Арқадан кісі өлтіріп келдің шұбап, –
деп тарих қоржынын ақтарды. Туған қызын төрт ат, жүз теңгеге бола дүнгенге сатып жібергенін бетіне басады.

«Арқадан ауып келген ақтабансың,
Таза Албанның өз баласы Құлмамбет», –
деп Дүйсенбай, Сәт, Мәңке жанын беріп, сені ақтап алсын.

Жамбыл енді тұғырға қонған бүркіттей шаңқылдады.
Құлмамбеттің адам сүйер қылығы жоқ. Енді оны аластау керек:

А, Құлмамбет, Құлмамбет,
Ағып жатқан сумен кет.
Сумен кетсең ел ішер,
Судан шыққан бумен кет!
Онда да кесірің тиеді,
Қызарып батқан күнмен кет!
Күн де қайта шығады,
Оттан шыққан күлмен кет!
Күлден ауру жұғады,
Қараңғы тұман түнмен кет!
Түн де қайтып келеді,
Асқаралы таумен кет!
Тауды да халық мекендер,
Кесірің жұғар, Құлмамбет
Қу, пәлекет, арман кет!

Осы кезде Жамбылға ары қарай айтқызбас оймен Құлмамбет домбырасын ұрғылады. Мұндай тегеурінге домбыраның ішегі де шыдамай үзілді.

Жамбыл сөз өрнегін өзгертті. Жұрт орнынан тұрып кетті. Жамбылды орнынан тік көтеріп алды. Ақын:

Жамбылдың жеңіп бәйге алған жері,
Жеңіліп Құлмамбеттің қалған жері.
Домбырасының ішегі үзіліп қап,
Осы екен Құлмамбеттің арман шері, –

деп түйіндеді.

Жамбыл жай ақын болып кіріп, бұл айтыстан соң Жетісудың бас ақыны деген атақ алып шықты.

МАДАҚТАН ШЫҚҚАН ШАТАҚ СӨЗ

Ақындар бір-бірімен ере жүріп сырласады да, мұндасады да. Бір-бірінен үйренеді де. Жамбыл қасында жүрген үлкенді-кішілі ақындарды ерекше құрметтеп, оларды көтермелеп отырады. Өзіңнен бәрін төмендете берсең, сөзің де төмендейді. Сондықтан да Жамбыл ақындардың жақсы сөзін жұртқа таратып, кең пейілді көңілімен көзге түсіп жүреді. Бір адамды тыңдай



берсе жұрт жалығады. Мұны Жәкең Сүйекеңнен үйренген. Осыдан болар, Жамбыл жатқа айтатын жырлар да, дастандар да, замандастарының өткір сөздері де көп болған.

Жамбылдың ерекше құрметтеген ақыны – Сарыбас Майкөтұлы. Ол 1849 жылы туып, Жамбылдың ақындар тобының белгілі сөз зергері болды. Оны Жамбыл қасынан тастамай, төрге отырғызып, сыйлайды. Жамбылға Сарыбастың керек жерінде азуын батыра сөйлейтін сөзі ұнайды. Ол бетің бар, жүзің бар демей алқалы топта айдаһардай айбарлы сөйлейді. Жамбыл осындай тура сөйлеп әрі қайын жұрт болып келетін Сарыбас Майкөтұлына тәнті болып, жақсы сөздерін тамсанған жұртқа кейде сөз қосып, түрлендіріп айтып та жіберетін. Әсіресе, Сарыбас ақынның Байғара молдаға айтқан әжуасын ерекше әспеттейтін.

Бай:

«Мә», – десе, «ау» дейсің,
«Бар ма?» – десе, «жоқ» дейсің.
Сен шулаған жерден аласың,
Мен даулаған жерден аламын.
Сен жылатып отырып аласың,
Мен күлдіріп отырып аламын.
Сен жүресің біреудің кісісі өлсін деп,
Мен жүремін сөз тыңдайтын ұл тусын деп...

Осы сөздер Жамбылдың жүрегіне қонды. Сарыбастың бүгежектемей шындықтың шырағын жаққан сөздері көңілге жетіп-ақ тұр. Әсіресе, Жамбыл Сарыбас ақынның сөзі ұдай, тіпті ақ патшаның оязының алдында да қасқая айтқан сөзін ұнатты. Мұны ақындықтың алмас қылышы деп бағалады. Оқиға былай болған-ды.

... Мәңке Смайылұлы деген болыс бір жыл бұрын дүние салған ағасына ат шаптырып, ақындарды айтыстырып үлкен думан құрады. Оған Жетісудың азулы ақындары шақырылады. Бұл ретте әр рудың өкілдері ескеріледі. Осыған орай Жаныс қасқараудан Сарыбас ақын, Шапыраштыдан Жамбыл, Албаннан Құлмамбет, Мерке бойынан Қоралас руынан Қожантай, Шаншар Дулаттан Қуандық ақын болса керек. Сол асқа жоғары мәртебелі қонақ болып Верныйдан ояздың оң қолдарының бірі қатысады. Бұл ас Найманбай би жазығында беріледі. Мың

қаралы үй тігіліп, сауын айтылып, арысы Қордай, берісі Қарқара мен Іледен мес-мес қымыз келеді. Дүние-думан басталып-ақ кеткен. Оқалы шекпенді ояз қатысқан соң берілетін сый-сияпат та аз болмаса керек. Танылатын жер осы. Жағымды сөз айтып, бәйгені өңгере кетпек. Сырттан, алыстан келді-ау деп мадақ сөз айту кезегі осы Қожантай ақынға берілді. Мұндай той-томалақта ақындар дүниеден өткен адамды мадақтап, оның артында қалған жақсы істерін жамағатқа жаюға тиіс. Әрине, тойдың мансапты қонақтары да мадақ кәдеден тыс қалмауы керек. Бұл дала тәртібі. Сондықтан да Қожантай домбырасын баптағанша, Қуандық мадақ сөзді бастады да жіберді:

Алдияр, тақсыр, ұлығым,
Дариядай тұнығым.
Ұзын болды құрығың
Қыз шашындай қайырған,
Кекілің мен бұрымың, –

деп Қуандық бір қайырды. Шынында, орыс офицерлерінің шашы таралып, артына түйілген еді. Бұған жұрт бәрекелді десті. Бұл Қуандықты қанаттандырып жіберді. Мадақ сөзді қардай боратты. Бұл Жамбылға жақпайды. Қуандық құйқылжытып отыр. Көз жұмулы, көңіл мас. Оның көзіне боталы тоғыз түйе, құлынды тоғыз бие, бұзаулы тоғыз сиыр, қозылы тоғыз саулық пен лақты тоғыз ешкі елестейді. Бұл қолына тисе кедейліктің түтіні алыстайды.

Түйедегі нарымсың,
Жүгімдегі барымсың.
Аспандағы жұлдызым,
Маңдайдағы құндызым,
Данышпаным, арыстаным.

Жамбылдың көзі Сарыбасқа түсті. Тастүйін екен. Көзінің асты бұлаулаанып, қап-қара болып түтігіп кетіпті. Асыл сөзді осынша қорлауға бола ма? Дауысы жер жарып шықты. Қуандықты тізесімен қағып жіберді де:

Құдай атқан Қуандық,
Сақал-мұрты жоқ немесің.
Осы сияқты ұлықты,
Арыстаным деп ит-шошқаға теңейсің.
Қайтадан айтсаң не дейсің,



Шайтаныңды қағайын.
Қаржаудағы кегімді,
Ұлық алдында алайын.
Арыстаным деп ұлықты,
Қуайын деп жүрсің-ау,
Қанжығалап тұмсықтан
Ұрайын деп жүрсің-ау,
Сыпырып алып терісін,
Бір түбектің басына
«Жау отарлап» шығайын деп жүрсің-ау.
Түйемдегі нарым деп,
Жыңғылдыны орап бір көшейін деп жүрсің-ау.
Қошқарбайдың тұзынан,
Екі қап тұз артып ап,
Сатайын деп жүрсің-ау.
Басқа себеп жүрмесе,
Ұлықты өрге қарай тартайын деп жүрсің-ау.

- Айт, айт, Сарыбас.
- Тоқтама, тоқтама!
- Ит терісін басына қапта.

Сарыбас тағы бір адуын сөзбен өлең басын қайырды:

Жанға сесті болсын деп,
Бастырмадың мертінді.
Долы болып өссін деп,
Кестірмедің сыртыңды.
Таза бақтың жұртыңды,
Көз алдында өзінді ит деп қорлаған,
Тепкілетіп шығаршы,
Мына Қуандық деген итіңді.

Масатанып отырған шекпендіге тілмаш тәптіштеп түсіндіріп отырған. Сарыбастың килікпе сөзінен кейін шекпенді орнынан тұрып, бұйрық берді, жандаралдар Қуандықты тепкілеп айдап шықты. Сөз күдіреті деген осы. Мадақтаған сөзді Сарыбас теріс айналдырып жіберді.

Мадақтаудан шыққан шатақ сөзге Жамбыл риза еді...

ЖАМБЫЛ ҚАЛАЙ СӨЗГЕ ТОҚТАДЫ...

Ақындар бір-бірін көргенде бүркіттей бүріп қалғанды жөн көреді. Ал кездесіп тұрып, сөз айтпай кетсе, ол ақындыққа сын. Сондықтан да, дала Демосфендері ат үстінде, сынақ үстінде жүреді. Ескі тарихта, өз руына қатысты жақсы да, жаман да деректерді ойға тоқиды. Бірақ шын ақын сөзге тоқтайды. Бұл ақынның атын асқақтатпаса, төмендетпейді.

... Бұғымүйіз – Бесмойнақ жаныс Дулаттың жері. Онда Қасқарау руы тұрады. Атақты Найманбай батырдың, айтулы бидің ата қонысы. Еншісі бөлінбеген Дулат пен Шапырашты қатар отырады. Бірақ ежелгі ата дәстүрімен айтыста бөлініп шыға келетіні бар.

... Ақын, сал-сері мал жинай бермейді. Оның табысы – өнері. Ел-елді аралап, біреуді мақтап, біреуді даттап, біреумен айтысып мал табады, бала-шағасын асырайды.

Сүйінбай пірінің өмір тарихын Жамбыл жақсы білетін. Өзінің де күн көрісі – өлеңінде. Сол Сүйінбайдың қос түйесі жардан құлап өледі. Көште қалғанның аты жаман. Сүйекке таңба түскендей. Бұған Сүйінбайдың әйелі қатты налыса керек. Сонда ақын:

Түйең өлсе, бәйбіше, ол түйені Дулат берер,
Берсе де бірі қалмай шулап берер.
Бермеймін деп бермейді, маған Дулат,
Сүйінбайдың сөзіне құлап берер, –

дейді. Мұны менің анам – Мәртай сәл өзгешелеу айтар еді:

Жылама түйең өлсе, Дулат берер,
Біреу емес қолы кең айдап келер.
Өлеңім алпыс атан көтерерлік,
Сүйінбайдың сөзіне құлап берер.

Сірә, менің анам Мәртайдікі шындыққа жанасады. Өйткені, Бесмойнақ баурайындағы Жетімсай жанындағы мөлдір бұлаққа үй тігіліп, үлкен той болады. Той десе қу бас домалайды. Дулат атынан албан Қалабай ақын шалқып отырғанда, тойға Жамбыл келіп түседі. Ас ішіліп, қымыз сапырылып, қыз-бозбала әндетіп, той тарқауға айналады. Мұндайда екі ақын қалай айтыспасын. Бірақ Жамбыл уәлі сөзге тоқтайды. Оның себебі мынада еді.

Сүйінбай – сенің де ағаң, менің де ағам,
Ол қисайса жыртылар сенің жағаң.



Сүйінбай жүген ұстап барғанында,
Алпыс жылқы айдатқан менің ағам, –
деп Қалабай Сүйекеңнің қыры кеткен кезіндегі тағдырын өлеңге қосады. Сөз ары қарай айтысуды көтермейді. Албан Максұтбек Қожамқұлұлы Дулаттың алты түйесін қомсынып, албанның алпыс атын бергені рас еді.

– Сүйінбай бабамның Албанға барып алпыс ат алғаны рас еді, – деді Жамбыл домбырасын ығыстырып. – Жоқшылық не дегізбейді, жетпіс үштегі Сүйінбайдың қоян жұт келіп, малы қырылып қалғанда, өр Албанға барған-ды. Сүйекемді алға тартқан соң, сөзім байланды. Қалабайдың жолын беріңдер, айтыспаймын.

Сөзге тоқтайтын, қазағым-ай!

МАЙКӨТ ҚАЛАЙ ЫҒЫСТЫ?

Жамбыл Жамбыл болғанмен, оның атын шығаратын, әрине, қарсыласы. Аты дүр ақынды жеңсе жөн басқа, сый басқа. Құланаян Құлмамбетпен, Сандыбайұлы Майкөтпен кездесіп айтысқа түсуі кездейсоқ оқиға емес еді. Сонау Түркістан өлкесінен шыққан Майкөт ақынның дабылы қазақ даласын шарлап-ақ кеткен. Әсіресе, Жетісу, қырғыз бен Сарыарқаға кең мәлім есім еді. Сарысу бойын мекен еткен аға ру Ыстыдан шығып еді. Ол өте сауатты, ескіше хат таныған, діни хиссалар мен батырлық жырларды шабыттана жырлайтын. Ол Жамбылдан жиырма екі жас үлкен болатын. «Алпамысты», «Қобыландыны», «Шахнама», «Едіге батыр», «Қамбар батыр» жырларын бір аптадан жырлайтын жырау еді. Осымен бірге айтысқа да түсіп, аты шыққан. Құлмамбетті, Бөлтірікті, Бақтыбайды, қырғыз ақыны Есенаманды тізе бүктірген білімді ақын.

Құлмамбетті жеңген Жамбылдың ақындық даңқы шыққан дәуір-ді. Ақын біткен Жамбылмен сөз қағыстырғысы келетін. Бірақ жүректері дөттемейтін.

1890 жылы Жетісудың атақты төрт биінің бірі Сарыбай Айдосұлы дүние салды. «Дала уәлаяты» газеті қазанама жариялады. Яғни Сарыбай би қатардағы би емес. Ол атақты би. Ол Смайыл, Балпық, Тіленші би секілді алыптардың қатарында тұр. Қатарында емес, озып тұр.

Атақты адамның өлімі де атаның атын шығарады. Екейден

шыққан Сарыбай бидің асы да әйгілі болуға тиіс. Осылай 1891 жылы Майтөбедегі «Үлкен сазда» ас берілді. Оған ат тұяғы жетпейтін жерден арғын, найман, жалайыр, Сарысудың тамалары бар үш жүздің басы қосылған ас берілді. Астың иесі – Сүйінбай Аронұлы. Мұндайда ағайындық өкпе жүрмейді. Ел намысы – ру намысы. Жәпек батырдың ұрпағы Қосай (Әжібаев) шешен асты басқарды.

Атақты екі ел ағасының асқа басшылық жасауы Сарыбай болыстың атақ-даңқын паш етіп қана қоймай, оның ұрпағының да мықты екенін дәріптеуі тиіс.

Әр өлкеден жараяу аттарымен, сойыс малдарымен қазақ рубасыларының басшылары келіп үй тігіп жатыр. Бұл ата дәстүр. Сарыбай бидің малын азсынғаны емес, оның рухына тағзым ету, құрмет. Бәйгеге, айтысқа әкелген тұлпарлар мен түйелерде есеп жоқ.

Сарыбай бидің асына артынып-тартынып Әулиеатадан отыз адам келіп үй тікті. Ең қымбатты қонақтар әр өлкеге арнап тігілген тоғыз қанат ақ үйге түсірілді.

Жігіттер жорғамен тамақ тартып, қымыз ішілді. Демалды, ары-бері жүріп бой жазды. Енді не істеу керек? Әрине аттарынан аруақ үркетін ақын мен сер-салыға ойын-сауық керек.

Сүйекең әр үйге кіріп, хал жағдайларын біліп жағдай сұрап жүр. Бұл ауыл иесінің міндеті.

Сөздің пірі Сүйінбай кіріп келгенде, Майкөт ақын өлең арнады.

Болғанда жерде сұңқар, көкте сұңқар,
Өлмейтін бұ дүниеде, қандай жан бар.
Екейдің мұқалмаған қылыш тілі,
Армысың, ер Сүйінбай – аға сұңқар.
Елу жылда ел жаңа, жүз жыл – қазан
Қандырар құлақ құрышын – ертеңгі азан.
Өлді деп, Сарыкемді естіген соң,
Барсам деп, күндіз-түні кетті мазам, –

деп Сүйінбайдың жан-жағындағы топқа тесіле қарады. Ақын ақынды танымаса, ағалап алдынан шықпаса не болғаны? Көзі Жамбылды іздейді. Жамбыл арқадан келген қонақтарды түсіріп, Майкөт ақынның алдынан шыға алмай қалған. Бірақ өз асында өзі сынға түспейді. Қолы босасымен Майкөт ақынға келіп сәлем берді. Бірі – төрде, бірі – босағада.



Майкөт:

Сапар тартып келіп ем,
Сарыбайдың асына.
Отыз кісі елімнен
Еріп келді қасыма.
Шырқайын деп шығып ем,
Майтөбенің басына.
Жаңғырықсын дауысым
Алатаудың тасына.
Естуші едім дабырын,
Жамбыл бар деп осында.
Ақын болса келмейді
Неге менің қасыма?
Неге сәлем бермейді,
Мендей кәрі досына?

Жамбыл Майкөттің айтысқа шақырып тұрғанын бірден білді. Бірақ Сүйекең ас иесі болып тұрғанда, өзі қызмет істеуге тиіс. Сондықтан да килікпей амандық-есендік сұрасуды ғана жөн болар деп шешті:

... Сіз бе еді – ақын аға Майкөт деген,
Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген.
Саңқылдап сарайыңнан өлең шықса,
Именіп өзге ақындар бәйпектеген.
Келіпсіз біздің елге әдейі іздеп,
Мейманды құрметтейтін кәдеміз ед.
Сүйреңдеп алдыңызда сөз сөйлемей,
Етейін деп ойладым әдеп, ізет.
...Ежелден елде сондай бар еді сөз
...Әлі де сізбен талай болармын кез.

Майкөт аты шыққан ақын. Қарсыласын екі шайнап, бір жұтатынның өзі. Енді Жамбылдың өрелі сөзіне өрнекті сөз айту керек. Сөз жүйесін тапты. Ақындық қуаты да көрініп қалды. Алысқа шабар серпіні де байқалды. Жас болса да ағалы сөз айтты.

... Ұлы жүзді аралап,
Елдің жайын көп білдім.
Жасы үлкенді ағалап,
Мен де қызмет көп қылдым.
Тауып айтқан сөзіңе

Селт еттім де серпілдім.
Мейірім түсті өзіңе,
Бата берсем деп тұрмын.

Атпал ақын бабына келген Жамбылды жазбай таныды.
Сондықтан, батаны елге арнаса, ол ақынға да құт.

... Алыс жатқан ағайын,
Қос ішекті қағайын.
Алатаудың төсінде,
Аршындап бір шабайын.
... Шапырашты Екейім,
Ауылыңды ду егіп,
Ән таратып кетейін.
Саудагерден бөз қалар,
Ақындардан сөз қалар! –

деп Жамбылға да, қалың Екейге де риза көңілмен, қонақасыға беттеді.

Бұл кездесу Жамбылға ерекше әсер етті. Осы кездесу жүрегіне жылу құйды. Оны ақындық биіктіктің ұшар басына шығарды. Әдептілік – ініден, құшақ ашу – ағадан. Кейін ол сезім өлең боп құйылды.

Қаздай қалқып, ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.
Майкөт ақын, Құлмамбет,
Орын берді қасынан.

Осылай Жамбыл айтыс, жыр сүлейлерінің қатарына қосылды. Майкөт ығысып, ақындық төріне Жамбылды қатар отырғызды.

ҮЗЕҢГІ ЖОЛДАС

Жамбыл ақындықтың атын мініп, сөз теріп жүрген кезде Жетісудың талай дүлдүлдерімен таныс-біліс болып қана қоймай, олардың жақсы сөздерін өлеңіне қосып, халық арасына кең таратып жүреді. Сондай үзеңгі жолдас – Қосай шешен. Ол Есқожа руының Жәпек атасынан тарайды. Аса өспеген санаулы шаңырақ болса керек. Қосай Әжібай деген момын кісінің баласы екен. Бірақ аз рудың атын Қосай Әжібайұлы шығарды. Әу баста ағайын арасы араз болып, Жәпек тұқымы Бәйдібек бабаның Албан тұқымына ағайын болып, албан ішіне қоныс тебеді. Бір текетіресте Сұраншы



батырдың қолынан Ошпыр деген азамат қаза табады. Бұған Жәпек тұқымы өкпелеп, Албан ағайынға кетіп қалады. Содан ашу басылып, ел арқасы кеңіп Жәпек тұқымы көшіп Түрген, Алматы бойына келіп қоныстанады. Ел ұмытса да өкпені Ошырдың Шаққан әкесі ұмытпаған. Құны сұралмаған адамның қадірі жоқ. Сүйекке таңба.

Шаққан көзі қырақты, сөзі санатты момын еді. Ол өз тұқымынан шыққан Қосайдың аңдысын байқап, болашақ ділмар болатынына сенімді еді.

Заман түлкінің құйрығындай бұлғау-бұлғау. Ұлы жүз түгелдей орыс ағзамына қарады. Дала заңы өзгерді. Болыс сайлауы өткізілді. Енді елдің ескі, жаңа дауларын шешу құқы болыстарға тиесілі. Бірақ болыс бірде ақ, бірде дау. Сол болыстар Екейден – Сарыбай би, Әжіке Смайыл би, үшіншісі – Жалайыр Балпақ би, төртіншісі Тіленші деген кісілер болады. Олар ер құны, жесір құны дегенді сылтауратып, оны ояздың құзыретіне кіреді деп аталы сөзді айтудан қашқақтай береді екен.

Шаққан қартайып, о дүниенің қақпасы жақындағанын сезеді. Қосайдың аты шығып жас болса да сөзіне жұрт ұйыған кез келді.

– Судың да сұрауы бар, Қосайжан, жалғызым Ошырдың сөз кегі кетті. Сұраусыз қалды. Ана дүниеде жаны шырылдап, «құнымды кім даулайды» деп күтіп жатқан шығар. Ертең алдымнан шығып, «әке, құным қайда?» – десе не деймін? Ошырдың құны саған аманат.

Иә, аманатқа қиянат жасауға болмайды. Шаққан арулап жерленеді. Ал Қосайдың алдында құн сұрау аманаты қалды. Оның үстіне жыртыққа жамау болып, тағы бір дау шықты. Албанның Мақсұт деген баласын Күржібай деген жігіт өлтіреді. Ол атақты шонжар, шыңғыртып мал айдаған Бақтияр деген байдың баласы екен. Ол Әмір Әмзе деген делдалға көп ақша, мал беріп ояз бастығы арқылы Күржібай қамауға алынбайды. Кінәлі Мақсұт болыстың тұқымы деп тауып, Мәсімхан Мақсұтұлымен қоса осы екі адамды жер аударуға үкім шығарады. Мұндай әділетсіздік бүкіл албанды екіге бөлді. Ағайын арасы бұзылды. «Адам өлсе өз тұқымынан өздері ара ағайындықпен шешеді» деп билер де бұл дауға кіріге қоймады. Ал бұл ұмытылмайтын кек. Жамбыл Құлмамбетпен айтысқанда, албан ағайынның дәл осы осал тұсын пайдаланбаушы ма еді?

Батыр Саурық, Сұраншы жаудан өлген,
Халық үшін шаһит болып жанын берген.
Елді қорғап өлгеннің арманы не?
Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.

Қожалық кып кетті ме Мақсұт ағаң,
Ағайынмен ұрысып даудан өлген.
Шапырашты, Дулаттың бәрі куә,
Шытыр жеген өгіздей аунап өлген.

Ояз кесіміне халық наразы, албан наразы. Енді не істеу керек? Закон жолы бір бөлек, би-шешен үкімі бар емес пе? Соған жүгіну қажет. Қосай шешен алдына тағы бір дау пәрегі құлады. «Аспанға алып кара құстай алып ұшқан, кешегі ер Мақсұттың құны қайда?» – деп Одаман ақын Қосайды қайрап, тағы бір ағайын дауын еске салды. Ояздың алдында бәрі үнсіз қалды. Сонда Қосай, ұлық кесімін шығарғанша датымызды айтып қалмаймыз ба, – деп Сарыбай биге қарапты. Сонда Сарыбай би: – Оңай болса өзің айтпаймысың? – дейді. Қосай енді бұл даудың айтылар сәті екенін қалт жібермеді. – Датым бар, ұлық, – деп ояздың алдын кескестейді. Бірақ ояз оған мән бермейді. Сонда Қосай: «Ұлығым, сөзімді тыңдамасаң – бүлігім. Бір делдалдың сөзі қымбат па, әлде мына қалың қазақтың сөзі қымбат па?» – деп сарт Әмір Әмзені көрсетіпті.

– Бұл кімнің сөзі? Елдікі ме, өзіңдікі ме?

– Ұлығым, сөз менікі болғанымен – жоқшысы ел, – деп Қосай қолын жайғанда, қалың жұрт «біздікі, біздікі, ұлық мырза», – деп шулап қоя береді.

Ұлық та қу екен. Қысылтаяң сәттен құтылып кетті.

– Бітімін ендеше өздерің сайлаған қазылар айтсын!

– Қосай десе Қосай екенсің, ерте есейген екен, – деп Сарыбай би Айдосұлы ризашылығын білдірді.

Қосай қапыда қалған құн дауын айтатын мезеттің келгеніне орай салмақты сөз айтты.

– Сарыбай би, сөзімді несіне салмақтайсыз, есейсін десеңіз есесі кеткен ерімнің құнын әперіңіз...

– Қосай, сен даула, мен баулайын...

... Бәйдібек би балалары тағы бір аста кездеседі. Албан, Дулат, Шапыраштының игі жақсылары жиналады. Сұраншы батырдың



інісі Андас датқа болған шағы екен. Сөзге де ұста. Құн сұрауын білген соң, Қосайды тұқыртып алмақшы болады.

– Өспес ұл, өнбес дау қуады. Шытынаған шыттай шіріген дауды несіне жанартасың. Ағайын емеспіз бе? Алдымен қонысқа кел, сонан соң сөзіңнің мәнісін айт. Ошырды өлтірген Сұраншы жоқ. Енді кімнен құн алмақшысың?

Андас датқа өзі ұрынды. «Енді не дейсің?» дегендей ат үстінде шіреніп отыр. Езуінде білінер-білінбес күлкі, кекесін табы бар. Қосай сөзден жаңылушы ма еді?

– Жетпеген дау – жеті кесімді, қолым жетпесе әлі де жеті рет кестіремін. Жеті атаңа жететін дауым бар. Қанды қол жоқ болғанмен, қанын ұрттасқан сен бар емеспісің, датқам! Жеті атаңа жетер дау керек пе, әлде айыбын беріп ағайынмен көріскен керек пе?

Сарыбай би кесімді сөз айтты. Құн алынды, дау бітті. Бұл сөз Жамбылға ерекше әсер етті. Жамбыл Қосай шешенді мадақтай жырлады.

Қызғалдақтай жүзі бар Саймасайдың,
Кесірлі қатыны бар Алмасайдың.
Қырғыз, қазақ бас қосса топ жарады,
Жиреншедей тілі бар ер Қосайдың.

Ерді ер, сөзді сөз іздейді. Жамбыл енді Қосай шешен атанған ағайынын тауып, дос көңіл – бауыр болып кетті. Ары-бері өткенде Қосай қонысын аттап кетпей ылғи іздеп жүреді. Жамбылдың ақ көңіліне Қосай да риза болып, ылғи алдынан шығып тұрады. Екі жылдай, 1894–1895 жылдары Жамбыл ауылымен қонсы отырып, жылқыларын Қопа жаққа айдауға мәжбүр болады. Қопа Аңырақай бетіндегі құм-шағылы бар, жайлы жер.

Екеуі Қопаға келсе, жылқылардың азығы бітіп, пышаққа ілінер мал табылмай қиналып отыр екен. Жамбыл мен Қосай Бозармақ деген жерде қыстаған Киікбай байға барып, еті қалың бір ісек қой алады. Енді оны жылқышыларға жеткізбек керек. Жалғыз қой жетекке жүре ме?

– Жамбыл, мына қойды алдына өңгерсең қайтеді?

– Қосеке, Алматыға, Жәпекке барғанда қойды мен өңгеремін. Қастек Екейге келгенде сіз өңгеріңіз...

Қосай қара суықта кеңк-кеңк күліп, біраз тұрды. Жамбыл қанша үзеңгі жолдас болса да сөз аңдыған ақын. Көрмеймісің, енді Жамбыл мені кірме деп қажап тұр.

– Ендеше мен жетектейін, сен айда, мен бастайын, сен ер...

Екі дос, екі үзеңгі жолдас осылай жылқышыларға семіз ісек қойды жеткізіп еді...

Қосайдың сөздерін Жамбыл өзі айтып, жиындарда әңгіме-дүкен құрады. Және әсірелей, сөз қоспай сөзбе-сөз айтуды ұнататын. Әрі сөз алдында аттары аталмаған адамдарға түсінік беріп отыратын.

– Саймасай дегенім Жаныс, Қараш-Қараштың болысы, Алмасай соның ағасы, – деп өлең-сөздің кейіпкерлерін түгендеп отырады. Соның бір аты шыққан Жаныстың би-шешені Ноғайбай еді. Ол Ырғайты, Қордай жағының болысы. Сол Суықтөбе жағына келгенде, Қосаймен кездеседі. Қосайдың екі жылдан бері Жамбыл ақын аулында қоңсы жүргенін айтып, кінә таққысы келеді. «Келімсек» деп кекеткісі бар. Әрі замандас, құрдастығы бар. Кеуіл қалады деп ойламайтын да.

Үлкен той болып, Ұзынағаш жаққа Ноғайбай би қонақ болып келеді. Тамам жұрт алдында Қосайға сәлем беріп:

– Қосай дос, Ұзынағашқа қанша отынмен көшіп келдің? – деп құшағын жайыпты. Қосай қарап қалсын ба?

– Уа, Ноғайбай, екеуімізге ағайын не керек, тоған-моған сатып жүрміз де, – деп құшақ жайыпты.

Жұрт тағы бір сөз қақтығыс болар деп ойлаған. Бірақ Ноғайбай би сөзді әрі қарай жалғастырған жоқ. Өйткені Қосай Ноғайбайды пышақсыз бауыздап еді. Ноғайбай өзінің жақын ағайының тоғанын тартып алған болатын. Соған өкпелеген олар Сарысу бойына көшіп кеткен. Қосай соны айтты. Біреуге күлме! – деген осы...

ЖЕҢІЛГЕН САРЫБАС ЖЕРІ ОСЫ...

Тілеулі Майкөтұлы (Сарыбас – У.Қ.) ақын Жамбылдың құрдасы. Ол 1849 жылы Әулиеата өңірі, Қордай тауының етегінде дүниеге келген. Дулат Жаныстың Қасқарау руынан. Өлең сөздің шебері болып, қырғыз-қазаққа аты шығады. Орақ тілді, сөзі орамды ақын Жетісу өңірінде бүгінге дейін есімі ұмытылмай айтылып келе жатқан ақын. Оның Жамбылмен айтысып жеңілгені бір бөлек әңгіме. Мәселе Жамбылдың Сарыбасты ақын ретінде мойындауы болып отыр.

Жаныс ақынға деген өлең осы Сарыбасқа арналған. Сонда Жамбыл тұңғыш рет:



Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы, сұлу сөздері,
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай...–

деген арнау сөз айтып, кездесуді аңсайды. Өйткені Сарыбас бір орнында отыра алмайтын өлең айтқанда жалаңбастанып, қызара бөртіп «құлағын бұрап, екпіндеп айтады» екен. Біреуді жеңгенде тіпті арқаланып, «тағы кімің бар?» дегендей жан-жағына қарай береді екен.

Жамбыл Сарыбаспен бұрыннан таныс. Баяғыда Мәңке болыс ағасы Әбділдаға ас бергенде қандасы Қуандықтың оязды мақтағанына килігіп, ақыры оны тепкілетіп қуғызып жіберген. Сонда Жамбыл бірге болған.

...Бізге жабы бұй-ым-бай,
Селтендеген ақынды,
Көрмеуші едім шыбындай, –

деді сондықтан.

Сарыбас та Жамбылдың осындай отсуырар шымшымаларын жақсы білетін және ел арасында жүргенде оны айтып жүретін. Соның бір парасы ешқашан есінен шықпайды. Кәшке тұқымы мен Екей ағайын болса да бір-бірін той-томалақта, өлім-жітімде кемсітіп отырады екен. Кәшкеден шыққан Құдайберген Құттықсейітұлы Асыда Жамбыл мен Құланаян Құлмамбет айтысқанда Жамбыл үшін жан беріп, жан алысатын бауыр болып көрінген. Ол сырт жерде ғой. Ел ауыл ішінде шекем-шалыс әңгіме ілігіп жүре береді.

Қысқы күндердің бірі. Жамбыл ағайыншылап Құдайберген болыстың үйіне келеді. Сәлемін береді. Бірақ Құдайберген Жамбылды жұрт алдында кемсіткісі келіп:

– Бір жынды Екеймен жарысам деп атым өліп қалды, – деп «не айтасың?» дегендей ақынға қарапты. Сынағысы да, кішірейткісі де келеді.

Жамбыл қалай басынан сөз асырмақ? Сөзге сүрінген жаман, ыстық сорпаға шашалғанмен бірдей.

Болысжан, жүрген жерің күнде сауық,
Пенденің бойында бар қатер-қауіп.

Екейдің жындысымен жарысам деп,
Сенің де кетіпті ғой есің ауып.

«Он пәленің тоғызы тілден» деген. Құдайберген қап-қара болып кетті. Бәріне өзі кінәлі. Екейдің Таңат деген кісісінен қалам ба деп жарысқан өзі емес пе? Семіз ат серейіп құлады. Өкпесі күйген болар.

Сөз тапқанға қолқа жоқ. Құдайберген Жамбылға өзі қол берді.

Бір-бірінің тарихын жақсы білетін екі ақын 1895 жылы Верныйда Қыбырай Қожамберді байдың үйінде кездеседі. Оған Жетісудың игі-жақсылары да, кедей-кепшіктері де жиналады. Осында Сарыбас ақынға ешкім төтеп бере алмай, думанға хабар салып Жамбылды алдырады. Айтысқа да, дидарласуға да, жыраулық дәстүрге де ұласып кеткен бұл сөз жарыстыру Жамбыл мен Сарыбас ақынның ең асыл жырлары болып тарихта қалды.

Әуелі сөзді Сарыбас бастап, Дулаттың көптігін айтып, аз шапыраштының «не болар көрген күні» деп сонау Қазығұрттан бері қоныстанған дулат руының алып жатқан ордалы жерін мақтайды. Бұл айтыстың қалыптасқан дәстүрі. Айтысушының ең алдымен өзінің кім екенін, қай елден шыққанын, олардың атақты адамдарын айтып сес көрсету мақамы бар. Сарыбас та сол жолмен шабады. «Бұл жерден жарты ауыз сөз қалдырмаймын, қалжырамай сен өзің еліңе қаш» дейді. Бұл Дулаттың жері, баяғыда еншісі бөлінбеген шапыраштыға дулат жер беріп, көрші отыратын деген ел ішінде әңгіме бар еді. Соны мензейді.

Жасы үлкен ағанмын,
Осал жерден шықты демегін.
Нағашым Жалайырда ақын Қабан,
Қабанның арғы атасы Әлік-Аман, –

деп Дулаттың төрт баласының Қазығұрттан – Жаркентке дейінгі алып жатқанын баяндайды.

Жамбыл бәрін тыңдап отыр. Алма-кезек. Ноғайбай биді, Домалақтай енені, барлық дулаттың төрт баласының игі жақсыларын түгелдейді. Сыпатай батырды да мақтаньш қылады.

Айтып кара еліңді
Қай айтатын елің бар.
Қай сөйлейтін жөнің бар?!
Айта алмасаң еліңді,
Дыбысыңды шығармай,



Кетпеймісің қасымнан.
Ерегіссең менімен,
Тұман болып кетпеймін,
Шапырашты басыңнан! –

деп Дулат тарихын түгендеп, Сарыбас бір орнында отыра алмай,
дөңбекшіп кетті.

Алдын ала дайындап, жаттап келген Сарыбас сөзінің өтірігі жоқ.
Ақын да, бай да дулатта жетерлік. Бірақ бәрі бір жатырдан шыққан
жоқ па? Оны неге ұмытады? Ал Жамбыл оны ұмыттырмайды.

... Кіріп келдім екпіндеп,
Ноғайбай мырза шіренген.
«Домбыра алған бұл кім?» деп
Теріс көзбен қарады.
Танып тұрып, танымай,
Екі көзі жеп барады, –

деп бір қайырды.

Арқа жіпсіді, домбыра бабында, Жамбыл да алмас шағында.
Кесек сөзге кенен сөз.

... Айта алмасаң өленді,
Шықпыртайын басыңа.
Қожамберді мақтайды,
Мұны неліктен жақтайды.
Өлең айтса кейбіреу –
Бекер аузын боқтайды.
«Сүйінбайға іні»деп,
Қарасай қып мақтайды.
Сүйінбайдан басқа өлеңші,
Сірә, маған жақпайды.

Дәл осы жерде айтыстың ежелгі жолы бұзылды. Жамбыл
Домалақ ененің тарихын жырлады да кетті. Сонан соң барып,
Сарыбасқа оралды.

... Бұрынғыдан естіген,
Ата жайлы, ел сөзі.
Домалақтай ананың,
Ата жайын ұқпайтын.
Құр мақтанға жармасқан,
Сен Дулаттың бір езі, –

деп қақ жүрекке найза шаншыды.

Дәл осы жерде Жамбыл айтыстық өнерге тыңнан із салды. Кеше ел басына түсіп, ат ауыздықпен су ішкен қоқандаған қоқанға көп Дулат не істеп еді деп, Сұраншы-Саурық батырдың ерлігін жырлай жөнелді. Жай жырлаған жоқ, кешегі тарихты шендестіре жырлады. Сонда байың сайда, батырың бұта бүркеніп кеткен жоқ па еді деп сол ауыр да азапты күндерді түгендеді. Аталы сөзге кім қарсы.

Сарыкемерде шабылған,
Қоқанның құдиярға
Албан, Дулат жиылған
Көп болғанда не қылған?
Үш бөлінді бұл Дулат,
Бір бөлігі Іле өтті.
Айсаның қырын өрледі
Батыр деген Сыпатай,
Жау қарасын көрмеді.
Сыпатайдай батырың,
Қашқаннан соң өлгені.

Иә, Кенесары қолына қосылып, онан соң оны тастай кеткен Сыпатай еді. Тарих өз орнын түгендей жатар. «Сен кетесің, мен қалам. Ағайын боп кеткен қырғызбен сосын қалай көрші отырам. Мәңгілік соғыс қажет емес дегендей» бағыт ұстанса керек. Ал осындай да халық кімді паналайды. Әрине, жаны бір жақындарын, Кәрібоз бен Баукемен Дулаттың жанысы, оның ішінде қасқарауы еді. Түптеп келгенде, Жамбылдың қайын жұрты «жаурап жасыған», «жас әйелі тапталған», «желісін қиып жылқы алған» халық үмітін Сұраншыға артады.

... Бакқа біткен батырсың,
Қырылып біз жатқанда,
Қайтіп шыдап жатарсың?!

Иә, Сұраншы шыққан селебесін суырып, жау апшысын қуырып.

... Құр созасың өңешті,
Бабаларын айт еліңнің.
Қолынан түк келмеген,
Дулат деген ел екен.
Жадағай, жайдақ дер екен.
Шапырашты ел екен,
Батыр туған дер екен!

Сол Сұраншы Сыпатай батырды құтқарған.



Әлкисса, Жамбыл енді Сұраншыны тастай беріп, Саурық батырды жырлай жөнелді. Қалың Дулат Саурыққа да қарыздар.

... Дұшпанды көрсе өшігіп,
Талқандауға тап берген!
Амалменен ер Саурық,
Шегіп жатқан орманды.
Пенде ғып алдыма ап келген
... Мың болсаң да бір ғана,
Саурықтай берен кісің жоқ!

Сыпатай батырдың өзін «қалмаққа қашып кетті» деп жала жапқан да Дулат өзің емес пе едің? Ал шапырашты ше?

... Саурық барды артынан
Сыпатайды босатып.
Алғыс алды халқынан.
Ал сен сол қалың Қасқарау қайда жүр едің?
... Қай ісі бар Саурықтың
Бұл халыққа сыймаған?
Қасқараудың ішінде,
Малдыбай мен Қонысбай,
Айырылмастай қашан бір едің?
Сен қай уақытта Дулаттың
Жығылғанын сүйедің?

Жамбыл шындықпен шайқасты. Айтқанының бәрі күні кеше өткен көрініс. Енді көптікті айтып көлгірсуге бола ма? «Ел болам десең есенді жіберме, ірі болам десең бірлігіңді үзбе». «Орыс салған миядай, ара салған ұядай» екенмін деп «ұялатын бетің жоқ» боп жүргеннің өзі қасірет.

Жұрт абыр-дабыр. Мұндай шешімді ешкім күтпеген. Әдетте бай-манаптардың бірі жеңілген адамның атын атап, алған бәйгесін атайтын. Бұл жолы басқаша болды.

– Сөзің сөзімнен артық емес, бірақ шың түбінде шындық жатпайды. Жанымды ойып алдың, жеңіс Жамбылдікі, – деп Сарыбас айтқанда, қалың жұрт екеуін де қаумалап, бір-бірімен құшақтасып жатты.

Ұлы жүздің ұрпақтары бір тай табаққа қатар отырды. Ортада Ноғайбай би, оның екі жағында Жамбыл мен Сарыбас...

БІР АЯҚ КӨЖЕ

Ақын болған соң дүниені де, қоршаған ортаны да басқа көзбен бағамдайды. Тілі өткір, сөзі бейнелі ақын әрқашан қадірлі. Әрі ондай адамнан мүмкіндігінше байлар мен шенді-шекпенділер аулақ болуға тырысады. Ақынның малы да, жағдайы да өлеңге тәуелді. 1898 жылдың қысы қатты келіп, қар қалың түсті. Жылқы тебіндеп шөп жей алмады. Жұтқа ұқсаған қысым келді. Әйтеуір әуірімдеп көктем де шыққан. Көтерем сиырлар іш тастап, Суықтөбе, Бұғымүйіз-Бесмойнақ, Қастек жағының адамдары шықпас жаным шықпастың кейпімен Наурызға әрең ілінген.

Шиеттей бала-шаға аққа зар. Жамбыл минуте жарарлық көк атын мініп, қыстан қысылмай шыққан Талғар-Түрген жағына барып өлең айтып, алдына біраз мал салмақ болып келеді. Әрине, ең алдымен болысқа сәлем беру керек. Жиырма сегіз жасында болыс болып, енді кемел шағына келіп, толып та толысып отырған Саймасайдың үйіне түспекші.

Жұпыны киімді, сирек сақалды, аты да, өзі де ашығып отырған Жамбылды қонақ деп бала-шаға қарсы алмайды. Мал қарап кеткен болыстың жоқтығы білініп-ақ тұр. Әйтеуір қонақ кәде жасап, ернеуі жырық аяққа көже құйылып, алдына келді. Ішпеске амал жоқ. Жол соқты болып отыр. Үйге зор денелі, жүзі нарттай жанған Саймасайдың өзі кіріп келді.

– Жетісудың жезтаңдай ақыны келіп қалыпты ғой, неге қазан көтерілмей отыр, – деп есік жаққа қарап еді, қаптаған қатын тегенешелектерін асығыс алып, қазан-ошаққа жүгірді.

– Ал, Жамбыл ақын, бір ауыз жылы сөзің жоқ па? Өлең айт, жұрт та жиналып қалды. Шай жүгіріп өткенше, ет те пісіп қалар:

Жамбыл осы сөзді күтіп жатқан. Асықпай малдас құрып ыңғайланып отырып алды да, домбырасын қағып-қағып жіберді:

Қызғалдақтай жүзі бар Саймасайдың,

Кесірлі қатыны бар Алмасайдың.

Қырғыз-қазақ бас қосса тек жарады,

Жиреншедей тілі бар Ер Қосайдың, –

дегенде, ол: жеңеше-ай, Саймасай қайныңның бір асым етін аяның ба, шалап беріп, ақынға қор еттіңіз.

Үйдегі қалған қатын-қалаштың бірі осы Саймасайдың жеңгесі болып шықты. Саймасай әбдіреден шапан алдырып, Жамбылдың иығына жапты.



СЕН ӨЛЕҢІДІ, МЕН АҒАШЫМДЫ САТТЫМ

Дүние – дүрмек. Орыс боданына енген қазақтың қоғамдық өмірінде де өзгерістер болып жатты. Қара шекпенділер келіп, өзен-көл, тау беткейді алды. Үй салды. Отырықшы өмір бақуатты қазақтарға да әсер етпей қойған жоқ. Сарыбай би Ташкент жағынан келіп, молдалық құрып, жылы үй салып, маңына ағаш еккен Қалиқұл молланың кең сарайдай қоржын тамына қызығып жүрді. Қарақыстақ жағындағы Есқожа руының Мырзабек тұқымы түгелдей осы үйді ұнататын. Ақ әк әкеліп ақтаған соң, үй аршыған жұмыртқадай болды. Мұнымен қоса молла жоңышқа әкеліп септі де, үш рет шауып алатын болды. Қалиқұл семірткен жылқы соғымның алдын бермейді. Оған қоса тіп-тік терек өсіріп, үй сала бастаған қазақтарға малға айырбастай бастады. Қисыбайдың күнде ұйқысы қашты, күндіз күлкісі кетті. Қисыбай Жамбылдың досы, әрі ілік-шалыс өлең айтып, оған қоса болыс болған Сарыбай бидің ұлы еді. Бұл 1900 жылдардың басы болса керек.

Ақыры жайлы, жылы үй Қисыбайға да, Жамбылға да бұйырды. 1905 жылы Қисыбай, 1910 жылы Жамбыл үй салып алды. Балалар Қалиқұлдың бағына бағынышты болмасын деп алма-өрік екті. Тіпті орыстарға еліктеп, бағбандықпен айналысқан адамдар шықты. Әсіресе, Шалтабай, Нұртай сынды адамдардың бағы керемет өсті. Осы жолдардың авторы өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының ортасында Шалтабай бағын көрген, алмасын жеген. Екі түп алма ағашын Бесмойнақ ауылына апарып, отырғызған да.

Тараздың, Шымкенттің өзбектері көк теректерді арық бойына отырғызады. Арақашықтығын сақтайды. 3–4 жылдың ішінде олар белағаш болуға жарайды. Кескен ағаштың түбірін қопарып алып, жаңа көшет отырғызады. Оны малға айырбастайды. Бірақ байи қоймайды.

Қалиқұл өзбектерден көргенін пайдаланды. Пітір садақа, бала оқыту табысынан гөрі ағаш сату үлкен пайда әкелді. Аз ғана жылдың ішінде Қалиқұл әулеті әлденіп, кесім сөз айтатын дәрежеге жетеді. Оқығаны, тоқығаны бар дегендей, кейде өлең де құрап жібереді. Соны алға тартып «Ақынның жайын ақын білер, бел ағашты тегін берер» деп Жамбыл Қалиқұлға базына айтса керек.

Сонда Қалиқұл:

– Жамбылдікі пұл да, Қалиқұлдікі құл ма? – десе керек. Соған налыған Жамбыл:

Молдадан құтылмайды амал, айла,
Өсіріп жерден шыбық тапты пайда.
Ағашты қойдай бағып қоздатқанда,
Жинаған қора тола малың қайда, –

деп бір қайырыпты.

Сонда Қалиқұл:

– Сен өлеңінді саттың, мен ағашымды саттым. Екеуіміздікі де ақ адал еңбек емес пе? – деп буылып қойылған төрт-бес бөренені көрсетіпті.

Жамбыл сөз қадірін білетін адам. Кешке сауын сиыр әкеліп тастапты.

«ҮЙ МЕНІКІ – ЖОЛ ҰЛЫ ЖҮЗДІКІ»

Арқаның Шашубайы Жетісу жеріне дауылдата, құйындата, гармонын сақылдата келді. Бұл кезде Жамбыл алпыстың ауылы көрініп қалған дәл елу сегіз жаста еді. Бұл 1904 жылдың қытымыр қаңтары болатын.

«Ел құлағы елу» деген. «Арқа жайлы болса, құлан ауып несі бар» дегендей ағайынмен араздасқан Шашекең шарт түкіріп, Балқаш мұзын жол етіп, Шу, Іле бойын аралап, Алматыға жетеді. Әрине, ағайын іздеу қазақтың әдеті. Сұрастыра келе Бақия мен Барлыбек деген Арқа азаматтарын тауып алады. Олар саудагер-жандаралдар Байбұлан мен Баймолда деген кісілердің тілмашы болып жүреді. Сырттан келген адамдар ағайыншыл келеді. Арқадан келген Шашубайды төрлеріне шығарып, бауырлық қамқорлық көрсетеді. Өз кезегінде Шашубай да оларды дәріптеп, әнге, жырға қосып, даңқтарына даңқ қосады. Әрі Алматыны шарлап, күнде ойын, күнде той, тамаша дәурен күндер жалғасып жатады.

Қызылжар, Қарқаралыдан келіп жүрмін,
Елдерін Ұлы жүздің көріп жүрмін.
Аузымда өлең деген мәлегім бар,
Өркімге сөйлеп-сөйлеп беріп жүрмін, –

деп әндеткенде дауысы Алатауды шарлайды.

Арқадан келіп, Алатауды билеген Байбұлан, Барлыбек, Тұрлыбек, Қоқан сынды игі жақсыларды дәріптегенде, Шашекең олардың қадір-қасиетін Алатаудай биікке теңейді.



Арқаның жетісулық игі-жақсыларын Алатауға теңеу жергілікті Шапырашты, Дулатқа қалай ұнай қойсын. Төріне отырып алып, төресін мақтау қазақтың ежелгі ғадеті. Бірақ Үйсіннің бірде-бір азаматының Шашубайдың аузына ілікпеуі қалай? Бұл сүйекке түскен таңба. Енді не істеу керек?

Терезесі тең, керегесі кең Дулат, Шапырашты не демек? Бұл сөз Мәңке болысқа жетеді. Ол Алматыға Жамбылды жібереді. Бір кездесудің арты дауға айналмаса нетті? Үкілеген Жамбыл жай келді деймісің. Қапысын тауып қонақ жасау керек. Бұл қазақы ғұрып. Қандай ақын қайда болмасын елдің игі жақсылары жиылып дастарқан жаяды. Күтеді, сый-сияпатын жасайды. Ондай болмаған жағдайда, сайқымазаққа ілініп, үрім-бұтағын жуып кетіре алмайтын жаманатқа қаласың.

Мұндайда әр бай өз атын шығарып қалуға тырысады. Бұл сені тарихта қалдырады. «Бәленбай жылы, бәленбай уақытта, бәленбай байдың үйінде, бәленбай деген ақындар болыпты». Бұл қазақтың ауызша тарихы. Ол ұмытылмақ емес. Бұл халықтың санасында қалатын дерек.

Байбұлан бай жарты Алматыға жар салды. Арқадан келген арқалы ақын Шашубайды Жетісудың жолбарыс ақыны Жамбыл іздеп келіпті. Бұ қаланың кедейі де, кепшігі де, тоғы да, ашы да, байы да, жарлысы да, жақыбайы да, әрине Байбұлан үйін айналшықтайды.

Аязды желтоқсан болса да жұрт тарай қоймаған. Бір кезде у-шу басталды да кетті.

– Келді, келді...

– Кім, кім келді?..

– Жамбыл, Жамбыл келді.

Дәл осыны күтіп отырғандай гармон үні қалықтай жөнелді. Алматы үлкен шаһар болса да, сырнай таңсық аспап. Татар слабодкасындағы той-томалақта ғана естілетін сырнай үнімен қоса аспандатқан дауыс естіледі. Шашубай әні асқақтап бара жатты.

Үйге Мәңке болыс, Сәлімжан мен Жамбыл кіріп келді. Сол-сол-ақ екен, Шашубай төксін жырын:

Баласы Қошқарбайдың мен Шашубай,
Пендесін артықты кеш қылған құдай.
Саңлағын Алматының жиып алып,
Сыйлады қонақ қылып Байбұлан бай.

Осы сөздерді естігенде, Байбұлан бай құс жастықтан басын көтеріп алды. Масаты кілемге, тұнып тұрған дастарқанға, «байкем не айтар екен?» деп қол қусырып тұрған татар малайларға маңғаздана қарады. Ол өз-өзіне риза еді. Енді Байбұлан дастарқаны, Байбұлан мәрттігі, Байбұлан үйіндегі Шашубай мен Жамбыл айтысы ауыздан ауызға аңыз болып жетіп, ұрпақтың аузында қалмай ма?

Шаһарым Тройцкі, Қарқаралы,
Барады кешкі базар тарқағалы.
Бір қатар тосын адам кіріп келді,
Уа, шіркін, ішінде бұл адамның Жамбыл бар ма?
Сол шіркінді отырмын байқағалы...

Амандық-саулық жоқ, Шашубай құйындата бастады. Бұл ақындықтың ғадеті. Әуелі өзінің мысы жоғары екенін көрсетіп, қарсыласын тұқыртып алу. Шашекең де сол жолға түсті. Денесі қызған сәйгүліктей тоқтар емес. Қырағы көз ақындар қарсыласының тобын бір көргеннен сынап, бағалап үлгереді.

Жамбылдың қасында қыли көз біреу отыр. Мәңке таңқы мұрындау екен. Осы да жеткілікті. Шашубай сырнайын оң иығына бір, сол иығына бір тартып, ұрымтал тұстан килікті.

Бір көзі Сәлижанның қисық екен,
Байбатшаң Мәңке менен пұшық екен.
Болғанда бірің ойқы, бірің шойқы,
Бәрі де бап келісіп отыр екен...

– Шашубай десе Шашубай. Арқаның ақ тұйғыны ғой, – деп Байбұлан айғай салды.

Бұл таптау психологиясы. Қатаған мен Сүйінбай айтысында жарықтық Сүйекеңнің әу баста сөзі тамағына кептеліп сөйлей алмай қалмай ма? Дәл сол күй Жамбылдың басында бар-ды. Жан-жағына қарап, Байбұлан бай тобына көз жүгіртіп отыр.

Шашубай шашасынан жел гулеген жүйріктей құйқылжытады.

Арқада мен айтамын салдығымды,
Мұнда келсем айтамын,
Бақия, Барлыбек, Тұрлыбектей хандығымды.
Қалада осы үшеуі аман болса,
Бұзбайды жандаралдар жарлығымды.

– Жапсаңшы мына арғынның көмейін, – деп Мәңке болыс



қонышынан қамшысын суырып алды. Есіне Тезек төре түсті ме екен? Қараның қызарғаны жаман болады екен. Енді болмаса жарылып кетер... Үні шықпай қалды. Жамбыл жан-жағындағы іркіс-тіркіс отырған адамдарды ары-бері итеріп жіберді де, домбырасына қол салды:

Әй, Шашубай, сен бір Арқадан қашып келген жалаң аяқ,
Жел сөзді не қылайын сенен аяп.
Тіліңді аңдап айт та, байқап сөйле,
Тимей ме бүйте берсең, саған таяқ.

Шашужан, сен Көкшетау, Қызылжардан келіп жүрсің,
Дидарын жақсылардың көріп жүрсің.
Аузыңда өлең деген мәлегің бар,
Әркімге сөйлеп-сөйлеп беріп жүрсің.

Шашужан, мен алдынан жақсылардың өтуші едім,
Мен дағы қуғанымды жетуші едім.
Ұлына Ұлы жүздің тіл тигізбе,
Жылына бір күн көріп кетуші едің.

Шашужан, мақтанбағың, Арқадан мен көрген арғын,
Бұл жерге бай боп жатыр келген арғын.
Келді де Жетісуға байып кетті,
Арқада біз таба алмай жүрген арғын.

Шашужан, бастапта Байбұлан келіп еді,
Мінгесіп қарала атқа.
Қос тігіп Алматы Тастағында үш жыл жатты,
Елімнің кеңшілігін сонан байқа.
Алсын деп тері-терсек аралатты,
Мұнымен Байбұланың тыныш жатпай,
Қикақтап қарала ат пен атын сатты.
Жуындымен бай болған Байбұланның,
Қойшысымен айтысқан байлар құсап,
Айтқаным жақсылығымды жарамас-ты.

Шашужан, мұнда келсе мақтайды Барлыбек, Бақиясын
Сайлауға шықсаң екі көзің төбенде ақиясын,

Әсте жоқ мұсылманға жақындығың,
Орыстың баса киіп тақиясын.

Құдайдың өзі патша, өзі құдай,
Бір жерден алар тауып ақиясын.
Су орнына ішкенің арақ, боза,
Тозақтың ортасында отырарсың,
Дініңе кесек атқан сұрқиясың...

Өлеңнің соңы айтылмады. Арақ пен бозаға сылқия тойып алған орыс киімді Бақия Жамбылға тұра ұмтылады. Мәнке Жамбылды көлегейлеп, қарсы шықты. Дастарқан қалды тапталып, төбелесу қамшыласуға ұласты. Арашалаған ағайын Жамбыл тобын бір үйге, Шашубай тобын бір үйге түсірді. Бірақ келісті қонақасы болмады. Бірақ Байбұлан бай істі насырға шаптырған жоқ.

– Тамашамыз талапай болды. Ниет түзу еді. Бозадағы сөз болса да бауыздау сөз болды. Ұлы жүздің баласы үй менікі, жол сіздердікі, – деп 40 сом айыппұл төлейді.

Шын ақындар бір-бірінің қадірін біледі. Олар төс қағыстырып дос болды. Арқаның әні Шашубайдың сүйікті әніне айналып, Жетісудың сырлы әні Арқаға тарап жатты.

БАЛУАН ШОЛАҚ

– Манақ келді, Манақ...

Жамбылдың құлағына бұл хабар жайлы тиді. Өйткені ол жас еді, құлағдар еді. Қазақ даласының кеңдігі шығар, Жетісуға жаз жайлау кезінде жан-жақтан ақындар мен сал-серілер келіп жататын. Ал ақын үшін дүрмектің, көрмектің орны бөлек. Манақ келді дегенше, жақсы хабар келді дей бер.

Жамбылдың айтқаны айдай келді. Манақ сәлемін берісімен, жөн сұраспай-ақ әңгімесін ағытсын.

– Арқаның қақ төрінен Балуан шолақ келіпті.

– Е, жолбарыстың аузын айырған Балуан шолақ па?

– Жолбарысын білмеймін, орыстың жандаралының жанын жаһаннамға жіберіпті.

– Е, қашқын десеңші...

– Болса болар. Өз елін паналап келгені де...

– Өз елің не?



– Дүние бұрандаған бір қисық жол. Баяғыда арқаға ауған Сары үйсін екен.

– Сонда қайда түсіпті...

– Сары үйсін Қалидың ауылында...

Жамбыл әлі демін баса алмай тұрған Манақты қасына отырғызды. Ол салқын сары қымыздың бір шарасын басына бір-ақ көтерді. Сонан соң:

– Тұқымға тартпай қоюшы ма еді? Бізді қақпақыл тас құрлы көрмейтін Қали палуанның өзін Балуан шолақ оңына бір, солына бір қойып отыр. Апырмай, мұндай қарулы адамды көргенім осы... Балуан шолақты көрген де арманда, көрмеген де... Дауысын айтпай-ақ қояйын. Туылдырық көтеріліп кете ме деп қалдым.

Мұны естіген соң Жамбылда дегбір қалмады. Көкшетаудан келген Балуан шолаққа сәлем беру керек. Ата салты осы. Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем бергені абзал.

– Мақыш пен Сәдібекті шақырындар. Аттарды әзірлендер. Таңғы салқынмен шығамыз.

Мақыш пен Сәдібек аттары шыққан ақын әрі балуан еді. Құс салып, ит қосып дегендей думанды даланың серілеріне ұқсап жүретін өнерлері бар еді.

Сарыүйсін сонау Балқаш көлдің сағасына жақын Күрті бойындағы Топар өңірін мекендейтін. Арысы Шу, берісі Құйған жағында тұрады. Арқа мен Жетісудың жамырай аққан өзен-көлдерін тұрақтап жүрген, ата қонысты елі.

Жолай екі таң асырып, Топарға келгенде дүние-дәуреннің үстінен шықты. Алтыбақан құрылып, қазан-қазан ет асылып, саба-саба қымыз сапырылып, той-думан қызған шағы екен.

Айым да сен, Ғалия, күнім де сен,
Оң қабағым тартады күлімдесең.
Келмейді деп, Ғалия қапаланба,
Амал қанша бір минөт кідірмесем.

Аппақ қардай етіңнен,
Ғалияжан, бетіңнен...
Аппақ қардай тамағың,
Күлімдейді қабағың...

Балуан шолақ десе Балуан шолақ екен. Жамбылды құшақтағанда тұрымтайдай күй кешті.

Алатаудың Жамбылы,
Сарыарқаның жаңбыры,
Алатаудың бұлбұлы,
Сарыарқаның дүлдүлі.

Мақыш ақын осылай әндетіп, бешпентін шешіп, бұлшық еттерін ойнатып, алаштың екі арысын таныстырғанына мәз болып тұр еді. Әрі белдеспек те ойы бар ма...

Жамбыл домбырасының ұшымен Мақышты жанай түртті. Есті жігіт емес пе, Мақыш қоқиланғанын қоя қойды да:

– Ағамның жағасына жармасқан ойымның айыбы бар. Балуан аға Кержорғаны жолыңызға байладым, – деп Сәдібектің жетегіндегі жорғасының тізгінін алып, мамағашқа байлады.

– Сарыүйсін елім еді, Жетісу жерім еді, – деп Балуан шолақ Мақышты белінен қапсыра құшақтап, бір қолымен атқа қайта дік еткізіп отырғыза салды,

– Жүгеніңе емес, жүрегіңе разымын, – деп Балуан шолақ Мақышты бір көтеріп тастады.

Қайта мал сойылды. Қали Сарыүйсін қаптаған Дулат, Шапыраштыға риза еді. Сол түні ешкім көз ілген жоқ. Балуан шолақ Ғалиясын, Жамбыл Бұрымын айтып, таң атырды. Кездейсоқ кездесіп, кимай қоштасты.


Кененді шақыртып, Балуан шолақтың әнін рахаттана тыңдай отырып, «Өлеңге Жамбыл жүйрік – әнге Кенен» деп той-томалақта Балуан шолақ әнін айтқызбай қоймайды екен. Жамбылдай насихаттаушысы бар Балуан шолақ әні Жетісудың сегіз айғақты әнінің қатарына қосылып еді...

ӨСТЕП ӨСИЕТІ

Ел жайлаудан түсе бастаған. Әдетте бұл қоңыр күздің келгенінен хабар береді. Сондықтан да, жайлау тақырланғанша жылқылы ауыл да, қой-ешкілі ауыл да асықпай, жусаны мен киік оты әрі жапырыла қоймаған Құлансаз, Суықтөбе бойын айналсоқтап, неғұрлым кеш түсуге тырысады.

Ақтер-көктер болып шабарман жеткенде, бәрі елең ете қалған. «Тағы бір сұмдық болғаны ма?». Жау шапқандай иттер абалап, ат үркетіндей не болып қалды?

– Уезден хабар келді, – деді ол екі өкпесін қолына алғандай. Ат емес өзі шауып жеткендей сөйлей алмай тұр.



– Жайшылық па? Қасқыр талаған қойдай көзің ақиып кетіпті ғой, – деді Жамбыл шабарманға.

– Патша ағзамның, ақ патша тұқымының таққа отырып, ел билегеніне 300 жыл болыпты. Соған ұлан-асыр той жасамақ. Алматыда үлкен айтыс. Соған Жамбыл келсін деп пәрмен салды.

– Пәрмен деймісің? Ақынды пәрменмен емес, салтанат сәнмен шақырмаушы ма еді?

– Той десе қу бас домалайды. Игі жақсылардың ішінде Дулат-Шапыраштының игі жақсылары мен ақын-жыраулары бар деседі...

– Шабарман шаба бермей, кім бар, кім жоқ екенін білмеуші ме еді? Бай-шонжарларың белгілі. Ал ақындардан кім бар?

– Кім бар дейсіз бе? Әуелі құдай үшін бір жұтым су беріңдерші...

– Орыс секілді аттың үстінен шоқалақтамай үйге кір. Шайың да, майың да бар. Жөніңді де дұрыстап айт...

Шабарман жайланып отырып, әуелі айран ішіп тостағанды босатты. Сонан соң екі-үш кесе шаймен тамағын жібітті, нан жеп, ұртын майлап алды. Сонан соң «ал сұрай беріңдер» дегендей шегір көзін қадап, әркімді бір шолып шықты.

– Шегірткенің айғырындай шекірейгеніңе болайын. Қашан, кімдер бар?

– Жамбыл аға, Жетісу ақындарының бас ақыны деп Сізге ат шаптырып отырған жоқ па? Алматыда Көктөбенің етегінде Алматы өзенін бойлай үй тігіліп жатыр. Үш жүз үй, оған қызмет көрсететін тағы үш жүз үй. Ордалы ауыл. Үлкен Өстепке болады деп жатыр.

– Шабарманым, жарадың! Тағы не естіп-білгенің бар?

– Ақындарға арнайы ақ боз үй тігіліп жатыр. Айтысқа тағы бір он алты қанат үй бар. Керегесі көтеріліп қойылмақ. Төрт жүз – бес жүз адам айтысты естиді-ау...

– Жөн-ақ екен, кімдер бар сонда?

– Менің білгенім мыналар, Жамбыл аға, Шағатайдан – Шарғын ақын, Меркеден ысты Арқабай Майкөтұлы Мамырайым ақын, Жаныстан Сәдібек Мүсірепұлы, Мұхаметжан, Шүктей ақын, Әлті руынан Қарабек, Әбдіқадыр Қасымбаев, Бұйдас руынан Жанақбай, інісі Кенен Әзірбайұлы бар ғой деймін.

– Қызталақтар, қонысымды алған патшаны мадақтатпақ екен ғой.

... Алматы өзені бойы – бір қала екен. Жыпыр-жыпыр халық. Жамбылдың сөз бастайтын жолы бар. Аты шыққан ақтаңгер. Ең

әуелі бойын дір еткізгені орыстың арағының иісі болды. Бозаға елтіген қазақты да суқаны сүймейді. Ақын келді деп жік-жапар жан болса-шы. Ақындар киіз үйден сытылып шығып, мәз-мейрам топқа кеткен. Сондағысы тамақ қамы. Жамбыл ғана жантайып жатып, көл-көсір алтын ақындарға әзірге бұйыра қоймаған ас мәзіріне жиіркенішпен қарап отыр.

Осы кезде қылыш асынған оқалы әскери киімді біреу кіріп келді. Қасында жандаралдың тілмашы Бақия Сырттанұлы мен Ояздың тілмашы Тергеусізов бар. Лихановтың көзі қанталап кеткен. Тамақ іздеп кеткен ақындарды сұрады. Бұл Жамбылдың қытығына тиді.

– Бір үйде қамалып, ақын қалай омалып отырады. Кетті де тамақ іздеп.

Шала мас Лиханов бұл сөздерді естіген соң тіпті құтырған иттей Жамбылға тап беріп, қолын көтерді. Мұндайды күтпеген Жамбыл орнынан атып тұрып, тұра ұмтылды. Бағанадан бері сөзге жарамай тұрған Бақия мен Тергеусізов қаумалап, Жамбылды құшақтай алды.

– Қайтесің оны. Сүйекең айтқан «орыс та болса қонысың» ғой. Онiкi мастық қой, – деп шыр ете түсті Бақия.

– Суын құйып, б...-ын жалап жүрген соң басқа не дерсің? Ары кет, – деп Жамбыл Бақияны итеріп жіберді де, домбырасын алып:

Әділі жоқ ояздар,
Әділетін бұрады.
Ақталықты айналып,
Есігінде тұрады.
Жазығы жоқ Жамбылды,
Төбеге келіп ұрады, –

деп төгіп-төгіп жібереді.

Осы кезде үйге мұрнынан қан ағып, бір көзі соқыр Шарғын ақын кірді. Байғұс ағаштан алмұртты үзіп жегені үшін жазаланыпты...

Бұл Жамбылдың жүрегіне шегедей болып қағылды. 1913 жылдың күзі осылай жанын жаралап, көңіліне қаяу салды. Ол ақын жүрегінен жыр болып құйылды. «Өстепкеде» осылай туды.

Үйсін, Найман саңлағы,
Өстепкеге жиылдың.
Жолдың ұшып шаңдағы,
Алматыға құйылдың.
Елде жүрген егейлер,
Қалада құр үйілдің.



Ұлық көрсең ұйлығып,
Желді күнгі қамыстай,
Жапырылып илдің.
Жүріппіз сыр алыспай,
Жайларыңды түсіндім.
Келтіріңдер намысты,
Бек қорланып күйіндім.
Бүйтіп қызық көргенше,
Өзі жақсы үйімнің.
Шұлғымаймын сендерше,
Керегі жоқ сайыңның.
Қор болмаймын өлгенше,
Өлеңіме-ақ сыйындым!

Өлең ду етіп тарады да кетті. Жамбыл сөзі жатталды. Лиханов Бақия арқылы сый-сияпат жіберіп, ақынның аузын жаппақшы болған. Бірақ Жамбыл өлеңі тепсеңде қалатын сөз емес, өртеңде тұратын өрлі сөз еді. Өстепкеден Жамбыл сый-сияпат емес, абыройына абырой қосып қайтты. Өстепкенің өсиетті сөзі ретінде халық санасында қалып қойды.

ЗІЛДІ БҰЙРЫҚ

Өмір сүрген сайын көре бересің, көрген сайын не дана боласың, не қапа боласың? Жамбыл жетпіске жеткенде тыныш өмір сүрем деп ойлаған. Жағдайы дыйлы, өзі сыйлы. Күңіретіп күй тартып, өткен-кеткенді еске алып, мырс етіп күліп қоятын.

Жамбылды атқа қондырған, айқайлап әнге салдырған 1916 жылдың қаралы бұйрығы еді. Патша соғысы тыйылмады, орыстың жағдайы қиындады. Майданға Ресейдің шеткері аймағындағы бұратана халықтан қара жұмыс үшін 19 бен 31-дің аралығында адам алу жарлығы шықты. Бұл ел ішінде дүмпу туғызды. Онсыз да аз, онсыз да титықтаған халықты жылату патша ағзамға оңай екен. Мұны халыққа түсіндіру үшін ояз тағы да ақындарды Алматыға жинады. Бірақ Жамбыл жүрегі бұл насихаттың опа бермейтінін де, халыққа жақсылық әкелмейтінін де ұқты. «Иә, иә» деп кеткенімен Жамбыл аузынан мүлдем бөлек сөз шықты. Сөз емес-ау кесіп түсер алмас сөз шықты. Ол Бекболат Әшекеев пен Сатай батырдың қолдарына рух берер сөз арнады. Шәкірт інісі Мақыш ақын да

домбыраны сүйеп, қолына сүңгі алды. Жетісу жері қазақ жерінде басталған ұлт-азаттық көтерілісінің қатарына қосылды. Мұндайда ақын сөзі, ақын рухы керек.

Қызығынды көп көрдім,
Қарабастау, Құлансаз.
Күндерімді өткердім,
Сенде жүріп ұзақ жаз.
Көкорайға жайылған,
Секілді едік үйрек, қаз,
Патша әмірі тарылды,
Оған қылар бар ма ылаж?!

Бірақ ақын күйрек сөздің емес, байрақ сөздің байлауын айтады.

Халықтың еркі кетті баласынан,
Сөзімнің ғибрат қыл сарасынан.
Ақ патша бұйрық қылды солдат бер деп,
Он тоғыз – отыз бірдің арасынан.

Осыған тірі отырып көнеміз бе?
Іріктеп бар боздақты береміз бе?!
Болмаса елдік қылып, тізе қосып,
Батырға қол бастаған ереміз бе?!

Жамбылдың жаны күйзелді. Оған Сатай батырдың ұрыста қаза болғаны қосылды. Бұл аз дегендей Мақыш ақынның атына оқ тиіп, жараланып ол келді. Патша зеңбірегі мен мылтығы қылыш пен шокпарды жайпады. Көтеріліс тапталды. Бекболат Әшекеев дарға тартылды. Бұл қалай да ұрпақ жадында қалуға тиіс. «Зілді бұйрық» толғауы сол Суықтөбе бауырындағы қалың Дулат пен Шапырашты рулары оғландарының ерлігін дәріптеді. Бұл тарихи дерек.

... Ешқайсысы айтпаған соң айғай сап кеп,
Өзі айтты Жандаралдың «Бекболат» деп,
Бекболат бола қалса ту көтерген,
Бұйрық қылды «Дарға асып тарт!» –

деп.

Сол жазалылар қатарында ағайын інілері Қалиқұл мен Байбосын қоса кетіпті. Саттар бауыр оққа ұшты. Бірақ Жамбыл оларды шейіттердің қатарына қосады. Олардың ерлігін жырлайды.

Аттандық ұлығының қонысына,
Елді сорған борсықтай болысына.



Көп ерлер қаза болды жауға аттанып,
Көксеген азаттықтың соғысында.

Би, болысты тәңірі атты,
Ел қорғауға жарамай.
...Енді ойласақ не қалды,
Ата жұрттан кету бар,
Жолға тігіп не жанды,
Тәуекелге беку бар!

Жамбыл жігерлі сөз айтты. Бұл өлең ауылдан ауылға жетті. Енді Жамбыл жай ақын ғана емес, рухшыл, көтерілісшіл ақындардың санатына кірді.

Халық сөзін сөйлейтін ұлдарын халықтың өзі көтеріп алатыны осыдан ғой. Жәкеннің «Жамбыл менің жай атым, халық менің шын атым» деуі жарасымды.

ЖАМБЫЛ ҚОЖАШҚА ӨЗ ДОМБЫРАСЫН НЕГЕ БЕРМЕДІ?

Жамбыл өлең сөздің киесін білді. Өлең оны асырады, өлең оны асқақтатты, өлең оның жан серігіне айналды. «Ой қозғаған домбыра, сөз қозғаған домбыра» кім көрінгеннің қолына ұстата салар мал-дәулет емес. Оны ұстау үшін бақ керек.

Момыннан туған Қожаш әкесіне тартып, өлеңге таласып жүрді. Домбырасы да, дауысы да байыпты. Жыр-дастандарды да жақсы айтады. Бірақ Жамбыл өз өмірін ойлайды да, өлеңнің адам асырай алмайтын шағы келгенін іштей сезген. Әсіресе, 1918 жылғы Жетісудағы жұт Суықтөбе бойына қатты тиді. Бұл кезде Жамбыл жетпістің екісіне келіп, өлеңнен гөрі көгенге көбірек көз салып жүрген шағы еді.

Қожаштың өлеңді серік етуіне іштей қарсы болды. Ел аралап, ағайын жағалап, өлең айтып мал жинау келмеске кетіп барады. Ауылдағы аш жыландай сумаңдаған сөздерді Жамбыл естімейді деймісің, естиді.

– Домбырасын баласы Қожашқа батасын беріп ұстататын уақыты келді ғой.

– Өлеңімді өлгенше серік етем, домбырамды ешкімге бермеймін. Домбырам баламнан да ыстық.

– Жамбыл сараң, өлеңді баласына да қимайды.

Бірақ Жамбыл сияқты өлең қасиетін бұлар түсіне ме? Опай-топай заман. Өлең қуғанша мал жинасын. Жападан қалған Жамбыл-ақ өлеңнің отын жақсын. Әйтпесе, Қожаштың қаны өлең десе қозатынын Жамбыл білмейді деймісің? Қожаштың да өмірі өзіне ұқсас. Ағайыны Бимембеттің еркекшора қызы Сәулетаймен Қожаштың айтысы, ағайынның арасы ашыла жаздап тұрғаны Жамбылды аландатады. Жеті атаға толмаған. Сол айтысты Жамбыл жатқа біледі. Өз тағдырымен тағдырлас мұңды сезеді.

Қожаш:

... Өтіпті талай ғашық зарлы мендей,
Өмірін бір жасауға шарты келмей.
Осы жұрт Қозы Көрпеш – Баян дейді,
Мені мен болды ма екен о да сендей?
Қолынан бар келгені өлең болып,
Сарнаған зарын төгіп, тіл мен көмей...

Сәулетай:

Көрсеткен көптен ыстық жұлдызыңды,
Жаратқан жер мен көкті құдайым да.
Жат жұртқа жазды мені тәңір деген,
Кететін амалым не, ылажым не?

Қожаш:

Қырғындай қызық емес қыздың тойы,
Қайғы мен мұң байланған өмір бойы.
Жалғанда жаным сүйген сәулем едің,
Өзіндей қайдан болсын қара торы...

Сәулетай:

Артына өмір шіркін қайырылмады,
Өзіме жолдасымды сай қылмады.
Мақтаншақ малға сенген баға білмес,
Сүймейді жас жүрегім бай мырзаны.

Сүйек сырқыратар бұл жағдай Жамбылға жақсы таныс. Сүйгеніне қосыла алмаған жалғыз Қожаш па екен?! Бірақ киелі өнер өзі келіп қонады. Батаны ер көтереді, ал өнер мен ақындық батырлықпен пара-пар. Киелі ақындық не тауып қонады, не ауып қонады. Жұрт мұны қайдан білсін?

Қожаш өмір салмағын көтерсе де, домбыра салмағын көтере ала ма? Баласынан әке несін аясын?! Жанын да береді. Қожаштың



ақылы да осында. Ол әке алдында жығылып, өзінің Сүйінбай аға алдына құлағаны секілді бата сұрамады.

Ақылы бар ғой Қожаштың...

Өзегін өртеген Қожаш 1932 жылы ашаршылықта опат болды.

ҚҰЛАҒЫМДА ТҰРАДЫ ОСЫ ДАУЫСЫҢ ...

Жамбыл баба көзі жұмылғанша өмірге, сұлулыққа ғашық болып өтті. Ол қазақтың ежелгі, дәстүрлі әзіл-қалжыңын берік ұстанып, жасының ұлғайғанына қарамастан сөз қағыстырып, сөз жарыстырып жүрген. Бұл қазақтың ауыз әдебиетінің озық үлгісі. Ал көңіл – өмір өлшеуіші. Өмірдің ең қиын сәтінің өзінде іңкәр сезімге жол таба алатын адам бақытты. Әсіресе, өнер адамы үшін. Сондықтан да Жамбыл тәтемнің тағдырындағы сыйластық сезімінен туындаған сәттер де қызық. Бұл Жәкеңнің ақындық табиғатын тануға мүмкіндік береді.

... Нұрилла ақын туралы аңыз көп. Бірақ оның ақындық өнерді жоғары қойып, сөзге қызмет етудің үлгісі болғанын көп адам біле бермейді.

Мәртай – менің анам. Өмірде жесірліктің ащы дәмін татты. Бірақ мойымады. Бізді, Уәли ағамыз екеуімізді оқытты. Анам керемет құрақ құрайтын. Кезінде айтысқа түскен. Аңыз-жырларды, ертегілерді көп білетін. Мен сол жырларды анамнан естідім. Санамда қалып қойды. Соның бірі Нұрилла ақын туралы болушы еді.

Шешемнің айтуына қарағанда, Нұриллаға ақындық бесігінде түскен. Жылағанының өзі ән секілді шығады екен. Сол Нұрилла айтыста алдына жан салмай аты дүркіреп шыққан көрінеді. «Кенен ақын, келген ақын, кедей ақын» деп сал-сері Кенен Әзірбаевты тұқыртқан. Бірақ оған көз тиді, жанып кетті, – деп отыратын.

Бала кезімде «көз тию», «жанып кетті» дегенді түсінбейсің. Аса мән бере де бермейсің. Кейін әдебиетке келген соң, ақындық күйік екенін түсіндік қой.

Жамбыл тағдырындағы Нұрилла ақын кім? Осы төңіректе біраз ізденіс жасауға тура келді. Осылай Жамбыл ақынның әйел тағдырына ерекше мән бергенін, жүрегін сыздатқанын түсінесің. Нұриланы Жамбыл 1919 жылы жаз жайлауда көреді. Бұл кезде Жәкең жетпістің үшеуіне келген ақсақал болатын.

Бірақ домбырасы сүйеуге қойылмаған, аға Жамбылдан дара Жамбылға көтерілген сара шақта болатын. Үзіп-жұлқып өзі кірмей, даналықпен шешім айтар құрметіне бөленген шақ.

Дулат Қасым Ысмайылұлы бір балаға зарығып жүріп, алпыс жасында ұлды болады. Сол шілдехана тойына Жетісудың ақындары жиналады. Қасымның зарығып көрген ұлдан аянары жоқ. Сауын айтты, 60 үй тікті. Екі күн той тойланып, ат жарыстырып, көкпар тартылып, жұрт мәре-сәре болады. Тойға Жамбыл, Бармақ, Кенен, Шүкітай, Үмбетәлі ақын қатысып, арнау жыр айтылып, ән шарықтап, күй тартылып, той-думан тарқайды. Әр ақынға бір-бір байтал беріледі. Енді көшкен ауылдай жұртта қалған қиын-ақ екен. Қасым да, ақындар да бір-бірін қимай, қош айтыса алмай отырады.

– Қонаққәде деген бар. Әй, Қасым неге жөн сұрамайсың? – деп Үмбетәлі Кәрібаев, домбырасын алып өлендете жөнеледі:

... Бұл Үмбет жалықпайды сапылдауға,
Менімен айтысқандай қатын бар ма?!

Қасым тосылып қалды. Бесті қымызға бөккен ақын бір-бірімен сөз жарыстырып көріп еді, берекесіз болды.

– Қасеке, Жанту ағайынның Нұрилла ақыны бар емес пе? Қияқтың келіншегі. Пәуеске жіберейін. Екі-ақ сағаттық жол емес пе?

Ауылдың сөзі орақты, Зинаділі орынды ұсыныс айтқанда жұрт мұны дұрыс деп шешті. Әрі Нұриланы алып келуге Зинаділі, Табылтай, Иманбай деген беделді ағайынды қосады.

Нұрилла он бір ақынды құлата жеңіп, айтыскер келін аталып кеткен. Жаныс көп пе, қамыс көп пе? – деген өскен елдің қызы. Арыдан тартса Төле бидің тұқымы, беріден келсе Ноғайбай бидің қарындасы. Жақыннан тартса Кененнің қандасы. Күйеуі Қияқ Сәтбаев та алыс емес. Дулаттың Ботбайы.

Үмбетәлі Кәрібаев Шапыраштының Айқым руынан шыққан кеуделі ақын. Нұрилла ақынға кісі жібергенде, Үмбетәлі 32-дегі отты жігіт еді. Ал Бармақ ақын Шу бойының Сәмбеті, 35-тегі жігіт ағасы. Кенен болса ұзынтұра, атжақты ақын-әнші болатын. 37-дегі сәйгүлік аттай тықыршыған кезі. Бұлар ілінерге қара таба алмауы осыдан болса керек-ті.

Шақырушы топ кіріп келгенде, Нұрилла бала емізіп отыр екен.

Шүкітай ақын серілігімен аты шыққан. Суырып салма



ақындығынан гөрі әншілігі мығым. Шамалған өлкесінің Орынбеті, елуге ентелеген шағы. Бұл кезде олар жас та емес, жасамыс та емес, ақыл тоқтатқан, жігіттік желігі басылған шақта еді. Бірақ ақындық адамды қартайтпайды. Өзі де, сөзі де қалмаған кез. Қыстан қысылып шыққан жұрт, жаз жайлау – қызық дәурен.

Нұриланьң босанғанына үш-ақ күн болған. Белі қатпаған шақ. Буыны босап, аналық өңін ашып, сұлу жүзі одан әрі нұрланып отыр.

– Ағалар-ау, үш күн болды. Енді не істеймін. Жамбыл аға шақыртса не дерім бар... Обал емес пе, ақ ауыз сәбиге.

– Барасың да қайтасың. Қайта әкеліп саламыз. Тойдырып емізіп кетсең, тойған қозыдай ұйықтай бермей ме, бәтшағар...

Жиырма бестің желігі ме, жыр жампозы Жамбылдың пірі ме, әйтеуір Нұрила «жок» дей алмады. Қияққа қиылып қарады, бұл жерде қара сөз жүрмейді, киелі өлең жүреді.

Бар десе менің байым бата берер,
Құндақта бөпем әзір жата берер.
Қынжылмай осы айтысқа жіберсеңші,
Бір түнгі азар болса ұйқың өлер.
Нәр берер нәрестеге құдай шебер...

Өлең мен өнер тіршіліктің де, аналық ақ тілекті де жеңді. Белін белбеуленіп келген Нұрила кіріп келгеннен дауылды жыр туғызды.

... Жолдаспын өмір серік өлеңменен,
Қызықтан өнер қаздым тебенменен.
Кененді бір көруге құмар едім,
Атақты әншіл ақын дегенменен.

Жеңіп ем былтыр ғана Арғынбайды,
Осы үйде домбырасы даңғырлайды.
Мен бар жерде айтпастай болып еді,
Әйткенмен, ақын шіркін, ар қылмайды.

Нұрила осылай той тамашалап отырған ақындар Оспан мен Мақышты, Шүкітайды, Жартыбайды, Үмбетәлі мен Бармақты шайнап тастайды...

Ортамызда ежелгі жырау отыр,
Барлық ақын бас қосқан мынау отыр.
Сіз тыңда сізден соңғы айтысалық,
Жай бізді Жамбыл ата сынап отыр.

– Орынды сөз орнын табады. – Ал, жабылып көріндер, – деп Жамбыл бас шұлғыды.

«Ақындықтың әр түрін байқасармыз» деп Шүкітай жол береді. «Әнші басқа, әртүрлі ақын басқа, менің мұндай жарысқа мәнім бар ма?» – деп Кенен жол берді. Қатын ақын іздеген Үмбетәлінің құдайы берді. Жекпе-жек қалды.

«Аттан байтал аптығып озған емес, Сұрамаспын сондықтан сенен сауға» деп Нұриланы кемсіте сөйлеп, ұрғашылығын бетіне басқандай болады. Бірақ сасатын Нұрила ма? «Екі сөзге келмей-ақ еркектендің, Сөз жақсысын білмейтін тентек пе едің? Ақын десем, шіркін-ай, әңгі ме едің? Әңгіменің будасын дәмді жерін». Сұлу сөз, көрік теңеу құйылып жатыр.

Жамбыл Нұрилаға риза болып отыр. Құндақтаулы баласын тастап мына ақын елітіп отыр, маңын ерітіп отыр. Бала да, бай да ұмыт. Әбден ішкүса боп айтысты аңсап қалған ғой...

Үмбетәлі:

Шешен десем, Нүрік-ау, шатпақ па едің?
Сұлу десем, сұмпайы сатпақ па едің?
Аты шыққан әйгілі жорға десем,
Арқасына ер батқан ақсақ па едің?..

Нұрила:

... Құдайдың білесің бе қылы тапшы,
Жалпы көпке жетеді қайдан жақсы?
Ақынның атағына кір жұққызып,
Ел қыдырған диуана сен бір бақсы...

Айтыс қызып барады. Бәрі анталасып «енді Үмбетәлі не дер екен, енді Нұрила қалай жауап береді», – деп екі ақынға тесіле қарап, әр сөзді қағыс жібермей жаттап отыр. Ертең бұл ақын жыры Жетісуға тарайды да кетеді. Шіркіннің, бір сөзі өзгермейді-ау. Кейде таратушы адам айтушыға ағайындас болса, өз тарапынан өңдеп жіберетіні бар. Бірақ мұны куәгерлер жоққа шығарып келесі бір айтыста түзеп береді. Даланың осындай асыл заңы да бар.

Үмбетәлі:

Азар болып шығарсың долы қатын,
Долы менен перінің жолы жақын.
Іздеген мақсатына жетпей қоймас,
Бір асқанға бір тосқан жолығатын.



Нұрила:

Салтымнан самғағанда адаспаймын,
Саналы болса сөзің таласпаймын.
Бойында шықпай жүрген ұшығың бар,
Өлеңмен оңды тарта аластаймын.

Жәкең бұл айтысқа қызықтап қарап отыр. Тенеу жағынан, салмақты ой жағынан да Нұрила Үмбетәліні ығыстырып отыр. Әсіресе, «қатыннан айырмасы жоқ көселігі, шала піскен қауындай» деп кескіндеуі келісті-ақ. Осы жерден айтыстың тоқтағаны жөн. Жеңілген адам жан себелеп кететіні бар. Үмбетәлі соның күйін кешіп отыр. Жамбыл домбырасын алып, қолын көтерді. Осы кезде Нұрила жұрт назарын Жамбылға аударды.

Ал, Жәке, Үмбетәлі тері тұлып,
Қаупитқан ішіне бір сабан тығып.
Түбінде бір керегі болар десен,
Апарып босағаға қойғың іліп.

Қару өлең бұл сөзге қайдан тапсын,
Жүйрігінің Нұрила басын тартсын.
Кім жеңді осы арада, кім жеңілді,
Қазылық енді осыған Жәкең айтсын...

... Нұрила ақын емес пе? Қорқынышы да бар. Жәкең бұра тартып Шапырашты жағына шығып кете ме деген қаупі де жоқ емес-ті. Сондықтан да, әділдік сұрады. Жамбылдың да бұра тартпай тура сөйлейтініне сенді.

Жан қысылым деген осы. Сүтке толған Нұриланың төсі әнге иіп, омырауы сүт боп кетті. Қатын-қалаш та, жігіт-мігітте мынандай сәтті естіп те, көзбен көрген де емес. Айтыс үшін үш күндік баласын тастап келген Нұрилада ес жоқ-ау, сірә...

Жамбыл:

Жамбыл сөзін бастаса бастан айтар,
Түйіп түгел соңына тастап айтар.
Бақ берген маңдайына бас бармақтай,
Жүлде алады әр жерде жүйрік байтал.

Бағасы жанса байталдың бағасыздар,
Адасқанын Үмбеттің байқады ол.
Бұл жердегі айтыстың кезегінен,
Нұрилаға беретін тенеуім сол.

Жүйрік озды жүйріктен құлаштаған,
Көрген жұрт мөріменен растаған.
Кәрі демей, жас демей айтысатын,
Сүйінбайдан соңғыға мирас қалған...

– Әділін айтпаса Жамбыл бола ма?

– Тура биде туған жоқ.

Ту бие әкелінді. Жамбыл Нұриланьң жолын бергізді. Ағылып тұрған ақын қызға әйел деп емес, ақын деп делебесі қозып отыр. Бірді-екілі сөз жарыстырса қайтер еді...

Жамбыл:

Тамаша үшін осындай бас қосқанда,
Сөкет болмас айтысқан кәріменен.
Бала күнгі әндерім ескі жолдас,
Ада-күде кеткен жоқ әлі менен.

Нұрила:

Дауысыңды неше қилы әсемдейсіз,
Желдетіп дауылыңнан бәсендейсіз.
Сіздің бетке мен қарсы тұра алмаймын,
Әлдилеп алдына алған әкемдейсіз.

Нұрила «Теңдесе алман сізге мен жасым кіші, Босанғалы болып ед маған үш күн, Бөбегіме ағатай, мені жібер» деп әдептен аспай рұқсат сұрайды. Жамбыл: «Мұндай бала көргем жоқ, өткір тілге. Сөзіңнен сорғалаған тамады алтын. Тербеткен жүрегімді жас баладай, Құлағымда тұрады осы даусың» деп балаң «қаратабан болғанда үйге кел» деп батасын беріп шығарады.


Анам Мәртай айтады. Нұрила үйіне келіп мұрттай ұшады. Үш күн, үш түн қызуы көтеріліп сандырақтай бастайды.

Айтысты талай ақын арыстандай,
Қолма-қол жағаласып алысқандай.
Мен жүйрік, мен де дүлдүл деген сабаз,
Жеңіліп кеткені жоқ намыстанбай.

Сүзек те, басқа да пәле емес. Сұқ тиген, көз тиген Нұрилаға. Үш күннен соң дүние салған асыл-ау. Ту биесі қонақасына сойылыпты. «Көз жаман... сөз жаман».

Жамбыл Нұриланьң өлгенін естігенде қатты өкініпті. «Дауысы көкке жетіп, аспан жарған» еді деп Нұриланьң нағыз ақын екенін топ алдында айтады екен.

Жамбыл таныған Нұрила ақын өмірі мен өлімі тым аянышты...



ҚЫРҒЫЗ АСҚАН ЕКІ ЖЫЛ

Дүние шайқалып, Кеңестер Одағы құрылды. Бұл дүбірдің жақсылығы мен жамандығы қатар жүрді. Енді ескімен күрес басталды. Жаңа қоғам орнықты. Жұрт жақсылыққа жеттік деп жатты. Кешегі кедей бай болды, кешегі бай ата қонысты тастап дал болды. Атылғаны бар, асылғаны бар, ағайын арасы бүлініп, колхоз құрылып, әйтеуір төңкерістің тіні қазаққа бүйідей тиді.

Әр заманның сұрқылтайы, әр уақыттың белсендісі бар. Байлар конфескеге ұшырап, еңбек біріктіру серіктестігі құрылып жатты. Жамбыл бірден ат ойнатып, жаңа заманның жыршысы болды десек тарихқа да, Жәкең рухына да қиянат жасағандық болар еді. 1929 жылы Жамбыл жиырмаға тарта жылқысын қосып, колхозға мүшелікке өтті.

Алмағайып заманның өз белсендісі бар. Жамбыл жыры тосаңсып қалған кез. Жас та болса келіп қалды. Домбырасын алып, ауыл аралап кететін күндер де азайған. Оның үстіне Кеңес үкіметін жұрттың бәрі бірдей қабылдай алмады. Астыртын топтар құрылып жатты. «Қатын да, мал да ортақ» болады екен деген сөз гулеп тұр. Іріткі түскен жерде ірің бар. Жаңа заманға қарсы насихат жұмыстары қоса жүргізілді.

Кеңес саясаты да зорлықпен орныға бастады. Асыра сілтеу басталды. Қазақ шіркін бір-бірін көрсетіп домалақ арыз түсірді. Ағайын арасы ашылды. Бір-бірінен үрке қарап, бір пәлесі тиіп кетер дегендей аулақтап жүреді. Бұл Жамбылға да оңай тиген жоқ. Шолақ белсенділер шолтандап шықты. Қалабай сынды қарадан шығып, шолақ белсенді атанған адамдар аз емес-ті. Олардың орақ сөздері Жамбылға да оқ болып атылып жатты. Кешегі бай-манаптармен табақтас болды, мадақтаудан да құр алақан емес. Бұл да халық жауы дегендей сөздер Жамбылға шаншудай қадалды. Қанды шеңгел алқымға таянып келе жатты. Жамбыл ұлдары Тезекбай, Алғадай, Қожашты, ағасының баласы Сатышты алды да, бір түнде қырғыз асып кетті.

Қырғыз ел екен. Жамбыл аздаған малын бағып, үш жыл жан сауғалады.

– Кеңес үкіметі кең екен.

– Жаңа үкімет бәрін теңестірді. Енді бай да, кедей де жоқ, отырықшы кәсіпке үйретеді.

– Сыртка кеткендерді сый күтіп тұр. Ел іші – кеніш.

Елді сағынып, итқұса боп жүрген Жамбылға мұндай хабарлар жүрегіне жылы тиді. Үш жылдан соң ауылға қайта көшіп келді.

Жамбылды бірден Нұрбек Сазанбайұлының үйіне түсірді. Мұнда азық беру пункті бар екен.

Ескі үйін жөндеп, ақтап, қатарға қосыла бастады. Жылай білген халық, күле де біледі екен. Шырайы кірген елдің тұрмысы Жамбылға жаңа қуат берді. Шақырып ән айтқызу қайта басталды. Қасымбек Арғынбаев деген көзі қарақты жігіт екен. Халықты жинап, Жамбыл жырын төкті.

Жауларды ел қарғаған жамандадым,
Манапқа жақсы сөзді таба алмадым.
Аз сөзім бай, манапқа арналғанда,
Жалтақтап, ел не дер деп аландадым.

Келгенде жеме-жемге елде қалдым,
Шалшыққа шатылмадым, көлде қалдым.
Шалқардың шалқып жүзген мен аққуы
Келмеді сасық шалшық жерде қалғым.

Халық ерке Жамбылды, серке Жамбылды өз жүрегінің төріне шығарды. Заман да өзгерді, Жамбылдың өлеңі де өзгерді. Ақын заманымен жасайды. Жамбылдың нағыз ақындық заманы басталды.

КӨК ЕСЕК ТУРАЛЫ ХИКАЯ...

Жапа атышулы атбегі, барымташы еді. Сондықтан да, Жамбыл бала жасынан атқа қонды. Тақымы талай асауды жуасытты. Небір жүйрік мінді. Үш жыл Қырғызды күнкөріс, талшық еткен Жамбыл отбасы елге жаяу-жалпы келгені рас еді. Ол күндері ешкім алшаң басып жүрмеген. Жамбыл Қастек баурайындағы Талапты ауылына жаяу келіп ән айтады. Дастандарын жырлайды. Кепе сойылып, қонақ болады.

Әбдіқадыр Бабажанов көзі қарақты, өзі сауатты, жөн-жоралғыны білетін ауыл азаматы еді. Әрі Жамбылдың аталас туысы. Бүкіл ауыл тік тұрып күтті. Енді Қастектің сағасынан Шитайсайға дейін Жамбыл ата жаяу бармақ. Не істеу керек?



Колхоздың бір атын берсе, басы кетеді. Әйтеуір екі аяққа сеп қой деп, өзінің көк есегін көлденең тартты.

– Келгеніңде келерсің кеудең толып,

Кетеріңде кетерсің бөксең солыптың кері болып тұр, Жамбыл ата. Көк есек берді деп сөкпеңіз, осы есекпен өз бақытыңызды қуып жетесіз.

Әбдіқадырдың айтқаны айдай келді. 1934 жылы ақындар мен әншілердің, өнерпаздардың республикалық жиынына осы көк есекпен келді де, қайтарда:

Уа, термеден сөзді бастайын,

Жас жігерлер алдында.

Топтан озған тарлан ең,

Шабысыңнан тандың ба?

Тұяғың тозып, топас боп,

Китіндеумен қалдың ба?

Шаршы топқа түскенде

Шабысы болар шалдың да, –

деп жырлады.

Жамбылдың дауысы қуатты шықты. Жас өнерпаздар Жамбылдан бата сұрап жатты. Осылай Жамбыл Алматыға көк есекпен келіп, даңқ пырағына мініп қайтты...

ТУҒАН ЖЕР ТОЛҒАУЫ

Мәскеу Жамбылға қатты ұнады. Аты жер жарған қаланы көрем деп ойлап па екен, Жамбыл. Жаңарған елді көрді жол бойы. Алып құрылыстар көз алдында тұр. Арлы-берлі жүйткіген поездар мемлекеттің қан тамыры сияқты. Жамбылдың да бойына ерекше қуат құйылды. Оның да қан тамырына жан кірді. Көрген көз, естіген құлақ, сезінген жүрек бар. Мұны қалай жырламасқа? Осы жыр Мәскеуде шарықтады. Бұл Жамбылдың жаңа заманға деген ризашылығы еді.

Сталин жолдастың Кремльдегі қабылдауы кезіндегі ілтипаты мүлдем бөлек құрмет емес пе?! Бұл кәрі жүрек, арыстан көңіл Жамбылдың мойынына бір қарыз ілгендей еді. Жамбылда жырдан артық не бар? Сталин жолдасқа жыр шапан жапса несі айып?! Ақын жүрегінде жыр жолдары моншақтай тізіліп, арнасынан асып тұр еді. Зал төріне Жамбыл осындай ағыл-тегіл көңілмен шығып

еді. Біраз нәрсені жас ақын Әбділдә Тәжібаевтан сұрап алды. Көзі ашылып, көкірек көзі оянды. Домбыра қағылды. Жамбыл жыр ағылды...

Тоқсанға келген жасым бар,
Көпті көрген басым бар...

Жамбыл толғап отыр. Көз алдына қазақ өткен азапты жол тұрды. Қоқанның қоқаңы, Құсбегінің құтыруы, Жәңгірханның жауыздығы, болыстың зіркілі, старшынның сұсы, ауылнайдың азуы, байдың азуы жырға тиек болып жатты. Міне, осындай ит-қорлық өмірдің жұлдызын жаққан кім дерсің? Әрине ол – Ленин, әрине ол – Сталин. Ендеше бұлар халықтың өз батырлары емес пе?

Ленин басшы іңкәрім,
Жырлауға саған сөз жетпес.
Шебер ақын ұстаның,
Пайғамбарға теңеуге
Сүндет, уажап парыздан,
Артық көрдім ұстазын.
Асқар тау биік дер едім,
Көрініп тұр төбесі.
Ақылы дария дер едім,
Бірақ кейде дарияның,
Қайырлайды кемесі.
Шайқалған жүйрік дер едім,
Ат та шаршап болдырар.
Кездесіп жердің белесі,
Домбыраны алғанда
Сталинге тең таппай,
Қиналған Жамбыл жері осы!

Жамбыл есімі Мәскеуден асып, Одаққа ақ көгершін өлең болып ұшып кетті. «Қастек, Қаскелеңнен» асқан дауыс мұхиттардан асты, әлем «Жамбыл», «Жамбыл» десіп жатты. Жамбылдың омырауына «Еңбек қызыл ту» ордені қадалды.

... Жамбылдың көзі жұмулы, көңілі көк кезіп жүр. Осындай бақ берген Аллаға риза, Жамбыл деп алақан соққан халыққа риза, өлеңін пір тұтқан Сүйінбайға риза, қаумалаған қазаққа риза, жаңа заман құрған Ленин мен Сталинге риза. Әрине, дәл осы залда алпыс жылдан кейін өз есімі жаңғырып, 150 жылдығы тойланатынын Жәкең көз алдына елестете алмас еді...



МҰРТЫ ЕДІРЕЙГЕН КІМ?

1936 жыл. Тоқсандағы Жамбылдың кәрілік тобығынан келер емес. Ол әлдебір шал-шауқан құсап үйде жата алмайды. Аты ерттеулі, домбырасы сайлаулы тұрады. Ашаршылықтан тұралаған күндер ұмытыла бастағандай. Той-томалақ жасалып, жұрт ойын-сауық іздей бастады.

– Мәскеуде Қазақстан мәдениетінің он күндігі болады екен.

– Соған бүкіл Қазақстанның өнерпаздарын іздеп, Мырзажігіттің өзі оларды іріктеп жатыр екен...

Сау етіп үйге Қазақстанның игі жақсылары келді.

Онкүндік дүркіреп өтуге тиіс. Бұл Қазақстанның мерейі, бұл Мирзоянның мерейі. Осы жұрт оны бекерден-бекер Мырзажігіт деп атап жүр ме? Және Мәскеуді дүр сілкіндіретін феномен керек. Даңқы жер жарып тұрған Сүлейман Стальский секілді халық ақыны қазақта жоқ па?

Левон Мирзоян Францияда емделіп жатқан жерінен Ораз Исаевқа телефон соқты.

– Онкүндік Қазақстанның атын шығарып қана қоймай, ондағы ақын-әншілердің өнері асқақтап тұрғанын Сталин жолдасқа жан-жақты көрсетуі керек. Советтік ұлт саясатының жеңісі туралы асқақ үнмен Ұлы отанға паш етеміз.

Тапсырма берілді, енді ол орындалуға тиіс. Кім бар? Әрине, Жамбыл!

Халық ағарту комиссариятының төрағасы Темірбек Жүргенов ақын Әбділдә Тәжібаевты Жамбыл ақынды тауып, алып келуге тапсырды.

Әбділдә Тәжібаевтың сақасы алшысынан түсті. Өйткені қиқар шалды көндіру оңай емес. Әйтеуір ілдәлап Алматыға алып келді.

Жамбыл алыс жер жүріп көрмеген. Әрі жас та келіп қалды. Осыларды сылтауратып біраз отырды. Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқанов кіріп келгенде, сөзі де, өңі де өзгеріп сала берді. Шоң қазақ пен Балуан шолақтың өздері келіп сәлем берген соң Жамбыл жайылып түсті. Дауысы да, сөзі де зор шықты.

Ай, мен Жамбылмын, Жамбылмын,

Қара жолдай даңғылмын.

Жастайымнан жан қуып,

Өлең қылдым, қаңғырдым.

Шапқан жерді шаң қылдым,
Айтысқанды таң қылдым,
Тыңдаушымды қандырдым...

Мұхтар «Көрдің бе, қартыңды» дегендей Әбділдәға қарады.

– Өлеңін шұғыл аудартып, «Правдаға» бастыр.

Қазақтың үш арысы Жамбыл ақын даңқына осылай жол салып еді...

...Кремль куранттары соғылып тұр. Қызыл Алаң – Ленин мавзолейі. Жамбыл өте бақытты еді. Кешегі қызы күң, ұлы құл болған қазақ ел болды, елге өң кірді. Тіршілік өзгерді, балалар оқыды. Бұл Ленин саясаты. Сондықтан да, қарт жүрегі шынымен қуанышты. Ол өткен ғасырдың тірі куәгері – зорлықты да, зомбылықты да көрді. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» емей немене? Сондықтан да Жамбыл кешегісі мен бүгінін салыстыруы заңды еді.

Жамбыл ем, кеше кім едім
Дуадақ едім шөлі жоқ,
Аққу едім көлі жоқ,
Сыбызғы едім үні жоқ,
Асыл едім құны жоқ,
Енді, міне, кім болдым,
Елім сүйген жыр болдым.

Мәскеу қонақүйі пейіш секілді көрінді. 12 канат үйің не? Мынау патша сарайы ғой!

– Бұқпантай құсаған бойыңды ұрайын, арқамды езіп жібер...

Қасым Тоғызақов – ақынның әдеби хатшысы. Ол Жамбылдың сөзін елең де қылмайды. Қалжыңдағаны да бар.

– Өлең айтсаңыз, арқаңызды ғана емес, Айсұлуды да әкелем...

Жәкеңнің көңілі көтерілсе бітті әндетеді, тек жазып үлгер... Алдында қою шайы, стол толы жеміс-жидегі, қазы-карта, су-сусын әне... Кешке Ахмет Жұбанов, Күләш Байсейітова, Шара Жиенқұлова, Павел Кузнецов келіп, мұның біразын орталайды. Ахмет күйсандыққа отырады, Күләш «Гәккулетеді». Буынсыз Шара биі қандай? Он екі мүшесі түгел қозғалады.

Жамбыл ақ дамбал-көйлекпен аққудай болып отыр. Үкіметке көнбей, өз бешпентімен келген. Жылы, икемді. Апрель Мәскеу үшін әлі суық. Қары да кете қоймаған. Шайға қанған Жамбыл домбырасын, Қасым қаламын қолға алды.



Күнсіздерге күн болған,
Жер-жүзіне нұр болған,
Ақылдың кені данышпан
Езілгенге қол берген,
Кемтарларға жол берген,
Заманның ері арыстан.
Зират етіп қайтуға,
Жамбыл келді алыстан.
Жер жүзінің кіндігі –
Мавзолейдің тасында.
Жер жүзінің шырағы,
Кремльдің қасында.

Жамбыл жырды төгіп отыр, Қасым үлгеріп жазып отыр. Қандай рух! Қандай күш! Ақындар университеті – халық. Жамбыл сөзі сол халық сөзі. «Социалистік Қазақстан» газеті. 27 мамырда бұл өлеңді «Мавзолей» деп жариялады.

... Кремль. Сталиннің қабылдау кабинеті. Ат шаптырым зал. Левон Исаевич Мирзоян Қазақстан басшысы. Оның қасында «қоқиқаздар», әдебиет пен өнер делегациясы өкілдері қаздай тізіліп тұр. Бір кезде бәрі сымдай тартыла қалды. Қолында қорқоры бар Иосиф Виссарионович аяғын асықпай басып, жүзі жадырап, делегация басшысына келді.

– Аса қадірлі Иосиф Висс...

– Тау халқы әуелі қариясына сәлем береді, Мирзоян мырза. Әлде сіздерде олай емес пе?

– Бізде де сондай, Иосиф...

– Сәлеметсіз бе? – Сталин басын сәл иіп амандасты. Бірақ қолын ұсынған жоқ.

Жамбыл бұл мұрттының кім екенін білген де жоқ. Бірақ иілгенге иілу керек. Жәкең де қос қолын кеудесіне қусырып, ізет жасады.

Делегация Сталиннің соңынан ерді.

– Мына мұрты едірейгенің кім еді? – деп Жамбыл Қасым Тозығақовты түртіп қалды.

Әдейі айтып тұр. Бұл Қасымды сынағаны.

– Жәке-ау, темірдей білек Сталин осы кісі ғой, – деді құлағына сыбырлап.

– Солай ма еді...

Жәкең жымыып күліп қойды.

– Қызынды ұрайын, Сталин десе Сталин екен, жігіт десе жігіт екен, көзі өңменімнен өтіп кете жаздады. Ат ерінді келеді, ер мұрынды келеді, – деп Жәкең басын шайқап-шайқап қойды.

Аудармашы жүгіріп келді. Қасым сөзінің мазмұнын жеткізді. «Джигит» сөзі құлаққа жағымды емес пе? Сталин Жамбылға басын изеп, ризалық танытты.

– Сталин жолдас, Мырзаянның сәлемін алмай, өзі Жамбыл тәтеме амандасты ғой, – деп Қасым Тоғызақов ақын Сәбит Мұқанов пен Мұхтар Әуезовке қарап, сылқ-сылқ күлді.

КРЕМЛЬДЕ НАМАЗ ОҚУҒА БОЛА МА?

Қабылдау жүріп жатты. Сөйлеп жатыр, сөйлеп жатыр. Сөз, сөз. Шіркін-ай бір ауыз өлеңі жоқ. Кенет, Жәкең Қасым Тоғызақовқа:

– Намазым қаза болып барады. Жайнамазымды алып жүр, – деп оңашалау жерге беттеді.

Сталин оққағарлары, Жамбыл мен Қасымды «бүріп» тастады.

– Жамбыл намаз оқиды. Мұсылмандық жолы, – деп Қасым бар орысшасын салып, түсіндіріп жатыр.

Көмекші Сталинмен тілдесіп келді.

– Жамбыл ақынға Кремльде намаз оқуға болады, – депті Сталин жолдас.

Жамбыл асықпай намазын оқып, құдайға құлшылығын жасады.

– Ана шал не істеп жатыр, – деп Михайл Калинин жақтырмай Жамбылға қарады.

– Өз дінінде құлшылық жасап жатыр.

Жамбыл да өзіне тесіле қараған көздірікті адамға ұнатпай қарады. Өзі туралы жағымсыз сөз айтқанын сезіп тұр. Ақын емес пе?

– Әй, қызталақ, мына теке сақалың кім? – деп Жәкең жымың етті. Түрін көрмеген Калининге өлең арнағанына өкінді. Колхоз құрып, қазақтарға көп жақсылық жасады деген соң өлең арнап, тағы да Қазақстанға шақырғаны несі? Осыған бола өзін-өзі айыптауға бола ма? Көңілі таза, пейілі түзу еді? Не істерсің?



ҚЫЗЫМ КЕЛДІ ҚЫЗҒАЛДАҚТАЙ...

Жамбыл қазақ қыздарының өнердегі орнын жоғары бағалаған. Оларды ерекше құрметтеп, еркелетіп жүреді екен. Әсіресе, бұлбұл үнді Күләш Байсейітованы қызым деп еркелетіп, Мәскеуге 1936 жылы мәдениеттің он күндігіне бара жатқанда Күләш келмей таңғы шайын ішпеген.

Қызым келді-ау қасыма қызғалдақтай,
Жүрер ме екен кәрінің сөзі жақпай.
Сені тапқан анаңнан айналайын,
Бір мін жоқ мүсінінде арғымақтай.

Тоқсанында осылай толғанған Жамбыл осал ма? Өмірге ғашық, сұлулыққа ғашық. Өмірдің көз ұшында қалып бара жатқанын біледі. Өкінеді.

Жас болдық, тау құлатып, судай тастық,
Енді бүгін амалсыз қырдан астық.
Батқан күннің таудағы сәулесіндей,
Ұзап кетіп қалыпсың қайран жастық.

Өтті күндер осылай, жастық ұшты жасындай Жамбыл жыры жас болып қала береді.

САРЫ САЙТАН КІМ?

Жамбыл Дихан Әбілевтің үйінде қонақтап жатады. Бірде Қалмақан Әбдіқадыров телефон шалып, Шашубай ақын келіп, Жәкеңе сәлем бергісі келетінін хабарлайды. Жамбыл кіріп келіп Шашубайға:

О, Сайтан қуанамын, тірі ме едің,
Арқамды қоздырар жыр «пірім» едің, –

дейді.

Мен мұны өз анам Мәртайдан сәл басқаша естіп едім.

О, Сайтан қуанамын, тірі ме едің,
Арқамды қоздыратын жырым едің, –

дейді.

Жамбылдың пірі тек Сүйінбай екенін ескерсек, сірә, анамның айтқаны шындыққа жанасымды көрінеді.

Ал Жамбылдың Шашубайды құрметтеп, жақсы көргені тарихтан белгілі. Сырнайын ары-бері созып, кіріп келгенде Жәкең оны сары сайтан деп еркелетеді екен. Сол әдетімен:

– Сөйле, сары сайтан, – деп Жәкең Шашубай алдында құшағын аша қарсы алады. Сонда Шашубай:

Шашубай ескі ақынның «жандаралы»,
Жамбылдың жер шарлады салған әні.
Өзің боп, өзім болып, өзге болып,
Жасасын көк тербетіп ән созғаны, –

деп жырлайды.

ҚАЙТАРЫЛҒАН САЙТАН

Бірде Шашубай ақын Жамбылды тағы іздеп келеді. Сайтанның қасында басқамызды былай қой, «Жөн сөйлеп, жұрт Сайтан» дейді Жәкең. Сонда Шашубай ақын:

Уа, Жамбыл, тие берме, сайтаныма,
Шашубай сөз табады айтарына.
Топ жарып тоқсаныңда сен шыққасын,
Жібердім сайтанымды қайтардым да, –

дейді.

Екі ақын осылай екінші рет көріскен екен.

ЖАМБЫЛ МЕН ЕСТАЙ

Жамбыл жыршы, өлеңші, күйші ғана емес, ән де айтқан сал-серілердің бірі. Тоқсанға келіп, тамағы тозып, үні бәсеңдегені болмаса, жақсы әнді естігенде бүркіттей қомданып, жанары жанданып, әжімді жүзі жадырап кетеді екен. Сондай Жамбылдың әнге қуанған сәті атақты Естай ақынмен кездесуі еді.

...1937 жыл. Нұрпейіс Байғанин, Шашубай, қырғыздың халық ақыны Оспанқұл, Қалмақан Әбдіқадіров, арқадан Естай ақын болады.

Алыстан келген қонақ болған соң Естайды Жамбыл тәтенің қарсысына отырғызады. Жамбылдың оң жағында Нұрпейіс Байғанин, сол жағында Шашубай ақын отырады.

Жәкең, «бұл кім еді?» дегендей бейтаныс жігітке назары ауа береді.

– Бұл кісі атақты Естай әнші, Естай ақын, – деп Дихан Әбілев сөзге араласады.

– Е, Естай ақын сен бе едің? Болсаң боларсың! Бері қасыма келіп отыр...



Бұл сәтті Дихан баба Әбілов былай жазған екен:

– Бұл кісі атақты Естай әнші, Естай ақын! – деп едім. Бәрі Есекеңе ғажаптана, манадан бері көрмей отырғандай-ақ, өте бір сүйіспендікпен таңдана қарайды.

– Е,.. ым-м! Естай сен бе едің? Болсаң боларсың! Бері қасыма келші, – деді Жәкең.

Сыпайы мінез, сырбаз сері Естай Жәкеңе кішіпейілдікпен тілек етіп, отырған орнын өзгертпеді.

– Оң жағыңызда отырған Нүрекең мен сол жағыңыздағы Шашекеңнің иығын сізден айырғаным әдепсіздік болар. Орнымда отыра берейін, Жәке, рұқсат етіңіз!» – деп өтінген еді.

Естай есімі аталғасын, сол Естай өздерінің ортасында Жәкеңнің тұспа-тұс қарсы алдында отырғасын жыршы қауым Естайды тыңдағысы келді.

– Өзінің айтқанын тыңдасақ!

– Сөз бар ма... Айтқызайық...

– «Қорланын» тыңдасақ!

– «Жайқоңыры» да ғажап қой!

Естайдың саусағындағы Қорлан берген мәңгілік махаббат белгісі – күміс жүзік Қорлан боп күлімдеген тәрізді, электр жарығымен шағылыса жалтылдайды. Сырбаз сері Естай ақын әуелі қолындағы жүзікке кәрі көзін жаутаңдата бір қарап қойып, көкірегінде көріне бірге кететін махаббат шерін күрсініп жібергендей «Аһ» деп қалды да әндете жөнелді.

Жамбыл өлеңді де, әнді де керемет түсінетін адам емес пе? Өзінің ғашық жүрегінің аққуына айналған Айкүмісті есіне алды ма екен, әлде Бұрымды ма?!

– Беу, Естай, жаңағы ғашық жыр арманың сені менен де көп жасатады. Сөз – сол... Нағыз Қорланды тыңдағаным осы. Бұл әнді Жамбыл талай тыңдаған. Сенің әніңнің жөні бөлек...

Осы сәт Жамбыл жәке ерекше құлпырып кетіп еді. Жүзі нарттай жанып, жастық желігі қайта оралғандай, шабыттанып отырады.

– Не ұқтыңдар? Ән үнінің әр толқыны, созымы, қайырым уілі, ырғақтары әр сөзінің ботасындай боздап әндетті ғой...

Беу, махаббат, беу, Арман!

Жәкең сөз қадірін де, өнер күдіретін де тамыршыдай терең сезінеді.

– Ей, Естай! Қорланына қанша құмар болсам да сені, сонау Маралды-Ертісіңе мен іздеп бара алмас едім. Сен де мені іздеп

келе қоймас ең. Бәрімізді Алатауда табыстырып, сайраттырып отырған жаңа заман, – деп шоқ сақалын сипап, бата береді.

Жыр алыбы мен ән алыбы бірінші рет, әрі соңғы рет осылай кездесіп еді.

ӘЙУГАЙ

1937 жыл. Алматыдан шыққан поезд Тбилисиге кетіп барады. Арнайы вагон жабдықталып, оның төріне Жәкең отырды. Қасында әдебиет хатшысы Тайыр Жароков пен сері ақын Кенен Әзірбаев бар. Қалған делегация мүшелері басқа вагонда. Шота Руставелийдің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» поэмасының 750 жылдық тойы. Жол ұзақ, ұзын сонар әңгіме. Тайыр өлең оқиды, Кенен әнге салады. Бұл Жамбылға әрине, ұнайды.

– Әй, Кенен, сенің көмекейіңе бұлбұл ұя салған, – деп Жәкең серіктес, ақын інісі Кененге әлсін-әлсін, дүркін-дүркін өлең айтқызып, бір ұйықтап, бір тұрып уақыт өткізеді.

– Тайыр өлеңі дауыл, – деп хатшысына да баға беріп қояды.

– Әлгі, пәпке, Сары бала қайда? Папке деп отырғаны Павель Кузнецов. Аудармашы. Жамбыл жырларын қолма-қол аударып, телеграфпен жіберіп, «Правда» газетінде шығарып жатады. Сондықтан да ол құс ұйқылы. Тез ұйықтайды, тез тұрады.

– Шуға келдік, Шуға келдік...

Ілкіп барып поезд тоқтады. Жұрт жапа-тармағай перронға шығып, сауда жасап жатыр. Үрмелі аспаптар ойнап тұр. Қызыл матаға «Жамбыл Жабаевқа Шу өңірі сәлем жолдайды», «Жамбыл – ақындардың ақыны» секілді сөздер жазылған транспорттар желге желп-желп етеді.

– Мына, қызталақтар, құйысқанға жабысқан б..қ секілді нағып қаптап жүр.

– Жәке-ау, олар сізді қарсы алып тұр. Қошеметтеп жатыр. Вагон терезесінен қол бұлғаңыз.

– Терезеден сығалайтын маймыл ма едім? Далаға шығайық.

Жамбылдың жүзін көрген халықтың у-шуынан дала жаңғырады.

– Балаларым, бауырларым.

Алатау, Кавказ ұласып,
Баурайы бұйрат кең жатыр.
Бақыттың әні асқақтап,
Құлаққа дауысы кеп жатыр.



– Тағы, тағы, Жамбыл баба!

Ауданның игі жақсылары Жәкеңді вагонға қайта кіргізеді. Ас қамдалып қойыпты. Былқылдаған бағлан еті, Шудың шұбаты мен жұпар иісті қымызы-ай...

Поезд ысқырық берді. Отарба алға жылжыды. Жәкең терезеден сыртқа көз тастап отыр. Домбырасын алды. Бір мұңлы ән екен.

Мен Бәйбектің қызы едім, атым Сара,
Күнде келген бәйгеден жеке дара.
Әй-у-гай, у-гәй-ай, а-ю-гай!

– Жәке, мынау бір ғажап ән ғой... кімдікі. Бұл әнде не сыр бар, не құпия бар?

Кенен естіген әнді домбырасына салып, ыңылдап отыр. Ал Жәкең ойланып, көзін жұмып, сонау 1880 жылдың шуақты жазын көз алдына әкелді.

... 1880 жылдың жазы тым ыссы басталды. Күн күйіп, аспаннан жаңбыр тамбай, Шу бойының жазығы ерте сарғайды. Сондықтан да жұрт не де болса Шу бойына ұзақ қалуды ойластырып, өзеннің қос бетін жайлап, малдарын қондандырып алмақ. Қыс қыстау жақтың не болары белгісіз. Жұт болмаса...

Жер тықыр болғанмен, қазақтың көңілі кең. Тойы да, томалағы да бар. Қыз да ұзатылып, келін де түсіріліп, ас та беріліп жатыр. Қайта осындай кезде, мал барда той жасап қалу әркімнің ойында жүр.

Ала жаз алты-жеті той болып, Жамбыл Сара ақынды көріп, ғашық болады. Бірнеше жерде сөз қағыстырып, көз қадасып, сөз байласып қалады. Бірақ қаңғып жүрген кезбе ақынға Бәйбек бай қызын қалай бермек. Жылаған көздің жасы емес, тең боларлық құда керек. Сондай күндердің бірінде Сараға қол жетпесін жас Жамбыл білді де, алып қашуға бекінді. Жиған-терген малдарын ауыстырып, жүйрік те сайлап қойды. Бірақ...

Бірақ Бәйбек атастырған жерге шабарман жіберді. «Қыздан айырылғыларың келмесе, тез әкетіндер».

Апыл-ғұпыл той жасалып, Сара ұзатылды да кетті. Жамбыл келін түскен ауылды торауылдап көп жүрді. Сараның күйеуі оған той-томалақ емес, топ алдына баруға тыйым салды.

Өкініші көп өмір-ай. Ебін тауып екі жас кездесті, мұңдасты, қоштасты. Сара таяққа жығылды. Содан оңалып кете алмады. Бақилық болды. Бұл махабаттан шерлі ән «Ағуғай» қалды.

...Сенің де Саран бар емес пе еді?

Кенен Жамбылдың көңіл-күйін аңдып отыр.

– Жәке, мен Сараны алып қашқанмен, ұстап тұра алмадым ғой. Жоқшылық... Қайтарып бердім.

Жәкең теріс қарап жатып қалды. Не ойлады? Екі ақын екі Сараның күйігімен сол түнді жеке дара өткізді.

Поезд тарс-тұрс кетіп барады.

Әй-у-гай, у-гәй-ай, а-ю-гай...

СӨЗДІҢ НЕСІ ҚИЫН...

Қырғыздың халық ақыны Оспанқұл келгенде, Жәкең ерекше түрленіп, еңсесі көтеріліп, жамбастап жатпай, тік отырады екен.

Жәкең қырғыз асқанда олар алдынан ақ боз үй тігіп, бағлан сойып, ерекше күтеді. Содан болар, амандық-саулық сұрасқан соң, Жамбыл домбырасын алыпты:

...Оспанқұл інім, қырғызым,

Сендер менің қызығым!

Бүкіл қырғыз бауырыма,

Тілеймін өмір қызығын,

Тілеймін өмір ұзынын, –

деп бауыр халыққа жыр шашу арнайды. Содан соң: «Сөздің несі қиын? Саласын табу қиын емес, сарасын табу қиын. Өлең сөз ананың ақ сүті, жүрегінің қаны» деп Оспанқұлға зерделі шапан жауыпты.

ПАЛУАН АҚЫН КІМ?!

Саяділ Керімбеков Жетісу ақындарының ішіндегі орны бөлек, ерен тұлға. Жәкеңнің қасына көп ілесіп, өлең-жырларын халық арасында кең таратып жүрген, өнерлі інілерінің бірі. Әрі Жәкең Саяділді ерекше бағалап, ақындық өнерін танып, ылғи мақтап жүреді екен.

Өз кезегінде Саяділ де «Жамбылдың қасында мен оның тобығына да келмеймін» деп інілік ілтипаттан аспай, көкірек кермей, биязы жүретін ақын болып шықты.

Бірде Жамбыл тәте көңілі жай, алма бақтың ішінде, текемет төселіп, құрақ көрпе салынып, қос жастықты жастанып, әлдебір әуеннің ырғағын айтып отырады. Сонан соң Сүйекеңнің жырына ауады:



... Айтысатын жерлерде,
Сыбағамды бермедім.
Сөзі сұлу болған соң,
Білінді елге зергерім.
Қызыл сағым түлкінің,
Ізіне түсіп зерледім.
Ақындық жолға түскен соң,
Мал менен жаннан безгенмін.

Бір кезде Жәкең басын жастықтан көтеріп, домбырасын ысырып, тік көзін Саяділге қаратып, тосын сұрақ қояды.

– Әй, Саяділ, сендер мені ананы жеңдің, мынаны жеңдің дейсіңдер. Шынында, солай болар. Жамбасқа келгенін жіберген жоқпын. Бірақ осы күнге дейін жығу түгіл, белдесуге де шалдырмай келе жатқан бір палуан ақын бар ғой. Сендер соның кім екенін білесіңдер ме? – деді.

Бұл жауапсыз сұрақ болды. Бәрі аңтарылып бір-біріне қарасты. Жәкеңнің қасына ілескелі бірде-бір ақыннан жеңілген жоқ. Ескі айтыстардың бәрінің Жамбыл жеңімпазы екені туралы халық аузынан тастамай айтып отырады. Ал егер Жамбыл бір жерде сөз жарыста мүлт кетсе, ол хабар жата ма? «Жамбыл түгенбай ақыннан жеңіліпті» деген сөз өрттей қаулап, бүкіл қазақ даласына жайылып кетпей ме?

– Әй, қызгалақтар, соны да білмейсіңдер ме? Палуан ақын кім болушы еді? Ол Сүйекем емес пе?

Бұл Жамбыл тәтеме ғана жарасатын мінез.

АБАЙ АҚЫН ЕМЕС ...

Жетісудың төрінде, Суықтөбенің өрінде жатқан Жамбыл Сарыарқаның самалын жұтқан Абай есімін ерте естіген. Абайдың адамдық қалып, атақты Құнанбайдың баласы екені құлағына ерте жеткен.

...Абайұлы Әбіш ұзақ ауырды. Одессада, Кавказда емделіп, подпоручик қызметімен Тәшкент келеді. Одан соң Верныйға (Алматыға – У.Қ.) келіп ұзақ емделеді.

Әбсәмет Құнанбайдың інісі Жақыптың қызынан туған жиені. Арқадан келген игі жақсылар осы үйге түседі. 1895 жылдың қарашасында Әбіш дүние салып, Алматыда аманат жерленеді.

Әбсәмет Жетісудың игі-жақсыларымен аралас-құралас болған белгілі көпестердің бірі еді. Жамбыл оның үйінде бірнеше мәрте болып, өлең айтқан.

1896 жылы жұрт аяғы кеңіген кезде Мағауия Абайұлы, Ысқақ Салтбаев, Тәнеке Байтуаров Семейден келіп, Әбіштің аманат денесін қазып алып, атақонысқа алып кетпек болады.

«Ел құлағы елу» деген. Осы хабарды естігенде, Жамбыл Сәт болыс екеуі келіп, Мағауияға көңіл айтады. Қаралы көш аттанар алдында, Жамбыл қолына домбырасын алады:

Сәлем айт, барсаң Абайға,
Кеңесі кеткен талайға.
Ауырды жеңген кара жер,
Сабырлы болсын қалайда!
Бір жұтқан судай дүниесін,
Ащысын татып күймесін.
Жапанға біткен бәйтерек
Жалғызбын деп жүрмесін!
Кемелге келген асыл-ай,
Тасқынды тәңір басуы-ай!
Нар көтерген ауырға,
Арқасын тоссын жасымай, –

дейді.

Әбсәмет те, Мағауия да, Жамбыл да көз жасына көмілді. Жамбыл айтқан кара жыр Абайдың қаралы қабырғасына мамықтай тиген.

...Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов келгенде, Жамбыл ерекше бір ләззат алатын. Маң жүрісі, салмақты тұрысы, құйындай сөзі қандай. Басқалардың бәріне Жәкең қалжыңдасып, сөз қытығын жасап қоятын. Олардың әрқайсысына еркелетіп ат та қойып алатын. Маңдайы кере қарыс Мұхтар Әуезовке «шоң қазақ» деп биіктігін мойындайтын.

Мұхтар анда-санда кездескен сәтінде Абай заманы, қазақ қоғамы жөнінде ұзақ әңгімелейтін. Абайдың ұлылығы, ақындығы жөнінде талмай айтар еді. Жамбыл Мұқанның сөзін бұзған емес. Мұхтар айтқан әңгімеден өзін көретін. Қазақ даласының бәрі бірдей тапталғанын сезетін. Тек Мұхтар ғана осындай ұлы ақын туралы жаза алмақ. Шоң десең шоң. Алатаудай биік, Хантәңіріндей ұлы.

Осындай сырлас сәттердің бірі еді. Абай туралы айтылған әңгімелерден соң Мұхтар Әуезов Жамбыл тәтенің ойын білмек болып, тосын сұрақ қойды.



Мұхаң жыр алыбынан, өзі атаған XX ғасырдың Гомерінен, бәлкім, сынағысы келді, бәлкім, шын білгісі келді, өзінің ардақты адамы Абай жөнінде мынадай сұрақ қойыпты.

Мұхаң: Жәке, қалай ойлайсыз, Абай ақын ба?

Жамбыл: Жоқ, Абай ақын емес!

Әуезов мұндайды күтпеген. Тамсанып-ақ тындаған. Әсіресе, Құнанбай екеуінің арақатынасы туралы көп сұрады. Тамсанған да, таңғалған да. Пушкиннің Онегинінің Тәтіш әні туралы естіп, оны тындаған да. Сол Жамбыл «Абай – ақын емес» дейді. Бұл қырсық шалға не шара? Сонда ақын кім?

– Ақын деген мына мен, біздер!.. – деді, ол «Шоң казакқа» көзін қадап. Өңінде бір өзгеріс жоқ. Шынын айтып тұрған сияқты.

Мұхтар Абайдың қазақтың жазба әдебиетінің алыбы екені туралы әңгімеледі. Жамбыл үнсіз.

Әуезов күп-күрең боп, үндей алмай қалды.

– Абай дегеніміз – ақындардың пайғамбары ғой! – деді Жәкең жымыып.

Әуезов дана қартты құшақтай алды.

ЖАРТЫКЕШ АҚЫН ДА КЕРЕК...

Үмбетәлі Кәрібаев Жамбылдың ақындық мектебін құрайтын Жетісудың белгілі ақыны. Аты ерте шығып, айтысқа қатысып, өлең сөздің мір оғы деген атақ та алады.

Осы өңірде әпенділеу Жартыбай деген ақын да өмір сүрген. Ол шама-шарқы, мықты-осал дегенге қарамай, әйтеуір ақындар отырған ортаға килігіп, өлеңсымағымен айтыса кетеді екен. Бұған жұрт қыран күлкімен қарап, оны ақын деп ешкім әспеттемейтін.

Жәкең отырған жиынға Саяділ Керімбеков пен Үмбетәлі Кәрібаев келіп қалады. Әдеттегідей Жартыбай үйге кірер-кірместен Үмбетәлінің шаужайына жармасады. Бірақ Үмбетәлі әп-сәтте екі бүктеп, бір жұтады да, Жәкеңе шағым айтады.

– Уа, Жәке! Осы Жартыбайдың өлеңде несі бар, жөні түзу екі ауыз сөз құрап айта алмайды, қой деп айтсаңызшы.

Жәкең қамшысымен етігін тартып жіберіпті.

– Осы Жартыбайда нелерің бар? Бәріміз бірдей керімсал ақын болсақ, өлең шіркіннің қызығы бола ма? Арамызда сөзді бүлдіріп, елді күлдіріп Жартыбайдай жартыкеш ақын жүре берсін де...

Етіктен қамшы өтпесе, Жартыкеңе сөз өте ме?..

КӘРІ ЖІЛІКТІҢ ҚҰСЫҒЫ

Жамбыл айтқан сөздердің ешбір артықтығы жоқ. Кімге арнап сөз айтса да, екі ауыз сөзбен адамның портретін жасайды және бұл сөздерді ешкім ауырсынбайды. «Жамбыл ата, аға маған былай деді» деп ол теңеу сөздерді өздері халыққа жайып жібереді.

Құрдасы Тойбай да Жамбыл досының шеңгелінен құтыла алмайды. Онысы жиі келіп амандасып, әңгімелесіп тұрмағаны.

– Жамбыл, келгім келмегендіктен емес, кәкір-шүкір тірліктен қолым босамайды. Шөбере шөгереді. Немере ерттейді, – деп ақталмақ болады. Сонда Жамбыл:

– Кәрі жіліктің құсығы құсаған ененді ұрайын, келіп тұр, – деп таяғымен досын түйіп қалады.

ТАУТЕКЕНІҢ САҚАЛЫНДАЙ

Өмірзақ Қарғабаев ақын, замандас, бұқпа қара кісі екен. Шашы ағарып, сақалы бозарып бірде Жәкеңе сәлем бере келіпті. Сонда Жамбыл:

– Таутекенің сақалындай, немене сақалың шаушандап кеткен, – деп Өмірзақтың қолын алыпты.

ТҮЗ ТҮЙГЕН КЕЛСАП

Кенен Әзірбаев Жамбылдың шәкірті ғана емес, ерекше жақсы көретін інісі де еді. «Кененнің көмейінде бұлбұлдың ұясы бар» деп ән салдырып, қасынан тастамай, алыс сапарлардың бәріне ертіп барады.

Ақын інісі Қордай жақты шиырлап, көптен келмепті. Ақын інісін Жамбыл әбден сағынып, хабар жібереді. Ал Кенен кіріп келгенде Жамбыл:

– Басың немене, тұз түйген келсаптың басындай боз ала болып кеткен, – деп сәлемін алыпты.

Кенен бірдеңе айтпақшы болып, аузын аша бергенде:

– Білем, менің сақалым құртқа малған ағаш күрек секілді болыпты, – деп Жамбыл сағына күткен ақын, әнші інісін оң жағына отырғызады.



СУЫҚТӨБЕНІҢ СУЫРЫ МА?

«Ақтерек» жақтан Есдәулет Қандеков келгенде: «Суықтөбенің суыр андыған қоңыр ала бүркіті» сияқты, қарайып қайдан келдің? – деп сағыныш сөзін айтқан да Жамбыл.

ҚАРА МЫСЫҚ ҚҰСАП...

1943 жыл болса керек-ті. Жамбылға алыс-жақын ауылдардан адамдар үзбей келіп, амандасып кететін. Солардың бірі өз ағайыны Әбдіман деген кісі еді. Ол да көрші ауылда тұрғанымен, көптен келіп сәлем бермеген.

– Ассалау..., – дейді Әбдіман.

– Әликсалам..., – деді де Жамбыл, – осы сенің жасың қаншада? – деп сұрады.

– Елудің бесеуіндемін, Жәке.

– Ен...ді ұрайын, әлден не көрінді басын ұнға тыққан қара мысық құсап, – деп жасына жетпей қартайған інісін тұқыртып алды.

Жәкең 98-дегі ақ бура еді...

ШЕМІРШЕК БОЛҒАН ЖЫЛҚЫДАЙ...

Қалмақан Әбдіқадыров Жәкеңнің әдеби хатшысы болып, айтқанын хатқа түсіріп жүреді. Ылғи пысылдап, блокноты қолынан түспей, жазады да жүреді. Сондай сәтте Жамбыл:

– Әй, Қалмақан, шеміршек болған жылқыдай танауың шелтиіп келдің бе? – деп қуаныпты.

ІНІРДЕ ҰШҚАН ҚАРА ҚОҢЫЗ...

Әке – балаға сыншы. Әр баласының мінезін, жүріс-тұрысын бағамдап жүреді. Өз балам деп асырмай, кемшілігін жасырмайды. Бірде маза таппай ары кіріп, бері шығып жүрген баласы Аққұлға:

– Інірде ұшқан қара қоңыз құсаған дарылдаған ененді ұрайын, – деп мардымсыз ісіне бола шекіп алыпты.

ШІЛТИП ТҰРҒАН КІМ?

Өзінің жақын ағайын-туысқандары да Жамбылдың шоқ тілінен қашып құтыла алмайды. Шөбере інісі, әрі колхоздың бастығы Тұрап Мыржы деген інісінің жүріс-тұрысын да айнымай салады.

– Суық бас торғайдың мүйізі құсап, мұртың телтиіп неғып тұрсың? – деп қылжақтайды.

СУДАҒЫ МАЙҚОҢЫЗ

Ақынның сөзі өлмейді. Ақын қашан да ақын. Ол өмірді өзгеше көреді. Көркем бейнелейді. Соның бірі өз тұқымы Әбіл деген жігіттің ылдым-жылдым, майда сөзін көп бағып жүреді. Сөзі көп, ісі жоқ інісіне:

– Әй, Әбіл, судағы майқоңыз құсап жыпылдаған ененді ұрайын, ары тұршы, – деп, жақтырмаған мінезімен жолдан ығыстырады.

МАТАЛЫП ҚАЙДАН КЕЛЕСІҢ?

Қатарластары кетіп, жастар молайып қалған күндер еді. Өзіне тетелес інілерін іздеп отырады. Олар да сиреп қалған. Қарттыққа мойымай өз аяғымен жүріп тұратын ауылдас ағайыны Дәмекұл Таңсықұлы апта құрғатпай келіп, өткен-кеткенді айтып, шер тарқатып алатын. Бірақ жүрісі қызық, аяғын секірте басып жүреді екен.

– Жұрттың бәрін келемеж етесің, маған не айтарың бар? – дейді бірде Дәмекұл.

– Аяғын тұсаған кара бура сияқты маталып, қайдан келдің? – депті Жамбыл.

– Туһ, бүйтпесең Жамбыл болармысың.

Дәмекұл секіре басып, үйіне қайтып бара жатты.

ШАЛА ТҮЛЕГЕН ШАЙДАР...

Шикісары Жолашар Рахметжан баласы Жамбылдың көзіне түскісі келіп, күнде келіп сәлем береді. Төрт-бес күн өткенде, Жамбыл ата танымай жүр ме деп:



– Жамбыл ата, мен Рахметжанның баласы Жолашармын ғой, – деп қос қолын ұсыныпты.

– Шала түлеген шайдар жылқы құсаған ененді ұрайын, неғып кержағалданып отырсың, – деп қағып тастады.

ЖЕТІШПІН ЖҮРЕ-ЖҮРЕ ҚЫР БАСЫНА

Жоғарғы Кеңестің сессиясына Жамбыл барғанмен, ұзақтап, тар орындықта отыра алмай алқынып қалады. Әйтеуір қасында жеке дәрігері бар. Р.Барлыбаев пен Р.Досымбеков деген дәрігерлер кезек-кезек қарайды. Дәрі-дәрмегін береді. Өзінің тәні сау, жаны сау екенін Жамбыл білмейді емес, біледі. Бірақ кәрілікке ем бар ма?

Сессия жұмысы бітпей Жамбыл ауылға қайтты. Р.Барлыбаев екі-үш күн жүрек, қан қысымын тексеріп, ақынның қасында болды.

– Әй, Барлыбай, – деді Жәкең жастықтан басын көтеріп. – Екі локтір екеуің де менімен бірге аңыз боп ел есінде қаласындар.

– Қалайша, Жәке? Сіз нағыз аңыз адамсыз. Біз қызметтеміз. Сол үшін ақша аламыз.

– Әй, Ғалижан, ана жазып алғандарыңды оқышы, – дейді Рахымбай мен Рүстемге.

Рахымбай Барлыбайға:

Қазақта көптен жүрген мен бір тауық,
Шырағым, емдеймісің емін тауып.
Қаттырақ жауырымнан қаси түссе,
Жүрекке болмас па екен, үлкен қауіп.
Емдетпей, ерлік етіп жүре берсем,
Кетпей ме тұла бойға түгел шауып, –

дегенсіз.

– Содан кейін қанқу-саңқудан құтылып, атқа қарғып мінген жоқсыз ба?

– Онан кейін тағы да дімкәстендім. Ғали тағы да екеуіңе хабар салып, алып келген.

– Ол да Жәке, өлең болып хатқа түсті.

– Ендеше оқып жібер! Мына ененді ұрайындар жаттап алсын.

Докторым, отыр бермен белің шешіп,
Бұл өмір әр пендеге берген несіп.
Аймалап қиғаш қасты құшам ба деп,
Алаңдап бара жатыр күнім өтіп.

Әкелсең маған арнап қатын тауып,
Сүйгеніме келер ем атпен шауып,
Ұрғашыны көргенде бас айналып,
Естен танып кетемін ауық-ауық.

– Ғали оқып болды. Не айтасыңдар? – деп Жәкең Рахымбай Барлыбаев пен Рүстем Досымбекке қарады.

Екеуі үнсіз.

– Оның емі жоқ, тәте...

Бәрі ду күлді. Жамбыл домбырасын алды. Тамырлары білеуленіп Жамбыл отыр, жұлымданып домбыра ішегі тұр.

Жамбыл:

Жетіппін жүре-жүре қыр басына,
Жол екен таусылмайтын бір ғасырға.
Елбіреп екі аяғым дірілдейді,
Көз жетпей тұрары ма, тұрмасы ма?

Тамырдың іші қандай, дәрігерім,
Жамбылға турасын айт, сыр жасырма.
Жетелеп біраз күнге жүріндерші,
Кез болдық, қайдан демей бұл масылға.

Болыппын жыртық үйдей саңылауым көп,
Тұрғандай жан-жағымнан жел гулеп.
Өзіме өз дәрменім жетер емес,
Болысып жібермесең біреуің кеп, –
деп қара сөзден, өлең сөз жеңіл екенін көрсетіп еді.

...1941 жылдың 10 маусымы. Керемет сары қымыз бен сүр қазы. Таңсық ас. Жәкең әңгіме-дүкен құрып отыр. Ғали Орманов екеуінің кесесі кезек-кезек ауыстырылады. Содан Жәкең күпті болып, ертеңіне жайсызданып қалды. Ғали тағы да қымыз алдырады. Бірақ Жәкең кесені Ғалиға қайтарып, қымызды мен емес сен көтересің, іше бер, – деп екі шумақ өлең айтады.

Мен де бір жас баламын қыңқылым көп,
Сіркем бір су көтермей ыңқылым көп.
Жарқ етіп, жанымнан бір өтсейші деп,
Тұрады жас күні мен ынтығым көп.



Қураған жапырағы мен бір терек,
Томар боп, сүйектерім қалса керек.
Жазда да жасаң тартпай отырғаным,
Тұр екен қай жерімде, шіркін жүрек!

Жүрек соғып тұр... Әзірше ештеңені сезбейді. Енді 31 күннен кейін кәрі жүрек «Соғыс» деген қаралы сөзді еститінін білмеп еді...

КӘРІЛІКТІҢ ИІСІ КЕТПЕЙДІ...

1941 жылдың көктемі жайлы шығып еді. Қар ерте кетті, көктемгі жаңбырмен жер көгеріп, қырға қызғалдақ шықты. Ауыл көктемгі егісіне шықты. Қой қоздап, түйе боталап, бие құлындап наурыз көже беріліп, тып-тыныш, шуақты күн болып тұр еді.

Жамбыл үй іргесіндегі көктерек түбіне киіз-көрпе төсетіп, самалдап алатын. Мұндайда Тайыр Жароков пен Павел Кузнецов Жамбылдың мазасын алмайтын. Жәкеңнің аяқ шеніне жата кететін. Домбыраға қолы созылса болды, өлең туды дей бер.

Машина дүр етіп тоқтады. Бұл ақын Ғали Орманов екен.

Е-е, Ғалиым келдің бе,
Айтшы, маған кебің не?
Не хабар бар еліңде?
Сен бітіріп келер деп,
Мен отырмын сенімде.

Жамбыл бір жыл бұрын Ғалиға шығарған өлеңін тақпақтап Тайыр мен Ғалидың алдынан шықты.

Ғали жай келмейді. Тағы бір жиынға шақыра келген болар.

– Тәте, жата-жата сары жамбас боп кетерсіз. Жоғарғы Советтің сессиясы болғалы жатыр. Депутат екендігіңіз есіңізден шықпаған болар. Алып кетуге келдім.

– Әй, Ғали, сен тыңда, мен айтайын:
Сақалым темір күрек борға малған,
Селеңдей шашым селдір зорға қалған.
Аузыма ақ жабағы жапсырғандай,
Кәрілік немді қойды қорламаған?

Құлпырған қызыл шырай түсімді алды,
Аузымды опырайтып тісімді алды.
Қосайын буынымның шегелерін,
Сыпырып тұла бойдан күшімді алды.

Кәрілік екі көзді қызартады,
Сүйектің етін сылып, ұзартады.
Еңкейсең етпетіңнен түсіргендей,
Батпандап «тізе тұсқа» тұз артылды.

- Сол жиынға мен несіне барам, кәрі құлжа құсап...
- Тәте, ол міндет қой, депутаттық.
- Қызталақ, солай демейсің бе?

Жамбыл киінем дегенше шай-пай да келіп қалды. Машинаға мінер кезде Ғали қалтасынан әтір алып, ақынның жағасына жақты. Сонда Жамбыл жұлып алғандай:

– Бәрібір кәріліктің иісі кетпейді, – деп таяғымен Ғалиды нұсқады.

ШАПТЫ ФАШИСТ ДЕГЕНДЕ...

...1941 жылдың көктемі жайлы еді. Жаңбыр да көп, күн де көк. Көкорай шалғын жап-жасыл. Жамбыл да күншуаққа көп отыратынды шығарды. Осылай дәрігерлерін әбігерге салып, әзіл-қалжыңмен түйреп қоятынын қайтерсің.

Даланың түрленуі кәрі Жамбылдың жүрегіне шуақ құяды. Кәрі жүрек жастықты сағынады, бірақ Алла бұйрығына бағынады. Көңілі Суықтөбе, Бұғымүйіз-Бесмойнақ, Үш қоңырға қонақтап, Алатаудан асады. Онан соң Қаратау бөктері көз алдына келеді. Кавказдың қарлы шыңдары да жүрегіне жақын. Майдың марал қымызы қандай? Пейіш осындай-ақ болар...

Көрдім тағы көктемді,
Жылы жүзді жетті жаз.
Жаңа үйімнің төріне,
Шұғыла шашып, жеріме
Көктің нұрын төкті жаз.
...Гүл көтеріп бастарын,
...Қыран сүйіп асқарын
...Келді күзде қоңыр қаз...



Жамбылдың он екі тамырына қан жүгірді. Өзі де жаз гүліндей дүр көтерілді. Көңілге сұлу саз келді, тілге әсем сөз келді. Бірақ осы сұлулықты сұмдық сөз тып-типыл етті. Соғыс! Үрей! Неміс-фашистері Кеңес деген елге бомба жарып, жерін таптап басып кіріпті.

Өң мен түстей. Аз күннің ішінде ауылдың өңі кетті. Көк-жасыл әлем де – сұрғылт. Гүлдей жайнаған қыз-жігіттің өңі солғын тартты. Бұл жай жау емес. Неміс-фашистері бүкіл Ленин елінің қас жауы. Қас жауы ғана емес, ата жауы. Ақын жүрегіне өлең кептелді.

Асқар таудай еліме,
Байтақ жатқан жеріме,
Шапты фашист дегенде,
Ашуменен аралас,
Жыр да келді көмейге.
...Сен шақырсаң Отаным,
Әмірің ортақ маған да.
Төгіп жырдың нөсерін,
Домбырамды алам да,
Айналам жас – нөкерім,
Мен де барам, қалам ба?
...Олар фашист – сұр жылан,
Уын шашқан адамға,
Денеге уын дарытпай,
Жаныштап басын жыланның,
Салайық, халқым, табанға!..

Бұл өлең-плакат еді. Тоқсан алты жастағы Жамбыл майданға аттанбақ. Бұдан артық қандай Үндеу керек. Жасы он сегізге толмаған бозбалалар әскери военкоматтың алдын күзетті. Бұл тек қазақ жеріне емес, бүкіл Кеңес елінің үлкен-жасының жүрегіне жеткен жалын сөз еді.

Жамбыл сөзі ұрысқа жетті. Кеңестер Одағының түкпір-түкпірінен Жамбыл ақынға қап-қап хат келіп жатты. Жамбыл ол хаттардың бәрін оқытқызып, аудартып жүрегіне тоқып жатты. Ол хаттарға ақын өлеңмен жауап жазды.

Жау сазайын береміз,
Жалтартпастан жеңеміз!
Фашистің тобын жойғызып,

Оққа көзін ойғызып,
Қырдан кебін кигізіп,
Шегінбе! – деп Отан тұр,
Шегінбе! – деп халық тұр!
Халық үшін бас тігу,
Халық айтқан жарлық бұл!

Жамбылдың белі бекем! Енді ол үйде қарап жата алмайды. Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін Жамбылдың жүз жасаған жүрек сөзі де майдан үшін, жеңіс үшін.

Жеңудің кілті ежелден
Ашынған кекте, еңбекте.
Жаралған бақ боп неше елге,
Ырысты жерде, әлбетте!

Тұрса дағы мұнда ажал –
Ердің тауын жоқ шаққан.
Жаудан алып ел кегін
Жайпап қырып ерлерім
Күн сарылып, түн қатқан.
Аман болса мұндай ер,
Жеңілер ме туған ел!
Сендерге де бұл бір сын,
Елдегі қыз, келіндер!

Кәріліктің көнбей ырқына,
Жырлаймын жазғы жырды әлі.
Болысам жауды құртуға,
Қаһарман жұрттың ұлдары!

Жамбыл майдан үшін тыңнан қосылған дивизия сияқты еді. Ақынның рухы қатайды, дауысы ауылдан асып, асқақтап майдан шебіне жетті. Жамбыл жыры жауға оқ боп атылды...



ӨЛІМ МЕН ӨМІР БЕЛДЕСТІ

Жау жағадан алып, Ленин қаласы қыспаққа алынды. Ладога ғана өмір жолына айналды. Дәл осындай жүрекке оқ боп қадалған Ленинград тұрғындарының тағдыры туралы естігенде, Жамбыл дегбір таба алмады.

Ғали Орманов келді. Ол неміс-фашистерінің жойқын тегеурінін әңгімелеп, совет әскерлерінің, совет халқының жауға беріспей, ерлік көрсетіп жатқанын мәлімдеді. Қаракұлақ радионы ашып суыт хабарды тыңдатқызды. Жамбылдың бүкіл денесі түршігіп кетті.

– Өлім мен өмір белдесті десеңші, ененді ұрайын фашисін құбыжық екен де. Қағазыңды алшы.

Жамбыл домбырасын алды. Білеуленіп қан тамырлары терісінен шығып кетердей бүлк-бүлк етеді. Жөткірініп алды. Бір әуен іздеді. Екпіні бойға қуат құяр рухы бар толғау қажет. Қарт жүрек осыны сезеді.

...Сөзіңнен түгел түсіндім,
Жалмауыз жаудың пішінін.
Құбыжық түсі адамның
Ел-елге салған тұмсығын.
Еттерін жеген кісінің...
Еліме ашқан аранын.
Бұл неткен қорқақ қасқыр деп,
Бойымды билеп ашу, кек,
Түнереді бұлтша қабағым.
...Жырымды, жұртым, енді есті,
Өлім мен өмір белдесті!
Не керек жанды аяудың,
Бұл жолдан қалған жаның жан!

Ғали бір сұмдық тасқынның келе жатқанын біліп отыр. Ленинград қоршауда қалып, қанды қырғын туралы қайта-қайта сұраған. Ұмыттырып барып қайта тықақтап сұрайтынын қайтерсің.

– Менің балаларымның бәрі соғыста жүр. Алғадай мен Ізтілеу, Тайыр Жароков пен Павке (Павел Кузнецов) де қан жұтып жүр. Мен отырмын, өлеңге сүйеніп.

Жамбыл теріс қарап жатты. Одан кейін су да сұраған жоқ, далаға

да шықпады. Көз жұмулы, көңіл ояу. Жайсыз ұйықтады. Бірақ тың оянды. Шайын әдеттегіден көп ішті. Үскірік ұрып, жел сарнайды.

– Үй суып кетті, от жақсын, – деп Ғали орнынан көтерілген.

– Ленинградтың суығының қасында бұл жаз ғой. Кәрі денем тершініп отыр, ана Ғали қасынып отыр, – деп Жамбыл өзі тұрды орнынан. Далада ұзақ жүрді. Күн түнге, түн күнге ұласып кетті. Жамбыл жыр толғатып жүр.

ЛЕНИНГРАДТЫҚ ӨРЕНІМ

Түс әлеті. Жәкең әр нәрсені шұқып жеген болды. Шайды де екі-үш кеседен артық ішпеді. Әйтеуір бір нәрсе қысып жүр. Жәкеңнің қабағына қарап ешкім үндей алмайды. Ұлы Тезекбай бірдеңе айтқысы келіп, аузын жыбырлатып еді, оны қағытып тастады.

– Әй, Ғали, мына Тезекбай туралы не айтып едім?

Жәкең Тезекбайдың шылым иісін жаратпаған ғой.

– Ой, Жәке, өз балаңызға не айтсаңыз да жарасады емес пе?

Жігіттер не дейсіңдер Тезекбайды?

Тепкізген күрең атқа жирен тайды.

Не үй, не түз шаруасын ойламайды,

Не деп атаушы еді осындайды, –

дегенсіз.

– Сол күрең ат мені неге теппеді. Мал да жақсы адамды біледі. Әсіресе жылқы. Ал мына...

Тезекбай сол кеткеннен мол кетті. Қас қарайғанша көшеде жүріпті. Құрдастарымен мылжындасып, өз үйінен шықпады.

Жамбыл түсте бірер сағат ұйықтады. Сонан соң бала секілді керіліп созылды. Шай алғызды.

– Тамағым құрғайтынды шығарды, – деп шайды толтырып күйғызды.

– Сен жазып отыр, қалып қалған жерің болса кейін қайталап айтамын.

Ғали Орманов Жәкеңнің сырын әбден біледі. Үздіксіз айтып шығады. Сонан соң оқытады. Оқытқан кезде қайта өңдеп, түрлендіріп жібереді.

Ленинградтық өренім,

Мақтанышым сен едің!

Нева өзенін сүйкімді,

Бұлағымдай көремін.



... Жасағам жоқ өмірді,
Жау сойқанын көргелі.
Төккенім жоқ терімді,
Жер қылғалы кеудені.
Жасалған жоқ салтанат –
Жаудың болуға ермегі.
Жауда қалып Ленинград,
Жаралған жоқ көнгелі!
...Ұрпаққа үлгі болыңдар,
Заманымның өрнегі.

Ғали аң-таң. Құлақпен естігенді, көзбен көргендей суреттеп отыр. Екі-үш күннен бергі түртпектеп Ленинградты, өзен-көлін, жағдайын сұрап алды. Суқаны ешкімді қаламай керімсал жүруінің сыры белгілі болды. Ленинградты қорғаушыларға арнап ойтолғақта жүр екен ғой.

– Әй, Ғали, – деді Жамбыл кенет:

Кекілік ұшып дүр етті,

Ғали шошып дір етті.

– Ой, Жәке-ай, баяғы бір аңшы бала деп қасыңызға ергенде, аяқ астынан кекілік ұшқанда дір еткенімді әлі ұмытпайсыз. Одан бері екі жыл өтті.

– Ұялған тек тұрмайды дегеннің кері ғой, қызталақ. Өлең айтып отырған мен бе, сен бе? Қане, тағы бір оқып жібер.

Ғали оқысымен, Жамбыл толғау сөзін бірден іліп алып, жалғастырып әкетті.

...Балтық толқып дем алып,
Жаңғырып құлақтан.
Кетпейтін бір күн еді,
Ел жүрегін қуантқан,
Ленин көсем үні еді!
Сөзі нұрдан жаралған,
Ленин ыстық күн еді!
Сол келген соң жоғалған,
Замананың түнегі!
Өмірімнің жұлдызы –
Енді сенсің дегенім.
Ленинград ұл-қызы,
Қайыспандар, өренім!

Ауыз әдебиетінің күдіреті осында. Ғали Жамбыл жырының рухын, бейбіт заман үнін, жауды жеңетін сенімді жан-тәнімен ұғып отыр. Қалай-қалай толғайды. Жеңіс үшін Қазақстан қорғасын оқ құяды. Мұнай барады ағып-тасып, қара көмір, қызыл мыс, дәндердің өзі оқ болып барады, қызылшырай алмалар бал татып жауынгерге күш-қуат береді. Міне, Жамбыл осылай майданға көмек береді. Завод, шахта да майдан үшін жұмыс жасап жатыр.

Құс ұйқылы көнемін,
Қайтып ұйқы көремін!
Жетсін деймін сендерге,
Жыл құсындай өлеңім!
Қаласындағы Лениннің
Сайып қыран, өренім!

Өлең Ленинград көшелеріне плакат болып ілінді. Радиодан қайта-қайта оқылды. Ленинград мұз құрсаудан құтылды. Жамбыл өлеңі жауға бомба болып жарылды.

...Жақсылық ешқашан ұмытылмайды. Бүгінде Егемен елдің Жамбыл ақыны Петербург төрінде тұр. Жетісудың жеті өзеніндей су ағып жатыр. Ал оған «Ленинградцы, дети мои, Ленинградцы, гордость моя» деп басталатын өлең жолдары мыстан құйылып жазылған.

Жамбыл баба атындағы көшемен ары-бері өткен жас пен кәрі ғасыр Гомері атанған Жамбыл бабаға тағзым етеді. Нағыз ақын мәңгі жасайды! Жамбыл нағыз ақын!

БАУЫРЖАН MOMЫШҰЛЫ ҚАЛАЙ БАТА АЛДЫ...

Сұрапыл соғыста жүріп, елге келгендердің Жамбылға сәлем бермегені некен-саяқ. Ұлы ақынға келіп сәлем беру, бата алу бабадан қалған тәмсіл еді. Сондықтан да ауылға ат басын бұрған әр қазаққа өте разы болып, үлкен жасын кішірейтіп біреуіне шай, біреуіне қой сойғызып, жік-жапар болады.

Сондай күндердің бірі еді. Гүр етіп машина тоқтады. Көзін көлегейлеп қарады да, Балуан шолаққа ұқсатты. Қасында бір сорайған әскери адам бар.

– Ассалаумағалейкум, Жәке, – деп Сәбит Мұқанов үлкен денесіне қарамай жіті жүріп Жәкенді құшақтай алды.



– Ой, Балуаным, барсың ба? Көрінбей кеттің, кәрі тәтенді керек қылмадың ба?

– Аман-сау, тәте. Мария келініңіз сіз ұнататын шай-пай салған. Сәлем айтып жатыр. Мына, Бауыржан Момышұлы деген ініңіз, балаңыз десе де болар. Ғәзірет Әлі секілді соғыста жауды жайпап жүр. Енді қайтады майданға. Бата алғысы келеді...

Жамбыл тығыршықтай, тастүйін жігітке тесіле қарады.

Бауыржан да ақын бабаның сынап отырғанын бірден сезді. Ол да қабағын түйіңкіреп, жүзін суытыңқырап, ежірейе қалды.

– Мына қызынды... – түсі тым суық екен, батыр болса болар! – деді Жамбыл.

Бауыржанды әрі-бері сынап алған Жәкең «мына жігіт осал емес. Ойы да жүйрік пе, бәтшағардың. Қолы да қатты. Қорғасын құйған сақадай».

– Әй, Балуан, мынауыңның түрінде ғана емес, тілінде де бірдеңе бар екен, қонындар, – деп бір-ақ қайырды. Батырды Жәкең жазбай таныды.

Жәкеңнің ең сыйлы қонаққа деген ақ қошқары сойылып, ақ бата да берілді.

Жамбыл алақанын жайды да:

Батырдың жолы болсын!

Самсаған қолы болсын!

Түсі де суық екен,

Ісі де долы болсын, аллақпар! –

деп батасын берді.

Ел жайын, соғыс жайын айтып қалың топ біраз отырды. Бауыржан майдандағы қазақ солдаттарының батырлығын айтты. Ет те келді. Жұрт тамақты шеңгелдеп асай бастады. Ал Баукең етке қол созбай, одырайып әлі отыр. Соны байқап қалған Жәкең Сәбитке:

– Делбе болған жылқыдай, мына қызталағың неғып отыр ет жемей, – деді сақалын сипап. Батырдың да күткені осы еді. Баукең:

– Мен мұнда сыбаға жеу үшін келгенім жоқ. Сыбағамды немістерді жеңгеннен кейін жеймін. Ал мұнда ұлы Жамбылдың, соғыстағы бар солдаттың ұлы әкесінің саркытын ішуге келдім. Ол үшін Жәкең анау тұздыққа сақалын батырып ұрттасын да, қалғанын табақтың үстіне қойсын. Мен етті сонда ғана жеймін.

Және барлық солдаттарға Жәкеңнің сарқытын ішкенімді айтып барамын, – деді.

Бауыржанның аты – Бауыржан. Асатқанды жақсы көретін Сәбең де оны колдап, қолпаштап жатты. Сонда Жәкең:

– Бұл қызталақтың мұнысы да жөн екен. Бірақ сақалымды батыратын мен суға еңкейген теке емеспін, мұртымды тигізейін деп орынды сөзге орынды уәж айтты.

Жамбылдың тапқырлығына бәрі разы болды.

ПЕРЗЕНТИМНІҢ АЛДЫ ЕДІҢ...

Соғыстың алғашқы екі жылы тіптен ауыр тиді. Қыз-бозбала жылап қоштасып, ауыл пошымы бұзылған. Шал-шауқан мен жас-кәрілі әйелдер. Ұсақ балалар да ерте есейіп кеткен. Баяғыдай былдыр-сылдыр күлкі жоқ.

Жамбыл халықтың зарын бөлісті. Атағын сатып Алғадайы мен Ізтілеуін майданнан алып қалмаған абыз қарияға жұрт келіп, көңілге медеу табатын.

... Беу-беу дүние! 1942 жылы Алғадай Жамбылов майданға аттанды. Айы-күні жетіп Жәмештей жұбайы қалды. Көппен бірге көтеретін қайғы. Әкеге бар бала ыстық. Бірақ солардың ішінде өзіне іштей жақындау тұратыны болады. «Өзге балаларым бір төбе – Алғадайым бір төбе» деп Жамбыл Алғадайын еркелетіп өсірді. Сол Алғадай тепсе темір үзетін шағында майданға аттанып барады. Енді Жамбыл Алғадайын көре ме, көрмей ме? Масаты жаздың жауқазыны көзжауын алады. Алғадай да сондай. Бірақ баланы да, өзін де, ауылдың адамдарын да мойытуға бола ма? Әке енді бата беруі керек. Жамбыл домбырасын, Ғали Орманов дәптерін қолына алды.

Өңі қатқыл, бірақ жүрегі жылап тұр.

Атаңнан бата ал, балам,
Арғымақ атқа мін, балам.
Ақ сақалым желбіреп,
Артыңнан қарап мен қалам.
Құлағыңда құлыным,
Дауысым жүрсін жырлаған.
Алғадайым, арлы едің,
Ата сөзін сыйлаған.



Перзентімнің алды едің,
Көңілімді қимаған.
Ер ерлігі, ел бірлігі
Сынға түскен бұл заман!
...Хош, хош, балам! Хош айттым!
Қолымды, міне, шошайттым!

Әке мен бала қоштасты. Соңғы рет Жамбыл мен Алғадай бір-бірін көріп тұр еді. Сол кеткеннен Алғадай Сталинград майданына кірді.

Жамбыл өлеңмен хат жазып жатты.

... Сталинград қаланды –
Қорғас деп жүрек, жаныңдай!
Алғадай, дедім, аянба!
Әкеден тудың Жамбылдай.
Жырымды жеткіз ерлерге,
Майданға қаққан дабылдай.
Толқыны жойқын Еділге,
Қосылсын үнім дауылдай!

Әке жүрегі тым нәзік. Кәрілік келіп бір жақтан буынды алады. Сағыныш сезім жүрегін өртейді. Өз баласына арнаған өлеңхат бар жауынгерге ыстық. Өлең майданның от оранған шайқастарында жанкешті жауынгердің жүрегіне жетіп жатты. Ал Алғадайдан келген хат Жамбылға қайта қуат берді. Өңі кірді, сөзі тірілді. Хатты қайта-қайта оқытты.

«Әкеміз Жамбылға! Біздің бастықтарымыз сізге қаратып – «Ардақты атамыз» деп хат жазды. Хатыңызды ала отырып, сол хатқа жауды жанышатындай сөз жазып, кешіктірмей жауап қайтарыңыз. Сіздің өлеңіңіздің бізге көп жәрдемі тиеді екен». Алғадай хатына қоса командирдің де хаты қоса тіркеліпті.

Хат Жамбылдың жабыққан көңілін жадыратып жіберді. Кәрі дос домбырасы өзі сөйлеп кеткендей. Оған Жамбыл жыр ғана қосып отыр:

Хатыңды, балам, оқыдым,
Халіңді білдім сапардан.
Қуанып соған отырмын,
Гвардеец атанған.
Сұраншы, Саурық секілді –
Болыпсың, балам, қаһарман.

...Түсіндім түгел хатыңнан,
Тайынбай жауға барыпсың.
Өзінді қиып өлімге,
Арынды сақтап қалыпсың.
Қамалын жаудың опырып,
Қоршаған шебін жарыпсың.
Өлігін жолға толтырып,
Табанға таптап салыпсың.
Ризамын, балам, ризамын.
Ризамын елдің бәріне!

Қандай үрей, қандай дүлей болсын майдан хаттары жоғалмайды. Жамбыл өлеңіне Сталинград майданынан хат келді. Хат болғанда қандай! Өлеңге өлеңмен жауап:

Атамыз, Жамбыл ақынға (Н. құрамасының жауынгерлерінің хаты)

Қазақ поэзиясының алыбы, халық ғасыры қарт Жамбыл, Сізге, Н. қазақ құрамасының жауынгерлері майданнан жсалынды сәлем жолдап, қолыңызды қатты қысады. Біз жауынгерлер бұл хатты әрқайсымыз өз үйімізге жазып отырғандай сезіммен, адал жүрегімізбен алтын күннің әлемге нұр шашқан жазына көз тіге, сүйікті қазақ даласын көзге елестете отырып, Сізге жолдаймыз. Сізді өзіміздің туған әкеміздей ыстық махаббатпен сағынып еске аламыз!

Қажырлы әкеміз, Жамбыл! Сіздің «Балама хат» деген өлеңіңіз таң алдындағы шығыстың майда желіндей желпіп бізге жетті. Біздің жігерімізді тасытты. Біз бәріміз де, осы хатты жазып отырғандар, батыр достарымыз туралы Сіздің тәтті жырларыңызды тағы да оқимыз деген үміттеміз.

Тыңдаңыз қарт, ұлдарыңыздың үнін:

Әкеміз Жамбыл алыстан,
Ғасырды көрген данышпан.
Тыңдап құлақ салсаңыз,
Ұлдарының майданнан
Жауынгерлік сәлемін,
Қабыл көріп алыңыз.
Ұлыңа батыр сансыз мың,
Желіндей желпіп жеңістің,



Жетті сіздің хатыңыз.
Жолдаған сәлем жүректен,
Жалынды ұшқыр тілекпен,
Күш берді, қарт атыңыз.
Уа, қадірлі, ата жан,
Ұлы жолға аттанған,
Ұлдарыңа сеніңіз.
Жауды аяусыз қырамыз,
Тұрғызбастай ұрамыз,
Тазарғанша еліміз!
Көкорай шалғын көліміз,
Асу асқар беліміз,
Босанғанша жеріміз,
Тоқтамаймыз бір минут
Таусылмаса деміміз!

Фашист деген зұлым жау
Ойнамайды, күлмейді,
Адамның тілін білмейді.
Кісі өлтіру, қан ішу, –
Өзгені көзге ілмейді.
Сөйлесу керек олармен:
Қызыл оттың тілімен,
Көк зеңбірек үнімен,
Ұшқыр оқтың сөзімен,
Егеулі найза өзімен,
Болат қанжар жүзімен,
Ұғады соны немістер,
Түсінеді шынымен.
Осындай сұмның талайын,
Келтіріп тілге үйреттік.
Ат артына сүйреттік,
Аз келгенін аздырып,
Бір-бірлеп тобын сиреттік.

Қызыл отты қақ жарып,
Жауған оққа қасарып.
Дұшпанның жатқан жеріне,

Іркілмей кірді ол барып,
Жүректі батыр Бұрышев,
Гранатын қолға алып,
Қас батырша толғанып,
Бірін оңға құлатып,
Бірін солға сұлатып,
Қырғидай тиді неміске
Жаңбырша оғын боратып.
Батыр ұлың Баймұрзин
(Әбдірахман өз аты)
Ойып түсер дұшпанын,
Жігіттің өткір болаты.
Ежелгі жауын көргенде,
Асығып сабыр тағаты,
Қырып салар қынадай,
Жеткенде мезгіл сағаты.
Жау құтылып кетер деп,
Үзбей, сірә, күдерді,
Жылдамдығы нажағай,
Қимылы жай оғындай,
Жасымайтын жігерлі.
Бір ұрыстың үстінде,
Немістің бес танкісін,
Бір-бірлеп өртеп жіберді.
Көк зеңбірек сүйреткен,
Егескен жауын күйреткен,
Ерназаров Мырзабай,
Ұлыңыз ол да асқан ер.
Ұшқан құсты ілетін,
Желдей жүйрік жүгірер.
Ауыздықпен алысып,
Түпке жеккен Қарагер,
Зеңбіректі тартатын,
Кедергі болмай ылди, өр.
Жаяу әскер соңынан,
Көмек берді әрқашан,
Қанатсыз ұшқыш жігіттер.
Атқаны аумаи тиетін,



Өлік етіп немісті,
Топ-тобымен үйетін.
Талайын жойып дұшпанның,
Үш танкісін қиратты.
Жауды тынбай өлтіру,
Ісі еді оның сүйетін.

Қырағы қырдың қыраны,
Даланың ор қояны,
Тайдың жүйрік бұланы,
Немістерді екі жүз,
Отыз тоғыз өлтірген
Сүлейменов Ыбырайым,
Қазақтың батыр ұланы.
Ашқейұлы Райымжан,
Талай батыр баулыған,
Ақылды басшы капитан,
Ұрыста салқын сабырлы,
Қырандарын өрбітіп,
Жеңіске бастап жүрді сан.

Толып жатыр осындай,
Қаһарман батыр жігіттер.
Өзіңнің шешен тіліңмен,
Бұлбұлдай тәтті үніңмен,
Ұлдарыңды, кемеңгер,
Әлемге айқын жырлап бер!

Сұм фашисті, атажан,
Қарыс сүйем ілгері,
Бастырмаймыз, жеңеміз!
Сіз арқылы халыққа,
Осылай серт береміз!
Хош болыңыз, қарт ата,
Ұсындық, міне, қолымыз!
Талай жылдап тағы да
Сау-саламат болыңыз.
Ұлдарыңның жеңісін,

Көзіңізбен көріңіз.
Асыл сөзбен ерлерді,
Елге жырлап беріңіз!

Н. құрамасының жауынгерлері, командирлері мен саяси қызметкерлерінің тапсыруы бойынша: орденді жас ақын, сержант **Нұршайықов Әзілхан**, қос орденді мерген **Сүлейменов Ыбырайым**, орденді лейтенант **Құсайынов Мәті**, капитан **Барманқұлов Олжабай**, медальді мерген **Матаев Заманбек**, капитан **Шарипов Қасым**, медальді сержант **Мамырбаев Әлімжан**, лейтенант **Назаров Ислам**, орденді аға лейтенант **Исин Мәулен**, қос орденді аға лейтенант **Біләлов Әділ**, әскери дәрігер **Сырлыбаева Мәриям**, майор **Досанов Әбдірахман**, орденді қызыләскер **Әбдікәримов Біргебай**, орденді қызыләскер **Омарбаев Мұқан**, аға лейтенант **Мақамбаев Нүрділдә**, капитан **Қасымов Қани**, аға лейтенант **Әтеев Шазада**, капитан **Дүйсембеков Ғайса**, капитан **Исатаев Ыдырыс**, медальді лейтенант **Қабдуллинов Қалижар**, аға лейтенант **Рахымжанов Балабек**, аға лейтенант **Қасқаруов Жылқыбай**, медальді аға сержант **Баталов Жүсіп**, подполковник **Бәйішев Сақтаған**.

МАЙДАНДАҒЫ АРМИЯ

Бәрекелді! Ылғи сайдың тасындай жігіттер. Осындай оқ пен от ішінде өлеңмен жауап жазған өрендеріне Жамбыл қалай үнсіз қалсын! Майданға жүз жасаған жүректен жыр сәлем кетті:

...Қарақтарым, оқыдым!
Хаттарыңды арнаған.
Батырлықты тоқыдым,
Бұрын құлақ шалмаған.
...Баймурзин мен Бұрышев
Жауған оқтан таймаған.
...Ыбырайым, Мырзабай
Жау қыруға тоймаған.
...Жүз жасаған жүректен,
Жырларымды төгейін.
...Қаһарманым, күнім деп,
Беттеріңнен өбейін!

1943 жылы Жеңіске әлі әлі көп күндер мен түндер бар. Бірақ жүз жасаған жүрек сәлемі сол Жеңіс күнін жақындата түсті.



САРҒАЙЫП АТҚАН ТАҢ БА ЕКЕН ...

Ақын жүрегіне қара қанжар қадалды. Майданнан қаралы қағаз келді. Суыт хабарды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы Әбсәмет Қазақбаев жеткізді. Үкімет пен жазушылардың өкілдері бар. Бірін біліп, бірін білмей жатыр.

Жамбыл шорт сынды. 1944 жылдың осы бір қаралы сәті қан тамырларын әлсіретіп жіберді. Өмір де тоқтап қалғандай. Анығырақ айтса, өмір сүргісі де жоқ. Жансебіл шақ. Жүрекке жоқтау, шер жыр келді:

Сарғайып атқан таң ба екен,
Сары аяқ болған бар ма екен.
Сарғайып қана шақырсам,
Алғадайым келердей күн бар ма екен?
...Мінген атым кер ме екен,
Кекілден аққан тер ме екен.
Қиырға бір шығып шақырсам,
«Тәтемнің дауысы» дер ме екен?
Қазығұрт пен Қаратау,
Тамам тауға пана тау.
...Жасым жүзге кеп еді,
Мен өлгенім еп еді.
Ақтаяққа сүйеніп, Алғадай-ау!
Сен жыласаң жөн еді...

– Жәке, батыр бол деп жібердіңіз. – Алғадай батыр болды, бір адым кері шегінбе дедіңіз, – шегінбеді, намысты қолдан берме дедіңіз, – бермеді, енді ол шейт. Сабыр етіңіз, – деді Кенен солығын баса алмай отырған ақынның көз жасын сүртіп.

...Жүзге жасым келгенде,
Салып тұрсың уайым.
Рахмет, Кененім,
Көңіл айтып келгенің.
Белімді бекем буайын,
Енді орнымнан тұрайын.

– Әй, Кенен, – деді Жамбыл:
Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?

Сарыарқаны сандалсам,
Саңлағымды табам ба?

Жұрт күңіреніп кетті. Жамбылға қосылып, бүкіл қазақ елі жылады. Ғали Орманов келгенде:

Түнеукүні кеткеннен,
Ғали жаңа келдің бе?
Алғадайдың мүрдесін,
Жол-жөнекей көрдің бе?
Топырағың торқа боп,
Тыныш ұйықта дедің бе?
Елжірейді өзегім,
Халім қиын менің де.

Халық Жамбылды, Жамбыл халықты жұбатты.

ҚУАНЫШ – ЖҰБАНЫШ

Өмір өз жөнімен жүреді. Халық лек-лек болып, бірінен соң бірі келіп көңіл айтып жатты. Көңіл айтудың аяғы көңілді бұза бастады. Үкімет ақыры жұрт аяғын саябырсытты.

Алғадайдың кішкентай Қуанышы өсіп келеді. «Жетім қозы тасбауыр, отығар да жетілер».

Жүз жасаған Жамбыл бесіктегі баланы әлдилеп тербетіп отыр:

Ал, Қуаныш, Қуаныш,
Сені етейін жұбаныш.
Алғадайым өлгелі
Боп кетіп ем, жылағыш.
Әлди-ай!
Ата, ата деп келген соң,
Айналайын, алайын.
Ақ бетіңнен өпкен соң,
Жүрегімді жамайын...

Ақын жүрегі бірақ жамалмады. Жеңіс келді. Жамбыл оны көрді. Сосын дүниеден өтті. Бірақ мәңгілік Жамбыл жұлдызы қазақ жүрегінде жанып тұр. Ол қазақпен бірге жасайтын Жамбыл жүрек!



ЖАМБЫЛДЫ ҚЫЗЫЛ ЖОЛБАРЫС ТАСТАҒАН КҮН...

...Жамбылдың құл сүлдері қалған. Жаны жылайды. Алғадай өлгелі ұзақ жылайтын болды. Қол орамалы көл болды. Жанары от сол сөнді. Белі шегесінен ажырағандай ажал лебі жақындап келеді. Сонда да ақын жүрегі жырлап жатыр.

Сөндің бе, жарқыраған шам-шырағым,
Қалдың ба тас бекітіліп, қос құлағым.
Жатсам да төсек тартып дәрменім жоқ,
Сеп болып сөйлесетін жалғыз жағым.
Қалыппын ие болмай өзіме-өзім,
Әлім жоқ, күш-қайратты өтті кезім.
Балалар, өлгенімше болысындар,
Сендерге, сол-ақ айтар соңғы сөзім!

Кекесін, өзін-өзі қайрайды.

1944 жылдың август айының 12-сі. Сапарғали Бегалин, Үмбетәлі Кәрібаев бастаған бір топ азамат Жәкеңнің шаңырағына келіп тоқтады. Олар ел аралап, ұлы ақынның өлең мұраларын жинастырып жүрген-ді.

Жамбыл қалжырап отырса да, кәрі досы өлең түртіп, әп-сәтте жинақыланып алды да, сол құлағын тосты.

– Мен Үмбетәлімін ғой, Жәке, – деп еді, ақын оны таяғымен түртіп қалды.

– Үмбетәлі екенінді білемін. Домбыраның үні неге естілмейді, неге өлең айтпай отырсың? – деп Жамбыл жастықтан басын көтерді. Қасиетті қара домбырасына қолын созды. Қолына тиісімен, сикырлы әлем қайта есігін айқара ашты.

Құлақ керең, көз соқыр, көкірек ашық,
Бойдан қайрат, ойдан сөз отыр қашып.
Дүрілдетіп өлеңді айтсаңшы, Үмбет,
Қадамыңды арыстан ұзақ басып.
Жүйрікте де жүйрік бар сүрінбеген,
Ақын үні жиында дүрілдеген.
Қан майданда белдесіп талай ерлер,
Балуанда да балуан бар бүгілмеген, –

деп бір қойды.

Бұрын болмаған әдет. Өлім туралы әңгіме айтты. Өлім болғанда да Сүйінбай, Сүйекеңнің дүниеден өтер сәтін әңгімеледі.

Қисыбай мен Тәйтелі Сүйекең дүниеден көшерден бір күн бұрын барып, кешу алысыпты. Атаға тартып ұл тумайды. Қисыбай ақын да, болыс та болып көрді. Бірақ әкесі Сарыбайға тарта алмады. Тәйтелі де атқамінерлерден аспады. Ауылдың күйкі көлеңкесінде қалып қалды. Сүйекең Сарыбаймен қоса Қисыбайды да сын тезіне алған ғой. Өзі де өлең арнаған. Онда тым жас еді. Бұрымды алып қашқандағы мұңы тағы бар.

...Қайсысын маған соның еп көресіз?

Әкетсем өзім таңдап өкпелерсіз.

Сүйекемнің сүйгенін ойласаңыз,

«Өлең болсын серігің» деп берерсіз! –

деп арнау айтып еді. Ал Сүйекең тіпті қатты кетіп еді.

Апыр-ау, мына жатқан Сарыбай ма?

Жолдасы Сүйінбайды танымай ма?

Қырғызды қазақпенен айдап жеген,

Басыңда шуылдаған малың қайда? –

деп бейіт басына келіп амандасқан. Ал өзі ше? Өзі Қисыбайға:

Үш тоқал болыс болды атпай-шаппай,

Қисыбай не істедің ебін таппай?

Күртібай Үш тоқалға еріп кетті,

Адасқан ай жарықта ақбоз аттай, –

деген. Беу, дүние!

...Қисыбай ана бір жылы болыстыққа таласты. Верныйдағы ояздармен жақсы қарым-қатынас орнатты, тете құрдастығы тағы бар.

Қарақыстақта үлкен бір жиын болып, соның тамашасына көнелеу киімді Жамбыл келген. Ал Қисыбайдың үстінде жаңа бешпент шапан, қарақұрым етік. Ол:

– Жамбыл ақын, құтты болсын айтсаңшы, мына киімдерім жараса ма? – деп еді ол.

Сонда не деп еді? Иә, жаңа киімді маған да алып бересің, не басқалардың сөзін сөйлеп кетермін дегем-ді:

Бұл Жамбыл бір сөйлесе қызып кетер,

Пәтуа – бірлігіңді бұзып кетер.

Ебін тауып ұстамай өшіктірсен,

Байлап-матап қойсаң да үзіп кетер, –

деп базына айтқан.

Обалы не? Сөзден қорықты ма, ағайындық өкпеден сескенді ме, Қисыбай етік тіктіріп берген.



Үмбетәлі мен Сапарғалиға қарап отырып, өткен күнді еске түсірді. Сол Қисыбай Үмбетәлі мен Сапарғали құсап көңілін сұрап, кешу алысуға барған. Соны есіне түсірді.

– Әй, Үмбет, – деді Жамбыл:

Өлеңді бой жасап отырып,
Екі көзді ашып отырып,
Екі аяқты басып отырып,
Айтпаса өлең қалғып кетеді.

Баяғыда Сүйекең нашарлап жатқанда, көңіл сұрай Қисыбай мен Тәйтелі келіп еді. Соларды көргенде Сүйекең неге екенін қайдам, тастүйін болып, басын көтереді.

– Кеше Алла бетімді нокталап, жағымды қарыстырып, тілімді күрмеп еді. Бүгін қайта босатты, сендермен қоштассын дегені шығар, – деп екеуімен кешу алысты. Ертесіне дүниеден өтті. Ақырет суын өзім құйдым...

– Жәке, нені айтып кеттіңіз? – деді Сапарғали. – Фашисті жеңдік. Жеңісті тойлап жатырмыз. Жүзіңізді Кеңес одағы болып тойлайды әлі...

– Фашисті жеңетінімізді өзім де білгем, ал мына ажалды жеңе алмаспыз... Өлсем де өлеңімді айтып кетейін. Енді арманым жоқ, – деді.

...Жамбыл түс көрді. Түсінде ақ боз ат мініп алысқа көз салып тұр. Мұнартаудың ішінде Бұрым ба, Айкүміс пе бұрандайды. Қызыл жолбарыс үзеңгісіне тақауласып бірге жүгіріп келеді.

Қайт қызыл қасиетім – жолбарысым,
Алатаудан ақырған,
Жауын жеңіп жапырған,
Қарасайдай ұл туар!
Сен соған ілес!

Енді бір қараса, жолбарысы жоқ екен...

Шөже-Кемпірбайдың көңілін сұрай барғанда, «көкала үйрек қош деп ұшты» деп өлеңімен қоштасқан. Мен қызыл жолбарысыммен қоштастым білем.

Сапарғали Бегалин тіксініп қалды.

Жамбыл Жабаев 1945 жылдың 15 июні күні Үкімет ауруханасына түсті. Бірақ сөзінен жаңылған жоқ. Әңгіме айтты...

– Менің пірім Сүйінбай, қасиетті еді ғой жарықтық. Андас Ақымбек баласы дүние салған. Оны өздерің білесіңдер, өзі датқа, өзі ақын әрі Саурық батырдың інісі болатын. Сол дүние салғанда, Сүйекең жарықтық айтқан екен:

Алпыстың алтауында Андас өлді,
Сарыбайды екей шулап жерге көмді.
Өзімнің тұстасымның бәрі кетті,
Байқасам, енді нәубет маған келді.

Енді дайындала беріңдер.

1945 жылдың 22 маусым күні ұлы жүрек соғуын тоқтатты. Сол күні Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті қазанама жариялады.

«Совет халық поэзиясының алыбы, қазақ халқы ғасырлық даналығының қазынасы, совет заманының жыршысы, XX ғасырдың Гомері – Жамбыл Жабаев қайтыс болды».

Ұлы ақынның мәңгілік өмірі басталды.





ЖАМБЫЛ ГЕНЕОЛОГИЯСЫ

...Енді тікелей Жамбылдың өз тағдырына қатысты деректерге көшелік. Жамбылдың бірінші әйелі Орымбетқызы Момын деген қыз болады. Ол жас кезінде атастырылып, қалыңмалы беріліп қойған қыз еді. Момын десе момын. Жамбыл қайда кетті, қайда жүр деп сұрамайды.

«Ақын мал табады, Момын ұл табады» дейді екен. Шынында, бұл сөздің жаны бар. Момын Жамбылға мүйізі қарағайдай Қожаш, Қожамберді, Қожақ деген үш ұл, Күнтай деген қыз туып береді.

Тәйтi Жамбылдың үлкен ағасы. Ол қажылық жасап Меккеге кетiп, сол жақта қайтыс болады. Қазақта әмеңгерлік заңына сәйкес Тәйтiнiң тоқалы қырғыз қызы Арданды Жамбылға қосады. Ол бала көтермей, дүние салады. Онан соң iнiсi Қоман өлiп, жас жесiрдi ағайыны Жамбылға күштеп қосады. Әйел ерден кетсе де елден кетпейдi. Жас балаларға Жамбыл қарамағанда кiм қарайды?! Талғайрат та аталы сөзден шыға алмай, Жамбылға қосылуға келiсiм бередi. Жамбыл одан бiр ұл, бiр қыз сүйедi.

Сапарғали Бегалин өз кiтабында Жамбылдың өз кiндiгiнен тараған 11 баласы бар деп жазған. Бiрақ оның мынадай анықтайтын жерi бар. Қоманның өз кiндiгiнен тараған Токқұлы деген ұлы болады. Одан Сәтбала мен Әлiмқұл туады. Ал Жамбылға қосылған соң Талғайрат Ақбала мен Аққұлыны өмiрге әкеледi.


Жамбыл ашаршылықтың бетi берi қараған соң елге оралады. Келiсiмен ағайындарын iздей бастайды. Осылай iнiсi Қоманның немерелерi Сәтбала мен Әлiмқұл деген балаларының Қарақыстақтағы жетiм балалар үйiнде екенiн естiп, iздеп барады. Балаларды бөлiп-бөлiп басқа балалар үйiне жiбермекшi болып жатқан сәтке дәл келедi.

Ағасы тұрғанда қандас бала қалай жетiмдер үйiне берiлмек? Сүйекке таңба емес пе бұл?! Жамбыл Әлiмқұлды балам деп алып келiп, өзiнiң атын бередi. Қазақша айтқанда, Жамбыл Әлiмқұлды асырап алады.

Әлiмқұл Жамбылов бұл күнде Қазақстанның халық ақыны, ардагер, абыз ақсақал.


Төртінші әйелі Қанымжан Итқарақызын айттырып, қалыңын төлеп алады. Қанымжан жесір қалған Жамбылға ұзатылады. Ол өсіп-өнген орнықты тіршілігі бар Дулаттың Ботбай руының Тілеуқабыл атасынан тарайтын Итқараның қызы болатын. Ол сұлу, сүйріктей, күлкісімен жұрт көңілінен шығатын ақжарқын жан болады. Қанымжанның да бауыры құтты болды. Ол төрт ұл тапты: Алғадай, Шыныбай, Ізтілеу, Тезекбай. Алғадай мен Ізтілеу Ұлы отан соғысында батырлықпен қаза тапты. Шыныбай жастай өледі.

Жамбыл баба тұқымының генеологиясы сызба түрінде төмендегідей:



* * *

Інісі Қоман өлген соң келіні Талғайратты алады. Одан 1-ұл, 1-қыз сүйеді.




ЖАМБЫЛ

Ардан
(ұрпақ жоқ)

* * *


Қанымжанды Жамбыл айттырып алады. Одан төрт ұл сүйеді.

ЖАМБЫЛ




* * *

Жамбыл



* * *

Жамбыл



Қожаш Жамбылмен бірге Қырғызға көшуге келіспей, ел ішінде қалады. Күн көріс қиындап, аштық меңдеген соң, екі-үш күннен соң Жамбылды іздеп, Қырғыз кетпек болады. Бірақ Қастек асуынан аса алмай, тоғыз ұлы өліп, Қожаш өлімші боп жатады. Бәтима да күн көріс қамымен екі қызды жетектеп, олардың соңынан шығады. Бірақ бір қора өліктің үстінен түседі, тоғыз ұлы да ісіп-кеуіп, өліп жатыр. Күйеуі Қожаштың кірпігі әрең қимылдап жатыр екен. Енді Бәтиманың да өмір сүргісі келмеді.

– Жүзімді жасырып кет. Жоқ... жоқ, кете бер. Үрім-бұтағымызбен түгел қырылып қалдық. Тым болмаса екі қызды аман алып қал... Қош... қош. Мәшһарда кездесерміз...

Бәтима күйеуінің бұл аманатын қалай да орындауға – екі қызды аман алып қалуға ант берді. Осылай тастүйін бекініп, көп мехнат көріп, аман-есен Қырғызға жетіп еді... Зейнехан мен Ділдеханدى өсірді, тұрмысқа берді.

Зейнехан үш қыз, бір ұл туды. Ал Ділдехан Кененбай деген кісіге тұрмысқа шығады. Одан Мәулен туылады. Бәтиманың «Қожаштың шаңырағы опырылып, орнынан түсті» деген жан дауысына шыдамай, Ділдехан Мәуленге Қожаштың атын беріп, Бәтиманы анасы деп жаздырды. Сонан соң Мәуленге жоламай, біржола қол үзді. Кененбаймен отаса алмады.

Бұл әңгімені Мәулен Қожашұлы жазбауымды өтініп еді. Бірақ адамнан жасырғанды Құдайдан жасыруға бола ма? Мәуленнің өзі айтпаса да, бұл әңгімені ел білетін. Бірақ ешкім батып сұрай алмайтын. 1932 жылы ашаршылықта өлген Қожаштың, 1946 жылы баласы қалай туылуы мүмкін. Осы бір ақиқатты жазғаным үшін Жамбыл музейінің директоры Мәулен Қожашұлы түсіністікпен қарар деп үміттенемін.




Ділдехан «мама» деген сөзді Мәуленнің аузынан естімесе де, оның екі ұлы Алмас пен Мұхиттың аузынан естіді. Олар Мәуленді «папа» дегенімен, өз аналарын Балқия деп атайды. Кеше ғана дүние салған Ділдеханدى анамыз деп олар арулап қойды.

Қазақтың осындай қасіреті көп үйде бар ғой...

Жамбыл

Қожақ
(ұрпақ жоқ)







*Мұхтар ӘУЕЗОВ,
академик-жазушы*

ЖАМБЫЛ МЕКТЕБІ

Жүз жыл өмір кешкен ақында: неше жүз жылдар өнері мен шеберлігі түйіскен. Жамбыл ақындығын түсіну үшін оның ауызша айтқыш, айтысқыштығын талдап ұғыну қажет. Халық бұл алуандас ақындарға «суырыпсалма» ақын деп атақ берген. Қынаптан қылыш суырғандай жалт еткіш, отты, өткір өнерді айтқаны. Біз бұны ақпа ақын, төкпе ақын десек жарайды. Айтысқа шеберлік, жалпы ақындық өнерінің, тіпті барлық әдебиет өнерінің өзгеше бір биік сатысы. Ал, ақындықтың өзі не? Егер ол өзгеше көрегендік, сезімталдық және сол көрген мен сезгенді сырлап, күйлеп айта білгіштік болса, жаңағы ақпа ақын сол көрегендік, сезгіштікті шамырқанған шегіне жеткізеді.

Шабыты келген ақпа ақын басындағы аш қыранға меңзес, тұрғылас. Томағасын тартқанда, алғыр қыран бар өңірді сәтте көріп, шолып өтіп, қимыл еткен шөп басын, қыбыр еткен тышқан жүрісін, қылт етіп бұққан түлкі түгін лезде шалып қалғандай, айтыс ағымындағы ақпа ақын да сондайлық көмескіні көргіш, бұлдырды білгіш болмақ шарт.

Бұл қасиет ақынға оңай орнамайды. Аса бір ерен шыққан, жалын атқан дарынды жас болмаса, көпшілік шын ақпа ақын өнеріне бейім болған күнде де ұзақ сонар сын кешіп, сан сайыста сілкісе жүріп, сан рет жаға жыртып, тон тоздырып барып жетеді. Бірақ жеткен өнер сатысынан ақын шегінбейді, шымырлай береді. Дерт жеңбесе, жыл-жылдар жеңбейді. Ол өнерді кемітпейді. Тегінде, дене қартайды, ақындық қартаймайды. Осы айтылған сыпаттар Жамбыл басында түгел бар еді.

Алып ақынның жүз жыл өмірі, жүз жыл бойында суарылған



сайын шыныға түскен шар болаттың бабындай, шымырлай толысып, түрлене түскен ақпа ақын өзгеше бір өсу өмірі болатын.

Жамбыл айтысқа жас бала күнінен кірісіп, мөлшері 70 жасына шейін, белсене түсіп жүрген. Ал, бірақ соңғы отыз жыл ішінде, ескі мерзім бойынша, кей замандастарымен оқта-текте әзіл ретінде аз қағысып өтискені болмаса, шынайы үлкен айтысқа, ақындардың өздерінше айтсақ «сүре» айтысқа араласпайды. Аға ақын Жамбылды кейінгі буын ақындары ол сайысқа салмай, сыйлай, сақтай-сақтай жүреді. Бірақ ақынның ақпа-төкпе көрікті кемел жыры соңғы отыз жыл ішінде бұрынғысынан дами түседі. Жә, олай болмағанда, кейін Жамбылдың әлемге даңқын шығарған ұлы жырларына бұрынғы айтыс өнерінің жалғасы, қатысы бар ма деген сұрақ туады.

Ел шындығын өз тұсындағы кәрі, жас ақынның бәрінің ірі жырлаған Жамбыл өнері, сол бұрынғы Жамбыл ақындығының түп ерекшелігімен тектес екенін танып көрмекпіз. Бүгінгі жыры бұрынғы Жамбылдың азаматтық, арналы арманынан туатынын талдап көрмекпіз. «Өнердің өзін бағалағаның шын болса, төркінінің тегін алдымен таны» десе болады.

Сөйтіп, бұрын айтысқа түсіп ақпа-төкпе жыр туғызып жүрген Жамбыл, бертін келіп, жаңа дәуірді әсем жырлаған Жамбылдың алдыңғы сатысын, әзірлік дәуірін танытады дейміз. Рас, бұл әзірлік дәуір, ұзақ дәуір болған. Бірақ сол ұзақ дәуірде ақын неше саты мектептен, неше дүркін дайындықтан шынығып өтеді. Сондай айтыстың, кейінгі жылдарында ақындық түр, нәр беретін екі жағы бар еді.

Бір жағы – жақсылықты (яғни ақынның өзі жақсы деп сүйген, сүйсінгенін) шаттана шалқып, көріктеп, айшықтай жырлайтын жағы. Екінші жағы – ақынның жек көретінін, жиренгенін, аластағанын жерлей, кінәлай ажуалап, масқаралай жырлайтын жағы болатын. Бұл сөздің алғашқысының мысалын Жамбыл Құлманбетпен айтысқанда былай түйіп тастайды:

Берекелі елді айтам,
Ел тұтқасы ерді айтам,
Басымнан сөз асырман! –

дейді.

Екінші түрлі жырды 1913 жылы «Өстепке» деген өленде болыстарға айтқан:

Ұлылық көрсең ұйлығып,
Желді күнгі қамыстай,
Жапырылып иілдің.
Шұлғымаймын сендерше,
Керегі жоқ сыйыңның, –

деп, өмірінің жүз жылдық тәжірибесінен, ой-қиялынан, даналық тұрғысынан қарап, Жамбыл тез сезіп, тез таныды. Содан әрі, бұрын ер-азаматтың асылын қуана жырлап, татымдыны, ардақтыны аспандатып шалқып жырлап Құлманбеттерді басатын айтыстағы асқақ ырғағына басты. Өзіне қанық, анық даңғыл түрді алды да, соған жаңа мазмұн, халықтық мазмұн қосты.

Тарихтардан, буындардан ұлы шындықты іздеген, халық арманының жыршысы, ұлы шындықтың өзіне жеткенде, өзге ақындардан соны бұрын таныды. Шын шаттықпен жырлады. Бұл алысы емес, жүрегіне жақыны еді, жатырқайтын, тосаңситын бөтені емес, өзек жарған өзі еді. Жүрегінде осындай ұлына сақтаған асыл саз, кезегін күтіп, кесек гауһардай ұялап, орнап жатыр еді. Сол жырлар, соны жырлар гауһары атылды, ширатыла шалқып енді шықты. Енді Өтегенді, Сұраншыны, Көрұғлыны бейнелеп жүрген асқақ әсем жыр бұранғысынан да шарқ ұрды, шығанға шықты.

Халық ақыны Жамбыл ел өнерінің бөлеуінде, алтын бесігінде өскен. Әсіресе, ел бұлағының қайнар бір көзінен, мөлдір бір тасқынынан туған. Осы орайда Жамбылдың алдындағы ақындарын, тұтас тұрғылас ақындарын еске ала кету шарт. Алдыңғыдан Жамбылға ең жақын ақын Сүйінбай болса, ол туралы Жамбыл:

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы сұлу сөздері,
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай, –

деген.

Бірақ Жәкең тек Сүйінбайдан ғана оқып қоймаған. Қазақта, бұл өңірде, сол тұста атақты дәулескер ақыннан: Майкөт ақын,



Жалайыр Қабан ақын, Бақтыбай ақын, Құлан аян Құлманбеттер бар. Сүйінбай бастаған осы төрт-бес ақынның және кейін Жамбылдың да, бәрінің де қырғыздың халық поэзиясымен көп жақындығы бар болатын. Ал, қырғызда бұл тұста атақты манасшы, дастаншы, даңғыл жомоқшы мен ыршыдан Балық, Тыныбектер, Қалығұл, Қатаған, Арыстанбек, Найманбайлар бар. Және Жамбыл тұрғылас Қалмырза, Шойке, Сағымбай, Қара ыршы, Жақсылық сияқты нелер ірі, ақпа-төкпе ақындар бар-ды. Сүйінбай, Жамбыл осылардың арғы-бергісінің бәрін жақсы біліп, көбімен қатар жырласып жүрген. Бұлар халық өнер дәстүрінен үлгі алғанда қазақ, қырғыздың қатар қазынасынан бірдей үйреніп өскен.

Жапсарлас екі туысқан ел арасында өскендіктен, екі енеге тел төлдей, екі бірдей халық анаға тел ақындар болады. Ал қазақтағы Жамбылдың өзі тұтас ақынның осы Жетісуда, әсіресе, Үйсін ішінде болғандарын алсақ та талай саңлақтар шығады. Дулатта Жамбылдан жасы үлкенірек Сарыбас, Албанда – Құлманбет, Қалабай, дәл тұтасы – Ыстыдан шыққан Қуандық, Қораластан шыққан – Қожантай, Жалайыр – Досмағанбет, Тілеукабылдан – Әмір ақындар бар. Осының бәрі де атақты жыршылар болған. Бұл саналған екінші буын бір топтан басқа Жамбылдың, өз елі Шапыраштыдан шыққан, оның ішінде бергі атасы Екейден шыққан ақын саны, әсіресе мол болады.

Екейде елу бақсы, сексен ақын,
Жаратып мінеді екен ерттеп атын.

Қобызы, домбырасы үнін қосып,

Гулейді жын қаққандай кешке жақын, –

дейтін шақпа, әжуа сөздер ақын мен ақындықтың молдығының куәсі. Сүйінбайдан бері қарай созылған Жамбыл айналасына келгенде, әсіресе қоюланған қалың үйір, үлкен шоғыр, ордалы өлең бар. Сол көп ақынның бар қазақтағы меншікті жанры айтыс болатын. Ол да жасынан бері қарай Жамбыл қаржасып өскен ортаның айтысы мол болғанын аңғартады. Ертеде Сүйінбаймен ұлан-ғайыр айтысқа түскен Күнбала, Жамбылмен айтысатын Айкүміс, Сайқал қыз, Бөлектің қызы – бәрі де айтыста сан ақыннан, сан топта озып, жұлде алып жүрген ақын әйелдер.

Ал, жалпы айтысты алсақ, бүгінде үш елде толық сақталғанын

көреміз. Ол қазақ, қырғыз, қарақалпақ елдері, Қазақ ішінде әсіресе, бұрынғы Ұлы жүз аталған бөлімінде және Сыр бойының нағыз көп айтылған, көпшілік айтатын фольклор түрі боп толық сақталған. Жамбылдың өзі жүрген ел ортасын аңғарсақ, онда жүздегі Жамбылдан бері қарай, бар буынның ақындары бар. Ең соңы жиырмаға жаңа жеткен, қыз-жігіттің арасынан шығып отырған, айтысқа жүйрік жастар бүгінге шейін әр колхоз, әр ауданнан табылады. Қырғыз, қарақалпақта да айтыс үлгісі осы күйде. Бірақ осы айтқандарға қарап, жалпы айтыс өнері ерте күннен де тек осы үш елдің ғана өнері еді десек, адасамыз. Анығында, бұл түр дүние жүзі әдебиетінің әр дәуірінде, әр алуан елдерде болып өткен. Әсіресе, қазақта суырыпсалма ақын, ақпа ақын дейтін шапшаң айтқыш ақындар орта ғасырда Шығыс, Батыстың көп елдерінде, орыс халқының ескілігінде де болғанын көреміз. «Импровизатор» дейтін атауымыздың өзі де солардан қалған. Осылардың арасынан айтыстың дәл өзін ұстанған арабта мұғаллақаттарды тудырушылар бір алуан. Ал батыста келттің – фильмдері. Терістік Франциядағы – труверлер, Орталық Еуропадағы мейстер – зингерлер, орыста кейде скоморохтар, Скандинавия елдерінде болған эддаларды жырлайтын скальдылар – көбінесе айтысқа жүйрік ақындар екені белгілі. Дәл осы топтың қатарында мейстерзингерлер, кей дәуірлерде, шіркеу ішінде дін тақырыбына арнап, талай айтыстар жасаған. Бұнысы Шөже мен Кемпірбай айтысында бізде де айқын көрінеді. Әуелі әлемді, адамды, жаратылысты, жұмбақ-сұрақ естіп кеп, артынан Шөже «уаттари уэззэйтуни» деген аяттың мағынасын шеш деп, Кемпірбайға сын қояды да, Кемпірбайды соны шеше алмағандықтан жеңеді.

Қазақтың айтыс ақыны мен дастаншы жырау ақындарының арасындағы айырмасы аз болатын. Өйткені үлкен жырау айтысқа да жүйрік келеді. Найман ішіне келіп, бір күнде он жеті ақынмен айтысқан Жанак, сол жылдың өзінде «Қозы Көрпеш – Баянды» жаңадан тыңнан жырлап шыққаны көпке мәлім. Ал айтыстың Майкөт, Сүйінбай, Жамбыл сияқты ірі ақындары, екінші жағынан, ірі дастаншы ақындар болғаны да мәлім. Сөйтіп, ақпа ақындар өнері шын талантты жыршының тұсында, сол дәуірдегі неше алуан көрікті өрнектер туғыза алатынын көреміз. Жалпы алғанда, ақпа ақындар дүниелік ең ірі эпосты туғызушылар болады. Жәкендер өнерінің бір қанаты сол сипатты болатын



дүние жүзі әдебиетінде көне гректің аэддеріндей, немесе Еуропадағы туверлер, фильдер, мейстерзингерлердей, елінің эпосын да, айтысын да туғызған. Сондықтан да, одақ елдерінің ішінен шыққан, ең алғаш өз көзі көрген, ақпа ақын Сүлеймен Стальскийді таныған жерде А.М.Горький: «Біздің заманымыздың Гомері осы» деген. Сондағы Гомер деп атағандарының ішінде Жамбыл толық қосылатынына дау жоқ.

Міне, сол Гомерлердің бір тобының еңбегімен Илиада, Роланд жыры, Эдда, Калевала, Алпамыстар, Кольцо Нибелунгов, Илья Муромец, Скандинавия елдерінің сагалары туса, орыс халқының тарихы жыры, асыл қазынасы «Игорь полкі туралы сөз» де туған. Тағы біреулері сол дастандарды ауызша жырлап, халыққа тәрбие-тәлім беретін өнер таратқан. Көркем қазынаны сақтап, сақтатып, буыннан буынға өнеге қалдырып отырған. Жә, сол неше ғасыр, неше халықтардың неше алуан боп аталған ақындары ауызша жырдың көркемділігін асыруға тырысқан.

Ол Құлманбетті немен жеңеді? Сарыбасты неден жеңеді? Досмамабетті немен тоқыратады, аяқталмай қалған Шашубаймен айтыста немен күшті?

Құлманбет Жамбылға соқтыққанда:

Болғанда жол ағадан, тон жағадан,

Арлан бөрі соғады тау сағадан, –

деп қара борандатып кеп, Албанның көптігі мен байлығын айтады.

Жамбыл соған орай өзінің халық мұңшысы екенін танытып:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,

Ел бірлігін сақтаған татулықты айт,

Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,

Оны мақтап, шалықтамай жөніңе қайт, –

деп бір тойтарыс береді де, өзінің арманы не екенін былай танытады:

Берекелі елді айтам,

Ел тұтқасы ерді айтам,

Басымнан сөз асырман! –

дейді. Осыдан кейін Жамбыл халыққа қадірлі асыл азаматы боп шыққан саналы ерлер – Сұраншы, Саурықты жыр етеді. Бірақ Құлманбет бұған тоқтамай, тағы да байлығын айтып кеп, оның үстіне Саурық пен Сұраншының өлімі арқылы Жамбылдың үстінен табалағысы келеді:

Секеңдеген серкенің ажалы деп,
Саурық пенен Сұраншың жаудан өлген, –

дейді.

Айтыста жеңу мен жеңілу өлең таппағаннан тумайды, жүйеге, жолға жеңілуден болады. Құлманбет жаңағы сөзімен өз үкімін өзі айтып, сағағынан ілінеді, қазасына жетеді. Оның қазасы мен үкімін Жамбыл айтқанда, былайша тойтарып түйеді:

Батыр Саурық, Сұраншы жауда өлген,
Халқы үшін шейіт болып жанын берген!
Елді қорғап өлгеннің арманы не?
Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.

Қажылық қып кетті ме Максұт ағаң?
Ағайынмен ұрысып даудан өлген.
Шапырашты, Дулаттың бәрі куә,
Шытыр жеген өгіздей аунап өлген.
Мақтаған байларыңның оңғаны жоқ,
Төрт бұрышын төңіректің жалмап өлген, –

деп Құлманбеттің қанатын осылайша жүйеге жығып қырқады. Сарыбаспен айтысында Жамбыл екінші бір зор сапаға ауысады. Онда Жамбыл үш кезең жауап айтып, Домалақ, Сұраншы, Саурық үшеуі туралы үш тамаша дастан жырлап шығады. Ұзақ жауабын түйе келгенде:

Көп Дулаттың баласы
Рас сенен аз едім.
Аз да болса батыр ем,
Топты жерге барғанда,
Саулап тұрған сөз едім.
Жаулы жерге барғанда,
Атамын деп оқталған,

Көк берен болат кез едім, – деп елдіктің ішінде ерлік барын айтады. Сапалы елдік, қор боп көшкен көптік пен барлықтан намысты, қасиетті болған аздықты артық дегізеді. Бұл ақынды да Жамбыл жеңгенде арманы зор алысты көретін қасиетті адамгершілікпен, зор халықшылық қасиетпен жеңеді. Бұны да жүйеге жеңеді. Және сонымен қатар білімге де жеңеді. Ақындық сынының бір қанаты – білімділік. Бұл жерде Жамбыл сол сапасымен де озып шығады. Ол көп алдыңғы ірі ақындардың



сүре айтыстардағы ірі дәстүрі еді. Сол өнерін Досмағанбетпен айтысқанда Жамбыл және де ағыл-тегіл төге көрсетеді.

Пірім бар жыр нөсерін аспанға атқан.

Сұңқардай саңқылдаған ер Сүйінбай, –

деп, бір кетіп, өзге де өзінен бұрын өткен ірі ақындардың аттарын атап кеп, солардың ішіндегі өнерпаздарын санайды:

Ілгері Шөже, Балта заманда өткен,

Асекең, Бұқар жырау арманда өткен.

Солардың аруағы маған қонып,

Ел мұнын жырмен төгіп нөсерлеткем! –

деп өзінің ел мүддесінің елдік мұратының жолындағы ерекше саналы ақын екенін танытады. Досмағанбет молда ақын еді. Оның сол молдалығын Жамбыл халықты қанағаштық, құлқыны жамандыққа сайып, мазақ етіп жерлеп кетеді.

Молда емессің соқырсың

Зікір айтып зарлаған.

Жаназа оқып өлгенге,

Підия алып жалмаған.

Көзді жұмып алдаған.

Кедей өлсе үйіне,

Күңіреніп бармаған.

Аттана шауып бай өлсе,

Қирағаттап құранды,

Күні-түні сарнаған, –

деп құнарсыз молдалыққа жалғасқан, нәрсіз ақындық сиыр жорғалықты қабат түйреп, төңкеріп кетеді.

Міне, осы айтыстарының бәрінде де, Жамбыл айтқыш ақындығынан басқа азаматтық сапасы да бөлек жатады. Өзге татымсызды мақтағыш, ел арманын арман етпейтін ақындардан иығы асып, өктем шығып отырады.

Бар айтысында Жамбыл ел қорғаны болған арман етеді. Ел бағына туған ұлы азамат ел көзіндегі жасты тыйса екен, қиял мекеніне жеткізсе екен, жаңа күн туса екен дегеннің арманы. Ол арманының екінші жағы, өз заманындағы байға, ұлыққа, қажы, молдаға, төре, тілмашқа, болыс, биге ызалы кекесін болу, Құлманбеттің байларын, Сарыбастың жуандарын, Досмағанбеттің дін үгітін, Шашубайдың Байбұландай саудагерін, Бақия, Барлыбектей шенді төрешіктерін Жамбылдың кісі құрым көрмейтіні сол.

Кейінгі Жамбыл айтқандай көп өлеңнің болашақ сипаты айтыста жатады дедік. Ең әуелі сипаты көрегендік пен сезгіштік. Жамбылда тез жер тану бар. Дүниені қырағы, алғыр көзбен лезде шолу бар.

Осы соңғы дәуірдегі жырларының екінші саласы жауға арналған ащы, зәрлі, ызалы, мысқылды, жиреніш жыры болса, ол да бұрынғы айтыстан өз төркінін табады. «Шытыр жеген өгіздей аунап өлген» дейтін Мақсұт турасындағы ызалы күлкі кездейсоқ емес-ті. Жақсыны көксеумен қатар, жамандықты, зұлымдықты сорақылықты көргіш, сезгіш ақын. Бұрын оларды үнемі әшкерелеп жазалап жүрген. Бұнда Жамбыл түре айтыстың ақпа ақыны, көреген, сезімтал, от аузында айтқыш ақын. Ашуына, сынына кезіккен кісі ажалына кезіккендей болатын. Сол мінді көргіш, көргенін қолма-қол әшкерелегіш, жерлегіш, сөзі шоқтай күйдіріп түсетін Жамбыл, бұын талай Мәңкедей болыстарды масқаралаған-ды.

Жанқойлық болысы пысық келеді,
Мұрындары пұшық келеді.
Екі арадан ептеп жерінде,
Көздерін қысып келеді.

Сондай-ақ паракор, жеміт тілмаштарды да сау тастамаған.

Болысқа жолдас болды песір деген,
Жігітке жарамайды кесір деген.
Екейді қаңғып келіп, Шыбыл жейді,
Құдайдың уақыты шығар жесін деген, –

деп, әшкерелейді.

Тағы бір кезекте, Мекке жолында қасына еріп барған Тәйтгі өлгенде, соның пұлын жеп қойған Шыбылдан шыққан Сауырбай қажыға:

Мекеге біреу барса Шыбыл барсын,
Шыбылдан басқаң барсаң шығындарсың.
Кебінін өлгендердің жиып алып,
Барғанда қияметке шырылдарсың, –

деп, әшкерелеген болатын. Сондағы турашыл, зілді ашулы ызғарын Жамбыл кейінгі дәуірдегі халық, ел, отан дұшпанына немесе күндегі құрылыс болмыстағы үлкенді-кішілі зиянкеске, не тоғышар жарым естерге оп-оңай жұмсайды. Бұл жөнінде қалт еткен мінді қылп еткізбей бас салып, дара



тіліп шырқатып шығаратын айтқыштық, қазақтың Жамбыл алуандас ақындарында аса көп болған. Дәл Жамбылдың замандас, үзенгілес ақындарының өзінің ішінде де осылай айтатын талай, ақтыбоздысын жүйрік айтқыштары болғанды. Жамбыл олардың көбімен үнемі қағысумен, қаржасумен өскен.

Жамбыл ақпа-төкпе ақын еді. Төкпелік ұзақ сүре үлкен толғауда шығып кетеді. Осыны бірде Өтегендей, Сұраншыдай үлкен эпос туғызып отырса, бірде дәл келелі сүре айтыстың өзінің үстінде Құлманбет, Сарыбасқа Сұраншы тарихын поэма еткізгендей, ұзақ сүре әңгімелі жыр желісін жатқызып кетеді. Кейде ескі труверлер үлгісінде – Домалақ дастанындай, тамаша көркем (Сарыбаспен айтысында) аңыз поэманы толғап кетеді. Кейде сол сүре айтыста Досмағанбетке айтқандай, дін үгітшілеріне қарсы күлдіргі мысқыл әңгіме тізіп, соған төкпелеп кетеді. Сүре айтыста бұл кезекте Жамбыл Еуропада болған «Фабльо» үлгісін туғызып өтеді. Шашубаймен айтысында Байбұлан туралы мысқыл әжуаның төбеден түскен жайдай, жайтапқыш бір оғын атады. Бұндағы Жамбыл гротеск, шарж, мысқылдың неше атасын тапқандай. Қадалған жерінен қан алмайды, жан алады. Мазағына ілінгеннің, басына қарай қаптағанда, қатты соққан құйындай, үзігін үйіріп, желпілдете, түндігін ұшыра соқтығып ыршытып түсіреді. Оқтай өтімді күлкі табады. Бұл ретте әр теңеуінің өзі, жай ақынның жайшылықта күн толғанса таппайтын, аузына түспейтін көп теңеулер болады. Сондай ызалы сайқымазақта, әжуада, мысқыл, қалжында Жамбыл тапқырлығы елден ерек. Жамбыл: «Өлең не күлдірмесе, не жылатпаса өлең емес, нәрсіз сөз, зәрсіз оқ есепті» дейтін. Сол сипатының бәрі Жамбылдың өзінде бар еді. Жамбыл суретші болса шарждың, пьеса жазушысы болса комедияның, гротесктің барып тұрған шебері болар еді.

Жамбылды білген кісінің бәрі байқаған бір ерекше өнері кешегі, бергі күнге шейін өле-өлгенше Жамбыл ақындығының бір зор айқын сипаты болып, үнемі өре келеді. Ол шапшаң айтып тастайтын, тез көретін, ақпа ақындығына қосымша, өзгеше бір, өткір әзіл айтқыштық еді. Соңғы кезге шейін қасындағы жақын адамдарына, үй-іші үстел айналасында, от басында отырып айтып тастайтын әзіл-қалжыңдарының өзі

де Жамбылдың үлкен ақындығын танытады. Ақпа ақын кейде өлеңмен, кейде жай сөзбен, не өзі тәуір көрген ақындары туралы мысқыл айтатын.

... Жамбылдың үлгісі мен мектебі алыстан, халықтан, халықтық рухани қазынадан, халық даналығынан басталады. Сондықтан да, Жамбылдың атақ-даңқы күллі әлемге әйгілі болды.





II ТАРАУ

ШЫН ҚЫЗСАМ СӨЗІМ – ЖАЛЫН, ДОМБЫРАМ – НАЙЗА

*...Арғы атам – ардақты ер Қарасай,
Теңселген дүбіріне тау менен сай.
Пірім бар жыр нәсерін аспанға атқан,
Сұңқардай саңқылдаған ер Сүйінбай.*

Жамбыл





ЖАМБЫЛ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Ғасырға жуық ғұмыр кешкен Жамбыл шығармашылығы қат-қабат тарихи оқиғаларға толы болғаны баршаға мәлім. Оның дүниеге келуі, ақын, жыршы ретінде қалыптаса бастаған шағы Жетісу қазақтарының ел тәуелсіздігінен толық ажырап, патшалы Ресей мен Қоқан хандығының екі жақты қыспағында қалған кезеңмен тұспа-тұс келді. Алдымен Ресейге қарсы Кенесары хан бастаған ұлы күрес, кейінгі Қоқан басқыншылармен өткен шайқастар, ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс, Қазан төңкерісі, отызыншы жылдардағы Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясаты, аштық, Ұлы Отан соғысы – бәрі-бәрі Жамбылдың көзімен көріп, азабын тартқан азалы кезеңдер еді. Қарт абыз «Менің өмірім» толғауында: «Көз аштым, сорғалаған қанды көрдім, Қамыққан, қанды жасты жанды көрдім», – деп ағынан жарылады. Осы тарихи оқиғалардың қай-қайсысы да алып жүректі ақынның назарынан тыс қалмады, ұзақ та мәнді шығармашылығына арқау болды. Ақынның кейінгі ұрпаққа жеткен Домалақ енеге, Өтеген, Саурық, Сұраншы, Шалтабай батырларға арнаған жырлары, көзі көрген, өзі араласқан тарихи оқиғалар, тұлғалар туралы шығармалары – бұған айғақты дәлел.

Жамбылдың ақындық, жыршылық, әнші-күйшілік өнерімен қатар шежірешілік қырының да болғандығын «Домалақ ене» жыры арқылы айқын аңғаруға болады. Шежіре бойынша Нұрилә (Домалақ ана) Шайхы Мизамбекқызы (VI – VII ғ.ғ.) – Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың қомақты бөлігін қоныстанған Шапырашты, Ошақты, Ысты, Албан, Суан, Дулат тайпаларының түпкі атасы Бәйдібек бидің үшінші әйелі, Жарықшақтың анасы. Осы Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат өрбиді. Домалақ ананың қадір-қасиеті тірі кезінде-ақ ел арасында кеңінен таралған. Кеңпейіл болмысы, кішілік, кісілік мінез-құлқы, аналық мейірім-шапағаты, жалпақ елге, отбасына, жарына деген адалдығы, болжампаз-көріпкелдігі – оны сол заманның өзінде-ақ әулиелер



қатарына іліктірген. Сондықтан, ел ішінде шағын бой-бітіміне, даналық ой-санасына қарай азан шақырып қойған есімі аталмай, «Домалақ ана», «Домалақ ене» деп аталып кеткен. Ол кісінің ел анасы ретіндегі тұлғасы бүгінгі күнге жеткен аңыз, әңгімелерде жан-жақты бейнеленген. Сол халық мұраларында Домалақ ананың Мақтым ағзам қожаның немересі екендігі, Бәйдібек елі Ташкенттен Қаратауға көшіп бара жатқанда Балабөген өзенінің жағасында намаз оқып отырған жерінде дүние салып, сол жерде оған арналып кесене тұрғызылғаны айтылады.

Жамбыл Сарбас ақынмен өткен айтысында Домалақ анаға, Сұраншы мен Саурық батырларға қатысты жұрт аузында жүрген аңыздардың, әңгімелердің негізінде үлкен үш тарихи жыр жырлап шыққаны белгілі. Олардың арасында көп зерттеу нысанасына алынбағаны – «Домалақ ене» жыры. Жамбылдың осы айтысқа байланысты айтқан кіріспе сөзіне қарағанда, жыр жарысын Жамбыл бастап, ақындар бірнеше рет кезектесіп айтысқаны байқалады. Бірақ бізге жеткен С.Шарипов нұсқасында айтысты Сарбас ақын бастап айтады. Егер жаңа келіп, шай ішіп отырған Жамбылға Ноғайбай болыс нұсқау беріп, Жарықшақ пен Домалақ ананы жырлатса, онда негізгі жыр тартысы кейін болғаны сөзсіз. Дегенмен, аталған айтыс мәтіні жалғыз ғана нұсқа болғандықтан, іргелі-бергі зерттеулерде осы нұсқа нысанға алынып келгендігі заңды да. Қордайдан Сарбас Ноғайбай бастаған топпен бірге келмеген, бірақ ел жуандарының көңілдерін аулау үшін кісі жіберіп шақыртқан сияқты. С.Шәріповтің жазуынша жыр былайша туындаған: «Сарбас сөзін бітіргенде, жиналып отырған қазақтың жақсылары отырып Жамбылға: «Сен айтысыңды бастамас бұрын Домалақ деген әйелден Жарықшақтың тууын, оның Жарықшақ атанған себебін, онан Албан, Суан, Дулаттың тарауын сен алдымен айтып бер!» – деп тапсырыс береді (Жамбылдың Сарбаспен айтысы. Жұлдыз. №1, 169-б.). Жырға арқау болған оқиғалар желісі, эпизодтар халық арасында кеңінен тараған Домалақ ананың жау қолында кеткен көп жылқысын Сарыайғыр арқылы шығынсыз, отауда отырып-ақ қайтарып алуын суреттейтін, сондай-ақ ананың дүниеге бала әкелуін, Сары бәйбішенің кесірінен оның «жарық шеке» болып, «Жарықшақ» атануын баяндайтын екі аңыздың сюжеті еді. Жырдың композициялық құрылымына, көркемдік болмысына қарап Жамбылдың бұған дейін талай топта жыр сайысына түсіп шыңдалғандығын, жыршы

ретінде қалыптасқандығын аңғару қиын емес. Мысалы, ақын көп жылқының киесі болған Сары айғырды түр-келбетін былайша суреттейді:

Көп жылқының ішінде
Тоқсан екі құлыны бар,
Бір сары айғыр бар еді.
Енесінің шуынан
Басқаны тіпті көрмеген,
Шыбыннан басқа қонбаған,
Желден басқа мінбеген,
Мойнына құрық тимеген.
«Соны енді бергін» деп,
Солай жауап береді.
Асауды қалай ұстап аласың,
Жүген, құрық тимеген?
Ұстасам, ұстап аламын,
Ұстамасам, қалайын!
... Құрайттадың, Домалақ,
...Айғыр сонда келеді,
Омырауын иіскей береді.
Басына жүген жүгендеп,
Айдады жылқының өзгесін
Аққошқар түгендеп.
Екі аяқты тұсады.
Тырп етпеді жануар,
Жуас малға ұсады.

Жырдың алғашқы бөлігінде Бәйдібектің асқан ауқатты екендігі, мал-мүлкінің есебі болмағандығы айтыла келіп, байлықтың желігімен бидің бастапқыда домаланған, аласа бойлы Нұрилань менсінбей жүргендігі сөз болады. Ананың ай-күні жетіп, босануға шақ қалғанда ел көшпекке қамданады, бірақ толғағын сылтау қылған Нұрилә жұртында түнеп қалады. Келесі күнгі бесінде қырғыздың Аққошқар атты батыры Бәйдібектің жылқысын шаппақ болып, көне жұртқа келеді. Ақ жұлым отау үйге түсіп, келген мақсатын айтып Нұриладан бата сұрайды. Сонда данагөй ана: «Қуаныш сенде болсын, Түпқазығы менде болсын!» – деп батасын береді. Таңға жуық Аққошқар «Сан жылқыны шулатып, Тай-



құлынын тулатып» ескі жұрттың маңынан айдап өтеді. Отаудан шыққан Нұрилага: «Қалағаның бар ма?» деп сауал тастайды. Ол жоғарыда айтылған Сарыайғырды сауғаға сұрайды. Түс мезгілінде жаудың соңына түскен Бәйдібектің өзге әйелдерінен туған сегіз ұлы келіп жетеді. Тоқал шешелерін менсінбесе де олар жау шапқан жылқының кеткен жағын сұрасты. Алда қауіп барын алдын-ала сезген ана балалардың шылбырына жабысып: «Балалар, оған бармаңдар, Түпқазығы бізде, Таңға жуық болғанда, жылқың келер мұнда!» – деген жалынышына да селт етпей аттанып кетеді. Әккі жау бекініп жатып сегізінің барлығын қолға түсіріп, бауыздап өлтіреді. Соңдарынан Бәйдібектің өзі де жетеді, бірақ мерт болған ұлдарының сүйектерін көріп, көз жасын төгеді. Балаларын жерлеген соң Бәйдібек би Орта жүз бен Кіші жүзге қарай көшуді жөн санайды. Нұрила түн ортасында «құрайт» салғанда Сарыайғырдың дауысына тау жаңғырып, тас құлап, қалың жылқы жосып қайтып келеді.

Жырдың екінші бөлімі Нұрилань аман-есен қол-аяғын бауырына алуы, сәбидің «Жарықшак» аталуы турасында. Сөйтіп, Бәйдібектің елі сегіз күн көшіп, Орта жүз бен Кіші жүздің жеріне таяу келіп қоныстанады. Толғақ қысып жатқан Нұрилань екінші әйелі Зеріпке табыстаған би үш жүз бас қосқан алқалы жиынға аттанып кетеді. Жас ана босанып жатқанда, Сары бәйбіше сәбидің кіндігін кесу үшін Зеріпті пышаққа жұмсап, күндестікпен жаңа туған ұл баланың басына сұқ саусағын батырып-батырып жібереді. Талықсып жатқан баланы көргендер бұл қасастық Сары бәйбішенің қолымен жасалғанын біледі, әсіресе, аналар қатты назаланады.

Кіші жүзде
Бір оташы бар еді.
Кейде еміп, кейде ембей
Талып жатқан баланы көреді.
«Суық қолдың орны екен» деп,
Көзінше айтып береді.
Жарылған жерін басының
Ойып алып тастайды.
Тасбақаның сүйегімен
Жарасын жамап емдеді.

Үш айда бала жазылды,
Үш айда бітіп жарасы,
Құдайдың құдіретіне қарашы!
«Төбесі жарық болды» деп,
«Жарықшақ» деп атады.
Жарықшақтан туды үш ұл –
Бірі – Дулат, бірі – Албан,
Бірі – Суан, көп Дулаты.

Жұрт жадында сақталып қалған аңыздардың желісінде жырланған «Домалақ ене» жыры біршама Жетісу ақындарының шығармашылығында орын алғаны аңғарылады. Атап айтқанда, осындай шығармалардың қатарында Д.Сүттібайұлының “Нұрила” дастаны да бар (профессор С.Дәуітұлының жеке мұрағатынан). Сарбаспен айтысқанда «Домалақ енені» талай алқалы топтарда жырлай жүріп машықтанған Жамбыл Алматы қаласында Қожамберлі дегеннің үйіндегі өткен осы үлкен жиында (1895) жырды мақсатты түрде қысқартып айтқан сияқты. Біріншіден, оған жиында отырған шенді-шекпенділердің менмендігі, әсіресе Жетісу өлкесіне кең танымал Ноғайбай болыстың аз санды Шапыраштыдан шыққан Жамбылды олқысынғаны себеп болса, екіншіден, қалың Дулаттың бетке ұстарларының өз аналары Домалақты, аталары Жарықшақты әдейі бұған жырлатпақшы болған қысастық әрекеттері түрткі болған сияқты.

Қожамберлінің арнайы шақыртуымен Ұзынағаш жақтан ат арытып келген Жамбыл қалаға сәске мезгілінде келіп жетеді. Ол кіргенде үй толы Жетісудың жақсы-жайсаңдары дастарқан басында шай ішіп отырады. Әрей есімді старшын қонақтардың арасынан орын көрсетіп, Жамбыл да дастарқанның бір шетіне орнығады. Төрде жастықты шынтақтап жатқан Ноғайбай болыс ақынды көрмегенсіп, жылы кейіп білдіре қоймайды. Онысы көкейді тесіп отырған екі көзінен айқын байқалады. Жақсылардың бел ортасына жайғасқан ескі танысы Дәуітұлы Байболат бір қаға берісте Жамбылға «сабыр сақтап отыр!» деп кеңес береді. Ноғайбайдың сөзін Жамбылдың өзі былайша еске алады:



– «Сүйінбайым баяғыда
Былай өлең айтты» деп,
Бір ағашты құшақтап,
Кеп отырдың сипақтап.
Жамбыл деген неменің
Екейдегі осы ма?
Ноғайбайдың алдында
Сөз сөйлеші ашыла!
Орнын тауып айтпасаң,
Қамшы тиер басыңа!
Сағынып жүрген немедей,
Отырдың тақап қасыма.
Бір ауыз сауал сұрайын,
Айта алмасаң өлеңді,
Ұрайын ба басыңа?!
Домалақ, Жарықшақтан бастап,
Бір ауыз тиші көрейін.
Өлеңді қозғашы
Домалақ, Жарықшақтан,
Бір ауыз өлең озбашы.
Қожамберлі сені мақтайды,
Бұл маған неліктен,
Жақын келіп жақтайды.
Кейбіреу өлең айтысса,
Бекер аузын боқтайды.
«Сүйінбайдың інісі» деп,
Парасат қылып мақтайды,
Сүйінбайдан басқа өлеңші,
Сірә, маған жақпайды.
Домалақтан басташы,
Жарықшақтан тозбашы,
Бет алдыңа бақырып,
Таңдайыңнан тозбашы.

Ал Жамбылға кінә тағып, «Ұрайын ба басыңа?!» деп сес көрсетіп отырған Ноғайбай болыс кім? Дәулетбақұлы Ноғайбай (1834–1910) – Алатаудың күнгеі мен теріскейінде қоңсы отырған қазақ-қырғызға тең танылған тарихи тұлға. Ол ұзақ жылдар

Дулат-Жаныстың Сырымбет бөлігінің биі, болысы болып өткен. Әкесі Дәулетбақ, атасы Малдыбай да ел тізгінін қолдан бермеген ақылды, батыл адамдар болған. Кезінде төрт дулаттың басын қосып, қоқандықтарға қарсы сан рет бас көтерген. Солардың ісін жалғастырған Ноғайбай да ауыздыға сөз бермеген ділмар шешен, оқымаса да тоқығаны көп, жақынды жатырқамаған, жауласқанды жақтырмаған азамат болып өседі. Жетісуда Ноғайбайсыз келелі кеңес жасалып, дау-дамай шешілмеген. Әсіресе, сол тұста қазақ-қырғыз арасындағы барымта-қарымта, жер дауы, жесір дауы көп болған және де олардың бейбіт шешілуіне Ноғайбай белсене атсалысқан.

Оңтүстікті билеп отырған Қоқан билеушілерімен де, еліне ендеп кірген орыс ұлықтарымен де дұрыс қарым-қатынаста болып, әрқайсысымен жеке-жеке саясат жүргізген. Орыстармен келісіп, олардың көмегімен өзіне бағынышты жұртты егіншілікке, бағбаншылыққа үйретіп, қыстауында ағаш үй, мектеп салдырып, қора-қопсы соқтырған. Сегіз әйелінен туған балаларының көпшілігі, кейінгі немерелері орысша үйреніп, біразы өзі салдырған мектепте оқиды. Ноғайбайдың өзі елу жастан асқанда қажылыққа барып, қайтып келгеннен соң биліктен оқшауланып, бірыңғай дін жолына түседі.

Профессор М.Жолдасбековтің зерттеулерінде Верныйда өткен бір жиынға келген Абайға Ноғайбай арнайы барып сәлем беріп, еліне қонаққа шақырады. Басында Қордайды алыссынып, Шыңғыстауға қайтатындығын айтып отырған Абайға Сарбас ақын:

– Арғы атаң Өскенбай мен Құнанбай-ды,
Тобықты «Ырғызбайлап» ұрандайды.
Қазақта әуел баста Әжі барған,
Өз әкең есіне алып бір Құдайды.
Мекеде тәңірге арнап үй салғызған,
Туғызған кемеңгер қып бұл Абайды.
... Шалатұғын палуандай сөзің әрлі,
Абайжан, көңілің қалай бұрандайды?
Бармаған шақырғанға зар болады,
Құрметпен барған қонақ ұялмайды, –

дегенде, күліп: «Рахмет, барайын, халық шақырған жерден неге қалайын», – деп келісімін береді. Сөйтіп, Абай Сұлтұтөр жайлауына барып бірнеше күн аунап-қунап, Ноғайбайдың азаматтығына риза



болып аттанады: «Алатау асқар бел екен, Үйсін атты ел екен. Етек, жеңі кең екен. Алма-жемісі көп екен. Қоңыр желі Қордайдың дертке шипа ем екен. Елден елдің кемі жоқ – Қасқараудың көлемі Тобықтыдай кең екен. Ерте ердің кемі жоқ – Ноғайбай да ер екен. ... Қош, сау болғын, ер Ноқа, кіре берсін берекең» (Жолдасбеков М. Жүз жыл жырлаған жүрек // Жалын, 1972. №2. 64 – 69), – деп, риза болып қайтады.

Бұдан басқа Абай Жетісуға келіпті деген айғақтарды кездестіре алмадым.

Қазақтың өзге де эпик ақындары сияқты Жамбыл да қазақ-жоңғар соғысы батырларын жырлауға өзіндік үлесін қосты. Соның бірі – жетісулық ақындардың көпшілігі жырлап, халық арасында кең насихатталған «Өтеген батыр» жыры. Жамбылтанушы ғалымдардың пікірлеріне қарағанда, бұл тақырыпты алғаш Күсеп ақын, одан Сүйінбай, одан Тілеміс, Майкөт, Жамбыл, кейін Кенен, Үмбетәлі сияқты ақын-жыршылар жалғастырған. Батырдың ерлікке толы жорық жолдары ел арасында аңызға айналып, есімі өлең-жырларда мадақталып, аңыз-әңгімелерде, жоңғар шапқыншылығына қатысты көптеген тарихи жырларда эпикалық бейнесі айқындалды. Өтеген батыр туралы фольклорлық мұраларға әр кезеңдерде Е.Ысмайылов, Қ.Тұрғанбаев, Н.Смирнова, С.Бегалин, А.Бұлдыбаев т.б. ондаған ғалымдар зерттеулер жүргізді.

Өтеген батыр Өтеғұлұлы (Мүйізді Өтеген) (1699–1773) – қазақ-жоңғар соғысында ерен ерліктер көрсеткен батыр, қолбасшы, көреген, ел қамын жеп «Жерұйық» іздеген жиһангер. Түп-тегі Ұлы жүз Дулат тайпасының Жаныс-Қасқарау-Сырымбет аталарынан өрбіген. Атасы Сырымбет батыр Салқам Жәңгір сарбаздарының сапында (1635) Батур қонтайшының 50 мың әскеріне қарсы соғысқан деген аңыз, әңгімелер де кездеседі. Өтеген де 15 жасынан аттан түспей Түркістан, Ташкент маңындағы, Аңырақайда өткен шайқастардың белортасында жүріп, жоңғардың Бөтхишар, Сабан Тайшық сияқты қолбасшы-батырларын жекпе-жекте жеңеді. Әсіресе, елдің оңтүстігін, Жетісу өлкесі мен шығысын жау тырнағынан босатуда айтулы еңбек сіңірген. Төле би, Абылай хан сынды тарихи тұлғалардың ақылман кеңесшісі, Қазыбек, Әжібай, Қойкелді, Райымбек батырлардың сенімді серігі болды. Оған бір ғана дәлел – Абылай ханның достық ықыластың белгісі ретінде батырға берген шұбар жез тегенесі. Бұл құнды жәдігер көненің

көзіндей бүгінгі күнге дейін Өтеген ұрпақтарының қолында сақталып келеді. Атадан балаға мұра болып келе жатқан Өтеген батырдың шұбар тегенесі тарихтың тылсым түпкірінен көп сыр шертеді.

Өтеген батыр Іле бойында қайтыс болып, жасы жетіп сонда дүние салған. Араға 200 жыл салып (1973) ол жатқан қорымды Қапшағай су қоймасы басып қалып, сүйегі Қордай өңіріне қайта жерленді. Бүгінге жеткен аңыздарға қарағанда, ол сүйегінің су астында қалатынын алдын-ала білген. Солардың бірінде оқиға былайша баяндалады:

«Жегісудың әйгілі батырлары Өтеген, Райымбек Қарашпен тұстас екен. Өтеген батыр жерұйықты іздеп, жапанды аралап еліне оралғаннан кейін Дулат Қараш, Өтеген, Албан Райымбек, Жалайыр Қабан – төрт батыр Өтегеннің үйінде бас қосады. Райымбек, Өтеген – құрдас, Қараштың жасы олардан кіші екен, бәрінің үлкені Қабан көрінеді.

Райымбек сөз бастайды:

– Өтеген, ел аралаған сыншы деген, жер дүниені аралап келдің, жасымыз болса келді, батырсың, әрі көпті көрдің, өлген күнде жәйіміз не болады, қайсымыз қайда қаламыз, соны айтшы, – депті.

Өтеген:

– «Аға тұрып сөйлеген ініден без» деген, дүниенің жарығын бұрын көрген алдымыздағы ағамыз Қабан айтсын, – деп сөздің кезегін Қабанға бұрыпты.

Сонда Қабан:

– Екеуің біріңді-бірің түрткілеп, ақыры мені сөйлетіңдер ме, тыңдаңдар, айтып көрейін, – деп сөз бастапты. – Обалым атымды Қабан қойған әке-шешеме болсын, атым Қабан болғандықтан, бір бастаудың басында, шоқ қамыстың түбінде боламын. Үш күн денем жерде жатады, үш күннен соң табылмайды. Ал, Өтеген, сенің жайлы, жылы мінезің бар еді, жылжып аққан судың жағасында қаласың, бірақ түбінде жылжисың. Райымбек, сен көпшіл ең, қиямет қайымға дейін басыңнан дабыр кетпейтін үлкен жолдың бойында қаласың, – депті-міс».

Жамбыл шығармашылығында «Өтеген батыр» жырының бірнеше нұсқаларының болғандығын М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорындағы Т.Жароков (екі нұсқа), Б.Тұрсынбаев, белгісіз жинаушы, Р.Жолашаров



қолжазбаларынан, Орталық мемлекеттік мұрағаттағы Ө.Жаманділов тапсырған мәтіндерден айқын аңғаруға болады. Бұл жыр нұсқаларын жинаушылар Жамбылдың аузынан әр жылдары жазып алғандықтан, жырдың құрылымында, сюжеттік желісінде өзгешеліктер жоқ емес. Барлық нұсқалардың мәтіндік ерекшеліктерін текстологиялық тұрғыда саралағанда, фольклортанушыларға соңғы жылдарға дейін мәлімсіз болып келген Ө.Жаманкеев нұсқасының өзге үлгілерге қарағанда көркемдік, көлемдік жағы, мазмұндық сипаты да көңіл толтырарлық деңгейде екендігі байқалды.

Жалпы, Жамбыл шығармашылығындағы «Өтеген батыр» жырында батыр өмірінің соңғы кезеңдерін, яғни орыс отаршылдарынан елін сақтап қалу үшін жайлы қоныс іздеу сапары баяндалады. Бұл ретте ол – тек жаужүрек батыр, қол бастаған сардар, ел бастаған көсем ғана емес, болашақ ұрпақтарының қамын ойлаған абыз, ойшыл дана, сәуегей. Өзге жыршылардан Жамбылды оқшаулап тұрған тағы бір ерекшелік, ол Өтегеннің бейбіт өмірдегі көзсіз ерліктерін, XV ғасырда өмір сүрген Асан Қайғыдан кейінгі қазақ қоғамында, ру басшыларында бола бермейтін қасиеттерін, тарихи тұлғасын бейнелеуінде. Жырда Өтегеннің бейнесі келешек ұрпақтың еркіндігін арман-мақсат еткен, бұл жолда табиғаттың апатынан да, тағдырдың қиын-қыспақ кедергілерінен де, айдаһар мен жезтырнақтан да тайсалмайтын, әлсізге көмек қолын созып, сол үшін қажетті болған жағдайда жанын да құрбан етуге дайын көзсіз батыр, кеменгер абыз ретінде сомдалады.

Жырдың Т.Жароков, Р.Жолашаров нұсқалары саяси идеологияның ықпалына түсіп, кіріспе, қорытынды бөлімдері әлдекімдердің кеңесімен жырланғаны байқалады. Мысалы, алғашқы нұсқада Өтегеннің қоныс іздеуінің басты себебі:

Он сегізінші ғасырда,
Далада, қырдың басында,
Ақ жағалы, жез топшы,
Патша жорық ашуда.
...Ер Өтеген олардан
Қорықпады – шынықты,
Ұзақ сапар шегуге
Дайындады жорықты.

Ал Р.Жолашаров нұсқасында:

Патшасы шапса батыстан,
Айырыласың қоныстан.
Елді сатып, қан сорған,
Қарғылы қара болыстан.
...Солдатқа беріп баланды,
Мұндай да болар бір күнің.
Бұдан да жаман заманың,
Қыл көпірдей тар күні.

Соңғы нұсқаны жазып алушы Ә.Жаманкеев мынандай кіріспе сөз жазған: «Өтеген батыр есі кіріп, ат жалын тартып мінгеннен кейін қоныс қарай бастаған. Ер жетіп, толық адам болғаннан кейін: «Түбі осы Жетісу жеріміз бізге қонысқа жарамайды, себебі бұл жерді орыс деген халық алады, оған қарсы тұра алмаймыз, себебі біздің қазақ халқы өте надан, айласы, күші жоқ, сондықтан оған еркіміз кетіп қарағанша, бір оңаша жер тауып, әрісі қазақ халқын тегіс қоныстандыру, иә болмаса тілімді алған қазақты құтқарамын деп жар салған. Тегінде, «орысқа бағынбаймыз» деген Өтеген батырдың басқа қазаққа пікір санасы қосылмаған. ...Ақыры 17 жыл жер қарап қайтып келген. Соңғы көріп-білген ғажайып әңгімесін Жамбыл қарт өлеңмен суреттеп айтады».

Шығармада өзге нұсқалары сияқты батырдың қасына Аюке деген баласымен, толық қаруланған қосшы елу жігітпен екі айғыр үйірлі жылқы айдап елінің шығысына, оңтүстігі мен солтүстігіне жасаған сапарлары айтылмай, оқиға желісі Ақтөбе жерінен бастау алады. Бірақ қосымша, кіріспе, қорытынды бөлімдер жезтырнақтармен болған шайқасты суреттейтін бөлік кіріктірілмеген. Есесіне еліне қайтып оралғаннан кейінгі оқиғалар толық қамтылған.

Жалпы, Жамбыл шығармашылығындағы «Өтеген батыр» жырының сюжеттік желісі жайлы қоныс іздеу мотивіне құрылғандықтан, құрылымында тарихи оқиғалар, нақты адамдардың бейнелері қамтылмаған. Керісінше, батырдың тұлғасы мифтік, ертегілік, аңыздың кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы көрініс береді.

Жамбыл шығармаларының дені көзімен көрген, өзі тікелей араласқан оқиғалармен, қарым-қатынас жасаған адамдармен тығыз



байланысты. Ол Қоқан хандығы мен Ресей отаршылдарының Жетісу қазақтарына істеген зорлық-зомбылығын, Кенесеры ханның осы жердегі соңғы шайқасын, Саурық, Сұраншы батырлардың ерлікке толы өмірін көзімен көріп, көңіліне тоқыды, кейін өлен, жырға айналдырды.

Екіжақты қыспаққа шыдамаған халық Қоқан хандығының қысымына да, Ресей империясының отаршылық саясатына да қарсы азаттық күрестер жүргізді. Осындай қиян-қыстау тарихи сапырылыстар кездерінде халық ішінен шыққан рубасылар мен батырлардың рөлі ерекше болды. Олардың алдындағы басты мақсат – елдің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін қорғау мәселесі еді. Мұны сол кездегі Кенесары–Наурызбай, Тойшыбек пен Бәйсейіт, Тазабек, Шалтабай т.б. батырлардың ерлікке толы күрестерінен көреміз. Осы ардақты ерлердің сапында Саурық, Сұраншы батырлар да болды.

Қазақ-жоңғар соғысы аяқталысымен Қазақстанның оңтүстік батысы мен Жетісу өлкесі Қоқан хандығының үстемдігіне тап болып, XIX ғасырдың алпысыншы жылдары Ресейдің бодандығына толық кіргеннен кейін ғана солардың көмегімен елден аластатылғаны тарихтан белгілі. Сол кезеңде қоқандықтарға сүйенген жапсарлас қырғыз ағайындар да қазақ ауылдарын жиі шапты, қыр көрсетіп, мал-жанға тыным бермеді. Сұраншы, Саурық батырлар осындай беймаза кезенді басынан өткеріп, қандастарын жаудан қорғады, сол жолда екеуі де шейіт болды.

Жоғарыда айтылғандай, Домалақ ене, Сұраншы, Саурық батырлар туралы тарихи жырлар бір айтыста, яғни Сарбас ақынмен өткен жыр сайыста бірін-бірі жалғастырып, тұтас эпопеялық шығарма деңгейінде тыңдармандар назарына ұсынылған еді. Алайда, бұл туындылар жеке жыр ретінде талай өрелі ақындар мен жыршылардың шығармашылығынан орын алып, Жамбыл бастаған кейінгі ұрпақтың жадына әбден орнығып қалған. «Домалақ ене» сияқты кейінгі екі жыр да ер жасы елуге толған Жамбылдың ерекше шабытпен түрлендіре, әрлендіре орындайтын туындыларының біріне айналған. Бұған басты себеп, біріншіден, Сұраншы мен Саурық сол тұста Жетісу қазақтарын қоқандықтар мен орыс озбырлығынан, тіпті жапсарлас қырғыздың барымтасарымтасынан қорғай алатын санаулы жергілікті батырлардың қатарында болатын. Екіншіден, Жамбылды Сарбаспен әдейі

айтыстырып отырған Дулаттың атақты атқамінерлерінің алдында кеше ғана көздері көрген батырлардың ерліктерін еске түсіру арқылы Шапыраштының аруағын көтеріп, шабытын шақырып, менменсіген топқа сес көрсету мақсаты да бар еді.

– Мен де Шапыраштының ұлы едім,
Алтыннан қылыш сермеген.
Көп Дулаттың баласы,
Расын-ақ сенен аз едім,
Аз да болсам, батыр ем.
Топты жерге барғанда
Саулап тұрған сөз едім,
Жаулы жерге барғанда
«Атамын!»деп пестонды
Көк беренді кезендім.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстан тарихы мен әдебиетінде аталған батырлар біршама зерттелді. Тіпті, XIX ғасырдың екінші жартысында жарияланған ғылыми еңбектерде, түрлі жинақтарда бұл тұлғаларға қатысты, олардың сыртқы жаулардан елін, жерін қорғаудағы ерлік іс-қимылдары жазылған. Олардың Жетісу қазақтарының арасындағы беделі, қолбасшылық қырлары, батылдығы орыс ғалымдары мен әскербасы-генералдарын да таңдандырған. Сол тұста Сұраншы батыр Қоқан басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы ретінде Ұзынағаш, Күрті, Қордай – Отар – Сайрам соғыстарына қатысып, көзсіз ерліктің үлгісін көрсетті. Мелекеттік мұрағаттағы дәйекті деректер, құжаттық мәліметтер Сұраншының көптеген ерлік істеріне дәлел бола алады. Тіпті, Шоқан Уәлиханов К.К.Гутковскийге жазған бір хатында Сұраншының Қоқан хандығына қарсы күрескені туралы жазғаны белгілі. Батырдың жорық жолдары туралы Ресей өкіметінің Орта Азиядағы басқыншылық әрекеттерін көрсеткен «Түркістан өлкесі» атты топтамаларының 1864 жылғы жинағында тарихи мәліметтер көрсетілген (Туркестанский край. 17-том. Ташкент, 1868. 76-б.). Ал батырдың жеке басы 1850 жылы штабс-капитан К.К.Гутковскийдің, 1851 жылы полковник Карбышевтың отрядтарында болып, екіжақты келіссөздер жүргізгені туралы деректі мәліметтер сақталған (ҚР Мемлекеттік мұрағаты. 3-қор, 1-тізім, 70-іс, 4-б.).



М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың Сирек қорларында «Сұраншы батыр» жырының Жамбыл жырлаған нұсқасы (ОҒК. 651-бума; ӘӨИ. 440-бума), Саяділ Керімбеков жеткізген «Сұраншы мен Тезек төре дастаны (ОҒК. 725-бума, 1–30 бб.), жырдың 1933 жылы Жамбылдың айтуынан Тәнеке Жарықбасов жазып алған, сондай-ақ Ыбырайым Бейсенбетұлы мен Рысбай Рүстембекұлы осы ұлы ақынның аузынан хатқа түсірген шығарманың қара сөз үлгілері (ӘӨИ. 164-бума) сақталған. Соңғы туындылардың негізгі мазмұны жырдың сюжеттік желісіндегі кейбір оқиғаларды қамтиды. Соған қарағанда, батырдың ерлік істері алдымен аңыз-әңгіме ретінде тарап, кейін жырға айналған сынайлы.

Жырды зерттеген біршама ғалымдар Жамбылдың Сүйінбайдан қалған эпикалық дәстүрді әр кезеңдерде өзінше, тың өзгерістермен жалғастырып отырғанын айтады. Бұл ретте С.Бегалин: «Жамбыл жасынан хикаялы жырды айтуға құмар болған. Әсіресе, оны қызықтырған – ел қорғаны болған ерлер жыры. Сүйінбайдың айтуынан өзі ұғып, көп жеріне жыр қосып молайтып алған «Сұраншы жырын, Күсеп ақын жырлап ескірген кезде жұрнағын ұғынып, жаңғыртып алған «Өтеген жыры» (Бегалин С. Жамбыл: Өмірбаяндық хикаят. – Алматы: Жалын, 1996. 93-б.), – деген пікір білдірсе, профессор Е.Ысмайылов: «Поэмаға ақын қазіргі дәуірдің (кеңес кезеңінің – У.Қ.) патриоттық тұрғысынан идеялық қорытынды жасайды. Сұраншының ерлігін, ол дәуірдің тарихи оқиғасын айқын дайын сюжетке қызығып, қайта оралу мақсатымен жырлаған емес, сол тарихи оқиғаны бүгінгі патриотизм идеясы тұрғысынан жырлайды.

Сөйтіп, Жамбыл «Сұраншы батыр» поэмасын жеке үзінді, жеке аңыз әңгіме түрінде революциядан бұрын бастап, кеңес дәуірінде ақындық таланты қайта туып, гүлденуі арқасында бұл күрделі шығарманы жырлап аяқтады», – деген тұжырымға келеді.

М.Ғабдуллин (Жамбыл творчествосындағы қаһармандық сарындар // Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1975. 19, 44-б.), Ә.Шәріпов (Қазіргі дәуір және қазақ совет әдебиетінің даму проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1973.122-б.), М.Ғұмарова («Суранши–батыр в версии Джамбула // Творчество Джамбула. Алма-Ата, 1956. 36.), А.Бұлдыбаев

(Дастандар // Жамбыл Жабаев творчествосы. – Алматы: Ғылым, 1989. 126–127-бб.) т.б. ғалымдар да осы мазмұнда ой-түйіндер жасайды.

Жамбылдың жырлауында Сұраншы – сабырлы, көпшіл, халықшыл батыр. Бірақ ол – басынан сөз асырмаған намысқой, жасанып қарсы келген жауға ымырасыз, көзсіз ерліктің иесі.

Сұраншыдай батырдың
Жан келмеген шеніне,
Алмастан соққан ақ қылыш
Еш кетпеген белінен.
Ашуланған кісіге
Қабағын жаман түйінген.
Досы қатты сүйінген,
Дұшпаны жаман күйінген.
Сұраншыны көргенде,
Аузын ешкім ашпаған,
Аяғын бейпіл баспаған.

Ресей әскерінің подполковнигі (кейіннен генерал) Г.А.Колпаковский 1858 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторына жазған бір хатында Сұраншының халық арасындағы беделіне қатысты мынандай деректер келтіреді: «... тамаша салт атты батырлығымен елде өте беделді, даңқты кісі. Ол – қай мезгілде болсын 2000 жігітті атқа қондырып, қандай жау болса да қарсы тұра алатын адам. Сұраншы жігіттері кәсіпқой әскердей әрдайым дайын тұрады. Сұраншы жігіттерінің тәртіптілігі сондай, батырдың ерлігін сүйсінгендіктен, ешбір қорықпай, зеңбірекке де қарамай алға ұмтылады...» (Сонда. 3-қор, 1-тізім, 38-іс, 4-б.).

Сұраншы батырлығымен бірге көсемдігі де бар адам болған. Ел қамын жеп, оның тыныштығы мен тұтастығын терең ойлайтын адам екендігі Г.А.Колпаковскийге жазған хаттарынан айқын аңғарылады. Дегенмен, аңғал батырды Ресейдің отарлаушы отрядтарының басшылары өз мақсаттарына пайдалануға тырысқаны құжаттық деректерден айқын аңғарылады. Бұған Бішкек – Ташкент бағытына арнайы жіберілген әскери экспедицияның жетекшісі Венюковтың Алатау өңірінің приставы Г.А.Колпаковскийге жазған мына мәлідемесі дәлел болады: «Суранши был очень полезен в сношениях с дикокаменными киргизами» (Сонда. 1-қор, 1-тізім, 52-іс, 4, 8-бб.).



Жамбылдың жырлауында кыргыздар қокандықтармен бірігіп қырық мың қолмен Сарыкемер деген жерде (қазіргі Байзақ ауданының орталығы – У.Қ.) қоныстанған дулаттың Тілеуқабыл, Майемер аталарын шабады. Сыпатай батыр түнде үркіп Аңырақайға қарай жылжиды, Кәрім Найманбайұлы деген рубасы кыргыздардың шабатынын кыргыз достарынан естіп, Ақтоғай жаққа ауып кетеді. Тұтқиылдан болған шабуылдан Тілеуқабыл мен Майемер қатты зардап тартады. Жасанған жау мал-мүлкін олжалап, қызын күң, ұлын құл етеді. Дулаттың Қасқарау атасынан шыққан Кәрібоз, Бауке деген ақсақалдар жаушы болып Сұраншы батырға келіп:

Желісін үзіп, жылқы алды,
Ырысын үзіп, мүлік алды.
Сенен басқа бұл жерде
Жауға шабар кім қалды?! –

деп зар жылап, шапқын елді жау тырнағынан босатып алуды сұрайды.

Бұл пікірге айғақты дәлел келтіруге болады. Кезінде осы соғыс туралы ақынның замандасы Ыбырайым ақсақал С.Бегалинге әңгімелеп берген. Ол бұл әңгімені оқиғаның басы-қасында жүрген әкесі Райымбектен естіген.

«Сұраншыға хабар келгенде, мен қасында едім. Қарғалының беткейінде, ауылдың сыртында тоғыз құмалақ ойнап отыр еді Сұраншы. Екі торы аты терден бурыл тартып кеткен Тілеуқабыл елінің шапқыншысы келді. Қос атпен келе жатқанда-ақ Сұраншы құмалақты жайып, күтіп отырды.

– Тойшыбек бастаған Қоканның қолы Беркедердегі Тілеуқабылды шапты, елдің ақсақалдары сізге жіберді, – деді шапқыншы. Сұраншы көп сөйлемейтін кісі еді. Аз ойланып отырды да:

– Тігіндер туды! – деді. Кәшке туын көтерген соң-ақ сол жердегі Есқожа, Екейдің барлық ер-азаматы атқа мінді. Небәрі 300-дей ғана кісі болды.

... Сұраншы: «Қоканның қолы Қопаға қоныпты. Енді ол бүгін көшпейді, түнде тиеміз, атты біраз тынықтырып алайық», – деп қолды аралап жүріп айтты да, өзі Жанжігіт, Төбет деген жерге әкеліп қолды түсірді. ... Бір кісіге үш жерден отын үйдіріп, күн бата барлық үйген отынға от қойғызды. Ел жата 300 кісіні үшке бөліп,

үш жақтан тұтатқан бұтаны аттың құйрығына байлатып, ел жата жатқан қолға тиіп жіберді.

Сұраншы алдымен Қоқан қолының ортасына өзі кіріп, алдымен туды шаншып түсірген. Қаптаған от, көтерілген шаң, өзінен-өзі дүрліккен, жай жатқан қол есі шығып, басқарылып соғыса алмай, қашқан...» (Бегалин С. Жамбыл: Өмірбаяндық хикаят. – Алматы: Жалын, 1996. 50-б.).

Сұраншы батыр-бағландарының басын қосып, бар-жоғы үш жүз адаммен он мың санды жаудың бір бүйірінен тиеді. Үш күн, үш түн соғысып, қолды болып кеткен мал-мүлік пен жесір-жебірді қайтарып алады. Енді Сұраншы бүкіл елді тонап, көп олжамен кетіп бара жатқан қырғыз-қоқанның негізгі қолын Өтеген тауының етегінде қуып жетеді. Әрине қалың жауға үш жүз қолмен қарсы тұру мүмкін емес еді, сондықтан Сұраншы түнінде екі жүз жерге от жақтырып, «Сұраншы ішінде мың солдат, бес жүз казак-орыс бар көп әскермен келе жатыр» деген дақпыртпен қырғыз ішіне арнайы тыңшылар жібереді. Бұл хабарды естіп, дүдәмал болған қырғыз, сарт «Қарасайлаған» шуды естігенде жан-жаққа бытырай қашады. Сұраншы батыр бас болып, Шапыраштыдан шыққан Андас, Нарбота, Дәуқара, Шымырбайлар сүйеу болып олжаға түскен мал мен басты ажыратып алады. Сөйтіп, қалың жауды Қордай асуынан асырып тастайды («Сұраншы батыр» жырының С.Шәріпов жазып алған «Жамбыл мен Сарбас ақын айтысындағы нұсқасы»).

Саяхатшы Зибберштейннің естелігіне қарағанда, бұл реттегі қырғыз-қазақ соғысы былайша өрбіген: «...Әділге бағынышты дулаттар сол жерлерді қоныстанып жүріп жапсарлас сарбағыштарға барымта жасайды, олар дулаттардан өш алу мақсатында мүлде қырғын салуды ұйғарады. Осы ойды іске асару үшін жиылған бес мыңға жуық адам Сарыбай биді жолбасшы етіп, дулаттың болысына барып кірді. ...Сонан соң сарбағыштар дулат руының 7 болысын шапты, екінші күнді өте сәтті пайдаланды. Мейірімсіздікпен, немесе тағылықпен деп айтса орынды болар, соққыға жыққан кезде адамның жынысы мен жасына ешкім көңіл бөлмеді (Алматы тарихы. Екі томдық. 1-том. – Алматы: Толағай, 2006. – 257-б.).

Осы ретте Сұраншының барымта-сарымтаға байланысты көршілес қырғыздар тарапынан болған аздаған өкпе-назын өшпенділікке, жаулық пиғылға айналдырып, әскери мүддеге



азғырғысы келген Г.А.Колпаковскийдің Омбы генерал-губернаторына 1859 жылдың 30 қазанында жазған төмендегі құпия хатын да атап өткен орынды болмақ. «По отношению Суранши следует заметить, что он вообще с сарыбогышами в хороших отношениях, я не думаю, чтобы он мог оказать нам услуги в отношении к сарыбогышам колена Урмана, но во всяком случае при личном с ним свидании я узнаю из-под руки свежей его дружбы с умбеталинцами и постараюсь по возможности парализовать эту дружбу и разжечь между ним и Умбетали» (Сонда. 3-қор, 1-тізім. 38-іс, 4-б.).

Патша әкімшілігінің сойқан саясаты демей мұны не деуге болады? «Бөліп ал да билей бер» саясаты орыс империясының ежелгі әккі әдісі болатын. Бұдан қанша рет қазақтың аузы күйсе де, жеме-жемге келгенде, далалық психология үстемдік ала беретін. Яғни даланың таза пиғылымен үлкен саясаттан бейхабар қазақ орыс шенеунігінің айтқанына сеніп, айдағанына көніп жүретіні белгілі еді. Мұны ресми ақпарат та ашық жазып отыр. Егер қырғыз бен қазақты бір-біріне айдап салып, олардың ағайындық ортасына от жағып жіберсе, ол көпке дейін сөнбейтіні анық. Ол қоқандықтарды талқандау арқылы қазақ елін түпкілікті қылбұрау салып, ашса алақанда, жұмса жұдырықта ұстау деген сөз.

Алайда, бұл ойында Сұраншының да ішкі есебі, өз мүддесі болғандығы жасырын емес. Біріншіден, елін Қоқан хандығының бодандығынан айырып алуға сол тұстағы Саурық, Сұраншы, Сыпатай, Бөлтірік т.б. батырлардың күш-қуаты жеткіліксіз еді. Оған қоқандықтардың Жетісу өлкесіне мықтап орнығып, қанатын кеңге жая бастауы, оларға қырғыз манаптары мен қазақтың кей сұлтандарының, батыр-бағландарының ашық қолдау көрсетуі басты себеп болды. «Әулиеатада 1822 жылы әскери бекініс салынысымен Қоқан ханы Ұлы жүз қазақтарының үстінен билеушілер тағайындай бастады. Осыған байланысты жергілікті қазақтардың ішінде бақталастық пен өзара тартыс, қырғыздармен болған ұлтаралық жанжалдар белең ала бастады. Олардың аяғы қиян-кескі ұрыстарға ұласып, мал-мүлікті талан-таражға түсірді, барымта-қарымта көбейді» (Алматы тарихы. Екі томдық. 1-том. – Алматы: Толағай, 2006. 256-бет).

Екіншіден, Қазақстанның шығысы арқылы Ресей әскерлерінің Жетісуға ене бастауы, сөйтіп, көрікті жерлерде орыстар мен қоқандықтардың бекіністер, әскери қалашықтар салуы жергілікті

халықты қатты сансыратты. Осы тұста ұлт тәуелсіздігін ту еткен Кенесары хан да ақ патшаның тегеурініне шыдамай, Жетісуды пана тұтқан еді. Оның қырғыздармен болған соңғы соғысы да жергілікті руларды әлсіретіп тастады. Бұл тосын оқиғалар ел ағаларын, батырлар мен билерді тұйыққа тіреп, тауы шағылды. Әсіресе, Ресей бұғауының шеңбері тарылып, халық бодандықты мойынсына бастады. Малдың өрісі, жұрттың тынысы тарылды.

Осындай ауыр кезеңде Сұраншы Ресей әскерилерінің әдіс-тәсілдерін өздеріне қарсы пайдаланып, елін аман сақтап қалуды көздеді. Бұл әрекеттерінің ұзаққа созылмасын білді, бірақ бодандыққа түспеудің өзге амалы жоқ еді. Мысалы, 1860 жылдың күзінде Ұзынағаш бойындағы қоқандықтар Қанатшы бектің басшылығымен Қастекке шабуыл жасағанда, Сұраншы бірнеше би-сұлтандармен бірге қарсыластарының жағына шығып кетеді. Бұл әрекетіне 1861 жылдың 11 шілдесінде Г.А.Колпаковскийге жазған хатында мынандай сылтаулар келтіреді: «Вам известно, что в то время, когда я ездил за семьей, пришел огромный отряд сартов и я остался среди них. Придя сюда, я присягнул сартам и потому, боясь бога и присяги, остаюсь здесь в том внимании, что царские земли обширны» (ҚР Мемлекеттік мұрағаты. 3-қор, 1-тізім, 70-іс. 4-б.). Бірақ орыс әскерінің басымдылығын аңғарған батыр қоқандықтар Әулиеатаға қарай шегінгенде, Қастектегі ата қонысына қайта оралады. Қырғыз бегі Құдайберлінің қолына түскен Михаил Жданов деген казакты тұтқыннан босатып, Верныйға аттандырады. Осы әрекетінің нәтижесінде Г.А.Колпаковскийдің сеніміне кіргендігін орыс полковнигінің 1862 жылдың 21 мамырында корпус командиріне жазған хаты айғақтайды: «Ибо, уходя за Чу, он не сделал никакой против нас пакости, а в скопищах Канатша участвовал насильно, во время же нахождения его за Чу, он был со мною в сношениях, всегда изъявлял покорности и желание возвратиться сюда» (Сонда. 3-қор, 1-тізім, 452а -іс. 21-б.).

Жырдың Қ.Әбдіқадіров нұсқасында аталған казак Михаил Жданов – «оралдық Жагор» деген есіммен бейнеленеді. Ол – қасындағы патшаның әскерінен қашқан сегіз орыс, бір татар солдаттың басшысы. Жагор Сұраншының өтінішімен Өтеген тауындағы соғыста «мың солдат, бес жүз казак-орыстың» басшысы ретінде «Қарасайлап» батыр жауға тигенде, ол сырнайлатып, көнек пен шелекті барабанша соғып, орысша ұрандатады. Сонда



жау жағы: «орыс та келіп қалды» деген үреймен жан-жаққа қаша жөнеледі. Жамбыл Жагордың әрекетін былайша суреттейді:

Барабан құлақ жарады,
Дәл жанынан гүрсілдеп.
Зеңбірек пе, мылтық па,
Анда-санда гүрсілдеп,
Түтін бүркіп алады.
Ұзағырақ қараса,
Есепсіз от жанады.
От мөлшерін есептеп:
«мына қолда мөлшер жоқ,
Құрығанда жүз мыңдай –
Қосыны бар деп. Санады.
...Аяқасты жау састы –
Қара албасты шын басты!
Не мінерге аты жоқ,
Іздесе, киер киім жоқ,
Қойған жерде құрал жоқ,
Есінен әбден адасты.

Қоқандықтардың сойылын соғушы қырғыздың Солты руының манаптары 1864 жылдың қаңтарында Сұраншы елінің бес мыңға жуық жылқысын айдап әкетеді. Қырық жігітімен барымташылардың соңына түскен батыр бетпе-бет аяқаста қолға түсіп, орыс әскерлерінің араласуымен ақпан айының аяғында тұтқыннан босатылады. Кейін қоқандықтарға қарсы әскери жорықтарға қатысып, 1864 жылы Шымкент бекінісінің маңындағы Сайрам өзенінің бойында қаза табады («Военный сборник». 1865, №5. 312-б.).

Жамбылдың естеліктеріне қарағанда, Кенесары хан Жетісуға келгенде оған арнайы амандасуға барған батырлардың қатарында Сұраншы да болған. «Алғашында Кенесары мен Наурызбай Балқашта, Іле өзенінің бойын мекендеген Үйсін тайпасының арасында қоныстанды, бірақ бұл жаққа да олардың ізін кескен патша әскерлері келіп жетті. Бұдан кейін олар Қордайдағы Тойшыбек батырдың аулына келіп орнықты. Кене ханға сәлем беру үшін оның Ордасына дулаттан – Сыпатай мен Байзақ, шапыраштыдан – Саурық пен Сұраншы, төре тұқымынан – Рүстем т.б. атақты

батырлар жиналады. Кенесары екі күн бойы ешкіммен сөйлеспей қояды, оны мазалауға жақындарының да батылы бармады. Үшінші күні хан дәстүрімен санаспай, хан ордасына дейін атпен келген он тоғыз жасар Сұраншы батыр бір қолымен туырлықты көтеріп тұрып, іштегі Кенесарыға: «Хан, неге басыңызды төмен салып, қолыңызбен көлеңкелей бересіз? Біз мұнда ұялшақ әйелді көруге келмедік, ондай ұрғашы әр ауылда толып жатыр. Біз бұл жерге атақты батырды, жеңімпаз қолбасшыны көруге келдік», – депті.

Сонда Кенесары басын бірден көтеріп: «Жігітім, жүректі-ақ екенсің! Аттан түсіп, үйге кір!» – деп, жанынан орын беріпті. Содан кейін ғана хан ордасына Сыпатай, Рүстем сияқты аға батырлар салтанатпен бас сұғыпты» (Алматы тарихы. Екі томдық. 1-том. – Алматы: Толағай, 2006. 262 – 263 бб.).

Ал белгілі халық ақыны, жыршы С.Керімбековтің «Кенесары, Наурызбай» атты жырында Саурық пен Сұраншының көп сарбазбен келіп Кенесары әскеріне қосылғандығы айтылады.

Келіп жатыр Кенеге:

«Келіпті, – деп, – берекем».

Жинап жатыр келгенді

Жауға қарсы Кенекем.

Кенеге нөкер болуға

Қол үстіне қол келді.

Он мың қолмен Сұраншы,

Саурық батыр – ол келді.

(Орталық ғылыми кітапхана (ОҒК), 1337-бума).

Жамбылдың айтуынан 1933 жылы Тәнеке Жарықбасов жазып алған аңыз нұсқасында Саурық мерт болғаннан соң шапырашты елі қырғыздың Орман ханымен татуласпақ болып Ахметбек деген адамды жібереді. Бірақ Орман келісімге келмей, елшіні қайтарып жібереді. Бұған намыстанған Сұраншы Саурықтың сауыт-сайманын киіп, қасына қырық жігіт ертіп, Орман ханға аттанады. Жолай салық жинап жүрген ханның үш баласы мен оның нөкерлерін тұтқындап, жиналған астық пен тоғыз жүз түйені олжалап қайтады. Орман балаларын қайтаруының түрлі амалдарын іздестіріп, Тойшыбекті арағайын етпек болады. Ол көнбейді. Ақыры Орман Сұраншының аяғына жығылып, айыбын төлеген соң ғана балаларын босатып алады (ӘӨИ. 164-бума).

Ал Жамбыл жырлауында оқиғаның басталуы Райымбек қарттың әңгімесімен сәйкес келгенімен, екінші бөлімдегі сюжет тізбектері



өзгеше құрылып, тың эпизодтар қосылған. Мұны Жамбылдың өзі де жасырмайды:

Тыңдаушыға жыр төкпей
Жамбыл қашан аяды.
Қартайдым дейтін нәзір жоқ,
Тыңдаушы көпте жазық жоқ.
«Айт, Жамеке!» – дегенін
Мен өлгенде қояды.
Сүйекемнің сүресі
Сөйлегенде біз осы,
Жырдың сұлтан, төресі,
Биіктердің төбесі.
Бөліп айтқан Жамекең
Сұраншының аяғы.

(ӘӨИ. 440-бума).

Алдыңғы соғыста жеңіліп қалған Орман хан мен Құдияр Сұраншыға:

«Батыр емес – қатынсың,
Мұсылман емес – кәпірсің.
Қашқын жиып қасыңа,
Мойынсынбай ханыңа,
Орыс қоршап жараның,
Алматыда жатырсың.
Батыр болсаң, келіп кет,
Батырды мендей көріп кет!
Әуре қылмай атымды,
Басыңды келіп беріп кет!» –

деп хат жазады. Мұны оқыған Сұраншы сауытын киіп, қару-жарағын асынып, Ақтұяқ атпен жалғыз аттанады. Орман хан сегіз мың қолмен батырды күтіп алады. Аздаған сөз егестен кейін қырғыздың Боқай, Байтыл, Битуған деген батырлары жалғыз келген Сұраншыға тап береді. Батыр оларды тоқтатып, ханды жекпе-жекке шақырады. Орман шықпағаннан соң әлгі үш батыр Сұраншыға жабылады. Үшеуін де жер құштырған Сұраншы Орман ханға ұмтылып, оны жаралайды. Қырғыздар ортаға алып, ауыр жарақат алады. Осы кезде орыс досы Жагор қырық жолдасымен көмекке келіп, қырғыздар жеңіліс табады. Сұраншының салған жарақатынан Орман хан өледі.

Сұраншы батыр туралы жырларда, аңыздарда, тіпті зерттеу еңбектерде оның Сайрамдағы соңғы ерлігі, қаза табу себептері жан-жақты қарастырылмағаны белгілі. Бұл ретте Саяділ Керімбеков жеткізген Жамбылдың ұлы ұстазы Сүйінбай ақынның «Сұраншы мен Тезек төре» жырының орны ерекше. Туындының екінші бөлімде өзге жырларда кездесе бермейтін батырдың Сайрамдағы ерлік істері жан-жақты суреттеледі. Бұған жырдағы Сүйінбайдың Тезек төреге айтқан мына арнауы айқын дәлел болады:

–Ей, Тезегім, Тезегім,
Тындағын сөздің кезегін,
Сұраншыны еске алсам,
Өргенеді өзегім.
Батырлар кетті мерт болып,
Жаудан жерін қорғаған.
Сабыр қылып төзейін,
Сайрамда болған соғысты
Айтуға тілді безейін,
Сайрам сынды қаланы
Үш күндейін қамады,
Сұраншының болып талабы,
«Қарасайлап» шабады, –

деп Сұраншының ерлігін ұзақ мадақтай келіп, арқаланған Сүйінбай сол соғысқа қатысқан Тезек төренің өзін сұраққа ала бастайды:

Қырық құлап қорғанға
Сен неге сонда шаппадың?!
Ат баурына жабысып,
Қолыңдағы ақ берен
Жауға сілтеп атпадың!
Қорқақ қоян секілді
Өз басыңды сақтадың!
Сұраншы батыр өлген соң,
Қане, пайда тапқаның?!

(Тезек төре: Айтыстар мен жыр-өлеңдер. – Алматы: Жалын, 1996. 127-б.)

Абылайдан бастап түп-тегіне жеке-жеке тоқталып, олардың халық үшін атқарған толымды істерін дәріптейді. Солардың



соңғы буыны Тезектің кемшін тұстарын баса айтып, халық атынан сөйлейді. «Елге үлгі боларлық сөзің жоқ айтқан көнелі, Аймағыңды аралап, айтпадың ақыл өрелі», – деп төреге сес көрсетеді.

Сұраншы батыр туралы жырлардың бұл нұсқасын ғылыми айналымға енгізіп, текстологиялық талдаулар жүргізуді қолға алудың кезегі келген сияқты. Бұл Сүйінбай, Жамбыл ақындардың жыршылық қырларын жаңаша қарастыруға септігін тигізетіні анық.

Ал «Сұраншы мен Тезек төре» жыры баспа жүзін көргенмен (Сонда. 138–162-бб.), арнайы зерттеу нысанына алынбаған. Туынды үш оқиғаның тізбегін құрайды. Алғашқы көріністе Жалайыр тайпасының беделді биі Балпық үш жүзге сауын айтып, үлкен ас береді. Жиынға Сыпатай, Байсейіт, Сұраншы, Сүйінбай сияқты танымал адамдар барады. Тезек төренің жігіттері Сұраншыны кемітіп, қараша үйге түсірмек болады. Бұған ренжіген батыр тауға барып, үнсіз жатып алады. Оның әрекетінен сескенген төре араға адамдар салады. Бұған илікпеген Сұраншы, Ақтұяқ атына шаппай бәйге бергеннен соң ғана татуласуға ниет білдіреді.

Екінші оқиғада Сұраншы жаудан жараланған Байсейітті көріп: «Байсейіттей батырды оққа байлады»,– деп, Тезектің ордасын шаппақ болады. Төре Балпық биді ертіп келіп, Ақтұяқ аттың аяғына бас киімдерін тастап, кешірім сұрайды. Сұраншы кешіреді.

Соңғы эпизодта тағы бір үлкен ас болып, түрлі ұлттық ойындар өткізіледі. Тезектің адамдары бәйгеге аттарын жолдан қосып, төренің аты Ақтұяқтың алдында келеді. Батыр қатты ашынып, Тезектің ордасын шауып алады. Олжалаған мал-мүлікті ауылдастарына бөліп береді.

Жырдың сюжет желісіне қарағанда, Сұраншы аса намысқой, әділдік жолында төреге де, бай-бағланға да бас имейтін бірбеткей, ержүрек, досқа адал, дұшпанына қатал адам болғандығын аңғару қиын емес. Қалай болғанда да Сұраншыға байланысты жырлардың, аңыздар мен тарихи әңгімелердің негізгі идеясы – батырдың Қоқан шапқыншыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісі. Жетісу елінің тыныштығын сақтап, руаралық кикілжіңдерге жол бермей, бейбіт өмірге қол жеткізу мәселесі. Саурық, Сұраншы батырлар осы мақсатты орындау үшін аттан түспеді, сол жолда жандарын пида етті.

Өкінішке орай, Саурық батыр туралы тарихи деректер, құжаттық

материалдар тым аз сақталған. Дегенмен, Қазақстанның тәуелсіздік кезеңі ХІХ ғасырдағы қазақ халқының саяси-әлеуметтік жағдайын, елінің бостандығы үшін сыртқы жаулармен күрескен Саурық сияқты батырлардың фольклор мен авторлық ауыз әдебиеттегі бейнелері арқылы оның ортасын жан-жақты зерттеудің жаңа көкжиектерін ашып берді. Қазір Ұлттық кітапхананың, Орталық ғылыми кітапхана мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қорларында бұл тарихи тұлғаларға қатысты көптеген халық ауыз әдебиетінің үлгілері сақталған және олар әртүрлі нұсқаларда жеткен. Олардың ішінде аңыз-әңгімелер, тарихи жырлар, өлеңдер аз емес. Мұндай рухани құндылықтарды, әсіресе деректерді жинаудың мүмкіндігі әлі де бар.

Саурық батыр – жетісулық халық ақындарының шығармашылығында айрықша орын алған батырлардың бірі. Бұл тақырыпты жырлау ұлы Сүйінбайдан бастау алып, кейін оның Жамбыл, Үмбетәлі, Әбдіғали сияқты шәкірттері жалғастырған. Профессор М.Жолдасбековтың мына деректері бұл пікірді толық қуаттайды: «...Жамбыл өз бойына Сүйінбай ұстазының ақындық, азаматтық өмірінің осы қасиеттерін дарытады. Оның Өтеген, Саурық, Жабай батырлар дастандарын және Тезек төремен, қырғыз ыршысы Қатағанмен айтыстарын үйренеді» (Жолдасбеков М. Асыл сөздің атасы: Зерттеулер. – Алматы: Білім, 1996. 21-б.).

Мысалы, «Саурық батыр» жырының Жамбыл нұсқасында Жетісу қазақтарының сол тұстағы тарихи-әлеуметтік жағдайы, сыртқы жаулардың оларға істеген қысастығы былайша суреттеледі:

...Жетісуда қазақтың
Көрген күні кем еді.
Жан-жағында күнде жау
Елге тыныштық бермеді.
Бір жағынан – қалмақтың
Ұрылары талады.
Бір жағынан – қырғыздың
Орман ханы ойқастап,
Күнде мазаны алады.
Үшінші жақтан– Қоқанның
Бегілер бегі қоқандап,
Әскерімен топырлап,
Ауыр салмақ салады.

(ӘӨИ, 155-бума).



Міне, халқының басына түскен осы ауыртпалық Саурық батырды ойландырады, «Жер мен судан қуылған, қатын-бала, жас-кәрі – беті жаспен жуылған» жағдайды көріп, ақ найзаның басына желекті ту байлап, атқа қонады. Батыр ата-бабаларының аруағына сыйынып, жан-жақтан анталаған жаудан елін қорғады. Саурықтың араласуымен қоқандықтардың Ілескер құсбегі (әскер басы) терекке байланып, атылады. Қырғыздың атақты манабы Орман ханды алдына келтіріп, айып төлетеді. Қоқанның құсбегі жалған жала жауып Дулаттың Сыпатай батырын өлім жазасына кескенде де Саурық жанынан табылып, жақынын жауға бермей, босатып алады. Сөйтіп, елін, жерін сыртқы жаудан да, даудан да қорғай жүріп темір талқыдай шыныққан, жұртының шашылғанын жинап, меймандарын сыйлаған батыр бүкіл Жетісудың ардақтысына айналады.

«Саурық батыр» жырына байланысты әр кездері аздаған ой-пікірлер айтылғанмен, жан-жақты зерттеліп, толымды ғылыми тұжырымдар жасалған емес. Бұл – келешекте фольклортанушылар арнайы тоқталатын мәселелердің бірі. Жырдың Жамбыл, Әбдіғали нұсқаларынан өзге де үлгілері болғандығы, олардың белгісіз себептермен сақталмағандығы туралы да мәліметтер кездеседі. Жамбылмен он жыл бойы қоян-қолтық араласып, оның өмірі мен шығармашылығы жөнінде үлкен ғылыми еңбек жазған С.Бегалиннің деректеріне қарағанда, 1920 жылы Верныйдағы жас Кеңес өкіметінің басшылары Жетісудың халық ақындарын жинап, олардың шығармашылығына байланысты байқау өткізген. Жиын соңында өкілдер көңілден шыққан бірнеше ақынға арнайы тапсырмалар береді. Атап айтқанда, Жамбылға Өтегенді, Үмбетәліге Саурықты, Мақышқа Тазабекті, Бармаққа Бәйсейітті, Садыбекке Сыпатайды жырлау тапсырылады. Жамбыл Сүлеймен деген шала қазақтың үйінде жатып, «Өтеген батыр» жырын айтады. Мәңке болыстың молдасы хатқа түсіреді. Кейін бұл нұсқа із-түссіз жоғалып кеткен. Қалған жырлар да осының кебін киген.

Осы оқиғаға қатысты С.Бегалинге Үмбетәлі ақын мынандай естелік жаздырған: «Саурықты мен жырладым, өйткені онда қырғыз бен қазақ бар еді. Және бастауын бастасам да, осы Алматыда, облыстық комитетте істеп тұрған жігіт ұнатпай, аяқтамай тастадым. Өйткені Саурықтың соғысы ылғи қырғызбен екі арада болған еді. Және Саурықты қырғыз Көрпік батыр...

өлтірген. Өйткені Көрпік Кенесары өлтірген Жаманқараның інісі екен. Кенесары Жаманқараның інісін Саурықтың аулының қасында, ақ үйлі болып отырғанда өлтірген екен. Жаманқараның інісінің өлімі жөнінде Саурықпен аса өш екен. Бұларды айтуға екі елдің өткендегі қателігі ел арасында әлі де ұсақ араздықты қайта туғызбасын деген ой болды» (Бегалин С. Жамбыл: Өмірбаяндық хикаят. – Алматы: Жалын, 1996. 168–169-бб.).

Үмбетәлі естелігіне қарағанда, оның жыр нұсқасының сюжеттік желісі Жамбылдың жырлауындағы туындымен мазмұндас, сарындас екендігі аңғарылады.

Жамбылдың жырлауындағы жырдың кіріспесі жиырма жастағы Саурық батырдың күннен-күнге өрісті тарылтып, елдің мал-жанына қысастық жасап жүрген қырғыздың Орман ханына алғашқы күресінен бастау алады. Жас батыр қасындағы елу замандас-нөкерлерімен Қаскелең асуында жылқы күзетіп жүргенде Дулат Діқанбайдың үйінде біраз адам жиылып, өзара ақылдасып отырып Орманға елші аттандырмақ болады. Ондағы ойлары үш жүз ат, тарту-таралығымен оның көңілін аулап, Дулат, Шапыраштыға жайлы қоныс сұрамақ болады. Сол уақытта жылқы күзетінде жүрген Сыпатай мен Саурық кіріп келіп, жиынның мәнісін сұрайды. Басында батырдың сұсынан сескеніп қалған жұрт, араға уақыт салып, өтіп жатқан әңіменің жайын түсіндіреді. Сонда ашынған Саурық былай дейді:

– Орман сендерді менсініп,
Оңды жауап бермейді,
Кісі орнына көрмейді.
Барарыңда барарсың,
Қайтарыңда қор болып,
Жан-жағыңа қарарсың.
...Ол еркек туып,
Біз ұрғашы
Болып туыппыз ба анадан?!
Қанша алуан көп шығар,
Қырғыз – қазақ арадан.
...Өзіңді-өзің қор тұтпа,
Тұралық та мақтанып.



Бірақ көпшілік елшілік жолын таңдап, Орман ханның ордасына таңдаулы тоғыз адам аттанып кетеді. Олардың құрамы былайша жасақталды: Әлі төренің ұлы Садықан, Диқанбайұлы Тасыбай, Кәшкеұлы Әліке, Қасқарау Кебекбай, Бөлтірікұлы Сандыбай, Шапырашты-Теке Шоқан батыр, Байзақ пен Бәуке батырлар ауылдарынан бір-бір жігіт, Сиқым Шомай. Елшілер арнайы түсірген қонақ үйде бағлан етін жеп, боза ішіп, тоғыз күн жатып қалады. Оныншы күні Орман хан келіп бұйымтай сұрайды. Сонда Әліке жұтынып, өрістің тапшылығынан «айғырдың жалсыз», «биенің құлынсыз», «қойдың құйрықсыз» қалғандығын, сол себепті ел жиылып тарту-таралғымен арнайы жібергенін, мүмкіндік болса, жайлауға Қарақоңыр, Көбікті деген жерлерді, қыстауға Құрғақаралды қиюды сұрайды. Сөйтіп, Орман батырмен қатар жатып, арадағы телі-тентектердің әрекеттерін тыйып, қырғыз жұртымен ынтымақ-бірлікте болғысы келетіндіктерін жеткізеді. Бірақ Орман бұл тілекті қабылдамай тастайды. Оның себебін былайша түсіндіреді: «Ей, батыр, бір аттың майын бер!» – дейді. «Иә, өздеріңнің жылқыларың қайда?» «Саурық әкетті», – дейді. Қай өзенге барсам да, «Саурық әкетті», – дейді. Сондықтан Саурықтан кек қайтармай, келісімге келмейтіндігін айтады.

«Саурықтың қанын ұрттамай,
Не өз қанымды ұрттамай,
Сірә да, тынбаймын.
Балаңды тыныш ұйқатпаймын.
Іленің бергі жағына да қоймаймын».

Кеткен елшілерді Қаскелеңнің асуында тосып жүрген Саурық батыр елшілерден Орманның жауабын естіп, өзінше қам жасайды. Тоғыз жігітке қырғыздардың елден астық жиып жүрген төрт жүз өгізді айдатып Іле жаққа жіберіп, өзі үш жүз жігітпен сол жерде қалып қояды. Қырғыздар да қулық істеп, Орманның Үмбетәлі, Шарғын деген балалары бас болып, елшілердің соңынан түседі. Олардың көбі салық жинап, ел ішінде қалып қояды да, екі манап өгіздердің ізіне түседі. Қуып жетіп, елге қарай айдап жүреді. Сонда Керметас деген жерде бекініп жатқан Саурық тұтқиылдан шабуыл жасап, қашпақ болған Орманның ұлдарын тұтқынға алады. Қырғыздардың ішіндегі беделді адамдарды босатып, Орманның өшпенділік себебін өз аузынан естімек болып, оның алдына келіп

жауап беруін талап етеді. Орман қасындағы отыздай нөкерімен қазақтарға келіп, Саурықты сұрайды. Жаудың алдынан шығуды намыс көрген батыр, бірден көзге түсе қоймайды. Орман алдымен Қарасайдың аулына түскенмен, кейін Сыпатай, Диқанбай бастаған дулаттар тоғыз үй тіктіріп, қырғыздарды арнайы күтеді. Орманды әбден күттіріп барып, Саурық амандасуға келеді. Сонда Орман: «Сен де менің ұлым» деп Саурықтың бетінен сүйіпті. Сонымен қоса әлгі астық артқан төрт жүз өгізді де елдің ырзығы ретінде береді. Батырдың бұл ерлігін Жамбыл былайша суреттейді:

Саурықтай батырым
Намысыңды әперген.
Дұшпанды көрсе,
«Мәссаған!» деп тап берген.
Амалменен ер Саурық
Шөгіп жатқан Орманды,
Пенде ғып алдына әкелген.

Кейбір деректерге қарағанда, Саурықтың Қарақыстақ аңғарының ішіндегі Тікендісай бұлағының бойында 1825 жылдың мамыр айында қырғыздың Орман ханы басқыншыларына қарсы қиян-кескі шайқастарда ерлігі анық, айқын танылған. Бұл пікірді қырғыздың тарихшы ғалымы К.Ғапаралиев мұрағат мәліметтеріне сүйеніп: «1825 жылы июнь айынын ортосунда сарыбағыш уруусунун бийи Сарыбай 5 миңге жакын колу менен Улуу жүз казактарынын дуулат уруусунун султаны Аалынын (Әлінің – У.Қ.) айылына жортуулга барып, мүдөөсүнө жетпей кайткан (Тарихи архив, 1939:255,256)», – деген тұжырымы толықтырып отырған сияқты. Сүйінбай, Жамбыл, Әбдіғани ақындар ел аузындағы осы оқиғаны жырға айналдырған.

Жамбыл жырлауындағы “Саурық батырдың” екінші бөлігінде батырдың Сыпатайды ажалдан аман алып қалған оқиғасы сөз болады. Бір кездері дулаттардың арасында: “Сыпатай қалмақпен жақындасып, сонда қашпақшы екен” деген жел сөз тарап, ол Ләшкер Құсбегінің құлағына жетеді. Сөйтіп, ол Сыпатайды елден арбаға таңдырып алдырып, өлім жазасына кеседі. Сонда қалың Дулат жиылып келіп Саурыққа тағы жалынышты болады. Себебі сол тұстағы Жетісу қазақтарының ішінде Ләшкер Құсбегіне сөзі



өтетін адам болса, ол Саурық еді. Оның мәнісі, бір кездері Қытай өкіметіне бағынышты қалмақтар мен қоқандықтардың арасында түсінбеушілік туып, Құсбегінің есесі кетіп жүрсе керек. Сонда Саурыққа ісі түсіп, астына теке-жәумет арғымақ мінгізіп, үстіне асыл киім, басына алтын дулыға кигізіп, қасына отыз сарбаз қосып беріп қалмақ басшысын аманатқа алып келуді тапсырған. Бұл сынақты абыроймен орындаған Саурыққа бүйрегі бұрып: “Енді өкіл балам боласың” деген жылы сөздер айтқан. Осы ретте Саурық Құсбегінің сол сөзінің қайырымын қайтарып алмақ болып, қос атпен Әулиеата қамалына жол тартады. Сонда өлім жазасының алдын алу үшін асығыс жеткен батырдың әскербасына айтқаны:

–Жүрегіме қан түсті,
Қисық емес, дәл түсті.
Ауылдағы арызым,
Мойнымдағы парызым,
Сыпатайдай батырым
Өсекпен арбаға таңылды.
Сыпатай сізге не қылды,
Не тобасынан жаңылды?!
Кеше ғана алдыңда
Бұлбұл құстай сайраған,
Елдің қамын ойлаған.
Сыпатайды арбаға таңдырған
Дулаттың өзінің айтқан өсегі.
Тілекке келдім мен сізге,
Тілегімді берсеңіз, айтамын.
...«Өкіл балам» десеңіз,
Сыпатайды беріңіз,
Бір қасық қанын қиыңыз!

Лашкер Құсбегі: ”Әдейі іздеп келдің” деп, “Балам, саған бердім” деп Сыпатайдың басына бостандық сыйлайды. Жамбылдың ойынша, бұл – басын қатерге тіккен Саурықтың тағы бір ерлігі. Ел қадірлеген замандас, талай ұрыста иықтас шайқасқан батырға деген құрметі.

Саурық батырдың соңғы ерліктері, мезгілсіз мерт болуы Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтеріліспен тікелей

байланысты. Тарихи деректерге қарағанда, Саурық батыр өрістес жатқан қазақ-қырғыз халықтарын татуластыру, ынтымақ-бірлікке шақыру жолында басын өлімге тігеді.

Алтай мемлекеттік университетінің доценті А.А. Асеевтің Қырғызстан Орталық мұрағаты мәліметтері бойынша жазған «К вопросу о характере движения султана К. Касымова в 1837–1847 гг.» атты зерттеуіне мән берсек, «В 1846 г. продолжились набеги султанских отрядов на аилы киргизских родов. При этом во время одного из набегов киргизы разбили отряд казахов. По свидетельствам очевидцев, в Ташкент киргизами были доставлены два воза голов убитых из этого отряда и выставлены на длинных шестах на базаре. Мятежный султан пытался активно втянуть в начавшуюся войну знать Старшего жуза. Так, по его совету, казахский батыр Шоорук пригласил для мирных переговоров 13 видных киргизских батыров, которые были им вероломно убиты. . В ответ киргизы разгромили аулы Шоорука и убили самого батыра. Кенесары воспользовался сложившейся ситуацией и нанес удары по племени сарыбагышев. Нередко к Кенесары присоединялись казахи, целью которых было обогащение за счет грабежа киргиз и идея личной мести» (ГАОО РК. Ф. 366. Оп. 1. Д. 185. Л. 3.).

“Бейбіт келісімге келеміз деп, Саурық батырдың шақыруына сеніп келген қырғыз елшілерінің, соның ішінде Жаманқара мен Болат сияқты қазақ, қырғызға танымал батырлардың хан қолынан қапыда қаза табуы қанды кекке соқтырды. Шапырашты Саурық батыр 1846 жылдың көктемінде Қастек пен Қарақыстақтың арасындағы тау бөктерінде – Сарысыбыр деген жерде қырғыз батырлары Күрпік пен Самақтың қолынан қаза табады. Мұрағаттық құжаттарда Орман манап Саурық батырды қырғыздың 12 адамын елшілікке шақырып алып, Кенесарының қолына өлімге берді, сөйтіп, Жаманқара мен Болат сияқты батырлар өлді деп айыптаған» (Махаева А.Ш. Қазақ - қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі. Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы. 2009.).

Сол кезеңдегі тарихи оқиғаларға тікелей араласқан, Кенесары ханды жазалауға тікелей араласқан қырғыз Қалығұлдың естелігінде оқиға былайша суреттеледі: «Соғыстан кейін қазақ-қырғыздардың ортасына елші жүріп, жарастырамыз деп Шапырашты Саурық



батыр әрекет қылғанда солтодан Бөлекбай, Жаманқара батыр менен Болатты бас қылып, 15 кісіні жіберген. Жаманқараның кеткенін ағасы Шыңғыс батыр білмей қалып, жібермеуге тырысып артынан қуып барып жете алмай қалған. Бұларды Кенесары өлтіруге өкім қылғанда, қазақтан Екей Сарыбай: «бұл қырғыздарды мен күтіп тұрайын» деп барғанда, Кенесары: «мен өзім күтемін» деп Сарыбайды иландырып қайтарып жіберген. Сарыбай кеткен түні Жаманқараны бүк түсіріп отырғызып қойып, бір бүйрегін суырып алғанда, Жаманқара былқ етпеген. Екінші бүйрегін суырып алғанда шалқасынан кетіп, оған қоса Тұрсын дегенді де өлтіріп, қалған жолдастарын қоя берген. Өліктерін жұртқа тастап, өзі көшіп кеткен.

Кенесары хан тосында отырғанда тынай қырғызы Жантай Кенесарыға Қалығұлды елшілікке жіберген. Қалығұл барса, Кенесары жүз шамалы кісіменен ауылдан оңаша шығып, бір дөңге отырып, алдына ақ киіз салып, түйенің жүнінен боз шекпен, басына қараменен оюланған ақ қалпақ киіп, ділдә кемер кұрсанып, қылышын қынынан суырмастан, санына қармап таянып Кенесары отырған шағында Қалығұл аттан түсіп, жолдасына атын беріп, екі қолын бауырына алып: «Ассалаумағалейкум, аялдар тақсыр!» дегенде, Кенесары үнін шығармай қарап отыра берген. Алдында үюлі жатқан 500 шамалы қылыш болған. 1000 шамалы жігіттің мылтықтыларын атпен шауып бара жатып аттырып және қылыштыларын бір басқа бөліп, қылыш шаптырып, найзагер кісілерін бір бөліп, найзамен сайыстырып жатқан екен.

– Сен кімсің? – деп бір қазақ сұрағанда, Қалығұл:

– Қырғыздан елшілікке келдім, – деген. Хан алдынан біреуі:

– Қырғыздан елшілікке келген болсаң, мына найза, қылышты сендер үшін даярлаттық, – деп алдындағы үйілген қылыш пенен айналасында атысып, шабысып жатқан әскерін көрсеткен. Қалығұл:

– Әнеу күні қырғызға аттанып барғанда бұл найза, қылыштарың үйде қалған ба еді? – деген.

– Мақау, надан қырғыз, хан алдында өзіңді баса, көзіңді аша сөйле! – дегенде, Қалығұл:

– Қырғыз мені елшілікке жібергенде қазақтың етін жеп, қымызын ішіп бекер қайтып кел деген емес, кезекті сөзіңді жібермей айтып кел деген, – деп айтқанда қызылала батшайы күрме киген киімдері

таза, ұзын бойлы іске жылдам, ақ шегір, саяқтау сақал-мұрты бар жас жігіт:

– Біздікінде қонақ болыңыз, – деп алып кеткен. Соған дейін Кенесары еш сөз айтпаған. Бұл жігіт баяғы, айтулы Наурызбай төре екен. Қалыңұл бірнеше күн жатып: «Қырғыз-қазақ ел болып тұралық. Кене ханның ақыл-кеңесінен көп алыстап кетпейік» деген уәде берген. Кене хан елшінің сұрап барған Найзақпызылы менен Таштанбектің болат қылышын беріп қайтарған. Ә дегенде болат емес, басқа қылышты алып келгенде, «Болат бұл емес» деп айғайлаған. «Мақтаған қылышың осы ма?» деп, болатты тастай салғанда, «Бұл болат емей, немене?» деп, тасты тартып жібергенде қиып түскен. Таштанбектің болаты демек, атасы Атаке бозбала шағында неше түйе жүгі бар керуеннің құнына осы болатты қолға түсірген».

Ал жырдың Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында сақталған Әбдіғали Сариев нұсқасында Саурықтың Жетісу жеріне дендей еніп келе жатқан Ресей әскерлерімен өткен соғысы баяндалады. Жау өтінде қалған Найман елі батырға арнайы жаушы жіберіп, көмек беруін өтінеді. Ол тез арада 3000 мыңдай сарбаз жиып, көмекке ұмтылады. Найман Артық батырмен бас қосып, Алтынемел тауында жау жасағымен бетпе-бет келеді. Саурықтың соғыс жоспары бойынша орыс әскерін қоршауға алып, күн бата жаппай шабуылға шығады. Ынтымақ-бірліктің арқасында жауды быт-шыт қылып жеңіп, әскербасын тұтқынға алады. Ізденіп келген жау қашанда осындай әділ жазасын алатынын патшаға жеткізгін деп, әлгіні босатып қоя береді.

Алайда, Калпакоп (Г.А.Колпаковский) бастаған тың әскерлер Жетісуға ағыла бастайды. Саурық Дулаттың Сыпатай, Байсейіт сияқты батырларымен, Кенесарының қаһарман ұлы Сыздықпен тізе қосып, соғысқа кіреді. Сарбаздардың алдыңғы екпіні жаудың пысын басып, шегінуге мәжбүр етеді. Бірақ тың күшпен қайта оралатынын ойлаған батырлар қырғыз манабы Жантайға, қоқандықтардың ұлығы Құдиярға хат жазып, күш қосып соғысуға шақырады. Жантай келгенмен, шатырын бөлек тігеді. Екі жақ Қарғалыда кездесіп, үш күн, үш түн ұрыс болады. Қырғыз манабы мен біраз ағайын Калпакоптың сөзіне еріп, майданды тастап шығады. Шаршаған сарбаздар Самсыға келіп дамылдап жатқанда, әйел киімін киген Жантайдың адамдары елдің жылқысын



барымталап кетеді. Артынан асығыс, сауытсыз, жайдақ атпен жалғыз қуған Саурық қырғыздардың қолынан мерт болады.

Жыр нұсқаларында ақындар басты кейіпкерді әсірелей бейнелеп, кейде сюжет желісіне батырлық жырларда кездесетін қалыпты оқиғаларды, мотивтерді кіргізгенімен, көркемдік шынайылық пен тарихи шындықты алшақтатпай, үндестіре жырлайды. Саурықтың дара тұлғасы, ерен ерлігі, адами қасиеттері жан-жақты қамтылады. «Жамбылдың жырлауында Саурық Жетісудағы қазақ халқына тиген жауға қарсы күрестерді бастаушы батыр болып суреттеледі... Жамбыл Саурықтың адамгершілігін, ел ішіндегі әділдігін, дауда шешендігін, қиын жағдайда дұшпанның алдында табанды қайраттылығын, менменсінген жуандарды жуастырып отыратын мықтылығын, ақыл мен қайратты бірдей ұстап, елдің бірлігін сақтап, жұртқа бас бола білген деп жырлайды» (Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. 97-б.).

Сондықтан ел тәуелсіздігі үшін күрескен батыр бабалардың рухын ұлықтап, келешек ұрпақтардың жетесіне жеткізу бағытында нақты іс-шаралар жүргізудің кезегі келген сияқты. Біріншіден, батырлардың сүйегі жатқан жерлерді анықтап, кесене тұрғызу жұмыстарының жоба-жоспарын жасауды кешіктірмеген жөн. Бұл– бүгінгі ұрпақтың аруақтар алдындағы қасиетті борышы.

Екіншіден, Саурық пен Сұраншының өмір жолдарын, шынайы тарихи бейнелерін олардың ата-бабалары: Қарасай, Қашке, Жарылғап, Қараш, Қастек сынды батырлар, замандастары Сыпатай, Байсейіт, Сарыбай, Сүйінбай, Тезек төре т.б. Жетісуға танымал азаматтардың өмірімен, сол кезеңдегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік ахуалдармен салғастырыла зерттеу қажет.

Бұл тақырыпты игеруде Қазақстан тәуелсіздік алған жағдайда туған мүмкіндіктерді толық пайдалана отырып, соңғы жиырма жылда жарияланған ғылыми еңбектерді, көршілес елдерде, атап айтқанда, Ресей, Өзбекстан мен Қырғызстанның ірі қалаларында (Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы, Орынбор, Қазан, Уфа, Ташкент, Қоқанд, Бішкек т.б.) мұрағаттық деректерді молынан қамтып, тарихи үдерісті жүйелі түрде жан-жақты зерттеу негізгі мақсат болмақ. Мұның өзі ұлттық тарихтың ондаған жылдар бойы қалыптасқан таптық ұстаным шеңберінен шығарып, халықтық мүдделер тұрғысынан талдап-зерттеуге жол ашатын болады.

Үшіншіден, Саурық, Сұраншы батырларға байланысты Ұлттық кітапхананың, Орталық ғылыми кітапхана мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, Жамбыл мұражайының сирек қорларында сақталған жыр нұсқаларының, аңыз-әңгімелердің, әдеби зерттеулердің негізінде ғылыми басылым дайындалуға тиіс.

Жаңа дәуірдегі тарихи үдерістің тұжырымдамасы осы салаға жаңа көзқарастар мен ерекшеліктің қазіргі түсініктер рухында, жаңаша ұғыну тұрғысында қамтуды, бірінші кезекте жаңа әдіснамалық деңгейде қарастыруды талап етеді. XIX ғасырдағы қазақ-қырғыз, қазақ-қоқан, қазақ-орыс, қазақ-қытай қарым-қатынастарын, сол кезеңдегі Жетісудағы қазақы қоғам, руаралық қайшылықтарды т.б. терең зерттеу арқылы ғана Сұраншы батырдың айқын бейнесін ашып, тарихымызды толықтыруға, соның негізінде жас ұрпақтың патриоттық сезімін шынайы түрде оятуға болады.

Жетісу өлкесінде ел жадынан шықпай ұзақ жылдар бойы ауыздан ауызға таралып келген оқиғалардың бірі – Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліс. Халық арасында осы айтулы көтерілістің барысын, оның жеңілу себептерін көрсететін өлең-жырлар, аңыз-әңгімелер көптеп таралды. Солардың қатарында Жамбылдың кейін «Сыздық сұлтанға» аталып кеткен арнау өлеңі бар.

Кенесары ханның Жаңыл дейтін тоқалынан туған Сыздық (Садық, Сыдық) әкесі қырғыздардың қолынан мерт болғанда он жастағы бала екендігі жазба деректерде де, жад арқылы жеткен ауыз әдебиеті үлгілерінде де белгілі. Жас сұлтанның Кенесары қозғалысы жеңіліс тапқаннан кейін Түркістан қаласына іргелес Қаратау маңына көшіп барып, Қоқан хандығына қарасты ауылда өмір сүргені, Ауыл молдасынан білім алып, ат жалын тартып мінгеннен соң пансатбасы (бес жүз әскербасы) дәрежесінде қоқандықтарға әскери қызмет атқарғаны да ғылыми тұрғыда дәлелденген. Оның Ресей әскерімен өткен алғашқы күресі Ұзынағаш соғысында көрініс беріп, ерлігімен ел көзіне түскен. Қоқан-қазақ-қырғыз болып бірігіп, орыс отаршылдарына қарсы тұңғыш рет жұмыла көтерілген әскери іс-қимылдар былайша өрбиді:

«1860 жылы 18–21 қазанда Ұзынағаш түбінде қоқандық күштер мен орыс әскерлері арасында өткен шайқасқа қоқандықтар ықпалындағы қазақтар мен қырғыздар да қатысты.



Байзақ, Батырбек, Сыпатай, Момынбек, Қожабек секілді билер мен датқалар және қырғыз манабы Жантай қазақ-қырғыз жасақтарына қолдау танытты. Сыздық төре, Сұраншы батыр, Байсейіт батыр, Арыстан батыр, Ақмолда батыр қазақ-қырғыз қолын бастап шықты. Қырғыздың Жантай манабының ұлы, сол кезде 21 жаста болған Шабдан батыр да ерлікпен күресті. Сондай-ақ сарыбағыштан Үмбетәлі, Төрегелді, саяқтан Тайлақ батырдың ұлы Осмон, солто ішінен бөлекбайлық Корчу батыр белсене қатысты. П.Пичугин қырғыздардың атты әскері 3000-дай адам болды, солто руын Іледен қуылған біздің дұшпанымыз – Тойшыбектің баласы Байсейіт бастап келді деп көрсетеді» (1916 жылғы қазақ-қырғыз көтерілісі Белек Солтоноевтың көзімен // Отан тарихы. – 2006. - № 2.– 14-б.).

Сыздық сұлтанның 1864 жылы Қоқан ханының әмірімен Созақтың әкімі болып тағайындалуы, сол қаланы полковник Верекиннің шабуылынан қорғаудағы көзсіз батырлығы, кейін Шымкентте генерал М.Г. Черняев әскеріне тойтарыс беруі, Әлімқұл қаза тапқан соң әмір лашкар (әскербасы) болып сайланып, Ташкентті қорғауға басшылық жасауы, Шардарадағы, Самарқанд пен Бұхарадағы күресі, Хиуадағы, Түркімен жеріндегі, Ауғанстандағы жорық жолдары, тіпті Шығыс Түркістандағы қытайлармен болған соғыстары ел аузындағы аңыз-әңгімелермен қоса тарихи деректерде құжатталып қалған. XIX ғасырдың аяғында түрлі орыс басылымдарында ержүрек сұлтанның бүкіл саналы ғұмырын басқыншы жаулармен күресте өткізіп, әкесі Кенесары ханның орындалмаған мақсат-мүдделерін жалғастырғандығын, ақыры тауы шағылып, Ресей билігін мойындағаны туралы еңбектер аз жазылмаған. Солардың сапында 1869–1918 жылдары Санкт-Петербургте басылып отырған «Нива» апталық журналында Сыздық күрескерлік өмірі туралы мынандай мәлімет көрсетілген:

«Сыр-Дарьинский областной статистический комитет издал в Ташкенте любопытную книгу о султанах Кенесара и Садык. Вот что рассказывается, между прочим, о султанине Садыке, не так давно бившемся ожесточенно с русскими войсками при завоеваниях наших Средней Азии, а теперь мирно проживающем в Чимкентском уезде, на р. Арьке, верстах в 6 на север от сартовского села Карабулак, близ развалин Хан-Кургана, бывшего

когда-то ставкою его предка хана Киргизского, Аблай-Хана. Теперь Садык занимается скотоводством и хлебопашеством, близь своей зимовки, проводя досуги за чтением и в молитве. Это совершенно бодрый, среднего роста, человек, лет 55; смуглое лицо киргизского типа с черною, небольшою, с легкою проседью, бороною, оживлено замечательно красивыми, выразительными глазами. Вся его наружность, пропорционально сложенная фигура с мягкими контурами лица, маленькими женскими руками, манера держать себя, спокойствие, даже некоторая застенчивость в разговоре, все это изобличает в нем человека, пожившего при средне-азиатских ханских дворах и вместе с тем кровного тюркского аристократа, «белую кость». При первом взгляде на этого задумчивого, спокойного человека, как-то не верится, что это именно тот наездник Садык, с именем которого всегда соединялось понятие об отчаянном степном разбойнике и самом упорном, назойливом партизане; что это тот Садык, который наводил в 70-х годах страх на наши передовые линии в Туркестане, являясь всегда неожиданно на слабых местах и нападая более смело и энергично, чем другие предводители киргизских и туркменских партий. Но когда в разговоре оживится его лицо, потечет быстрая, выразительная речь, разгорятся глаза, то впечатление смирного, задумчивого человека, исчезает совсем. Пред вами является другой человек: живой, энергичный и безусловно талантливый, с «Божьей искоркой» и юностью души, — качествами столь неотразимо действующими на рядовых людей и на народные толпы. Становится понятным его успех, как сановника и советчика в военных и политических делах при ханах Бухары, Хивы и Кашгара и его умение держать в руках полудиких, своевольных наездников и энергично двигать их нестройные толпы на убийственные залпы туркестанской линейной пехоты, делать с ними огромные и быстрые переходы в мертвой Кизылкумской пустыне и падать, как снег на голову, на розевавшего неприятеля, приобретая этим от него не заслуженный эпитет «степного разбойника» (Нива. 1889. №39, с. 982).

Сыздық сұлтан Қашқар билеушісі Жақыпбекке 1875 жылы барып, әскери қолбасшы лауазымында қызмет істеді. Оның түпкі мақсаты – түркі жұртының басын қосып, бүкіл Түркістанды отаршылдықтан азат ету болды. Бірақ 1877 жылы Қашқарды Цин империясының жаулап алуы соңғы үмітіне балта шапты.



Қытайлармен соғыста жарақаттанған Сыздық 1878 жылы Ферғана өңіріне өтіп, орыс билігін мойындауға мәжбүр болды.

Отыз жыл бойы аттан түспей жорық жолдарында жүріп, біртіндеп бейбіт өмірге бойұсына бастаған сұлтан сол XIX ғасырдың сексенінші жылдарының басында әкесінің жорық жолдарына шеру жасап, Қасиетті Алатауға ат басын тіреді. Оны Жетісудың Сарыбай, Ноғайбай, Кебекбай сияқты беделді адамдары бір көштік жерден күтіп алып, сый-сияпат көрсетеді. Арада бірер күн өткенде Ұлы жүз ақсақалдары қырғыздағы әкесінің соңғы шайқастары өткен, мерт болған жерлерін аралатады. Осы оқиғаның бел ортасында Жамбыл жүрген. Бұл туралы бірінші бөлімде айтылды.

Ғали ақынның айтуынша, осы Сыздықпен кездескенін Жамбыл кейін үлкен ертегі, аңыз желісіндегі жыр үлгісінде де айтқан. Оның сюжетінде Сыздық батырдың жалғыз көзді дәумен кездесіп, үңгірге қамалып, одан қалай құтылғаны жайлы оқиғалар желісі болған. Өкінішке орай, жыр дер кезінде жазылып алынбағандықтан, біртіндеп ұмытылып, ақын жадынан шығып қалған.

Кенесары ханның жолын қуған, сол жолда жанын пида етіп, сан рет көзсіз ерліктерге барған Сыздық сұлтанның күрескерлік ғұмыры Қазақстанның жаңа тарихының маңызды нысандарының бірі болып табылатынына күмән жоқ.

Майкөт сияқты атақты айтыскер ақынның Жетісуға келуі де мәдени-тарихи оқиғалардың бірі еді. Ол Құлмамбет, Жамбыл, Бөлтірік сияқты ақындар үшін естен кетпес жүздесу болып, ұзақ жылдар бойы сақталып қалды. Кейбір мәліметтерге қарағанда, Майкөт Жетісудың танымал биі Сарыбай Айдосұлының асына арнайы шақыртумен келеді. Ал Сарыбайдың қайтыс болғаны туралы 1890 жылғы “Дала уалаятының газетінде” қазанама берілген (Дала уалаятының газеті. // Құрастыр.Ү. Субханбердина. – Алматы: Ғылым. – Т.4. 1994. – 135 – 142-бб). Ендеше, ас келесі 1891 жылы өткені даусыз. Бір жыл ілгері сауын айтылып, ат жетерлік жердегі қазақ, қырғызға хабар жіберіледі. Бүркітбай би Әулиеатадан Сарыбай асына келе жатып науқасқа ұшырап, қайта қайтуға мәжбүр болады да, орнына отыз жігітпен Майкөт ақынды жібереді. Бұл аста Сүйінбай ақын да бар. Бірақ Сүйінбай ас иесі, Сарыбайдың жанкүйері болып, астың үлкен жырын айтуды Жетісу бойындағы шапырашты, дулат болып Майкөтке байлады. Майкөт

ұзақ жыр айтады. Бұл жырда Жетісудағы дулат, шапыраштының сол күндегі елеулі адамдарының бәрін атап, амандасады. Осы ұзақ жырды дәмелі ақындардың бәрі жаттап әкетеді. Майкөт осы аста үлкен олжа алады. Оның үстіне әрі жырына разы болған, әрі түбі бір Бәйдібектің баласы, бір жылдан астам жібермей басына үй көтеріп, алдына мал салып, аса құрметтейді.

Сөйтіп, Майкөт Жетісуға 1891 жылдың жазында келіп, еліне келесі 1892 жылдың күзінде қайтады. Бір жыл жүзінде Алатау, Еренқабырға [Тянь-шань] тауларының баурайындағы қазақ, қырғызды аралап, туысқан халықтарды ән-жырға бөлейді, айтыстарға да араласады. Сондай айтыстың бірі Алматы маңында қасқарау (ру атауы – У.К) байының асында Бөлтiрiк ақын арасында өтеді.

Жамбылдың атақты балуан, әнші, ақын Балуан Шолақпен кездесуі де өміріне, шығармашылық өрісіне ерекше әсер етті. Ғұмырының соңына таман ата қонысы Жетісуды бір көріп қайтуға аңсары ауған әнші 1912 жылдың жазында осы өңірге арнайы келгені белгілі. Ол бабаларының кіндік қаны тамған Шу өңірінде аунап-қунап, Алатау бөктеріндегі қалың дулат-жанысты, шапырашты, албанды, ылдида жатқан ысты мен ошақты елдерін аралап, жүрген жерін сауық-сайранға бөлеген еді. Жасы үлкен болғанмен, әрдайым өнер иесіне бас иетін Жамбыл да бір жаз даңқты інісінің жанында жүріп жолбасшылық көрсетеді. Жетісудың келбетті жерлерін аралатып, кең пейілді азаматтарымен, өнерпаз өрендерімен таныстырады. Жас та болса көргені мол, көкірегіне тоқығаны көп Балуан Шолақтан үлгі-өнеге алады, әнін үйреніп, асыл сөздерін тыңдайды. Дәурен сал, Кенен, Мақыш сияқты жастардың өнердегі жолдары ашылады. Бұл кездесу туралы бірінші тарауда жан-жақты айтылады.

Алты Алашқа атағы жайылған Түбек, Шөже, Майкөт, Шашубай, Балуан Шолақ сияқты ақындардың Жетісуға келуі, Жамбылдың олармен жүздесуі, тіпті кейбірімен айтысқа түсуі, бір-бірінен ақыл-кеңес алып, өнер алмастыруы – әр кезеңдерде осы өлкеде өткен тарихи-мәдени оқиғалар болды және халық әдебиетінің, өнерінің жылнамасы ретінде тарих беттерінде жазылып қалды.

Жамбылдың тарихи тұлғаларға қатысты өлең, толғауларын қырғыз шоң манабы, қырғыз-қазаққа тең танылған Шабдан Жантайұлына арналған жыры толықтырады. Алатаудың теріс-



кейінде 1879 үлкен жұт болып, Шапырашты елі төрт түліктен біршама шығын көреді. Көктем шығып, мал көкке тойына бастағанда Жамбыл күнгейдегі Шабданның аулына көмек қолын созуды сұрап барады. Манап бұйымтайын сұрағанда, былайша толғап өтеді.

– ... Басы биік Алатау,
Жер өңірден көрінер,
Арнап келдім, батыр-ау,
Амандасып қолың бер!
Ауыл алыс болса да,
Атағыңды көрдім бел.
Атым арық, тон тозық,
Қысып келді аштық, шөл.
Жерімізде жұт болып,
Өспей қалды биыл төл.
Бұйымтайым, мұңым да,
Әзірше айтар сізге сол.

Билеушілік сұсынан жомарттық тұсы басым манап ақынның десін қайтармай, алдына он сегіз жылқы салып берген. «Ағыл-тегіл тер болып, жорғалайын, желейін» дегеніне қарағанда, Жамбыл сол жолы өнерге жақын Шабданның аулында біраз қонақтап, мәнді де әрлі өлең, жырын аямаған сияқты.

Жамбылдың Шабдан аулына жолы түсуі 1881 жылдың күзінде еді. Бұл ретте атақты Құланаян Құлмамбет ақынға жолбасшы болып барған. Баруының себебі, Құлмамбет Алматыдағы шалақазақ Әбсемет дегеннен 300 сом ақша қарызға алса керек. Екеуі шартқа отырып: “Мерзімінен қалсам, бірге-екі төлеймін” деп қолхат бергенде, Батталқазы төре кепіл болған екен. Қазақ даласын тегіс шарпыған 1879–1880 жылдардағы “ақ қоянның” жұтына ұрынған Құлмамбет қарызын дер кезінде өтей алмайды. Ақшасын талап еткен Әбсеметтен Батталқазы бастаған жанашырлары бір айға мәулет сұрап береді. “Қырғыз Шабдан батырдың қолы ашық, жомарт” дегенді естіп, сол жаққа баруға көңілі ауады. Ақынның сол сапары туралы С.Бегалин мынандай мәлімет келтірген: “Жиын тарап, әркім өз еліне қайтады. Айтыстың артынан Құлмамбет пен Жамбыл бұрынғысынан да жақын танысады. Өзінен жасы да

үлкен, әрі аруағы да ерте көтерілген Құлмамбетке Жамбыл інілік дәстүрмен сыйлап, өлең айтып, екеуі бұрынғыдан да достасады. Жамбыл Құлмамбеттің қасында бірнеше күндей болады.

Екеуі айырыларда Құлмамбет Жамбылға: “Сен қырғыз еліне таныс көрінесің, мен Шабданның алдына барып бір өлең айтайын деп едім, осыған мені бастап апар”, – дейді. Жамбыл апаруға уәде қылады. Бірақ Құлмамбет еліне барып қайтып келмек болады. Жамбыл кетеді. Сол жылы күзге жақын Құлмамбет Жамбылдың үйіне келіп, екеуі қырғызға баруға шығады (Бегалин С. Жамбыл: Өмірбаяндық хикаят. – Алматы: Жалын, 1996. –78-б.).

Жол бойы Құлмамбет сырқаттанып, Шабдан аулына зорға жетеді. Тамақтануға жарамаған ақын бел шешіп қонақ үйде жатып қалады. Жамбыл Шабданның үйінде түнімен өлең айтып, көп манаптың көңілін аулайды. Қасындағы жолдасын сұрағандарға: “Маған ерген бір абашка (шал – У.Қ.) еді, өзі ауырып келді”, – деп сылтаурата салады. Бұлар оянғанда, сәске болып қалыпты. Құлмамбет сауығып, құрағытып отыр екен. Манаптың шақыртуымен екеуі ордаға келеді. Амандық-саулық сұрасқан соң Шабдан: “Жамбыл ботам, ат тоқытып жүргелі отырмын. Тәшкенге баратын жұмысым болып қалды. Біздің есіктерді көргенің бұл емес. Бір қара қызыл бесті байлатып қойдым. Мына жолдан мақтанып қайтсам, тағы соғарсың”, – дейді. Арадағы сәл тыныштықты пайдаланған Жамбыл қолындағы домбырасын Құлмамбетке ұстата қояды. Шабыт буып, тыпыршып отырған ақын көкейіне тығылып отырған жыр нөсерін төгіп-төгіп өтеді:

– Болғанда ел ағадан, тон жағадан,
Көкжал бөрі соғады тау сағадан.
Сыртыңнан көрмесем де, ұғушы едім,
Жүрмісің, батыр Шабдан есен-аман.

Мен өзім Құлмамбетпін Құланаян,
Екенім Құланаян Құдайға аян.
Бұл жақта мұсылманға тақ боп тұрсың,
Кеп тұрмын аруағыңа Қарқарадан.

Өзінің көп өлеңшінің бірі еместігін, иісі қазаққа Құланаян Құлмамбет атымен танылған арқалы ақын екенін құлаққағыс етеді. Қазаққа жапсарлас жатқан қырғыздың ілгергі-бергі жақсы-



жайсандарын жеке-жеке даралап атап, солардың аруағын сыйлап келгенін сөз қылады. Ақынның Шабдан манапты тұйыққа тірер жері де осы тұс. Себебі, Атеке, Орман, Жантай сияқты ірі ел билеушілерінің есімдерін ауызға алып, солардың аруағын елеп келген Құлмамбетті құр қол жіберу мүмкін емес еді. Ендігі жерде манаптың ата-тегін шола келіп, жеке басының әділдігіне, мәрттігіне, жомарттығына, ерлігіне айрықша тоқталады. Осылай ұзақ толғап барып, сөз түйінін өз басының жағдайына тірейді. “Мойнымды созушы едім қоңыр қаздай, Бір құдайдан басқаға жүрмін жақпай” деп, отбасын қырсық шалып жүргенін айтып шағынады. «Қояннан тақыр жұтап қалғаннан соң, Кеп едім соны шағып хан Шабданға», – деп Шабданнан көмек сұрай келгенін жасырмайды.

Жүрекке жылы, тәтті сөздерге ұйыған Шабдан: “Жамбыл ботам, мына абашка сенен ыршы тұрбай ма? Түнде бізге неге айтпадың”, – деп, асыққан жолынан қала алмайтынына өкінеді. Арқалы ақынның төгілте жөнелген жыры көкейіне қонды ма, қолы ашық, жомарттығын қырғыз, қазаққа Құлмамбет, Жамбыл арқылы танытқысы келді ме, өзінің шаруашылығын жүргізетін Күйке деген манабына Шабдан: “Бар, пәленше деген дүкенші ноғайдан 300 сом әкеліп бер”, – дейді. Күйке шауып барып, ноғайдан 300 сом алып келе жатып: “Атаңның көрі, бір старшын елдің ақшасын қаңғырған ақынға бере ме, батыр да дүниенің бетіне қарамайды”, – деп жарты ақшаны жасырып қалады. “Дүкеншіде бар ақша осы екен”, – дейді де 150 сомды ақынның алдына тастайды. Құлмамбет ораулы ақшаға қарамай-ақ, Күйкенің қолы таза емес екенін, тегі жоқ, шала манап екенін айтып, сөздің бір ұшығын Шабданға тигізе жырлайды.

Менің анам Мәртәй Қолғанатқызы бұл сөзді бала күнімде әбден құлағыма құйған. Әлі ұмытқан жоқпын. Сонда:

Шәбден манап баласы Күйке ме едің?

Күйкедей өтпей қалған шүйте ме едің?

Әкеңнің берген ақшасының жартысын алып қалып,

Бүйтер ме едің, –

дейді.

Құлмамбеттің сын сөзінен кейін Шабдан қап-қара болып түтеп, қамшысын алып ордадан шығып кетеді. Күйкенің бір қызға бермейтін “Қарабоз” дейтін аты бар екен. Соны бас қылып, жолға шыққалы тұрған тоғыз аттың ер-тоқымын алдырады. Оларды бір ала арқанға тіздіріп, ақындарды шақыруға бір жігітін жұмсайды.

150 сомды қойнына тығып Құлмамбет сыртқа шықса, тоғыз ат тізіліп тұрады. Шабдан батыр: “Ел аруағына келіпсіз, тоғыз атты айдап қайтыңыз, 150 сомға жеңгей шай ішсін”, – дейді. Ол кезде қой – 3 сом, жылқы – 10 сомға бағаланатын болса керек. Шабдан сыйлаған аттардың әрқайсысы жүз сомдық аттар екен.

Манап Ташкент сапарынан бірнеше күн кідіріп, Құлмамбеттің жыр, дастандарын құлағының құрышы қанғанша тыңдайды.

Құлмамбеттің “Көрұғлы сұлтан”, “Мың бір түн” қиссаларын жырлаудағы жанкештілігі Жамбыл естеліктерінде жиі аталған. “Менің бұл жолғы олжам Құлмамбеттен “Көрұғлы сұлтанды” үйрендім. Бірақ бәрін жаттап алу қиын екен. Құлмамбет бір айтқанда екі күн, екі түн ұйықтамастан айтты. Мен оның бір күн, бір түн айтуын-ақ ұғып алдым. Менің өрісімді кеңейткен ірі жыр “Көрұғлы сұлтан” болды. “Көрұғлы сұлтанды” айтқанда Құлмамбет дем алмай айтады екен. Шабдан үйіне келесі күн қонғанда күндізден бастап айтып еді, содан келер сәскеге дейін дем алмай айтты. Өлең тыңдауға жиналған елдің бәрі талып, ұйықтап қалды. Жалғыз-ақ Шабдан ұйықтамады. Мені Құлмамбеттің өзі ұйықтатпай қозғап отырды (Бегалин С. Өмір хикаялары //ОҒК, 644-бума), – деп аға ақынды әділ бағаласа, 1938 жылғы “Казахстанская правда” газетіне берген сұхбатында осы айтылғандарды қайталай отырып: “Сүйінбайдан үйренген “Сұраншы”, Құлмамбеттің “Көрұғлы сұлтан” жырлары екі үлкен ақынның маған берген батасы мен ақындық сарқыттары еді”, – (Жамбыл ақын шығармалары // ОҒК. 349-бума, 3 дәп.), – деген жолдармен толықтырып, ағынан жарылады.

XIX ғасырда қазақ айтыс өнерінің туын көтеріп, жыртысын жыртқан Сүйінбай, Шөже, Майкөт, Құлмамбет, Жамбыл ақындардың жырын тындап, құрметпен сый-сияпат көрсеткен Шабдан Жантайұлы (1854 – 1912) кім еді?

Арғы атасы Атеке (қазақтар Өтеке жырық атаған – У.Қ.), одан – Қарабек, Қарабектен – Жантай, оның бел баласы – Шабдан бірнеше ғасыр қырғыздың сарбағыш тайпасын билеп келген. Атеке жырық орыстармен тәуір қарым-қатынаста болып, 1786 жылы Екатерина II патшадан сыйлыққа 800 сом күміс ақша алған. Өзге ұрпақтары да Ресей әкімшілігі тарапынан шен-шекпенсіз қалмаған. Шон манап Шабданға сарбағыштың тынай руының 1500 түтіні бағынышты болған. Жайлауы үлкен Кебин мен кіші Кебин аралығындағы көк



орай кең өлке болса, суық түсе Қарақыстақ деген жерді қыстаған. Бабаларынан мұра болып келген ел билеу дәстүрі Шабданды да айналып өтпеген. Бірақ ол Атеке, Қарабек, Орман, Жантай сияқты жұртына зорлық-зомбылық, қанішерлігімен емес, ел бірлігі мен татулығын жақтаған көреген көсем, ел қорғауда жанын шүберекке түйген батырлығымен бағаланды. Өнерді сыйлағандықтан, қырғыз, қазақтағы қолына қомыз, домбыра ұстаған ақын, әнші-күйші, жыршыларға бүйрегі бұрып, ордасынан құр қол аттандырмаған. Шабданға байланысты қазақ ғалымдары өздерінің ілгергі зерттеулерінде үстем тап, шонжарлар өкілі ретінде сыни көзқараста қарағаны белгілі.

Шабдан манап та ақ патшаның марапатынан кенде қалмапты. Орыс армиясының “Войсковой старшинасы” дәрежесіндегі Ш.Жантайұлы 1912 жылы дүние салып, келесі жылы қазан айында асы беріледі. Асқа қазақтың Орта және Кіші жүзінен беделді адамдар арнайы шақырылса, Ұлы жүзге тұтасымен сауын айтылады. “Айқап” журналында Мұқамедсәлім Кәшимов былай деп жазады:

“Шабдан асы октябрдің бірінен онына шейін созылды, он мыңға дейін үй тігілді, асты басқарып, бақылап тұру үшін Алматыдан 9 казак-орыс, 30 солдат алдырылды. Адамның көптігі сондай, біреуден біреу адасып кетеді. Елді адастырмас үшін Пржевал уезіне қызыл ту, Пішпекке қара ту, қазаққа көк ту, өзбек пен ноғайға ақ ту, адасқанға ала ту тігіп, әркім өз елінің жөнін тек тудан білетін болды. Бәйгеге 180 ат шапты, атты Боралдай биігінде [Шабданның жайлауы, күзеуі] тұрып қонаға айдап, 50 шақырым жерден жіберді. Жиырма бес атқа бәйге берілді. Бәйгеде отыздан артық ат өлді. Екі бала өлді.

Сайысқа қырғыздан Ақсақал деген сайыскер, дүнген бұлар батырдың сайыскері Жүсіп деген қазақ жігіті шығып, екеуі тұқыл найзамен түйресіп, Ақсақалды Жүсіп түсірді. Бас балуанды Қарқаралыдан келген Шәкірбек деген балуан жықты (Кәшімов М. Войсковой старшина Шабдан батыр Жантайұлының асы// Айқап, 1913, №3)».

Осы аста Өмірзақ ақын алғаш топ алдында жыр жырлап, Бөлтірік ақын Шабданға жоқтау айтады. Айдаудан келген Тоқтағұл ақынның Жамбылмен кездесуі де осында өтеді.

Тіршілігінде талайлардың қырсығын кескен, бір басында тірі

пенденің көп қасиеттері жинақталған Шабдан манаптың көзі жұмылғаннан кейін де, даңқын аспандатқан осы асы болды. Ілгергі-бергі замандарда Жетісу жерінде құлақ естімеген ұлы ас қырғыз-қазақ есінде ұзақ жылдар сақталып қалды. Жамбылды рухани-материалдық жағынан әрдайым демеп отырған Шабдан, Бәйтк, Сарыбай, Жүнісбай сынды билік иелерінің орны айрықша, солардың арқасында ірі алқалы жиындарда жыр жарысына қосылды. Көтеріңкі көңіл-күй, шабытын жанып, тек өнермен айналысуға жағдай жасады.

Жамбылдың «Өстепкеде» атты өлеңі де қым-қиғаш тарихтың бір бетінен көрініс береді. Бұл ақынның жаңа ХХ ғасырдың басында шасасына шаң жұқпаған Шашубаймен жыр додасына түсіп, Балуан Шолақ сынды бар өнерді бір бойына жиған бірегей тұлғамен жүздесіп, шығармашылық бабында жүрген шағы еді. Ел жайладан қайтар мезгілде Жамбыл Алматыдағы жандаралдан шақыру алады. Кейін мәлім болғандай, бір ғана ол емес, осы өңірден шыққан ақын, ақын-жырау, әнші-жыршы, саятшы-аңшылар, ат бапкерлері де шақырылған екен. Ел жақсылары бастаған өнерпаз топпен Жамбыл да Алматыға жол тартады.

Бұл, шын мәнінде, Романовтар әулетінің патшалық құрғанына 300 жыл толуына арнайы ұйымдастырылған Бірінші Жетісу өлкелік ауылшаруашылығы мен өндіріс өнімдерінің көрмесі еді. Көрме ұйымдастыру жоспарлы түрде бірнеше жыл бұрын басталып, 1913 жылдың 17 қарашасында ашылды. Верный қаласының әкімшілігі бұл іс-шараға алдын ала кірісіп, қазіргі 28 панфиловшылар (бұрынғы қалалық Пушкин бағы – У.Қ.) бағының шығыс жағынан қажетті жер бөліп, онда атақты архитектор А.Зенковтың басшылығымен 28 мемлекеттік, 15 жекеменшік павильонның құрылысын жүргізген. Кейін 1918 жылы пошта-телеграф, кинотеатр, офицерлер үйі болған бұл ғимратта қазір Ықылас атындағы музыкалық аспаптар мұражайы орналасқан.

Романовтар әулетінің патшалық құрғанына 300 жыл толу салтанаты 1913 жылдың 21 ақпанынан бастау алып, бүкіл Ресей аумағында аталып өткен. Өлкетанушы В.Н.Проскуринның зерттеулеріне қарағанда, бұл мемлекеттік мереке Верный қаласында былайша өрбіген: «В Верном, главном городе Семиреченского края, первой о начале торжеств заговорила старая пушка полуденным выстрелом, по которому, кстати, проверяли часы многие горожане.



Все административные, общественные, даже частные здания были расцвечены флажками и лентами с государственной символикой, украшены портретами Государей Императоров, членов их семей, картинами из жизни Дома Романовых.

Красочный праздник верненцам устроили 22 февраля казаки Семиреченского казачьего войска.

23 февраля на подмостках Коммерческого собрания была предложена публике опера М.Глинки «Жизнь за царя». Правда, не полностью, а в сценах.

...Естественно, невозможно передать читателю всю палитру патриотических чувств. Ведь мероприятия в рамках юбилейного 300-летия Дома Романовых продолжались в течение не только официальных дней, а всего 1913 года» (Проскурин В.Н. Очерки истории Алматы. Электронная книга. Алматы, 2002).

Көрменің мәдени шараларға байланысты бөлігі Верный қаласының тау жақ қырындағы Үлкенарықтың сыртына тігілген киіз үйлерде өтеді. Салтанатқа барлығы он бес ақын жиналады. Олардың арасында дулаттан шыққан Шарғын, Мүсірепұлы Сәдібек, Жанақбай, Мұқаметжан, Шүкетай ақындар; ыстыдан: Майкөтұлы Арқабай, Мамырайым ақындар; шапыраштыдан: Жамбыл, Үмбетәлі, Өмірзақ ақындар бар. Жандаралдың тілмаші Бақия Сырттан баласы, уездің тілмашы Тергеусіз баласы тапсырманы ұғындырады. Бірақ ақындар не жырлады, нені айтып жатыр, онымен ұлықтардың жұмысы аз болады. Бір үйге жиналған жиырмаға тарта ақынға Жамбыл ақсақалдық етіп, басқасына сөз үлгісін айтып беріп және қыдыртып өлең айтқызбауға Жамбылды ие етеді. Сол жерде тойға келген ақын, әншілерді қатар отырғызып суретке түсіріп алады. Бұл туралы бірінші тарауда «Өстепке өсиеті» деген эсседе толықтай баяндалады.

Егескен жерде есесін жіберіп көрмеген Жамбылдың көптеген өлең, жырлары айтылған жерде қалып, тек жадында қалғандарының өзі алтынның мысқалындай ғана болып үзіліп-кесіліп хатқа түскені белгілі. Солардың бір тобы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске арналып, сол зобалаң кезеңнің ескерткіші болып қалды.

XX ғасырдың басындағы қазақ жерінде белең алған ұлт-азаттық көтеріліс халықтың саяси-әлеуметтік өміріне тың өзгерістер әкеліп, оның бодандық бұғауын тарылта түскен патша өкіметіне деген жаппай наразылығын тудырды. Тіпті, жастардың тұрақты

әскер қатарына емес, майдандық қара жұмысқа шақырылуы халықтың намысына тиіп, ашу-ызасын оятты. Сөйтіп, әділет іздеп буырқанған момын қазақ тосын мінез танытып, жаппай атқа қонды. Әсіресе, Торғай даласы мен Жетісу өлкесінде өткен көтерілістер халықтың ынтымағы мен бірлігінің ұйытқысы болып, жазалаушы әскерлерге қарсы белсенді шайқастар жүргізілді.

Абыз жырау «Халықтың еркі», «Патша әмірі тартылды», «Зілді бұйрық», «Амангелді» сияқты өлең, толғауларында нақты тарихи оқиғаларды, халық басына төнген нәубетті кезеңді шынайы, қоспасыз суреттейді. Ақын өзінің ішкі сезімі арқылы Ресей патшаның 1916 жылдың 25 маусымындағы «Бұратана халықты мемлекеттік қорғаныс жұмыстарына пайдалану тәртібі туралы ережесінен» кейінгі бүкіл жергілікті халықтың көңіл-күйінен хабар береді. «Патша әмірі тарылды» толғауында барар жері, басар тауы қалмаған жұрттың аласұрған кейпін, патшаға деген ішкі қыжылын, запыран болып атқылаған зар-мұңын жырлады.

Ақын билік үшін жастарды тәрк етіп жүрген сайланбалы би-болыстарды сын тезіне салып, олардан үміт-қайыр жоқ екенін айтып күңіренеді. Бұл зобалаңнан құтылудың екі жолы бар. Олар: «Ата жұрттан кету бар. Не болмаса, шыбындап, Тағдырыңа көну бар», – деп, амалы құрыған қаймана халықтың түпкі ойын жария етеді. Қалың нөпір жұрты сияқты саяси санасы таяз Жамбыл да тұйыққа тіреледі. Ал, шындығында, сол тұста ресей империясының саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайы, оның отарындағы бұратана халықтардың тұрмыс-тіршілігі сын көтермейтін халде еді. Бұл кезең ғалымдар тарапынан терең зерттеліп, саяси-тарихи тұрғыда бағаланғаны белгілі. Шын мәнінде, 1916 жылдың қарсаңында патша өкіметінің Жетісудағы отарлау саясаты шарықтау шегіне жетіп, халықтың шыдамы қораптағы шырпыдай жағушысын күтіп тұрған жағдайда еді.

«XX ғасырдың алғашқы жылдарынан, әсіресе 1914 жылдан бастап халықтың жағдайы бұрынғыдан да ауырлай түсті. Соғыс (Бірінші дүниежүзілік соғыс – У.Қ.) қисапсыз шикізатты, азық-түлікті, малды, т.б. материалдық игілікті жалмай берді. Уақыт өткен сайын соғысқа байланысты тонау мен қанау күшейе түсті. Әртүрлі салықтардың мөлшері артып, жаңа салықтар енгізілді. Жергілікті халық төлейтін салықтар көлемі 3-4 есе, ал жекелеген жағдайларда 15 есеге дейін көбейді. Сонымен қатар, халық



күнделікті тұтынатын заттар үздіксіз қымбаттай берді. Мәселен, 1914 – 1916 жылдар аралығында Жетісу облысында әр түтінге салынатын салық 3 сомнан 8 сомға өсті. XX ғасырдың басында бір пұт ұнның бағасы 94 тиын болса, 1916 жылы ол 40 сомға дейін көтерілді. Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарында 1916 жылы бидай ұнының бағасы 1,5 есе, ал еттің бағасы екі есеге дейін жоғарылады» (Нұрпейіс К. Даладағы дабыл // Егемен Қазақстан. 12 наурыз, 2010.).

Осы қыспаққа эзер шыдап отырған қазаққа «маусым жарлығы» қабаттасып, толқыған халық жаппай ереуілге шығып, арты үлкен көтеріліске айналды.

Академик К.Нұрпейістің зерттеулеріне қарағанда, «Көтерілісшілермен патша жазалаушыларының ірі қақтығыстары Жетісудың Верный және Жаркент уездеріне қарайтын Асы, Қарқара, Үшқоңыр, Құмбел, Үлкенсаз, Қарақия, Майтөбе, Құлансаз жайлауларында, Самсы елді мекені маңында, Қастек, Нарынқол, Шарын, Қорам өңірлерінде, Лепсі уезінің Садыр-Матай болысында, т.б. жерлерде өтті. Жетісудың Жаркент, Верный, Лепсі уездеріндегі көтеріліс ошақтарына Бекболат Әшекеев, Жәмеңке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов, Жаңабай Құдайбергенов, Серікбай Қанаев, Қазбек Шорманов, Тоқаш Бокин, Әубәкір және Жақыпберді Солтанбекұлдары, Монай және Мұқан Ұзақбаевтар, т.б. жетекшілік жасады» (Аталған басылым).

Тарихи оқиғаның белортасында жүрген Жамылдың «Зілді бұйрық» өлеңінде де көтеріліс басшыларының ерен ерлігі мен оларға жазалаушылар тарапынан істелген жауыздық әрекеттер нақты баяндалады.

«Шапыраштының өз ішінен ел бастап көтерілген: Қараш батырдың тұқымынан Сатай, Жамбылдың өз аулынан Мақыш. Бұлар майданға алынатын жігіттерді бастап болыс, тілмашқа көнбей, көтеріліс жасайды. Олар Ұзынағаш қаласына бір-екі рет соқтығып, еш нәрсе шығара алмай, Шиен паселкасына шабуыл жасайды.

Ел ішіне көтерілісті басуға қарумен шыққан 60 солдатқа да Сатай бастаған Шапырашты жігіттері сол Шиен қаласында кездеседі. Сол күнгі ұрыста қазақтар жағын бастаған Сатай оққа ұшады. Оққа ұшқан Сатайдың сүйегін алуға шыққан Мақыштың атына оқ тиеді. Тағы бірнеше жігіт оққа ұшып, мылтыққа беттей

алмай қазақтар қайтады. Содан кейін Шапырашты руының белең алған жігіттерінің беті қайтып, Қытайға қарай ел аууға қам етіп, бірсыпыра ел ауады» (Бегалин С. Жамбыл: Өмірбаяндық хикаят. – Алматы: Жалын, 1996. 129 – 130-бб.).

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті жырлаған ақындардың барлығы дерлік сол оқиғаның басы-қасында жүріп, сол қырғынның куәсі болған адамдар. Сондықтан олар шығармаларында шындықты бұрмай, сол күйінде жеткізуге тырысқан. Мәселен, Бөлтірік Атыханұлының, Иманбек Сәрсенбекұлының, Етекбайдың, Қабылбек Сауранбаевтің жырларында “Қарқара көтерілісінің” басталуы, көсемдері ұсталып Қарақолда атылуы, патша әскері мен қазақ сарбаздарының соғысы, жеңіліс тауып шекара асуы сөз болса, Молдахмет Қарашұлының, Көдек Маралбайұлының, Әжек Мырзаұлының жыр-дастандарында босқын халықтың шет жердегі хал-ахуалы суреттеледі. Тіпті, тарихи шындық пен көркемдік шындық астасып жататындығын мынадай деректерден аңғаруға болады. Мысалы, М.Әуезов Қарқарада өткен қаралы күндерді былайша еске алады: “...Неокрепшие, слабые народные силы дрогнули. Оставалось, покидая родные земли, привычные очаги, юрты и почти весь скот, спасаться массовым стихийным бегством за китайскую границу. Но бедствия, пережитые во время панического бегства и после прибытия в китайские пределы, были ужасны. Так их немилостиво приняли китайские власти, а вековые враги казахов-калмыки, воспользовавшись бедствиями албан, начали беспричинно грабить их, убивать, забирать в плен жен, дочерей и торговать ими на рынках китайских городов...” Казахское народное творчество и его поэтическое среда // Ауэзов М.О. Тамыр: Альманах. Вып. 1 (3) : искусство, культура, философия. 2001).

Қарқарадағы Албан елінің басынан өткен зобалаң Жамбылды да бейжай қалдырмады. Мыңдаған адамдар соғыстың салдарынан, аштықтың, жұқпалы аурудың зардабынан көз жұмып, тайпалы елдің үштен екісі шекара асқан жағдай ақын жадынан шыға қойсын ба?! Жетісудың Хантәңірі өңірінен шыққан ақын Көдек (Әбдірахым) Байшығанұлы 1920 жылы Бұхара жақтағы соғыстан (Азамат соғысынан – У.Қ) жараланып келе жатқанда Түрген маңындағы Жүнісбай болыстың аулында Жамбыл ақынмен кездеседі. Замандастарынан бір табан озық туған, қызыл тілге шешен, көкірегі ояу, сұңғыла, дәулетіне сәулеті сай Шапырашты Жүнісбайдың ауылы қашанда өнерпаз жандардан



арылмаған. Тумысынан өлең, жырға үйірсек болып өскен ел ағасы мүмкіндігінше өнер адамдарын үйінен құр қол жібермеген. Жүнісбайдың дарқан, қонақжай пейілі, терең де ойлы сөз саптауы, Жамбылдың жыр өрнегі өлім шеңгелінен шыққан жаралы жауынгердің басынан өткізген жол азабын ұмыттырғандай болады. Келесі күні жас ақының еліне аттанар сәтінде Жамбыл Жүнісбайға қаратып, осы арнауды айтса керек.

– Көріп едім албанды
Қарқараны жайлаған.
Түйе тізіп қатарлап,
Мыңнан жылқы айдаған.
Қойы толып қораға
Желілеп бие байлаған.
Оқу-білім ойда жоқ,
Мал жиюға тоймаған.
Он алтыншы жылында
Басшылары ұсталып,
Қырғын тауып қалғаны,
Соры сөйтіп қайнаған.
Мынаның бәрі бауырың,
Күліңдер, ойнап, ой, балам!

Өтемін деп қалғаны,
Жабыла көшкен ар жаққа.
Сымпыып босқа келіпті,
Малды беріп қалмаққа.
Жақсылап сыйла, Жүнісбай,
Керек қой бұл аруаққа.
Қаражат беріп аттандыр,
Мал бар ма жиған солдатта.

Осы бар-жоғы екі-ақ шумақ өлеңде Албан тайпасының сол тұстағы материалдық-элеуметтік жағдайы, 1916 жылы Ресей отаршылдарының елге салған зобалаң әрекеті, басшылары атылып, босқын болып Қытай өткені, орыстан қалған малдың сарқынын шекара бойындағы қалмақтарға талатып, көгені мен жүгенін арқалап елге құр қол қайтқан тарихы түгел қамтылады. Бірер жыл бұрын ақ патша әскеріне бала бермейміз деп бастарын құрбандыққа шалған елдің ұланы большевиктер туының астында қандас, діндес бауырларға қарсы соғыста қан төгіп, жарақат алуы

да көп адамға ой салады. Әлі де ізі суый қоймаған қанды оқиғадан жүрегі шайлығып, жаңа өкіметтен пана іздеген, келешектен күдер үзбеген қаймана қазақтың балаң арманы сезіледі. Мал-мүліктен ажырап «сымпып» қалған Көдек елінің жағдайы Жамбылға мәлім, сондықтан, әлі де дәулеті шайқала қоймаған Жүнісбайға салмақ салады. Түбі бір – туыс, ағайын-бауырлас елдің жол азабын тартып келе жатқан ұлына қол ұшын беру бабалар аруағының алдындағы борышы екендігін ескертеді. Онсыз да жас ақынның өнеріне дән риза болып отырған Жүнісбайға Жамбылдың аталы сөзі қамшы болып, Көдектің үстіне киім, қолына қаражат беріп аттандырады.

Жамбылдың атақ-даңқы берісі – қазақ даласына, әрісі – бүкіл Кеңестер Одағының ұлттары мен ұлыстарына, тіпті, әлем жұртшылығына танылған шағы, нақтылап айтқанда, өмірі мен шығармашылығының шырқау биікке көтерілген кезеңі Қазан төңкерісінен кейінгі жылдары екендігі баршаға мәлім. Қарт ақын бұл беделге, біріншіден, кейбіреулер айтқандай аузының салымымен емес, бойына қанмен біткен дарынының, Қабан жырау, Сүйінбай, Құлмамбет, Майкөттер салып кеткен ақындық дәстүр сарынының, өткеннен ұлағат, бүгінгіге қанағат тұта алатын бейіл-қарымының арқасында жетті. Қай кезде де, қандай ортада да айтары бар, «Шалқайғанға шалқай, ол Құдайдың ұлы емес, еңкейгенге иіл, ол адамның құлы емес» деген ұстанымы бар, бір беткей, шыншыл ақын қай билікке де қажет болатындығы да әлімсақтан белгілі. Сондықтан Жамбылға жаңа өкімет емес, керісінше, сол өкіметке Жамбыл ақын керек еді.

Жамбылдың 1913 жылдың 17 қарашасындағы Бірінші Жетісу өлкелік ауылшаруашылығы мен өндіріс өнімдерінің көрмесінен кейін ресми өкімет адамдарымен кездесуі 1921 жылғы маусым айында өтеді. Оған себеп, сол тұста Жетісуда халық арасында жаңа өкіметтің саясатын түсіндіру және оны жүргізу мақсатында «Қосшы» одағы құрылып, оның басшысы О.Жандосов жер-жерлерде түрлі іс-шаралар ұйымдастыру үстінде еді. «Ақ жол» газетінің ақпаратына қарағанда: «Бірінші маусымда Алматы шаһарында 50 мың шамалы Жетісу еңбекшілерінің жалшы һәм шаруаларынан 300 уәкіл топталып, бір жұмыс істеп, маусымның 8-інде Ұзынағашқа барыпты. Һәм 50 мыңға жақын жұрт жиналып, 300-дей киіз үй тігілген. Еңбекшілер үлкен той жасаған. Жұрт болғалы мұндай той болмайды» (Ақ жол. 1921, 8 маусым).



Осы тойдың бас-аяғында жүрген Кенен ақынның айтуынша: «Тойға Жамбыл бізден бөлек келіп, басқа үйге түскен екен, біз бір бөлек ақын Алматыдан келген Жандосов Ораз бастаған сыйлы қонақ уәкілдерімен бір үйде едік. Жамбыл біздің үстімізге кірмек болғанда, үстіндегі киімі жұпыны кәрі шалды, сырттағы милициялар үйге кіргізе қоймайды. Бірақ Жамбыл сырттағылардың қақпайлауына қарамай баса-көктеп кіріп кетеді. Отырған жұрт, әсіресе ақындар бәріміз орнымыздан ұшып тұрып, төрден орын бердік. ... Алматыдан келген уәкілдің өзін де жырмен түйреп өтті. Онан кейін уәкілді орынсыз жағымпазданып мақтағанымызды айтып сөзінің зілін бізге де бір тастағандай» (Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. – Алматы: Санат, 1996.–169–170-бб.).

«...Сонау сайлауға шыққан жігіт осы Шапырашты руынан шыққан жас жігіт еді. Ел арасында жүрген кейбір милиционер уәкілдердің бас бұзар тентектігін айтып ой салу, халықтың күйін айтып, «ел жайына көңіл қой» деп, халық уәкілі сияқты болып көрінді. Жәкеңнің сонша батыл, бар кемдікті туралап айтып беруі – бір ауыз сөз айта алмай, ылғи мақтап отырған бізге сабақ болды.

Жәкең кеткеннен кейін сайлаушы жігіт бізге: «Міне, шын ақын өлеңді осылай айту керек. Шындықты қандай жақсы айтты, ал сендер «тендік болды, кеңдік болды» дегеннен басқа түк айтпайсыңдар», – деп, жатып кеп сөкпесі бар ма», – дейді Кенен Әзірбаев (Бегалин С. Жамбыл: Өмірбаяндық хикаят. – Алматы: Жалын, 1996. 140 – 141- бб.).

Сонда жергілікті жерлерде Болыстық атқару комитеттерінің басшыларын сайлауға келген Түркістан КП мұсылман коммунистері секциясы облыс бюросының төрағасы, Жетісу облысы ревкомының және облыстық “Қосшы” одағының басшысы О.Жандосовқа былайша тіксінеді:

– Тобыңа келсем, сыйым жоқ,
Тентегіңе тыйым жоқ.
Киелік десек, киім жоқ,
Базарға барсақ, тиын жоқ,
Сөзді тыңдар ұлық жоқ,
Жігітінде қылық жоқ.
Ақырзаман болған жоқ,
Жамбыл сөзден қалған жоқ,
Ел жайлаудан көшкен жоқ,

Көктен жасыл түскен жоқ,
Сендер шетке қағатын,
Жамбыл атым өшкен жоқ!..

Ал Жамбыл шығармашылығының ресми хатқа түсіп, тасқа басылуы Шамғали Сарыбаевтың есімімен тығыз байланысты. Ол жоғарыда айтылған Ұзынағаштағы мерекеде Жамбылмен кездесіп, алғаш рет ақын шығармашылығы туралы 1925 жылы жарыққа шыққан «Терме жинағында» аздаған мәліметтер көрсетеді. Оның жадында «Көрұғлы», «Ерназар-Бекет», «Садыр патша мен Жамбыл патшаның заманы», «Шалтабай», «Абылай ханның Бұхар жыраумен үш жүздің балаларын аралағаны» секілді жырларды, «Тезек пен Сүйінбай», өзінің Құлмамбетпен айтысын, сондай-ақ әртүрлі шежірелер мен термелер сақталғандығын айтып өтіп: «...Сол мерекеде Жамбыл көп жас ақындардың ұстазы сияқты көрінді. Жамбыл Жабаев сол жылы 68-де еді (жылы – қоян). Көп өлеңдерді айтушы еді. Жамбыл жасы ұлғайған адам болса да, жаңа тұрмыспен бірге өрлеп келе жатқан ел ақыны, Жамбылдың бұрынғы-соңғы өлеңдерін жинап алу керек.

Жамбыл сынды таланттар – халық фольклорын елінің өскеніне қарап өрлетіп отыратын тарландар. Олар, біріншіден, жаңадан өлең қосса, қайнар бұлақтың көзін ашса, екіншіден, бұрынғы хан тұсында ықтиярсыз өзгерілген ел өлеңдерін өз қалпына түсіріп, айтып бере алатын дарындар. Бұл іске Қазақстан көркем әдебиет баспасы мұрындық болар деп сенеміз», – деген тұжырымды ойларын білдіреді (Ұлы жыршы туралы ұлағат. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 60-б.).

Қазақстанның орталығы Қызылордадан Алматыға көшірілгеннен кейін 1928 жылы жаңа астанада Тұңғыш педагогикалық институт ашылғаны белгілі. Осы жоғарғы оқу орнының студенттеріне әдебиет тарихынан оқулық жазу мақсатында С.Сейфуллин ел аралап, халық ақындарының өмірі мен шығармашылығын зерттеуге ден қойған еді. Ол жұмыстардың барысында Жамбылмен бірнеше рет жүздесіп, қарт ақынның аузынан жеке туындыларымен қатар фольклорлық мұраларды да жазып алған. Өкінішке орай, белгісіз себептермен олардың көпшілігі бүгінгі күнге жетпеген. Сәкеннің әйелі Гүлбаһрамның естелігіне қарағанда, Сәкен Жамбылды 1929 жылы жаздығүні Алматы базарында кездестіріп, үйіне ертіп әкелген. Сәкен Жамбылдан көп дүние жазып алса да, оның кейбірін ғана («Жамбыл



мен Құлмамбет айтысын») 1931 жылғы «Қазақ әдебиетінің нұсқалары» оқулығына енгізген. Бұл – Жамбыл шығармаларының екінші мәрте баспа жүзінде көрінуі.

Жамбылдың өмірі мен шығармашылығына ерекше әсер еткен оқиға – 1928 жылғы Жетісудағы Кеңес өкіметінің жаппай ұжымдастыру науқаны. Жамбыл бала-шағасын алып қырғыз жеріне асты. Бұл күндердің көріністері бірінші тараудағы эсселерде жазылды.

1934 жылдың маусым айында Жамбыл Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының 1-слетіне қатысады. Бұл бір ғана Жамбыл емес, бүкіл қазақ халқы мәдениетінің тарихында бұрын-соңды болмаған ірі оқиға еді. Жиынға Қазақстанның төрт бұрышынан келген ақын-жыршылар, әнші-күйшілер, сал-серілер келіп, өнерлерін жұртшылық алдында паш етті. Есімдері ел аузында аңыз болып жүрген бірегей дарындар бас қосып, өнер жарыстырды, пікірлесті, бір-бірінен ақыл-кеңес алысты. Өнер мерекесінде Жамбыл жырдан шашу шашып, абыз ақынның есімі Жетісу аясынан шығып қазақ даласының төрт құбыласына танылды. Осыдан бастап шығармалары республиканың ресми басылымдарында жарияланып, Жамбылдың екінші ғұмыры басталды. Бұған «Туған елім» толғауындағы мына жолдар айқын дәлел болады:

... Осынша жасқа келгенде,
Өзендей өлке көргенде,
Немерем мен шөберем,
«Әкелеп» маған ергенде,
Ескі күнім жаңарып,
Көсегем көктеп ергенде,
Заманым, күнім жасарып,
Жұртым топ боп жиналып
Сөйлеуге кезек бергенде, –
Дауыста, Жамбыл, дауыста!
Сөйлеп бір жібер, сөйле енді!
Жиналып жұртым алдымда,
Тыңдауға мені келіп тұр.

Қазақ ақындары қашанда ата, ру, тайпа атынан сөйлегенмен, олардың ең таңдаулылары ғана бүкіл халықтың, ұлттың атынан сөз қозғап, соның намысын жырта алатын дәрежеге жетеді. Түрлі жыр тартыстарына бүтін қазақ халқының атынан шығып, оның атын

ту етіп көтерген Түбек, Сүйінбай, Шөже, Құлмамбет, Өубәкір, Нұржан сияқты санаулы ақындардың есімдерін атауға болады. Бұл ақындардың барлығы дерлік осы деңгейге ұзақ уақыттарда, жеке дарынының, ізденіс-талпынысының арқасында жете алды. Ал қазақ үшін шексіз-шетсіз болып көрінетін Қазақстанның түкпір-түкпірінен 1934 жылдың жазында бірақ күнде осыншама дарынды өнерпаздардың жиналуы – адам сенгісіз оқиға болды. Және солардың Жамбыл сияқты қарт ақынды қадірлеп, ортақ ұстаз тұтуы да сирек кездесетін сәт, талай ұлы тұлғалардың тағдыр-талайына бұйырмаған сый-құрмет еді. Ұжымдастыру кезіндегі тегі белгісіз атқамінер-шабармандардың науқанды іс-әрекеттерінен малсыз-жайсыз қалып, алапат аштықтың шеңгеліне түскен қарттың бір сәтте осындай даңққа көтерілуі ақынның өзі түгіл, қалың жұртқа да тосын оқиға болып көрінді.

Жамбыл кейін өзінің сол кездегі көңіл-күйін, әлі де болса өмірге деген құштарлығын Е.Ысмайылов бастаған зиялы қауымға былайша баяндап береді: «Алматыдан көп сыйлық, құрмет көріп қайтып келген соң көңіліме бір желік пайда болды. Үйде отырғым келмей, атқа мініп даланы, елді аралағым келе берді. ... Түнде ұйқтағанда қызықты түстер де көремін. Өңімдегі ой түсімдегі елеспен араласқандай. Алатаудың басында отырып дүниені қарап отырғандаймын. Алатаудың ең биік шыңында бір кең жайлау бар екен деймін. Қалың жиын, той болып, сонда жыр айтамын. Бұл да көңілімді өсіргендей қызықты елестер еді» (Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. 178-б.).

Қазақ халқының, оның ұлы тұлғаларының бірі Жамбылдың КСРО аумағында, тіпті әлем елдері аясында танылуы 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің декадасымен тұспа-тұс келді. Сол кезеңдегі КСРО ақындарының ақсақалы, «Дала Гомері» атанған сексеннің сеңгіріне шыққан Жамбыл Мәскеу жұртшылығының, онда түрлі себептермен қонақта жүрген әлем халықтарының алдында «Туған елім» атты толғауын паш етті. Осы жыр кейін «Правда» газеті арқылы жершарының түпкір-түпкіріне тарап жатты.

... Содан бастап қазаққа,
Қимылдарлық әл кірді,
Кеудесіне жан кірді.
Жан кіріп қана қоймады –



Ел боларлық сән кірді.
Сәнді қазақ елінде –
Қартайғанда ән салған,
Өлеңін қойдай тоғытқан,
Тыңдаушысын ұйытқан –
Көретін болдың Жамбылды, –

деп Жамбыл бүкіл қазақ халқының атынан сөз сөйлеп, жырдан шашу шашты. Осы тарихи оқиғаның басы-қасында жүрген көрнекті ақын Ә.Тәжібаев кейін бұл сәтті былайша еске түсіреді: «Қазақ әдебиеті мен қазақ көркем өнерінің уәкілдерін 1936 жылы 7 мамыр күні ертеңгі уақытта музыкамен өте зор қошеметпен қарсы алды. Қарсы алушылардың қолдарында гүлмен қабат Жамбылдың «Туған елім» деген дастаны мен суреті басылған «Правда» газетінің соңғы саны бар еді. «Правда» газетінен ақынның орыс тілінде алғашқы шыққан өлеңін оқып танысқан халық вагоннан шығып келе жатқан Жамбылдың аты жиналған топтың аузынан түспеді. Өзін көріп, оны көтеріп әкетті. Өзін көріп шаттанған халықтың құшағынан босағаннан кейін Жәкең машинаға барып мінді. Қазақстаннан келген қонақтарды қарсы алған машиналар мен автобустар шұбалған үлкен керуен болып тізіліп астананың ортасына қарай жөнелді. Осы жүрісте машиналар жүріп келе жатқан сияқты емес, сан миллион халқы бар Мәскеу қуанышпен Жамбылдың алдында жүгіріп келе жатқан сияқты еді. Барлық халықтың екі көзі Жамбылда, бәрінің де қолдары Жамбылды құттықтап созылған еді.

– Бұлар мені қайдан біледі, – деп сұрады Жәкең күлімсіреп. Қасындағы адамдар оған өзінің өлеңі мен суреті басылған «Правда» газетін көрсетті. Ол газетте басылған өзінің суретін бір шетке қойып: «Ой, өлме, Жамбыл!» деді» (Социалистік Қазақстан. 6/VII – 1946).

Жамбылдың сол 1936 жылың мамыр айында қазақ әдебиеті мен өнер қайраткерлерімен Мәскеуге сапарға шығуы оның өміріне күрт өзгерістер әкеліп, ақынның алдағы он жыл бойғы шығармашылығы жаңа мемлекетпен, кеңес өкіметімен тығыз байланыста болды. Дала салтын, халық әдебиеті дәстүрін жалғап келген сауатсыз ақынға арнаулы хатшылар бекітіліп, оған кеңестік идеологияны, коммунистік саясатты жырлатуға, насихаттатуға жан-жақты іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұл жолда қаражат шығындары да, ынталандыру әрекеттеріне де шектеу қойылмады.

Мәселен, Мәскеуге барған алғашқы сапарында ақынның кеудесіне КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы М.И.Калинин өз қолымен Еңбек Қызыл Ту орденін тағып, құттықтау сөздер айтты. Қаланың көрнекті жерлерін, әсіресе В.И.Ленин мавзолейін аралатып, ол туралы бүкіл бұқаралық ақпарат көздері жазды. Бұл орталық басылымдардың негізінде Жамбылды Мәскеу жұртшылығы таныды. Елге оралғанда Алматы вокзалынан қала тұрғындарымен қатар Үкімет адамдары, мемлекет, қоғам қайраткерлері, бүкіл зиялы қауым қарсы алып, алғаш халықтық деңгейде Жамбылдың ұлылығын, жыраулығын таныды. Сол жылы Алматы қаласында оған арнайы үй тұрғызу туралы Қазақстан Үкіметі қаулы шығарғанмен, кейін ақынның өтінішімен бұл үй туған жерінде салынған.

Келесі 1937 жылдың күзінде Грузия халқының данышпан ақыны Шота Руставелидің 750 жылдық мерейтойына шақырту алып, Қап тауына жол тартады. Онда да әлемнің түкпір-түкпірінен келген зиялы қауыммен жүздесіп, қазақтың әдебиеті мен өнерін паш етеді. Жолай Орал, Орынбор, Баку, Мақашқала сияқты қалалардың тұрғындарымен кездесіп, ақындық, азаматтық бақытқа кенелді.

1938 жыл да Жамбылға ұзақ ғұмырында болмаған тың өзгерістер әкелді. Ол осы жылдың 24 маусымында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланып, 10 шілдеде Қазақстан коммунистік партиясының II съезіне делегат ретінде қатысты. Май айында Жамбыл шығармашылығының 75 жылдығына орай Алматыда Одақ көлемінде аса үлкен әдебиет мерекесі өтті. Бұл алқалы жиынға Орта Азия халықтарынан, Кавказдан, Мәскеу мен Ленинградтан белгілі әдебиет, мәдениет қайраткері келіп, Жамбылды, бүкіл қазақ елін ұлы мерекемен құттықтады. Сондай-ақ Алматыға Қазақстанның жер-жерлерінен халық ақындары мен әнші-жыршылар жиналып, қазақ өнерінің інжу-маржан үлгілерін паш етті. Атақты ақындар жырдан шашу шашып, журналист, жазушылар өмірі мен шығармашылығына байланысты мақалалар жазды. Жамбылдың шығармалары орыс тіліне аударылып, сол арқылы өзге де тілдерге тәржімаланды. Сөйтіп, саналы ғұмырын дәстүрлі халық әдебиетіне арнағанмен, жапсарлас жатқан қазақ, қырғызға ғана танылған ақынның есімі санаулы жылдарда ғана әлем жұртшылығына белгілі болды. Әлемнің түкпір-түкпірінен құттықтау хаттар, жеделхаттар ағылып, жылы лебіздер білдірілді.



Еуропаның кіндігі Франциядағы Ромэн Роллан: «Батыс Альпінің жүрегінен қазақ халқының және жаңа адам баласының жыршысы – Қазақстан даласының жүрегі Жамбылға туысқандық сәлем!» – деп жазса (Каз.правда. 22 мамыр, 1938), даниялық жазушы Мартин Андерсен Нексе өзінің жүрек жарды лебізін былайша білдіреді: «Ең бақыты адамсың, көшпелі өмірден алдыңғы қатарлы кеңес мәдениетінің биік сатысына көтерілген қызықты, бай өмірді бастан кешірген, Сіздің жүрегіңіз мәңгі жас, еркін, бақытты Кеңес елінде жасай беріңіз!» (Каз.правда. 23 мамыр, 1938).

Шығармашылығының 75 жылдығына орай Жамбыл 1938 жылдың аяғында Ленин орденін, 1939 жылы үшінші мәрте Құрмет белгісі орденін иеленді. Қазақстан Жазушылар одағының II съезін ашып, 1939 жылы оның Басқарма мүшесі болып сайланды.

Бұл мерекелер, қуаныштар тізбегі – Жамбыл үшін ғана емес, бүкіл қазақ халқының басынан өтіп жатқан жақсылықтың нышаны, қайталанбас тарихи оқиғалар еді. Ақын осы оқиғалардың бел ортасында жүріп қуанышты күндерін өткізді, шабыты жанданып, өлең, жырдың кеніне айналды. Сол тұстағы тарихи тұлғаларды, тіпті қиялында да бола бермейтін оқиғаларды, елдерді, жерлерді, ірі қалаларды көзімен көріп, көңіліне тоқыды. Әдеби хатшыларының көмегімен саяси жағдайларды да ұғынып, шығармаларына арқау етті. Профессор Е.Ысмайыловтың есебіне қарағанда, ол 1938 жылы 40-тан астам, 1939 жылы 20-ға жуық, 1940 жылы оннан аса өлең, жыр, дастан шығарған. Әсіресе, саяси науқандарға белсене араласып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сессияларын, Қазақстан коммунистік партиясының II съезін, Қазақстан Жазушылар одағының II съезін, Қазақстан Комсомолдар съезін, Қазақстан денсаулық сақтау қызметкерлерінің съезін, Қазақстан өнерінің слеттарын өлеңмен ашып, көптеген алқалы жиындарда, мерекелерде, кездесулерде жыр-кәде жасаған. Тоқсаннан асқан қарт ақынның Мәскеуге барған сапарлары, Кавказ елдеріндегі саяхаттары, елде болып жатқан жаңалықтар шығармашылық нысанынан сырт қалмаған.

Атап айтқанда, 1936 жылы КСРО Конституциясының қабылдануына байланысты туындаған «Баянды болсын», «Ұлы заң», «Алтын заң», «12 декабрь», Мәскеу сапарларынан «Ленин», «Москва туралы жыр», Кавказ жолындағы «Кавказға», «Ақынға», «Кавказға сәлем», «Өмір жыры», «Чапай», «Тынық Донның

ұлдарына», «Одақ», түрлі съездер мен жиындарға шашу еткен «Қазақстан тойына», «Халықтың сәлемі», «Жауға жерін бермеген», «Дастарқан жыры», «Орден алғанда», «Май», «Шынықтырды болаттай», «Жамбылдың халық үшін қалған жасы», «Алтын бесік», «Жеңіс жырын сайрандар», «Сессияны ашардағы сөзі», «Дәрігерлер съезіне», «Толғау» сияқты ондаған жырлары, тарихи тұлғаларға қатысты «Пушкинге», «Калинин ақсақалға», «Ғасем Лахутиға», «Сүлеймен Стальскийге», «Тарас», «Ұлыма», «Біздің Киров» т.б. арнау өлеңдері, қырғиқабақ соғыстар туралы «Халық – менің шын атым», «Қытайға», «Соғысты біз сүйеміз», «Испандық туыстарға», «Жеңіс жыры», «Болат тонды батыр» жыр, толғаулары бұл пікірді толық айғақтайды. «Жасарған Жамбыл» атты толғауында өмірінің екінші кезеңін, қарттық келсе де жаңарған, жасарған өмірінің мәнді сәттерін былайша суреттейді:

... Мойындамай шалдықты,
Жасарған Жамбыл шағында,
Сайрайды, талай сайраған.
Өмірім балдай, балдырған,
Құмарымды қандырған.
Көңілімді, көзімді,
Өмірімді, өзімді,
Енжудей тізген сөзімді,
Шам-шырақтай жандырған.
Нұрмен күндей балқытып,
Болмағанды болдырған.
Қарасам көзім тойдырған,
Бәйгеден озып жүлде алған,
Шауып мүше күнде алған,
Өлеңнің кенін қазайын,
Бауырымды жазайын,
Жүйрік емен болдырған.

Ұлы Отан соғысының қарсаңында физиологиялық жағынан қартаң тартқанмен, көкірек-кенінің аясы ұлғайып, оның тарихи қатпарлары мольға түсті. Жасынан шежіре жаттап, елі мен жерінің ауызша тарихын жадында ұстап келген абыз жырау сол көмбесін өзі көрген, араласқан тарихи оқиғалармен толықтырып отырды. Сол тұста Жамбыл рухани-мәдени, саяси-қоғамдық іс-шаралардан сырт қалған емес, әсіресе шаруашылық, ағарту, денсаулық



сақтау, әскери күш-қуатты арттыру т.б. күнделікті шұғылданатын мәселелеріне айналды. КСРО Ғылым академиясының қазақ филиалы, Қазақстан Жазушылар одағы ол үшін жиі келіп тұратын, жүздесулер өткізетін, келелі мәселелер шешетін киелі шаңырақтардың санатында болды. Осынау жан-жақты қоғамдық-саяси еңбектерін бағалаған КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі 1941 жылдың наурызында Жамбылға Мемлекеттік сыйлық беру жөнінде қаулы шығарды.

Көп ұзамай фашистік Германия Кеңестер өкіметіне тұтқиылдан соғыс жариялап, елде Ұлы Отан соғысы басталды. Жамбылдың өмірі мен шығармашылығы күрт өзгеріп, оның жаңа айқара беттері ашылды. Мамырай өмірдегі ақындық болмысы саябырсып, 1916 жылдан кейін ұмытыла бастаған жыраулық тұлғасы жаңғырды. Академик С.Қасқабасовтың сөзімен айтқанда: «Отан соғысы жылдарында Украинаны, Москваны, Кавказды, Воронежді, Ленинградты қорғаушыларға арнап, олардың рухын көтере, ерлікке шақыра, жырт төгуі де – жыраулар үлгісі. Мұның бәрі – жыраулықтың сыртқы, көзге ұратын белгілері, ал оның ішкі, рухани ерекшеліктері Жәкеңнің поэзиясында тағы да айқын көрінді. Жамбыл ежелгі жырауша замана туралы толғап, дәуірге сипаттама береді, өтіп жатқан оқиға-құбылыстарға өз бағасын береді. Сонымен қатар, Жәкең толғауларында жырауға тән нақтылық, аформизмдік сипат бар, ойшылдықтың абыздық нұсқалары кездеседі, сөз өнерінің, жұрт алдында айтылған толғаудың ерекше құдіретіне деген құрмет те байқалады (Жамбыл туралы сөз. Баяндамалар мен мақалалар жинағы. Алматы, 1996. – 136-б.).

«Ата жаумен айқастық» аталатын жырынан бастап «Өлім мен өмір белдесті», «Ленинградтық өрендерім», «Москваға», «Аттан, батыр, ұрпағым», «Кеңес гвардеецтеріне», «Кеңес жауынгерлеріне», Майданға хат», «Сыйлық», «Тырнарлар қайтты, көріндер», «Темір тұлпар мінген қыз», «Аттандыру», «Отан әмірі», «Алынбас қамал», «Жаңа жыл сәлемі», «Воронеж батырларына», «Ленин өреніне», «Қамал бұзған қаһарман», «Жүз жасаған жүректен», «Ту астында берген ант», «Балаларды шулатқан», «Алғадай туралы», «Қаһарман халық достығы», «Қызыл жұлдызға құттықтау», «Батыр туы» сынды толғаулары, арнаулары, жоқтаулары жастарды соғысқа аттануды, елді мен жерді жау аяғына таптатпауды, шейіт болғандар үшін жаудан кек алуды,

отанды азат етуді үндейтін отты жырлары арқылы Жамбыл сонау жыраулардан бастау алған ата дәстүрді жалғап, жандандырып отырғанын көруге болады. Қазақстаннан аттанған 101 бригаданың жауынгерлері өлеңмен жазған хатына жауап ретінде шығарған «Жүз жасаған жүректен» толғауында: «Мұздай темір құрсаңған, Жауар күндей томсарған» жауынгерлерге барлық ата-аналардың, бүкіл қазақ халқының атынан амандық тілеп, туған жерге жеңіспен оралуларын аманаттайды.

Ал «Ленинградтық өрендерім», «Ленин өренине» атты жырларында абыз қарт ҚСРО құрамындағы жүздеген халықтардың атынан сөйлеп, қоршауда қалып сансыраған Ленинград тұрғындарын өмірге талпындырып, жеңіске деген жігерлерін оятады. Өзбек жазушысы Мәлік мырзаның мына естелігі бұл өлеңнің сол тұстағы Ленинградтықтарға қандай әсерін тигізгенінен шынайы деректер береді: «...Д.Н. Тихоновты іздеп Неваның жағасындағы этнография музейіне келдім. Жұмыс істемейтін күн екен. Есіктің алдында дағдарып тұр едім, көшемен өтіп бара жатқан бір орыс әйелі мені көріп кідірді. Бет-әлпетіме қарап тұрды да:

– Қазақсыз ба? – деді.

Ренімнің қазаққа ұқсайтыны рас.

– Иә, қазақпын, – дей салдым.

Әйелдің жүзі жылып, жадырап кетті.

– Хош, келіпсіз, бауырым! Тоңып қалған шығарсыз. Қане, біздің үйге жүріп шай ішіңіз. Бәлкі, келген шаруаңызға менің де көмегім тиіп қалар.

Мен не істерімді білмей екі ойлы болып қалдым. Соны сезгендей әлгі әйел:

– Қорықпаңыз, мен Жамбыл атайдың қызымын, – деді. Қоярда қоймай үйіне ертіп кетті. Шай үстінде мынандай хикаяны айтып берді.

«...1941 жылдың қара күзі. Қатерлі жаудың қоршауында қалып, қиын-қыстау күндерді басынан кешіріп жатқан Ленинградтың көшелерінде барша жұрттың назарын аударған бір плакат пайда болды. Өтіп бара жатқандар тоқтай қалып үңіле қарайды. Жұмысшылар да, солдаттар да, үлкен-кішінің бәрі де іздегені табылғандай плакаттың алдына жиналып жатыр. Мен де бардым. Басына бөрік киген мейірбан жүзді, ақсақалды кісі дуалдан маған



нұрлы көзімен қарап тұрды. Суреттің астында мынандай сөздер жазылған: «Ленинградтық өренім, Мақтанышым сен едің!..»

Жасым он бірге аяқ басқан. Ата-анам, туыстарым бәрі соғыста, бәрі аштықтан өлген, тұлдыр жетіммін. Балалық не істетпейді? Кісілер сирей бастаған кезде плакатты дуалдан жұлып алдым да, қойныма тығып зыта жөнелдім. Ешкім қумады. Үйге келіп, плакатты қабырғаға жапсырдым да, қайта-қайта оқып, мағынасына түсінгендей болдым. «Бұл жақсы кісі екен, іздеп тауып, ата қылып алайын», – дедім, өзі де: «ленинградтықтар, балаларым менің» депті ғой. Сонан былай қарай Жамбыл атаға қыз болу арман болып, кейде ақсақалды шал түсіме де кіріп жүрді. Әркімдерден сұрастырып, атаның қайда тұратынын да біліп алдым. Жолға эзірлендім. Бір күні көшеден қарным ашып үйге келдім де, плакаттың қасына барып жылап жібердім. Сонда Жамбыл ата: «Қамықпа, қапаланба, қызым, – деп жұбатқандай болды. – Бұл күндер де өтер, ашыққан қарның тойынар. Біздің ауылға кел. Сен менің қызым боласың. Мұқтаждық көрмейсің...»

Мен енді Қазақстанға, Жамбыл атаның аулына баруға бел байладым. Бұл ниетімді біліп қалған көрші-қолаң, таныстарым бетімді қайтармақ болды...

Сөйтіп, апталар, айлар өтіп жатты. Ұшарға қанатым жоқ. Қиялым алыстағы Алматыда, өзім қоршаудағы Ленинградта. Тегі, Жамбыл атаның сөздері мені суықтан сақтап, аштықтан аман алып қалуға себеп болды, әрқашан оның мейірбан жүзіне қараған сайын қайраттанып жүрдім. Бір мен ғана ма?..» (Мұрадов М. Ұлы жыршы туралы ұлағат. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 25 – 26-бб.).

Қан майдандарда жүрегі шайлықпаған жыраулардың жүрегін ел қорғаны хандардың, қолбасшы-батырлардың, ұрпақтардың мезгілсіз қазасы селт еткізіп, күңірететіні ежелгі жыраулар поэзиясынан айқын аңғаруға болады. Жамбыл да бұл дәстүрден тысқары қалмаған. Сонау 1916 жылы балаларын, ағайын-туыстарын майданға жіберуге қарсы болып, сол үшін қанды шайқасқа шыққан ақын бұл ретте ең сүйікті баласы Алғадайды соғысқа өз қолымен аттандырып, ақ батасын берген еді. Баласының хатына өлеңмен жауап қайтарып: «Сұраншы, Саурық секілді – Болыпсың, балам, қаһарман», – жүрекжарды қуанышын білдіреді. Қарт жырау Алғадай арқылы өзін қан майданда жүргендей сезінді, сондықтан да өлең, жырлары соғыстың өтінде жүрген жауынгердің

сөзіндей жігерлі, қаһарлы естілді. Жасырын болса да күндіз-түні Алладан соның амандығын тіледі, жырын да, ішкі сырын да соған арнады. Бірақ алдамшы арман, сезікті сезім дегеніне жеткізбеді. 1943 жыл Жамбылға ауыр қайғы әкеліп, көз қуанышы Алғадай майданда ерлікпен қаза тапты. Ақын Ә.Тәжібаевтің көруінде: «...Таң атқаннан кейін халық тағы да жиналды. Олар Жәкең таң атқанша тынығып, тыңайған шығар деп ойлап келіп еді, бірақ олар күндегі кутындап отыратын Жәкеңнің орнына, көз бен құлақтан айырылған, қусаған шалды көрді. Жүз жасаған Жамбыл, бір түннің ішінде тағы да бір жүз жылды басынан өткізгендей болған екен» (Социалистік Қазақстан. 6 шілде, 1946).

Қарт жырау халықты елдікке, ерлікке, еңбекке үндеген жырларының сарыны бара-бара жоқтауға жалғасып кететінін білмеді. Алланың жазуы соған әкеліп тіресе, пенденің қолынынан не келмек?!

Жүз жыл өмір сүрген Жамбылдың ғұмырнамасы – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы бөлігіндегі Ресей империясының, тотолитарлық Кеңес өкіметінің боданындағы қазақ халқының бір ғасырлық тарихы. Осы ұзақ өмірінде ақынның жеке басынан шуақты сәттерге қарағанда тұманды, күнгірт күндер жиі өткен сияқты. Себебі оның Қазан төңкерісіне дейінгі, кейінгі өміріне де, шығармашылығына да өзінен үстем түрлі сатыдағы билік өкілдері араласып отырды. Тіпті, кейде олардың ақынның бүкіл болмыс-бітімін түбегейлі өзгеріске ұшыратқан тұстары да аз болмады. Жамбылдың халық өкілі болғандығынан және қалың бұқара атынан сөйлейтігінінен оның шығармашылығына болған шектеулер, саяси тапсырыстар – барша қазақ халқының бодандық тұрмыс-тіршілігінің, бағыныштылық хал-ахуалының көрінісі болып табылды. Өмірінің соңғы он жылы алдыңғы тоқсан жаспен теңесіп, шығармашылығы шалқып, есімі әлемге танылды. Алайда коммунистік идеология, шовинистік пиғыл дегенін істетіп, саясат сойылын соқтыруға итермеледі. Бірақ ұлы тұлға аспады, таспады. Туған топырағынан, өскен жұртынан ірге бөлмеді, сонда көз жұмды. Ал мәңгілік өмірі елімен, жерімен бірге жасап келеді, жасай береді.





*Сәбит МҰҚАНОВ,
академик-жазушы*

ҰЛЫЛЫҚ СЫРЫ

1936 жылы көктемде Алматы қаласында қазақ ақындарының республикалық бірінші слеті болды. Осы слетте Жәкең «Туған елім» деген дүние жүзіне әйгілі жырын айтты. Бұл жыр Жәкең шығармаларының ғана емес, бүкіл совет поэзиясының ең биік шыңы еді, сондықтан да, бұл жыр Советтер Одағындағы барлық тілдерге аударылды, сондықтан да, бұл жырды барлық Совет елі күні бүгінге шейін үлгі есебінде қолданады.

1936 жылдан бастап, Жәкеңнің жырын өркендетуге ерекше жағдай жасалғаннан кейін Жәкең социалистік құрылыстың жетістіктеріне, күнделікті болып жатқан саяси, шаруашылық, мәдени науқандарға дауысын мынадай жағдайда қосты:

1. Жәкең радио тыңдағыш еді. Көңілін қозғайтын бір хабарды Жәкең естісе, хатшыларынан немесе маңайына көп үйірілетін мектеп оқушыларынан сол естігенін толығырақ баяндауын өтінетін. Содан кейін, естіген жаңалығы көңіліне әбден қонған сон, жырлауға кірісетін.

2. Жәкең газет оқытуды ұнататын еді және «нендей қызық жаңалығы бар?» – деп сұрар еді. Хатшыларының бірі, мектеп оқушылары я сауатты колхозшылар оқып берген газеттен өзінің көңілін қозғаған жаңалықты жырға айналдырар еді.

3. Жәкең 97 жасына дейін атқа салт мініп жүрді. 1942 жылға дейін салт атпен Алатаудың биігіндегі Құлансаз деген жайлауға да шықты.

Халықтың, Совет үкіметінің ерекше құрметтеуімен 1936 жылдан бастап қайта жасарғандай болған Жәкең 1940 жылдың

бер жағында кәрілікке мойындай бастады. Осы кезде Жәкең өзінің хатшысы Қалмақан Әбдіқадіровқа:

Насыбай бер,
Насыбайың бар болса жасырмай бер,
Саулық қойдың жасындай жасым қалды,
Бірек жылға Жамбылды асырай бер, –

деп қалжындапты.

– «Ар жасы жүз» деп еді, – дейтін болды содан кейін Жәкең, – жүзге ілуде біреу-ақ келетін еді, сол жүзді алқымдап қалдым, балалар, көздің қарашығы бұлдырап барады, көз алдымдағы кісі кісі емес, оның көлеңкесі сияқтанатын болды; оң құлағым жабылды, сол құлағым әрең естиді; бірер жыл бұрын атқа мінетін басым, енді орнымнан кісі сүйемесе тұра алмаймын; осы айнала тонаудың арты қайда соққалы келе жатқанын білесіңдер ме, балалар? «Ата-ананың жоралғысы» жақын, балалар. Шырақтарым, қамдана беріңдер...»

Жәкеңнің үйінде тұрып денсаулығын қарайтын дәрігер Рахымбек Досымбековтен басқа, 1936 жылдан бастап Жәкеңді үнемі бақылап отыратын – Қазақстандағы атақты дәрігердің бірі – Х. Барлыбаев болатын.

Оның айтуынша, Жәкеңнің өзге денесі қартайғанмен, жүрегі – жас, оның жүрегі 100 жасты еркін көтереді.

Жәкеңнің денсаулығын жеке қарау – Алматы қаласындағы қазіргі Министрлер Советі ауруханасының міндетінде болды. Осы аурухананың тәжірибелі дәрігерлері Барлыбаев және Зотов жолдастардың бақылауымен, Жәкеңнің дүниеден өткенше, диеталы тағам даярлап беретін Фатима Файзрахманованы Жәкең аса жақсы көріп, «мені емізген екінші шешем – осы», – деп, қалжындап отыратын еді.

Өзінің күнделікті қызметкерлерінен Жәкеңнің және бір жақсы көретіні – шофері, өз аулының жігіті – Нағашыбек Байсабаев болды. – Ту сырты еліктің артқы сандары сияқты тіп-тік болып, балаша елгезектеніп ұшады да жүреді байғұс, бұл да мені кезенді жерде балаша арқалап әкетеді, – дер еді, Жәкең Нағашыбек туралы.

Өз туысқандарынан, өз балаларымен қатар, Жәкеңнің ерекше жақсы көргені – туған ағасы Тәйтіннің баласы Сатыш.

– Тәйті Меккеге қажылыққа кеткен, жолда өлді, – дер еді Жәкең, қажылыққа аттанарда, үш жастағы жалғыз баласы, осы Сатышты қолынан жетектеп маған алып келіп: «Құдай алдында сенің



қолыңнан алам», – деп еді. Жарайды, деп уәде бергенмін. Содан бері осы шіркін өз балаларымнан кем көрінбейді.

Жәкең оған да қалжындағанда, «аш күзендей бұраңым» деуші еді.

Ұлы Отан соғысының тақырыбына соғыстың төрт жылында Жәкең 3000 жолдан артық жыр шығарды. Халқымыздың отаншылдық намысын күшейте түсуде, совет адамдарының елдегі, майдандағы тамаша ерліктерін сипаттауда Жәкеңнің бұл жырларының тарихи маңызы аса зор.

Мысалға, «Ленинградтық өрендерім» деген жырын алайық. Бұл жырды Жәкең Ленинградтың халі аса бір ауыр шақта, сүйікті Ленин қаласы жаудың қоршауында қалған кезде шығарды. Осы кезде Жәкеңнің жырының күші қандай болғанын, Ленинград Жазушылар одағының председателі болған, Ленинградты қорғауда ерекше көзге түскен адамның бірі, орыстың белгілі ақыны Александр Прокофьев былай дейді:

«Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры жарияланған кез Ленинградтың халінің аса бір ауыр шағы еді.

... Осындай халде Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күші көрінген бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқып тұрды. Жыр үлкен әріппен басылып, көшелерде плакат боп ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері төбеде ұшып бомба тастап жүргенде, тығылудың орнына, Жамбылдың жыры басылған газетті алуға көшеде кезекте тұрған адамдарды талай көрдім».

Прокофьев жолдас сөзін аяқтай келіп, Жамбылдың бұл өлеңін Ленинград халқын және оның жауынгерлерін жігерлендіруде өте зор қызмет атқарғанын айтады.

«Ленинградты қорғау» деген атпен шыққан қалың кітапта Жәкеңнің «Ленинградтық өрендерім» деген өлеңі көрнекті орын алды.

Ақынның Ұлы Отан соғысына арналған жырларының күші Жәкеңнің атына жүздеп-мыңдап келген хаттардан да байқалды.

Жәкеңнің жырына 1941 жылдың 13 сентябрь күні өлеңмен жауап қайтарған, армияға өзі тіленіп барған, Ленинградтық бірінші атқыштар полкының жауынгері, соғыстан бұрын Ленинград

технологиялық институтының профессоры – Всеволод Зубганинов былай деп жазады:

«Ленинградтық сенің балаларың,
О, Жамбыл, мақтанышы Отанның.
Саған сәлем жолдайды
Соғыстың қорқыныш жылында.
Мен тіпті ақын емеспін.
Менде жоқ сөзге шеберлік,
Менің сөздерім көмескі жарқылы ғана
Сенің өлеңің маған қадірлі,
Себебі, ол жалған жарқылдау емес,
Одан мен сеземін іздерін
Ойлы, ұйқысыз түндердің.

Зубганинов жолдас рас айтады: оның бұл сөзбе-сөз аударылған өлеңі шын мағынасында өлең емес, бұл үйлестіріп айтқан қарапайым сөздер; бұл сөздердің қасиеті – шын жүректен шыққандығы.

Жәкең жеңіс тойынан кейін ұзақ жасамады: 1945 жылдың 15 июнь күні сырқаттанып, аулынан Алматыдағы қазіргі Министрлер Советінің ауруханаасына кеп түсіп, 22 июнь күні, таңертең, дүниемен біржола қоштасты.

Көп тілді, бір мазмұнды совет әдебиеті, Жәкеңнің өлімін түгел азалады. Қазақстан Жазушылар одағының атына СССР, Украина, Белоруссия, Латвия, Литва, Ленинград, Өзбекстан, Қырғызстан, Грузия, Тәжікстан, Татарстан, Дағыстан, Карело-Фин тағы басқа совет елдерінен жүздеген көңіл айту телеграммалар келді. Ардақты алып ақынның өліміне бүкіл Совет Одағы түгел қайғырды.

1946 жыл
(ықшамдалып жарияланып отыр)





III ТАРАУ

КҮЙ ТАРТУДАН ТЫНБАДЫМ

*Домбыраны қолыма,
Он жасымнан алғанмын.
Дәл жетпіске келгенше,
Күй тартудан тынбадым.*

Жамбыл





КҮЙ КЕРУЕН

Табиғат шебер. Жамбылға Алла мол өнерді құя салды. Жөргегінде ән естіді, бала кезінен құлағына қобыз сарыны құйылды. Өйткені оның нағашы тегі мықты еді. Шешесі Ұлдан атақты Қанадан қобызшының жиені. Ол дәулеткер күйшісі ғана емес, бақсы-балгерлігі де бар еді.

Жамбыл күйді жастай үйренді. Бірақ өз жанынан шығарған күйлерінің нақты саны жоқ. Ол тарихи кезеңдердің мұң-зарын бейнелеген күйлерге құмар болған. Кейін термелерді де өз жанынан шығарып, жаңа әуенмен айта берген.

Спарғали Бегалиннің «Жамбыл» атты өмірбаяндық хикаятында Сыдық Малтақбайұлымен кездесу жөнінде әңгімелейді. Сыдық ата, Жамбылдың қасында көп жүрген күйші әрі менің үш атадан қосылатын бабам. Қасқарау Жаныстың – Тойғаны.

Сыдықтың баласы Құрманқұл Ұлы Отан соғысының мүгедегі, мұғалім еді. Бір қолы кеміс болса да «әкем тартқан күйлер» деп домбырасын шертіп отыратын. Кейін университет бітірдім, ғылыми жетекшім, профессор Б.Кенжебаев пен жас ғалым Р.Нұрғалиға ауылымды көрсеткенде, осы қара шаңырақ күтті. Сонда Құрманқұл ағайым Жамбыл тартқан күйлер деп «Абылай шайқамасы», «Қасабек күйі», «Қалжан күйі», «Ердебай күйі», «Сұрмерген» деген күйлерді тартты. Сонда Бейсекең ерекше қуанып еді. Өзінің Жамбыл туралы баяғыда-ақ мақала жазғанын айтты.

Жамбылдың немере інісі Өмірәлі Жадыра немересі одан басқа күйлер бар екенін де айтып тартады. Мұны С.Бегалин былай деп жазады. ... Сыдық ақсақал тартқан күйлерге Өмірәлі:

1. Стамбол күйі
2. Есім Сержан күйі
3. Көрұғлы сұлтан күйі
4. Батыр Қалша, төрт жігіт күйі
5. Бозінген әңгімесі



6. Әбдібектің Кер толғауы

7. Едігенің Терісқақпайы

8. Шортанбай күйі

9. Қырғыз Мұратәлі күйі деген күйлерді қосты (сонда 127-б.).

Филология ғылымдарының докторы, профессор, атақты Сүйінбайдың шөбересі Сұлтанғали Садырбаев Жамбылдың күйшілік өнерді де қатар алып жүргенін растайды. «Ақын репертуарында «Бозінген зары», «Көрұғлы сұлтан», «Сұрмерген», «Шортанбай күйі», «Едігенің терісқақпайы», «Есім Сержан», «Батыр Қалша және төрт жігіт», «Қырғыз Мұратәлінің күйі», «Әбдібектің кертолғауы», «Абылай шайқасы», «Ботаның зары», «Өзбек биі», «Қырғыз күйі», Жамбылдың репертуарында болған («Қазақ әдебиеті», №8, 24.02.2006 ж.). Осы мәліметке жүгінсек, қырғыз Мұратәлімен болған күй жарыста Жәкең екі күйге ғана жеңілген.

С.Бегалин жоғарыдағы кітабында қызық дерек келтіреді. Бірде Жәкең аттан құлап, жарақат алып мертігеді. Төсекте жатқан Жәкене екеуі бір-бір қой сойып береді. Қазанға ет салынғанда Жәкең:

– Ал мен күй тартайын. Күй отызға жеткенде еттерің піседі, – деді. Және әр күйдің өзіне арнаулы әңгімесін айтып отырады. Бұрын кім байқапты. Сол кезде Жәкең өте көп күй тартыпты, – деп еске алған (сонда, 127-б.).

Жәкеңнің күйшілік өнерден кемшін қалмағанын ақын өз өлеңінен де мәлімет береді.

Домбыраны қолыма,
Он жасымнан алғанмын.
Дәл жетпіске келгенше,
Күй тартудан тынбадым, –

деген.

Нысанбай Төреқұлов – белгілі халық ауыз әдебиетінің маманы, ғылым кандидаты. Ол Жамбылға қатысты көп зерттеулер жасаған.

Қазақтың ән мен музыка өнерінің жинаушысы Б.Ерзакович, 1956 жылы.

«... В народном казахском поэтическом творчестве поэзия не существует -вне музыкально-речитативного напева, имеющего названи – «терме».

... Несомненно, что изучение музыкального речитатива Джамбула, как яркого образца акыньских напевов, окажется

полезным при изучении специфических особенностей казахского музыкального языка», – деп жазды (Творчество Джамбула. А. 1956. 116-с.).

Б.Ерзакович 1936 жылы Жамбылдың Москвада жазып алынған «термесінде» ғана ақынның дауысы қалғанын дәйектейді. Және Жамбылдың бір топ әнінің нотасын жариялайды. Олар «Терме», «Ел едің құт дарыған Есім-Малай», «Өсиет», «Жаз жыры», «Айтыс», «Аюгай», соңғы әннің тарихы бірінші тарауда айтылды.

Мұны ғалым Н.Төрекұлов «Жамбыл күйлері» деген зерттеуінде кеңінен айтады (Н.Төрекұлов. – Жамбыл және қазіргі халық жазушысы, А., 1975, 204–219-бб.).

Жамбылдың музыкалық өміріне қатысты зерттеулер өнертану ғылымының докторы, профессор, ҰҒА мүше-корреспонденті С.Ә.Күзембаева ханымның еңбектерінде аталады.

Журналист-қайраткер Базарбек Атшабаров «Жамбыл – күйші» деген мақала жариялады. Мен Базекеңмен «Жетісу» газетінде бірге қызмет істеп едім. Мақаланың жарияланбаған нұсқасын оқығам-ды.

Өнертану ғылымының кандидаты Айнур Қазтуғанова «Жамбыл шығармаларындағы күйлер» атты танымдық зерттеу жүргізген. Осы кітаптың Түйінсөзіне «Жамбылдың музыкалық мұрасы» атты зерттеуді қос өнертанушыға арнайы жаздырып, жариялап отырмын.





С.КУЗЕМБАЕВА, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті, өнертану докторы
А.ҚАЗТУҒАНОВА, өнертану кандидаты

ЖАМБЫЛДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында ұлттың дәстүрлі мәдениеті (оның ішінде поэзия, проза, музыка, қолөнер мен орындаушылық өнері және т.б. түрлері) өзінің жалғасын ары қарай тауып, өзінің рухани құндылығы, кәсіби дамуы, жанрлық байлығы және стильдік ерекшелігі жағынан ең биік шыңына жетті. Ұлы Даланың кең байтақ жерінде аймақтық сипатымен белгіленетін, бірақ біртұтас қазақтың руханияттығын құрайтын ән мектептері жалпы түрде қалыптасып, өз болмысын көрнекті өкілдерінің шығармашылығында айқындады. Олар – Жетісу өңірінен классикалық мұра қалдырған жыр алыбы Жамбыл, абыз жолын қуушы дарабоз ақын – халық композиторы Кенен, Дәурен сал, Тәкен сал, Қапез Байғабылұлы, Сәдіқожа Мошанұлы, Сауытбек Ұсаұлы. Дәнеш Рақышев және т.б. Жалпы айтқанда, жоғарыда аты аталған өнер саңлақтарының шығармашылықтарында дәстүрлі әннің жетекші салалары – тұрмыс-салт, өсиет, автобиографиялық, лирикалық әндер, солармен қатар дастан мақамдары, айтыс сарындары, терме, толғау, желдірме, толғаулар жетекші орын алып, ұлттық музыканың көркемдік, тақырыптық түрлерін байытты.

Ал, кеңес дәуірі болса, өз идеологиясын енгізіп, оны тұрақтату үшін, өнерпаздарға заман үрдісіне, оның жүргізген саясатына сәйкес туындылар шығарып, кеңес заманын мадақтауды міндетті түрде жүктеді. Енді ұлт музыкасының байырғы түрлері жаңа идеялармен сомдалып, жаңа дәуірге үндес тақырыптармен мазмұндалды.

Көрнекті әрі сезімтал суреткер әрдайым өз заманындағы тарихи кезеңнің жаршысы болатыны белгілі. Бұл тұрғыдан жыр

алыбы, классик ақын, екі заманның куәгері Жамбыл Жабаевтың (1846–1945) шығармашылық жолы мысал. Атақты жырау, суырып салма айтыскер Жамбыл теңдесі жоқ поэтикалық дүниесінде, музыкалық туындыларында өз халқының көпғасырлық мұрасын терең сіңіріп, ұлттың көркемдік дәстүрін асқар Алатаудың шыңына көтерді. Өзінің сол таудан аққан саркылмас бұлақтай өлеңдерінде туған жерін, елінің ой-арманын, тауқыметті тағдырын, бақытты болашағын, есімдері аңызға айналған батыр ұлдарының ерліктерін паш етті. Жамбылдың рухани мұрасында философиялық толғаулар, заман, адам, табиғат туралы, Отан және патриотизм, батырлық пен ерлік, еңбек пен бақыт, адалдық пен әділет, достық пен адамдық, лирикалық және саяси-әлеуметтік өлеңдер, сықақ-сындар тақырыптық және жанрлық түрде негізгі орын алды. Ұлы жырау халық өнерінің бай және өзіндік үлгілерін жаңа формалармен, жанрлармен өлшеусіз көркемдікке жеткізіп, ХХ ғасырдың теңдессіз алыбы атанды.

Халық ақыны ұлт мәдениетінде күрделі қайталанбас құбылыс болды. Сондықтан оның поэтикалық туындыларын жан-жақты әдебиеттанушылар академик М.Әуезов, С.Қирабаев, Б.Кенжебаев, Н.Төрехұлов, С.Садырбаев, С.Бегалин, Е.Исмаилов және т.б. ғылыми, тарихи, әдеби тұрғыдан зерттеді. Ұлы классик жазушы Мұхтар Әуезовтың пікірінше, Жамбыл шығармашылығында «тек оның алдындағы тікелей ізашарлардың – Махамбет, Сүйінбай және басқалардың поэзиясынан ғана өзектенбей, сонымен қатар, одан да ары кеңірек және тереңірек, көптеген ғасырлар бойы ұрпақтар мұрасы болған ертегі, эпос, тарихи әндер, аңыздар мен хикаялардан қоректенеді», – дейді.

Ұлы жырау ерен қабілеттің иесі бола тұра, қазақ халқының эпикалық мұрасын терең игерген. Оның репертуарында әсіресе, батырлық эпос ерекше орын алған. Эпикалық туындыларды қалыптасқан дәстүр бойынша ол музыкалық сарын, мақамдармен безендіріп орындаған. Жамбыл, деректерге сүйенсек, «Қобыланды», «Алпамыс», «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр» атты жыр-дастандарды домбыра сүйемелдеуімен бірнеше күндер бойы жырлайды екен. Сонымен қатар, Жамбылдың орындауында қазақтың лиро-киссалары «Мұңлық-Зарлық», «Қыз Жібек», «Тотыкамалды» белгілі фольклоршы, ақын әрі кітаби жазушы Жүсіпбек қажы Шайхисламов (1857–1937) қағазға жазып алған.



Жәкең орындаған дастандық «Көрұғлы», «Сұраншы батыр» және т.б. әуендердің ішінен үлгі ретінде «Өтеген батырдан» үзіндіге тоқтайық.

ӨТЕГЕН БАТЫР дастанынан үзінді

орындаған Жамбылов Әлімкүл
ноғана түсірген Мүптексев Базаралы

The instrumental part of the score consists of seven staves of music. It begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 2/4 time signature. The first staff starts with a dynamic marking of *mf*. The music is primarily composed of eighth and sixteenth notes, often beamed together. There are several measures with a 3/8 time signature interspersed throughout the piece. The notation includes various ornaments and accents, such as 'v' and 'v' above notes, and 'v' above groups of notes.

The vocal part of the score consists of three staves of music. It begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 2/4 time signature. The lyrics are written below the notes. The first staff starts with a dynamic marking of *mf*. The lyrics are: "Ей, Ақ кө-бік -ке о - ра - нып, Тол - қы - ны тоқ - сан". The second staff continues with: "бү - ра - лып, А - рық - тай ақ - қан ар - на - лы,". The third staff concludes with: "Бұл жыр-ды мен ес - ті - гем, Жыр-шы-дан, а - қын, қа-уым-нан - ай." The music features various time signatures, including 2/4, 3/8, and 2/4, and includes accents and dynamic markings.

Ақ көбікке оранып,
Толқыны тоқсан бұралып,
Арықтай аққан арналы,
Жамбыл бір жыр жырласын.
Жұрт хикая тындасын.
Өтеген батыр туралы
Хикая емес бұл өзі?
Өз жанынан шығарған,
Есімде жоқ осы жыр –
Қайдан қалай алынған.
Мұны ызындап даладан –
Жырлаған, ескен жел маған.
Бұл жырды мен естігем –
Тағы құлжа үнінен.
Бұл жырды мен естігем –
Бұлбұлдың тәтті күйінен.
Бұл жырды мен естігем –

Ер Өтеген туралы,
Саңқылдап шыңның қыраны,
Аңыз еткен күнінен.
Бұл жырды мен естігем –
Тулаған толқын теңізден.
Бұл жырды мен естігем –
Шөбінен, дала гүлінен.
Бұл жырды мен естігем –
Жұлдыздың аққан көгінен.
Бұл жырды мен естігем –
Өрінен ескен желінен.
Бұл жырды мен естігем –
Сай-саланың шегінен.
Бұл жырды мен естігем –
Безіп жүріп ауылдан.
Бұл жырды мен естігем –
Жыршыдан, ақын, қауымнан.

Жыраудың тікелей ұрпағы – немересі Әлімқұлдың айтуындағы бұл сарын өзінің нақтылығымен құндылығын сақтайды.

Музыкалық фрагмент домбыраның кіріспесінен басталып, негізгі тақырыпқа ауысады. Аспап желісі жылдамдатылған өлшем-ырғақпен сипатталады. Ал, дастанды орындаудағы негізгі әуен қайталана келетін шағын дыбыс иірімдерінен құрастырылған. Қазақтың эпостық мәдениетінде мәтіндік (мазмұндық) жүйе басты орын алып, ол музыканың қосымша (екінші орында) түрде келтірілетіні белгілі қалыптасқан құбылыс. «Өтеген батыр» атты бұл дастанда да сол дәстүрлі заңдылықтар анықталып тұр.

Ж.Жабаевтың мұхиттай поэзиясы музыкалық мұрасымен біртұтас болып, оның шеберлігін көркейте түседі. Ақынның термесін тұңғыш рет 1936 жылы ноталық жазуға этномузыколог Б.Г.Ерзакович (1908–1997) хаттаған. Ол кезде фольклоршы Қазақ радиосының музыкалық редакциясында қызмет еткен екен, ал Жәкеңнің жасы 90-ға толыпты. Сол жылы Б.Г.Ерзакович ұлы жыраудың орындауында айтыс мақамын, дидактикалық «Өсиет» әнін, «Жаз жырын», «Ел едің құт дарыған Есім-Малай» деген туындыларын ұнтаспаға түсіріпті.

Жамбылдың құдіретті дарыны Жетісу ән-күй мектебінен нәр алады. Оның музыкалық туындылары жүрекке жылы, сұлу сазды, жанға тартымды, көңілді сипатта болып келеді.



Атаның қанымен, ананың сүтімен нәрленген музыкалық шығармалары халық творчествосының барлық жанрларын, түрлерін қамтиды – ол жоғарыда аталған әндерге қосымша лирикалық «Уғай-ай», арнау әндері «Жаныс ақынға», патриоттық ән «Туған елім», айтыс мақамдары, толғау-дастандары және 1943 жылы Отан соғысында қайтыс болған тұңғыш ұлы Алғадайға арнаған жоқтау әндері. Бұл аталған әндер тізіміне Жамбылдың «Жетісу ақындарының жыр сарындары» деген жинақтан Жамбылдың «Өмір толғауы», «Ақындарға арнауы», «Балама хат», «Әке әзілі», «Домалақ ене» туындыларын және нотаға түсірілген бірнеше айтыс мақамдарын қосымша дерек ретінде келтіру жөн болады. Сонымен қатар, ақынның «Уғай-ай», «Угәйім», «Тоқсан бес», «Жаныс ақынға», «Сарыбайға», «Туған елім» әндері «Қазақ музыкасының Антологиясына» енді.

Жамбылдың музыкалық мұрасы, оның ішінде – әндері, күйлері, күй-тартыстары, айтыс сарындары, дастан әуендері, толғау, термелері мол (жалпы саны жүзге жуық) рухани дүниені құрастырады. Оларды нақтылы түрде жүйелейтін болсақ: отаншыл, патриоттық, тәрбиелік әндерге «Туған елім» (бірнеше нұсқалары бар) «Аттандыру», «Қызыл әскерге», «Балаларға», «Жастар алдындағы сөз», «Елімнің қыздарына» жатса, табиғат көріністері «Алатау», «Жаз жыры», «Жаз» деген әндерде суреттеледі, ал арнау жанрына «Жаныс ақынға», «Сарыбайға», «Ақындарға арнау», «Шота Руставелиге», «Кавказға сәлем», «Абайдың суретіне», «Күләшқа», «Камшат қызға», «Бұрымға» және т.б. туындылары жатады.

Жоғарыда жалпы түрде айтылғандай, ұлы Жамбылдың бай және көпжанрлы музыкалық мұрасын автобиографиялық – «Менің өмірім», «Ақын болдым он үште», «Мен кеткелі қай заман», «Кәрілік туралы», «Тоқсан бес», философиялық терме толғаулар – «Жамбылдың термесі», «Өсиет», «Ғаріптік туралы жыр» солармен қатар олардың тізімін қоштасу «Ел едің құт дарыған Есім-Мадай», хат-өлең «Балама хат» және жоқтау жанрлары толықтырады. Сұрапыл жылдары неміс басқыншыларынан Отан қорғау мақсатымен Жамбылдың екі бірдей балалары тұңғыш ұлы Алғадай, кенжесі Ізтілеуқан майданға аттанып, Алғадай қайтыс болып, ал Ізтілеу еліне қайтпай хабарсыз кеткен. Тоқсан жастан асқан қарт-ақын қайғы-қасіретке бөленіп, Алғадай өліміне арнап жоқтау шығарды. Бұл әннің бірнеше нұсқасы бар, соның

бірі кезінде Жәкеңнің шәкірті болған, жерлесі О.Әбілдәулының жеткізген вариантын келтірейік.

Ән көпке созылып ұзартылған «қаратпа» дыбыстан басталады, қайғылы (минор) лад жүйесінде шеңберленген, мұнда интонация

АЛҒАДАЙДЫ ЖОҚТАУ

орындаған О. Әбілдәулы
нотаға түсірген Д. Шаштай ұлы

Andante

Ау Ал- лам - ау,
Ау Ал- га - дай...
Тү- не- гү - ні кет- кен - нен
Фа- ли жа- на кел-дің- бе? Ал- га- дай- дың
мұр- де- сін, Жол- жо- не - кей кер- дін
бе.

аралықтары өте жақын ұйымдастырылған, яғни жоқтау жанрына типтес музыкалық тәсілдермен келтіріліп, трагикалық ой-жағдай орынды бейнеленген.

Негізінен тұжырымдағанда, Жамбылдың шығармашылық мұрасы жоғарыда көрсетілгендей, Жетісу өңірінің дәстүрімен қатар, жалпы ұлт мәдениетіміздің әншілік, күйшілік, дастандық, айтыстық формаларымен біртұтас ең биік көркемдік шыңы. Жамбыл творчествосында эпикалық және лирикалық сарын жетекші орын алған. Мысалға халық арасына кең тараған Жамбылдың «Угәй-ай» әнін алайық¹. Оның шығу тарихын белгілі

¹ Бұл әннің бірнеше нұсқасы музыкалық өмірде болмысын тапқан, бірақ «Угәй-әйдің» әңгімеде айтылған түрі ноталық жазбаға түспеген екен.



жамбылтанушы, Жамбыл сыйлығының иегері Якуда Амандықов былай келтірген:

«Отыздардағы шағында ақынның атағы елге кеңінен жайылып, ел аралап, өлең айтып жүріп, албан елінің байы Нұрбектің қызы Сара сұлумен танысады. Сара айтуға тұрарлық, көркіне өнері сай, әнші, ақын, үлкен домбырашы екен. Оның үстіне мінезге бай дегдар қыз екен, ойын-той, қызықтардың сәні болыпты. Білісе келе Жамбыл Сарамен жақын танысады.

Е.Смайылов бұл оқиғаны Жамбылдың өзінен жазып алған: «Сұлу әнді, күйді жанымен сүйген Жамбыл Сараға ең тәтті жырларын арнайды. Сараны алмақ болады. Бірақ ол талабы да іске аспайды. Бір тайпа елге әмірі жүріп тұрған Нұрбек бай қызын көптен қалыңмал беріп айттырған, бір байдың мырзасына ұзатады. Қыз күйеуін сүймейді. Ұзатылып барған жерінде Сара бұрынғы әншілік өнерін қалдырғысы келмейді. Қыз қорлықта ұсталады. Осындай халдегі қыздың ұзатылған жеріне Жамбыл іздеп барады. Қыз күйеуінің ырқына көнбей азаттыққа талпынады. Бұл аянышты хал Жамбылға да ауыр соғады. Ақыры қыз қайтыс болады. Қыздың өліміне арнап ақын өлең шығарады. Сараның тірі күйінде салатын «Әй, угэй» атты сұлу әнін айтып, өзі бірге қалың елге жаяды. Сол ән жүрегімнен мәңгі орын алыпты, әлі есімде», – деп 1940 жылы тағы да есіне түсіріп, Тайыр екеуімізге әңгімесімен бірге өлеңін айтып берді:

Нұрбек байдың қызы едім атым Сара,
Жеке келген бәйгеден мен бір дара,
Әй, угэй-ау, әй, угэй,
Өзің білмей кісіден жөн сұрайсың,
Қайда кеткен ақылың, байғұс бала!

Қайырмасы:

Әпсар барсаң, Әпсар бар, Қызылжар бар,
Өзім сылқым, өзім сал мен кімге зар...
Әй, угэй-ау, әй, угэй,
Шыңға біткен біреудің шынарымын,
Көлеңкемнен аулақ жүр, менде нең бар!?

Сараның бұл әні Жамбылдың қол жетпеген арманын, жалынды жастық сағынышын, тұрақты махаббатын қастерлеп өткен шабытты сезімінің құлақ күйі болды. Өмірге құштарлық толғаныстарды, данышпандық толғауларды, адамға деген құрметті

жырлау үшін ұлы ақынға арқа шақыруға бұл әннің өмірге игілікті әсері тиді. Өйткені ол өлмейтін пәк махаббат жыры еді.

Өзінің нәзік лирикалық сазымен тартымды, жүрекке тартымды, көтеріңкі, көңілді «Угәй-ай» топтамасына жататын әннің бір нұсқасына тоқталайық.

УГӘЙМ

орынд. Ақан Әбдуалиев
нотаға түс. Мушкетеев Б.
халық өні

Толқыта



ou, Күл қоң - лым, кү - ан жү - рек
ө - гу - гөй, сай - ра ті - лим, Су - ын - дай мөл - дір бү - лак ө - гу - гөй, тө - гіл, жы - рым.
Тал - ды - рың, та - мыл жы - тып ө - не - рі е - тіп, ос (ы) өн - ге сө - зін жаз - ган
Жам - был кар - тың ө - гу - гөй, ө - гу - гөй - өй, ө - гу - гөй, ө - гу
гөй, Жам - был кар - тың -
- оу ө - гу, тө - гу, тө - ей, ө - гу - тө - гу,
ө - гу - - тө - гу, тө - гөй, ө - гу, - тө - гу ө - гу, - тө - гөй



Күл, көңілім, қуан жүрек, сайра тілім,
Суындай мөлдір бұлақ төгіл, жырым.
Талдырып, тамылжытып, өнер етіп,
Осы әнге сөзін жазған Жамбыл қартың.

Қайырмасы:

Жыл жаңа, елім жаңа, жерім жаңа,
Көгеріп гүлденеді тау мен дала.
Шырқатып, құйқылжытып аспанға атқан,
Бұл әнге социалдық ерші-ау, дала!

Алатау, баурың толған қалың елім,
Қайнаған еңбектерді көрді көзім.
Бұл тойда Жамбыл, Дина өрге тартсын,
Кірейік, жүр Балабек, жазып бердім.

Қайырмасы.

Белгілі әдебиеттанушы Уәлихан Қалижанов мырза осы «Угәй-ай» әні туралы кітаптың бірінші тарауында ән тарихы жөнінде өз нұсқасы негізінде эссе жазған. Әрине, оқиға бір, оны деректеу әртүрлі болуы мүмкін. Өйткені Жамбылдың сан қырлы музыкалық шығармасының оқиғалары өмірден алынған. Ән тексінің Сараның атымен айтылуы У.Қалижановтың эссесін шындыққа бір табан жақындататын сияқты көрінеді.

Ұлы жырау Жамбылдың музыкалық мұрасында айтыс сарындары ең күрделі, ең бір мағналы саланы құрайды. Атақты айтыскердің жиі-жиі поэтикалық сайысқа түсіп, өзінің даралығын, дарындығын, азаматтық болмысын, туған елінің тағдырымен өз өмірін тығыз байланыста екендігін, ерте оянған әлеуметтік көзқарасын, өткір ойын, шебер ақындық тілін және тағы да басқа қасиеттерімен әрдайым жеңімпаз болғанын көптеген тарихи деректермен, ауыз-екі түрде сақталған аңыз-мәліметтер дәлелдейді. Жәкеңнің бізге дейін жеткізілген айтыс сарындары қазақтың эпикалық дәстүрінде қалыптасқан ұлттық мәнерін жалғастырып, сонымен қатар, тек өзіне тән мақам, саз, әуен интонациялармен безендірілген. Ол Жамбылдың Айкүміспен, Құлмамбетпен, Бөлек қызбен, Сарыбас ақынмен айтысқа шыққандағы ноталық үлгілері.

Жамбылдың Айкүміспен айтысқа түскендегі сарыны әдеттегідей шағын көлемді мотивтен тұрады, өлшемі мен ырғағы

ауыспалы түрде ұйымдастырылып, әуеннің характері көтеріңкі, көңілді бола келе, негізгі мақсат поэтикалық мәтіннің мазмұнын ашуға бағытталады.

Жамбыл Жабаеттың өнері күйшілік дәстүрінде де кеңінен орын алған. Ол өзінің бір өлеңінде былай депті:

Moderato

Уа - а - а - а - а - а - а

а - а - О - оу Ә - дей - і

ат тер - ле - тіп Ә - гу - гай кел - дім той - ға, О -

оу Ай - кү - міс, өу - ел - ден - ақ Ә - гу - гай бол - дың

ой - ла. О - Оу Ә - үі - рі

ба - сыл - ма - ған ал - бырт е - дім, А - сы - ғыс

айт - ка - ны - ма кі - нә қой - ма!

ау - ил - лә ли - ли - ли - лә ил - лә ли - ли - ли - лә ли - ли - ли

О - оу.

Домбыраны қолыма,
Оп жасымнан алғанмын.



Дәл жетпіске келгенше,
Күй тартудан танбадым!

Әдебиетші-ғалым С.Бегалин «Сахара сандуғаштары» атты еңбегінде Жамбылдың бойындағы күйшілік өнер нағашысы Қанадан деген қобызшыдан дарығанын жазып: «Қобыз тартқанда қасынан шықпай, ынтыға тыңдап, құлақ ұйыған кішкене жиеншарына Қанадан аса риза болады...

...Жамбыл қарт қобызшының сарынын көпке дейін есіне сақтап, өзі де сондай күй тартсам деп құмартады. Қолына қобыз алмағанмен, домбыра ұстауға құмартып, өте ынталанады», – деп, Жамбыл шерткен жиырма шақты күйдің атын мысал ретінде келтіріп, дәлелдейді.

Оның бала кезінен домбыраға әуестеніп, күй шерткені туралы деректер Якуда Амандықовтың «Жамбыл өнер әлемінде» атты еңбегінде кеңінен көрініс тапты. Мысалы, Павел Кузнецов «Шығыстың, қырғыздың өлең-дастандарындағы ұлттық музыкаларда, әнінде – ән, күй керек жерінде – күй ойнап тыңдаушысын еріксіз билеп алатын. Жамбылдың өнері өрелі, домбыраны, тіпті, бала кезінен үйренген», – деген екен. М.И.Фетисов жыраудың өлең тудыру сәтінің психологиялық тұрғыдан суреттейді. Ол: «Домбыра кісінің жан-дүниесін қозғап, жайлап әндетеді. Музыкалық әуен ой тудырады. Көңілді кернеп қанаттандырады. Әсем ән өлең болып төгіледі. Енді әуен екінші сатыға шығып, домбыра өлеңнің ырғақ тасқынына қосылып сүйемелдеп отырады. Ағылған өлең ағысы бәрін өзіне тартып баурап алғандықтан ол ештеңеге де қарамайды. Домбыраны толғай түседі. Суырып салма ақын шарықтау шегіне шығып, асыл ой, көркем образ тудырады. Айналаны қоршаған өмір – колхозшылардың дабыры, балалардың күлкісі, егіс даласындағы еңбектің ырғақ шуы, таңғы таза ауа, судың сылдыры, құстардың сайрауы – ән мен өлеңге өзек болады», – дейді. Жәкеңнің қасында болып, көзімен көрген Ғали Орманов оның шығармашылық үстінде отырған күйін байқап: «Саусақтары шек қуалап соғылған сайын әрі нық, әрі жігерлі. Домбыраға міне түсіп, қиялы шығандап, ол кезде Жәкең ештеңені байқамайды. Әндетіп кетеді. Бірте-бірте дауысы көтеріліп, сөз құйыла бастайды. Бұл бір минуттарды көру қандай бақыт десеңші!» – деп айтқан.

Жамбыл шығармашылығындағы күйлер оның поэзиясына тән арнау және тарихи күйлер, аңыз күйлер мен өмірбаяндық күйлер, сонымен қатар, тартыс күйлер болып жіктеледі. Арнау күйлерге

«Басшылбай-Күйшілбай», «Қайсабек күйі», «Есім-Саржан». «Нәрікбайдың зары»; тарихиға «Абылай шайқамасы», «Керзаман», «Ұлы Отанға»; аңыз күйлерге «Ерке атан», «Сұрмерген», «Боз інген»; өмірбаяндық күйлерге «Қайырсыз», «Қайырлы», «Өтті-ау дәурен»; тартыс күйлерге «Жамбылдың қырғыз Мұраталы күйшімен тартысы», «Сәтина қызбен күй тартысы» жатады.

Жамбылдың домбыра туындыларының шығу тарихы мен әуендік ерекшелігін баяндай келе, Якуда Амандықов еңбегінде «Кертолғау», «Сұрмерген», «Шортанбайдың сарыны» және т.б. тоқталып өтеді. Мысалы, ол: «Кертолғау» атты мәнер домбырада аса шапшаң күй емес, бір сыдырғы бұйығы бүлкіл тілейтін жасық саз да емес, кербез әуен. Ол аралас қағыс. Жаратылыстың жақсы-жаманына, ыстық-суығына сындарлы көзқарас, нәзік лирика, парасат, философиялық ой жатады. Айналамыздағы қоршаған болмысқа бетпе-бет келгендегі көз тоймайтын көркем шындықты бойға рухани сіңіру бар. Ол күйді шығару мен орындау дүниені осылай түсінетін кісінің қолынан келеді. Өршін жерде – жігер, оған жүйрік, қайратты қағыс; ызалы жерде – шабыт, оған жалғыз тілдеп, кейде қостап айтар әуен; ойлы жерде – шертіс, оған құйылған сыр; философиялық толғаныста – қорытынды, тиянақты ой керек. Жеке уағызға балақсыз сидіған шилердің жел қаққандағы шуылындай жан-жақтан ызындап-улеп құйылып жатқан жіңішке желқағыс керек. Бұл бүкіл «Кертолғау» атты жанрдан табатын қоңыр сыңай. Жамбыл жаны мен әрекетіне осыны жинаған, – дейді. Ал «Сұрмерген» күйінің шығу тарихы туралы: «Сұрмерген» күйінің мазмұнында атақты мерген өзінің баласын аңға ертіп шығады. Бұрынғы қазақ аңшылары таулы жерде арқардың, таутекенің, маралдың, еліктің, Арқа мен Бетпақта киіктің, құмды жер – жыңғыл, жүзген, қараған, шырпысы мол бұталы бой жасыруға қолайлы шабырларда қарақұйрықтың терілерінен жарғақ тігіп киетін. Сұрмергеннің де баласы елік жарғақты екен. Ол аңды өзінше аулап, әкесінен бөлек кетеді.

Жаратылыстың, аң мен құстың сырларын біліп өмірге бейімделсін, адамның күнкөріс жолында болатын қиындықтарды көріп, еңбекке үйренсін деп баулуға ертіп жүрген ұлының бұтаның түбінде шаршап ұйықтап қалғанын байқамай, елік ерек деп өзі атып алады.

Күй қаралы. Өткенге өкініп, келмеске кейіген азалы жоқтау. Сарының құрылысы мен мазмұнына қарағанда көне дүниеге



куәлік саз аңғарылады. Адамның табиғатқа тәуелді тұсынан қалған ескерткіш әуен», – деп жазған.

1996 жылы «Жамбыл жырлайды» жинағындағы «Жамбылдың орындаған күйлері» деген тарауда оның бірнеше аспапты шығармалары жарық көрген. Олар, «Батыр Қалша, төрт жігіт», «Жем тартып қойған аққудың күйі», «Шортанбайдың шертпесі», «Ұлы Отанға», «Өтті-ау дәурен», «Нәрікбайдың зары», «Көрұғлы-Сұлтан» және «Сәтина қызбен күй тартысы». Бұл туындыларды талдау барысында күйлердің музыкалық ерекшелігі жыр мақамдарымен сабақтасатыны айқындалды. Атап айтқанда:

- әуендік ерекшелігінде бір дыбыстың бірнеше рет қайталануы;
- әуеннің – қысқа қайырылуы;
- оң бұраудағы күйлердің ладтық тұрғысында табиғи мажорда және халық ладтардың бояуларында өрбуі;
- ырғақ пен қағыс бірлігі жыр-дастандарда кездесетін өлшемге сәйкестігі (кейбір күйлердің ырғақ ерекшелігі 7–8 буындық жүйеге сәйкестігі);
- өлшемдердің тұрақсыздығы 2/4, 3/8, 5/8, 7/8, 9/8 және т.б.;
- бөлімдердің арасында жырға тән ашық ішектердің беріліп тұруы;
- аппликатуралық тұрғыда жыр-дастандардың домбыра сүйемелінде кездесетін кварта-квинта арақашықтықтарының қатар жүру тәсілдері кездеседі.

Берілген тұжырымдарды дәлелдеу мақсатында «Нәрікбайдың зары» атты Жамбылдың күйін талдау арқылы сараланады:

Күй жылдам екпінінде өрбиді. Әуен иірімінің желісінде жыр-дастандардың домбыра сүйемелінде кездесетін кварта-квинта арақашықтықтарының қатар жүру тәсілдері айқын көрінеді. Тұрақты тіректің алдында жиі кездесетін мұндай әдіс Жамбылдың басқа да күйлерінен де анықталады («Өтті-ау дәурен», «Ұлы Отанға», «Көрұғлы-Сұлтан» күйлерінде және «Сарыбайға», «Сұраншы батыр», «Домалақ ене» жырларында).

«Нәрікбайдың зары»



«Ұлы Отанға»



«Өтті-ау дәурен»



«Сарыбайға»



«Сұраншы батыр»



«Аспаптық қысқа мәтін» құрылымында жазылған күйдің әуені бір дыбыстың бірнеше рет қайталану әдісін («жырдағы репетициялық тәсіл»), үш-төрт дыбыс аралығында дамытылып, жүзеге асырылады.



«Нәрікбайдың зары»

Musical score for «Нәрікбайдың зары». It consists of three staves of music in a key of one sharp (F#) and a 2/4 time signature. The melody is written on the top staff, and the accompaniment is on the bottom two staves. A dynamic marking 'f' is present in the second staff.

«Домалақ ене»

Musical score for «Домалақ ене». It consists of four staves. The top staff is the vocal line with lyrics in Kazakh. The bottom three staves are the piano accompaniment. The key signature is one sharp (F#) and the time signature is 2/4.

ке - ле - міз. До - ма - лақ - тай е - не - міз

Үш қа - тын-ның бі-р(і)е-кен. Сар(ы)-бәй -бі-ше мық-ты кеп, Бай қа - ра - май

Суырыпсалма дәстүрінде шығарылған «Нәрікбайдың зары» атты күйдің өлшемі үнемі өзгеріп тұрады (2/4, 9/8, 8/8, 5/8, 6/8), ал ырғақ пен қағыс бірлігі жыр-дастандарда кездесетін сегіздік және он алтылық ұзақтықтарымен берілген екпін жүйесімен үйлеседі. Қорыта айтқанда, мұнда айқындалған стильдік ерекшеліктер Жамбылдың жыр-дастандарындағы музыкалық нышандармен ұштастығын байқатады.

Ақын-күйшінің репертуарында «Бозінген зары», «Көрұғлы сұлтан», «Сұрмерген», «Шортанбай күйі», «Едігенің теріс-қақпайы», «Есім-Саржан», «Батыр Қалша және төрт жігіт», «Қырғыз Мұраталының күйі», «Әбдібектің Кертолғауы», «Абылай шайқасы», «Ботаның зары», «Өзбек күйі», «Қырғыз күйі» және т.б. болған, деп кезінде профессор-филолог С.Садырбаев жазған.

Белгілі жамбылтанушы ғалым С.Садырбаевтың мәліметтерін келтірсек, Жәкең бауырлас қырғыз халқында жиі болып, той-думанның қадірлі төрінде орын алады екен. Кезекті бір жиында қырғыз халқының атақты күйшісі Мұраталы Күренкеевпен жарысқа түсіп, 13 күй орындапты. Халық арасында кең таралған Жамбылдың күй-тартысының ішінде «Сәтине қызбен күй тартысы» ерекше орынға ие.

Осы күй-тартыс Н.Назарбаевтың бастамасы бойынша шығарылған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыкатану бөлімінің қызметкерлері жарыққа шығарған «Қазақ музыкасы» атты Антологиясының 5 томына енді. Күйді көзінің қарашығындай сақтап, біздің заманымызға жеткізген Ш.Күшікбаев, ал нотаға түсірген Жамбылдың туысы Д.Шаштайұлы.

Жамбылдың Сәтина қызға тартқан күйінің музыкалық сипаттамасына тоқталып өтейік.

Туынды оң бұрауда жазылған. Мажорлық бағытта жылдам екпінде өрбиді. Құрылымдық жағынан үш тараудан тұратын күй есебінде қарастыруға болады. Бірінші тарау әлсіз үлестен толқынды әуеннен басталады. Кейін дими келе әуен жыр мақамдарына сабақтасып келетін иірімге негізделеді, яғни, сөйлеп тұрған жыршының ой-орамы сияқты берілген. Өріліп түсетін әуендік желістің екі рет түрленіп қаталануынан кейін, биіктей түсетін мотивтер қалыптасады.

Шығарманың әуендік болмысы жырдың аспаптық сүйемелінде кездесетін сарындармен сабақтасады.

Жамбылдың тартқаны

орындаған Ш. Күшікбай ұлы
нотаға түсірген Д. Шаштай ұлы

Alegretto





Күйдің екінші тарауындағы өлшемдік ауыспалы желісі ырғақ тұрақтылығына ықпалын тигізіп, әуеннің еркін дамуына мүмкіндік туғызады. Тараудың жанаруы әлді, басыңқы үлестің өзгеруіне әкеледі. Бұл бөлім күйдің шарықтау шегі бөлімін сипаттайды. Күй бастапқы тақырыптың қайталануыменен аяқталады.



Сәтина қыздың Жамбылға тартқан жауабы қысқа қайырылған. Мажорлық бояу бағытында жүзеге асады. Күй тосын – саға бөлімінен басталып, жылдам екпінде ұстамды жүреді. Оның басталуында төменгі ішектің көне музыка әлеміне баурап әкететін дыбыспен, гүрілдеп берілуі естіледі. Жоғарғы ішекте басталатын толқынды әуен кіші саға дыбысына барып, тұрақталады. Бұл әуендік фразаның қайталануынан кейін қорытынды бөлімге ауысып, бастапқа әуенге оралады.

СӘТИНЕ ҚЫЗДЫҢ ТАРТҚАНЫ

орындаған Ш. Күшікбай ұлы
ноғата түсірген Д. Шаштай ұлы

Allegro-Moderato





Бүгінгі күні Жамбылды Жетісу күйшілік дәстүрінде өзіндік орны қалыптасып, даму үрдісі айқындалған. Оның күйшілік бағытын жалғастырған шәкірттерінің қатарында – Қыдырқожа күйші, Н.Тілендиев, Ш.Күшікбайұлы, Ә.Жамбылов, Д.Шаштайұлы есімдері аталады.

Жамбыл әрдайым өміршіл, ақ пейілді, көңілі жайдары болған. Кеменгер ақынның бұл қасиетін көрсететін қызықты деректі жамбылтанушы Я.Амандықовтың кітабынан келтірейік.

«1938 жылы Мәскеуге саяхаттаған сапарында Жамбылға арнап астанада арнайы сауық-кеш ұйымдастырылады. Осы кеште Рот деген негр жігіті өз халқының бір әнін салады. Кеңес Одағына келіп еркіндік алған негр азаматы азаттық әнін шырқайды. Бұл ән барлық негр халқының бұғауда екенін бейнелейтіндей өте бір зарлы әуен еді. Рот Жамбылдың қасына келіп тағзым етеді. Жамбыл күлімдеп қарсы алып алғыс айтады. Ал, ән туралы: «Мен бұл әннің сөзіне түсінбеймін. Бірақ үніндегі сырына түсінемін. Қазақстың кешегі бір мұңлы заманында аңырап ескен «Елім-ай» әні тәрізді зарлы екен. Неткен мұңлы ән?» – деп бағалаған». Өзінің бір ғасырлық өмірінде талай тауқыметті басынан өткізсе де, өмірден қажымай-

талмай, оның әр белесін, әр көрінісін сергектік, қызығушылықпен қабылдаған, күнделікті жаңалықтармен танысып, оларды азамат-ақын ретінде өз көзқарасын поэзиясында, музыкасында ұшқыр тілімен баяндаған. Оған мысал – Жәкеңнің ұлы Отан соғысы кезіндегі пафостық, патриоттық үнге толы шығармашылығы.

Қарт ақынның тұлғасына біткен қасиет – ол өз өмірін туған халқымен тығыз байланысты етіп, еліміздің рухани болмысымен, оның өнерімен әрдайым біртұтастықта болды. Жамбыл сонау өткен ғасырдың отызыншы жылдарында Алматыда өткен жазушылар одағының бірінші съезіне қатысып, концертінде атақты Дина Нұрпейісованың орындауында жүрек қобалжытатын күйлерін тыңдап, жанында отырған Мұхтар Әуезовке: «Халқымның мұндай музыкалық інжу мұрасын мен де жасымда жанымдай жақсы көріп орындаушы едім», – деген екен.

1940 жылы Мамыр мерекесінің қарсаңында Абай атындағы опера және балет театрында орыстың ұлы композиторы П.И.Чайковскийдің «Евгений Онегині» тұңғыш рет қазақ тілінде (аудармашы Н.Баймұхамедов) қойылған еді. Театрға келген Жәкең музыкалық спектакльдің сюжет желісін зор ынтамен тыңдап, ал сахнадағы Күләш Байсейітова, Әнуарбек Үмбетбаев, ағайынды Абдуллиндер және Құрманбек Жандарбековтердің актерлік, вокалдық орындаушылық шеберліктеріне қайран қалып, опера жүріп жатқан кезінде, сахнаға шығып, оларды аталық мейіріммен құшағына алып, маңдайларынан сүйген екен. Содан кейін қарт атаның бұл ісін бата ретінде қабылдаған әншілер, қатты қуанып, қанаттана, операны әрі қарай орындай беріпті...

Ж.Жабаевтың өмір жолында болған тағы бір сәтті оқиғаны журналист П.Тиховская өзінің естелігінде келтіреді. Ол ҚазМУ-дың (оқу орнының 90 жылдардағы атауы) филология факультетінің студенті болып жүрген кезде, 1938 жылдың көктемінде Жәкең мен шебер домбырашы, күйші-композитор Динамен кездесуінің куәгері болыпты. Бұл тарихи кездесуде жастары шамалас екі құрдас, екі ұлы дәстүрлі мәдениетіміздің өкілдері өздерінің асқан шеберлігін, поэтикалық дарындарын, аспап игерудің көркемдік және тәсілдік байлығын паш етеді. Ұлт өнерінің қайталанбас екі данасының кездесуі соңынан шабытты айтысқа айналып, тыңдаушыларды ұмытылмас бақытты толғанысқа бөлейді. Жамбыл өміріндегі осы ұмытылмас сәтті ҚазКСР-інің халық суретшісі А.М.Черкасский (1886–1968) өзінің «Жамбыл Жабаев пен Дина Нұрпейісова» (1946) атты жұмысында бейнелеген.



Жамбыл Жабаевтың теңдесі жоқ поэтикалық мұрасы, оның өзі аңызға айналған бейнесі көптеген өнер қайраткерлерінің творчествосына шабыт берді. Кеңес дәуіріндегі кәсіби өнердің қай саласын алсаңыз да – бейнелеу, кино, прозада, поэзияда ұлы ақынның образы көркемдік шешімін тапты. Өнер шеберлеріне ерекше әсерін тигізіп, көптеген туындылардың пайда болуына ықпал етті, әсіресе, бұл құбылыс жемісті түрде музыка саласында анықталады. Жәкеңнің образы күрделі жанр операларда – Е.Брусиловскийдің «Алтын астығында» (1940), Л.Хамидидің «Жамбыл мен Айкүмісінде» (1949), Ғ.Жұбанованың «Жиырма сегізінде» (1985) жан-жақты ашылды. Аталмыш сахналық шығармаларда композиторлар әртүрлі өзіндік деңгейде (композициялық, сюжеттік, драматургиялық, стильдік) ақынның поэзиясын, оның халық арасына кең тараған өлең-мақам сарындарын игереді. Оларды ария, хор, оркестрлік өңдеуге түсіріп, опера мазмұнына сәйкес келтірді. Жамбылдың поэтикалық өлеңдерінен музыкалық идеялар алған, олармен үндес С.Мұхамеджановтың керемет симфониялық поэмасы «Шаттық Отаны» (1961), М.Иванов-Сокольскийдің «Жамбыл нені жырлайды» (1960) атты поэмасы.

Соғыстың ең сұрапыл жылдары Алматыға Ленинградтан келген композитор Василий Великанов Жамбылдың «Ленинградтық өренім» деген өлеңі негізінде күрделі вокалдық-оркестрлік туынды жазды. Саз шеберін рухтандырған:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін.
Көпіріне қарасам,
Көмкерген су көлемін.
Өркеш-өркеш жарасқан,
Шоқылардай дер едім, –

деген жалынды жолдары болды. Ал ұлы жеңістің 65 жылдығына арнап (2010) Қазақстанның халық әртісі, белгілі хореограф Болат Аюханов Жәкеңнің осы өлеңімен аттас балеттік спектакльді сахнаға шығарды. Сонымен қатар, жыр алыбының өлеңдері Е.Рахмадиевтің «Конституция туралы» поэмасы, М.Сағатовтың «Ақын әні» (1972) және Т.Қажығалиевтің «Ұлы Одағым» (1982) атты кантаталарының идеялық-тақырыптық өзегіне алынды.

Жәкеңнің поэтикалық мәтіндеріне сүйеніп саз шеберлері – Е.Брусилковский, М.Ержанов, Қ.Мусин, Р.Елебаев, Б.Байқадамов және көптеген кәсіби композиторлар ән, романс, хорлық туындыларын жазды.

Қазақтың белгілі драматург, ақын, аудармашы Нығмет Баймұхамедов Л.Хамидидің музыкасына жазған өлеңінде:

Жамбыл – терме

Жамбыл – ән,

Жамбыл – шешен домбыра,

Жамбыл – өлең,

Жамбыл – сән,

Жамбыл – мәңгі қалған асыл мұра, –

деп мадақтайды. Расында да, халық даналығынан сусындаған кемеңгер Жамбыл Жабаевтың поэтикалық және музыкалық шығармашылығы ұлт мәдениетінің мәңгілік рухани қазынасы.

Ұлы жыраудың ұлы мұрасы егемендікке ие болған халқымызды, әсіресе болашақ жастарымызды, отансүйгіштікке, ұлттық мүддені қорғауға, өнегелі-білімді өмірге тәрбиелеуде ықпал етуі сөзсіз. Оның дәлелінің бірі – 2011 жылы дүниежүзілік деңгейде Алматыда өткізілген Жәкеңнің 165-жылдық мерейтойы. Мұнда АҚШ, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Алтай, Башқұртстан, Гагауыз, Хакас, Татарстан, Тува және басқа да мемлекеттердің аты әлемге мәшһүр оқымыстылары мен еліміздің ғалымдары Жамбыл шығармашылығы туралы ой-пікірлерін айтып, баяндамалар жасалды. Құрметті қонақтар қатарында Түркісой Түркі халықтарының мәдениеті Халықаралық ұйымы Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, ТҮРКІСОЙ-дың Қазақстандағы өкілі Асқар Тұрғанбаев, Санкт-Петербургтегі «Атамекен» қазақ қоғамының президенті Сәрсенғали Құспанов, Ресей Федерациясы Сібір халықтары фольклоры секторының меңгерушісі, белгілі эпосшы (түркі-моңғол эпостары) Евгения Кузьмина, Ресей Ғылым академиясынан Гүлнұр Хусаинова, Әзірбайжан Жазушылар одағының төрағасы Анар Рзаев, Мимар Синан университетінің профессоры Чобанглу Озкул, Гази университетінің профессоры Нейметзаде Ефлатуп, қырғызстандық академик, ғалым Ахматалиев, Марсель Ибрагимов, тағы басқа да ғалымдар қатысты.

Жамбыл Жабаев қазақ ауыз әдебиетінің інжу-маржандарын игерген, оның халықтық сипатын ашып көрсеткен айтыскер, жыршы, термеші, күйші. Бір өзі бір академия!





IV ТАРАУ

ҰЛЫЛАР КӨЗІНДЕГІ – ЖАМБЫЛ

*Елімнің азаматын таныс қылған,
Ой жырым, қызыл тілім, сенің арқаң!*

Жамбыл





АҚЫН ДАҢҚЫ – ХАЛЫҚ ДАҢҚЫ

«Ұлы Абайдың құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған алып ақын ағамыз Жамбыл дүниеге екі рет туып келген адам: тоғыз ай, тоғыз күнде ана құрсағынан туды, тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан тағы бір туды.

Анада алалық жоқ қой, қай баласын болса да мерзімді күні жарық дүниеге әкеледі. Қазақтың Гомерін туғызу үшін заман тоқсан жыл толғатты.

Көне грек Гомерінің қайда туғанына осы күнге дейін жеті шаһар таласады. Қай елден туғаны да осы күнге дейін даулы, қазақ Гомерінің туған елі – Ұлы жүз – Екей. Туған топырағы – Жамбыл тауының баурайы» деп ұлы жыраудың феномендік сырын тек пен топырақтан, уақыт пен кеңістіктен табатын Ғабанның, Ғ.Мүсіреповтің «Феномен-Феникс» мақаласындағы құнды ойларына тағы да кіріспе жазу артық деп білемін (Дастан ата: Жамбыл Жабаев туралы естеліктер / Құраст. Н.Төрекұлов.– Алматы: Жазушы, 1989. – 43-б.).

...1936 жыл Жәкеннің даңқын шартарапқа асқақтатып жатты.

Ол Алматыда өткен қазақ ақындарының республикалық бірінші слетінде әйгілі «Туған елім» жырын айтып, осы жылдың көктемінде тұңғыш рет Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысып қайтты.

Иә, бұрын-соңды қазақтың қай ақын қартына мұндай марапат бұйырды? Қу тақтайды құшағына қысқан даламыздың даңқты даналары мен абыздары одан ой мен үн сауып, өмірге домбыра мен ақындықты әкепті. Тек біздің қазақ ұлтына қас осынау өнердің күдіреті Қорқыттың кезінде де ажалмен айқасып, мәңгілік өмірді көкседі. Ой мен әуенді жарастырып, жан дүниенің жанайқайын айтатын ақындық импровизация – өнердің, өмірдің мәңгілігін паш етуден ешқашан танған емес. Өмірдің мәңгілігі дегеніміз – адамзаттық мұрат. Міне, осы мұраттар мұң мен шерге айналғанда өнер боп құйылады сол өмірге. Ал ақын жүрегі қашан да қайғы мен қасіреттің, қуаныш пен махаббаттың құт мекені болған.



Жамбыл да «халықтың ғасырлық жырын» жанына серік етіп, бағзы бабаларымыздың арман мен мұраттарын жан дүниесімен сезінген XX ғасырдағы ұлы өнердегі рухани жалғастық болғандықтан, қаймана қазақтың жоқшысы, жақтаушысы, жыршысы һәм қуанышы еді. Ол жырлаған жырда атаның өсиеті, ананың әлдіі, баланың күлкісі болса, ол айтқан өлеңдерде халықтың арманы, қазақтың мұңы мен зары жатты. Тегінде, мәңгілік мұраттардың басын қырау шалмайтыны секілді, достықты, адалдықты, махаббатты жырлап, жауыздық пен сатқындықты, опасыздық пен жуандықты тайсалмай айыптайтын шын ақындық – ол да бір мұзарт шын.

Жәкең туралы С.Сейфуллиннен бастап, М.Әуезовке дейін, олардан кейін де қаншама көрнекті тұлғалар қалам тербеді. Бәрі де Жамбылдың ақындығын, жыршылығын, әсіресе сурыпсалма айтыскерлігін ғылыми дәйектермен, жан-жақты талдап, жеріне жеткізіп айтып кеткен. Сол ұлт зиялыларының әдебиет тарихына Жамбылды іздеп жүріп, өлең-жырларын естіп, хатқа түсіріп, енгізіп кеткен елеулі еңбектерін назарға алмауды қандай сөзбен түсіндіруге болады. Ол туралы қаншама ақын-жазушылар әдемі естеліктер айтып, асқақтата жыр төкпеді. Ал қарасөзбен жазылған дүниелер өз алдына. Әлбетте, Жамбыл туралы прозалық шығармаларды жазған авторлардың шығармашылық потенциалдарын Әуезовпен салыстыра алмаймыз. Егер Мұхаң дарындас жазушы туып, Жамбыл өмір сүрген орта мен тарихи жағдайлардың тереңіне бойлай алса, онда Жетісу жерінің «Абай жолындағыдай» үлкен полотносы сөз жоқ өмірге келер еді. Оған Жәкеңнің өмір дерегі мен Жетісудың қилы-қилы тарихтары талай мағлұматтар беретініне күмән жоқ. Бұлай болғанда, Жәкең жөніндегі тарихи ақтандақтардың кейбіріне нүкте де қойылар ма еді...

1938 жылы «Ардақты Жәке» атты шағын мақаласында: «Кәрілік жеңбеген сені өлім жеңбейді. Сенің атың ұлы заманның ұмытылмас атының бірі екенінде күмән жоқ» (Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 13-т. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – 33-б.) деп ағынан жарылған заманымыздың ұлы адамы Мұхтар Әуезов тек әділетті айтқан. Талантқа таланттың берер бағасында қаншалықты мүлт болмайтыны оның ақиқатқа суарылуында болса керек. Мысалы, Мұхаң талантты тануда Күреңбай сыншыға тән дарынға ие болған адам. Иә, ол титтей өлеңімен жарқ ете қалған

қаншама жас талапты «Жыл келгендей жаңалық сезінеміз» деген мақаласында тап басып айтты. Мысалы, «Жәмиланың» авторы ол кезде «Адамзаттың Айтматовы» деген атаққа ие боларын қанша жерден әулие болсаң да біле алмас едің. Сондықтан «көріпкелдік» емес өнердің болашағын болжаудағы Әуезовтік көрегендікті үлгі тұтып, бас исек оның еш айыбы жоқ.

Мұхаң Жамбыл турасында арнайы ғылыми мақала жазғанда оның дәуіріне бүгінгілерден бір табан жақын тұрғанын қаперге алуымыз керек. Оның «Тарих путекасын берген адам», «Ардақты Жәке», «Джамбул и народные акыны», «Джамбул и народная поэзия», «Халықтың ғасырлық жыры», «Жамбылдың айтыстағы өнері» және «Айтыс өлеңдері» атты мақалалары тек Жамбылдың жеке басын мадақтаған жалаң сөз емес, жалпы ұлт өнерінің өткені мен болашағын саралаған бағалы еңбектері болатын. Ол: «Халық ақыны Жамбыл, тек өз шығармаларымен ғана емес, тарихи-әдеби зерттеу тұрғысынан да, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау бет-бейнесімен де аса зор құбылыс» деп бағалайды (Дастан ата: Жамбыл Жабаяев туралы естеліктер / Құраст. Н.Төреқұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 13-б.).

Өнер ұдайы бір-бірімен бәсекеге түсіп отыратындықтан, бұл салада оза шауып, қара көрсетпей кету, әлбетте оңай болмаған. Ал құбылыс деген мәртебелі атақты М.Әуезов кім көрінгенге қосақтап айтпаған.

Қазақ поэзиясында құбылыс болып саналған суырыпсалма ақындар Жамбылға дейін болды ма? Мәселе, ондай абыройды оларға кім берді және қалай берді дегенге келетін болсақ, Жамбыл атамызға тек Мұхаң ғана емес, оның талантты шәкірті Ш.Айтматов та осындай баға берген.

Атап айтсақ: «Ауызекі поэзияның көне дәстүріне сүйене отырып, Жамбыл және оның қазақ-қырғыз замандастары, шын мәнінде, жаңару құбылысын, яғни совет кезінің ақындық дәстүрін туғызды. Егер осыған ой сала қарасақ, мұндай құбылысты – тарихи маңызы бар жайттар дер едім» деп М.Әуезов пікірін қуаттап қана отырған жоқ, жоғарыдағы Ғабаннның «феномен-феникс» деген тұжырымымен де үндесіп жатты. Қайта туу – феникс болса, құбылысымыз – феномен емес пе?! Ары қарай: «Жамбыл – мейлінше күрделі құбылыс. Көпшіліктің көз алдында отырып, өлең-жырды табан астында суырып салып, төгіп айту – жұрттың айтқанындай, ең жоғары мәртебелі өнер. Тек күшті және



өзіне мықты сенген, айтар ойын өлеңмен жатқа төгетін, ақындық шабыты шалқыған майталман өнерпаз ғана осылай жырлайды. Өткендегі тәжірибені нақ осы шақтағы тарихи және философиялық, психологиялық тұрғыдан бейнелеп жырлауға шебердің шебері, дарынның дарыны ғана тәуекел ете алады» (Дастан ата: Жамбыл Жабаев туралы естеліктер / Құраст. Н.Төрөқұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 66-б.) деп ол ойын жан-жақты дәлелдеп, түйінді тұжырымын айтады.

Осы жерде мына мысалды да айта кетудің артықтығы жоқ. Жамбыл шығармашылығындағы қайта туу (феникс-возрождение) құбылысын тарихи уақыттың аясында зерделейтін Н.Тихоновтың мақаласындағы ұлы жыраудың өз аузымен айтылған мына бір сөздері де растай түседі. «Қарсы алдыма қарасам, қарға адым жердегі екі адамды бір-бірінен ажырата алмай, кісінің орнына көлеңкемен сөйлескен заман болды, өйткені менің өзім де тірі аруаққа айналып, аруақтар дүниесінде күн кешіп, даусымнан үн қашты, әлсіз қолымдағы қуарған қу тақтайдай имиіп кеттім... Бір кезде бай-манаптар менен өлердей қорқушы еді, енді айылын жимайтын болып кетті! Енді менен бұрынғыдай құдіретті сөз шықпайтынына, халқымның даңқын бұрынғыдай көтере шырқай алмайтыныма көздері жеткендей, басынып алды, көрген күнім итке бергісіз болды, – деп төңкеріске дейінгі өзінің күйі мен халықтың жағдайларынан хабар беріп сөйлеген Жамбыл, жаңа күнді, қайта түлеген заманын оған шендестіре баяндайды. – Бірақ көп ұзамай ақ патшаның тұқымы құрып, менің халқым жас дәурені қайта оралған адамдай дүр сілкініп, ұйқысынан оянды. Жолым үйдің түндігін түріп тастап, мен де шықтым далама. Қызыл күн шапақ атып, шал кеудеме шұғыла шашқанын көрдім, домбырамның өзімді шақырған үнін естідім. Өзімнің қақаған қыс өткен соң бірақ ояңғанымды сонда білдім, ерніме өз-өзінен жыр жолдары орала кетті, бұрынғы іші-бауырымды іштен жеп, сартап қылған шерменде өксуге де, ыза-кекке де ұқсамайтын жаңа жыр. Иығымнан тұп-тұтас жүз жылды жұлып тастағандай, тұла бойым жеңілейіп сала берді...» (Сонда, 20–21-бб.) деп тарихи-психологиялық шындықты жан-жақты ашып айтқан...

Бір өзі шығармашылықтың бірнеше түрін классикалық дәрежеде меңгерген Жәкенді М.Әуезов «Ол фольклорды белгісіз, кұпия (анонимные) ақындардың ғана творчестволық еншісі деп

менсінбей, енжар қарауға бағытталған буржуазиялық үйреншікті ұғымды қиратып отыр. Ол сондай-ақ ауызша және жазбаша, индивидуалдық поэзия деп әдеттегідей тарихи-әдеби бөлушілікті де қиратып отыр» деп «Джамбул и народные акыны» атты мақаласында жоғары бағалаған. Оны ғылыми еңбектерде орын алған кейбір біржақты пікірлерлерге үлгі етіп айтқанда, ұлы жазушы жаңа көзқарастардың да көкжиегін дұрыс көрсете білді. Мәтінді толық келтірсек: «Бұл ғылымның индивидуалдық ақынға деген үйреншікті нормасы Жамбылға дәл келмейді, өйткені ол жазбайды, әндетіп ауызекі орындайды. Екінші жағынан, ол сырт қарағанда, синкретизмдік өнердің атам заманғы (архаический) түрінің көрінісі тәрізді. Оның ақындық өндіріс құралы – домбыраны әнге қосылтып отыруында, театр оқиғаларының элементтері де бар. Ал осының бәрімен қоса, ең бастысы, ол – Жамбыл, біздің ұлы заманымыздың жоғары сапалы көркем саяси поэзиясын жасаушы» (Сонда, 13-б.) деп ақын турасында бірқатар тың ойлар айтты. Бұл мақаласында М.Әуезов индивидуалдық ақын (Индивидуалдық ақын –Европа халықтарында бұл уақытта жоқ аралық типті, ауызша әдебиет жасаушы аты белгілі дара ақын типін қазақ халқына тән әдеби-мәдени құбылыс ретінде ғылыми айналымға енгізіп, 1927 жылдан бастап зерттеу еңбектердің нысанасы еткен ғалым – М.Әуезов. Қараңыз: Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 13-т. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – 334-б.) мен суырып салып айтатын ақынның өзара айырмашылықтарын, синкретизмдік өнердің бағзы түрінен Жамбылдың анық өзгешелігін, оның ақындығындағы театр элементтерінің болуы сияқты бүгінде фольклористика ғылымының зерттеу нысанына айналып отырған ғылыми ой-пікірлерін болашақ зерттеушілерге нұсқап кеткен. Аталған зерттеушілік негізі бар ойлардың әрқайсысы бір-бір диссертацияға арқау болғанын қазіргі әдебиеттану ғылымы дәлелдеп отыр. Және Жәкенді «жоғары сапалы көркем саяси поэзиясын жасаушы» деп ерекше бағалаған. Біз «саяси поэзия» деген тіркестен тікінбеуіміз керек. Себебі, ол біз ойлағандай, саясат емес: «әлеуметтік лирика» деген сөз. Осы оймызды, қазақтың көрнекті ғалымы, профессор Б.Кенжебаев: «Жамбыл поэзиясының ерекшелігі – ол жігерлі, жалынды, саяси лирикалық жыр. Ақын мейлі, тарихи әңгімені сөз етсін, мейлі табиғат көріністерін суреттесін, мейлі үй іші, отбасы,



сүйіспендік мәселесін жырласын, мейлі әлеуметтік тұрмысты, іс-оқиғаларды жырласын – бәрін де өзінің ойы, сезімі, үміті, ішкі дүниесі, сыры етіп жырлайды» (Дастан ата: Жамбыл Жабаев туралы естеліктер / Құраст. Н.Төреқұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 270-б.) деп талдап көрсеткен. Бұдан түсінетініміз, Жамбыл жырларындағы саяси лириканың бәрі де халықтың мұны, арманы, тілегі, мұқтажымен астасып жатады деген сөз. Ал бұлар өз кезегінде әлеуметтік мәселелер болып шығады.

Жалпы, М.Әуезовтің Жамбыл туралы мақаласында, сөйлеген сөздерінде, жасаған баяндамаларында, тіпті, кейбір ол турасындағы аз-маз тоқтала кеткен өзге еңбектерінде болсын, барлығында да теориялық тұжырым, жаңа зерттеушілік бағыт-бағдар жасамай кеткен шақтары аз болмаған. Жәкең жөнінде жалпылама естеліктер айтуға академик-жазушының таланты жетпей қалған жоқ. Әрі-беріден соң Жамбылдың өзін әлденеше рет көріп, үйінен де Л.С.Соболев екеуі дәм де татқан болатын (1940 жылдың июнь айының бас кезінде М.Әуезов, Л.Соболев, Ә.Тәжібаев үшеуі Жамбылдың жанында үш күндей болып қайтады. Белгілі себептермен ақынның жырын тыңдауға келген Л.Соболевтің бұл сапары туралы тарауда кеңірек айтылады.).

Ал Мұхаң үшін бір көру, көзбе-көз бірер мәрте әңгімелесу естелік қана емес, тарихи-көркем повестің өзіне айналып кететін құбылыс болуы да ғажап емес. Жазушы Жәкеңнің адами болмысын, араласқан ортасын, сөз саптауы мен ақындық қуат-күшін әйгілі «Абай жолында» зор сүйіспеншілікпен көрсете отырып, оның «Сәлем айт, барсаң Абайға!» дейтін өлеңін келтірген. Оған деген ұлы құрметін ұлы жазушы осылай мәпелеп әкеп, өзінің даңқты эпопеясына енгізгені жайдан-жай болмаса керек.

Мұхаң өзінің саналы ғұмырында халықтың мұнын мұндап, жоғын жоқтап қана өтпеді, сол халықтың рухани мұрасын және оны жасаушыларды түгендеп өткен адам. Шама-шарқы жеткенше, ел есінде қалған үлкенді-кішілі, белгілі-белгісіз қаншама өнер адамдарын өзінің ертеректегі әдебиет тарихы жөніндегі еңбектерінде, қазақ әдебиеті тарихының очерктеріне жазған тарауларында, ғылыми конференция баяндамаларында, мақалаларында жазып, тіпті кейбірін лекция, жарыссөздерінде, шәкірттеріне айтқан ақыл-кеңестерінде айтып кетуді, сол арқылы оны жан-жақты, түбегейлі зерттеуді ұсынған шақтары аз емес.

Мысалы, «зар заман әдебиеті», эпостағы «ірі батырлар», «кіші батырлар» термині, Абайдың ақын шәкірттері, Нарманбет Орманбетұлы, Көдек Байшағанұлы т.б.

Осы тәрізді әлденеше ғылыми еңбектердің дүниеге келуіне, жаңа зерттеушілікке негіз болған дүниелердің бастауы – Мұханда жатты және оның шығармашылық қайраткерлігінің де басты белгісі еді.

Бұл тұрғыдан келгенде, Мұхад Жамбыл жайындағы бес-алты мақаласында талай-талай ғылымдық мәні жоғары ойлар айтып, ал кейбіріне ескерсе екен деп, кейінгі зерттеушілерге жол салып кеткенін де байқауға болады. Бұған өз кезегінде Жамбылдың феноменалдық қасиетінің өзге халық ақындарынан ерекше болғандығы, оның дәстүрлі импровизациялық өнердің жаңа замандағы жарқын үлгісі болып, уақыт пен кеңістікке сай өзге сапаға ауысқандығы әрі қарт ақынның жыршылық пен жыраулық поэзияны жалғастырушы және дамытушы болып табылғаны үлкен ғылымдық ойлардың тууына түрткі болды.

Атап айтсақ, «Жамбылдың айтыстағы өнері» деген еңбегінде М.Әуезов айтыскер суырыпсалма ақындарды «ақпа-төкпе» ақын деп қарастырады. Ақпа ақындардың негізгі ерекшелігі – эпос тудырушылар екені баса айтылады. Жамбылды осы қатарға жатқызып, оның «Өтеген», «Сұраншы», «Саурық» жырларын мысал ғып атаса, бұнымен қоса оның жыршылық қырына жататын «Көрұғлы», «Манас», «Шораны» айтқандағы төкпелігін де даралап атайды. Кейде Жамбылдың сүре айтыстағы төкпелілігі «Европада болған «Фабль» үлгісін туғызып кетеді» деп оның өнеріндегі шығармашылық талантының тағы бір қырын көрсетеді (Фабль – (fable) ескі французшадағы пикардтық форма – «повасенка»; латын тіліндегі fabula сөзінен шыққан – мысал, хикая, әфсана әңгіме) – 12 ғ. – 14 ғ. басындағы француз әдебиетінде кең таралған комедиялық немесе сатиралық мазмұндағы шағын көлемді поэтикалық хикаят.).

Ал «Жамбыл суретші болса шарждың, пьеса жазушысы болса комедияның, гротесктің барып тұрған шебері болар еді» (Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 28-т. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 133–134-бб.) деп те таңданады. Бұған күдік келтіруге болмайды.

Ұлы жазушының сөзімен айтқанда «халықтың ғасырлық жырын» бойына сіңіріп, оны жаңа заманға шып-шырғасын



шығармай алып жеткен әрі тарихи уақыт пен кеңістікке сай түрлендіре дамытқан Жамбылдың шығармашылық потенциалы өте күшті болды. Оның өзгеден басты ерекшелігін атағанда, Жәкеңді М.Әуезов халықтың ғасырлық даналығын бойына сақтаған импровизатор (суырыпсалма) ақын екендігін баса айтады. Және ақынның халықшыл көзқарастарының мызғымайтындығы да оның зор қайраткерлігінің дәлелі дейді. Ол өнерін ат-шапан, абырой-атаққа қорлатпай өткен дана қарт болды. Керек кезінде, бетің бар, жүзің бар демеі бай-шораларды халықтың көзінше сынап салып, олардың беделін түсіріп кетуі де Жәкеңнің үлкен сыншы екендігін айғақтайды (бұл жөнінде кейінірек кеңірек тоқталамыз).

Сондықтан да, халық өз мұңы мен мұқтаждықтарын өткір айтатын Жамбыл сияқты ақындарын қастерлеп отырған. Ал оған бұқараның өмір салты бала күнінен барлық шындығымен көз алдынан өтіп, көкейіне қатталған. Өзі де асып-тасып жатпаған ортадан шыққан Жамбылдың жастық шағы «Шағым» дейтін өлеңінде бар. Сонымен қатар, бала күнінен ел аралап, ойын-сауық көріп, мақсатты түрде өлең-жыр жаттап, айтыс-тартысқа әуес болған оның әрбір күні болашақ ұлы ақынның шығармашылығына арқау болып қана қойған жоқ, қалың елдің ауыр тұрмысына көзін қандырып, көкірегіне құйып жатты.

Жастайынан жан дүниесі қабылдаған халық өмірі өзінің ұзақ өмірімен шендесіп кеп, шырқау шегіне жеткенде, аяғы басына кеп, асты-үстіне түсті. Кейінгі кезеңдегі ұлы бетбұрыс сол – жаңа заман, шын мәнінде, кедей-кепшіктің тұрмысын түзеп, жарылқап жатқанын көргенде, баяғы қазақтың тұрмысы оның көңілінде алма-кезек шендесіп жатпады деймісіз? Әділет пен теңдікті көрген өз замандастарының қуанышына қарт жүрек елжіреп тұрып, жыр төкпеуі мүмкін бе?

Міне, осындай шындықтың куәсі болып өмірге келген Жамбылдың «Халықтың жарық сәулесі», «Калинин ақсақалға», «Клим батыр», «Москва туралы жыр», «Ұлы заң», «Ленин Мавзолейінде», «Халықтың сәлемі», «Туған елім», «Өмір жыры» сияқты өлеңдері бүгінгі танымда үстірт қабылданбауға тиіс. Ешбір саясатта шаруасы жоқ, оқымаған, жаза да алмайтын ақынның жан дүниесін тулатып шыққан өлең-жырлардың көркемдік қуаты мен тарихи шындығы қазақ әдебиетіндегі өлмес, өшпес әдеби мұраларымыздың қатарына жатады. Оның есімі қаншалықты

мәңгі болса, өлең-жырлары да соншалықты өміршең. Бұған өз заманында заңғар жазушы М.Әуезов те күмән келтірмеген болатын. Ол «Халықтың ғасырлық жыры» атты жыр алыбы Жамбыл қаза болғанда жазған шағын мақаласында: «Халықтық поэзиясының алыбы болып, жаңғырған жастықтың мол сұлу жырларын төккен Жамбылдың өз өмірі де талай әсем сөз, әдемі аңыз болуға татиды... Жүз жылдық жастығының шағында көңілі тірлікке, өлмеске кеткен ғасырлық жырының өзі болады» (Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 66-б.) деп атап айтқан болатын және ардақтап өтті. Сөз жоқ, ол аңыз адам болды. Рас, аңыздың бойына жамайтын түрлі жамаулары да көп болады. Қалай болғанда да жүз жылдық ғұмырын Жамбыл өлеңге арнады. Соған адал қызмет етті, өмірін «XX ғасырдың Гомері» деген ұлы атақпен аяқтады. Ал бұндай өмір ұлт үшін, сол ұлттың әдебиеті үшін мақтаныш сезімін тудырса, сәйкесінше жерқорақ жетесіздердің күншілдігі мен қызғанышын да оятуға себеп болды.

Қазақтың атақты ақыны, Жәкеңнің тұңғыш әдеби хатшысы болған, Ә.Тәжібаевтың естелігінде мынадай жолдар бар: «Мінеки! – деді Мұхаң Сәбеңе қарап, екі қолын бірдей жайып, импровизатордың шеберлігі деген осы. Эпостағы бұрын қолданылып жүрген образдарды қалай пайдаланады! Мүдірмей ағытып, өзінің биік идеялы тамаша жырын табанда тудырып отырғанда, халық байлығы оған алтындай құйылып, жарқылдап жатқан жоқ па? Бұрынғы ұлы ақындар да осылай сөйлеген.

Бір сағаттан аса тынбай жырлаған Жамбыл аялдап, терін сүртінді де:

– Мені түзге шығарыңдар, – деді.

Ыбырай ағай қартты жедел қолтықтап үйден әкете берді. Мен аткөпір боп жатқан қағазымды жинастыра бастадым.

– Ырзамысың олжаңа! – деп Сәбең маған қарады.

– Атамаңыз, Сәбе! – дедім, қуанышымды жасыра алмай. – Құдай жарылқады ғой бізді...

– Дұрыс айтасың, құдай жарылқады деген осы, – деп Мұхаң қайта көтеріп әкетті. – Бұл – жүз жылдарда бір-ақ көрінетін құбылыс. Гомер деуімізге осы Жәкең ғана сиятын болуға керек...» (Дастан ата: Жамбыл Жәбаев туралы естеліктер / Құраст. Н.Төреқұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. –90-б.).

Мұхаң бұл сөзді Ә.Тәжібаевтың үйінде Жәкеңді тұңғыш көріп,



жырын тұңғыш тыңдаған күні айтқан болатын. Бұл сөз – 1936 жылы айтылған. Оны айтқан, Жәкеңнің «шоң» баласы – М.О.Әуезов еді.

Әбекеңнің сол естелігінде тағы да мынадай жолдар бар: «Жәкең аққу мінездес екен, – деді бір жолы Мұхан, – көл де өзінікі, көк те өзінікі екенін жақсы түсінеді.

Бұл – Мұханның аузынан сирек естілетін мақтау» дейтін.

* * *

Жәкеңмен көзінің тірісінде екі рет жолығып, өлең-жыр, дастандарын көп тыңдап, жазып алып, өзінің қазақ әдебиеті жөніндегі бірінші кітабына «Жабай батыры» мен Құлмамбетпен айтысын қосқан қазақтың дауылпаз ақыны Сәкен Сейфуллиннің Жамбылтануға қосқан қомақты үлесі бар. Әйтсе де ол жазып алған жыр-дастандардың бәрі де баспа бетін көрді дегенге толық дәлел жоқ. Оны жамбылтанушылар да жоққа шығармайды. Кененнің әңгімесіне қарағанда, Жамбылдан жазып алған Сәкеннің жазбалары аз болмаған сияқты. Ол былай деп еске алады: «Жәкең сілтей берді, сілтей берді. Сәкен де жазғыш екен, қағаздың біраз бетін аударып тастады» (Төреқұлов Н. Жүз жасаған бәйтерек. – Алматы: Жалын, 1989. – 79-б.).

Үшінші мәрте Сәкен Жамбылмен 1936 жылдың май айындағы Москвадағы онкүндікке бірге барған болатын. Ол кезде де Сәкен қарт ақыннан талай-талай өлең-жыр, айтыстарды тыңдайды. Кейбір тың әңгімелерін құлағына құйып, жазып та алған болуы керек. Бірақ ол туралы нақты дерек тағы жоқ. Себебі, Сәкен бір жылдың ар жақ, бер жағында репрессияға ұшырап, атылып та кетті. Қалай болғанда да қазыналы қарттан естігендері өзімен бірге мәңгілік белгісіздікке оранды, я тіпті тұтқындалған кезде тәркіленген құжаттарының арасында әлі де мұрағатта жатпасына кім кепіл...

Сөйтсе де Жамбылды Ленин Мавзолейіне апарған адамдардың ішінде Сәкен де болып, оның осы аттас өлеңінің дүниеге келгеніне куә болған адам. Жәкеңе шын сүйсініп, құшағына қысқан қазақтың қызыл сұңқары Сәкен екені де өтірік емес.

Жалпы, Сәкен Сейфуллин Жамбыл есімімен жиырмасыншы жылдардан таныс әрі ақынмен М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафиндерге қарағанда ертерек араласқан. Оны Жәкеңмен таныстырған, ұлы жыраудың шын жанашырлары – О.Жандосов

пен Шамғали Сарыбаев еді. Шамғалидің 1924 жылғы «Терме» журналында жариялаған Жамбылдың өлеңдері мен жыр-дастандары туралы айтқан мәліметтері мен құнды мұралары ақынды қатты қызықтырады. Және Жамбыл есімін Сәкен де алғаш естиді, баспасөз беті де тұңғыш рет тасқа басып жазады. Жамбылдың баспасөзде танылуы, міне, осылай басталған...

Осы тұрғыдан келгенде, Сәкен Жамбыл жөнінде үлкен еңбек жазып, естелік қалдыра алмаса да, оның есімін әдебиет тарихының алтын тақтасына қашап жазған қазақ қалам қайраткерінің бірі болғандығында күмән жоқ.

Ал Сәкен туралы Жамбылдың мынадай сөзі бар: «...Ана бір жылы Сәкен келіп қонақ болғанда, көп өлең айтқызды. Жазып алды. Сонда өлеңің өткір екен деген болатын. Ой, ол да бір алғыр ақын еді ғой, шіркін!..» (Дастан ата: Жамбыл Жаббаев туралы естеліктер / Құраст. Н.Төрехұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. –79-б.) деп бағалаған.

Табиғатынан Жәкең өте байқампаз, сыншы адам болғандықтан, жақсыны бір көргенде-ақ тап басып танитын ұлыларға тән талант иесі. Оның өткір сынынан да аман қалған адамдар некен-саяқ болса, «алғыр ақын» деген бағалауды кім көрінген де ала бермеген. Және, Жәкеңнің өзі де Сәкеннің берген бағасына жасы кіші деп қомсынбай, өмір бойы есіне сақтап, айтып жүргенін көрмейсіз бе: «өлеңің өткір екен деген болатын» деп. Бұл сөзден Жәкеңнің тағы бір қасиеті, балаша қуанатын, кішік мінезі де көрініс беріп тұрған жоқ па?!

Сәкен де өз уақытында Жамбыл творчасының құндылығы мен жиналып жариялануы туралы: «Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып, халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» деп қатты ескерткен болатын.

* * *

«1936 жылы мен Ұлы Отан соғысы басталудың екі арасында Жәкең 10000 жолдан артық жыр шығарды», – деп жазады С.Мұқанов өз естелігінде (Сонда, 34-б.).

Ары қарай оқиық: «Ұлы Отан соғысының тақырыбына соғыстың төрт жылында Жәкең 3000 мың жолдан артық жыр шығарды. Халқымыздың отаншылдық намысын күшейте түсуде, совет



адамдарының елдегі, майдандағы тамаша ерліктерін сипаттауда Жәкеңнің бұл жырларының тарихи маңызы аса зор» дегенде Сәбең жалаң статистиканы айтып отырған жоқ. Бұлар Жәкеңнің «Елбіреп екі аяғым дірілдейді, көз жетпей тұрарыма, тұрмасыма» деп, 90-нан асып кеткенде жырлаған жыр жолдарының нақты дерегі. Егер мұндай игілікті іс бері айтқанда, 20 жылдарда қолға алынып, хатталғанда біздің әдеби мұрамызға Жамбыл қосқан жырлардың көлемі қазіргіден де аса мол болуы тиіс еді. Және Жәкең жырлаған көптеген жыр-өлеңдердің белгісіз боп қалуына жол бермеген де болар еді. Әлбетте, жаңа ғана патшалық бодандықтан басын азат етіп, коммунистік жаңа бодандықтың бастауындағы түрлі соғыстар мен реформалардың өліара кезеңінде өмір сүрген Қазақстан халқы ақындарын дәл біздің заманымыздағыдай ескеріп, кітаптарын жарыққа шығарып, жариялап отыруға мүмкіндігі болған жоқ. Әйтсе де, Әлихан, Сәкен, Смағұл, Халел, Ахмет, Мұхтар, Сәбит сияқты сол кездегі жас ұлтшылар өздері басқарып отырған газет-журналдар, қоғамдық мекемелері арқылы халық мұрасын тез және мүмкіндігінше мол жинау мақсатында түрлі қаулылар шығарып, өздері де соған тікелей араласып жатты. Соның нәтижесінде, Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» (1926), Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), Халел Досмұхамедовтің «Аламан» (1928), Сәкен Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1931), Сәбит Мұқановтың «XX ғасыр басындағы әдебиет» (1932) сияқты еңбектері дүниеге келді. Мұның бәрі де аталған авторлардың өлмес, өшпес құнды еңбектері болатын. Міне, осындағы Сәкеннің кітабына Жамбылдың біраз дүниелері енгізілді және кейбір әдеби дүниелері қалып қоюының кейбір себептері қалай болғанын мен жоғарыда жобалап айтқан болатынмын.

Сәкен де Сәбит құсап алып ақынның қанша жыр-өлеңі, айтыстары болғанын сонау жиырмасыншы-отызыншы жылдары анықтамаққа ниет еткен екен. Мақсат айқын: Жәкеңнің бар дүниесін жазып, жинап алу, болмаған күнде атын атап, түсін түстеп кету сияқты абыройлы іс үшін.

Сәкен Москваға Жәкеңмен бірге келе жатқанда: «Әңгіме айтыңыз! Қанша ақынмен айтыстыңыз?»

Сәкеннің бұл сұрауына Жәкең қалжыңмен жауап береді. Отырғандар ду күліседі.

– Менің қанша ақынмен айтысқанымды қай санақшы санапты

дейсің. Айкүміс дейсің бе? Сарыбас, Құлмамбет, Шашубай дейсің бе? Әйтеуір, көп өлең айтылды ғой» депті (Сонда, 83-б.). Кенен шерткен осы естелікке қарағанда, Сәкен Жамбылдың барлық естегілерін біліп қалмаққа ниеттенгені анық көрінеді. Ал Жәкең болса «қай санақшы санапты дейсің?» деп бекер өкініп отырған жоқ. Шынында, Сәкен мен Сәбит құсап, оның жырларын санап, түгендеген адамдар соншама көп емес. Өз сөзімен айтқанда, «әйтеуір, көп өлең айтылды ғой». Рас, ұзақ өмірінде, сөз жоқ қазіргі біз білетіннен де көп өлең айтылған. Бұны ешкім де жоққа шығара алмайды.

Жәкеңнің қасында жолдас, серік, тіпті қызметші боп, талай-талай той-думандарды бірге көрген, Н.Тихоновтың сөзімен айтқанда, «өзінің егде тартқан шәкірті» Кененнің: «Әркім-ақ өз жерінің сұлулығын мен шүйгіндігін нәшіне келтіріп толғайды, жер қожаларының аттары да өлеңге қосылып көпке танылып жатыр. Менің көзім Жамбылда. Ол кезек-кезек жүйткіген ақындар сөзіне құлақ тосып қана, төмен тұқшиған күйі көп отырды. Әуел баста «түндегі ұзақ жырлардан кейін шаршағандық бар ма» деп қалған ем, олай болмады. Ол бір мезетте ақшолақ домбыраның шанағын шертіп-шертіп жіберді де, сөйлеп кетті. Әттең, сол бір тамаша жыр қазір не жазуда, не жадымда жоқ» (Сонда, 69-б.) деп еске алған сөздерінде қаншама орны толмас, өкінішті шындық жатыр. Қазақ-қырғыз жиналған Керімсаз жайлауындағы бір аста Жәкең «Көрұғылы», «Манастардан» үзінділер айтып, ертеңінде «Тау өлеңі», «Жер өлеңі» Кенен ата өкінгендей «Әттең, сол бір тамаша жыр қазір не жазуда, не жадымызда жоқ» боп кеткенін ойлаудың өзі ауыр («Тау өлеңі», «Су өлеңі», «Жер өлеңі» – фольклор жанры, айтыс өлеңі. Әдебиет зерттеу ғылымында алғаш Әуезов қолданған термин. М.Әуезов «Айтыс өлеңдері» деген еңбегінде: «...бұрыңғы Жетісуда сондай қосымша мазмұндар «тау өлеңі», «су өлеңі», «жер өлеңі» болған деп бұл өлеңдердің негізгі көркемдік, мазмұндық ерекшеліктерін саралап көрсеткен. Қараңыз: «Мұхтар Әуезов энциклопедиясы», Алматы: «Атамұра» баспасы, 2011. – 281, 552, 567-бб.; бұған қосымша Кенен атамыз да айтқан. Аталған поэзия жанры туралы 1946 жылы Жамбылдың жүз жылдығын атап өтуге арналған салтанатты жиында Жамбылдың айтыскерлік табиғаты жайындағы «Жамбылдың айтыстары» деген баяндамасында М.Әуезов өзі алғаш рет «Әдебиет тарихында» жазған «Тау өлеңі»,



«Су өлеңі», «Жер өлеңі» жайында тағы да айтыпты. Бұл осы жанрды зерттеушілердің назарына ұсынылған тың теориялық ойлар болатын дейді әдебиетші-ғалым Р.Әбдіғұлов. (Қараңыз: Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 13-т. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – 334-б.).

Көмекейі бүлкілдеген жампоз жырдың, Жәкең айтқандай «жарауы жеткен дөнені» Кененнің есінде қалмаған сол жырлар, тек тамаша ғана емес, соншама ұзақ та мол болған болса керек. Әйтпесе, алты ауыз өлеңді қақшып ап, қылғып жіберетін «Көкшолақтың» авторы есте сақтау қабілетінен соншама қара жаяу болмаған ғой. Жалпы, сол кездегі қай ақын болмасын бір-бірінің өлең-жырын естіген жерде-ақ жаттап ап, жұртқа таратып әкететін болған. Жамбыл да сөйткен. Сүйінбай мен Қатағанның, Тезек пен Сүйінбайдың, өзінің айтыстарын, т.б. осылай таратқан. Ал оның әйгілі Құлмамбетпен айтысын оның шәкірттері: Үмбетәлі, Саяділдерде таратқан еді.

Осы олқылықтың орнын толтыратын Ш.Сарыбаевтың «Фольклордың білгірі» деген мақаласынан ұзақ цитата бергенді жөн көрдім. Себебі, Шамғали Сарыбаев Жәкеңмен тұңғыш жүздесіп, оның аузынан біршама дүниелерді жазып алған көрнекті ғалым, әдебиет нұсқаларын жинастырушы және оның жамбылтануға қосқан ерен ерлігі – алғаш мәлімет беруші ғана емес, әуелгі бағалаушысы, іздеушісі, насихаттаушысы болғандығында.

Шамғали Сарыбаев айтады: «Мен Жамбыл ақынды 1922 жылы 9 июньде Ұзынағашта болған Қосшы ұйым мүшелерінің мерекесінде көрдім. Сол мерекеде Жамбыл көп жас ақындардың ұстазы сияқты көрінді. Жамбыл Жабаев сол жылы 68-де еді (жылы қоян). Көп өлеңдер айтушы еді. Жамбыл жасы ұлғайған адам болса да, жаңа тұрмыспен бірге өрлеп келе жатқан ел ақыны. Жамбылдың бұрын-соңғы өлеңдерін жинап алу керек. Жамбылдың ерте уақыттағы өлеңдерінің бірқатарлары мыналар еді:

1. Көрұғлы (15 күн ұдайымен айтады деседі).
2. Ерназар-Бекет.
3. Сүйінбай мен Қатағанның айтысы.
4. Садыр патша мен Жамбыл патшаның айтысы.
5. Тезек пен Сүйінбай.
6. Жамбылдың (өзінің) Құлмамбетпен айтысы.

7. Шалтабай дастаны.

8. Абылай ханның Бұқар жыраумен үш жүздің баласын ара-лағаны.

9. Шежірелер.

10. Әртүрлі термелер.

«Жамбыл сынды таланттар халық фольклорын елінің өскеніне қарап өрлетіп отыратын тарландар» деп (Дастан ата: Жамбыл Жабаев туралы естеліктер / Құраст. Н.Төреқұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 316-б.).

Жалпы, Жәкеңнің шығармашылығы жөніндегі «әттеген-ай» дегізетін тұс оның төңкеріске дейінгі дүниелерінің жиналмай, ұмытылған күйінде қалуы екенін көрнекті жазушы Ә.Нұрпейісов те былайша өкінішпен ашып айтқан. Әбекен: «Халық сөзінің алтын қоймасы Жамбыл көкірегіндегі қазынаны түгелдеп алып қала алмағанымыз, әсіресе, революцияға дейінгі творчествосының етек-жеңін жия алмай қалғанымыз өкінішті-ақ. Сонау 1936 жылы Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы онкүндігінен шаттанып қайтқан ұлы ақынның өзінің тетелесі Кенен ақсақалға «Көрұғлы» жырының өзі толғайтын нұсқасын алты күн бойына шабыттана жырлап, ақыры шетіне шыға алмай қойыпты. Ал атақты дастанның сол Жамбыл айтқан нұсқасы қайда, ақынның қай кітабына кіріп, қай ғалымның архивінде сақтаулы?..» деп жамбылтанудағы кейбір шетін жайттарға назар аудартады. Әбекен де Жәкеңді өзіне ұстаз, ардақ тұтып қана қоймай, өзінше зерделеп, өзінше ұлықтайды. Оны «Жаңа заманның Сыпыра жырауы» деп атаған (Сонда, 166-б.). Өте тауып айтылған теңеу.

Рас, Жамбылды тауға, көлге, өзенге, құбылысқа, ұлылыққа, тұлпарға, қыран бүркітке (Жалпы, Жәкеңді көзі көргендер осы теңеумен оны көп сипаттайды), неге теңесең де жатсынбайды. Жарасып, қабысып кететіні қызық.

Н.Тихоновтың «Ақындардың атасы» деген эссесі қандай, шіркін! Ол қарасөзбен жазылған таңғажайып жыр ғой!..

Орыстың атақты жазушысы Тбилисиде өткен Шота Руставелидің тойында Жамбылды тұңғыш рет көргендегі әсерін қандай тебіреніспен жазса, міне бүгін мен де оқып отырып, осы бір әдемі эссені ертең де оқысам, кеудемді дәл қазіргідей шаттық кернейтініне сенімдімін. Мен Н.Тихоновты әкемдей жақсы көріп кеттім. Ол менің бабамды, мен көрмеген тәтемді барлық



болмысымен, мінезімен, қасиетімен, дарын-талантымен өзіме және өзгеге тамылжыта айтқан екен, қайта-қайта оқи бергің келеді.

Жамбыл Тбилисиге қазақтың тоқсаннан асқан кәрі шалы емес, сол қазақтың өзі, өнері, рухы, тілі мен ділі боп барып келді. Сол күні залда отырған қазақтың өнер қайраткерлерінің көзіне жас алмағаны кемде-кем.

Иә, Жәкеңнің шатыр-шұтыр мінезі де бар ғой. Мынадай да қызық оқиға болған екен. М.Қаратаев пен Т.Жароков екеуі екі жақтап, Жәкеңе «Тбилисиде домбырамен бірдене айтасыз ғой» деп әдеттегідей тықақтай бастаса керек. Соған қитығып қалған тәтем: «Жоқ! Оқыған өздерің сөйлей беріңдер!» деп шорт кесіпті. Ал Қазақстаннан барған делегаттарда зәре жоқ. Оны М.Қаратаев былай деп жазады: «Байқасам, алдыңғы қатарда блокноты мен қарындашын әзірлеп отырған Тайырдың қолы дір-дір етеді».

Ары қарай, М.Қаратаев Н.Тихонов көрген сол сәтті былайша еске алады: «Ақын домбырасын қолға алған кезде зал іші тына қалды... Әуелі тамағын кенеп, қанатын қомдаған қырандай аз-кем құнжыңдап, екі иығын бүлкілдетіп, домбырасын қағып-қағып жіберді. Сонан соң, сөзсіз үнін созып бір қайырды да, нөсер жаңбыр секілді сөз бұршағын төге жөнелді. Қарасам, Жәкеңнің бүйрек бетіне күреңітіп қан жүгіріп, маңдайынан шыпшып тер шығып тұр екен. Ақынның саусағымен бірге жауырыны да ойнақшып, жыр тасқынын барған сайын үдете түсті. Қарт дүлдүлдің талай шабысын көріп едім, бірақ бұл секілді шабытпен, бұл секілді құшырлана да құлшына сілтегенін көруім бірінші рет. Түйдек-түйдек түскен теңеу мен образдар, үсті-үстіне төпелеген арынды өлең шумақтары басқа түгіл біздің өзімізді таң қалдырды. Бір замат алда отырған Кенен мен Тайырға көзім түсіп кетіп еді – екеуінің де көзінен жас ағып отыр екен. Жолда айтылған әңгімелер бекер кетпепті. Көбін іліп, көбін ұғып қалыпты сақ құлақ жыршы» (Сонда, 178-б.).

М.Қаратаев сипаттаған сол күні Кенен мен Тайыр шаттықтан көзіне жас алып жылап отырса, сырт көз Н.Тихоновтың көргенін, көңілге түйгенін де көз алдымызға елестетіп көрейікші. Бұл бізге өзара салыстыру үшін қажет. Шындық пен жалғандықтың аражігін ажырату үшін керек. Біз білгенде, өтірік пен жалғандық бірнеше көзбен қарағанда ешқашан бір жерден шықпайды. Шындық

өтірікпен қабыспайды. Өтірік те солай. Шындық жалғыз, ал ол өтірікпен өмір мен өлім секілді әсте қабыспайды.

Сол сәтті Н.Тихонов былайша сипаттайды. «Кенет оның (Жамбылдың – У.Қ.) өзі пайда болды. Түп-тура солай, сырттан келді деп те, орындықтан тұрды деп те айта алмайсың, шауып келген бетінде асау тұлпардан қарғып түсіп, пайда болғандай, екпінімен президиум мүшелерін ығыстыра жарып өтіп, жарқ етті. Ол мінбеге барған жоқ, құмарта көз тігіп, сілтідей тына қалған бүкіл залды бір шолып шықты да, құлашын сермеп қалып, су құйған графин мен стакандары бар подносты, айналасы қобыраған қағазға толы дәу сия сауытты столдың шетіне қарай ысырып тастады. Шынында да, қазір жасалатын ғаламатына оралғы болатын қажетсіз нәрседей тым-тырақай жағалай қуып тастады.

Президиум мүшелері де екі жаққа ығысып, стол басында ойға шомып асқар таудай ақын Жамбыл ғана қалды... Жамбыл білеу-білеу қошқыл қан тамырлары торлаған етсіз өмірлі қолын алға сермеп, жиылғандарды тыныштыққа шақырды.

Жақ сүйегі шығыңқы жалпақ бетінде парасатты байсалдылық ұйыған, тек екі көзінің ұшқыны екі саңылаудан себелеген сәуледей... Толқынданып еркін төгілген сақалы таң шапағымен шағылысқан құлама тау суындай.

Осынау залда ол пайда болысымен уақыттың өзі тына қалған тәрізді. Үйдің жарлары кері серпіліп, көз алдымызға басқа бір дүниенің келбетін алып келгендей... ақынның өктем де өр дауысы залды жаңғырта саңқ етті де, бірте-бірте қалықтап барып, қырыл аралас көмей бұрқылға көше келе, бір кезде қоңыраудай сыңғырлап қоя берді. Ол үндерді шаңқ еткен қыран саңқылы бөліп жіберді» (Сонда, 17–18-бб.).

Екі жазушы да Жәкеңнің сол күнгі арындаған шабытын жай сөзбен жаза алмайды. Оның да себебі бар, халықтың ғасырлық импровизациясының құдірет күші де сонда – оны көргенде, оны тыңдағанда арқаланбай, шабыттанбай шыға алмайсың. Сені жырау өз әлеміне магниттей тартып әкетіп, уақыт пен кеңістіктен бір сәтте, бір сәтке ажыратып тастайды. Ақпа-төкпе ақынның нөсердей құйған құдіретті жырының көркем әлемінің тілі біреу ғана – ол өнердің тілі. Ол нәсіл, ұлт таңдамайды. Ол тіл – жалпыадамзаттың тілі, жалпақ әлемге түсінікті тіл.

Н.Тихонов: «Не туралы жырлады ол? Ешбір тілмәштің



аудармасы керек емес, өйткені, жүйе-жүйенді баурап алып, мас қылатын осынау шабыт күші мен шабыт шындығын ешқандай аударма арқылы жеткізуге болмайды» деп көрегендікпен дәл айтқан. Дұрыс айтқан!

Негізінде, өнердің құдіреті дегеніміз – ғашықтың тілі сияқты тілсіз тіл. Оның рухани әлемі жан дүниені өзгеше үйлесіммен құйылып кеткенде, бас идіріп тәнті де етеді, табындырып та кетеді. Осы тұрғыдан келгенде, Н.Тихонов қазақ ақынына, өзі атап айтқан «ақындардың атасына» бір көргенде-ақ табынып қалды. Өнерге, шын өнерпазға табыну – ол да талантпен кіндіктес қасиет. Осындай мінезге бай орыс жазушысының осынау әдемі эссесін бұзып-жармай бір-ақ бергің келеді. Өйткені, сонау жылдарда-ақ Жәкеңнің талантына күмәнмен қараған адамдар, өкінішке орай, әлі де арамызда бар. Олардың, «оны орыстар қалай түсінді» деп пыш-пыштаған сөздеріне, сол орыстың арда ұлының айтқан жоғарыдағы ойларын нұсқап кету үшін. Өттен, қалыптасқан дәстүр ұзақ цитатаны жақтыртпайды.

Әйтсе де, «Ақындардың атасындағы» Жәкең айтқан мына бір сөздерді оқушыға және жалпақ жұртқа айта кетсек, оны жазған авторға да біз тараптан жасалған ыстық ілтифатымыз болар еді.

«Жамбыл жыр туралы сыр шертеді: – Жыр қалай туады дейсің бе? Ол ақын жүрегінің терең түкпірінде жаратылып, жұртқа жететін жол іздейді. Дүниедегінің бәрі де, тіпті аспандағы бұлттың жерге түскен көлеңкесі де жырға жейде бола алады; дүниедегінің бәрі де, тіпті ат тұяғының дүрсілі де жырға үн бере алады, таңғы жұпар да, шүйілген сұңқар да, бәрі де жырға жан бітіре алады! Ал бірақ өлең бір туды екен, ол ақша бұлттардан да биік самғайды, түмен-түмен тағалы тұлпарларыңның мың сан дүсірінен басым түсіп, осынау кең жазираға сыймай кетеді. Жат жұрттарға да өтіп, көрмеген елдердің көкейінде бұлбұл болып сайрайды...» (Сонда, 21-б.).

Ақын дәл осылай айтқанына, автордың да аздап өңдегені болуға тиіс, әйтсе де негізінен естігенін жазғанына менің күмәнім жоқ. Жәкең тек осылай, оймен сөйлейді. Оның мірдің оғындай тапқыр, тәмсіл сөздеріне бас шайқаған адамдардың соңы да, басы да Н.Тихонов емес. Оған: Л.С.Соболев, П.Кузнецов, Д.Снегин, М.Тұрсын-Заде, Т.Сыдықбековтерді қосыңыз. Бұған, Жамбылдың қатарлас, замандас ақындарын айтпағанда, өзіміздің Мұхан, Сәбең,

Ғабан, Әбділда, Тайыр, Ғали, Сапарғали, Қалмақан, Мұқаметжан, Мәлік, Бауыржан, Нұрғисаларды т.т. қосыңыз. Тізім тым ұзаққа кетеді.

Ал осы Жәкең айтқан жыр туралы сөздерде қаншама тұжырымды ойлар мен пікірлер жатыр. Өнер туралы оқымаған дала академигінің ғылыми ойлары, қазіргі теориялық стильмен айтсақ, жырдың тууын, оның көтеретін жүгін, нысанын, қоғамдық мәні мен маңызын қазақтың қарапайым тілімен түсінікті ғып айтып тұрған жоқ па? Міне, біздің көкірегі қазына, ми қатпарлары өзгеше жетілген, өнерді өмірден алып, өмірді өнерге айналдырған дала философтарының теориялық тұжырымдамалары осылай қалыптасқан.

Енді бірде Жәкең Асан қайғыша желмая мініп, жер шалып кетпесе де, өзі сапарлап барған жер туралы, ел туралы, халық туралы орнықты пікірлері мен ойларын ортаға салғанда бағзы бабаларынан дарыған қасиеті бар екені байқалады. «Мынау Грузия деген елің өте сұлу жер екен. Көз қуанып, көңіл тояттар көп нәрсе көрдік мұнан. Бәлкім, мұнда еңбек ету үлкен михнат болар – иін тірескен ылғи тау, бір жоғары, бір төмен итіндеп жүргенің. Әйтсе де орманы да көп екен, бақтары да көп екен, сулары да көп екен, тауқыметі де көп болар. Жайдары жарқын бір жандар, өлеңжанды, биқұмар, қыздары сұлу, ұлдары қияпатты келеді екен, мінездері жайсаң, өздері менің жырларымды жақсы көреміз деп мақтап жатыр. Тамаша, сұлу ел!» (Сонда, 22-б.) деп айтқан сөздерінде Асан атаға сай хас байқампаздық пен сыншылдық жатыр. Егер Жәкең жаза алғанда (мысалы, Кремль, Москва, Грузия туралы) әдемі жолжазбалар мен өткір очерктердің нағыз майталман жазушысы болған болар еді. Себебі, Мұханның өз уақытында жазба авторларға тән таланттың Жамбыл бойында мол екендігіне шәк келтірмегенін мен жоғарыда айтқан болатынмын.

Ал Н.Тихоновтың тамаша эссесінде мынадай тиянақты тұжырымдама бар. Ол: «Жамбыл – поэзияның ең асыл қасиетін қастерлеп сақтаушы өлең сөздің пірі еді, сол асыл қасиет пен адамның жұптасуы, жұптасқанда да, табиғаттың көз үйренген бір құбылысы тәрізді, кәдімгі жел мен күн, күн мен түн тәрізді түгел сіңісіп кеткен жан еді» (Сонда, 24-б.) дейді. Бұл сөз– Сөз. Сараң, талантқа мұраттас бола алмайтын жандардың аузынан мұндай Сөздер шықпайды. Бұл – эстет-жазушының аузынан ғана төгілетін



әдемі Сөздер. Сондықтан да адам бойынан эстетикалық құндылық іздейтін, өзі де оны әсемдікпен тани алатын кісінің қаламынан ғана осындай ғажап эсселер туады.

* * *

Кешкі апақ-сапақта сау ете қалған әдеби хатшыларына Жәкең жылы қабақ танытпады. Сөйтсе де Тайыр мен Қалмақанның қасында еріп келген ұзын сарыға алдындағы ет табақты жылжытып қояды. Сөйтті де: «Әй, ұзын бала, вилки нет, кушай руками, будет вкусно» деді орысша. Онысына өзі масаттана жымыды сосын.

Жәкең киіз үйге кіргізілген электр жарығын жақтырмайды екен. «Көзін қарықтырып, тап бір өткір бәкімен тілгілеп-сұққылап жатқандай әсер етеді» деп талай айтса да, оны тағы да әкеп қойыпты. Ол өзінің қоңыр кешін, қоңыр үйдегі қоңыр мұңын сағынады. Ол өз үйінің ішінде тап сондай қоңырқай тыныштықты қалайтындықтан, электрдің өткір жарығын қызыл орамалмен оратып тастатты. Сөйтті де ұза-а-қ ойға шомып кетті. Осы үнсіздікті әлден уақта Тайыр бұзды: «Жәке! – деді ол дауыстап. – Тап қазіргі сәтте не ойлап отырғаныңызды білуге болар ма екен?» деп. «Сенің жасыңда... саған мұны түсіну қиын» деді қарт жырау осы сөздеріне әртүрлі астар беріп. Тағы да үнсіздік. Енді сол үнсіздікті өзі бұзып: «Өткен күзден бері әлдебір белгісіз нәрседен көңіліме күдік кіріп, мазамды алып жүр» деді. «Ол не қылған күдік-сезік тағы?» деп Қалмақан сөз қыстыра қойды. «Мен өзімнің соңғы жырымды айтып үлгермесің деп қорқамын» деп тәтем оларға ішкі бір терең қоймасын ақтаруға ықыласты екенін білдірді. Бұған разы болмаған Қалмақан тағы да: «Оны ешкім білмейді» деп еді, бұл жолы қарт жыраудың шамына тиіп кетті. «Ешкім білмесе, мен білемін!» – деді шорт кесіп. – Мен бұл дүниеден қашан өтерімді білмеймін, бірақ ең соңғы жырымызды айтып үлгермейтінімді анық білемін!» деді әлгі бір сөзін одан да әрі шегелеп. Сосын, мыналардың не үшін келгенін жақсы біліп отырған Жәкең амалсыз өз сөзін жуып-шайып былай деді: «Егер әрқайсымыз өлшеп берілген ғұмыр-мерзім ішінде көп, тіпті аса көп іс тындырсақ, одан әрісі – ең соңғы басты шаруамызды да бітіріп кетсек, онда біздің балаларымыз бен немерелеріміз іссіздік пен қол бостықтан азғындап кетер».

Осы бір ағыл-тегіл сұхбаттасу емес, келте-келте тіл қатысулар арқылы Жәкең қаншама ой айтты және өзінің де жан дүниесі нені тілеп, нені қалайды, неге өкінеді, бір сөзбен айтқанда, ішкі сырын ашып отыр. Жанындағыларға, жақын адамдарға, болашаққа – арман-мұратын, айта алмай кеткен әңгімесін, айтылмай кеткен жырларын әм айтылуға тиіс жырларын жоқтап мұңын шағып отырған жоқ па?

Бұны қайсымыз сезіне алдық екен сол уақта. Ал осыны дұрыс байқап, жазып кеткен, тәтемнің «ұзын бала» атап, алдындағы асын ұсынған адамы – Дмитрий Снегин еді.

Жәкең де аса қырағы, байқампаз адам ғой, күнде кеп, баяғы «тапсырыстарымен» әурелейтін Тайыр мен Қалмақан менің мұңымды елей қоймауы мүмкін деп, Д.Снегинің алдына табағы мен тағдырын қоса тартып отыр. Соны ұға қойған «ұзын бала» «Ақынның бір түн, бір таңы» деген естелік-мақаласында: «Жамбыл бала жасынан қалап алған өнерпаздық, ақындық жолында әлеуметтік заказға барынша ден қойып, соған үйренген» (Сонда, 253-б.) дей отырса да ұлы жыраудың жанайқайы мен адами аманатын жасқанбай айтты. Ерлік! Өйткені, ол кезде, арнайы тапсырмамен барған соң, тек сол турасында ғана сөз жазу керек болатын. Көди-сөди қыстырма әңгіме керек емес. Сөйтсе де Д.Снегин Жамбылдың әңгімесін жадына түйіп, түйіп қана қоймай, ұмытпай жазып қалдырды. Мүмкін біз ойлаған нәрселерді автор ойламауы да ғажап емес, алайда шындық сөзде қалады және Жәкең де осы сөздерінің тарихта таңбаланып қалуына ықыласты болғандықтан, сол бір кеште негізгі сырын, құпиясы аса мол ішін ақтарып салды.

Жалпы, Д.Снегин осы кішкене естелік мақаласында ақынның рухани дүниетаным кеңістігін, шығармашылық сәттіліктері мен сәтсіздіктерін, басқаша айтқанда шығармашылық лабораториясын барынша жан-жақты ашып көрсете алған. Себебі, сол күндердің өзінде де Жәкеңнің жыршылық, ақындық өнеріне күмән келтірушілер болды. Бұл әсіресе, ақындық импровизация өнерін түсінбейтін және оны бағзы заманның өнері деп пайымдап, сол күндермен келмесе кеткен деп ойлайтын адамдарда басым еді.

Д.Снегин де сондай ойлардан алыс болмағаны жоғарыдағы «әлеуметтік заказ» деген сөздерінен де байқалады. Алайда, ондай пікірлері «Ақынның бір түн, бір таңында» Халхин-Голде шайқасып



жатқан айбынды Қызыл Армия мен бауырлас монғолдық достарға Жамбылдың жалынды жыры керек болып, Павел Кузнецовтың орнына барып қалғаны, өзінің бақытына әрі біздің бақытымызға да орай төңкеріліп түсті. Ол өзге ұлттың өкілі ретінде Жәкеннің жыр тудыру азабын (мұның ішінде әдіс-тәсіл де бар) көзімен көріп, таң қала табынып әм мойындап та қайтты. Оған жазғаны дәлел болса, бізге ондағы шығармашылық үдерістің сипатталуы құнды. Біздің бақытымыз деп мен осыны айтып отырмын, әйтпесе Жамбылдың жойқын ақын екендігін тағы да дәлелдей түсу үшін біздің заманда жаңа қиындықтар мен көп кедергілер көбейе берер еді. Көзін көріп, жырын тындап, оны тарихқа таңбалап жазып кеткен орыс жазушысының сөздері өзіміздің қазақтардың айтқанына қосымша, тиянақты дәлел бола алады. Себебі, даукес жұрт «өй, олар әдеби хатшылар ғой, өзіміздің қазекең емес пе?» деп шыға келері сөзсіз.

Жамбыл әлгі бір ішкі сырын айтып қалғаннан кейін ақырындап, амалсыз «әлеуметтік заказға» қарай келеді. Тайыр мен Қалмақан самурайлар, совет жауынгерлері, монғолдық шеріктер мен Отан туралы ақынның құлағына кейбір мәліметтерді құя бастап еді: «Білемін!» деп қатаң ескертті. «Білемін. Не айтқалы отырғаныңды. Отанды жаудан қорғау жолында жаныңды кию – келер ұрпақпен бірге өмір сүру деген сөз демекшісің ғой...» – деп бір тоқтаған алып ақын, өзінің өткен күндеріне еріксіз көз жіберді. Сөйтті де зұлымдық пен жауыздықтың өткені-бүгіні бола ма, өзі және ол қазақ па, қалмақ па, сарт па, самурай ма, совет пе бәрібір емес пе деп ойлады. Сөйтті де: «Бала жасымнан қорқаулар мен тонаушыларды, күш көрсетушілерді жек көрдім. Бала жасымнан мейірімділік пен әділеттілік туралы арман еттім, өмір туралы өлең шығардым» деп жыр тудыру үшін жады мұрағатын іске қалай қосатынынан бір дерек қалдырып, оңаша үйде жалғыз қалды. Қолында жалғандағы жалғыз серігі қара домбыра ғана. Кезекті жаңа жыр тудыру азабы.

Жәкеңе көргенінді айт, көңілге түйгенінді айт, өмір туралы, өткен жайында жырла, батырлықты, ерлікті, махаббат пен кәрілікті, опасыздық пен сатқындықты, жақсы мен жаманды т.т. толға деңізші, қалай ағызар еді. Бұған Жамбыл өзі айтқандай «даңғыл» ғой. Өттең деңіз, естімеген, көрмеген, білмейтін жайт туралы жыр тудыру қасірет, әйтсе де даңғыл жырауға кішігірім көшемен де жүйткіп кету соншама қиын болмайды. Өзінің көкірегіндегі

мұрағаттарын іске қосып, солардан керекті мәліметтерін теріп ап, үзiк-үзiк қып бiр тастап алса, ары қарай ебiн табуға болады. Өзi боп, Тайыр, боп, Қалмақан боп дегендейiн.

Бұны Д.Снегин былайша сипаттайды: «Түн жарымы ауған шақта Жамбыл бiздi үйге шақырды... Ақынның өзi бұрынғы орнында отыр – аппақ қардай кең, мол пішiлген жейдесiнiң өңiрi ашылып кетiптi. Қолында домбырасы. Өңiнде шаршаған белгiмен қатар, қайрат-жiгер аңғарылады. Дүниеге жаңа жыр әкелу оңайға түспегенi, қиынға, тым қиынға түскенi бiрден байқалады.

Қойын дәптерiмiз бен қарындашымызды шығарып, дайын отырдық. Ақын домбырасына қосылып, жырлай жөнелдi. ...Табиғат Жамбылға қартайса да, мұқалмаған есте сақтау қабiлетiн сыйлаған. Бiрде-бiр сөздi қалдырып қоймай, жазып алу керек: ол секретарьларының мұндай кемшiлiктерiн кешiрмейтiн. Қалып қойған сөздер мен қолдан қосылған жолдарды бiлiп қоятын. Бұл менiң Жамбылды творчестволық шабыт үстiнде алғаш рет көруiм болатын.

...Өлең шiркiн бiз ойлағандай тау суындай ағыл-тегiл ағытылған жоқ. Тек қана фрагментi, нобайы ғана, дұрысы – фрагменттiң әртүрлi нұсқалары ғана түстi. Ал олардың арасы, бiр-бiрiмен байланысы ашық, үзiлген күйiнде қалып жатыр. Ара-арасында ақынның тоқтап қалуы, үнсiз сөз жұптауы, қайта жалғастыруы, тағы да құлаққа ұрған танадай өлi тыныштық орнауы және бар» (Сонда, 256–257-бб.).

Мен автордан мысалды көбiрек бергендi жөн көрдiм. Өйткенi, жоғарыда айтылған ойларымызды тиянақтайтын жерлерi өте мол. Және, осы мәтiнде астын сызып тұрып, айрықша белгiлермен беруге болатын қаншама сөздер мен сөйлемдер бар десеңiшi. Бұны көзi қарақты оқырман өзi де түсiнедi деп ойлаймын.

Жәкең хатшыларға жазып алғанын «Оқы!» деп бұйырады. Тайырдың оқығанын: «Ағындап, арқырап тұрсың, ә, жас тұлпардай» деп кекеп сап, Қалмақан оқыған соң мүлде түңiлiп кеттi. «Қызарыңқырап кеткен кiрпiксiз қабағымен көзiн жауып алып, шыдамдылықпен тыңдап жатқан Жамбыл, сол сәтте секретарьларынан дәптерлердi жинап алды да, өлең жазылған беттерiн жыртып алып, уысына қыса жұмарлай ұстап отырып қалды...

– Нағыз өлең-жыр күрес пен шайқаста шаршап-шалдыққан адамға күш-қуат, қайрат бередi. Мұны сендер жақсы бiлесiңдер.



Бірақ ол шаршаған, тіленіп, сөз терген ақынды сыйлап жақсы көрмейді... Барындар, демалындар!» деді. Тайырлар тағы кетті. Өленді де, өзін де аямаған, өтірік пен жасандылыққа жаны төзбейтін алып ақын тағы жалғыз қалды.

Мұндай сәттердің болғанын Т.Жароков те растайды. «Жамбыл өзінің жырларын қалай шығарған?.. Жамбыл оқырмандары қолына қалам алмаған ақынның өлең өнерін қалай меңгеріп, қалай туғызғанын білгісі келеді.

Ол былай. Жамбыл өленді домбыраға қосып шығарады. Кейде жазып үлгере алмағанды жаратпай да қалатын. Ол жазып алғанды оқуды өтінеді, тіпті талап етеді. Кейде жазғаның Жамбылға жақпайды. Ол келіспеген жолдарды қайта айтып кетеді. Артынан жөнделген нұсқаны қайта оқуды сұрайды, тағы да жақсарту керек пе деп ақылдасады» (Сонда, 60-б.).

Өзінің ұлы ұстазы болған халықтан қорыққандықтан, Жамбыл жасық өлең тудыруға бой алдырмаған. Алып ақын айтады: «өленді жаман шығарсаң, оныңды халық кешпейді» деп. Ол Әуезовше айтқанда «халықтың ғасырлық жырының» бірден-бір тірі куәсі әрі жыр алыбы болғандықтан, қанша жерден миына құйып жатса да, партиядан емес, тек халқынан қорыққан. Ал бұл реттен келгенде, бізде үкімет пен партияны көзсіз жырлап, одан сөзсіз қорыққан адамдардың аз болмағанын тарих растайды...

«Жеңіс жыры» ертеңінде туды. Тайырдың жалт-жұлт етіп, онысына көп мағына бере қойын дәптеріне жазып жатқанына қарап, «Жеңіс жыры» ғажап туынды болғанына автор күдік келтіре алмады. Әйтсе де, өзінің аудармасы нашар боп шыққанын азамат ретінде Д.Снегин мойындайды. «Сөз реті келгесін айта кетуіміз керек, – деп атап көрсетеді автор. – Жамбылдың «Жеңіс жыры» секілді басқа да өлең-жыр мұралары әлі күнге дейін өзінің аудармашы-ақынын күтулі». (Сонда, 258-б.).

Міне, бір өлеңнің туу тарихы – Жамбылдың рухани-дүниетанымдық әлемі мен сол кездегі оның қоғамдық та, әдеби де ортасының барлық барысын шынайы ашып берген. Мен сондықтан да Д.Снегиннің осы әдемі эссе-естелігінен бірнеше мәрте сілтеме алып, ал ала алмаған жерлерін өзімше көркемдік пайымдауларыммен талдап, талқылап көрсетуге талаптандым. Себебі, Жәкең туралы сөз жазу, Жәкең жөнінде жыр жазу сияқты болады да тұрады.

Сонда тәтеме «өкпелеңкіреп» қалған Қалмақан ептеп қана:

«Үнемі ойлағандай бола бермейді. Мәселен, сізде кеше...» деп Жамбылдың табанда «Жеңіс жырын» тудыра алмағанын іліп қалады.

Жәкеңнің жауабы әманда дайын ғой. Көкірегі кең даңғылдың қиялап кеп жол салып кететін осындай өткірлігіне қалай таң қалып, тәнті болмассың.

«Кінәң дұрыс-ақ, – деді Жамбыл, біртүрлі оның өкпесін аңғарып, байқамағандай сыңай танытты. – Рас, кеше ойлағандай болмады. Сөйткенмен, бәрі текке кеткен жоқ қой. Әрлі нәрсенің басы, бастауы қайда? Оны табу үшін өзіңді табуың, жан дүниенді соған ыңғайлауың керек. Сонда ғана өз бойыңнан халық қажетіне жарайтын жыр табасың. Жылусыз жүректен – жылымшы жыр туады. Ол кімге керек?» деді (Сонда, 259-б.).

Ақиқат қой! Жамбылды хат танымайды, оқымаған, сауатсыз дейміз, ал айтқан ойы бүгінгі кейбір ғылым докторы мен жасанды академиктің білімін жолға тастап тұрған жоқ па? Тегінде, кәсіптік білім дегеніміз шартты нәрсе. Оның кезеңдік ғана ғұмыры бар, шын талант, даңғайыр дарын, сондықтан да ол ұлы әрі мәңгі.

Осының бәрін көзімен көріп, сезген «ұзын баланың» түйдек-түйдек ойларының түйіндемесі былай болып шықты: «Оның әңгімесі әрқашанда тай жамбыдай құйма, өткір де дәл, әзіл-оспақ, юморға, афоризмге толы болып келетін. Бұл тек аса талантты, нағыз суырыпсалма ақынға ғана тән қасиет болса керек» (Сонда, 255-б.). Мұндай тұжырымға кім қосылмас!

* * *

Әр заманның өз «Батырашы» болады. Сол уақытта да күдікшілдіктің күңкіл күбірі Мәскеуге дейін жетеді.

Әлгіндей ақындық азаппен жыр тудырған Жамбылды жамандап, Орталыққа шапқылаған, арызданған өзге емес, өзіміздің ағайын ғой. Өзіміз айтпайтын, айта алмайтын сөздерді, керек болса өзімізге өзгелер айтып тұрса да, Абай айтқандай: «беріп келсе бір арыз бұтып-шатып, елді алып Еділді алып есіредінің» желігімен Жамбылға біраз қиянат жасалды.

Ақыры, Жамбылдың ақындығын енді жетпегендей, Мәскеудің алдында ақтап алу керек болды. Айыпталушы – ақын Жамбыл,



қаралаушы – аноним, қорғаушылар: Мұхтар Әуезов, Әбділда Тәжібаев, сот – Леонид Соболев болды.

Бұл қазақтың кесапаты...

Атап айтсақ, 1940 жылдың шілде айының бас кезінде Москвадан Мұхаңа шұғыл телеграмма келеді. Л.С.Соболевтен! «Бір жеті Жамбылдың қасында болуым керек!» деген. Иә, Соболев Москва емес, Москва да Соболев емес. Әйтсе де, дұрыс сөз Соболевке жетсе, ал Мәскеу оған құлақ қояды. Өйткені, Сталинге түскен арызда: «Жамбыл деген дүниеде ақын жоқ. Ол өтірікшілердің жандарынан шығарып жүргендері, бұдан былай Жамбылға сенбеңіз» делінген сұмдық тарихи жала жатыр еді. Сталин арызды КСРО Жазушылар Одағының бастығы А.Фадеевке тапсырыпты, ал оны тексеріп келуге қазақ жеріне Л.Соболев жіберіледі (Сонда, 116-б.). Москвада Жамбылға Сталиннің өзі сәлем бергені де қазақты ойлантпайды.

Өз жеріміздегі атақ-даңқын айтпағанда, кеудесіне 1936 жыл Кремльде Калинин таққан Еңбек Қызыл Ту ордені бар, одан кейін Тбилисиде дүйім жұртты таң қалдырып қайтқан Жамбылды «дүниеде жоқ» деушілердің арыздары оның даңқына даңқ қоспаса, бір мысқал төмендете алмады. Талантсыздардың тағдырларын тарих осылайша тәлкек қылды.

Өйткені, аудармашысы ұлы Мұхаң, ақынның өз сөзімен айтқанда «шоң қазақ» болса, оның жанында сырдың жас сүлейі Әбділда жүрсе, Жамбыл жырының құдіреті мен қуаты жалған сөздің қуарған бөз матасын дар-дар айырып, жүректен жүрекке жетіп, мәңгіге кетпей ме? Соболев деген сөз бе екен оған. Ақынға Мәскеу, Сталин, арыз дегендер түсіне кірмейтін, түсініксіз сөздер. Жырын жеріне жеткізіп аударып беретін адам болса, өлеңін сау санамен миына құйып, жан сарайын толқыта алса, қалған нәрселер үшін ұлы жырау көп қам жеген емес. Жауһар жырды бабы келсе, төге бермек.

Әбділда Тәжібаевтың естелігінде Мұхаңның аудармасы өте күшті, дәл болып және Жамбыл өлеңдерінің барлық көркемдік қуатының еш төмендемей Соболевке жетуі – оны таң қалдырып, сөзсіз мойындатып тастады дейді. Ол қазақ халқының импровизациялық өнерін құлағымен тыңдап, тебіренгені сонша: «Бізге импровизациялық өнер өткеннің романтикасы сияқты ғой. Менің жеке басым «Сирано де Бержеракті» (Сирано

де Бержерак – XVII ғасырда өмір сүрген француз жазушысы) сахнадан он рет қатар көруге әзірмін... Бірақ қазір сондайлар бар деушілерге сенбеген болар едім» (Сонда, 107-б.) деп бір тұжырымдады Жамбылдың суырыпсалма ақын екендігіне күдігі қалмаған соң. Ал оның ұстазы, «пірі» Сүйінбайдың Тезек төреге айтқан қатқыл-қатқыл сындарына таңырқаған Л.С.Соболев: «Қатып қалған кірпігі кәрі ат екен» деген жолдарды естігенде тіпті ғажаптанып, мұны атақты «Холстомердің» авторы «Толстойдың өзі де аңғармаған болу керек!» депті. Сөйтіп, Жамбылдың ақындық мектебінің де осал емес екенін тағы бір түйіп қойды. Өзі жайында ақынның арнау айтқанына пенде ретінде қуана қызарып кеткен «наржігіт» Жәкеннің сақалынан сүйіп қоюды да ұмытқан жоқ. Тіпті, Мұхаң мен Әбділдаға қайтып бара жатқанда: «Мен қазақ болсам, тек Жамбылмен ғана бірге болар ем, аузынан шыққан сөзін жаза берер ем, жаза берер ем...» деп ішкі сырын да жайып салады. Иә, көргенді, өнерпаз жұрттың, университеттері мен ғылымының іргетасы әбден қалыптасқан, әдебиеті әлемдік ауқымдағы ұлы орыс халқының білімді, мәдениетті баласы осылай сөйлейді.

Солай бола тұрса да, Соболев Жамбылдың табанда тауып айтар айтқыштығы мен жыршылығын, халықтың ғасырлық мұрасының жалғастырушы ізбасары екенін білгенде өзін шәкірт сезінді. Ақын оған атақты «Кәрілік» дейтін өлеңін айтқанда Соболев «папкесінен үлкен жалпақ дәптерін алып жазуға кірісіпті». Әлбетте, жоғарыдағы көрген, сезген, көңілге түйген жайлардың шып-шырғасын шығармай жазады. «Мұхаңның екі қолын бірдей жайып. – Жамбылдың басында миллионнан артық ұйқас бар. Ал ырғақ, ассонанстар қанша. Осыған оның ұлы ақындық талантын қоссақ не шығады» дегенін;

«Ақын – жауынгер, ол күнде сайыс, күнде атыста жүрген солдатқа ұқсайды десек, оның жадындағы миллион ұйқас лентаға тізілген пулемет оғы емес пе?...» – деп түйдектегенін;

«Тұрып қара мұндай пулеметшінің алдында!..»

«Мінеки, саған импровизацияның ат басындай алтыны! Жаз тез, жаз!» деп кеудесін қуаныш кернеп қырандай саңқылдағанын Соболев сөз жоқ тарихи қағазына жазып жатты. Және Жамбылдың жыршылығына күмән келтірген адамдарға бұлтартпас айғақ-дәлелдемелермен өзінің әділетті сөзін де жазды. Ол өз жанынан да талай-талай жақсы, құнды пікірлерін де қосты, сөйтіп Мәскеуге



қайтты... Ал Мұхандар одан қандай шешім шығарғанын сұраған да жоқ. Ол айтқан да жоқ. Тарихи ақиқат мынау – арызға нүкте қойылып, шын мәнінде, өмір сүріп жатқан және әлі де талай жалынды жырлар тудыратын жыр алыбы Жамбылға бұдан кейін ешқашан тексеріс жасалған жоқ. Және жасалмақ емес!

* * *

«Біздің ақын-жазушыларда Жамбылмен тұстас, істес болғандар аз емес. Қалмақан, Тайыр, Ғали, Қасым (Тоғызбақов), Қапандар кезек-кезек ұлы жыраудың хатшылық қызметін атқарады. Мұхтар, Сәбит, Ғабиттер де Жәкеңмен үнемі байланыста болды. Ал Сапарғали Бегалин ақынның биографиялық материалдарын жинау үстінде онымен сан рет кездесті. Демек, осы адамдардың Жамбыл мінезі мен оның үрдіс әдеті жағынан аңғарғандарынан жазғандары да толып жатыр. Солардың қайсысын алсаңыз да, Жамбыл бірдеңеге таң қалып еді, қызығып еді деп айтпайды, мен де соны растаймын», – деп Ә.Тәжібаев айтқан қызғылықты мәлімет ақынның адами болмысынан да мол мәлімет береді.

Өйткені, ақындық дегеніміз – мінез. Мінезсіз ақын ортанқол ақын. Ақынның құбылысты байқап, болмысты сезінуі де ерекше болуға тиіс. Олар қарапайым адамдар байқай бермейтін жайттарға назар аударғыш болса, тіпті көзге ұрып тұрғандарды елемейтін мінездері де болады. Кейде адуын, кейде аңғал, кейде дана, кейде бала боп кетеді.

Жамбыл Мәскеуге бірнеше мәрте (төрт рет) барып, Тбилисиде болып, қарт Кавказды көрсе де, соншама таң қалмаған екен. Ол турасында «Москвада, Алматыда, Ленинград пен Тбилисиде өз маңында көрген түсініксіз жайттардың бірде-біріне таңданып көрген емес» (Сонда, 24-б.) деп жазады Н.Тихонов. Оған зәулім үй, көшелер мен алаңдар, электр нұрына малынған сарайлар, самолеттер көп жасаған ақынға таң емес, «ақындардың атасы ештеңеден саспайды, өмірдің әрбір кешін алыс жолдан шаршап келіп, атының ер-тоқымын алып, аяғына өре салып, далаға отқа қоя беріп, өзі жантайып жатып, киіз үйдің жабығынан жымың қаққан құс жолын көріп жатса» (сонда), міне сол ғана Жамбылдың жанына жылылық сыйлайды, – депті.

Тіпті, Қазақстан өкіметі Алматыдан жақсы, жайлы үй салып

берейік десе де өзінің туған ауылынан табан аудармай қояды. «Мен Ұзынағаш топырағынан жаралсам керек, – депті Жәкең оларға және азаматтарға аманат сөзін де қадап айтуды да ұмытпапты: – маған сол үйренген орным қолайлы болар. Қалаға сүйреп қайтесіңдер. Өлсем қабірім сол топырақта болсын...». Содан үкімет айналасы екі жылдың ішінде (әуелі төрт бөлмелі үй салған екен) он екі бөлмелі үлкен үй салып береді, электр жүйесі де келтіріледі, астына машина мінгізіп, жанына хатшылар қосты. Ал бұған Жамбыл қарыздар боп қалмады. Үкімет орден-медаль беріп жатса одан да бас тартқан емес, ал өзі сұрап барған жоқ.

«Жамбыл 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақ өнері мен әдебиетінің декадасына барып келгеннен кейін үкімет ауылында алғашқы ағаш үйін салып береді. 1938 жылы шығармашылық қызметінің 75 жылдығына орай қазір музей болып тұрған үлкен үйді салып, машина береді. 1936 жылы шығармашылығын жазып алу үшін әдеби хатшылар, аудармашы тағайындалады. Оларға сол кез үшін жақсы жалақы, іс-сапарлық ақылар төленеді, – деп бұл сөздерімізді Жамбыл музейінде көп жыл қызмет істеген ғалым ініміз Р.Әбдіғұлов растап қана қоймай, – ары қарай ақын үйінің тарихи-мәдени орталыққа қалай айналғанын: «Жамбылдың үйі жазушылардың, ғалымдардың, т.б. келушілердің ауылдағы одағына айналып, сол ауылда құрылған Ерназар Елтаев атындағы колхоз етпен, басқа азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырады. Завхоз тағайындалады. Ақынның денсаулығын тұрақты қарайтын медсестра, Алматыдан келіп тұратын дәрігер бекітіледі. Машинасын алғашында Григорий деген қаладан келген орыс жігіті айдап, кейін Жамбылдың туысы Нағашыбек Байсалбаев деген кісі жүргізеді. Радио орнатылып, ток өндіретін шағын электростанция іске қосылады. Бұларды Шустер деген ұлты еврей кісі ұстаған. Сонымен ақынның үйі ерекше мәдени орталыққа айналып, түс ауа шатырдағы радио қосылар кезде ауыл адамдары жиналады екен, электр жарығын да осында алғаш көрген. Жамбыл атамызда дүниеқоңыздық, тоғышарлық анық жоқ. Сол кез үшін кең сарайдай 12 бөлмелі жаңа үйге кіргізгенде Жәкең: «Әй, мынауыңның ауасы тар ма?», – деп, аса әсерлене қоймаса керек. Қыста ғана тұрып, жазда жайлауға көшіп кететін болған. Әрине, осының бәрін өкімет тегін істеп отырған жоқ» (Әбдіғұлов Р. Жамбыл шығармашылығының белгісіз беттері // Қазақ әдебиеті, №8. 22 ақпан, 2013 жыл) деп



«әлеуметтік заказды» Жамбылға жүктегенде идеологиялық саясат түрлі-түрлі амалдарға жүгінгенін, ол аз десеңіз, Жамбылға саяси сабақтар жүргізіп (пропаганда), жеке өмірін де қатаң қадағалап, «расписаниеге» отырғызып қойғанын архив құжаттарымен дәлелдейді.

Сондай-ақ, Жәкеңнің алғаш осы жаңа үйіне кірген күнгі оқиғаларды Ә.Тәжібаев та қызғылықты баяндайды. Мұндағы алып ақынның сөзі мен ісіндегі жасанды «қуақылықтың» өзінде де нәзік бір қариялық кескін бар. Тіпті, тұрпайылау айтқан жекіру сөздері де адамды соншама тіксінте қоймайды, қайта қарттыққа жарасымды боп көрінеді. Біз Жамбылдың өзін өзгелерге өктем көрсеткісі келмейтін бір қасиетін де осы жерден байқаймыз. Өйткені, күллі Мәскеуінді дүркіретіп, Сталиннің сәлемін алып, Калининге өңіріне орден таққызып, өлеңін тыңдатқан Жамбылға асқақтап сөйлесе несі айып?! Асып кетсе ақындық асау мінез дегенге аудару салу да қиын болмас еді. Бірақ қарт жырауда ондай оғаштау мінездер табиғатында болмаған.

Жәкең шындық шырақшысы. Керек кезінде ол әділет үшін байырғы бабаларындай қайраткер боп шыға келеді. Мұндай қасиет екінің бірі, егіздің сынарында кездесе бермейді. Тағы да Ғ.Ормановтың күнделігіне түскен: «9 апрель. 1940. – Әулиеатаға келдік, балалар», – дейді Жәкең терезеден қарап.

– Жамбыл қаласына келдік деңіз, – деймін мен.

– Әулиелердің атын тартып әпердіңдер ғой әйтеуір, деп күлді, «Атыңнан айналайын Әулие ата, атымды ап қойды деп қапа болма...» деп күбірледі (Дастан ата: Жамбыл Жабаяев туралы естеліктер / Құраст. Н.Төреқұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 150-б.) дейтін сөзінде тарихи шындық пен қоса ақынның адами тап-таза жан дүниесі жатыр.

Иә, жаңа үйіне кіріп келе жатып, «бісмілдә» деп сәлем берген ақын өзінің қараша қазақ үйіндегідей қойын-қоншынан жүйткіп жататын даланың саф ауасын таба алмаса таба алмаған шығар. Бұның растылығына шүбәміз жоқ. Бірақ сол күні қазіргі мұражай үйіне күңіреніп емес, дүйім жұртты күлдіре кіріпті.

Ақын өзінің аса байқампаз әдетімен «жан-жағына қаранып ап, терезеге таяу тұрған биік шарайнаның алдына» тұра қалса керек. Елдің көзі Жамбылда. Ал Жамбылдың көзі айнадағы Жамбылда.

– Мынау кім? – депті айнадағы Жамбылды таяғымен түртіп

қап, сосын тағы да: – Мынау кім, танымсындар? – десе керек кәдімгідей қасындағыларға «аңқау» сұрақ қойып. Ел қапелімде тосылып қапты, өйткені ақынның өздерін күлкі ғып кететін мінезін білетіндер шапшаң жауап қайыра қоймайды.

Сөйтсе, елден бұрын тәтесінің шиін шығара қоймақшы болған ұлы Тезекбай:

– Сізге ұқсайды, тәте! – деген екен.

– Былшылдапсың, – дейді Жәкең баласына бұрылып қарап: – Тумай жатып қартайған сендердің біреуің шығар. Мына шалыңа ит ұқсасын – депті. Ел қыран-топан күлкіге батып жатыр.

Ақын өзінің қарттығына мойынсынғысы жоқ, ол мыналарға жаңарған заманның жасарған жас Жамбылымын дегенді ұқтырғысы келіп тұрғандай.

Содан, өзінің жатын бөлмесіне кіріп кепті де, оң қабырғаға іліп қойған Амангелдінің суреті тоқылған түкті кілемге қадала қарап тұрып: – Сабаздың атқа отырысы бөлек екен, – деп бұрыла бергенде ақынға тұрғандардың ішінен біреуі: (мүмкін тағы да Тезекбай шығар) – Амангелді батырды білесіз ғой, тәте? – деп сөз қыстыра қойыпты.

– Білмегенде ше, батырды ақын білмеуші ме еді?

Жәкең шамданыңқырап қалғандай айнала жұртты қыран көзімен шолып тұрып қалғанда, әлгі білгіш тағы да тек тұрмай:

– Мынау сол батырдың жауға шапқан суреті, – деп ұлы ақынға «ұстаздық» көрсетіп қалған ғой.

– Былшылдапсың, – дейді Жәкең тағы да Тезекбайға өтірік ұрысқансып. – Амангелді біздікіне қайдан келсін? Танып қойыңдар, бұл менің Мәскеуде жасалған суретім, – дейді осы сөзіне әртүрлі астар беріп (Сонда, 98–99–бб). Ел тағы да күліп жатты.

Адамға түрлі ой салатын эпизод. Ақын Амангелдінің суретінен сол күні неге өзін іздеді екен. Әлде өзі таңды таңға ұрып жырлайтын «Манас» пен «Көрұғлы» немесе «Сұраншы», «Саурықтардың» қаһармандық бейнесін дәуірі бір замандас батырымен салыстырып тұрып, атқа отырып, қолына домбыра емес қару алса, өзінің де Амангелдідей батыр болатынына іштей иланып тұрды ма екен. Өйткені, Жамбыл өзінің ақындық рухының қаншалықты жойқын екенін жақсы білген, сондықтан өзіндей ой батырынан қол батырының шықпауы мүмкін бе? Осыны ойлап, және осыны жұрт дендеп ойлансын деп мына



сөздерін Тезекбайға айтқанымен, болашаққа, мына біздерге қарата айтып кетті ме екен...

Өмір сүрген дәуірі ұдайы шапқыншылықтар мен жоқшылықтарға, әлеуметтік кіріптарлыққа, көтерілістер мен төңкерістерге және Ұлы Отан соғысы жылдарына тап келген ақынның ұзақ жасауы да сұмдық таңқаларлық жайт. Ол шыр етіп жарық дүниеге келгенде де, Жапа отбасы аттың жалы атанның қомында Қоқандық шапқыншылардың қуғын-сүргінін бастарынан кешіп жүрді. Жамбыл тауының бір пұшпағында кіндігінің қаны тамған сәбиді сол күні кім өбектеп жатты дейсің? Ал араға көп жыл салып, сол сәби Жамбыл тауын әлем картасындағы даңқты жерге айналдырарын ешкім білген жоқ еді. Алайда, өзі жел мен жаудан қорғаған және өзінің аты қойылған бала Жамбылға қарт Жамбыл тауы ұзақ ғұмыр тілеп, өзіндей мәңгілік боларына сенген болар. Себебі, табиғаттан артық, табиғат-анадан асқан бұл ғаламда адамға қамқоршы, жәрдемші һәм тілекші бар ма өзі?! Осы жағынан келгенде, Жамбылдың ұзақ жасағанының өзінде табиғатпен байланысты табиғи бір заңдылық бар сияқты.

Осы жерге профессор Б.Майтановтың бұрынырақ айтқан: «Ақпанның аязында Жамбыл тауының етегінде дүниеге келген нәресте жүз жасар деп кім ойлаған?! Ол екі ғасырдан бөліп қосқан бір ғасырлық өмірінде кішігірім көтерілістерді айтпағанда екі дүниежүзілік соғысты басынан өткеріпті...

«Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» Жамбыл Жабаев – қазақ халқының асыл ұлы, адамзат өнерінің алыбы. Ол – қыр-сырын ешқашан танып білмейтін құпия жұмбақ, ғажайып асқар ақындық таланттың «таңнан салса кешке озған» Тайбурылдай тұлпары. Табиғаттың өмірге тартқан ерекше сыйы» деген үндес ойларын жоғарыдағы сөздеріме мысал ретінде алуды артық көрмеймін (Майтанов Б. Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер: зерттеулер, эсселер / Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2009. – 255–256-бб.).

Иә, буыны бекіп, бұғанасы қатқан жалындаған жастық шағында Жамбыл көрген өмір ХІХ ғасырдың соңғы жартысы болса, ал ағалығы мен ақсақалдығы ХХ ғасырдың алғашқы жуан ширегіне тиесілі екен.

Міне, осы айтылған тарихи кезеңдер тарихтан аз-маз хрестоматиялық дәрежеде мағлұматы бар адамдарға белгілі.

Патшалық бодандық, ұлы қазан төңкерісі, аштық, саяси қуғын-сүргін, сосын екінші дүниежүзілік соғыс. Ал бұлардың ішінде Жамбылдың жеке басы көрген қиыншылықтарын кім біліп, кім санай алады. Бір ғана махаббатына жасалған тарихи уақыттың қасаң дәстүрлері ақынға қандай психологиялық ауыртпашылықтар мен өлшеусіз күйзелістер әкелгенін тағы да қай қазақ біледі. Жалпы, әлеуметтік өмірдегі кедейшіліктің салдарынан адам баласы қай кездерде де көре бермек көрешектерінен. Жамбыл да орасан соққы көрген.

Тағы бір қаперге ұстайтын нәрсе, оның құдай берген ұлы дарынын әкесі де қолдай қоймаған дейтін көзқарастарды бүгінгі күннің мұғдарында қайта қарау керек шығар, бәлкім. «Екейде елу бақсы, сексен ақын, жын қуғандай болады кешке жақын» деп Шыбыл Шал шенеген шындық осы руға берілген шынайы баға емес пе екен, өзі!? Айтқан сөз, айтылған ойлар қағазға түсіп, қатталып қалмайтын заманда әлгіндей сөздердің тарихи құжаттардан аман сақталып қалуының өзі екейлерге неліктен намыс болуы керек. Қазақтың қай руының ақындығы мен бақсылығын (бұл да бағзы өнеріміз емес пе?) айырып айтқан осындай сөздер шежіремізде бар. Әрине, жоққа шығармаймыз, бар шығар, бірақ соншама көп емес. Бұл жағынан екейлердің өнерпаздық паспорты өте нақты әрі жас Жамбылға осы баға шабыт бергеніне күмән жоқ.

Ал Жапа атамыз Жамбылға «сен сексен біріншісі» боласың ба десе, біріншіден рулық шеңбердегі сол уақытқа сәйкес тар түсініктен шыға алмады. Ол замандағы ру-тайпалық ұстанымдардан басқасын айтпағанда, атақты Сарекен, Сарыбай атамыздың өзі де шыға алмады. Бұрым қызды алып қашқан Жамбылды «жесір дауы» сияқты үлкен шырғалаңдар күтіп тұрғандығын білгендіктен, Сарыбай оны дер кезінде тоқтатты. Әлбетте, өте қиын жағдай, әйтсе де талай жылдар тоз-тозы шығып, қаңғып кеткен екейді енді-енді жинап келе жатқанда тағы бір пәлеге душар болмауды ойлаған Сарекеннің бұл қадамы оны да, руын да сақтап қалды. Бәрі де бір екейдің ар-ожданын ойлағандықтан. «У ішсең руыңмен» деген тарихи дұрыс тәмсілдің ол кезде салмағы орасан болатын.

Осыны ойлаған Жапа да баласына ақындықтан гөрі батырлық пен байлықты мақсұт тұт дегісі келді ме екен. Өйткені, үнемі жаугершілікте жүріп, дұшпанға есе жібермеген Жапа, бейбіт



күнде өз ошағы, өз ауылы, өз қазанының қасында жер шұқып қалатын кездердің болатынын, әне сол уақта, әсіресе қиын тиетінін баласына, Жамбылға жанашырлықпен оңашада айтты ма екен. Бұл, әлбетте, Жапа отбасындағы мәңгілік ашылмайтын құпия жағдаяттардың бірі ғана. Ал Жамбыл басқа күнде ақындық жолдан бас тартпағанына шүкірлік еткеніне күмән жоқ, алайда Бұрымнан айырылған сол бір қаралы күндерінде әке өсиетін есіне алған болар. Өне, сол кезде әке өсиеті – тұрмыстың ащы шындығынан туған өмірлік ұлы тәжірибе екенін бозбала Жамбыл алғаш пайымдаған шығар...

Қарап отырсақ, Жамбыл жүріп өткен жол – қазақ халқының өмір жолы. Жамбыл бүтін бір ғасыр халқымен бірге ғұмыр кешті. Қазақ көрген қуаныш пен қайғы, қазаққа түскен кіріптарлық пен бодандық, қазақ көрген жаңа заман – ақынның да басынан өткен өмір шежіресі. Ол халқымен бірге «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» заманды аңсады. Әділет пен теңдікті көкседі, адам баласының адам баласына жасайтын түрлі жолсыздықтарының жойылуын тіледі. Кедейшілік пен адам төзгісіз ауыр тұрмыстан, жоқшылық пен мұқтаждықтан көздері жасты, көңілдері кірбің боп, азып-тозған қалың бұқараға «ит басына іркіт төгілетін» күн туса екен деп армандады. Жамбыл да сол қатарда болатын. Жарлылық пен қорғансыздық Жамбылға да жат емес, өзі басынан кешкен, ащысы мен тұщысын қатар татқан өмірі еді. Ол да халық көкसेген өмірді жоғарыдағыдай түсінетін, ал артына қарап, жаңа заман қандай болу керек деп көз жіберсе, Асан қайғының жерұйығы елестейтін. Бірақ социализм сияқты қоғамдық құрылысты тап басып бағдарлайтындай қазақ халқы мен оның бел баласы Жамбылда терең білім болған жоқ. Тіпті, білімі де, ғылымы да жеткілікті атақты қазақ интеллигенциясы социализмнің туын көтеріп, сойылын соққан жоқ па? Ал Жәкең өлең-жырымен қарапайым қазақтың жалпы әлеуметтік-саяси тұрмыстарын сипаттап қана қоймады, өзі өмір сүрген тарихи уақыттардың аумалы-төкпелі сын сағаттарында халық жағында қалып отырған.

Мысалы, Романовтардың таққа отыруының 300 жылдығын тойлау кезінде үстем топтарды дүйім жұрттың алдында батыл әшкерелесе, әйгілі 16-жылдың лаңында әскерге бала бермеу жағында болып, көтеріліске де қатысып, қамалып та шыққан. Ал

ұжымдастыру кезінде өзінің туыс-туғандарын үгіттеп, колхозға кірсе, Ұлы Отан соғысына Алғадайын жіберіп, халықты да дұшпанға қарсы аттануға шақырды. Және, майдандағы барлық жауынгерлерге, оларды ұлтына, нәсіліне бөлмей «балаларым» деп бауырына тартып, жалынды жырларын жолдап жатты.

Мысалдар:

1913 жыл. «...ақынның өткен өмірі көз алдыма елестей берді. Сонау 1913 жылы Романовтар әулетінің 300 жылдығына арналған Жетісу ақындарының жиыны еске түсті. Олардың кейбірі жанын салып патшаны мақтап жатқанда, қалың топтың арасында өскен емендей Жамбыл қорқып-саспай патшаны айыптап шықты. Қандай ерлік!» деп атап көрсетеді белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Н.Оңдасынов.

1916 жылғы оқиғаға «...жиналған көпшіліктің қайсысы Жамбыл екенін ажырата алмаған жасауылдар келесі ауылға қарай шапқан. Ол ауылға барса да «біздің арамызда Жамбыл жоқ» деп, оларды басқа жаққа сілтеген. Андыған жау қойсын ба, ақыры іздеп жүріп, бір топ ереуілшілерді ұстаған. Сол тұтқындалғандардың ішінде Жамбыл да кете барған. Оларды Верный түрмесіне әкеп қамаған, сұрауға алған. Мұны естіген халық «ақынымызды босат», «Жамбыл жазықсыз» деп абақты алдынан кетпей қойған. Жетісу губерниясының басшылары, заң адамдары көпшіліктің бұл талабынан сескеніп, Жамбылды және біраз адамдарды тұтқыннан босатқан» (Дастан ата: Жамбыл Жабаев туралы естеліктер / Құраст. Н.Төреқұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 131-б.).

«Жамбыл 1916 жылғы тарихи қозғалыстың ішінде болды, халықтың патша үкіметіне қарсы көтерілісін қолдады. Жетісудың әр жерінде болған көтерілісшілердің ерлік күресіне зор үмітпен қарады. Ол көтерілістің алғашқы кезінде бұрынғы Сұраншы, Саурық батырларды еске түсіріп, ашынған ел, ашулы ерлер – патша үкіметін әлсіретіп, елге аз да болсын кеңшілік сәулесін тудырар деген үмітте болды» (Исмаилов Е. Ақындық өмір. Алматы: Жазушы, 1965. – 49-б.).

Ал ұжымдастыру кезінде Жәкең қолда бар барлық малымен колхозға өз еркімен кіріп қана қоймай, туыстарын да үгіттейді. Отыз шақты малын колхозға өткізген Жәкенді баяғы ит күндестік тағы да балағынан ала беріпті. Сол кезде ауылдағы атқа міне қалған қызыл белсенділер Жамбылды «бай құлаққа» жатқызғысы



кеп, Ұзынағашқа талай сандалтқанын жергілікті ел біледі және көпке дейін айтып жүрген.

С.Бегалиннің жинаған материалдарында жазылған деректерге қарағанда, ашаршылық жылы Жамбыл басқа да босқан елмен бірге бірнеше баласымен қырғыз асып, сонда бір-екі жыл жан сақтайды. Солайша аман қалып, аштан өлмей елге жеткенімен, ауыл маңында ақсүйек боп қалған аштық құрбандарын көзімен көреді. Бұл қатарда өзінің де балалары бар болатын.

Содан жаяу-жалпылап, Шиен деген жердегі жамағайын бір туысының үйіне барады. Ол колхоз бастығы болса керек. Бірақ ұлы нәубеттен кейін әбден тұралап қалған ағайыны Жәкеңе ат мінгізуге шамасы келмейді, бірақ сол уақыт үшін мұның өзі үлкен көмек болған, қысыла-қысыла есек жетектетіп жіберіпті. Бұл туралы бірінші бөлімде толығырақ айттық. Ал, Ф.Ғабитованың күнделігіндегі «есек мінген Жамбыл» деген сыңайдағы орынсыздау еске алулары қарияның шын жағдайларын түсінбегендіктен туған деп есептеймін.

Сол уақыттың сұмдық сұрапыл шындығы, әсіресе Жетісудың осы өлкесіндегі ашаршылық жылдар Б.Қыдырбекұлының «Алатау» романында, Ж.Шаштайұлының «Шал мен жылқы» повестерінде жақсы жазылған.

Есек мінбек тұрсын, аштықтан бұралған адамдар жарты қаптары мен талқанға баласын, қызын беріп кеткен. Сөйтіп, өздері де өлім сағатын ары жылжитқан кездері болған. Бірақ бәрібір аштықтың қанды тырнағына ілініп, айдалада қалғандар, тым болмағанда балалары, қыздары тірі қалса екен деп жанталасқан ғой.

Осының бәрін көрген Жамбыл есек мініп жүргеніне неге арлануы керек?! Рас, «Ит мініп, ирек қамшылап» кете жаздаған заман болған. Ел есек тұрмақ ол кезде бұқа да мінген. Ал кейін үкімет астына машина бергенде де Жәкең дандайсыған емес.

Жамбыл Ұлы Отан соғысын да көрді. Алғадайын да адамзаттың ортақ жауымен айқасуға аттандырды. Елді де соғысқа баруға үндеді, отан үшін жан аямауға шақырды. Әйгілі «Ленинградтық өрендерім» дейтін әйгілі толғауын шығарды.

Соғыстан демалысқа Мәлік, Бауыржандар кеп, Жамбылға сәлем бере барғанда «Алғадайды көрдіңдер ме?» деп сұрайды екен. Ол туралы жылы сөз естісе балаша қуанып қалатын көрінеді.

Майданнан жазылған хаттарға жауапты жазғанда Жәкең әуелі: «балам!» деп бастайды екен. Алғадай қаза болды дегенде тәтем қатты қайғырады.

Сөйтсе де, Жамбылды соғыс кезінде де айыптағандар болыпты. «Тыныш отырмай, Жамбыл балаларымызды соғысқа айдап салып жатыр» дейтін. Бұны жазушы Ж.Шаштайұлы «Жыр–Жолбарыс» деген бағалы кітабында айтады.

Міне, осындай ұзақ сонар мысалдар тізбегін жалғастыра беруге болады. Бірақ...

Бұл не? Осы бір байыптап қарауды тілейтін және қатты ойлануға тиіс сұрақты Жамбылға көп жағдайда жөнсіз қоямыз. Осы бір тура қарағанда құйтырқы естілетін сұрақпен ақынды айыптағымыз келетіні өкінішті. Біле білсек, бұл сөзбен біз жалғыз Жәкеңді ғана емес, жалпы қазақты құстаналайтынымызды байқамаймыз. Мен жоғарыда Жамбылды халықпен бірге еді, тіпті халықтың өзі болатын дегенді айттым. Өйткені, халықтың әр уақыттағы іс-әрекеттерін Жамбылдың жеке өмірімен салыстырып отырсақ, бір-бірінен соншама алшақтап кететін ештеңесі жоқ. Демек, қазақ жаппай болыс-би, үстем топтарды айыптаса, патшалық Ресейдің мүддесі үшін балаларын құрбан еткісі келмесе, жаңа заманда колхоздасып жатса, Ұлы Отан соғысына ұлдарын жіберсе, Жамбылдың да олармен бірге болғандығы жырында да, өмірінде де сайрап жатыр. Осы тұрғыдан келгенде, Жамбылмен бірге қазақ халқы да айыпталмайтыны сияқты ақынның да тарихи өмір жолына тарихи әділетсіздік жасалмайды.

Жалпы, Жәкеңнің жаңа заман туралы шабыттанып, шалқып жырлағанының өзі тарихи тұрғыдан өте орынды боп шығады. Неге десеңіз, ақынның өмір жол мен сол өмірге деген көзқарастары тиянақты болғандықтан, жаңа өмір туралы утопиялық (жерұйық сияқты) түсінікте мәңгі қатып қалмады. Кедейге теңдік әкеп, қолына жұмыс берген, ағартқан, оларды қолдап-қоштап сөз берген үкіметті Жамбыл қалай жырламасын. Бала кезінен тілеген, аңсаған, тіптен талап еткен нәрселері осылар емес пе еді? О заман да бұл заман кедей мен бай теңеледі, патша құлап, ендігі басшыны халық сайлайды дегенді Жамбылға кім айтыпты? Әлбетте, социализм рухындағы осындай сөздерді Жәкең ел ішінен естісе естіген шығар. С.Сейфуллин, О.Жандосовтар алып ақынның үйінде қона жатып жүргенде талай-талай жаңа сөздерді (социализм туралы) сөз жоқ



айтты ғой. Алайда, естіген сөз ғана ма, мәселе соны Жамбыл өз көзімен көрді емес пе?

«1927 жылы Ұлы Октябрьдің он жылдығы мерекесі қарсаңында Ұзынағашта кедейлерге жер бөліп беру мәселесіне арналған қосшылар одағының уездік жиыны шақырылады... Осы бір салтанатты сәтте көпшіліктің тілегі бойынша көне домбырасын қолына алып, шаршы топтың алдына шыққан ол асқан шабытпен ұзақ жырлады...

Жамбыл дастанды «Сексен бірге келіп» деп бастайды. Алдымен ақынның өзі туралы айтпақ ойы осы алғашқы жолдан-ақ аңғарылады. Бірақ бұл қара басының мұңы немесе өмір тарихын баяндағалы отырған жоқ.

Мұнша жасқа келгенде,
Не көріп, не білгеннен,
Бір ауыз сөз айтылмай,
Қалса – үлкен мін ақынға, –

деп көп жасап, көпті көргенін, енді сол ұзақ өмірден көріп-біліп, ойға түйгендерін жұртшылыққа айтып беруді өзінің азаматтық, ақындық борышы санайды. ...Ақынды толғандырып тұрған өз тағдыры ғана емес, халық, заман тағдыры. Өйткені, ол өзін халықтан, бұқарадан бөлектеп, оқшаулап көрген емес. Оның тағдыры қашанда туған халқымен бірге...

«Жамбыл жаңа заманның сипатын дұрыс түсінді», – деп осы тарихи оқиғаға байланысты Жамбыл жырлаған ұзақ дастанының бір саласы «Заман ағымын» көрнекті жамбылтанушы ғалым К.Сейдеханов тарихи уақыт пен кеңістіктегі реалды көзқарастар тұрғысынан өте дұрыс талдайды (Сейдеханов К. Күрес пен жеңіс жырлары. Алматы: Рауан, 1991. – 106–107-бб.).

Иә, ұзақ жасаған алып ақын көп нәрсеге таң қала бермейтіні секілді, көп жағдайға да елбең ете қалмаған. Десек те жаңа дәуірді, социализмді Жамбыл көрді, көре тұрып «жерұйық» дегеніміз – осы екендігіне сенді. Біле білсек, ұлы жыраудың сенімін ешбір оқиғалар сетінете алмаған. Оған біз де сендік. Соған қызмет еттік...

Ал шынайы өмір дегеніміз – халық эпсанасындағыдай «ит басына іркіт төгіліп» жататын «боз торғай» заман дегенге басқа-басқа көпті көрген Жәкең иланған жоқ. Өмір – теңдік, әділдік, адал еңбек т.с.с. әлеуметтік нәрселер екенін ақын табиғи түйсікпен

біліп отырған. Олай дейтінім, былайғы тұрмыста да Жамбыл айналасына шуақ шашып, қуат беріп жүруді өзінің ақсақалдық парызым деп білген. Өзі куә болып, қабырғасын қаласып жүрген жаңа заманды үнемі назарда ұстап, оның ғайып боп кетпеуіне хал-қадерінше үлесін қосуға тырысқан. Себебі, мына жалғанда ештеңеге таң қалмау керек екендігін ақын өмірдің өзінен тоқыған және таң қалмаудың өзін де ұзақ ғұмыры мықтап үйреткен.

Ғ.Ормановтың күнделігінде мынадай жолдар кездеседі. «3 март. 1939. Жамбыл Алматыға барды. Барғандағы жұмысы өзінің тұрған колхозындағы егістік жері жеткіліксіз болғандықтан жер туралы және өзіне сүтті сиыр сұрап, Совнаркомның орынбасары Шәріповпен әңгімелесіп қайтты.

Жамбыл ертемен тұрып, өзінің тұрған колхозын тегіс аралап шықты. Мұндағы себеп – колхозшылардың шөп жетіспейді деп айтқан арызы бойынша барған еді. Содан қайтып келген соң колхоздың бастығын шақырып алып: «Мынау малды қайтесіңдер? Аман сақтау үшін шөп сатып алмайсыңдар ма? Керек болса, менің бір мая шөбімді бөліп бер, күзде сондай шөп қайтарарсың», – деді. Колхозшыларға шөп сатып алуға ақша да берді.

Бұл күні Жамбыл өзінің туған колхозын атпен аралап жүрді» (Дастан ата: Жамбыл Жабаев туралы естеліктер / Құраст. Н.Төрешұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 132–133-бб.) т.б.

Иә, қарт жырау Н.Тихонов айтқандай, анау-мынауға табына да, таң қала да бермей, ат үстінде, даланың жұпар ауасын жұтып, жыр жұптаған. Өмірді өз көзімен көрген. Оның ертең әдемі жыр жолдарына айналуы әбден мүмкін екенін де жақсы білген. Жамбыл үшін дала – еркіндік, ат – самғау, жыр – өмір сияқты болған. Осы үшеуінен ол мүмкіндігінше қол үзбеді. Сәбең Жәкеңнің үш (радио тыңдап, газет оқыту) үлкен ерекшелігінің бірі – атқұмар болғанын айтады. «Жәкең 97 жасына дейін атқа салт мініп жүрді. 1942 жылға дейін салт атпен Алатаудың биігіндегі Құлансаз деген жайлауға да шықты» дей отырып, Жәкеңнің «Мен өзім таудың биігін жайлап өскен кісімін. Оған шықпай көңілім көншімейді» дегенін де жазады.

Оны Ғ.Орманов та растайды. «Жамбыл салт атқа мінуге құмар. Атқа мініп олай-бұлай қыдырамын, – дер еді. Түс кезінде күрөң жорғасы үйіне қашып келді. Жамбылды іздедік. Кілеттің алдында отыр екен. Атын апардық. Атына ашуланып:



– Жем жегізіп, сыйлағанды білмейсің. Көз етің өскен екен, – деп атын таяқпен бүйірлеп нұқып-нұқып қойды. Сені енді мініп алып зарлатайын...» (Сонда, 148-б.) дейтін көрінеді.

Міне, осындай Жамбылдың күнделікті өміріндегі істері мен әрекеттерін көптеп келтіруге болады. Мұндағы мақсатым – Жәкең тек отырып ап, өлең шығара бермегендігі. Ол өмірге, әсіресе өз ауылындағы колхозшылардың шаруашылығына араласып отыруды, ақындық ғана емес, тағы да қайталап айтам, азаматтық, тіпті, ақсақалдық парызым деп білгендігі. Осыны Жәкеңнің ақындық қырынан бөліп қарауға болмайды. Ол араласқан әлеуметтік орта, адамдар, болып жатқан тарихи-саяси ахуалдар Жамбыл жырында молынан көрініс тауып жатса, оның себебі жоғарыдағы айтылған жайттардың нәтижесінде болып отырды. Әйтпесе, «сен тимесең, мен тимен бадырақ көз» деп жата берсе, елге, халыққа жақын болмаса, өлеңіне керек өмірлік материалдардан тапшылық көрер еді. Өйткені, жаңа заман, еңбекші, бұқара халықты теңдікке жеткізген совет өкіметі Жамбылдың эпикалық дүниетанымындағы өткен күндердің жағдаяттарымен көп сәйкесе бермейді. Ерлікке, батырлыққа, жорықтар мен шапқыншылыққа, байлық пен атаққа берер мағлұматтары бай ол өмірдің жырларында, керісінше халық, әсіресе кедейдің мұң мен зары шемен боп жататын. Жас кезінен осыны көріп өскен Жамбыл қаншама жылаулы жұрттың көзінен аққан запыран жасты жырламады дейсің? Бірақ ол уақыт хандар мен билердің, болыс пен байлардың, бір сөзбен айтқанда, байлықтың, шексіз үстемдіктің, әлеуметтік теңсіздіктің заманы болды. Ал сол кездегі халықшыл сөзің – басыңа әңгір таяқ боп тиіп, қорлыққа, мазаққа ұшырайтын. Енді міне, жаңарған сана, жаңа дүние ақынға сол уақытта айта алмағаныңды айт, халықтың шынайы өмірін, еңбекті, достықты, соның ішіндегі халықпен халықтың бұрынғы заманда болмаған бауырластығын жырла деп отыр.

Ғабаң айтқандай, екінші рет қайта туған-феникс, өзгерген, шыт жаңа дүниені көрген алып ақын, аңтарылып қалмай, талай жылдар армандаған, ел арасында айтып жүрген халықшыл, ақындық сөздерін енді еркін, батыл жырлап кетуі – азаматтық, адами позициясының дұрыс болғанында деп есептеу керек. Жаңаны қабылдамай, әсіре ескішілдікке ұрынып кетпей, екеуін егіз қатар алып кеткен алып ақын, Мұхаң айтқан «жоғары сапалы

саяси лириканы» тудырды. Өзара өткір салыстырылатын екі өмір, Жамбылдың өткен өмірі мен бүгіні, қазақ халқының да өмірі болғандықтан, бірімен-бірі қатар тұрғанда әділет пен шындық қай уақытта қалай болғанын тап басып айыруға мол септігін тигізді.

Міне, сондықтан да қарт жырау ат үстінде жүріп, айналаға қыран көзбен шолу жасайтыны сондықтан. Өмір тәжірибесі аса мол, соған сәйкес көкірегіне түйгені де көп, ал жыр мұрағаты тіптен ұшан-теңіз Жамбылға жан-жағына жалғыз мәрте қыранша қару жетіп жатыр: ненің ақ, ненің қара екені сайрап қоя береді. Ол, сондықтан да, өмірге сергек қарайды, ол, сондықтан да, жоқтан өзгеге таң қала бермейді: өйткені ол осынау ұзақ ғұмырында не көрмеді?! Ол асқақтаған хандар мен хандықтардың жоқ боп кеткенін біледі, ол азуын айға білеген билер мен байлардың сөздері мен байлықтары суша тартылғанын да көрген, ол жүзіне ай сұқтанған ақша беттердің де әрі тайып, әжім шырмағанын көрді, барлықты да, жоқтықты да, аштықты да тоқтықты да басынан өткерген. Ол өмірден көп нәрсені түйген, сөйтсе де солардың ішіндегі баянсыздық пен мәңгіліктің не екенін өзінің ұзақ жасында анық ажыратқан ұлы ақын, түптеп келгенде таза, шын өнер мен сұлулық ғана тұрақты болатынын мойындағандай. Әлбетте, өнердің де өткені мен бүгіні һәм болашағы болады, алайда ол – ұлы құндылық. Сұлулықтың да сәбилік, кәмелеттік һәм қарттық шағы болады, бірақ ол – ұлы әсемдік. Ал ақынға осы екі ұлыны қастерлеп өту, өз бойында сақтау, соны саналы ғұмырында жырлап өту – өлмес, өшпес ұлы мұраттарға жеткізеді.

Жамбыл жеке өмірі мен жыр-өмірінің ұзақ болғанының, әлі бола да беретінің негізгі құпиясы, міне осында!

Жамбылдың жаңа өмірді жырлауы туралы дәйекті ойларды көптеген адамдар жеріне жеткізіп айтқан. Солардың ішіндегі даңқты профессор, менің ұстазым Б.Кенжебаевтың мына пікірін толық беруді жөн көрдім.

«Жүз жасаған Жамбылдың шын шарықтаған, барлық ақындық қуатын түгел жұмсап, гүлденген тұсы – Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі кез, жаздай жайнаған социализм дәуірі...

Ақын жаңа заманның жаңа шындығын, социализмнің ұлы жеңістерін жырлады: өзгерген елді, жасарған жерді, мыңдап өсіп келе жатқан өндірісті, гүлденген колхоз, совхозды, өзінің сүйікті социалистік Отанын қорғаушы совет жауынгерлерін, еңбек



ерлерін, бақытты балаларды, әрі бақыт дүниесін орнатушы, әрі жеңістен жеңіске бастаушы коммунист партиясын, Совет Одағын мекендеген халықтардың мызғымас достығын, совет адамдарының Отанға, партияға деген махаббатын, жауға деген қаһарын жырлады» (Сонда, 261-б.) деген сөздерде тарихи шындық және жоғарыдағы айтқан жолдарға нақты дәлел болатын, жинақталған тұтас тұжырымдама жатыр.

Мұндағы кейбір көнерген, көбіміз үрке қарайтын терминдер тек «советтік дәуірге» ғана тән қатып қалған нәрсе емес, қайта адамзат қоғамының эволюциялық кезеңіндегі тарихи растылықтардың таңбалары ретінде қарастырылуға тиіс. Әрбір уақыт өзінің сөзін, өзінің үнін айтады, ал түштеп келгенде, соның бәрі де адамзаттық арман-мұраттармен ұштасып жатқан жағдаяттар. Біз ақынды бағалағанда бәрібір өз уақытының аясында қарастырып, сол кездерде айтылған пікірлерге мойынсынамыз, себебі бүгінгі көзқарастың қайнар бұлақтары өткенде жатыр. Өйткені, өткен онды-солды мансұқтала бермейтін тарихи фактор.

«Ол өз дәуірінің жыршысы болды. Заман шындығын қандай шығармашылық иесі болса да, айналып өте алмайды, – деп жазады академик С.Қирабаев, – Алайда, мәселе қай тақырыпты жырлауда емес, оны қалай жырлауда. Ақындық өнер, жалпы көркем өнер сонысымен бағалы» дей отырып, Жамбыл поэзиясындағы көркемдік-дүниетанымдық ізденістердің байыбына баруға, ондағы жаңарған, жасарған тың образдардағы бейнелілікті бағамдауға шақырады. Жамбыл көзі тірісінде-ақ «Халық поэзиясының алыбы» деген ұлы атаққа ие болған, шын мәніндегі, Ұлы тұлға деп атап көрсеткен (Тәуелсіздік және Жамбыл шығармашылығы: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / Құраст. А.Ж.Зекенова. – Алматы: «CREDOS», 2011. – 9-б.).

Ал көрнекті фольклорист, академик С.Қасқабасов: «...XX ғасырдағы қазақ поэзиясында жалпы мемлекеттік мәні бар мәселелерге «әлеуметтік талап» («социальный заказ») түрінде болса да жедел әрі зор жыраулық қуатпен алғаш толғаған және сол арқылы өзін де, қазақ жұртын да барша жаһанға жария еткен – Жамбыл. Ол байырғы ұлы жыраулардың дәстүрін қайта түлетіп, біздің дәуірімізге жаңа сапада, соны мазмұнға байытып жеткізді» (Қасқабасов С. А. Жамбыл. – Алматы: М.О.Әуезов атын. ӘӨИ., 2011. – 21-б.) деп Жамбыл поэзиясындағы тарихи үдерістің

негізгі және басты ерекшеліктерін атап-атап айтқан. Олар: табиғи таланттың тарихи уақыт пен кеңістікке сай өзінің қуат-күшімен дами беретіні және жыраулық дәстүрдің Жамбыл XX ғасырдағы анық ізбасары екендігі.

Ал бұл дегеніміз – өз замандарында мемлекеттің бас идеологтары болған Асан қайғы, Шалкиіз, Жиёмбет, Үмбетей, Бұқар жыраулар өткен өнер жолдары емес пе? Демек, осы дәстүр Жамбылға да жат емес екен және бұнда байбалам салатын да ешбір негіз жоқ.

Аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, халық жазушысы, Еңбек Ері Әбіш Кекілбаев «Жыр патшалығының алыбы» атты мақаласында: «Жамбыл – большевиктердің саяси өтірігі мен көз бояуының перзенті емес. Жаңа өкіметке Жамбыл жалпақшешей болған жоқ, керісінше, өкімет Жамбылға жағымпазданды. Ал мұның таң қалатын түгі жоқ, өйткені қазақ даласындағы сөздің абыройы тым биік екені жаңа өкіметке жақсы мәлім болатын» деп ақын туралы өз уақытында бүгінгі алыпқашпа сөздерге нүкте қойғанын да ұмытпауға тиіспіз (Жамбыл әлемі: Фотоальбом / құраст.: О.Таланова. – Алматы: «Өнер», 1996. – 11-б.).

Міне, бұл пікірлер Жамбылдың өмірі мен шығармашылығы төңірегінде орын алған, тіпті жөнсіз жайылып кеткен, жазушы Ж.Шаштайұлының сөзімен айтқанда, «қыр түсінігіне» (Шаштайұлы Ж. Жыр-Жолбарыс. Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. – 114-б.) қарама-қарсы дәйек етуге толық болатын жақсы мысалдар деп білемін...

Тағы да алып ақынның адами болмысына қазақтың бірқатар қалам қайраткерлері жазған естеліктерден мысал келтіріп көрелікші.

Ә.Тәжібаевтың естелігінде: «Мәскеудегі онкүндікке барар сапарда бес күн поезбен жүрдік. Жайлы орын, жұмсақ төсекте, ұшқан құстан озып отырдық. Ол кезде, әсіресе ауыл адамы үшін поезд жүрісі керемет жылдамдық. Бірақ соған Жамбыл таң қалған жоқ, қайта: «Қашан бітер екен бұл китің-китің, – деп бізді күлдіріп отырды» деп еске алады сол бір әйгілі сапарды.

Қазіргі қазақ әдебиетінің тау тұлғалары боп тарихта қалған сондағы жас жігіттер Мәскеудегі онкүндікте қатты толқысып, абыржып, тіпті төменшіктеңкіреп жүрсе, Жәкең керісінше бәрін әзіл-қалжыңға қарық қып, оларға тірек-демеу болғаны айқын



көрінеді. Қазақтың байырғы жорық жыраулары сияқты Кремльде киіз үйде жүргендей еркін отырғаны да Жамбылға ғана жарасып тұрды. Ол өз ұлтының ақсақалы, ақылы, өнері мен мәдениетінің тірі куәсі боп отырғандықтан, албаты қалбақтамай, тік жүріп, тік кетті. Қазақтардың қариясы қандай екенін, мінезі мен ұстамдылығы, кісілігі мен кішілігі және ақындық асқақтығының да қай қияда жатқанын көрсетіп берді.

«Онкүндіктің соңында Кремльде қабылдауда болдық қой, – деп жазады Әбділда ары қарай. – Онда да ақын өзгеміз сияқты елең-құлаң еткен жоқ. Кәдімгі ақсақалдық қалпын бұзбай, қарсыдағы үстелге жете беріп, Жамбылға бас изеген Сталинге бас изеді де қойды. Сол кеште, ал тарқайық деген шақта қарт тағы бір әзіл айтты:

– Сталин қонаққа шақырды дегендерің қайда, үйіне бір күн қондырмаушы ма еді қонағын? – деді күліп.

Міне, енді өз тойында да (Алматы қаласында 1938 жылдың 18–20 мамыр күндері қазақ халық поэзиясының алыбы Ж.Жабаевтың шығармашылық қызметінің 75 жылдығы кең көлемде атап өтілді. Ақынның тойы қарсаңында Жазушылар Одағында пленум өтіп, республика ақындарының айтысы да ұйымдастырылады) Жамбыл аталық қалпын берік ұстады. Ол өз тойының иесіндей ширақ, кеудесін көтере, көзін кеңірек ашып қаранады. Жұрттың бәрімен тең сәлемдеседі, біреуге кейіп, енді біреуге шұлғып амандаспайды.

Ол: «Сіз Ленин орденімен наградталдыңыз (Ал 19 мамыр күні КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен Жамбыл Ленин орденімен марапатталған), – деп хабарлаған өкімет өкілімен сыпайы, әдепті ғана құшақтасты...» (Дастан ата: Жамбыл Жабаев туралы естеліктер / Құраст. Н.Төрекұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 101- б.) дейді.

Естелікте баяндалып отырған екі жердегі екі үлкен оқиғада Жамбылдың мінезі мен қасиеті, кісілік келбеті анық көрініп тұр. Біреуі тірі көсем болса да – оған бас изеді де қойды, енді біреуі көзі жоқ көсемнің наградасы еді – оған да сыпайы ғана тәңір жарылқасын деді. Басқа не десін. Табиғат өзінің табиғатында қалды. Мастанып, мақтанған да жоқ. Абыржып, сасқалақтаған да жоқ. Иә, қазақтың ұлы жырауына бір көсем бас иіп, енді бірі кеудесін кеп құшса ол да ірілердің ірілікті мойындайтынын, мойындағанын көрсетеді. Ал бұны біздің ақын атамыз жақсы білген.

Біздің заманның әдебиеттегі «Иван Грозныйы» атанған атақты ақынымыз Ә.Тәжібаев сол күні қазіргі Жамбыл ауданын шарлап жүріп, Жамбылды іздейді. Қызығы сол, тәтемді Тәжібай тәуіптің үйінен тапқан ғой. Сонда Әбділданы шофер жігіт: «Тәжібаев іздейді, Тәжібайды», – деп қағытқанда, ақын табанда: «Қашан тауып жеткенше қажымайды», – деп тауып кетеді.

Ол кезде Әбділда Тәжібаевтың қылшылдаған жас кезі. Өжет жас сол күні ғасыр мен ғасырды өзінің табиғи әм рухани өмірімен берік жалғап тұрған күдіретті ақынды Алматыға алып келе жатқанда, тарихи ұлы жолдың бастауында тұрғанын пайымдады ма екен?

Біздің қазақта: «тау алыстаған сайын биіктей түседі» деген таңғажайып тұжырымдама бар. Өмірі мен өнегесі қатар ұштасқан жақсы адамдар ғана осындай үдеге жететіндіктен, уақыт керуені ондай тұлғалардың адресіне қаратып айтылған жақсы я жаман сөздерді өте қатаң әрі әділетті түрде сұрыптап тастайды. Қашанда ғұмыры қысқа келетін өсек сөздердің орнын шын ақиқат қана иемденгенде, соншама уақыт жалған топшылаулардан жапа шеккен ондай адамдардың тұлғалық болмысы тіптен биіктеп кетеді.

Міне, сондай тау тұлғаның бірі және бірегейі Жамбыл Жабаев болса, оның жарқын болмысының жарқырап көрінуіне жанында жүрген замандас-достары мен тілектес-бауырлары аз еңбек сіңірген жоқ.

Әлбетте, алтынның алтын екенін екінің бірі біле бермейді. Ал жібекті түте алмай, жүн қылатындар және бар. Осы жағынан келгенде Жәкенді қазақтың кілең марғасқалары жоғары бағалап, тіпті оның алдында өздерінің шәкірт балалар екенін мойындап, талантына тамсанған, ел-жұрт алдында ұлы жыраудың оқшау-оқшау қасиеттерін атап-атап айтып, жазудан танбаған екен. Дарындас, мұраттас ұлы тұлғалар өзара рухани байланысқа түсіп, бір-бірінен қуат алғанда ғана шынайы, риясыз ойлар ортаға тасталады ғой. Бір уыс құмның құрамында қандай-қандай бағалы элементтер жатқанын немесе ештеңе жоқ екенін тек маман-геолог қана тап басады. Міне, осы құм қарапайым адамға табанда жатқан топырақ, асып кетсе біреудің көзіне шашатын құм ғана.

Өз кезінде Жамбылдың талантын күндеген кейбір адамдар оның өнеріне де, өзіне де құм шашпақ болған.

Бақытымызға орай, айналасында жүріп, алып ақынмен бірге



болып, жырына күпті ақын-жазушылар ол туралы тарихи әділетті әм ақиқат сөздерін нақты мысалдармен жазып кетті. Басқа-басқа, асау мінез ақындарды анау-мынаумен таң қалдыру қиын. Әсіресе, арғы-бергі әлем әдебиетімен таныс, тарихынды, теориянды шопақ құрлы көрмейтін майталман әдебиетші-ғалымдарды, классик жазушыларды хат танымайтын Жамбыл оп-оңай қалай баурап алды?

Сұрақ қандай орынды болса, оның жауабы да сондай қарапайым емес пе? Әрине, ұлы дарынымен, адами аппақ болмысымен, әдемі әзіл-қалжыңдарымен, қарапайымдылығымен, тұрмыстағы кісілік келбетімен, тұтас алғанда, барлық іс-әрекеттерімен адамдарды ол аса таң қалдыратын. Өзі бұнысына соншама таң қалмаған, себебі табиғаты ұлы тұлғалар біреуге көп таң қала бермеген – тек таң қалдырған. Ал таң қалу мен таңғалту – байыптап қарасақ ұлы қасиет, үлкен өнер! «Ақындар өледі: өмірге таң қалып» деген қанатты сөзді академик-жазушы З.Қабдолов неге қайта-қайта таң қалып айта беретін еді...

«Біздер қаншама оқып-біліп жатсақ та, жақсы мінезді бойымызға құтайта алмай әуреленеміз, қаншама мәдениетті жұртпен араласып жүрсек те, қара басымызды қайтіп мәдениетті көрсетерімізді білмей шала бүлінеміз, ал Жәкең өзінің ежелгі әдегі мен жүріс-тұрыстарын сақтап-ақ заманның көшіне ілесіп кетті, оның мінезі де, мәдениеті де адам қызығарлық айрықша еді... Оның ойы да жүйрік, миы да ұтқыр; замана бойлары ақын деп келе жатқан қасиетті бабаларымыздың бейнесін, солардың алыптығын кейінгі ұрпақ сол арқылы көз алдына елестетсін дегендей дара тұлға еді ғой» (Сонда, 274-б.) деп жазады көрнекті сахна майталманы Қ.Байсейітов.

Өздерін, өнердің бір биігін бағындырдық-ау дейтін актерлер қауымының өзін қарапайым қазақы мәдениетімен баурап алған ұлы жыраудың кісілік келбеті Қаныбек ағаның мына сөздерінде ерекше, шынайы айтылған. «Бабаларымыздың бейнесін, солардың алыптығын кейінгі ұрпақ сол арқылы көз алдына елестетсін дегендей дара тұлға еді ғой» деп тұжырымдаған Қ.Байсейітовтің осынау сөздерін адамдар үстірт қана сыдыртып оқып шықпағаны жөн сияқты. Мұндай сөздер жол-жөнекей айтыла салатын жел сөздердің қатарына жатпайды. Мұндай сөздер жүректен шығады.

Сонау Ұлы Отан соғысында жүргенде жаудан босаған

деревняның бір үйіне паналап жатқан Д.Әбілов үй иесіне өзінің Жамбылдың жерлесі екенін айтқанда, қазақтың алып ақынын білетін сары шал шинель сүйреткен қазақ солдатына онша сеніңкіремесе керек. Сол жерде қолма-қол Дихан Жамбылмен бірге түскен суретін планшетінен суырып ап көрсеткенде, шам жарығына тосып, тесіле қараған әлгі қария: «Толстой сияқты екен, жарықтық!» деп таң қалыпты. Содан соң солдаттарға әлгінде бергісі келмеген махоркасының қалдығын ұсынып: «бәрің тарт!» деп (Сонда, 310-б.) сондай бір жомарттық көрсетіпті.

Қарапайым халық өкілі әрі Ресейдің бір қиырындағы әлдебір деревнядағы қария Жәкеңді Толстойға ұқсатады, ал европалық білімі бар, әйгілі «Абай жолын» аударған Л.Соболев ақынның «кәрі аттың қатқан кірпігі» деген сөзін орыстың ұлы жазушысы да аңғармаған болар деп пайымдайды. Бұлар кездейсоқ ұқсас шыққан сөздер ғана ма екен?!

Қазақ поэзиясының кейінгі Дихан-бабасы сол бір соғыс жылдарында планшетіне Жамбылмен бірге түскен суретін салып жүрсе, соның өзі де жанға жылы медет болған ғой. Оның рухани қуат-күшінің сын сағаттарда жауынгерлерге қандай ұлы рух бергенін бір ғана «Ленинградтық өрендерім» дейтін әйгілі жыры тарихи дәлел болса, шын мәнінде сенген, сыйынған жанға Жәкеңнің суреті де аз демеу болмаған сияқты. Сонымен қатар, Дихан Әбіловтің сұрапыл соғыстан аман-сау келіп, кейін қазақ поэзиясының белді бір өкілі боп әрі ұзақ жасауының сырында жамбылдық бата-тілек, жәрдем қолдау жатуы да бек мүмкін.

Мұндай жайт, тағы да майданда болып, өз өміріне сәтті орайласқанын қазақтың көрнекті жазушысы Ә.Нұршайықов та жазады. «Майдандағы Армиядан» 1943 жылы 20 мартта «Тыңдаңыз, ата, ұлдарыңыздың үнін» деп совет жауынгерлерінің атынан жазылған ұзақ жырды орденді жас ақын, сержант Әзілхан Нұршайықов шығарып, оны жыр алыбы Жамбылға жолдаушылардың қатарына ену бақытына ие болады.

«Сол жылы полковник берген газет менде қалған еді. Оның өзге жағын жорық кездерінде жолдастарым темекіге жыртып тауысқан, – деп жазады Әзекен. – Жамбылдың өлеңі (Жамбылдың «Жүз жасаған жүректен» деп майданнан жолданған өлеңге 1943 жылдың апрель айында қайтарған жауап хаты. Екі өлең де өз кезінде көптеген облыстық, майдандық газеттерде басылған. Ал



«Социалистік Қазақстанның» осы жылдың 30 майдағы санында қатар жарияланған) бар жағын құнттап қиып алғанмын. Сол қиынды менде күні бүгінге дейін сақтаулы»(Сонда, 338-б.) дейді.

Қарап отырсақ, Жамбылмен кездейсоқ кездескен, жырын тыңдап, өзін көрген, тіпті дәмдес-тұздас болған адамдардың барлығы дерлік жақсы әсерде қалатыны қалай? Онымен бірге суретке түскен Дихан-баба мен оған жыр жолдаған Әзілхан аға сонау сұрапыл соғыста жүріп те Жамбылға қатысты нәрселерін (суреті мен өлеңі басылған газетті) далаға тастамай, тәбәрік етіп, жандарына, жан қалталарына салып жүргені несі?

Антиквариат жинауды ол кезде көп әуес қылмаған қазақтың ақындары мен жазушылары әлгіндей заттарын қасиеттеп, қастерлеп сақтап жүруінің сыры – ұлы жыраудың ұзақ жасы мен үлкен талантына шынайы құрметпен қарағаны дер едім. Және, көп жасаған көнекөз қарттың ғұмырын берсін дейтін дәстүрлі ұғым да жоқ емес. Ал оның ұлы өнерін өзіме дарытса екен деп тілемейтін, әрі тілемеген адамдар аз болмаған. Бұл да біздің қазақтың ғасырлардан жалғасып, тамырын үзбей келе жатқан өзгеше мінезі, қасиеті және ұлттық ерекшелігі.

Мысалы, Ахмет Жұбанов берген қызыл домбырамен Жәкеңнің алдында құйқылжыта күй тартқан бала қыран – Н.Тілендиев оны отыз төрт жыл сақтапты және ол домбырасын анау-мынау жиындарға ұстамайды екен.

Осындай жайт, Мұхаң мен Шыңғыстың қарым-қатынастарында да болған деседі. М.Әуезов отырған орындыққа, ол тұрып кеткен әредікте Ш.Айтматов баласын аунатып-аунатып алыпты дейтін.

Бұлар біздің қазақта және туысқан түркі халықтарында кең тараған ұлттық таным. Үлкеннен бата тілеу, олардың қолына таласып-тармасып су құю, жанында жүру жас өскінге зор мәртебе болса, елге белгілі үлкен тұлғалардың берген затын, айтқан өсиетін, тіпті басқан ізі мен ішкен тамағына дейін мән беріп, қасиет көру үрдісі шын мәнінде өте таңғажайып құбылыс. Мұнда ұлттық тәрбиенің халықтық мектебі жатқан жатқан жоқ па? Және, жақсыны бірден танып, одан сол сәтте-ақ баласына бата тілетіп, оның отырған орнына сол сәтте-ақ ұлын аунатып алып, және сонысын жасанды, жағымпаздықпен емес, шын ықылас-ниетпен, құлшылық етіп, құдайға ұйығандай таза сезіммен, сеніммен істейтін адамдар болады. Олар да ұлы тұлғалар сияқты көп емес...

Нұрғиса Тілендиев те Ұлы Отан соғысына аттанып бара жатып, анасы Салиха екеуі Жәкеңнің батасын алуды жөн көреді. Бұрын да тәтесінің батасын алған баласына анасы тағы да бата сұрап баруы – сол бір сұмдық соғыстан Нұрғисаның аман-сау келуін тілегендіктен еді. Ұзақ жасаған жыр алыбы да талай-талай соғыстарды басынан өткерді, сөйтсе де ғұмырлы болды, ал бұның түрлі-түрлі себептері бар шығар, оны Салиха анамыз сараптап жатпаған, оның білетіні: үлкеннен алған батаның соғыстан баласы аман-сау келуіне қайтсе де жәрдемі болады деген ұлттық таным-түсінікте жатты.

Тілендінің Нұрғисасына, сол күні шілдеханада, солақаймен өзінен бастап, арғы-бергі дәулескер күйшілердің күйлерін тартып отырған жас өскінге: «Жарығым, домбыранды сақта! Қазақтың қара домбырасының бойына халықтың бар өмірі мен тарихы, қуанышы мен мұң-зары, өнері сыйып кеткен. Соны ыждағатпен ұқыпты үйрене білсең, осы домбыра халқыңа көп нәрсе айтып берер» (Сонда, 362-б.) деп Жамбыл берген бата қандай!

Бұл аз десеңіз – алты бірдей домбырасынан өзінің Жамбыл бағалаған «шешен» қызыл домбырасын жоғары қоятын Нұрғиса, тап сол қасиетті домбырасымен ең таңдаулы күйлерін дүниеге әкелген екен.

Н.Тілендиевтің қазақ күйлерінің алтын қорына енген шығармаларының көбі осы қызыл домбыра арқылы жазылып қалды.

Бұл енді кездейсоқтық емес: Халық қаһарманы, КСРО халық әртісі, дәулескер күйші, композитор, дирижер Нұрғиса Тілендиев – Жәкеңнің күйшілік өнерінің заңды һәм тектік мұрагері. Ол одан өзінің өнер жолына ақжолтай батасын алып аттанған жалғыз шәкірті. Ал қазақтың қандық генофонды тұрғысынан алып қарасақ, Нұрғиса Жәкеңнің туысқандық бұтағына жақын ұрпақтарының қатарына жатады.

Жамбылдың өнердегі шәкірттері өте көп. Аты белгілісі, белгісіз, Жәкеңді мойындағаны, мойындамағаны бар, бәрі де оның шәкірттері. Қазақтың болсын, орыстың болсын небір зиялы деген майталман тұлғаларының бәрі де оның жүз жасаған жасының жанында һәм мәңгі жасайтын өнерінің алдында шәкірт бала ғана екендіктерін түбегейлі мойындаған.

Нұрағаң да сол қатарда болатын. Жәкеңнің жанында отырып күй тартқан сол күннен кейін Нұрғиса өнер деген ұлы айдынға өршіл



талаппен қанат қақты. Оның қанатының суылы қаншама айбынды, адуынды, асқақ болғанын күйлерін тыңдаған жұрт біледі. «Ата толғауы» тартылған жерде өзіңнің қазақ екендігіңді тағы да тани түсесің. Кеуденді шаттық кернеп, қиялыңа қанат бітіп, аспан төріне қалықтап шыққаныңды білмей қаласың. Қайтып қара жерге түскің келмейтіні де болады. Өнер өзінің жойқын қуатымен жан-дүниенді жаулап алған сәт қазақтың қара домбырасына мың мәртебе тағзым еткің келеді. Бұл Жамбыл бабаға қойылған күй-ескерткіш.

Өзінің саналы ғұмырында ұлы ұстазы Сүйінбайды пір тұтқанын үнемі айтып отырудан ешбір жалықпаған Жамбылды өз кезінде Н.Тілендиев те өмір бойы қастерлеп, аруғына, киесіне бас иіп өткен қазақтың ұлы өнер қайраткері болды. Сондықтан, ол сол өнеріне, қазаққа жасаған елеулі еңбегіне өтем сұрау керек болса, ойында жалғыз ғана ұлы тілек жатты. Жәкеңнен алған қос бата босқа кеткен жоқ екен, орындалыпты. Жәкеңнің өзі де бір пұшпағын илеген күйшілік өнері өміршең болмай, сөз жүзінде қалар ма еді кім білсін, егер Нұрғиса тумағанда.

Сөйтсе де Жамбылдың өнердегі ақындық мектебі һәм шәкірттері: Үмбетәлі, Өтеп, Саяділ, Кенен, тіпті Жартыбайға дейін кете береді. Мұны «Жамбылдың өз айналасына келгенде, қоюланған қалың үйір, үлкен шоғыр, ордалы өлеңді көруге болады» деп академик М.Әуезов бір-ақ түйіп, керемет айтқан.

Міне осы, үлкен шоғырдың ішінде күйшілік өнерін жалғастыратын дәулескер күйшінің жоқ екенін ұлы жырау іштей болса да ойламауы мүмкін бе? Өзі бағындыра алмаған өнердің тереңіне сүңгігісі келгендіктен, Динаны қайта-қайта үйіне шақыра беретіні содан. «Көбік шашқан» мен «Кісен ашқанды» тартып отырған, жаулығы қарқарадай, биік қабақ, ақ сұр кемпірді Жамбыл Тәттімбет, Құрманғазылардың ізбасары, шәкірті, керек болса кейінгі ұрпаққа ұстаз екенін іштей мойындамауы да мүмкін емес. Өзі айтатын «халықтың мұң-зарын» толғайтын қара домбыра ой ойлайтын кәрі кеудені шымырлата өкіндірмеуі де мүмкін емес. Азды-көпті халыққа айтқан сөздері көкірегінен күй боп та төгілгенін Жәкең білетіндіктен, олардың да тағдырына алаңдай ой жіберген кездері де аз болмаған болуы керек. Әсіресе, Динаның күйіне құлақ қойып, үнсіз мүлгіп отырған сәттерде ой дегеніңіз жыр жүректі сыздатпаушы ма еді?

Өзінің Мұраталы күйшіден екі-ақ күй кем тартып жеңілгенін

айтып отыратын. Жамбылдың күйшілік өнерін профессор С.Садырбаев «Жамбыл және Мұраталы күйші» деген мақаласында жан-жақты зерттеп жазған. Бұл тақырып әлі де түбегейлі зерттеуді қажет ететін ғылымдық мәселелер екенін ғалым да жоққа шығармайды. Әрі ғылыми ойлардың көбісі осы айналадан әлі де ұзап шыға алмай отыр.

Аз да емес, көп те емес: сонда жиыны – 13 күй тартқан Жәкеңнің күйшілік өнерін ешкімнен төмен қоя алмасақ керек. Жамбылдың отыздан астам күй тартқандығын ел аузындағы аңыз бен оның туыс-туғандарының растауы бойынша «Жамбыл күйлері» деген тарауында Н.Төреқұлов та жазады (Сонда, 207-б.). Және бізге жеткені бар, жетпегені бар қаншама күйлерінің тағдыры белгісіз. Оны ұлы жырау өзімен бірге мәңгілікке ап кеткен жоқ. Одан қалайда үзіктер, жұрнақтар, жалғастықтар қалған болуға тиіс...

Ал Жамбыл Тілендінің үйіндегі шілдеханада қара домалақ балаға батаны тегін бермеген. Көпті көрген көнекөз – болашақ дәулескер күйшіні тап басып танығандай. Және, үнемі жандүниесін мазалап жүрген күйлерінің тағдыры мен өзінің күйшілік өнерінің өлмей, өшпей, жарыққа шығаратын басқа емес, солақаймен киелі күйді батыл соқтырып отырған мына бала екенін тап сол күні бағамдаған сияқты.

Өз кезегінде, қазағынан, халқынан, Елбасынан – жоғарыда шетін шығарғанымыздай, өнеріне өтем сұрау керек болса, батыл айтамын деп жүрген үлкен тілегі, Жамбылдың батасын алған шәкірті, оның үмітін ақтаған баласы, күйшілігін халыққа жеткізген ұрпағы ретінде, ақыретте Нұрғиса ұлы жыраудың жанына жатуды сұрармын деді. Солай болды да. Жамбыл бабасының жанында Нұрғиса ұлы ақынды күйлерімен тербетіп жатыр...

* * *

Алмас қылышты әркімдер беліне байламайды. Жүзі қылпып тұрған қылышты қолға ұстап көрудің өзі зор тәуекелді талап етеді. Оған жасқанбай жақындаудың өзі оңай емес. Ол одыраңдап барып, оп-оңай қынабынан суырып алғанды жақтырмайды. Онда кие бар, қасиет бар, бабалардың рухы бар.

Ұлы адамдар да сол сияқты. Айбыны, атағы, мысы басып тұрады. Оның рухының алдында жамандар жасық. Олардың да алдаспандай жарқ-жүрқ етіп кеп, осып түсетін кездері де болады.



Рас, ер қаруы адамға айбын болатыны секілді, сөз қаруы сақадай-сай тұлғалардың да кісі жанына сыйлайтын мейірім-шапағаты орасан зор.

Біздің аталарымыз жақсының жанына ерген жалғыз күнге жаманмен өткізген мың күнін әсте айырбастамаған. Және осы тәмсілді ұрпағына өсиеттеп айтқан.

Жастайынан жадына осындай тәрбиелік кодтарды енгізіп өскен қазақ балалары үлкеннің, жақсының, өнерлінің, ұстаздың маңына үйір болып өсетіні табиғи заңдылық.

Айталық, Абайдың айналасында оның адами болмысына, ақындығына, тіпті, байлығы мен мансабына бас иген талай-талай адамдар үйіріліп жүрген. Әркім ақынның бойынан өзіне керекті қасиетті тапқан. Ұшан-теңіз тәлім-тәрбие алып, ғибраттарына сусындаған. Сол сияқты ащы мысқылына ұшырап, аяусыз сыналғандар да болған. Ол кісі берген сәлемді бірден ала қоймай, адамның бас-аяғына ұзақ тесіліп қарайтын әдеті бар екен.

Міне, осындай мінез Жамбылда да бар. Бейнебір жақтырмағандай қадала қарап, көп уақыт тіл қатпай отырып алады екен. Мұндайда келген адам әлдебір асыл нәрсені көргісі кеп тұрса да қол тигізуге батпаған бала сияқты кібірттік күй кешетін көрінеді. Қарсы алдында алдаспандай суық жүзі жылтылдап, от тілді, орақ ауызды ақын отыр. Оның орып түсуі ғажап емес. Немесе, жүзінен даналықтың шуағы шашырап, жанына шақыруы да мүмкін. Алайда, осы бір аралық сәттегі ауыр үнсіздік, ұлылыққа, асқақтыққа, даналыққа ғана тән үнсіздік. Осы сыннан өткендер олардың шапағатына бөленеді. Олардың кісілігінді бағалап айтқан жалғыз ауыз жақсы, әділ, шын сөзі мәртебенді өсіреді. Тарихта мұндай сөздердің арыдағы Асаннан бастап, берідегі Бұқарға дейін жалғасып жатқан көптеген мысалдары бар...

Осы тарауды жазып отырғанда Әбділданың, Ғалидың, Д.Снегиннің, Бауыржанның естеліктерінде Жамбылдың ақындық, адами әрі асаулық мінездерінің кейбір қырлары көрініс беретінін байқадым. Мен «Жабылдың бірқақпайлары» деген атаумен әдебиет тарихында жазылып қалған, ел арасында сақталған және әркім әркімдердің естеліктерінде шашырап жүрген сөздерді бір жерге жинақтап кеп қарағанда, бұлардың жеңіл-желпі әзіл, шымшыма сөздер ғана емес астарында ой-пікір, сын, философия жатқан, сондай-ақ ақынның болмыс-бітімі көрінетін құнды дүниелер екен-ау деген тұжырымдарға келдім.

Ғ.Ормановтың 14 февраль, 1940 жылы деп тұрып, Жәкеңнің күнделікті өмірін қағазға түсіріп кеткенінің арқасында ақынның адами болмысы, табиғи таным-түсінігі, нанымы-сенімі, ішкі-тысқы әлемі т.с.с. нәрселер бүгінде бізге белгілі боп отыр. Сол арқылы қазіргі қазақ жұрты Жамбылды жақсы біліп, тағы да тани түсті.

«Асып тұрған ақылым жоқ. Жер тесіп кеткендей шешендігім жоқ. Біліп тұрған білімім жоқ, оқымаған кісімін. Әйтсе де байқаймын, халық көп біледі. Менің білімім сол халықтың білгендері. Мен халықтың сөзін айттым» депті 1940 жылдың 14 февралі күні ұлы жырау.

Жәкең артқы күнге анық қалатын сөз халықтың сөзі екендігін неге баса айтып отыр. Оның мәнісі – «Жамбыл менің – жай атым, халық менің – шын атым» деген ұлы тәмсілді тудырған алып ақын өзінің халықшыл көзқарасын меңзеген. Өйткені, Жамбылдың түсінігінде құдайдан кейінгі ұлы қауым – бұл халық. Ал халық дегеніміз – қоқанның, орыс патшасының боданында жүрген, көзі жас, көкірегі шер, әділетсіз, теңдіксіз күні өтіп бара жатқан, ұлт-азаттық көтерілісте басып-жаншылған, ашаршылықта қынадай қырылған қаймана қазақ емес пе? Және мына жалған дүниеде халықтың сөзінен асқан әділ, шыншыл, қайғылы һәм салтанатты, мәртебелі де өміршең әрі аса бай сөз болуы мүмкін емес. Жәкең өз өнеріне күмәнмен қарағысы келетіндерге, сауаты мен біліміне шәк айтатындарға өз уақытында да, болашақта да осы бір сөздерімен жауап беріп кеткен екен.

Бізге, бүгінгі ұрпақтарына ағынан жарылып отырып, ақиқат сөзін, аталы сөзін айтып кеткен Жәкеңді шын ұғатын, терең түсінетін қазақ елі бар. Құдайға шүкір, қазақ жұрты қазір бабалар армандаған, аңсаған азаттықты, қасиетті, қастерлі – Ұлт Тәуелсіздігін алды.

... Алып ақын 1936 жылы «Правда» газетінде басылған «Туған елім» дейтін әйгілі толғауымен әдебиетті де, әлемді де аузына жалт қаратқан кездерден кейін үнемі даңқ тұғырында қырандай саңкылдап отырды.

Жамбылға советтік Қазақстан атынан барлық бауырлас, тағдырлас, туысқан халықтар мен ұлттардың қалың бұқарасына өзінің ақындық, азаматтық әрі ақсақалдық ақыл-кеңестерін беріп отыру міндеттелді. Бұл тарихи міндет – әрбір халықтың өкілі



үшін қасиетті борыш болып саналды. Шын мәнінде, қарапайым халықтың ыстық ықыласы мен мұң-мұқтажын, арман-мұраттарын дәріптеу дейтін ұлы құндылық – Жамбылға соншама жат дүние емес болатын.

Қазақтың игі жақсылары сөзін тыңдап, хатшылары өлең-жырларын жата қап жазып ап жатқанда, Жамбыл оларға өзінен гөрі өнерінің аса бағалы екенін білмеді емес, жақсы білді. «Адам бүгін адам – ертең топырақ» екенін де көпті көріп, көп естіп, ұзақ жасаған ақын жақсы түсінген. Ол ұлы өнерімен өз есімін өміршең ететінін білгендіктен де әрбір сөзін бостан-босқа айтпаған.

Жанында жүрген қазақтың кілең жақсылары мен жайсаңдары аузынан шыққанын қаламдарымен қағып ап, қойын дәптеріне түртіп жатқанын Жәкең көрмей отырған жоқ. Және, олар өзінің шоң қазағы – Мұхтар Әуезов, – Балуан Шолағы – Сәбит Мұқанов, нар жігіті – Л.Соболев т.б. болса.

М.Әуезов Әбділданың үйінде Жәкеңмен алғаш танысқан күні оның Сәбитке айтқан: «Үніңнің іні тарлау екен. Сенен бәрі шығар, бірақ ән шықпас» деген сөзін қойын дәптеріне түртіп жатып: «Жәкең қысқа айтты, бірақ дәл айтты «Үніңнің іні тарлау екен» деп ақын ғана айта алады» деп танданған екен.

Жамбыл адамның сырт түрі мен ішкі әлемін, жалпы мінез-құлқын өте дәл байқайтынын оларға қойған қосалқы аттарынан да байқауға болады. Ол адамның түр-тұлғасын бейнелеп, суреттеп, тіптен карикатуралық үлгіде де басқаның көз алдына айнытпай әкеле қоятын шебер айтқыш.

Жамбылдың жанында жүріп, оның күйлерін тартқан Шаштай ақсақал: «Бірде жайлауда үлкен бас қосу болады. Сонда Жартыбай ақын қоймай өлең айта беріпті. Мүлгіп отырған сияқты көрінген Жамбыл шұғыл серпіліп: «Әпкел бері домбыраны, қызталақ, жаман тонның жыртығындай жан-жақтан жел үрлетіп жібердің ғой» деп өленді соққанда, көр-жердегіні түгін қалдырмай тізді дерсің» (Шаштайұлы Ж. Жыр-Жолбарыс. Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. – 170-б.) деп алып ақынның сойып салатын әділ сыншы болғанын да аңдатқан.

Оңтүстік қазақстандық қарт ақын Орынбай Тайманұлы шырылдап сөйлейтін, жіңішке дауысты адам екен, тәтем оны «Таукүдірет» десе, семейлік Нұрлыбек Баймұратовты «Жайылған үйірін шыңның басында күзеткен арқардың құлжасы сияқты» деп оның денелі, зор мұрынды екенін бірден сездіреді.

«Жайлауға шығамын. Биік таудың басына шықсам, сарқыраған өзен бойында жүрсем көңілім көтеріледі. Күркедей бірдеменің ішіне тықтыңдар да қойдыңдар. Бұл немене? – деп бәрімізге ұрысты. – Айтпақшы, іші өткеннің арты біледі, – деп аяғын сүйрете басып, әлгің Мәскеуге кетті ме? – дейді (онысы Әбділда еді.)».

Ғали Ормановтың күнделігіндегі осы бір деталь Әбділда Тәжібаевты көз алдына қалай әп-сәтте әкеле қояды.

Ал Асқар ақын Жәкеңе арнаған өлеңін оқиды дегенде: «Атың Асқар болғанда сен де төбешік ақын болмасаң керек, ал кәне бір сайрап берші, бұлбұлым» деп Тоқмағанбетовті топ алдында көтермелеп қойған кезі де бар екен (Дастан ата: Жамбыл Жабаев туралы естеліктер / Құраст. Н.Төреқұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 286-б.).

Жәкең арақ-шарапқа әуес болғандарды соншама тұқырта айыптамаса да ондайды жақсы қылық деп санамаған. «Сыра ішкендерді: «Ішіне боқ қатқан сиырша сарысу ішкендер» (Сонда, 148-б.) деп жақтырмайды екен.

Бірде машинасын жүргізуші Нағашыбек Байсалбаев Жамбылды Қаскелеңге қонаққа апарып, ағайындардың қыстауымен аздап ұртап қойса керек. «Содан не керек, қайтып келе жатады. Қарғалы көпірінің түбіндегі Бүйрекбай деген кісінің үйіне тақағанда Жамбыл машинаны тоқтатады. «Әй, сен теке сасып кеттің ғой, мына ағып жатқан суға бір сүңгіп шықшы» депті. Осындай тағы бір жайт Әжиман деген қызулау құрдасы ауылға жетіп алайын деп болмаған соң, Жәкең біліп қояр ма екен деп (арактың иісін) қорыққан Нағашыбек ағамыз оны машинаның артына жасырып, жатқызып қояды. Сонда: «Жол бойы Жамбыл дегбірсізденіп, қайта-қайта Нағашыбекке қарағыштап: «Әй, сен тағы бірдеңе ұрттап алған жоқсың ба?» деп сұрай беріпті (Шаштайұлы Ж. Жыр-Жолбарыс. Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. – 67-б.).

Мәскеуге кетіп бара жатқанда «Жамбылды тамақтандыру мәселесін біржола өз міндетіне алған Клавдия Михайловна (дәрігері) Жәкеңе ет бермейді. Берсе бір-екі жапырақ еттің қара кесек, жұмсақтауынан, құдды мантаға салатын сияқты күлдей етіп жапырақтап береді.

– Мына қызым мені торғайға айналдырды-ау? – деп күлетін Жәкеңе «Националь» қонақ үйіне орналасқан күні Л.Соболев, Вс.Иванов, сияқты кілең ығай мен сығайлар кеп амандасып жатады.



Бұл Калининнің Жәкеңе Ленин орденін қадайтын әйгілі күндердің қарсаңы болатын. Сонда Калининге арнап жыр түйдектеткен Жәкеңе Калинин «Рахмет, Жамбыл! Көп рахмет! Өлеңіңе сүйсіндім. Шаршап қалма!» дегенде «Саған да рахмет! – Орденді өлеңіме бола беріп тұрған жоқпысың?» (Дастан ата: Жамбыл Жабаяев туралы естеліктер / Құраст. Н.Төрешұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 219–221-бб.) деп «сыйға – сый, сыраға – бал» екенін сондай бір еркін ескертіп қоюды да теріс көрмеппі. Сол күні болса керек, жырды соғып отырып, Калининнің атын ұмытып қалған тәтем қасындағы қазақтардан (Қапан болуы мүмкін) «мына теке сақалдың аты кім еді?» деп сұрап қап, зәрулерін ұшырған екен дейтін аңыз-әңгімелер де бар.

Осылардың ішіндегі сәлемдесе келген Родо деген негр бала Жәкеңе қатты әсер етті деп жазады Қ.Сатыбалдин. «Негрді бірінші көруі. Сондықтан түсіне таңдана қарап отырды. Мұнымен мен сырттай таныс ем. Родо жаңадан ғана бізде шыққан «Том Сойер» атты киноға түскен. Еңгезердей тұлғалы, еріндері екі елі, көмірдей қап-қара негр Жамбылға қатты әсер етті. Қарт жырау оны жатсынған жоқ. Қайта аяныш сезім білдіріп, ол келгенде ылғи жақсы шырай білдіріп отырды.

– Көзін көрдің бе, Қара бала, ботаның көзіндей. Осы қайғы басқан адамның көзі дайым осындай болады. Ішқұса күйік жеген байғұс екен бұл, – деп Родоға қарай беріпті. Ол да Жәкеңе іш тартып, келіп тұрыпты, тіпті бірде негрдің халық әнін айтып бергенде тәтем: «Ботасы өлген інгеннің боздағаны сияқты. Әні зарлы екен, мына бейшараның көрген күні күн емес шығар, Қара бала?» (сонда) деп Қапанға қайта-қайта сауал тастап, қабағы түсіп, қатты қапаланған көрінеді.

«Бір сөзін мың сатқан сорлы немелер» деп өзге ақындарды да қатты сынайтын тәтем өзінің де кейбір кемшіліктерін мойындаған ғой. Және болашақты көреген көзбен бақылайтын алғыр адам да болған. Сондай бір сәтті Кенен ата былайша еске алады: «Бір жолы төстегі тойдан құр қайтқан сапарымызда Жәкең налиды ғой деп едім, оның жолшыбай маған айтқан сыры өзгеше болды.

– «Құдай сүйер қылығымыз» жоқ, сен де, мен де түскен жерімізді тотияйындай күйдіреміз. Сол үшін байлар қол тарлық етеді. Олар солай істегенмен, халық біз туралы әрқашан да айтып жүрер, – деп еді ол. Айтқанындай, осыдан отыз жылға жуық бұрын баспасөзде «Жетісу ақындары» деп екеуімізді жазды» деп (Сонда, 70–71-бб.).

Жоғарыдағы Мақыш Райымбекұлы мен Кенен атамыз кезінде, біраз уақыт ревком болған ғой. Мақышты қалай сынайтынын көрдік, ал Кененге былай деп өлең шығарған екен:

Тау шабытты Кенен-ау,
Тартқаның ба керенау!..
Өйтсең көңілім қайтады, –
Жұрт бағынса екен деп,
Сен жүресің секеңдеп,
Өлеңді кім айтады? –

деп оны да шенеп салған кезі болғанын К.Әзірбаевтың өзі айтқан.

Тағы бірде Кененнің «Базар, Назар» атты қос ұлы мезгілсіз қаза боп, жүдеп жүргенде айтқан мына жұбатуы да өте өткір айтылған. Кенен астында арық күрең аты бар бір топ базаршылардың арасында тұрғанын Жәкең анадайдан тани кетіп: «Кененбісің?» деп қасына келеді. Сосын бас-аяғына бір қарап ап:

Өзіңнің мойның қылқиып,
Атыңның бұты тыртыып,
Әжептәуір жігіт ең,
Қалған ба саған тіл тиіп?!
Ер жігіт десем, ез құсап,
Мойып қапсың сылқиып.
Қой, ойлама уайым!
Туарынды ұрайын,
Тағы да табар жұбайың!
Түбін берсін ылайым! –

деп аяғын батамен бітірген екен. Кейін Насиха апамыз ұл тауып, Жәкеннің айтқаны айдай келеді. Тіпті, балаға тағы бір батаны Қордайға өзі барып тұрып, беріп кеткен екен (Төрекұлов Н. Жүз жасаған бәйтерек. – Алматы: Жалын, 1989. – 202-б.).

Әбділда Жәкенді Тәжібай тәуіптің үйінен тауып, Алматыға алып жүрерда ақын атамыз алдымен ақ есегімен қоштасқан екен.

«Бұған да мықты бол, Тәжібай. Ашығып қалмасын ақ тұлпар», – деп оларды бір күлдіріп ап, машина жолсызбен шоқалақтай жөнелгенде: «Мынау қайтеді, мөңки ме?» деп тағы да күлдіреді. Сосын шамалы жүрген соң артқы орында отырған



Әбділдаға бұрылып қарап: «Келемісің, балам?» деп сұрап қояды екен. Әлден уақытта тас жолға түскен машина жүйткіп келе жатады. Сол кезде тағы да артына мойын бұрып қараған Жәкең Әбділданы көріп қап: «Өй, сен де қалмайсың ғой!» деп қалжыңға салады. Өзінің жарасса деген осы. Жалпы, Жәкеңнің өлең-жыр, дастандарында өткір айтылған сөз орамдары өте мол. Оның бәрі де шешен тілмен төгіліп кеп, жарыққа шыққан қанатты сөздер. Оларда адам, тіршілік, табиғат, мінез, қасиет сияқты т.б. нәрселер өзінің алуан-алуан қырларымен алмастай жарқырап жатыр. Өмірдің ұсақ-түйек деген жағдайларының өзінен өмірлік күрделі түйін түйетін даңғыл жыраудың «бірқақпай» деген атпен белгілі көптеген асыл сөздерін, тегінде, жеңіл-желпі эзілдер ретінде қабылдай салу аздық ететін тәрізді.

Айталық, жоғарыдағы сөздерде адамның портреттік дәл кескіндемелері, өткір сын, шарж, пародиялар жатыр. Ақынның көргені, түйгені, керек болса өсиеті жатыр. Жақсы мен жаман әрі жақсылық пен жамандық жөніндегі аталық ащы тәмсілдері жатыр. Және, Жәкеңнің адами жан дүниесі де жарқырап көрінеді. Сталиннің өзімен бас изесіп қана амандасқан ақын, негр Родоны көргенде неге жанын жанашырлық сезімі билеп алды?

Кәрілік туралы жеріне жеткізіп жырлаған қазақ ақындарының бірі – Жамбыл Жабаев. Әрине, жорық жырауларынан бастап, Асан қайғы, Бұқар, Абай, Шәкәрім, Шал ақындар кәрілікті әр қырынан суреттеді. Бәрі де оны адам өмірінің көңілді шағы деген жоқ. Жамбыл да солай.

Жамбыл:

Жігіт едім жасымда қысылмаған,
Көрсеткен жоқ тірі жан қысым маған.
Тар саңлаудан дәл соққыш мерген Жамбыл,
Кең кебісін кие алмай пысылдаған, –

деп Соболевке сүйеніп тұрып, қолма-қол төрт жол эзіл өлеңді төгіп жібергенде, Мұхаң күлкіден аузы жуыспай: «Мінеки саған импровизацияның ат басындай алтыны. Жаз тез, жаз» деп қуаныштан қырандай саңқылдапты Соболевке.

Мұның алдында ғана «сақалым темір күрек борға малған», «аузыма ақ жабағы жапсырғандай», «босатып буынымның шегелерін» дейтін таңғажайып теңеу, күрделі метафораларымен

бұларды таң қалдырған Жамбылдың «Кәрілік» деген өлеңі мына жерде де жаңа қырымен жарқ ете қалды. Бұл қанша жерден табан астында айтылған бірқакпай болса да, кәріліктің шын келбетіне анық мысал бола алатын әдемі сөздері.

Ал ақсақал ақын жазушылар клубына келгенде өзінің суретін көріп: «Қай жаққа шығып кеткенсің, қызталақ! Мына пысықайлар сені тым биікке шығарып алып, қайтадан төмен түсіре алмай жүрмесін!» (Жамбыл әлемі: Фотоальбом /құраст.: О.Таланова. – Алматы: «Өнер», 1996. – 14-б.) деп айтыпты деген аңыздың жалған еместігіне Әбіш аға Кекілбаев та күмән келтірмейді.

Мен де ел ішінде айтылып жүретін және Жамбыл айтыпты деген осындай аңыз сөздерді бірінші тарауда келтірдім. Өйткені, мұндай ұлы сөздер тек ұлы адамдардан ғана шығады.

* * *

«Ақын даңқы – халық даңқы» деген сөз байыптап қараған адамға ұқтырар мағынасы өте зор.

Жамбыл жайлы жазбалар бізге не дейді? Болашаққа нені аманаттайды?

Заманының алып ақынына ұлылардың көзімен қарасақ, неге көз жеткіземіз? Ақын мен заман, адам мен адамзаттық мұраттар бірлігі тұрғысынан бағамдағанда, Жамбыл ұлы үндестіктің қай қыратында жатыр?

Жамбылды көргендер ол туралы неге тек қана асқақ пікірде қалатын болған? Тіпті, оны көрмеген адамдардың өзі ол туралы жазбаларды оқығанда ұлы жырауға әкелерге тән махаббатпен жақындай түсетінінің сыры неде?

«Жамбылдың мұражай үйінде» Жамбыл мен Сәбеңнің бейне бір әкелі-балалы адамдай арқа-жарқа құшақтасып отырып түскен әйгілі суреті кілемшеге бедерленіп ілулі тұрғанын көргенде кеуденді әлдебір тылсым құштарлық сазып өтетіні қалай?

Жұмыр жерде қанша ұлт пен ұлыс бар болса, түрлі деңгейдегі соншама өркениет, тарих, философия, әдебиет пен мәдениет т.т. бар. Міне, осының ішіндегі ақындық өнерлерімен солардың бәрі де әлемдік поэзияның жалына жармасуға мүмкіндігі болғанымен, суырыпсалып айтатын айтыскерлікке келгенде, әлгілер қара үзіп қалатынына шүбә жоқ. Өйткені, айтыскерлік өнер дегеніміз



– қазақ ұлтына хас (әлбетте, қырғыздарды қосқанда) табанда тауып айтатын таңғажайып өнер ғана емес, біздің ұлтымыздың төл паспорты және әлем халықтарының алдындағы өзгеше атақ-даңқы. Міне, осынау өнердің қыран тұғырында жыр алыбы Жамбыл Жабаев тұр. Оған қазақтың, орыстың, француздың т.б. ұлттардың ұлы тұлғалары шәк келтірмейді. Олардың айтқан сөзін, берген бағасын, адамзаттық, азаматтық әрі ғылымдық, жазушылық ой-пікірлері мен тың тұжырымдамаларын осы тарауда мейлінше қамтып, нақты мысалдармен талдауға тырыстым. Бұл көркемдік пайымдама мен зерттеулерден шыққан қорытынды мынау: Жамбыл Жабаев – өз дәуірінің перзенті және тарихи уақыт пен кеңістіктердің мәңгілікке кеткен ұлы тұлғасы. Ол өз заманының барлық, атап айтқанда өзіне керекті ғылымы мен білімін жете игерген адам. Қазақтың дала университетінің әдебиетін, мәдениетін, тарихын, философиясын және ұлттық фольклористикасын түгел меңгерген шәкірті. Қазіргі тілмен айтқанда, филологиялық білімі бар маман. Ол, сондықтан да, ұлы үндестіктің ең асқар шыңына шыға алды: дала Гөмері деген атақ Жамбылдың негізгі ғылыми атағы десем артық айтқаным емес. Ол – қайталанбайтын құбылыс, ол – қайта туған және қайта тумайтын – феникс, ол – жыр алыбы! Сондықтан да, біз ол жайындағы жазбалардан асқақ пікірлерді, тың ойларды, шын сипаттамаларды көреміз. Оны жазып отырғандар да қалам қайраткерлері, ақыл мен ойдың, парасат пен пайымның падишалары және өтірік пен жалғандықтың «қарағайға қарсы біткен, балталасаң да майырылмайтын қарсы бұтақтары», бітіспес күрескерлері. Міне, сондықтан да біз Жамбыл туралы жазбалардан тек шындықты көреміз, ал шындықтың өзіне тартатын құдіреті бар екені барша адам баласына мағлұм. Және ақынға әкеге ұмтылған баладай жақындай түссек, оның сыры қарапайым ғана, себебі Жамбыл Жабаев – кіршіксіз адам, алып ақын, көп жасап, көпті көрген дана қарт!

Мен де Жамбылға ұлылардың көзімен қарадым. Және Жамбыл жайлы шашырап жүрген алуан-түрлі сөздердің басын бір жерге жинақтап кеп, ой қорыттым. Ол ойларымның бәрі де сол ұлылардың сөздерімен үндесіп шықса, онда ақиқаттан алшақ түспегенім деп білемін.



*Ғабит МҮСІРЕПОВ,
академик-жазушы*

ФЕНОМЕН – ФЕНИКС

Ұлы Абайдың құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған алып ақын атамыз Жамбыл дүниеге екі рет туып келген адам: тоғыз ай, тоғыз күнде ана құрсағынан туды, тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан тағы бір туды.

Анада алалық жоқ, қай баласын болса да мерзімді күні жарық дүниеге әкеледі. Қазақтың Гомерін туғызу үшін заман тоқсан жыл толғатты.

Көне грек Гомерінің қайда туғанына осы күнге дейін жеті шаһар таласады. Қай елден туғаны да осы күнге дейін даулы, қазақ Гомерінің туған елі – Ұлы жүз – Екей. Туған топырағы – Жамбыл тауының баурайы. Болашақ ақынға сол таудың атын қойған. Мүмкін, әкесі Жабайға – балам таудай биік, тастай берік, бұлақты, жылғалы, қыс ықтасыны болсын, жаз көлеңкелі саясы болсын деген ой келген шығар. Ол арманы қате кеткен жоқ.

Гомер анадан туды ма, ойдан туды ма, ол әлі таласта, қазақ Гомерінің әке-шешесі де мәлім. Бірінші туғанда ана бесігінде өсті, екінші туғанда Отан бесігінде өсті. Тоқсан мен жүз жастың арасындағы он жылда ұлы Жамбыл Гомер атанды. Оны Гомер атандырған сол Отанның дүние тіршілігін азаттық, теңдік, бақыт арнасына түсіруге арналған ұлы істер еді. Жәкең осыны жырлап Гомер атанды.

Ақын Жамбылдың екі рет туғаны да, түрлі заманда жасағаны да, өмірінің ең соңғы он жылында бүкіл дүние таныған атақ алуы да – Феномен. Сирек кездесетін, себебін осы күнге дейін ғылым таба алмай қойған сыр. Әсіресе тоқсан жас пен жүздің арасындағы он жылда ақындық дарынның бұрынғысына қарағанда еселеп шарықтап кетуі дүние жүзілік даналардың өмірінен де кездескен емес.



Көбіміз алпысқа толғанда пенсияға көшіп, жетпіске толғанда өмір шекарасының құламасында тұрғандай сезінсек, ұлы Жамбылдың даусы тоқсан жасында шырқап кетті. Бұл жасқа дейін көтерілмеген биігіне көтерілді. Ұлы Отан соғысының тұсында көп ұлтты совет поэзиясында Жамбылдан жоғары көтерілген ақын болған жоқ. Жамбыл даусы күркіреп шықты. Жамбыл сөздері жау жүрегіне оқ болып қадалды. Жамбыл сөздері жоғары командованиенің әмірімен қатар Смольныйдың қабырғасына ілінді. Бұл кезде Жамбыл жүзге таяп қалған еді. Ең алдымен жете түсінер, жете түсіндірер, сыры терең Феномен осы!

Жамбыл өмірге жымия қарап, сынай өскен ақын еді. Оның ойлы көздерінің түбінде қашан да бір сықақ ұшқыны тұратын. Әлденені түсіндіре бастасаң «Мені бір алжуға айналған шал деп отырсың-ау!» дегісі келгендей мұрт астынан миығы жымия бастағанын сезуші едің. Айта бастағаныңды іліп әкетіп, өлеңмен өзіңе қайта айтқанда ақын жүрегінің ыстық жалынына, ой-сезімінің тереңдігіне таң қалатынсың.

Ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы жетпіс жылдық өмірінде қазақ халқының тіршілігі оған бір ұйқас-үйлесімі келмей, ойды бұлдыратып тұрған өлеңдей сезілетін сияқты. Ақындармен айтысқанда, әр елдің ішкі-сыртқы тарпаңдығын сынағанда, Жәкең осы жағын жаныштай сөйлейді. Ол бір қисыны қашқан өз дәстүрінен түзеле алмайтын, өзіндік күш-жігері сарқылып, сал-бөкселенген, «қайран жиырма бес!» деп артта қалған дәуірін көксейтін өмір еді ғой!

Таңқаларлық бір нәрсе – өзімен тұстас ақындардың бірінде азырақ торығу болса, Жәкеңде ол жоқ. Түн артында күн барына шектенген емес. Қылыш астында, қыл арқан мойнында тұрғанда айта алмаған, іркіп қалған сөздері болса қорлана берген, шыңдала берген. Ұлы революция ақынының барлық тұсауын талқандап, тас бұғаудан біржола босатқанда ағыл-тегіл жыр да жосылып жүре берді. Ғылым аша алмай келген Феномен сырының кілті осында. Феномен сыры ашылады екен.

Ұлы Абай он тоғызыншы ғасырдың ақыны. Оның құрдасы Жамбыл жиырымасыншы ғасырдың ақыны, әсіресе өмірінің соңғы он жылының ақыны. Абай қазақ халқының поэзиясын, тілін, жан-жақты көркем өнерін оң жолға түсірген, тарихи еңбегі

бар асқан дана, ұлы ұстаз, қазақ халқының ойын өсіру, сезімін тереңдету, ар-намыс, адамгершілік қасиеттерін шыңдау осы ұстазымыздың қолынан өтті. Қазақ ақын-жазушыларының ана сүті мен қанына тараған деп атарлық тәрбиесі Абайдан келеді. Жамбыл болса, ол жаңарған дүниенің, социалистік өмірдің жыршысы. Отан деген – ұлы сөз. Оның айнымас, бұлжымас ірге тасы ұлттар достығында. Ондаған ғасырлар бойында орнынан қозғалмаған ескілік үйіндісі мәңгілік бас иер мұраң емес, сорың. Адам баласына социализм деген бақыт келді, фашизм деген жау келді. Ақын дауысы «қорған!» дегенде де, «аттан!» дегенде де дүниені жаңғыртыру керек. Жәкең дауысы осылай шықты. Бір ғана сыр жасаған ақын дауысы қарлықпастан кетті. Қызарған, бұлдыраған кәрі көз дүние аударыспағын түгел көріп отыратын сияқты еді.

Ақын болсаң қыздырып айт, қызықтырып айт, жылатып айт, күлдіріп айт, күйдіріп айт! Жел ессін, дария шайқалсын, ой аунақшысын! Қанжардай қадал, оқтай ат, ескілік дүниесі қансырап қалсын!

Бүггендеме, бұқпантайлама, заман жастарын бұқтырмай өсір, арқаланып өссін. Теңдікке еншілес – бірлікке де еншілес, ерлікке де еншілес – елдікке де еншілес. Жәкең жырларының рухы осында ғой.

Жәкеңнің екінші рет дүниеге келгені 1934 жыл. Сол жылы, жаздыгүні ақындардың бірінші рет үлкен жиыны болды. Басында тозығы жеткен киіз қалпақ, үстінде ақ көйлек, ақ іш киім, жалаң аяғында резеңке галош, көк есекке мінген кәрі шал – Жәкең келді.

Ауылға шауып кіретін, ауылдан шыға бере шаба жөнелетін, өнім-өндірісте жұмысы жоқ жалған белсенділер Жәкеңді де біраз жүндеген екен. Көк есегін театр ауласының түкпіріне байлап, жауырынды келген қызыл көз, еңкек шал жиынға кірді...

Жиынға Жәкеңнен басқа үлкен бір топ халық ақындары да келген, біразы – Орынбай, Шашубай, Доскей, Қуат, Кенен, Қазанғап, Қалқа, атақты Ыбырай ақынның жиені Тайжан, Молдақмет сияқты қу мүйіздер, басқалары – Нартай, Нұрлыбек, Үмбетәлі, Иса сияқты топ жарған дарынды жастау ақындар.

Жәкең сол жиыннан аруақтанып, рухтанып қайтты. Ақын сөзіне үлкен құрмет-қошамет бар екен. Партиямыз бен Совет үкіметі әр халықтың бойындағы ақындық күшін жоғары бағалайды екен.



Көркем сөз, көркем өнер дегендеріңіз қай елдің болса да бойында қайрат-жігерінің, ой-сезімінің айнасы сияқты көрінеді екен. Ықтай сөйлер, имене берер заман емес, көкірегіңді кере сөйлер, құлаштай серпер заман. Айта алмаған, іркіп қалған, қорлана берген, өткен заманға қимаған сөзің болса айтар кез, айта алар кез. Сөз асылын дүниеге таратар сара жолдар да көбейген.

Осы сапарынан кейін Жәкең жер құртындай жыбырлаған көк есекке мінген жоқ, күшпек санды күреңге мінді. Жәкеңе ғана жарасар қонымды жылқы еді. Есек мініп жүріп әлемге айқай салу ерсі болар еді. Қазақ ақыны ат үстінде туған ғой. Ақын мен ат, ат пен айқай бірге жаралған. Жарасымды жаралған. Ат үстіндегі Жәкең дауысы Алатауымен бірге жаңғырыға шықты. Әлем құлағы жатсырамай тыңдады. Тоқсанға келген қарт Жәкеңнің қайта туып, қайта жасаған соңғы он жылы осылай басталды. Мұны Феномен демеске болмаса керек.

Жәкеңнің тоқсан жасында қайта туғаны Феномен болса, ақындығының қайта шырқап кеткендігін Феникс арқылы түсінуге болады.

Феникс – құс. Ол – адам ой-сезімінің, барлық асылының, даналығы мен адамгершілігінің мұрагері сияқты. Мыңдаған жылдар жасай береді. Өле қалса өртеп, күлін отқа салсаң қайта тіріліп тұра келеді. Өткен өмірін ұмытпайды. Дүниеде қандай асыл ойлар, білім иелері, әділет иелері болды, көркемдік қазыналары болды, бәрі есінде. Екінші тілмен айтқанда, Феникс адамзаттың өзінің есі дер едім.

Вавилон патшасының қызы Фармазонда асқан сұлу екен. Сұлулық тәңірісі Афродитаның Венера-Шолпан бейнесін Пракситель сол Фармазонтаның суретіне, тас мүсіндеріне қарап отырып жасаған, бірақ анағұрлым солғын шығарған... Сұлулықпен сұлулықты бейнелеуге болған емес... Бір кезде Фармазонтаның қолына жиырма жеті мың тоғыз жүз жыл және алты ай жасаған Феникс түседі. Ой-сезімнің, даналықтың, әділеттің ажалы қашан да олақ қолдан келмек. Феникс садақ тарта білмейтін Мысыр патшасының оғына ұшырап өледі. Фармазонда Фениксті өртеп, күлін отқа салған екен. Феникс қайта жаралып тұра келеді...

– Екінші рет туғанға қанша таңдансаң, бірінші рет туғанға да сонша таңдану керек... Дүние болмысы туып, өзгеріп, қайта туғанға толы емес пе? – дейді екен Феникс.

Шынында да, ең таңданарлық нәрсе ненің болса да бірінші рет туғаны болу керек. Оның екінші қайталануына жол ашылды емес пе?

Заманалар ауыспағы, жиһангерлер жорықтары талай елдердің тағдырына жосыған із қалдырып отырады. Тозығы жеткен заман апатқа ұшырағанда талай елдің қымбаттысы мен қасиеттісін астына ала құлайды, топырақ астына, күл астына көме құлайды: грек мраморы, Мысыр жазуы, Александрия кітапханасы, көне түрік әліппесі, тағы-тағылар. Бірақ көмген мен көмілгендік біржола өлгендік, өшкендік емес. Жер бетінде ой зираты, даналық зираты жоқ еш жерде. Қай заманда туса да асыл ой өлген емес, поэзия өлген емес. Ой мен өлең балаң, балғын кезеңнен өтіп піскен кезде айналасына ұрығын шашады. Ол ұрықтар ойдан ойға қонып, жетіле түсіп, алдағы белдерден асып кете бермек. Тамыр жайып тарай бермек. Сөзге өлім жоқ. Сөз арқылы тараған ойға өлім жоқ. Оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізер адамның өзінің есі. Соның аты – Феникс, ақындар қойған ат..

Қазақ ақындығының да талай шаң-боранның астында, талай қырғын астында сөніп кеткен кезі бар. Бірақ оның да жер астында қалған тас көмірдей қызынары бар, тұтанары бар, бір кезде қайта тұтанбақ. Өйткені өлең де адамның есінде сақталады.

Жамбыл жырлары маған талай ғасырлар бойында бір тұтанып, бір сөніп, халқымыздың есінде қала берген, тоқсанға келген ақынның жүрегінде қайта тірілген, халқымыздың жыры, өзінің сыры сияқты елестейді. Сондықтан да, мақаланың аты «Феномен – Феникс» қойылды.





V ТАРАУ

ЖҮРЕГІМ – ЖЫРШЫ ДОМБЫРА

*Ілгеріде Шөже, Балта заманда өткен,
Асекең, Бұқар жырау арманда өткен.
Солардың аруағы маған қонып,
Ел мұңын жырмен толғап нәсерлеткем.
Сөйлеймін ерегісsem өктем-өктем,
Түскендей жайдың оғы саған көктем.
Шын қызсам сөзім – жалын, домбырам – найза,
Құрсаулы сауыт болар маған шекпен...*



Жамбыл



ЖАМБЫЛ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ

Жамбыл – дүлдүл ақын. Бұл оған қазақ халқының ғана емес, бұрынғы барша кеңес Одағы жұртының берген әділ бағасы. Жаңа дәуірде, жарлылар үкіметі тұсында ширек ғасырдан аса ғұмыр кешкен талант иесі соңына өлмес мұра, өшпес даңқ қалдырды. Жамбыл ақын еді, даңғыл ақын атанды...

Шынында, Жамбыл қазақ әдебиетіне өз жолы, өз сүрлеуімен келді. Алмастай өткір, жақұттай жарқыраған жойқын жырларын Жамбыл ешкімнен сұрап алған жоқ. Ескі мен жаңаның, өткен мен бүгіннің арасына өткел болған ұлы Жамбыл өз даңғылын өзі салды. Ол өз заманының жыршысы, өз қоғамының бұлбұлы болды. Бұл шындық. Алайда, Кеңес үкметінің бұл таңдауы тегіннен-тегін емес еді. Жамбыл өзі тұрғылас қазақ ақындарының арасынан жас мөлшері ғана емес, дарыны жағынан да оқ бойы дара шыққан саңлақ ақын болғандығын оның өз туындыларынан – поэзиясының қуаттылығы мен поэтикалық болмыс бітімінен айқын аңғарамыз.

Көпшілік ғалымдардың байқауынша, Жамбыл шығармашылығының қайнар көзі – халық ауыз әдебиеті. Ол сонымен қатар, қазақтың ескі замандардан жеткен есті мұрасы – фольклорымыздың бай да бағалы үлгілерін көп білген. Бұл орайда академик-жазушы М.Әуезовтің Жамбыл творчествосының негізгі мотивтері мен идеяларының тарихи тамырлары оның алдында өткен Махамбет, Сүйінбай, т.б поэзиясында ғана жатқан жоқ, әлдеқайда тереңде – сан халықтың әрі сан ғасырлық сонау көне заманғы эпосында, тарихи жырларында, аңыздары мен әңгіме, хикая-мұраларында жатыр, – деген сөзі қандай?! (М.Әуезов, 1985, 18-том, 411-б). Шынында да, Жамбыл шығармашылығының көркемдік әлемі көнедегі халық әдебиетінің көкжиегімен біте қайнасып, ескілікті қазақ тұрмысының рухани түр-болмысымен, қат-қабат қойнауындағы құнарлы үлгілерімен үндес келетіндігі күмән туғызбайды. Бұған



ақынның қайсыбір туындысын алсаңыз да айқын айғақ, кәделі куә. Жамбыл поэзиясы, әсіресе, оның эпикалық шығармалары батырлық пен ерлікті, елдік пен бірлік мотиві Жамбылдың бүкіл шығармаларынан елі мен жерін, Отаны мен жұртын сүйген үлкен жүректің ұраншыл үні естіледі. Ақын тек батырлықты ғана жыр етіп қоймай, сол ел қамын ойлаған ерлердің асыл арманы мен үзілмес үмітін, шындық үшін басын қатерге тіккен қаһарман ұлдардың әділетті тұлғасын, халық өмірінің азапты кезеңдері мен көсемдер бейнесін де шынайы суреттей білді. Әуезовтің сөзімен айтқанда, Жамбыл шығарған «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Саурық туралы», «Жапа туралы» циклі т.б. эпикалық жырлар халықтың белгілі бір мақсат-мүдделерін көздеген идеясының репертуарларын құрайды. Жамбыл шығармалары жанрлық түр жөнінен қағытулар, өлең-жырлар, айтыстары мен дастандарынан жинақталған. Ал, дәлірек айтсақ, ақынның қағытулары мен өлең-толғаулары негізінен арнау түрінде шығарылғандығы байқалады. Бұл жағынан алғанда, Жамбыл туындыларының бұрынғы және өзі тұстас белгілі қазақ ақындарымен үндес келеді. Мәселе, Жетісудан ұшқан ақиық ақынның поэзия шыңдарына қалай, қандай екпінмен, қай қуатпен, қандай тәсілмен самғай ұшып жетіп, қай биікке қонғандығында болса керек. Осы ретте Жамбылдың ақпа-төкпе ақындық таланты еріксіз назар аудартады. Себебі, замандастары мен оның көзін көрген қаламгерлердің куәлігіне сүйенсек, Жамбыл өте тапқыр да, өткір әрі айтқыр ақын болған. Хас дарынның табанда шығарылған өткір әжуалары мен эпиграмма үлгісіндегі үйлесімді әзілдері, қағытпалары мен қалжың өлеңдері, қыз-келіншектерге арналған сезім сарынды бірқақпайлары ел есінде жатталып, халық арасына кең тараған. Тіпті, осы тектес экспромт өлеңдерді жасы жүзге жеткенше шығарып, жағы талмай өткен бірден-бір қазақ ақыны да осы – Жамбыл. Ақынның мұндай тапқырлық қасиетінің елден еректігі М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Бегалин, Ә.Тәжібаев, Ғ.Орманов т.б жазушылардың естелік, мақалаларында арнайы сөз болған.

Тағы бір назар аударатын нәрсе, Жамбылдың «Жаңа низам» тұсында шығарылған, қайсыбір өлеңдерінде ұлы Абай поэзиясының сол тақырыптағы туындыларымен сарындастық, үндестік анық сезіледі. Ақынның атақты «Сарыбайға» атты

арнау өлеңін Абайдың «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» дейтін толғауымен салыстырып көргенде, осы ұқсастық айқын көрінеді. Мысалы, Абайдың аталған өлеңінде:

Байлар да мал қызығын біле алмай жүр,
Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр.
Сабылтып, күнде ұрлатып, із жоғалтып,
Ызаменен ыржиып күле алмай жүр.
Саудагер тыныш сауда қыла алмай жүр,
Қолдан беріп, қор болып ала алмай жүр.
Ел аулақта күш айтқан, топта тынған,
Арсыз жұрттың көңілі тына алмай жүр, –
деп келетін ойлы сипаттаулары Жамбылда былайша
бейнелеулермен өрілген:

Біреулер «қайтемін» деп қалтандап жүр,
Әркімнің аузына бір жалтандап жүр,
Біреулер біліп тұрып жете алмай жүр,
Аяғын қандай нәрсе арқандап жүр.
Көңілі кейбіреудің бұлтта жүр,
Ұстауға күн мен айды жуықта жүр.
Біреулер қара сөзді қамшы қылып,
Қуды мініп, құланды құрықтап жүр...

...Біреулер малмен бәрін бөктеріп жүр,
Айтқанды ақыл, нұсқа жек көріп жүр,
Көтеріп дүниенің көң-қоқырын,
Апарып қай шұңқырға төккелі жүр? –
деп келетін шумақтың ұйқас үйлесімі, мазмұны жөнінен Абайдың:
Жұрт жүр ғой арамдықты еп көрем деп,
Тоқтау айтқан кісіні шет көрем деп,
Бар ма екен жай жүрген жан қанағатпен,
Құдайдың өз бергенін жеп көрем, –
деген өлең жолдарымен жақындық танытады. Жәкеңнің жас күнінде махаббат қызығына беріліп жүрген кезінде шығарылған «Кәмшат қыз» атты өлеңіндегі мына бір түйдектерден де Абайдың осы тектес туындыларымен стильдік ұқсастық тапқандай боламыз:



Сыртың сұлу жан екен,
Сыпайы көзге көрінген.
Сыр мінезің бар екен,
Сөйлесуге ерінген.
Қамқа камзол киініп,
Қас-қабағың керілген.
Қарапайым адамнан...
Менсінбеген, жерінген.

Мұндай дыбыстық аллитерацияға құрылған әсіресе, «с», «к» дыбыстарының анафоралық үйлесіміне жүгінген ғажап оралымдар Абайда көп-ақ. Соның бірі – ұлы ақынның алғашқы өлеңдерінің санатына кіретін «Сап, сап, көңілім...». Расында да, Жамбыл поэзиясында жиі ұшырасатын мысқыл, ащы әжуа, өткір зіл, қалжың түріндегі эпиграмма үлгілері де оны Абай мектебіне жақындатар, ұлы талантпен үндестіретін алтын арқау. Әлбетте, бұл жақындықтың, рухани-эстетикалық туыстықтың сырын алдымен ақындардың өз басынан емес, олар нәр алып, шығармашылық шабытына шоқ түсірген ежелгі халық әдебиетінің бұлақ-бастауларынан, ескі ақындық дәстүрдің аясынан іздеу керек.

Ал, Абайдың да, Жамбылдың да жастайынан ауыл ақсақалдары мен қарт аналарының айтқан сан түрлі аңыз, ертегілерін, ауыл аралап, төрелік беріп, дауға түсіп жүретін нелер шешен-билердің, абыз қариялардың дана сөздерін құлақтарына құйып өскендері шүбәсіз. Көнедегі Қорқыт заманының жұрнағы, хандық дәуірдің сарқытына айналған Марабай немесе Жанақ сынды санаулы жыраулардың жақұттай жырлары, яки Сүйінбай, Майкөт секілді әмбебап ақындардың мәйекті мақамдары да Жамбылға жол ашқан қос арна.

Осынау екі аталы орда, халықтық мектептен еркін сусындаған Жамбыл енді өз елінің – Жетісу ақындар мектебінің үздік өкілдерімен қойын-қолтық араласып, өлең өлкесіндегі олжасын олардан алып та, беріп те жүріп есейген. Есейе келе, сол ақындардың көбінен қара үзіп, «от тілді, орақ ауызды» дарабоз дарынға айналуы тағы рас.

Ақын өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктерін сөз еткенде де, біз алдымен Жамбыл поэзиясында айқын көзге түсетін халық

әдебиеті үлгісін, оның ішінде эпостық жырлар мен қара өлең машығына айрықша назар аударамыз. Жәкеңнің жігіт шақтағы туындыларының қатарында айтылатын «Бұрымға» атты өлеңінің мына бір шумағынан осы пікірімізге жауап табылады:

Сен лашын болғанда, мен ақсұңқар,
Бір көріп дидарыңды болдым іңкәр.
Көркің бар көрген адам таңқалғандай,
Шыққандай жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар.

Жігітті сұңқарға, сұлуды лашынға теңеу сонау көне түркі заманынан келе жатқан дағдылы үрдіс. Қазақтың қара өлеңін айтпағанда, осы сипаттағы теңеу, метафораларды бұрынғы кезеңнің талай ақындары қолданып келгені жасырын емес. Бұл өлеңдегі «Шыққандай жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар», «Қаңбақтай жел аударған...», «Келмейтін Сырдың суы жұлығымнан», «Балқытар қорғасындай айтқан сөзің», «Мүшелі байланбаған ол бір құлын» т.б. қазақтың мақал-мәтелдері, бейнелі сөз тіркестері мен фразеологиялық оралымдар ақынның боз балашағындағы алғашқы қадамдарына айғақты мысал. Жамбыл аса аңғарымпаз, суреткер ақын. Жоғарыда сөз еткеніміздей, оның қоғам мен адам тіршілігін, Қазан төңкерісіне дейінгі көшпелі қазақ өмірін бейнелеуде Абайға ұқсастығы көп. Сондай бір бейнелеу, суреттеу ұқсастықтары, сарын, стиль ортақтығы Абайдың «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» және Жамбылдың «Сараң бай мен жомарт кедей» сынды өлеңдерінен аңғарылады. Мәселен, Жамбыл:

Малы көп бай жылайды қар жауғанда
Бәрін тастар ниеті малға ауғанда,
Жерден алтын тапқандай кедейлер жүр,
Әйелі шелек толы сүт сауғанға.
Малы көп бай ертемен жейді қаймақ,
Қойшы ғаріп кедей жүр қозыны айдап.
«Ең болмаса айранға тойғызса»
Жатса, тұрса тілейді «А, Құдайлап», –

деп толғанса, талдап түсіндіруді қажет етпейтін осы қос шумақтың төркіндес, мазмұндас үздік үлгілері Абайдың талантты шәкірті Сұлтанмахмұт өлеңдерінен де ұшырасып



жатады. Мұндай ұқсастықты тек тақырыптық туыстықтан ғана емес, ақындық мектептер мен ақындық дәстүр жақындығынан, сондай-ақ бұл шығармалардың негізгі нысаны – қазақ тұрмысының біркелкілігінен, әлеуметтік этнографиялық және қоғамдық-саяси жағдайлардың да ортақтығынан іздеу абзал.

Жалпы, Жамбылдың төңкеріске дейінгі өлеңдерінің бір-алуан түрін арнаулар құрайды дедік. Ақынның «Жаныс ақынға», «Шәбденге», «Сырттанға», «Мәмбетке», «Абайға», «Тілеміске», «Шалтабайға», «Қалиға», «Көкімге», «Тоқтағұлға», «Сыздық Сұлтанға» т.б. өлеңдері жанрлық түрі жөнінен арнау болғанымен бұлардың мазмұны, құрылымы, стильдік сөз қолданыстары түрліше келеді. Осы аталған арнаулардың бір қатары дүйім қазақ пен қырғызға белгілі ел басқарған қайраткер, манап, төре, данышпан, батыр не болмаса, атақты Сүйінбай, Абайларға қарата айтылса, енді кейбіреулері Мәмбет, Сәт, Мәңке, Қали, Шалтабай, Көкім сынды би-болыстарды сынап, мінеу мақсатында шығарылған. Құрылымы, стилі, поэтикалық әдіс-тәсілі жөнінен бұлар да ХІХ ғасырдың екінші жарымында кең қанат жайған өзге қазақ ақындарының арнау, толғауларынан онша алыс емес. Десек те, қай өлеңде де Жамбылдың өз «менін», өз қолтаңбасын танытатын тың өрнек, тосын түйдектер, ақын шеберлігін мойындататын мәнді-мәнерлі сөздер көп ұшырайды.

Анығы, Жамбылдың ақындығын алқалы топқа, Алаш баласына толық танытқан оның айтыстағы жүйріктігі, жеңімпаздығы дегенге ден қоямыз. Ақын бұл жанрда жарқырай көрініп, сонау жігіт кезінен-ақ талай «мен» деген ақындардың демін басып, мысын құртты, шаршы топта шашасына шаң жұқпас нелер жүйріктің дымын шығармай, меселін қайтарды. Демек, Жамбылдың ақындықтың даңғыл жолына салып, даңқын шығарғанда, дәрпін жайғанда – айтыстары екендігі күмәнсіз.

Жәкең Жетісудың ең бір дүлдүл, саңлақ саналған Құлмамбет, Досмағамбет, Сарыбас, Бөлтірік секілді айтулы ақындарымен, Арқаның сері ақыны Шашубаймен айтыстарында көпшілігін бет қаратпай жеңіп, сөз сайысында талай жүлде салған. Жыр алыбының айтыстағы шеберлігі, тіл көркемдігі, тапқырлығы мен шешендігі ересен. Бұл орайда, мына мәселелерге ерекше тоқталған жөн. Біріншіден, Жамбылдың өзгелерден, яғни,

қарсыластарынан басты артықшылықтарының бірі – ол ата-бабаларының шежіресін жетік білсе, екіншіден, туған өлкесінің тарихын да сонша терең білгендігі. Үшіншіден, ел қорғаған батырлардың ерлік істерін, әділ билердің елге жасаған қамқорлығында көпшілікке үлгі ете сөйлейді. Төртіншіден, Жамбыл өз әріптестерінің осал жерін ғана емес, сол ақынның шыққан руы мен елінің шежіресі, тарихта өткен тарихи оқиға, жағдаяттарды жақсы біліп, мұнысын оларды мұқату, кемсіту, сес көрсету мақсатына оңтайлы пайдаланып отырған.

Ол заманда айтыстың негізгі бағыты – ру намысы, елдік ұраны. Жамбыл бұл жөнінен де ешкімге дес бермеген. «Сөзінің арасына қыл сыймайтын» Құлмамбеттей қырғи ақынға да ол «Қарасайлап» қарсы шығады. Жамбылдың салған жерден:

Қарасай, дем бере гөр, менің бабам,
Сілтеймін будақтатып оң мен солдан...

Немесе:

Қарасайлап қосылсам бір бүйірден,
Ақырында кетерсің басы аманға.. –

деп қарсыласына аруақтана, айбат шеге сөйлейді. Ал, аруақ дегеніңіз, қазақтардың «қасиетті», «киелі» деп білетін ең ардақты жанашыры да айбары да саналатынын еске алсақ, аты ұранға айналған Қарасайдың рухы Жамбылға дем беретіні, Құлмамбетке сес көрінетіні – сол дәуірдің шындығы десек қателеспейміз. Өз елдерінің байларын мақтаса да, Жамбыл жай тізбелемей, олардың жүрген, тұрған жерін – жайлау, қыстау, кент, қала, тау, өзендерді де нақтырақ айтып, жүйелілік, біліктілік танытады. Ақынның осы айтыста келтірген Алматы, Қарақыстақ, Қастек, Үшбұлақ, Қозыбасы, Қордай, Ырғайты, Терек, Қызылжар, Семей, Тәшкент, Марғұлан, т.б. жер-су аттарының әрқайсысы ретті жерде айтылып, ойды тереңдете түседі, айтыс мазмұнын байыта түседі. Қазақтың жер-су аттарының астарында тарихи шежіренің қалың қыртысы, құпия бүккен сырлары жатқаны мәлім. Жамбыл бір тұста:

Алматыға барамын Медеубайға,
Алматыдай шаһарда
Он бес мың теңге төктіріп,
Көк күмбез үйді салдырған.
Асыл тастан оюлап,



Қарасаң көзді талдырған...
Ақша деген неменді
Қапқа салып алдырған
Алпыс нарға арттырған,
Асыл кілем жаптырып,
Жібектен арқан тарттырған...–

десе, енді бір жерде:

Қастекке барып жетейін,
Ол Қастекті жерлеген,
Көңілі көкке өрлеген
Сұраншы, Саурық батырым
Шеніне дұшпан келмеген.
Ақ кіреуке жамылып,
Ат кетпеген кермеден.
Садағын белге байланып,
Жауға қылыш сермеген.
Қамын ойлап халықтың,
Тар кезенді бермеген,—

деп шалқи сөйлейді.

Бұл айтыс үзіндісінде назар аударарлық екі нәрсе бар. Біріншіден, Алматыдағы Медеу байды, оның байлығы, сән-салтанаты мен көк күмбезді үйін сипаттай отырып, кейінгі ұрпаққа бүгінгі Медеу шатқалының, ондағы тамаша мұзайдынының шығу төркіні – этимологиясы жайында нақты дерек қалдырып отыр. Екіншіден, Қастек атты қалмақ батырын Сұраншы өлтіргеннен кейін әлгі батыр сол араға жерленгендіктен, «Қастек» аталғаны жөнінде де маңызды мәлімет беріп кетеді. Тағы бір тұста Серектас атты жау батырын өлтірген Қожбамбет секілді сайып қыранның ерлігі мен байлығын жырлай отырып, ол жердің де шейіт болған дұшпанның есімін иеленгеніне куәлік етеді. Әрине, жүз жасаған жампоз жыраудың мұндай жыр-деректеріне имандай сенесіз. Бұлай болмаған жағдайда Жамбылдан өзін әсте кем санамайтын қарсыластары да оның жаза басқан тұсын қапысыз тауып, тиісті сөз айтар еді.

Ақын айтыстарының көркемдік тәсілдерінің бірі – фольклор, ауыз әдебиетінің байырғы формаларын орнымен қолдана білуі дер едік. Жоғарыда келтірген Жамбыл айтысының үзінділері

де соның жарқын дәлелі. Ақын байлығы асқан Медеу байды мақтаса да, батырлығы асқан Сұраншы мен Саурықтың ерлігін сипаттаса да сонау ескіден келе жатқан фольклор дәстүрінен көз жазбай, сол көне сұрлеуді жаңарта, жаңғырта дамытуға ұмтылады. Дәлірек айтқанда, келтірілген айтыс мәтініндегі «көк күмбез үй», «он бес мың теңгені» қосқанда, Алматы, Қызылжар, Семей, Тәшкент, Алатау, Қастек, Таркезең тәрізді ономалар фольклор мен жеке ақын туындысының аражігін айыра түсетін нақты белгілері.

Құлмамбетпен айтысында ол елмен ер шежіресінің тамаша білімпазы екендігін қарсыласына асыра дәлелдейді, сол басымдықтың нәтижесінде, әрі көзсіз төкпелігінің арқасында ғана жеңіске жетеді. Тәжірибесі мол, он шақты дүлей ақынның мысын басып, көкірегін жел кернеп отырған Құлмамбеттің:

Селтеңдеген серкенің ажалы деп,
Сұраншы сарттан өлген Сайрамдағы...
Қамалға қан тартқан соң қойып кетіп,
Шашылып қалған еді саймандары... –

деген сыңаржақ лебізіне Жамбыл:

Сұраншы, Саурықпенен жаудан өлген,
Халық үшін шәйіт боп жанын берген
Елді қорғап өлгеннің арманы не,
Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.
Қажылық қып кетіп пе ед Мақсұт аған,
Шытыр жеген түйедей көні кеуіп,
Бір сайда іріп-шіріп аунап өлген... –

деп, өткір де, әділ жауап қайырады, қарсыластың екпінін су сепкендей басады. Бұл айтыстағы тарихи шындық пен көркем шындықтың ұштасқан тұсы, әрі Жамбыл ұстанған эпикалық тәсілдің таразы басын аударып, Құлмамбеттің пәсі қайтып, сүрінген сәті. Осыдан соң-ақ, Жамбыл арқаланып, өршеленіп кеткендей. Енді, шынында да, бет қаратпауға айналып, ақпалай, төкпелей шабады. Бір қызығы Жәкең Құлмамбеттей қадірлі ақынға «мен білемін, түбің уақ, Арқадан кісі өлтіріп келдің шұбап. Басыңды осы арада кесіп алсам, Құныңды алар кісің жоқ, іздеп, сұрап», – дегендей ауыр айып таға сөйлейді. Негізінде, осы тектес халық аңыздары, фольклор хикаялары– рудың немесе



жеке адамның шығу тегі туралы алуан әңгімелер ел арасында ұшыраса береді. Ал, әлгі Жамбыл айтқандай, Құлмамбеттің Арқадағы Орта жүз, Уақ, Шаншар руларына туыстығы рас па, өтірік пе, ол арасы ақындарды да, қаны қызған алқалы топты да қызықтырмайды. Бұл айтыста жиі қолданылатын көркемдік амалдардың бір парасы. Ел аузындағы ескі аңыздарды қоздыра отырып ақын, қарсыласының шабынан түртіп, оның ашуына тиюге, сөйтіп мүдіртуге құштар. Шындығында да, солай болып шығады: жас Жамбылдан намысына тиер сөз естіп, қатты ашуланған Құлмамбет сол долданған қалпы домбырасын қағып-қағып жібергенде, аспаптың ішегі үзіліп кетіп, дуылдаған көпшіліктің сөз ұстар ақсақалдары жеңісті Жамбылға береді.

Жамбылдың фольклордың эпикалық стилін, Жетісудың сыртқы жауларға қарсы азаттық күресінде қол бастаған Өтеген, Сұраншы, Саурық, Байсейіт сияқты батырлардың ерлігін елге үлгі етіп, оларды әр айтыс сайын дәріптеп, жырға қосқан. Оның кейбір үздік үзінділеріне біз Жамбылдың Құлмамбет, Сарыбас ақындармен айтысында куә боламыз. М.Әуезовтің: «Ал айтыстың Майкөт, Сүйінбай, Жамбыл сияқты ірі ақындары, екінші жағынан ірі дастаншы ақындары болғаны мәлім. Сөйтіп, ақпа ақындар өнері шын талантты жыршының тұсында, сол дәуірдегі неше алуан көрікті өрнектер туғыза алатынын көреміз. Жалпы алғанда, ақпа ақындар дүниедегі ең ірі эпосты туғызушылар болады. Жәкеңдер өнерінің бір қанаты сол сипатты болатын», – деген пікірі де осы ойды қуаттайды. Тіпті, ақын Сарыбаспен айтысында Домалақ ана туралы көне халық аңызының ізімен соны бір хикаяны жырлап кететіні бар. Мұның өзі Жамбылды даңғыл еткен халық ауыз әдебиеті мен эпикалық дәстүрдің береке-байлығы екендігін тағы да ойға салады. Осы арада Жамбылдың жастай үлгі алған халық әдебиеті ғана емес, Алатау мен Қаратау арасындағы жалпақ елден шыққан Сүйінбай, Майлы, Майкөт, Құлмамбет, Құлыншақ, Бақтыбай, Мәделі сияқты кең тынысты аға буын ақындардың, Шығыстың шырайлы сөзін терген білім иесі – шайырлардың есімдерін айрықша атаймыз. Жәкеңнің өзі Бақтыбаймен жолыққанда:

Қаздай қалқып ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.

Майкөт ақын, Құлмамбет
Орын берді қасынан.
Майлықожа, Құлыншақ
Пірім еді бас ұрған, –

деп, ұстаздарының есімдерін ілтипатпен атап өткен. Ақын олардан «Көрғұлы», «Алпамыс», «Қобыланды», «Шора батыр», «Қыз Жібек», «Тотының тоқсан тарауы», т.б. жыр-дастандарды үйренгенін жасырмай айтқан. Жамбылдың қазақ фольклорының ескі түрлерін жетік білетінін ең әуелі Құлмамбетпен айтыс кезінде аңғартты.

Ау, Құлмамбет, Құлмамбет,
Ағып жатқан сумен кет!
Қу, пәлекет, арман кет! –

деп, бұрынғы халық арасына кең тараған дәстүрлі бәдік өлеңдерінің стиліне салып, Құлмамбетті жырмен аластайды. Үзіндідегі фигуралық айшықтар, қайталаулар, үдемелі градация, дауыссыз дыбыстардың аллитрециясы да Жамбылдың айтар сөзін, жеткізер ойын, айтыстың динамикасын, эмоцияналдық қуатын күшейтетін көркемдік тәсіл. Осының бәрі де, жыр алыбының шеберлігін шыңдайтын қос ақындық мектебінің бірі – ұлттық фольклор екендігіне айғақ. Әрине, Жәкең төңкеріске дейін қалыптасқан ескі эпикалық стилін Кеңес кезіндегі арнау – толғауларында, әсіресе, Отан соғысы жылдарында шығарылған өлеңдерінде ретімен қолданып, халық әдебиетіндегі тұрақты мотив, образдарды өзінше, өзгеше жаңғыртты. Оған ақынның Октябрь төңкерісіне, Ленинге, Сталинге, Ворошиловқа, Чапаевқа, Кеңес жауынгерлері мен гвардияшы батырларға, туыс халықтардың көсемдеріне және Қазақстан қайраткерлеріне арналған жыр-толғаулары куә. Сонымен бірге Жамбыл поэзияға өз жаңалығы мен өзіндік сұлу жыр, соны ырғақ, сүйекті образдарымен келді. Ленинге арналған толғауларында ақын осы биіктен көріне білген. Ол еңбекшілер көсеміне ең бір тамаша сөздерін, ең ыстық лебіздерін арнай отырып, оған қара сөзден өлмес ескерткіш тұрғызады. Әділін айтқанда, бұл сипаттағы ода, бұл сипаттағы мадақ жыры қазақ әдебиетінде соны із болды. Мұндағы жыр динамикасы, өлең өрімі мен ырғақтың үйлесімі, тау құлатардай қуатты екпін, толып жатқан жер-су, ел-халық аттары антонимдер мен синонимдер, толассыз әрекет



арқылы түрленген түйдектер, троп пен фигураның контрасты суреттері ... ең ақыры қайырма іреуішті реди́ф – баршасы Лениннің дана тұлғасын айрықша ұлықтауға қапысыз қызмет жасаған. Көсемге арнаған жырдағы «Адамзаттың алыбы – батыры сенсің Ленин!», «Ақылы сенсің – Ленин!», «Жақыны сенсің – Ленин!», «Тірегі сенсің – Ленин!», «Жүрегі сенсің – Ленин!» сияқты реди́фтердің өзі басқы ұйқасқа бағынған. Ленин есімі де, эфифора тәсілімен қайталанып, әр түйдектің соңын қорытып, ойға екпін түсіріп, өлеңнің эмоционалдық-экспрессивтік қуатын еселей түскен.

Жамбылдың тілі көркем, сөздері сымбатты әрі ойнақы боп келеді.

Ол бейнелеу құралдарын, халықтың байырғы мақал-мәтелдерін, қанатты сөздерін керегінше жаратады, жаңғырта пайдаланады. Шабыт үстінде ақынның өз жанынан шығарылған шұрайлы теңеу, метафора, эпитет, айшықты сөз тіркестері жетерлік. Сондай сұңғыла ой, сұлу сөздерін Жамбылдың Досмағамбетпен айтысынан айқын аңғарамыз:

Сөйлеймін, ерегесем өктем-өктем,
Түскендей жайдың оғы саған көктен.
Шын қызсам, сөзім – жалын, домбырам – найза,
Құрсаулы сауыт болар маған шекпен.
Қаңғырған аш бөрідей ақын келсе,
Бұл Жамбыл жіберетін сөзбен сабап.
...Құйындай көкке шапқан мен бір пырақ,
Төменде шықылықтаған сен торғайсың,
Айтыспа меніменен, ақын шырақ!

Жыр жүйрігінің әріптесінің тауын шаға сес көрсетеді, оны аса менсінбейтінін де сездіреді. Өзін көктегі пыраққа теңейді, асқақтай сөйлейді. Бұл – нағыз дарынды, ақпа-төкпе айтыс ақындарына қажетті басты қасиеттің бірі. Ал осы үзіндідегі «Сөзім – жалын, домбырам – найза», «Сауыт – шекпен», – деп келетін тіркестер шебер өрілген метафора үлгілері. Ақын салыстыратын, не ауыстыратын ұғым сөздерді асқан дәлдікпен тауып, үйлесімді қолданған. Осы түйдекті бір жағынан кейіптеудің үздік үлгісі деп те бағалауға болар еді. Алғашқы

екі жолды қорытатын («Түскендей жайдың оғы саған көктен») тармақ күрделі теңеу, әрі ақынның іс-әрекетін, айтыс драмасын сипаттайтын ғажап бейнелеу. «Қаңғырған аш бөрідей ақын» сол дәуірдегі несібесін түзден, той-жиын, мерекеден іздейтін ақын біткеннің мінез-құлқын сәтті суретке түсіргендей. Өзін көктегі пыраққа, Досмағамбетті төмендегі торғайға ұқсатуда Жәкең күрделі метафоралық ауыстырулардың хас шебері екенін байқатқан. Сондай-ақ ақынның «Сен – күйкентай, мен – тұйғын», «Мен – қорғасын сақамын, Сен – ұтылған кенейсің. Мен бір соққан дауылпаз, Сен – салмақсыз ебелек қаққан ебейсің», – деп келетін сөз қолданыстары кейде дараланған метафора, кейде күрделі эпитет, әрі ауыстыру түріндегі көркем сөз өрнектері. Жамбылдың теңеу сөздері де отты, екпінді, әрі бейнелі болып келеді. Мысалы, аталған айтыста ақын қарсыласына өзін былайша сипаттайды:

Өлеңім асау теңіздей
Өрге қарай шапшысын.
Толқындай сөзді сапырып
Арыстандай ақырып,
Шығайын енді айтысқа.

Осындағы «теңіздей», «толқындай», «арыстандай» секілді теңеулер бұрынғы халық әдебиетінде кездесе беретін дәстүрлі қолданыстар болғанымен Жамбыл бұларды ұрымтал тұста сәтімен, салмағымен қажетіне асырған. Расында, өр кеуде ақынның өлеңі де, асау теңіздей арынды келуі, ағыл-тегіл саулаған сөзді толқындай сапыруы, айтысқа аруақ шақыра түскен Жамбылдың «арыстандай ақыруы» – тыңдаушыны сендіре алады. Жамбылдың «ақыруы» жайдан-жай емес. Оның айтыстағы арынға арын, шабытқа шабыт қосар айла-тәсілінің бірі (әдебиетте оны көркемдік әдіс десе де болады. – У.Қ.) одағай, қаратпа сөздер екендігі де аңғарылады. Қарсыласының назарын аударып, өзіне қаратып алып, оған өктем үн қатып, бастырмалата айту, сөйтіп әріптесінің рухын әлсірету, жасқау-айтыскерлердің ежелгі әдісі. Мысалы: Жамбыл Құлмамбетпен айтысқанда: «Уа, Құлмамбет, сөз тыңда!», «А, Құлмамбет, Құлмамбет!», «Мықты болсаң, Құлмамбет!», «Асықпай тыңда, Құлмамбет!», «Оның рас, таз Құлмамбет!», «Құлмамбет, сен жақсы да, мен жаман ба?», «Құлмамбет, саған түтейін!» – деген



қаратпа сөздер қолданса, айтыс соңында қарсыласының есімін бірыңғай жаманат, кемшілік, бәдік араластыра атап, әбден төпелейді:

Түлен түртіп отыр ма, таз Құлмамбет,
Кәріқұл мен Сақаудан аз Құлмамбет,
Алақандай басыңның бір қылы жоқ,
Боласың неменеге мәз, Құлмамбет!?

Досмағамбетпен айтысында:

«Иіремін сені сөзбен, Досмағамбет», «Солай ма, бала, солай ма?!», «Уа, қу таңдай Жалайыр!», «Албырт жиен, Жалайыр!», «Молда ақын, сонша неге мақтанасың?!», «Қайт еліңе, жарқыным!» т.б. қаратпа сөздерді қолданған. Жәкең қазақы дәстүр жолымен әріптесінің жиендігін жиі есіне түсіріп, «жуасыту» тәсілін іске қосады, яғни, «албырт жиен, Жалайыр!» деген қаратпа сөз тіркесін әлсін-әлсін қайталап отырады. Бөлтірікпен қағысуында «Уа, Бөлтірік, Бөлтірік», Шыбыл қартпен сайысында: «Ей, не дейсің, Шыбылым!» дегендері де айтар ойына екпін, леп, пәрменді пафос, интонация түсіру нәтижесінде бәсекелесіне батыра жауап қайырып, «екі жеп биге шығуға» ұмтылады.

Жетісу саңлағы сөз сайысы тұсында қарсыласын сұрақ қою тәсілі арқылы тықсыруды да жиі пайдаланған. Айтыстағы мұндай тұтқиылдан соғып, қапыда қалдыратын соқтықпа сұраулардың да жеңіске жетелейтін мүмкіндіктері мол.

Көбінесе, осындай шаршы топ алдында ақынның ой-өресін безбенге салатын, тындаушы қауымның да құлақ құрышын қандыратын риторикалық сұраулардың маңызы ерекше. Мысалы, Досмағамбетпен айтысқанда оған мынадай сұрауларды көлденең тартады:

Ел ішінде қазы боп
Арамтамақ, ақ білек
Қол астын жемей қолдай ма?
Басшы әділ болмаса,
Жұртқа әділдік орнай ма?
Ел қорғайтын ұл туса,
Елді дұшпан торлай ма?
...Қырсық шалса жолыңды,

Ісінді Құдай ондай ма?
Сойдырып шошқа соғымға,
Шариғат жолы сондай ма?!
...Шариғаттың жолында
Арам жемек бар ма екен?

Немесе:

Мықты болсаң сұраттың
Ханға неге елінді?!
Елінді даудан айырып,
Алмадың қалай кегінді?
Әулие болса, қайда еді
Ескелді би мен Балпығың?
...Балғалының байлығын
Отырсың ба салғалы?
Байлығың сонша көп болса,
Неғып жүрсің бұл жақта
Зекет, құшыр алғалы?

Ақиық ақынның төкпелеткен сұраулары бұ дүниедегі әділ билердің, о дүниедегі Нәңкір-Мүңкірдің тергеуінен бірде кем емес. Көптеген қиын сауалдар Досмағанбет молданың қызметіне орайласып, нысанаға дөп тиіп жатқандығы күмәнсіз. Жамбылдың сауалдары да салмақты – елдің қауіпсіздігін, бидің әділдігін, әулиенің адалдығын, шариғаттың тазалығын сұрайды. Әрине, бұл сияқты жүгі ауыр, жауапкершілігі мол сауалдарға ақынның ақыны ғана мүдірмей сөз қайтаруы мүмкін. Жәкеңе керегі де сол...

Жамбыл поэзиясының тағы бір көркемдігі – ақындық тілінің кестелігі мен құрылымында жатыр. Ақын барша қазаққа, әсіресе, Жетісу еліне ежелден етене болған қара өлең үлгілерін де, ертедегі жыраулардан мирас болып қалған жыр өлшемдерін де қатар меңгеріп, екі тізгінді қатар ұстағанды ұнатқан. Ақпа ақын анық шабыт қысқан тұста бойын тежеместен бірде қайырмасы мол қара өлеңге, біресе, жаубасар жалыны күшті жыр мақамына тосырқамай түсіп, ат жалында ойнап, тұлпарының екі бауырына алма-кезек ауысқан шабандоздардай еркін көсіледі. Жамбылдың бұл қасиеті оның эпикалық туындылары мен



айтыс өлеңдерінен айқын көрініс тапқан. Әсіресе, кезек жырға ауысқанда, ақынның делебесі қозып, арқасы ұстаған бақсыдай алабөтен шабыттанып, бағзы жырауларша тебірене толғайды. Ондайда Жамбылдың ділмар шешендігі, ақкөз ақындығы, жампоз жыршылығы, көреген көсемдігі – бәрі бір арнаға тоғысып, толыққанды тұлпар таланттың тұлғасын танытады.

Мына төмендегі жыр үзіктері де осы пікірімізді құптайтындай:

Мен барайын төменгі
Асыл менен Шыбылға.
Мықты болсаң, Құлмамбет,
Күрескеннен жығылма!
Бұ жақтағы Дулатты
Тастай бере асығып,
Бабаға барып тығылма!
Бабаң қойын пұл қылып,
Аруаққа ұрынба!
Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт!
Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап әуре болмай, жөніңе қайт!

Байқағанымыздай, бұл арада адуын жырмен айшықталған ақындық пен билік, адамдық пен ерлікті, батырлық пен бірлікті үлгі еткен шешендік сөздер де қапталдаса, қатпарласа, қаптай шапқан қаракөктің үйіріндей, үйіре соққан құйындай Құлмамбеттің құтын қашырады. Әйтпесе:

Баймын деп сендей тасыман,
Кедеймін деп жасыман!
Берекелі елді айтам,
Ел қорғаған ерді айтам,
Басымнан сөз асырман! –

деген жолдарда Жамбылдың сөзі баяғы Махамбет, Шернияздарға көбірек ұқсап кетеді.

Сөз жоқ, Жамбыл шығармаларының поэтикалық ерекшеліктерін саралаған тұста осы мәселеге де азырақ тоқталған жөн. Негізінен алғанда, жыр алыбы Жамбылдың стилінде жыраулық

поэзия үлгісінің молынан ұшырауы, Жетісу мен Оңтүстік өңірі ақындарына ұқсай бермейтін шетін құбылыс. Аймақтық акын-жыраулар мектептерінде қалыптасқан дәстүрдің басты ерекшеліктері жайында кезінде М.Әуезовтің өзі де арнайы мақала жазғаны бар. Соны ескерер болсақ, Жамбылдың жыраулық өнеріне қатысты екі нәрсені әрдайым ойда ұстаған дұрыс. Біріншіден, ұлы ақынның тікелей ұстазы Сүйінбай мен арыда өткен Қабан жыраулардың ізі, әсіресе, осы Жамбылды туғызған Шапырашты елінде біршама сақталуы анық. Екіншіден, Жәкең жігіт күнінде ел аралап, Сыр бойына дейін барғанын Майлы, Құлыншақ, Мәделі, Базар жырау сынды сұлейлермен сұхбаттасып, олардан бата алып, көптеген жыр, дастан үйренгенін өзі де айтқан. Бұған М.Қаратаев, Ө.Тәжібаев, Б.Кенжебаев, Қ.Әбдіқадыров сынды бірқатар қазақ қаламгерлерінің естелігі де куәгер.

«Әңгіме қыза түседі, шай ішіп шалдар терлеген сайын термен бірге қызықты әңгімелерде де шығара түседі. Жамбыл Балқымен айтысқанын баяндайды...» (Ө.Тәжібаев. Жылдар. Ойлар., 1976, – 151-б.) Бұл – Сыр топырағында туған қазақтың аса дарынды ақындарының бірі Әбділда Тәжібаевтың естелігі. Ал қазақ әдебиетінің көне дәуірлеріне түрен салған қажырлы ғалым, профессор Б.Кенжебаев былайша сыр шертеді: «Жәкең әңгіме шертіп отыр... – Түркістандағы бір тойда Майлықожа, Балқы Базарға кездесіп, думанда бірге болдық. Сол жолы Құлыншақтан «Шора батырды» тыңдап, үйрендім. Ертеңіне Базармен айтысып қалдым. Айтыс аяғы бәдікке айналып бара жатыр еді, жұрт екеуімізді қой-қойлап эзер тоқтатты» (Б.Кенжебаев. Жарқын бейне//кітапта: Дастан ата, 1989, – 260-б.).

Кезіндегі әдебиет зерттеушілері Базар жырауды «Батыс өлкесі мен Сыр бойы ақындарының арасындағы алтын көпір» деп атағаны мәлім. Міне, біздің ойымызша, Жамбылдың, Базардың жыр-толғауларындағы ұқсастық, көркемдік әлемнің үндестігі сондай бір шығармашылық байланыстың әсерінен болуы мүмкін. Расында, екі жыр жүйрігінің туындыларында көптеген ортақ сарын, тіпті өте жақын стиль туыстығын көру қиын емес.

Базар жыраудың «Солардан өткен сол заман», «Мұсылманшылық кімде жоқ» сияқты толғауларымен Жәкеңнің «Ленин мавзолейінде» атты өлеңінің мазмұн құрылымын,



ұйқас, тіл кестесі жөнінен егіз қозыдай ұқсастық табамыз. Мысалы, Базарда бұрынғы өткен әділ хан, әулиелер бейнесі:

Таққа мініп тәж киген,
Жұртына жағып, халық сүйген.
Ғаріп пенен қасерге
Пайдасы сырттан көп тиген.
... Ұлсыздарға ұл берген,
Қызсыздарға қыз берген,
Кереметін кезінде
Құлақ естіп, көз көрген, –

деп сипатталса, Жамбыл «Күн көсемді»:

Күнсіздерге күн болған,
Жер жүзіне нұр болған,
Ақылдың кені данышпан,
Езілгенге қол берген,
Кемтарларға жол берген
Заманның ері арыстан,
Адасқан халық зарыққан
Азаттық алып бақытқа,
Сәулеңде келіп табысқан, –

деп суреттеген екен.

Біздіңше, бұл екі толғаудың арасындағы көркемдік-эстетикалық, тіпті рухани жақындықты дәлелдеп жатудың өзі артық секілді. Кейбір зерттеушілер қос алыптың поэзияда тудырған «параллелдерін» Балқы Базардың әсер-ықпалы дегендей болжам жасаған еді. Алайда, өлең өлкесіндегі ортақ құбылыстардың сырын тікелей ауыс-түйістен гөрі, олар үлгі алған ақындық мектеп пен әдеби байланыстар аясында қарастырған анағұрлым абзал. Себебі, екі сөз зергерінің шығармашылықтағы үйлес, үндес тұстары бұл ғана емес, олардың тағы бірқатар жыр, терме, толғауларында да ортақ стиль, мотив, мағыналық жақындық байқалатындығы – жоғарыда жазылған ой-пікірлерімізді құптай түседі.

Жамбыл поэзиясының эпикалық арнасын, бастау-бұлақтары мен жыр алыбының өзге қазақ ақындарымен шығармашылық байланыстарын арнайы зерттеу нысанына айналдыру керек-

ақ. Тіпті болмағанда, сол бір аласапыран уақытта Алматыға бірге шақырылып, 1939 жылы Жәкеңнің жанында отырып, «Қырымның қырық батырын» жырлайтын Нұрпейіс Байғаниннің эпикалық мұралары кім-кімді де бей-жай қалдырмасы белгілі. Нұрпейіс сол жолы аталмыш эпопеяның кіріспе-желісінің өзін «екі сағаттан аса жырлады» деп жазады халық ақыны Ә.Тәжібаев. Өкініштісі, тек Нұрпейістің ғана емес, Жамбылдың өзінің де көптеген эпостық мұралары ұмытылып, мезгілінде хатқа түспей қалғаны...

Баршаға белгілі, Жамбыл – халық ақыны. Жамбыл – дәстүрлі ақын. Демек, ақын өлеңдерінің көркемдік әлемін де сол – өзі нәр алған халық әдебиеті мен фольклорлық дәстүрден іздейміз. Жамбылдың дидактикалық мазмұндағы терме, толғаулары мен арқалы айтыстары, махаббат лирикасы мен әзіл-оспақ, қағытулары, ең ақыры эпикалық шығармалары да кең қолтық, көнекөз халықтық дәстүр шекпенінен шыққандығы шүбәсіз.

«Өтеген батыр» дастанын ақын ұстазы Сүйінбайдан үйренгенін айтқан. Бірақ мұнда Жамбылдың өз жанынан қосқан көптеген бағалы ой орамдары, сүйекті, сындарлы сөз саптаулары кездеседі. Жырдың басталуы, беташар сөзі де айрықша әсерлі:

Хикая емес бұл өзі
Өз жанымнан шығарған,
Есімде жоқ осы жыр –
Қайдан, қалай алынған.
Мұны ызыңдап даладан
Жырлаған, ескен жел маған.
Бұл жырды мен естігем –
Тағы Құлжа үнінен.
Бұл жырды мен естігем –
Бұлбұлдың тәтті күйінен... –

деп Жамбыл ұзақ толғайды.

Сосын тағы да:

Халық айтқанын қостаймын,
Артық сөзді қоспаймын,
Жырымды желше гулетем



«Халық айтса, қалып айтпайды

Мен де сонан асырман... –

деп, бұл жырдың халық аңызы ізімен, көне хикая негізінде туғанын, дәстүр бойынша атадан балаға, ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқанын жеткізеді. Десек те, Жамбыл жырлаған «Өтеген батыр» дастанының поэтикалық тұрғыдан, көркемдік уақыт пен кеңістік жөнінен алғанда да өзге эпостық шығармалардан көп ерекшелік, артықшылықтары бар.

Ең алдымен, бас кейіпкер, халық батыры Өтегеннің «қос мүйізбен» дүниеге келуі. Бұл дүние жүзі эпосындағы «батырдың ғажайып тууы» мотивіне сай келгенімен, қазақ эпостарында бұрын-соңды кездеспеген соны образ. Әлбетте, «Қос мүйізді Өтегенді» тек даңқы бүкіл дүниеге аңыз боп тараған атақты Ескендір патшамен ғана салыстыруға болады. Оның да «Қос мүйізді» атануы жайындағы алуан аңыз, хикаялар бар және Шығыстың ондаған шайырлары жиһангер патшаның ұлы жеңістерін, Ескендірдің ерлігін мадақтайтын көлемді дастандар жазған. Екіншіден, Өтеген батырлығына қоса көріпкел, арыдағы Асан ата секілді «Жерұйық» іздеген абыз, халық тағдырын болжаған көсем. «Жиделі байсынды», жердің жұмағын іздеу – «Өтеген батыр» дастанының сюжетін құраушы басты мотив-фабула. Ал үшінші бір ерекшелігі, эпоста Өтеген батыр жапан далалардағы жезтырнақтармен соғысып, айдаһарлармен арбасып, енді бірде достасып жүреді. Дастанның көркін ашып, шырайын кіргізіп тұрған осы мифологиялық персонаждар.

«Өтеген батыр» дастаны көркемдік шұрайы, тіл кестесі, сюжеттік құрылымы жөнінен де аса бағалы мұра. Мұнда дәстүрлі эпостық өрнек, дәстүрлі формулалық қалыптан шыққан фольклор үлгісі, синонимдік ауыстырулар, ғажап сипаттау, эпикалық баяндаулар өте көп. Сонымен қоса, жырдағы ақындық поэзияға тән әдемі де әсерлі лирикалық толғаулар жиі ұшырасады. Мына бір үзінділер соның жарқын куәсі:

Түн көрпесін тұйықтап,
Үнсіз дала, көк жатыр.
Астында аспан жұрт жатыр –
Жігіттер қалды ұйықтап.
Көктегі нәзік алтын ай,

Құлындай сұлу айқын ай
Жұлдызды көгін – жайлауын
Жайлаған жанып жарқырай.
Тынышы кете жыбырлап,
Сөйлескендей сыбырлап,
Жұлдыз бен жұлдыз қалтырай...

(Жамбыл, 1996, 1-том, 176-б.)

Толғау үзiгiнде оны жазба поэзияға туыстырған көркем пейзаж бен нәзiк элегия әуенi қатар үйлесiм тапқан. Әрi қарай тыңдалық:

Бiр уақытта сырылдап,
Шөптiң басы шуылдап,
Ескендей жел ышқынып,
Жұрт та шошып оянды,
Аттар дағы пысқырып.
Жұрт үрпиiп тұрысты,
Бiр-бiрiне ығысты.
Мұрын жарған күлiмсi
Сездi бiр жат иiстi.
Иiсi мұрын жарғандай,
Қоңырсып киiз жанғандай,
Жiгiттер көзге жас алды,
Шын бiр сұмдық болғандай.
Кейбiреулерi ойбайлай,
Айдалада қалғандай,
Жүректерi қысылды
Тарылып дем алғандай ...

(Жамбыл, 1996, 1-том, 177-б.)

Мәтiнде кейiптеу, суреттеу, үдету, теңеу т.б. көрiктеу тәсiлдерi шебер қолданылған. Айдаһардан қатты шошынған аттың да, адамның да психологиясы шынайы бейнеленген. Яғни, ежелгi мифологиялық сарындарды ХVIII ғасырдың тарихи оқиғаларына сыналай кiрiктiре отырып, ақын көне заманның шытырман хикаяларын жаңа – реализм әдiсiмен әдiптейдi. Осындай хас суреткердiң қолтаңбасын жыраудың «жезтырнақтар оқиғасын» баяндаған тұстарында тағы



жолықтырамыз. Бір жолы Өтеген батырдың нөкерлері орманға түнемек болады. ... Қара орман ішінде от жағылып, қара қазан ішінде қара қойдың сорпасы бұлк-бұлк қайнап жатқанда:

Қараңғы түнде қылмиып,
Жағылған отқа жылмиып,
Келді екі сұлу қыз –
Шолпандай туған таңдағы.
Беті қызыл алмадай,
Қара шашы құндыздай,
Көздері жанған жұлдыздай.
Киімімен құлпырған
Инжу-маржан ойнайды.
Өздері аппақ қудай-ақ,
Күлкісі сылдыр судай-ақ...

(Жамбыл, 1996, 1-том, 189-б.)

Берілген үзіндіден жезтырнақтардың қандай кейіпте, қандай сұлу жүзбен, қандай қимылмен жігіттердің жүрегіне шоқ түсіргенін де, үрейлерін ұшырғанын да Жәкең татымды теңеу, тартымды сөз оралымдары арқылы сипаттайды әрі көркем картина да жасайды. Сол сияқты сұңғыла суретті, сымбатты бояулар мен нақышты теңеулер, айшықты ауыстырулар Өтеген батыр бастаған қазақ жұрты жер жаннаты – Жиделібайсын еліне аяқ басқандағы алған әсерлерін әңгімелегенде ұшырасады:

Ақ мақтасы – күмістей,
Жері кілем – пүліштей,
... Ту тушадай қояны,
Қырандай ірі торғайы.
... Ешкілері жылқыдай,
Ылағы бағлан тоқтыдай.

(Жамбыл, 1996, 1-том, 193-б.)

Өкініштісі, «Өтеген батыр» дастаны аяқталмай қалған. Жамбыл жаңғырта жырлаған көптеген батырлық эпос үлгілері бізге жеткен жоқ. Жеткенінің өзі қырқылып, қидаланып, қайта жырланды, Кеңес цензурасының сүзгісінен өткізіліп, «от орнындай тұяқтан оймақтайы қалыпты» дегендей, Жамбыл жырлары «жоқтың жұқанасындай» күйге түсті. Ақын барша

тіл байлығын, баяғыдан жинаған бай тәжірибесін, ғажап эпикалық қуатын бүтіндей Кеңес батырлары мен көсемдерін ұлықтауға арнаған-ды. Мейманасы тасыған замананың қарт жырауға қойған басты талабы да осы болатын. Десек те «Сұраншы батыр» жырындағы хас суреткерге тән қайталанбас образдары мен сұлу да кестелі сөз орамдары Жамбылдың ірі эпик жыршы, үлгі көрген эстет ақын, халық әдебиеті дәстүрінің туын ұстаушылардың бірі ретінде даңқын шырқау биікке көтерді, атақ-дәрежесін асқақтата түсті.

Ақиқатында, Жетісудың елі мен жерін қалмақ, қоқан басқыншыларынан азат ету жолында түн ұйқысын төрт бөліп, Ақтұяқ арғымақтың жалынан түспеген сұрапыл батыр Сұраншының есімі – ерен, «ерім» деп ескерткіш қоярлық нар тұлға. Мұны ел алдындағы парызым деп білген Жәкең сол міндетті асқан абыроймен жүзеге асырғанын білеміз.

Жамбыл жырлаған «Сұраншы батырдың» сұлу сөзі мен сымбатты теңеулері көп дедік. Соған бірер мысал келтірелік:

Түлек бүркіт көзіндей,
Шатынатты батырды.
Дауыл соққан теңіздей
Күш көбігін сапырды.
Алатауды қозғалта,
Қырға шығып ақырды...
Буырқанды, бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды,
Ақберенге оқ салды,
Ақтұяққа ер салды...
Абылайша қос алды,
Су құятын мес алды...

(Жамбыл, 1996, 1-том, 209-б.)

Бір қарағанда бағзыдағы қазақ эпостарының белгілі сарындары көрінгенімен, осындағы тың теңеулер (түлек бүркіт, дауылды теңіз) мен Сұраншы батырдың тікелей өз басына қатысты жер-су, тұлпар ат, зат атаулары (Алатау, Ақберен, Ақтұяқ, Абылайша) қос жырдың шынайылығын еселеумен бірге оның поэтикалық және эстетикалық-танымдық жақтарына да олжа салып тұр.



Үш жүз кісімен қалың жаудың ордасына бет қоюға бекінген
Сұраншы батырдың ашуы былайша бейнеленген:

... Найзадай шашы тік тұрып,
Көтерген шаңырақ уықтай
Тақиясын көтерді.
Ашуы қысып Сұраншы
Ақ семсерін суырды.
Қит етсе, кесіп тастауға
Андас жаққа бұрылды...

Батыр жаудан қорыққан жолдастарын мына сөздерімен
жігерлендіреді:

... Озып шабар жүйрікке
Ылдиы мен өрі жоқ.
Батыр туған жігітке
Шабатын жаудың көбі жоқ.
Уайым жауға алғызар
Тұңғиық болып, түбі жоқ.
Осы қолдың несі көп –
Қуарып тұрған шірік шөп.
Суырып қылыш ат қойсаң,
Қарсы тұрар бірі жоқ...
Қара да тұр топтанып,
Жалғыз өзім кірейін.
Мың жау маған бірге есеп,
«Мың қарғаға бір кесек» –
Кесек болып көрейін...
Жаулар – қоян, мен – сырттан,
Арасына енейін.
... Халық үшін мен – лак,
Жау қолында өлейін!

Жоғарыда келтірілген мысалда Сұраншы батырдың шашының әрбір талы «найзадай» тік тұруы, тақиясын «шаңырақты көтерген уықтай» көтеруі – қандай керемет образ! Жауға шабар жігіттің тұлғасы да дәстүрлі поэтика әдістерінің шеңберінде шебер сипатқа ие. Ақын Сұраншының жауларын «шірік шөппен» салыстырса, енді бірде батыр «Жаулар – қоян, мен – сырттан» деп айбарланады. Әдемі метафоралық ауыстырулар эпостың өн бойында кездеседі.

Жамбыл «Сұраншы батыр» жырын айтқанда дәстүрлі эпос поэтикасынан көп алшақтамаған, қайта керісінше, қажетті жерде дайын формулалық қалыптарды, стереотиптерді орнымен қолдана білген. Мысалы, «қойдай үркіп, қол қашты», «алмадай басы домалап», «ұстарадай шаш алған», «нажағайдай шартылдап», «аш қасқырдай бүгіліп», «жұлдыздай атын ағызып», «қиядан шалған қырандай», «жел аударған қаңбақтай», «су аударған дөңбектей», «ортекедей ойнақтап», «арыстандай жұлқынды», «көк жайындай бұлқынды», т.б. теңеу сөздердің көбі халық әдебиетінде бұрыннан бар болса, кейбіреулері жыраудың өзі жанына қосқан құнарлы көріктеулер. Жырдағы уақыт пен кеңістік шекарасы да кейде реалды тарихтың орайына бағынып, кейде фольклорлық дәстүрдің қазығына оралады. Мысалы:

Түн түгелдей өткенде,
Күн төбеге жеткенде,
Ақсеңгірдің тасына,
Аңырақайдың басына
Өксіп жылап отырып,
Ат шалдырып демалды.

Немесе:

Күн тұғырға қонғанда,
Намаздігер болғанда...
Намазшамнан өткенде,
Құтпан уақыты жеткенде...

Тағы бірде:

Күн төбеден ауғанда,
Бесіндікке барғанда –
Бұрқыраған шаң көрді,
Жұлдыздай атын ағызып,
Жарағы күнге шағылып
Келе жатқан жан көрді... –

дейтін түйдектерден жоғарыда айтылған пікірлерді қостайтын мол дәлел табамыз. Сұраншы батырдың жаумен соғысатын уақыт мөлшері де Қобыланды, Тарғын сияқты аға батырлардың шайқаста өткізетін мезгілімен қарайлас:



Теңіздей жау жан-жағы –
Сұраншыға көп емес.
Үш күн, үш түн ұрысқан
Сол батырдың соғысы
Рүстемнен кем емес...
Үш күн, үш түн өткенше,
Әсте батыр тынбады...

Бұл келтірілген мысалдар даңғыл жыраудың халық эпосын жаңғырта жырлаумен шектелмей, фольклор мен эпос поэтикасының қыр-сырын жақсы біліп, оның үздік үлгілері мен сұлу сарындарын шебер пайдаланған бірегей дарын екендігін байқатады. Жамбыл ел басынан өткен тарихи оқиғаларды шынайы сипаттаумен бірге, бұған шежіре, көне эпос, мифология мотивтерін қоса бедерлейді. Мұның өзі Жамбыл поэзиясындағы көркемдік ерекшеліктің, ақындық даралықтың бір айқын көрінісі.

Ақын шығармашылығындағы көркемдік жүгін көтеретін дәстүрлі көріктеуіш құралдарының бірі мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер. Солардың бір парасы мынадай: «Егіз екі болмайды», «Селтендеген серкенің – ажалы», «Ел байлығы – өзінде, //Тіл байлығы – сөзімде», «Аз сөздің тәттілігі болар балдай», «Әдепті мейман болсаң, сыйың болар, // Сый білмес сиыр болсаң, қиын болар», «Көмусіз бір күн қаларсың, // Көпшілікті тілдесең», «Көпшілік – дария, көл дейтін», «Елдің кегін ер қуар, //Дауыл тұрса бұлт қуар», «Мың қарғаның тұяғы бір тұйғынға өтпейді», «Тамам қарға жиылса, бір сұңқарға жетпейді», «Асыл затта аздық жоқ, жасық затта көптік жоқ», «Әр нәрсеге – бір зауал», «Жаманның көңілі – көкте, басы – жерде», «Төренің басын топ алар, жауыздың басын көп алар», «Асқақтаған адамда тоба болмас, // Ел қорғаған адамда мола болмас», «Қойшыны құдай атарда, //Шопанға тиер таяғы», т.с.с.

Жамбыл – тілге дархан, ойға – кенен ақын. Ол халық аузында жүрген қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді жарыстыра, үйлестіре қолданумен бірге олардың бір қатарын өңдеп, өз ойын жеткізуге икемдейді, не өлеңнің әуез, ырғағына, ұйқасына қарай қайта түзейді, кей тұста өзі де нақыл, ақыл сөздерді жанынан шығарып, халық қазынасын – қазақ ауыз әдебиетінің

рухани қорын байыта түседі. Қысқасы, Жамбыл жырларының көріктеуіш құралдары, ең негізі поэтикалық тәсілдері де ілкідегі халық фольклоры мен ауыз әдебиетінен сусындап, содан өлмес нәр алған. Оның поэзиясында Жамбылдың ақындық «мені» – қазақ әдебиетіне қосқан інжу-маржандары, ең алдымен ақпа айтыстарынан, суретті, сындарлы толғауларынан және өшпес ерлік пен ел бірлігін дәріптейтін эпикалық мұрасынан ғажап көрініс тапқан. Екі ғасырдың куәсі болған ұлы Жамбыл жырлары әлі де талай ғасыр бойы туған халқының рухани сұранысын өтей бермек. Ақынның шын шабыттан туған шырайлы өлеңдері, құнарлы да тағлымды толғаулары соның кепілі.

Жамбыл поэзиясының көркемдік әлемін М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Б.Кенжебаев, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, С.Садырбаев, М.Жолдасбеков, С.Қасқабасов, М.Дүйсенов, С.Негимов, А.Ісмак секілді ғалымдар мен қайраткерлер өте жоғары бағалап, Жамбыл туындыларын әр қырынан алып талдайды.

Халықтық поэзияның алыбы болып, жаңғырған жастықтың мол сұлу жырларын талай әсем сөз, әдемі аңыз болуға татиды.

М.Әуезов:

«Жамбыл ақыл-ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау, бет-бейнелі, аса зор тұлға. Оның бір өзі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны».

Ғ.Мүсірепов:

«Ақын Жамбылдың екі рет туғаны да, түрлі заманда жасағаны да, өмірінің ең соңғы он жылында бүкіл дүние таныған атақ алды да – феномен сирек кездесетін себебін осы күнге дейін ғылым таба алмай отырған сыр. Әсіресе, тоқсан жаспен жүздің арасындағы он жылда ақындық дарынның бұрынғысына қарағанда еселеп шарықтап кетуі дүние жүзілік даналардың өмірінен де кездескен емес. Жәкеңнің тоқсан жасында қайта туғаны феномен болса, ақындығының қайта шырқай кеткендігін феникс арқылы тенеуге болады».

Міне, Жамбыл шығармашылығына деген құрмет осы емес пе?

Ал филология ғылымдарының докторы, менің ұстазым, профессор Бейсенбай Кенжебаев:

«Жамбыл поэзиясының ерекшелігі – ол жігерлі, жалынды, саяси лирикалық жыр. Ақын мейлі тарихи әңгімені сөз етсін, мейлі табиғат көріністерін суреттесін, мейлі үй іші,



отбасы, сүйіспеншілік мәселесін жырласын, мейлі әлеуметтік тұрмысты, іс-оқиғаларды жырласын – бәрін де өзінің ойы, сезімі, үміті, ішкі дүниесі, сыры етіп жырлайды», – деп ерекше бағалайды.

«Жамбыл туындылары бейнелілігімен сөздік құрылымы мен образдың жарқындығымен төгіліп тұрған тіл көркемділігімен авторын танытып тұрады. ... Жамбыл сөз өнерінің көркін жаңа заман шындығын суреттеуге шебер пайдалана білген ақын. Халық поэзиясы Жамбыл жырын көркемдік биікке көтерді» деп жазады академик С.Қирабаев (Тәуелсіздік және Жамбыл шығармашылығы. А. 2011 ж., 9-б.)

«Жамбыл халық өлеңінде интонация тудыратын логикалық екпін түсетін сөз бен оның психологиялық пауза арқылы ажыратылатын тәсілін одан әрі кемелдендіре түсті. Сонымен Жамбыл халық өлең құрылысын ауыз толтырып айтарлықтай етіп дамытты. Алайда, ол қалыптасқан өлең тілінің синтаксисін бұзған жоқ. Ырғақ пен синтаксистің шендесуінен қол үзбеді. Өлең жүйесінің тармақталуына, бөлшектенуіне, интонация мен методиканың мол мүмкіндіктерін тудыратын еркін өлеңге бармады. Жазба әдебиет өкілдерінің енгізген жаңалығын ашпады деп кінә қоймаймыз. Себебі, ол ақындық мектептің өкілі, ақындық дәстүрдің аауытқымас ізбасары болды. Асылы, Жамбыл халық өлеңін жетілдіре, интонацияның тың көріністерін тудыра, оның сүйегін салмақтандыра, құнарландыра байыта түсті», – дейді профессор С.Негимов («Өлең өрімі». Алматы, «Ғылым» баспасы, 1980ж., 31-б.).

«Жамбыл Жабаев дастандарында асыл сөздің көркемдігін ұсынған. ...Жамбыл бабалар сөзін жалғастырушы» деп есептейді әдебиет теориясының білгірі, филология ғылымдарының докторы, профессор А.Ісмақ (Сонда. 50–51-б.).

Жамбыл жай өлең айтушы емес. Ол суырып салма ақындықтың қоғамдық-саяси мәнін көтерген, тарихы сананы оятқан қайраткер ақын. Ол өлеңге өрнек қосты, бейнелік, шендестіру, портреттік кескіндеу XVIII ғасыр мен XX ғасырдағы болған тарихи оқиғалардың көркем жылнамасы да.

Жамбыл саясаттан тыс өмір сүретін, өлеңнен өрнек салған, тілін байытқан, бейнелігіне бедер қосқан ақын, айтыскер, жыршы, күйші, қайраткер!



*З.АХМЕТОВ,
ҚР ҰҒА академигі*

ЖАМБЫЛДЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

Жамбыл – ұлы жырау, қазақтың халықтық ауызша поэзиясының классигі. Халық поэзиясында кең өріс алып, әбден кемеліне келіп жетілген өлеңді суырып салып айту, ақындық импровизациясын дүние жүзі әдебиетінде сирек кездесетін ғажап құбылыс десек, Жамбыл осы суырып салма өнердің асқар тауы. Сөз жоқ, Жамбылды ұлы жырау еткен оның дарындылығы мен импровизатор ақындығы ғана емес, жасынан ел мұңын түсініп, терең сезіне білгендігі, іштей халыққа жақындығы. Жасы ұлғайған кезінде Жамбылдың есімін бүкіл көп ұлтты Одаққа жайып, әлемге әйгіленген оның топтан озған айрықша шешендігі ғана емес, оның туған халқының атынан сөйлей алатын данагөй топты көрген көсемдігі. Халық даналығын бойына жиып алған, өмірдің мағынасын, адамның мінез-парқын айқын тани білген ұлы ақын туған халқының мүддесін, тілек-мақсаттарын қандай терең түсінсе, жалпы адамзаттық мұраттарды, құндылықтарды да сондай бағалай алды. Қазақ халқының басқа елдермен жақын-жуық, достық қатынаста болуын ол күнделікті өмірдің өз шындығы ретінде қабылдады. Жамбылдың бірталай өлең-жырларында Қазан төңкерісінен кейінгі жаңа дәуірдің жаршысы болғаны сол кездегі ресми саясатқа бас ұрғандық деуге болмайды. Әрине, халықтың ойынан шығатын, жүрегіне жететін өтімді сөз, өткір өлең-жыр саясат жүргізушілерге қажет болды. Қалай десек те, Жамбыл өзінің туған халқын басқа елдерге, бүкіл дүние жүзіне танытатын зор тұлға болды. Оның импровизаторлық ақындығы, көңілі жүйрік алғырлығы, даналығы талайларды аузына қаратты, тамсандырып, таңырқатты. Мұны біз өлең



сөздің күдіреттілігі, халық поэзиясында кең орын алған импровизаторлық өнердің өміршеңдігі демей не дейміз?

Иә, біз өлеңді суырып салып айту, ақындық импровизация дегенді жиі айтамыз. Бірақ осы ұғымның шеңбер-шегін белгілеп, мән-мағынасын айқындап, әрі әртүрлі қырларын барлап, байсалды түрде ғылыми жүйеге келтіре түсіне алдық па? Ақындық импровизация кезінде көптеген елдердің әдебиетінде орын алған.

Кейін жазба әдебиеті дамыған кезде, өлең шығармалар кітап болып басылып тараған уақытта ауызша поэзияға тән бұл өнердің бұрынғы маңыздылығы азайып, аясы тарылып әдеби дәстүрдің бір ескіден қалған жұрнағы секілді болып қалған. Бірақ эпостық жыр дәстүрі күшін жоймай, әлі де қоғамдық әдеби өмірде ауызша поэзия елеулі қызмет атқарып келе жатқан елдерде өлеңді суырып салып айту өнері, ақындық импровизация шет қақпай қалмай, бағасын жоймай, айтарлықтай өміршеңдік сипат танытып келеді.

Бұл жағынан алғанда ауызша поэзия бүгінгі кезге дейін қатардан қалмай келе жатқан қазақ әдебиеті дүние жүзі халықтарының сөз өнерінде өз кезінде ақындық жердің айрықша сипатындай танылған өлеңді суырып салып айту шеберлігін жоғалтып алмай осы дәстүрді жанды, жарқын күйінде сақтап келді дей аламыз.

Әрине, импровизация деген, өлеңді суырып салып шығару шеберлігі жазба ақындардың творчествосында да кездесетіні белгілі. Бірақ жазба әдебиетінде импровизация өлең жазудың негізгі әдіс-тәсілі емес, тек қосымша, жанама тәсіл болып саналады. Жазба ақын өлеңді ауызша суырып салып айтатын жырау, жыршы, төкпе ақындардың үнемі, бастан-аяқ табан астында шығаруды мақсат етпейді, әр сөзін қағазға түсіріп, өндеп, қырнап, өлеңін ой елегінен бірнеше рет өткізіп барып, жарыққа шығарады, жариялайды. Ауыз әдебиетінде зерттеушілердің біздің елде де, шет жерлерде де көбірек тексеріп сөз еткені эпостық жыр-дастан айтушылардың импровизациялық өнері, соның өзгешелігі қандай деген мәселенің төңірегі және осы орайда жыршы-айтушылардың ұшы-қиыры жоқ ұзын шығарманы мүдірмей айту және есте сақтау қабілетіне таңырқап, таңдана қарау көбірек кездеседі. Бұл жағына эпос

зерттеушілер, шығыстанушы ғалымдар айрықша назар аударып, қомақты кесек жырды шығарушы, айтушының өнерінде өлең сөзді шабыт үстінде жанына шығарып жаңалап айту шеберлігі мен бұрын айтылған, қалыпқа түскен сансыз көп сөз өрнектерін, мыңдаған ырғақты, ұйқасты өлең жолдарын бірден қағып алып, естен шығармай, жадында сақтай білу қабілеті қатар келетінін, бір-бірімен ұштасып, астасып жататынын әсіресе қызықтағанын көреміз. Эпостық поэзиядағы, эпостық жырларда шығару мен орындау үдерісіндегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесінің, сөзсіз, маңызы зор. Америка ғалымдары М.Перри, А.Б.Лорд Босния мен Герцоговинадағы мұсылмандардың эпостық поэзиясын, жыршылардың өнерін арнайы зерттеп, жыршы-айтушылар қалыптасқан сөз өрнектерін тақырыптық, сюжеттік үлгілерді (формулы) қолданады деген пікір қорытқан. Бұған ұқсас пікірлер Россия және Европа ғалымдарының, фольклор танушыларының, кейбір қазақ ғалымдарының еңбектерінде де кездеседі. Эпостық поэзияда да дәстүрге сүйеніп, оны жалғастыру дегеніміз, әрине, қалыптасқан тақырып сюжет арқауын сақтап, поэзия тілінде жай қолданылатын бейнелі сөз үлгілерін, өлең өрнектерін барынша мол пайдалану екені рас. Бұл жырды айтушыға көп жеңілдік туғызатыны талассыз. Алайда, қаншалықты қалыптасқан дәстүрді ұстануы, немесе өзіндік өзгеше шеберлік танытуы әр айтушының, жыршының ақындық дарынының қуаттылығына байланысты екені де айқын.

Сонымен қатар, суырып салма өнер, ақындық импровизация дегенде ауызша поэзиядағы алуан түрлі терме, толғау, айтыс өлеңдері секілді лирикалық туындыларды табанда ешбір дайындықсыз тыңнан шығарылып айтылатыны назардан тыс қалмауы керек. Және осындай импровизациялық өнер, өлеңді суырып салып айтуға шеберлік ауызша поэзиясында өте кең қанат жайған, мол өріс алған құбылыс екенін мойындауымыз шарт.

Түптеп келгенде суырып салып айту, импровизация өмір-болмысты ақынша сезіну, ақынша ойлап, өлеңмен сөйлесу қабілетіне байланысты екеніне айрықша ден қойсақ болар.

Жамбыл туралы сөз қозғағанда суырып салма өнердің ерекшеліктерін осындай бірнеше жағынан қарауға толық



мүмкіндік бар. Өйткені, Жамбыл лирикалық өлеңнің алуан түрлерін туғызған көпқырлы лирик ақын, сонымен қатар, сөз сайысында алдына жан салмаған айтыс ақыны да болғаны және ұзаққа талмай шабатын өрен жүйрік дастаншыл жыршы екені көпке мәлім.

Табан астында әзіл-қалжыңды қиыстырып өлеңмен келтіру, немесе тілдескен кісінің сөзін қақпалап қағытпа сөз түрінде бір-екі ауыз өлең шығара салу суырып салма өнердің ең қарапайым, ел арасында кеңінен тараған түрі болса керек. Қазақ сияқты «Өнер алды – қызыл тіл» деп сөзге ұсталықты, тапқырлықты айрықша бағаланған ел ортасында бір-екі ауыз өлең шығару келмейтін адам аз болған. Бірақ жалпы жұрттың үлесіне тиген өлеңді суырып салу айту бір басқа да, «жүйріктен жүйрік озар шабысқанда» дегендей шынайы дарын иесі кемел ақынның суырып салып айтуы және басқа өлеңнің өзенін сапыратын төкпе ақын, ақпа ақын болса, оның импровизациялық өнері өзгеше сипат алатыны, нағыз ақындық шеберліктің шыңына көтерілетіні талассыз. Ондай дарынды ақынның аяқ алысын, көреген ақылдылығы мен алғырлығын, әрине ұзақ жыр ғана емес, бір қайырып айта салған қысқа өлеңінен де байқауға болады.

Жамбылдың аузынан шыққан осындай көлемі ықшамды, бірақ мағынасы терең, тартымды әзіл-қалжың, қағытпа өлеңдер аз емес. Суырып салып шығарылған өлеңге тән басты қасиет ой желісінің үзілмей, іркілмей, үнемі өрістеп, бір арнада дамып отыруы, осыған орай сөздің ағыл-тегіл еркін айтылуы. Бұл жағынан суырып салма өлеңде ауызекі айтылатын сөздің қалпы көбірек сақталады.

Жамбылдың реті келгенде, табан астында суырып салып, ағыл-тегіл айтып жіберуге шебер болғанын оның әр кезде әр түрлі жағдайда шығарған өлеңдерінің қай-қайсысынан да аңғара аламыз. Мысалы, Кенен Әзірбаевтың айтуы бойынша бір жылы Жамбылдың бет-жүзге қарамай сөйлейтін өткір тілді мінезін ұнатпағандықтан оны ел көп жиналатын остепкеге (көрмеге) шақырмайды. Сонда ұлықтар отырған үйге ұлықсатсыз кіріп келіп, Жамбыл өлеңдетіп қоя береді:

Ау, мен Жамбылмын, Жамбылмын,
Қара жолдай даңғылмын.

Көргенім көп көне едім,
Өлең-жырға қамбылмын,
Күңіреніп күні-түні
Жалғыз қалып қаңғырдым.
Қатар-құрбы қадірлес
Замандасты сағындым.
Қатаған мен Кебекбай
Мақамдасты сағындым.
Көкте жүзген күміс күн,
Аппақ айды сағындым.
Қалдырмайтын тойынан
Ноғайбайды сағындым.
Кедейлерді жақтамай,
Байға қашан жағындым.
Болысқа қашан бағындым?
Бой бермей жүріп оларға,
Бостандығым сағындым.
Күткен күнім туғандай,
Құрметім мен олжамнан
Не себепті қағылдым?
Жас ақындар қасында
Дудар шашың басында,
Сиыр баққан, тас өртеп,
Әкелеріңді білуші ем,
Ораз бенен Жұбаныш,
Торқалы тойға шақырмай,
Мен сендерге не қылдым?

Жамбыл өлеңді көбінесе қазақ поэзиясында ертеден орнығып қалыптасқан дәстүрлі «жыр» үлгісінде шығарған. Ол тақырыбы, жанрлық сипаты әр алуан келетін лирикалық өлеңдерінде де, сондай-ақ көлемді толғау, сюжетті дастандарда да осы жыр өрнегін қолданды. Ырғақтық құрылысы жағынан алғанда жыр өлшемі жеті-сегіз буынды тармақтардан тұрады. Жеті буынды тармақ 4 буынды және 3 буынды екі бунақтан құралады да, ал сегіз буынды тармақ 3 буынды, 2 буынды және 3 буынды болып келетін үш бунақтан құралады. Тармақтары еркін ауысып келе беретін бұл өлшем – ырғағы серпінді, толқымалы, барынша ықшамды да жеңіл болып, өте келісті



жасалған өлең түрі. Жырдың құрылыс-өрнегі барлық жағынан (тармақтарының көлемі, бунақталуы, топтасуы, ұйқасуы) құйылып отыратын суырып салма жыр ағысының еркіндігін сақтауға, айтылатын ойды керегінше өрістетіп әкетуге өте қолайлы. Бұл орайда жырда өлең тармақтары белгілі мөлшермен шектелмей, еркін топтасып, түйдек-түйдегінен келуінің де мәнісі бар. Түйдек (тирада) ерекшелігі және артықшылығы – онда жеке-жеке ойлардың кеңінен өрістеп шарықтауына сәйкес көптеген тармақтарда мағынасы, айтылудағы дауыс толқыны синтаксистік құрылысынан бірлестік-тұтастығы, ұйқастығы жағынан біріктіріп, топтастыруға болады. Түйдек-түйдек болып келетін жырды ешбір тиянағы жоқ, тармақтары үздіксіз, шетсіз-шексіз шұбырып сырғанап беретін өлең түрі деп қарау орынсыз. Түйдек (тирада) өлең жолдарын, тармақтарын топтаудың байырғы түрі екені халықтың ауызша эпостық поэзиясындағы оның тармақтан бұрын орныққаны рас. Бірақ жырларда, сонымен қатар, терме, толғау, жоқтау секілді өлең-жырларда түйдек үнемі сақталып келгендіктен, ол алғашқы қалпында қалып қоймай, мейлінше толысып, түрленіп дамыған.

Жамбыл жыр өлшемімен қатар халық поэзиясында кең тараған он бір буынды өлең үлгісін де жиі қолданады. Он бір буынды өлеңді суырып салып айтатын ақындар өткен ғасырда мол пайдаланған. Себебі ол – мейлінше икемді, кең тынысты өлең өлшемі. Өлең тармақтарының құрылысы, әр тармақ бірнеше бунаққа бөлінетіндіктен ырғағының ширақтығы және жеңілдігі, ұйқас, шумақ өрнегінің келісімділігі – қай жағынан алғанда да бұл өлең түрі– поэзиядағы өлшемділік, өрнектіліктің кемеліне келген, әбден шыңдалып жетілген тамаша үлгісі. Ендеше Жамбыл да өлеңді табан астында суырып салып айтқанда осы он бір буынды өлең түрін жиі қолданатыны таңқаларлық нәрсе болмаса керек.

Мысалы:

Сақалым темір күрек борға малған,
Селеудей шашым селдір зорға қалған.
Аузыма ақ жабағы жапсырғандай,
Кәрілік немді қойды қорламаған.
Құлпырған қызыл шырай түсімді алды,
Ауызмды опырайтып, тісімді алды.

Босатып буынымның шегелерін
Сындырып тұла бойдан күшімді алды.

Бұл өлеңді Жамбыл қандай жағдайда айтқанын Әбділдә Тәжібаев нақтылы баяндап берген.

Бірде үлкен айнаның алдында тоқтап, өз бейнесін айнадан көріп тұрған Жамбыл жанына жақындап келіп неге кідіріп қалғанына таңырқағандай сыңай көрсеткен Леонид Соболевке қарап (және қасындағы Мұхтар Әуезов пен Әбділдә Тәжібаевқа естірте) осы өлеңді әзіл-қалжың араластыра айтқан көрінеді.

Тағы бір мысал:

Бұл Жамбыл көрген бұрын талау-таран,
Кез болды енді оған алтын заман,
Keң жатқан байтақ үлкен шежіремін,
Тарихтың домбырасын қолына алған.

Жамбылдың ардақталып бұлбұл сөзі,
Гауһардай нұрын төгіп екі көзі.
Тоқсанда қайтып алам жиырма бесті,
Жасарып қарт бабаңның тұрған кезі.

Бұл өлеңді де (ол кейін «Қайтып келген жастық» деген атпен ақынның жинағында басылған) Жамбыл бір топта әңгіме үстінде сөздің орайына қарай айтылған жауап түрінде шығарғанын Қасым Аманжолов кезінде жазған болатын. Сол отырыста «әрқайсымыз өз өлеңдерімізді оқыдық. Кейбіріміз ән салдық, өлең мен әнге үйір еместеріміз небір көңілді қызық сөздер айттық», – деп жазады Қасым Аманжолов. Ерсілік-қарсылы сапырылысқан сөз дариясына түстік те, ел ақындары мен жастар жан-тәнімізге дейін араласып кеттік. Өлең, әңгіме барған сайын қыза берді. Жәкеңнің жүзіне ерекше бір шырай кіргендей болды. Ол, тіпті, тоқсанның күшісін лақтырып тастап, жиырма бестің жібек шапанын жамылып, құлпырған бір жас болып шыға келді.

– Әттен, сендердің замандарыңда, сендердің жастарыңда болмадым ғой, – деп қояды Жәкең, әрбір әңгімені қорыта келіп.

– О, не дегеніңіз, Жәке, кейбір жастардан сіз қазірдің өзінде де жассыз, – деді біздің бір досымыз сол мезетте. Жәкең әлгі сөзді айтқан жігітке шұқшия бір қарады да, домбыра алды қолына. Тына қалдық, Жәкеңнің дүние сырын көп жұтқан



тұңғық кеудесінен гүрілдеген бір үн шықты. Сол-ақ екен, жыр тасқыны ақтарыла бастады.

Жамбылдың «Өмір жыры» аталатын:

Еске алсам ертегідей ертеңі өткен,
Талай жан жүрегінің жырын төккен.
Еңіреп ен даладан бақыт іздеп,
Таба алмай, аңсап Асан қайғы да өткен.
Құландай қақтан безген Қорқыт қаңғып,
Кездеспей көрден басқа ол да кеткен, –

деп басталатын өлеңі де он бір буынды өлшеммен шығарылған. Бұл – Жамбыл Тбилисиге Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты поэмасының 750 жылдығына арналған Грузия Жазушылар Одағының Пленум мәжілісінде айтқан өлеңі.

... Суырып салма өлеңнің туу үдерісі қандай екенін нағыз импровизатор ақынның шеберлігінің тыңдаған жұртты таңырқататын тапқырлығының сырын түсіну үшін Жамбылдың ақындық өнеріне айрықша көңіл қою қажет екені ақиқат.

Жамбылдың шабыты келген кезінде жырды қалай толғап айтатыны жайында қарт ақынға Мұхтар мен Сәбитке ілесе барып, кездескен Әбділдә Тәжібаевтың сөздерінен де біраз түйін жасауымызға болады.

Ай, мен Жамбылмын, Жамбылмын,
Қара жолдай даңғылмын.
Жастайымнан жын буып,
Өлең құдым, қаңғырдым.
Шапқан жерді шың қылдым.
Айтысқанда таң қылдым,
Тыңдаушымды қандырдым... –

деп, Жәкең домбырасын қолға алып «Ай» деп бір айқайлап алып, бастап кеткенде «әуелі өзін мадақтап алды» дейді Әбділдә Тәжібаев. Жамбыл отырғандардың өзінен не айтуды тілейтінін сұрап, Мұхтар мен Сәбиттің «Заман туралы сөйлесеңіз» дегендей сұрауларын мақұлдағандай болады да, көп кідірмей, өлеңді тез бастап кетеді. Жаңағы келтірілген жолдардан кейін «Жасында аттың жүйрігін мінгенін, қыздың сұлуын сүйгенін де жасырған жоқ. Ол жерлерін де күле тыңдадық», – дейді Әбділдә. – «Содан соң бірте-бірте леп жаңағы Мұхтар мен Сәбит сілтеген

бағыттарға ауыса бастады. Әуелі «айта берсем әңгімем бітпес еді» деп бір өтті. «Заман жайын сөйлейтін «Қырымның қырық батырынан» хабардар екенін ескертті. Қырғыз жайлы «Манаста» сөйленеді. «Көрұғлының» қай саласын айт дейсіздер?» деп тыңдаушыларына тағы бір көз тастады. Одан кейін Сұраншы мен Саурықтар туралы екі күн қатар жырлай алатынын айтты». Жамбыл бұл жерде дастан айтатын нағыз жыршы ақынның мінезін бір сәт айқын танытқандай болады. Қай дастан жырды айтсам деп тыңдаушыларға таңдау жасатқандай қалпы осыны аңғартады. Бұрыннан өзі жақсы білетін, үнемі айтып жүрген дастанды айтса, ақын жадында сақталған жыр түйдектерін де қайталап, жаңылмай, жаңғырта сөйлейтіні де түсінікті. Есте сақтау қабілеті аса күшті жыршы ақындар дәстүрлі дастан жырдың сөзін айтқан сайын өзгерте беруге ұмтылмайды. Бұрынғы өзі айтып келген сөз үлгісін, өрнектерін сақтап отырады. Бірақ бұл жолы Жамбыл өзі білетін көп дастанның бірін жырламай замана туралы ұзақ толғау жырын шынайы шабыттана отырып тыңнан шығарып айтып бергенге ұқсайды. Әбділдә Тәжібаев Жәкең «Жаңа бір ырғақпен бастаған толғауын тоқтатпай тақпақтай берді» дей отырып, келтірілген үзінділерден біз ұлы жыраудың белгілі толғау жырындағы сөздерді жазбай танимыз.

Тоқсанға келген жасым бар,
Көпті көрген басым бар.
Аман жеттік бұл күнге,
Ойды-қырды аралап,
Ақ есекті сабалап,
Серік болдым өмірге...

Қазақ, қазақ болғалы,
Көрдік қой талай қандарды.
Өткіздік қой біз бастан
Азапты, ауыр заңдарды.
Қоқан билеп бір кезде
Өрістегі малды алды,
Қоныстағы жанды алды.
Сол бір өткен заманнан
Арман болар не қалды...



Осы толғау өлеңін «бір сағаттан аса тынбай жырлаған Жамбыл тыңдаушыларын ырза қылғанын Әбділдә Тәжібаев атап айта кетеді. Және Мұхтар Әуезовтың сол жерде айтқан сөзін келтіреді.

– Мінеки! – деді Мұхаң Сәбеңе қарап, екі қолын бірдей жайып, – импровизатордың шеберлігі деген осы. Эпостағы бұрын қолданылып жүрген образдарды қалай пайдаланады! Мүдірмей ағытып, өзінің биік идеялы тамаша жырын табанда тудырып отырғанда, халық байлығы оған алтындай құйылып, жарқылдатып жатқан жоқ па? Бұрынғы ұлы адамдар да осылай сөйлеген. Мұхтар Әуезов ұлы жырау тыңнан шығарып айтқан толғау өлеңінде эпостық жырларда кездесетін бейнелі сөз үлгілерін қолданғанына назар аударғанында да байқағыштық, білгірлік бар. Импровизация, суырып салып жыр толғау шеберлігі ауызша поэзияның сөз байлығын, бейнелі сөз үлгілерін мол пайдалану арқылы жандана түседі, халықтың ұшан-теңіз сөз өнерін өзіне тірек етеді. Жамбылды біз миллион жол жыр қазынасын жадында сақтай алған эпик ақын деп мақтаныш ететініміз тегін емес. Ол білген, айтып жүрген дастан-жырлардың қағаз бетіне түскенінен түспегені, жазылмай қалғаны көп екені белгілі.

Жамбылдың «Сұраншы» дастанын зор шабытпен жырлағанын көзімен көрген Дихан Әбілев былай дейді:

«Жәкең домбыраны көп күйлеп отырмайды екен. Кәрі саусақтарымен қос ішекті бірер қағып жіберіп:

Ақ домбыра қолға алып,
Ай мен апта толғанып,
Өзен құйған теңіздей,
Жырдың селі тасқындап,
Ақ семсердей жалтылдап,
Шағылысқан күн шалып...–

деп толғай бастағанда-ақ көкірегінің шаңын жыр дауылымен сілкілегендей сергектей берді. Құп-қу бозғылт өңі көкке аунаған бурылдай қунақшып шыға келді». Дихан Әбілев Жәкеңнің осындай рухтанып ақындық шабытының, шарықтап, шалқыған тұсын көргенде таң қалғанын жасырмайды.

«Мана қырман басында көргенімде, жасы әбден жеткендіктен қаусап қалған қартты бұлайша жыр толғайды деп ойлаған жоқ

едім» – дейді. Енді ол ойынан қайтып, Жәкеңнің ақындық жігер күшінің әлі де мол екенін сүйсінген сезіммен бейнелеп айтады. «Бастаудан көз алған қайнар бұлақ шапшып атып, шымырлап ағып өзенге айналып, алысқа сілтеп барады. Құлағым сөзінде, көзім өзінде, ұйып тыңдаймын. Толғап-толғап бір тастап қайырып, сол тыныстап қайыра сілтегенде тозығы жеткен боздай өңіне болар-болмас жұқа қызғылт пайда болып қалып отырды». Осы келтірілген сөздерден, белгілі ақындардың Жамбылдың шабыт үстінде қандай күйге түсетіні туралы байқағандарынан, тілге тиек еткен нақтылы деректерінен нені аңғарамыз. Алдымен ұлы жырау өлеңді жай, селсоқ отырып айтпайтынын, күшті сезімге бойын әбден билетіп, ойға шомып ерекше, рухтанғанда ғана жыр тасқынын ағыл-тегіл төгіп жіберетінін аңғарамыз. Міне, бұл – нағыз ақындық шабыттың ажыратып алуға көнбейтін қасиеті, өлеңді суырып салып шығарып айтудың бірден-бір шарты. Ал ақындық импровизаторлық шеберлік деңгейі ақынның дарындылығына, алғырлығына, ой-сезімінің оттылығына, өткірлігіне байланысты. Әрине, импровизатор ақын да кейде өлеңді жанынан шығарып айтса, кейде есінде жүргенді, жадында екшелген шумақтарды ретіне қарай айта салуы мүмкін. Қалайда ол өлеңмен ойлап, өлеңмен сөйлейді. Нағыз ақын адамға мұның өзі әбден үйреншікті болған, оның бірден-бір тума қасиеті. Айтатын ойдың логикалық қисынын тапқан сәтте өлеңге тән сөздің ырғақтық құрылыс-қалпы, өлшемшілігі мен үйлесімі өрнектеліп шыға келеді. Шынайы суырып салма ақынға жай сөзбен, қара сөзбен сөйлеуден де ойын өлеңмен айтып жіберудің өзі жеңіл, және тартымды, әсерлі де. Ақын алдымен айтатынын жай, қара сөз түрінде анықтап, тауып алып, сонан соң оны өлең сөзге айналдырады дей түсіну орынсыз. Оның ойлауы мен өлеңмен сөйлеуі бір сәтте іске асатын, бір бірінен бөліп алуға, ажыратуға болмайтын ине мен жіптей сабақтас, біртұтас үдеріс. Мұны әсіресе суырып салма ақын туралы айтқанда естен шығармау керек. Ақын, жырау, жыршының өлең сөзінің әуезділігі әуенге жақын, көбіне белгілі бір қалыпты мақаммен айтылады. Қалайда айтылатын сөздің тыңдаушыға әсері артық болуына айрықша мән беріледі.

Ақын Жамбыл мен болып,
Өскен ем ерен кең болып.



...Әнші деген ат болмас
Әуезі көңіл жуатпай,
Алатаудан арындап,
Аққан судай құлатпай,
Қыбыршыған көңілдің
Қытығын тауып сұратпай,
Досым болса күлдіріп,
Сүйсіндіріп жұбатпай,
Жауың болса бүлдіріп,
Домбыраң – берен, сөзің – оқ,
Дәл тигізіп сұлатпай, –

деп ұлы жырау тегін айтпаған. Ұлы Жамбыл өнерпаздық тұлғасы, қоғамдық нысанасы, арман мұраты, шарықтап шалқыған шабыты туралы түйген-топшылағанымызды осы өз сөзімен тиянақтауды жөн көрдік.





ОЙ ЖЫРЫМ, ҚЫЗЫЛ ТІЛІМ, СЕНІҢ АРҚАҢ!

XX ғасырдың Гомері атанған, суырып салма ақындық өнерінің ғажайып жұлдызына айналған Жамбыл Жабаев қазағымен бірге жасайтын ұлы тұлға. Ол баяғыда-ақ өзінің ақындық орбитасына шығып кетті. Кейде өзінің биігінен жаңа ұрпағының кейбір мазасыз тіршілігіне, беймаза сөздеріне миығынан күле қарап:

Көп қарға тең келмейді бір сұңқарға,
Көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға.
Жақсының әрқашанда жөні бөлек,
Жаман адам жарамас бір қымтарға, –

деп мысқылдап қоятын да шығар.

Жамбыл Жабаев бақытқа поэзия арқылы жетті. Жакеме өлең жөргегімен келіп, оның егізіне, серігіне айналды.

Өлең тердім жасымнан,
Майкөт ақын, Құлмамбет,
Орын берді қасынан, –

деп ақын Жамбыл тәтемнің өзі айтқандай, өлең ақынның бағын ашты, қоғамдық ойдың тайқазанына салды, халықтық сыннан өткізді. Сондықтан да Жамбыл жыры нәрлі, Жамбыл жыры айқын, Жамбыл жыры қуатты. Атақты ақын ағамыз Илияс Жансүгіров «Жамбыл жырлары Бұғымүйіз, Бесмойнақ жайлауларының гүліндей алуан түрлі. Хош иісі күншілік жерден аңқып тұрады. Ақын жырын тыңдаған сайын көк жайлауға шыққандай әсер аласың» деп тамсана жазған ғой.

Рас, Жамбыл Европалық білім алған жоқ, Академияны, университетті бітірген жоқ. Бір қаламгер жазғандай «бұл Жамбылдың трагедиясы емес», бұл Жамбылдың өзінің академияға, университетке айналып кеткенін көрсететін ғажайып ғұмыр, Алла өлең қондырған тамаша тағдыр.

Ұлы Ғабен, Ғабит Мүсірепов: Жамбыл өмірге жымия қарап,



сынай өскен ақын еді. Оның ойлы көздерінің түбінде қашан да бір сықақ ұшқыны тұратын! – деуі осыдан шығар.

Жамбыл – қазақ ауыз әдебиетінің энциклопедиясы. «Жамбыл менің жай атым, халық менің шын атым» деуі ұлы ақынның осы қасиеттерін даралап тұр емес пе? 1940 жылдың ақпанында жазған ақынның хатшысы Ғали Ормановтың күнделігіндегі: «...оқымаған кісімін. Әйтсе де байқаймын, халық көп біледі. Менің білімім – сол халықтың білгендері. Мен халықтың сөзін айттым», – деген сөздер қандай терең, қандай айқын!

Жамбыл қаласынан өтіп бара жатқанда,

Атыңнан айналайын, Әулиеата,

Атымды ап қойдың деп болма қапа, –

деп келетін кісілік сөзі не тұрады? Қазір халық үшін қызмет етпеген бабаларына көше беріп, мектеп атап жатқанда, шенеуніктердің Жамбыл атаның осындай қасиеттерінен үлгі алмайтыны қандай өкінішті!..

Әсте, қазақтың табиғатында сал-серілерді, ақын-жырауларды қастерлейді де, жеке өз отбасына келгенде, одан қашуға тырысатын әдет бар. Жабай бабамыз да Жамбылдың өлең құғанын қаламағаны белгілі. Мал табу, немесе молда болу сияқты кәсіпті несібе етсе, қатарынан қалмас деп пайымдайды. Сондықтан да молда алдына апарып, тізе бүктіреді. Бірақ асау жүрек әке шешіміне көндікпейді. Он бестегі бозбала:

Оқығанша мен одан,

Домбыраны қолға алам.

Өлең кірген түсіне,

Жөргегінде мен болам, –

деп қасиетті өлеңге жығылады.

Менің пірім – Сүйінбай,

Сөз сөйлемен сыйынбай.

Сырлы, сұлу сөздері,

Маған тартқан сыйындай, –

деп, бұл сөздерді өз жүрегіне бойтұмар етіп, көзі жұмылғанша өлеңге, домбыраға, киелі өлеңге адал болды. Өзінің өмірге деген құштарлығы, адам тани білетін абыздық қасиетінің арқасында замана көшіне ілескенмен, өзін басшылармен де, қосшылармен де тең ұстады. Қазақы қалжың мен мысқыл, әжуасы, сынды өмірлік қағидаттарды шебер пайдаланатыны сондай, ақынның астарлы

сөзінен жақындары да, жоғарыдағылар да сескеніп жүретін-ді. Тіл – құдірет, тіл – садақ, тіл – мазақ, тіл – мадақ. Мұны Жамбыл бабамыз жетік білді:

Елімнің азаматын таныс қылған,
Ой жырым, қызыл тілім сенің арқан, –
деп Жамбыл тәтем бекер айтты дейсің бе?

Жамбылдың осындай дара қасиеттерін, қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов тайға таңба басқандай етіп жазып кетті.

«Жамбыл – ақыл ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау бет-бейнесімен аса зор құбылыс. Оның бірі әрі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны»

Ұлыны ұлы ғана таниды. Әуезов мойындаған, Сейфуллин бас иген, Сәбит Мұқанов ардақтаған, Ромен Роллан сәлем салған, Ғабит Мүсірепов сынды сарбаз жазушы еркелеген Жамбыл бабаның ән-жыры, күйлері мен айтыстары, дастандары қазағымен бірге жасайтын ұлттық құндылыққа айналып кетті. Енді тарих доңғалағы кері кетпейді, егемен, тәуелсіз Қазақстанның ұлттық бренді ретінде Жамбыл баба есімі жасай береді, жасай береді.

Жамбыл поэзиясы – шыншыл поэзия. Өмірді өлеңмен өрнектеген ақын жырларынан қазақ тұрмысының, қазақ қоғамының әділетсіз болмысын шенеген өлеңдері, оның атын ерте шығарған. Әрі Жамбыл үшін поэзия Алланың берген сыйындай қастерлі, қасиетті. Сондықтан да, Жамбыл Жабаевтың өлең патшалығына кеңес үкіметінің тұсында ғана емес, Ресей патшасының боданында жүрген кезде-ақ кіргенін түсіну үшін көретін көз, тыңдайтын құлақ, мархаббаты жүрек керек.

Сары түнге сарылып, кірпік ілмей,
Салқын күзде бір жылы үйді білмей.
Сахарада салақтап күндіз-түні,
Бұралқы ит пен малшының күні бірдей.

Осы төрт жол жанды сурет, көңілге түскен көркем бейне емес деп кім дөп айта алады?! Ұлы Абаймен үндестік көзге ұрып тұрған жоқ па?! Сондықтан да дарабоз ақын Сүйінбайдан жалғасқан азаматтық поэзияның сарқылмаған бастауын көреміз, ақын сөзіне сенеміз. Ақын:

Сен тойғанмен біреулер аш қалып жүр,
Деп ойлама түбіндетеріңді алмас, –
деп аспаннан жай түскендей түйрейді, шен-шекпенділерді.



Өмірдің диалектикасы, даланың диалектикасы осы, шарифаттың жолы осы. Әр нәрсенің зауалы бар, әр нәрсенің сұрауы бар.

Жамбыл жай ғана ақын емес. Жамбыл күрескер ақын. 1916 жылғы көтеріліс кезінде Жамбыл баба 61-дегі, сол кездегі тіркеспен айтсақ, шау тартып қалған кезі еді. Бірақ ақын жүрек, ақын тілек Жамбылды үнсіз қалдыра алмады. Ақынның дауысы зор естілді, оның дауысы Қастек, Қаскелең асып, Жетісу – бойында қаулаған өрттей ду ете түсті.

Ақын аңсаған Азаттық келгенде Жамбылдың өлеңі де өзгерді, жыр шумақтары да түрленді. Ақын Кеңес Үкіметі әкелген жақсылықтарды кәрі жүрегімен, ақындық сезімімен қабылдады. Ақын бақытқа кенелді, ақынның жыры шуақтанды. Ал неміс фашистері ойран салғанда ерттеулі атқа қайта мінді, ақын жүректен шыққан сөздер жауға снаряд секілді атылды. Әрине, бұл теңеу сөз. Бірақ шындық. Жамбылдың атақты «Ленинградтық өрендерім» жыр-плакаты, жыр жолдауы 1941 жылы неміс фашистері Ленинградты блокадаға алып, тас құрсауға айналдырған кезінде жазылды.

Бүгінде Санкт-Петербургте Жамбыл атындағы көше, ақын ескерткіші тұр. Жетісудің жеті өзеніндей ескерткіш алдында су ағып жатыр. «Ленинградтық өрендерім» өлеңінің шумақтары жазылған әріптер сол сумен бірге шоршыған хан балықтай күнге шағылысып, көз тартады. Қашан барсаң да Санкт-Петербургтегі Жамбыл баба ескерткішіне гүл әкеліп жүрген адамдарды көресің. Жүрегі қартаюды білмеген Жамбыл халықтың нағыз ақыны екенін осындай сәтте ерекше сезіне түсесің.

Өлең Жамбылдың атын шығарды, Жамбыл өлеңнің киесін көтерді. Бұл – талассыз шындық.

Қор болмаймын өлгенше,
Өлеңіме-ақ сыйындым, –

деп жырлап еді ақын баба осыдан тұп-тура жүз бір жыл бұрын.

Иә, Жамбыл баба сыйынған өлең Жамбылдың есімін асқақтатты. Мұны ақын-жүрек сезді. Сезіп қана қоймай өлеңмен өрнектеді.

Өлеңмен ойып оюды,
Сөзді мініп желдедім, –
дейді ақын. Жүйрікті, сәйгүлікті, жорғаны, тұлпарды мінгенді

білетін едік. Ал сөзді мінген Жамбыл ғана. Жарықтық, қалай, қалай көсіледі. Міне, өлеңнен ою ойған Жамбыл осы!

Қазақтың ұлы тұлғалары көп. Олар қазақтың тарихында алтын әріпшен жазылып, ұлттық мақтанышымыз болып қала бермек. Ал ұлт өркениетінің тарихында қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ұлы Абай мен халықтық, авторлық ауыз әдебиетінің энциклопедиясына айналған Жамбыл Жабаев, қазақ Егемендігінің алтын тұғырын ұстаған Нұрсұлтан Назарбаев мәңгілік Қазақстанның символы болып, ұлттық өлшем болып қала береді.

Жамбыл бабам:

Уа, әлеумет, құлақ сал!

Қария Жамбыл жырласын!

Мен сөйлемей кім сөйлер,

Заманам менің сырласым, –

деп еді. Заман өзгерер, уақыт зымырар, бірақ өзгермейтін бір-ақ нәрсе, ол құрыштай құйылған Жамбыл бабаның өлеңдері.





*Серік ҚИРАБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі*

ҰЛЫЛЫҚТЫ ҰҒЫНУ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы аясында «Ұлы дала Тұлғалары» сериясымен шығып отырған Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығының әр кезеңі, артына қалдырған ұлан-ғайыр мұрасының көркемдік биігі тұрасында сыр шертетін бұл кітап бес бөлімнен тұрады.

Алғашқы бөлімі «Ақын деген бір бұлақ» деп аталып, Жамбыл Жабаевтың жеке адами тұлғасын, мінезін танытатын халық арасында таралған бізге мәлім, беймәлім әңгімелер мен хикаяттар эссе түрінде берілген.

Бір естелікте әкесіне шағым ете барып, Жамбыл енді молда алдына бармайтынын, ақындық жолды қуатынын айтады. Ақындық өнерді мадақтау, өлең сүйетінін айтып, осы жолға түсуге рұқсат сұрау Жамбылдың осы тұста шығарған «Әкеме», «Сарыбайға» деген өлеңдерінің мазмұнын құрайды. Бірақ өлең сөздің бағасын түсінбейтін қатал әке оған рұқсат етпеген. «Екейде елу бақсы, сексен ақын, жаратып мінеді екен ерттеп атын» деген аңызды есіне салып, «сен сексен бірінші болып қайтесің» деген.

Жамбылдың өз руы – Екей руынан, шынында да, талантты ақын-жыршылар, өнер иелері көп шыққан. Солардың атақтысы – Сүйінбай ақын. Сүйінбай жырлары шындықты айта білуімен, өткірлігімен, тапқырлығымен халыққа ұнаған және ел арасына кең тараған. Жасынан сөз өнеріне жетік, шыншыл, Жамбылдың алғашқы өлеңдерін Сүйінбай мақұлдап, оған бата берген. «Өлеңді тыңдаушының көкейінен кетпейтін етіп айт. Сенің өлеңдерің жеке адамның емес, бүкіл халқымыздың игілігіне

айналатын болсын. Әрқашан жүрекпен жырла: әділ сөйлеп, адал бол», – дейді үлкен ақын жас шәкіртіне. Сүйінбай жолын қуған Жамбыл, оны өмір бойы ұстаз тұтып, одан үлгі алған.

Халықтың төменгі тобының ішінен шығып, өнер қуған ақынның ендігі мектебі де елінің өмірі мен шындығы болады. Ол еңбекші елдің кемтар тіршілігін, ел басшыларының әділетсіздігін, таптық қайшылықты көп жырлаған. Сол себептен де бұл бөлімде, Жамбылдың халық арасындағы естеліктерін қамтитын оқиғалар тізбегі қамтылған. Атап айтсақ, әкесі Жапаның өмірінен бастап, Жамбылдың дүниеге келуі, жоғарыда айтылған Сүйінбайдан бата алуы, алғашқы айтыстары сынды бізге мәлім оқиғалармен қатар, соны, бұрын-соңды халық арасында бірді-екілі айтылғанымен оқырман қауымға Ұлы ақынның беймәлім қырларын танытатын оқиғалар нақты, әрі жан-жақты суреттелген. Мысалы, Сүйінбайдан бата алғаннан кейін, Жамбылдың ең алғаш ел аузына Сайқал атты ақын қызбен айтысып ілінгендігі, Жамбыл ғашық болған арулары жайындағы оқиғалар, Жамбыл айтысқан ақындар туралы мәліметтер және олармен айтысу барысындағы оқиғалар тізбегі т.б. хронологиялық тәртіпті сақтай отырып, тың деректер негізінде суреттеледі.

Сонымен қатар, Жамбылдың күнделікті тіршілікпен байланысты айтқан қалжындары, кәрілік туралы өлеңдері, дос-жарандарына шығарған шағын әзіл өлеңдері де өте көп. Жамбылдың әр кезде айтқан осындай қалжың сөзбен берілген ойлары да бұл бөлімде кеңінен қамтылған.

Зерттеу еңбегінің келесі бөлімі – «Шын қызсам сөзім – жалын, домбырам – найза» деп аталып, мұнда Жамбыл поэзиясының тарихи негіздері қарастырылады.

Толық бір ғасыр ғұмыр кешкен Жамбылдың өмірі мен шығармашылығы қазақ елінің тарихи оқиғаларымен тұспа-тұс келгені белгілі. Атап айтсақ, қазақ елінің патшалы Ресей мен Қоқан хандығының екі жақты қыспағында қалуы, Ресейге қарсы Кенесары хан бастаған ұлы күрес, кейінгі Қоқан басқыншыларымен өткен шайқастар, XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс, Қазан төңкерісі, отызыншы жылдардағы Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясаты, аштық, Ұлы Отан соғысы – бәрі-бәрі Жамбылдың көзімен көріп, азабын тартқан азалы кезеңдер. Абыз «Менің өмірім» атты жырында: «Көз аштым, сорғалаған қанды көрдім, Қамыққан,



қанды жасты жанды көрдім», – деп жан айғайын өлеңмен өреді. Бұл тарихи оқиғалардың қай-қайсысын да ақын жүрегімен қабылдап, жанымен сезінді. Сол себепті, бұл оқиғалар Ұлы ақынның ұзақ та мәнді шығармашылығына арқау болды. Жамбылдың кейінгі ұрпаққа жеткен, көзі көріп, өзі араласқан тарихи оқиғалар, тұлғалар туралы шығармалары – Домалақ анаға, Өтеген батыр, Саурық, Сұраншы батырларға арнаған жырлары осының дәлелі.

Сондай-ақ Жамбыл Сарыбаспен өткен айтысында Домалақ анаға, Сұраншы мен Саурық батырларға қатысты ел аузында жүрген аңыздардың, әңгімелердің негізінде жырлаған үлкен үш тарихи жыр туралы сөз болады. Олардың арасында көп зерттеу нысанасына алынбағаны – «Домалақ ене». «Домалақ ене» жырын жан-жақты талдау арқылы автор Жамбылдың ақындық, жыршылық, әнші-күйшілік өнерімен қатар, шежірешілік қырының да болғандығын дәлелдеп өткен. Ел арасында «Домалақ ене», «Домалақ ана» атанып кеткен данагөй Нұрила ана туралы жыр көркемдік тұрғыдан кеңінен талданады.

Сонымен қатар, бұл тарауда Жамбылдың «Өтеген батыр» жыры батыр өмірінің соңғы кезеңдері, яғни орыс отаршылдарынан елін сақтап қалу үшін жайлы қоныс іздеу сапарына арналғандығы туралы сөз болады. Батыр жырда тек қол бастаған сардар, жаужүрек батыр, ел бастаған көсем ғана емес, келер ұрпақтың қамын ойлаған ойшыл дана, абыз. Жамбылдың Өтегеннің бейбіт өмірдегі көзсіз ерліктерін, тарихи тұлғасын бейнелеуі оны өзге жыршылардан оқшаулап тұрады.

Қазақ-жоңғар соғысы аяқталысымен, Қазақстанның оңтүстік батысы мен Жетісу өлкесі Қоқан хандығының үстемдігіне тап болып, XIX ғасырдың алпысыншы жылдары Ресейдің бодандығына толық кіргеннен кейін ғана солардың көмегімен елден аластатылғаны тарихтан белгілі. Осы кезеңдер Жамбыл шығармаларының тарихи негізін құрады.

Автор айтып өткендей, «Жүз жыл өмір сүрген Жамбылдың ғұмырнамасы – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы бөлігіндегі Ресей империясының, тотолитарлық Кеңес өкіметінің боданындағы қазақ халқының бір ғасырлық тарихы іспетті».

Кітаптың III тарауы – «Күй тартудан тынбадым» деп аталып, Жамбылдың музыкалық мұрасы, оның ішінде көпшілікке белгісіз

күйлері мен олардың шығу тарихы, Жамбылдың айтыс мақамы жан-жақты сөз болады.

Кітапқа енген белгілі ғалым, өнертану ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті С.Ә.Күзембаеваның «Ұлы жырау Жамбылдың музыкалық мұрасы» атты еңбегінде: «Жамбылдың құдіретті дарыны Жетісу ән-күй мектебінен нәр алады. Оның музыкалық туындылары жүрекке жылы, сұлу сазды, жанға тартымды, көңілді сипатта болып келеді. Атаның қанымен, ананың сүтімен нәрленген музыкалық шығармалары халық творчествосының барлық жанрларын, түрлерін қамтиды – ол жоғарыда аталған әндерге қосымша лирикалық «Уғай-ай», арнау әндері «Жаныс ақынға», патриоттық ән «Туған елім», айтыс мақамдары, толғау-дастандары және 1943 жылы Отан соғысында қайтыс болған тұңғыш ұлы Алғадайға арнаған жоқтау әндері. Бұл аталған әндер тізіміне Жамбылдың «Жетісу ақындарының жыр сарындары» деген жинақтан Жамбылдың «Өмір толғауы», «Ақындарға арнауы», «Балама хат», «Әке әзілі», «Домалақ ене» туындыларын және нотаға түсірілген бірнеше айтыс мақамдарын қосымша дерек ретінде келтіру жөн болады. Сонымен қатар, ақынның «Уғай-ай», «Уғәйім», «Тоқсан бес», «Жаныс ақынға», «Сарыбайға», «Туған елім» әндері «Қазақ музыкасының Антологиясына» енді.

Жамбылдың музыкалық мұрасы, оның ішінде – әндері, күйлері, күй-тартыстары, айтыс сарындары, дастан әуендері, толғау, термелері мол (жалпы саны жүзге жуық) рухани дүниені құрастырады. Оларды нақтылы түрде жүйелейтін болсақ: отаншыл, патриоттық, тәрбиелік әндерге «Туған елім» (бірнеше нұсқалары бар) «Аттандыру», «Қызыл әскерге», «Балаларға», «Жастар алдындағы сөз», «Елімнің қыздарына», жатса, табиғат көріністері «Алатау», «Жаз жыры», «Жаз» деген әндерде суреттеледі, ал арнау жанрына «Жаныс ақынға», «Сарыбайға», «Ақындарға арнау», «Шота Руставелиге», «Кавказға сәлем», «Абайдың суретіне», «Күләшқа», «Камшат қызға», «Бұрымға» және т.б. туындылары жатады», – деп Жамбылдың музыкалық мұрасы – рухани дүниесінің қаншалықты құнды екендігін айтып өтеді.

«Ұлылар көзіндегі - Жамбыл» деп аталатын IV тарауда қазақ халқының Ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтен бастап, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Мұхамеджан Қаратаев пен Тайыр



Жароков, Н.Тихонов, Д.Снегиннің, т.б. Жамбыл шығармашылығын зерттеулері, онымен кездесулеріне қатысты естеліктері қамтылған.

«Біздің ақын-жазушыларда Жамбылмен тұстас, істес болғандар аз емес. Қалмақан, Тайыр, Ғали, Қасым (Тоғыззақов), Қапандар кезек-кезек ұлы жыраудың хатшылық қызметін атқарады. Мұхтар, Сәбит, Ғабиттер де Жәкеңмен үнемі байланыста болды. Ал Сапарғали Бегалин ақынның биографиялық материалдарын жинау үстінде онымен сан рет кездесті. Демек, осы адамдардың Жамбыл мінезі мен оның үрдіс әдеті жағынан аңғарғандарынан жазғандары да толып жатыр. Солардың қайсысын алсаңыз да Жамбыл бірдеңеге таң қалып еді, қызығып еді деп айтпайды, мен де соны растаймын», – деп Ә.Тәжібаев айтқан қызғылықты мәлімет ақынның адами болмысынан да мол мәлімет береді.

Сонымен қатар, Ғали Ормановтың күнделігіндегі естеліктер, соғыс кезіндегі Мәлік Ғабдуллин, Бауыржан Момышұлымен арадағы әңгімелер толық қамтылған.

Кітаптың шымылдығын жабатын «Жүрегім – жыршы домбыра» деп аталатын V бөлім Жамбыл поэзиясының поэтикасына арналған. Мұнда Жамбыл өлеңдері мен жырлары, дастандарындағы Отаны мен жұртын сүйген үлкен жүректің ұраншыл үні естілетін елдік пен бірлік мотиві, Жетісудан ұшқан ақиық ақынның поэзия шыңдарына қалай, қандай екпінмен, қай қуатпен, қандай тәсілмен самғай ұшып жетіп, қай биікке қонғандығы жан-жақты сөз болады.

Елдік пен бірлікке арналған жыр-дастандарында ақын тек батырлықты ғана жыр етіп қоймай, сол ел қамын ойлаған ерлердің асыл арманы мен үзілмес үмітін, шындық үшін басын қатерге тіккен қаһарман ұлдардың әділетті тұлғасын, халық өмірінің азапты кезеңдері мен көсемдер бейнесін де шынайы суреттей білді. Әуезовтің сөзімен айтқанда, Жамбыл шығарған «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Саурық туралы», «Жапа туралы» циклі т.б. эпикалық жырлар халықтың белгілі бір мақсат-мүдделерін көздеген идеясының репертуарларын құрайды. Жамбыл шығармалары жанрлық түр жөнінен қағытулар, өлең-жырлар, айтыстары мен дастандарынан жинақталған.

Сонымен қатар, бұл бөлімде Жамбылдың сөз қолданысындағы ерекшеліктер, троптардың түрлері де қарастырылған. Автордың талдауларынан Жамбылдың бейнелеу құралдарын, халықтың байырғы мақал-мәтелдерін, қанатты сөздерін керегінше жаратады,

жаңғырта пайдаланғандығын көре аламыз. Талдаулардан ақынның шабыт үстінде өз жанынан шығарған шұрайлы теңеу, метафора, эпитет, айшықты сөз тіркестерін пайдалануы көрсетіледі. Сондай сұңғыла ой, сұлу сөздердің мысалы ретінде Жамбылдың Досмағамбетпен айтысы келтірілген:

Сөйлеймін, ерегесем өктем-өктем,
Түскендей жайдың оғы саған көктем.
Шын қызсам, сөзім – жалын, домбырам – найза,
Құрсаулы сауыт болар маған шекпен.
Қаңғырған аш бөрідей ақын келсе,
Бұл Жамбыл жіберетін сөзбен сабап.
...Құйындай көкке шапқан мен бір пырақ,
Төменде шықылықтаған сен торғайсың,
Айтыспа меніменен, ақын шырақ!

Осы орайда, автордың «шынында, Жамбыл қазақ әдебиетіне өз жолы, өз сүрлеуімен келді. Алмастай өткір, жақұттай жарқыраған жойқын жырларын Жамбыл ешкімнен сұрап алған жоқ. Ескі мен жаңаның, өткен мен бүгіннің арасына өткел болған ұлы Жамбыл өз даңғылын өзі салды. Ол өз заманының жыршысы, өз қоғамының бұлбұлы болды», – деген пікірімен толық келісуге болады.

Ғалым, қайраткер Уәлихан Қалижановтың «Ұлы дала тұлғалары» сериясымен шығып отырған «Жамбыл» атты ғылыми-танымдық монографиясы жаңа заман оқушыларының сұранысына ыңғайластырып жазылған. Бұл Жамбылдың жай ғана ақын емес, азамат ақын екендігін танытады. Автор Жамбыл жөніндегі жазылған мақалаларды, естеліктерді орынды пайдаланады. Әр тарауды ұлы М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов, З. Ахметов сынды ұлт қайраткерлерінің мақалаларымен түйіндеп отырады. Сөзсіз, «Жамбыл» кітабы қалың оқырман үшін де, ғылыми орта үшін де құнды мәліметтерге бай танымдық дүние. Бұл Жамбылтанудағы өзіндік орны бар, ұлылықты ұғынуға жол ашатын құнды зерттеу.



*

«Жамбыл» – ұлы дала тұлғасы. Ол сол даланың перзенті ғана емес, ұлы жсырауына айналды. Сондықтан да, кітаптың бірінші бөлімі көркем эссе жанрында, ал екінші, үшінші, төртінші тараулары ғылыми стильде, танымдық тұрғыда жазылды.

Осы кітапты жазуға, материалдарды жинақтауға, іріктеуге, талдап-талқылауға белсене араласқан академик Серік Қирабаевқа, филология ғылымдарының докторы Сәрсенбі Дәуітке, филология ғылымдарының кандидаттары Тоқтар Әлібековке, Серікбай Қосанға, Ермек Ханкейге ерекше алғысымды білдіремін.

Эссені жазу барысында Жамбыл баба туралы естелік жазған әдеби хатишылары Сапарғали Бегалиннің, Қасым Тоғызақовтың, Қасым Аманжоловтың, Ғали Ормановтың, Әбділдә Тәжібаевтың, Тайыр Жароковтың, т.б. естеліктеріндегі, кітаптарындағы ресми деректерге сүйендім.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Сұлтанғали Садырбаевтың Жамбыл шығармаларына жазған түсініктемелеріндегі деректер пайдаланылды.

Кітапта халық ақындары Кенен Әзірбаевтың, Үмбетәлі Кәрібаевтың, Өмірзақ Қарғабекұлының естеліктеріндегі ғылыми деректер әдеби айтылымға қосылды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Бейсембай Кенжебаевтың, Мырзатай Жолдасбековтың, Сейіт Қасқабасовтың, ғалымдар Нысанбай Төреқұлов пен Яхуда Амандықовтың, Мамытбек Қалдыбаевтың, Серік Негимовтің және тағы да басқа Жамбылтанушылардың зерттеулеріндегі деректер жұмысқа арқау болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н. Жырдың қызыл жолбарысы. Қазақ әдебиеті. №35, 27-тамыз, 1996.
2. Бегалин С., Өмірбаяндық хикаяты. А., Жалын, 1996.
3. Смаилов Е. Жамбыл және халық ақындарының творчествосы – 1956., қаз. мем. көркем әдеб. бас.
4. Кенжебаев Б. Жамбыл Жабаев қазақ халқының жыршысы. А., 1955.
5. Қаратаев М. Жиырмасыншы ғасырдың Гомері – Жалын, 1971. №5. – 124–138-бб.
6. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. Алматы: Қазақстан, 1975.
7. Мұстафин Ғ. Жамбыл туралы бірер сөз. Ой әулиелері, Ж., 1978.
8. Мүсірепов Ғ. Феномен – феникс – Қазақ әдебиеті. 1971. 22 қазан.
9. Негимов С. Өлең өрімі. Алматы: Ғылым, 1980.
10. Жамбыл өлеңінің құрылысы. Ғылым. 1980
11. Фольклор және эстетика. А., 1976, 150-б.
12. Сарыбаев Ш. Жамбыл жайында тұңғыш дерек – Қазақ әдебиеті. 1958, 7 ақпан.
13. С.Сейтов. Сөйле, Шашеке! А., Жазушы, 1969.
14. Сүйіншәлиев Х. Жамбыл Жабаев – қазақ халқының ұлы ақыны. Алматы, 1955 ж.
15. Х.Сүйіншәлиев. Жамбыл. А., 1960.
16. Сыздықова Р. Жамбыл поэзиясының тілі. Алматы: Жұлдыз, 1972, №5.
17. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. Алматы, 1960.
18. Төреқұлов Н. Қазақ совет поэзиясының жанрлық ерекшеліктері. Алматы: Ғылым, 1979.
19. Төреқұлов Н. Қанатты сөздер. Алматы: Жазушы, 1977, 236-б.
20. Уахатов Б. Жамбыл және Мұхтар // Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы. Алматы, 1975.
21. Хакімжанова М. Жамбыл және фольклор. СҚ. 1946, 15 июль.
22. Кузнецов П. Ұзақ өмір сапары. СҚ. 1972, 12–13 май.
23. Орманов Ғ. Алатау сынды ақсақал. А., 1940.



24. Орманов Ғ. Жазылмаған дастан. Әдебиет және искусство 1955, №6.
25. Бекхожин Қ. Жамбыл мен Айкүміс. 1 акт пьеса. – Оңт. Қаз. 1946, 2 июль.
26. Тәжібаев Ә. Аталармен кездесу. Жылдар, ойлар, естеліктер. А., 1976.
27. Тәжібаев Ә. Есімдегілер. Жұлдыз. 1975, №6.
28. Орманов Ғ. Ол бір күн ғой. Пионер. 1940, №10.
29. Сатыбалдин Қ. Жамбылмен 29 күн. Таңдамалы. 4-томдық, төртінші том. А., 1975
30. Нұрпейісова Д. Замандасым. – СҚ., 1946, 6 июль.
31. Жароков Т. Таңдамалы шығармалары. 4-томдық. 4-ші том. А., 1975.
32. Жыр алыбы. – А., Жазушы, 1971.
33. Жамбыл ақынның басынан өткізген істері. Ленин жолы. 1938, 20-б.
34. Сатбаева Ш. Әдеби байланыстар. – А., Жазушы, 1974.
35. Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы. (кұраст. М. Байділдаев, С.Негімов). А., Ғылым, 1975.
36. Ленинградтықтардың Жамбылға жауабы. – Соц.Қаз. 1941, 7 нояб.
37. Қ.Аманжолов. Жамбыл – халық ақыны. – ҚӘ. 1938, 10 февр.
38. Дастан ата: Жамбыл Жабаев туралы естеліктер / Кұраст. Н.Төреқұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 416-бет.
39. Төреқұлов Н. Жүз жасаған бәйтерек. – Алматы: Жалын, 1989. – 240-бет.
40. Әбдіғұлов Р. Жамбыл шығармашылығының белгісіз беттері // Қазақ әдебиеті, №8. 22 ақпан, 2013 жыл.
41. Исмаилов Е. Ақындық өмір. Алматы: Жазушы, 1965. – 144-бет.
42. Сейдаханов К. Күрес пен жеңіс жырлары. Алматы: Рауан, 1991. – 184-бет.
43. Тәуелсіздік және Жамбыл шығармашылығы: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / Кұраст. А.Ж.Зекенова. – Алматы: «CREDOS», 2011. – 260-бет.
44. Қасқабасов С. А. Жамбыл. – Алматы: М.О.Әуезов атын. ӘӨИ., 2011. –76-бет.
45. Жамбыл әлемі: Фотоальбом /кұраст.: О.Таланова. – Алматы: «Өнер», 1996. – 192-бет.

46. Шаштайұлы Ж. Жыр-Жолбарыс. Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. – 176-бет.
47. Майтанов Б. Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер: зерттеулер, эсселер / Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2009.
48. Жамбыл. Таңдамалы. Т.2. (Кіріспе сөзін жазған С.Қирабаев). – Алматы: Ғылым, 1996.
49. Ауэзов М. Мысли разных лет. – Алма-Ата: Казгослит, 1961. – 540-с.
50. Әбдуәлі А., Әбуғазы М. Жетісу ақындарының жыр сарындары. – Алматы: Атамұра, 2008.
51. Қазақ музыкасы. Антология. Т.5. (Кіріспе сөзін жазған – С.Күзембай). – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2010. – 420-б.
52. Амандықов Я. Жамбыл өнер әлемінде. – Алматы: Қайнар, 1998. – 176-б.
53. Бегалин Сапарғали «Сахара сандуғаштары» (Естеліктер мен естігендер). – Алматы, 1976. – 168-б.
54. Кузембаева С.А. Национальные художественные традиции и их конвергентность в казахской опере. – Алматы: 2006. – 380-с.
55. Жамбыл жырлайды. – Алматы: Қазақстан композиторлар одағы, 1996. – 167-б.
56. Күзембай С.Ә. Ұлы жырау Жамбыл мен абыз-ақын Кененнің музыкалық мұрасы // Күзембай С.Ә. Ұлттық музыкатану ғылымының өзекті мәселелері: таңдамалы зерттеулер мен мақалалар (75 жылдық мерей тойына арналған). – Алматы: «Құс жолы», 2012. – 408-б.
57. Қазтуғанова А.Ж. Жамбыл шығармашылығындағы күйлер // Тәуелсіздік және Жамбыл шығармашылығы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2011. – 102–109-бб.
58. Жамбыл Жабаев // Қазақ әдебиеті. Энциклопедиясы. – Алматы: Білік, 1999. – 244–245-бб.
59. Жолдасбеков М. Жүз жыл жырлаған жүрек // Жалын, 1972. №2. 64–69-бб.
60. Жамбылдың Сарбаспен айтысы. Жұлдыз. №1, 169-б.
61. Ғабдуллин М. Жамбыл творчествосындағы қаһармандық сарындар // Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1975. 19, 44-бб.
62. Шәріпов Ә. Қазіргі дәуір және қазақ совет әдебиетінің даму проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1973. 122-б.



63. Ғұмарова М. «Суранши–батыр в версии Джамбула // Творчество Джамбула. Алма-Ата, 1956. 36.
64. Бұлдыбаев А. Дастандар // Жамбыл Жабаев творчествосы. – Алматы: Ғылым, 1989. 126–127-бб.
65. Алматы тарихы. Екі томдық. 1-том. – Алматы: Толағай, 2006. 256-бет.
66. Тезек төре: Айтыстар мен жыр-өлеңдер. – Алматы: Жалын, 1996. 127-б.
67. Жолдасбеков М. Асыл сөздің атасы: Зерттеулер. – Алматы: Білім, 1996. 21-б.
68. Бегалин С. Жамбыл: Өмірбаяндық хикаят. – Алматы: Жалын, 1996. 168–169-бб.
69. Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. 97-б.
70. 1916 жылғы қазақ-қырғыз көтерілісі Белек Солтоноевтың көзімен // Отан тарихы. – 2006. № 2.– 14-б.
71. Дала уалаятының газеті.//Құрастыр. Ү.Субханбердина. – Алматы: Ғылым. –Т.4. 1994. – 135–142-бб.
72. Жамбыл ақын шығармалары // ОҒК. 349-бума, 3 дөп.
73. Бегалин С. Өмір хикаялары //ОҒК, 644-бума
74. Нұрпейіс К. Даладағы дабыл//Егемен Қазақстан. 12 наурыз, 2010.
75. Бегалин С. Жамбыл: Өмірбаяндық хикаят. – Алматы: Жалын, 1996. 140–141-бб.
76. Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. – Алматы: Санат, 1996. – 169–170-бб.
77. Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. 178-б.
78. Жамбыл туралы сөз. Баяндамалар мен мақалалар жинағы. Алматы, 1996. – 136-б.
79. Мұрадов М. Ұлы жыршы туралы ұлағат. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 25–26-бб.
80. Тәуелсіздік және Жамбыл шығармашылығы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. А. 2001ж. 26,102–110-бб.

РЕЗЮМЕ

Феноменальное и многогранное творчество Жамбыла Жабаева, уникальный импровизаторский дар, имеющие глубокие корни в народно-поэтическом искусстве и теснейшим образом связанные с жизнью и историей казахского народа, впервые в художественной форме раскрыты и обобщены в предлагаемом томе серии «Ұлы дала тұлғалары» по программе «Ғылыми қазына». В произведениях эпического акына, названного Президентом Казахстана Н.А. Назарбаевым ярко и образно «Жырдың қызыл жолбарысы» («Огненный тигр поэзии»), воплощены общечеловеческие духовные ценности. Он явился великим представителем фольклорной вербально-песенной традиции, многовековым эпическим порождением народа. Насыщенность современным содержанием, острая социальная направленность и глубина правдивых, реалистических произведений, доступность поэзии великого Жамбыла определили ее успех.

Изложение материала в научно-популярном издании дается в свободной форме, что позволяет всесторонне раскрыть обаяние личности великого мудреца, акына, жырау и продемонстрировать, как он, будучи представителем устной поэзии, вышел за ее рамки, расширил ее изобразительные возможности, раздвинул ее границы.

У. Калижановым раскрыто, как ученик акына Суюнбая, переживший несколько исторических эпох, продолжил и развил далее эпические традиции казахского народа и традиции айтыса. В монографии прослежено, как эволюционировала личность Жамбыла, трансформировался стиль, менялась тематика его произведений. Сила таланта и поэтического обаяния покоряла читателей всего мира. Произведения Жамбыла переведены на немецкий, испанский, английский, румынский, польский, болгарский, венгерский, чешский, китайский, корейский, монгольский и русский языки.



Книга У. Калижанова является первой попыткой обобщения роли и места Жамбыла в истории казахского народа. Композиционно она состоит из пяти глав, Предисловия и Заключения. Открывает ее статья Президента РК Н.А. Назарбаева. Новое издание представляет особую ценность введением в научный оборот редких архивных материалов, неопубликованных ранее; новыми сведениями о жизни и творчестве поэта на основе обобщения крупных научных трудов в области жамбыловедения, иллюстративными материалами.

Выявлением художественно-эстетической ценности всемирного значения творческого наследия великого казахского акына XX века, гражданским пафосом его творчества, эпической масштабностью и глубиной художественного анализа данное издание, несомненно, будет востребовано в XXI веке в эпоху активного освоения духовного наследия выдающихся мыслителей и деятелей культуры человечества.

SUMMARY

Phenomenal and multi faceted creativity of Zhambyl Zhabayev, and unique improvisational talent have deep roots in folk-art and are closely related to the life and history of Kazakh people, and have been for the first time revealed and summarized in an artistic form in present volume of the series "Uly dala tulgalary" within the Program "Gylymi Kazyna". The works of epic akyn whom the President of Kazakhstan N.Nazarbayev named as "Zhyrdyn kyzyl zholbarysi" ("Fiery tiger of poetry") high light the universal spiritual values. He is the great representative of the folklore verbal-song tradition, master of the centuries-old folk epic. Relevant content, pressing social aspects and depth of the truthful, realistic works, comprehensive poetry of great Zhambyl have determined the success.

The material in scientific-popular edition is presented in a free form, that reveals a fascinating personality of the great sage, akyn and zhyrau and demonstrate how he, as a representative of oral poetry, went beyond its scope, expanded its visual possibilities and borders.

U.Kalizhanov has revealed how akyn Suyunbay's student who survived in several historical periods, continued and further developed the epic traditions of Kazakh people and aitys traditions. The monograph observes how Zhambyl's personality has evolved, the style has transformed, themes of his works have changed. The power of poetic talent have fascinated the readers around the world. Zhambyl's works have been translated into German, Spanish, English, Romanian, Polish, Bulgarian, Hungarian, Czech, Chinese, Korean, Mongolian and Russian languages.

U. Kalizhanov's book is the first attempt to summarize the role and place of Zhambyl in the history of Kazakh people. Compositionally, it consists of five chapters, Preface and Conclusion. It opens with the article of the President of Kazakhstan N.Nazarbayev. The new edition is particularly valuable due to the introduction of rare archival materials which were previously unpublished, into scientific use; new



information about the life and work of the poet based on summarizing major scientific works in the field of Zhambyl studies and illustrative materials.

This edition will certainly be in demand in the XXI century, in the era of active development of the spiritual heritage of great thinkers and cultural figures of the humanity because it reveals artistic and aesthetic values of global importance of the creative heritage of the great Kazakh akyn of the XX century, civic spirit of his creative work, epic scale and depth of artistic analysis.

М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ ТУРАЛЫ

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 1934 жылдан бері жұмыс істейді. Түрлі құрылымдық өзгерістерді басынан кешірген ғылым шаңырағы 1961 жылы қазіргі атауына ие болып, күні бүгінге дейін әдебиеттану, фольклористика, өнертану салаларында іргелі, қолданбалы зерттеулермен айналысатын бас ғылыми мекеме қызметін атқарып келеді.

Институтта көне дәуірден бүгінгі заманға дейінгі әдебиет пен өнерді зерттейтін бірнеше құрылымдық бөлімше жұмыс істейді. 2005 жылдан бастап «Керуен» атты ғылыми-көпшілік және әдеби-көркем журнал жарыққа шығарылады. Институт жанындағы Р.Бердібаев атындағы «Өркениет» Халық университетінде елеулі қоғамдық-мәдени, ғылыми іс-шаралар ай сайын өткізіліп тұрады.

Институт ғалымдары дайындап жарыққа шығарған айтулы еңбектердің қатарында 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы», 8 томдық «Қазақ музыкасының антологиясы», 3 томдық «Әлемдік әдебиеттану», «Әлемдік фольклортану» сынды құнды басылымдар бар. Бірегей басылым саналатын 100 томдық «Бабалар сөзі» сериясы мен 20 томдық «Әдеби жәдігерлер» сериясын жариялау ісі де аяқталуға жақын.

Мекеме қазіргі таңда тікелей ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асырумен бірге білікті кадрлар даярлау ісінде жоғары оқу орындарының магистранттары мен PhD докторанттары үшін ғылыми практикалық база қызметін атқарады.

***Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., 050010, Құрманғазы к-сі, 29,
e-mail:litart@bk.ru,
тел.: +7 (727) 272-74-11, +7 (727) 72-79-4,
факс: +7 (727) 72-79-83***



ОБ ИНСТИТУТЕ ЛИТЕРАТУРЫ И ИСКУССТВА ИМЕНИ М.О.АУЭЗОВА

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова функционирует с 1934 года. Пережив разные структурные изменения, Институт в 1961 году приобрел свое нынешнее название. В мае 1961 года на его базе был организован Институт литературы и искусства Академии наук КазССР, которому в августе того же года было присвоено имя М.О.Ауэзова. За время своего существования Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова стал по праву главным научным центром казахского литературоведения, фольклористики и искусствознания.

В Институте функционируют несколько структурных подразделений, занимающихся исследованием литературы и искусства с древнейших времен до современности. С 2005 года в Институте издается научно-популярный и литературно-художественный журнал «Керуен». В Народном университете «Өркениет» имени Р.Бердибаева ежемесячно проводятся различные культурно-общественные, научные мероприятия.

С участием ученых Института увидели свет «История казахской литературы» в 10-ти томах, «Антология казахской музыки» в 8-ми томах, «Мировое литературоведение» в 3-х томах, «Мировая фольклористика» в 3-х томах. Продолжается работа по подготовке и изданию свода образцов казахского фольклора «Бабалар сөзі» («Наследие предков») в 100 томах и «Әдеби жәдігерлер» («Литературные памятники») в 20 томах.

Помимо проведения научных исследований, организация принимает активное участие и в подготовке квалифицированных научных кадров путем предоставления базы практики для магистрантов и PhD докторантов.

*Республика Казахстан,
г. Алматы, 050010, ул. Курмангазы, 29,
e-mail: litart@bk.ru,
тел.: +7 (727) 272-74-11, +7 (727) 72-79-4,
факс: +7 (727) 72-79-83*

ABOUT M.O.AUEZOV INSTITUTE OF LITERATURE ANDART

M.O.Auezov Institute of Literature andArt operates since1934. The Institute has undergone various structural changes, and in 1961 it acquired the present name. In May 1961,at its base was organized the Institute of Literature and Art of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR,which in August of the same year was named after M.O.Auezov. During the period of existence, the M.O.Auezov Institute of Literature and Art became the main research center for Kazakh literature, folklore studies and art history.

The Institute comprises several structural units involved in research on literature andart from ancient times to modern period.Since 2005,the Institute publishes a scientific-popular and literary-artistic magazine “Keruen”. Every month the People’s University “Orkeniet” named after R.Berdibayev hosts a variety of cultural, social, and academic events.

The researchers of the Institute published “History of Kazakh literature” in 10 volumes, “Anthology of Kazakh music” in 8 volumes, “World Literary Studies” in 3 volumes, “Global Folklore Studies” in 3 volumes. Preparation and publication of the collection of patterns of Kazakh folklore “Babalar sozi” (“Ancestral Heritage”) in 100 volumes and “Adebi zhadigerler” (“Literary Monuments”) in 20 volumes is ongoing.

In addition to research works, the organization is actively involved in training of qualified scientific staff by organizing practice for Master and PhD students.

*Republic of Kazakhstan,
Almaty, 050010, 29, Kurmangazi Street,
e-mail: litart@bk.ru,
tel.: +7 (727) 272-74-11, +7 (727) 72-79-43,
fax: +7 (727) 72-79-83*



МАЗМҰНЫ

ЖАМБЫЛ. Менің өмірім.....	6
Н.Ә.НАЗАРБАЕВ. Жырдың қызыл жолбарысы	15

I ТАРАУ.

АҚЫН ДЕГЕН БІР БҰЛАҚ

Жапа – алтын сақа.....	30
Түйе қомында туған ұл.....	32
Сүйінбайдан Жамбыл қалай бата алды?.....	35
Жұлдыздар қалай жанады	40
Жанай берме көшімді.....	43
Бұраңдаған Бұрым-ай.....	45
Айкүміс асықпауға шамам бар ма?	48
Балдай тәтті Балу-ай	49
Үкілі Кәмшат.....	50
Аппақ сүттей, адамның аққуындай.....	51
Өз құнын өзі алып кеткен.....	56
Жамбыл қалай Жетісудың бірінші ақыны атанды?	60
Мадақтан шыққан шатақ сөз.....	66
Жамбыл қалай сөзге тоқтады.....	70
Майкөт қалай ығысты?.....	71
Үзеңгі жолдас	74
Жеңілген Сарыбас жері осы.....	78
Бір аяқ көже	84
Сен өлеңді, мен ағашымды саттым.....	85
«Үй менікі – жол ұлы жүздікі»	86
Балуан шолақ.....	90
Өстеп өсиеті.....	92
Зілді бұйрық	95
Жамбыл Қожашқа өз домбырасын неге бермеді?.....	97

Құлағымда тұрады осы дауысың.....	99
Қырғыз асқан екі жыл.....	105
Көк есек туралы хикая.....	106
Туған жер толғауы.....	107
Мұрты едірейген кім?.....	109
Кремльде намаз оқуға бола ма?.....	112
Қызым келди қызғалдақтай... ..	113
Сары сайтан кім?.....	113
Қайтарылған сайтан.....	114
Жамбыл мен Естай.....	114
Әйугай.....	116
Сөздің несі қиын... ..	118
Палуан ақын кім?!.....	118
Абай ақын емес	119
Жартыкеш ақын да керек... ..	121
Кәрі жіліктің құсығы	122
Таутекенің сақалындай.....	122
Тұз түйген келсап.....	122
Суықтөбенің суыры ма?.....	123
Қара мысық құсап.....	123
Шеміршек болған жылқыдай.....	123
Іңірде ұшқан қара қоңыз... ..	123
Шілтиіп тұрған кім?.....	124
Судағы майқоңыз	124
Маталып қайдан келесің?.....	124
Шала түлеген шайдар.....	124
Жетіппін жүре-жүре қыр басына.....	125
Кәріліктің иісі кетпейді... ..	127
Шапты фашист дегенде.....	128
Өлім мен өмір белдесті.....	131
Ленинградтық өренім	132
Бауыржан Момышұлы қалай бата алды... ..	134
Перзентімнің алды едің... ..	136
Майдандағы Армия.....	142
Сарғайып атқан таң ба екен... ..	143
Қуаныш-жұбаныш	144
Жамбылды қызыл жолбарыс тастаған күн.....	145

ЖАМБЫЛ ГЕНЕОЛОГИЯСЫ.....	149
ТҮЙІНСӨЗ. М.О. ӘУЕЗОВ. Жамбыл мектебі.....	155

II ТАРАУ.

ШЫН ҚЫЗСАМ СӨЗІМ – ЖАЛЫН, ДОМБЫРАМ – НАЙЗА

Жамбыл поэзиясының тарихи негіздері.....	167
ТҮЙІНСӨЗ.	
С.Мұқанов. Ұлылық сыры.....	229

III ТАРАУ.

КҮЙ ТАРТУДАН ТЫНБАДЫМ

Күй керуен.....	234
ТҮЙІНСӨЗ.	
С.Күзембаева, А.Қазтуғанова.	
Жамбылдың музыкалық мұрасы.....	237

IV ТАРАУ.

ҰЛЫЛАР КӨЗІНДЕГІ – ЖАМБЫЛ

Ақын даңқы – халық даңқы.....	260
ТҮЙІНСӨЗ.	
Ғабит Мүсірепов. Феномен – Феникс.....	320

V ТАРАУ.

ЖҮРЕГІМ – ЖЫРШЫ ДОМБЫРА

Жамбыл поэзиясының поэтикасы.....	326
ТҮЙІНСӨЗ.	
Зәки Ахметов. Жамбылдың ақындық шеберлігі.....	354
«ОЙ ЖЫРЫМ, ҚЫЗЫЛ ТІЛІМ, СЕНІҢ АРҚАҢ!».....	366
ТҮЙІНСӨЗ.	
Серік Қирабаев. ҰЛЫЛЫҚТЫ ҰҒЫНУ.....	371
ТҮСІНІКТЕМЕ.....	377
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	378

ISBN 978-601-7414-21-4



9 786017 414214

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

ҰЛЫ ДАЛА ТҮЛҒАЛАРЫ

Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ

ЖАМБЫЛ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған

Жауапты шығарушы: Ермек Ханкей

Редакторы: Ертай Султан

Компьютерге терген: Гүлрайхан Көбеева

Компьютерде беттеген және дизайнын жасаған: Н.Серғожаұлы

«Ғылыми қазына» логотипінің идеясы – Аяған Б.Ф., т.ғ.д., профессор
«Ғылыми қазына» логотипінің дизайнын жасаған – Бекенова М.С., Нұрғожина Ж.Е.

Басуға 16.10.2013 қол қойылды. Пішімі 60x90^{1/16}. Қаріп түрі «Таймс».

Баспа табағы 23. Таралымы 1000 дана.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
"Полиграфкомбинат" ЖШС-нде басылды. 050002, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 41.